Л 2018
3402 к

ЖАДЫРА
ДӘРІБАЕВА

# ҚОС ҚАНАТТЫ ДҮНИЕ



ЖАДЫРА ДӘРІБАЕВА



# ҚОС ҚАНАТТЫ ДҮНИЕ

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР



«ҚАЙНАР»
Алматы
2018

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-44
Д 20

*Қазақстан Республикасы*
*Мәдениет және спорт министрлігі*
*«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

**Дәрібаева Ж.**
Д 20 **Қос қанатты дүние:** Таңдамалы шығармалар (Өлеңдер, әңгімелер, мақалалар, сұхбаттар) / Жадыра Дәрібаева. – Алматы: «Қайнар баспасы» ЖШС, 2018. – 480 бет.

ISBN 978-601-06-5054-1

Белгілі ақын Жадыра Дәрібаева оқырманға өзінің «Гүлжайна», «Мейір», «Біздің жақтың аспаны», «Қасиеттілік шырағы» атты жыр жинақтары, «Ақ бура сезімдер» деп аталатын әңгімелер және бір томдық шығармалар кітаптары арқылы да таныс.

Ақынның бұл таңдамалы жинағында еліміз тәуелсіздігінің 1991 жылдан бастап әр жылдары жазылған жырларымен қатар, қазіргі заман тынысымен тыныстаған көңіл толғаныстары шынайы берілген. Елге, жерге, халқына деген ыстық, сырлы сезіммен шабыттана жырлаған ақын оқырманын асқақ рухқа бөлеп, ізгі құндылықтарға ұмтылдырады.

Еңбекте Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Ұлы дала елінің қасиеті мен киесін, халқымыздың қастерлі ұғымдары мен дүниетанымын айшықтайтын шығармалар да баршылық.

**УДК 821.512.122**
**ББК 84 Қаз-44**

ISBN 978-601-06-5054-1

© Дәрібаева Ж., 2018
© «Қайнар баспасы» ЖШС, 2018

## АЛҒЫ СӨЗ

**Қазақстан Республикасының халық жазушысы, ақын Мәриям Хакімжанованың жеке архивінен алынған, Жадыра Дәрібаеваның «Гүлжайна» атты 1978 жылы шыққан тұңғыш жыр жинағы жайында жазған пікірі:**

*«Қазақ әдебиеті» газетінде*
*11.11.2016 ж. жарияланған*

Жадыра Дәрібаеваның «Гүлжайна» атты жыр жинағын сүйсіне, қуана оқып шықтым. Жадыра білім бұлағынан мейірі қанғанша сусындаған, топшысын бекіткен, білімді ақын. Орыс-қазақ тілдерін еркін меңгерген, екі арнадан қуат алған қуатты ақын. Өзінің туған халқы – қазақтың әдет-ғұрпын, салт-санасын жете білуге, жетіспегенін жетілдіруге талпынатын қасиеттерін өлеңдерінен көреміз. Қазақ дәстүрін біршама білгеніне қанағаттанбайды. Мұндай қылықтары шолушыларын қуантады. Талапты да, талантты ақын қызымыз іздену, зерттеу жолына енді ғана бетін бұрған десек, артық айтқан болмас. Өмірдің астарын, өткеннің қатпарын, шындықтың шырақтарын енді өз көзімен көріп, өз ой-елегінен өткізуде.

Жадыра өзін сүйсіндірген құбылыстарды өзінше жырлайды... Ол әр түрлі тақырыптарға лайықты өлең жазады. Жазған өлеңдерінің ырғағы да әртүрлі, оны игеруі де әрқалай. Отан, туған жер, табиғат көрінісі, махаббат сазы, жастық жалаулары, қуаныш құдіреті, мұңды наз, ана мейірін аңсау, тағы тағылар. Тілі де маржандай төгіліп, келісті тіркестері автордың жыр шумақтарымен үндесе кетеді. Осы бет алысынан танбаса, болашақта өз орнын табатын ақын деп ойлаймын... Қанатыңды еркін самғай бер, Жадыра!

* * *

**Ақын Жадыра Дәрібаеваның «Қасиеттілік шырағы» атты жыр жинағы жайында, алғы сөз ретінде жазылған Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мұзафар Әлімбайдың «Мұңлы жүрек – мейірбан» атты эссе-пікірі:**

Жадыра Дәрібаеваның бұл кітабында – атының өзі айтып тұрғандай, тұнып тұрған от-жасын да, сыршыл жырлар мол.

Мемелекеттік көлемде кең, қомақты ойлау саясаткерлерге ғана тән емес, бұл бүкіл қаламгер атаулыға тән тамаша сипат, қастерлі қасиет! Осындай биік талап тұрғысынан қарағанда, Жадыра Дәрібаева қандай деңгейде екен? Бұл сауалға жауап табылды!

«Даланың тынысымен нәрленбеген,
Бабалар рухымен әлденбеген,
Қарақан басын күйттеп қашатұғын
Ұрпаққа енді қайтіп жәрдем берем?»

Иә, әсіресе, нарық заманында өзімшілдік өзеуреп тұрғанда, қоңсыларыңды, төңірегіңдегілерді қарау ниеттен қайтару – бәрімізге парыз.

«Сонда дағы буырқанып бой бермей,
Терең-терең тұңғиықтан ой тербей,
Өтемін-ау осы өмірден бәрібір,
«Жаман адам бар», – дегенге мен сенбей».

Шынайы кісілікті сөз емес пе мынау?! Дүйім дүниені кіршіксіз күйде көргісі келеді және сол пәктікке сенгісі келеді. «Жер бетінде ер деуге татитындар ғана болса екен», – деп мінажат қып тұрғандай.

Жалпы, жан атаулының тату-тәттілігін аңсаудың өзі – асқан адамгершілік қой.

«Қаны мен жанын берген туған жерге
Бар қазақ бір-бірімен туыс, бауыр».

Көңілге қонымды пәтуалы байлам.

Ащы шындықты ашық айта алғаны айқын. Өлеңдерге үңілген сайын, құтты ойларға жолыққан сайын жан сүйсінісі қоздайтындай.

«Найзағай жанып жырменен,
Күмбезін көктің тілді кеп,
Кенеттен кербез үнменен
Көкірек кетті күмбірлеп».

Ақынның тегеурінді талантын осы бейнелі шумақ-ақ аңғартпай ма?!

«Аялай алған ұлдарын,
Халықтың бағы жанар-ау.
«Қарға», – деп бірақ сұңқарын,
Жүрмесе атып жарар-ау».

Ойпырмай, о не деген ойлар, әрі адамгершіл аяулы ой-толғау!

«Табиғат уылжып тұр пәк сезімнен
Шомылып шұғыласына лағыл ардың,
О, өмір, қандай қайсар хақ төзіммен
Қаншама тасжүректі қабыл алдың».

Шұғылалы да шынайы, шыншыл, шырайлы шумақ емес пе?!

«Заманның сәйкес келмей талабына,
Ілінбей інжу-маржан қаламыма,
Өтем бе бұл әлемнің бар бояуын
Қандырып сіміртпестен жанарыма?!»

Ал, сөйлес ақынмен! Асқақ арман анық ақынға жарасар дүние! «Идеяның кеңдігіне ешбір шек қоймау керек!» – деген осы!

«Қалдырма енді мазағына, азғын, арамның,
Ойран сап белін опыртпа аңғал даламның,
Жұртына туған өгей ғып өзін өксітіп,
Бұрмалап тілін шұбарлатпашы баламның».

Асырып айтты демес оқырман, оллаһи, осы мінажат бүкіл елдігіміздің кең құшағын қаусырып-ақ тұрғандай. Әлгі асыл ойды үстемелей өсіретін тағы бір шумақ та жүрек қайнарын шымырлатады-ақ:

«Бере гөр талап, талпынтар мөлдір бастауға,
Тұратын қарсы өрлік бер келген қас-жауға.
Ездіктен сақта, еңкілдеп еріп дұшпанға,
Қимасын сатып, іздеп кететін бас сауға».

Немесе:

«Тумысынан тұл дегенге сенбеймін,
Ақ бесікке салып қайта тербеймін,
Пенделерден жұққан саған кеселді,
Адамға тән мейіріммен емдеймін!».

Иманды, игі тілек! Бұрынғының кейуаналарының келісті ақ батасындай, еліне рух беруді тілегендей.

Әлгіндей әсемдік, ойлылық нышандарын ортаға салмаудың өзі – білместікке саяр еді. Сол себепті жинақтағы жырларға әлсін-әлсін оралып соққан сайын сөлділері, оңдылары ашыла түскендей сезіледі.

Келсап образын келістіре қолданған тұсы да – жетістік, қиял олжасы:

«Өріміңді өктемдікке қидырып,
Қанатыңды ұшпай жатып күйдіріп,
Жүрерсің-ау жона-жона жолыңды,
Келсап-кезге арманыңды түйдіріп».

Арманды уақыт келсабына ұнтақтату, әрине, жанға қорлық...

«Уық қылып тікпесе өзін біреулер
Керегелер қайтіп, айтшы, керілер?!»

Жамағат үшін, жалпы қауым үшін жанкештілікке бару – міне, нағыз азаматтық қасиет осы! Автор сол ақиқатты анық жырға бөлей білген.

«Тұлпарым бәйгеге деп мен баптаған
Ақырғы көшке бір күні жегіледі».

Құлагерің қор болып, қоқыс тасыған арба сүйретсе, қандай қорлық!

Жадыра өз өнериетінде әсірелеу әдісін де жатсынбайтыны жақсылық екен:

«Дүние буы мастандырып, марқайтып,
Бүкірді де қоятыны-ай шалқайтып».

Түу! Дауа жоқ екен дарынға! Бүкірдің шалқаюы мүмкін емес әрекет! Соның өзін мүмкін ету – автордың тапқырлығы!

«Пасықты да патшадай ғып паңсытып».

Бұл бейне де бас шұлғытады. Әрі өлең жолының өзгеше саздылығы құлаққа құйыла кетеді.

Жырдың жұмсақ үнділігі, күйлілігі, саздылығына да автор зер қойғыш екен.

«Жаралама жанымды жарға ұрып».

Немесе:

«Саумал іздеп сабылдым сүттей түннен,
Сағаладым сап-сары сартап күзді.
Сынай бердің, о, Өмір, арбап үнмен,
Жағалатып қойдың да жартас-құзды..»

Және де:

«Аяйды айласыз Ай маңдай».

Бір затты екінші затпен салыстырып, метафора жасау, сөздерді жаңаша байлау, жаңа тіркестер тудыруда Жадыраның табыстары аз емес.

«Үзіліп түсіп үзеңгісі үміттің...»

Үмітке үзеңгі тағып, арманның атына қондырғаны да қонымды-ақ.

«Бара жатыр бақа-сынды бұл өмір
Жылдан-жылға жүректерді мұздатып...»

Немесе:

«Ұшып бара жатқандаймын түнекте,
Қанатынан ұстап алып үрейдің».

Қандай тың да, тұжырымды бейне!

«Қайғымыз қайтіп жеңілдер
Табиғат жатса қан құсып».

Жаратылысқа жан бітіру атам заманнан бар тәсіл десек те, Жадыра ақын бүгінгі экологияның тозғанын «қан құсу» деген бейне арқылы-ақ жеріне жеткізе айтқан!

Арал апатына алаңдаған сол топырақтың перзенті:

«Бір кезгі таудай толқындар
Тас болып жанды қажайды...» –

дейді.

Қатып-семіп, барынан айрылған бейбақ теңіз сұрқы көз алдыңызға елестейтіндей.

«Жүрегім шапалақ жеп жетімектей...»

Зәбірленуді, зорлыққа көндім амалсыз деген ойды осылай ғана өрнектеген жөн екен.

«Күлдіретіп күйдіріппін көңілді...»

Бұ да әлгіндей әрлі сөз.

«Жылы қабақ танытпады-ау тіршілік,
Кигізді де теріс қарай кебісін».

Кенеуі кеткен тірлік кері кетіріп титықтатты-ау деген пайымдауды қалай көріністі етіп таныта білген!

«Таулардың да салбырап тұр құлағы...»

Тағы да:

«Жүрегіме кенет сүңгіп жұлдыздар».

Иә, ақын қиядағыны да көре алады, әрі бүкіл әлемді де жүрегіне сыйғызып тұрғандай.

«Бөріктінің бәрін де нақ бөріге балаумен,
Түңіліп кеттім түксиген түйсігі жоқ түрлерден...»

Боркемік, босбелбеулердің жеккөрінішті сиығын, иә, осылай шенеу керек!

От басында бақ-талайының отын маздата алмаған үй бикесінің өкінішін ақын қинала отырып жайып-ақ салады:

«Сыйластық отын үрлеп тек,
Ызғардан келдім қалқалап».

Немесе:

«Жүрегімнің ащы айқайы секілді,
Маңдайымды тілгілеген сан сызық».

Мұнда да сыздаған сурет бар.

Бір бейнеге мен өте-мөте разы болып, қайта-қайта қайырыла ойландым:

«Нан секілді көрінеді жүрегім,
Байқаусызда күйіп кеткен табада».

Күйкіліктің күйдіргідей қуыратынын ақын:

«Үлгі деп тұтып жүргенім,
Үпелек екен үлпілдек», –

деп сипаттайды.

Қамыстың үкісіндей-үпелегіндей ғана құны болса, одан не қайыр?!

Опасыздардан опық жеген талай арулардың өкінішін жинақтай келе, әйел затының сырын шерткен әдеби кейіпкер сүйгенінің, сенгенінің сергелдең сатқындығын семсердей өткір сезім сөзімен түйрейді:

«Шалғайға өттім жармаспай,
Шала боп бықсып жанбадым,
Жағаға ғашық жартастай,
Күтуден сені танбадым», –

деп ол сөзден кинокартинадағыдай кадрлар тізбектейді. Жағаға жету бұйырмаған жартастың жәбірлі сор-қасіреті қандай ащы-ауыр?!

Элегия жанры ерекше нәзіктікті, нақыштылықты, бейнелеу құралдарының сонылығын талап ететіні тап бүгін белгілі болған сыр емес... Сарыуайым сапырғанның бәрі ел-жұртты елеңдетер, ой-өресін биіктетін элегия деңгейіне көтеріле алмақ емес. Жоғарыда аталған компоненттердің бәрі жетіспесе, қасиет іздеу жаңсақтық.

«Аңсаумен жылылықты, шаттықты,
Қауырсындай кеудем әбден аптықты».

Алқынған кеуденің ауаның тербелісінен желпілдеген қауырсындай қалбақтауы қандай жарқын көрініс?!

«Ағаш тұр біз өсірген жетімсіреп,
Жасаурап шарасыздан жанарлары».

О, бәрекелді! Өлі дарақты өксітіп, әрі көз-жанар бітіріп бергені үшін оқырман разы болар-ау авторға.

«Жек көремін өрлігі жоқ өзенді».

Жарайсың, Жадыра!

«Көбелек – қиял желіктіріп құлатты».

Бұған ешбір ежелеп түсіндірудің қажеті жоқ болар-ау.

«Жүремін ылғи өрт құшып,
Дәрменсіздіктен дерт ішіп».

Міне, тосын да, тың метафора: дертті кермек уға балау!

«Дүниеден бейне ақ сүттей,
Саумалап жүрмін өлеңді».

Ақын жаны асқақ адамгершілік сезімге, ақ пейілге бөккен!

«Есіл кездер, есімді өткен алып,
Сендерге қойдым шырақ Сөзден жағып».

Өткен уақытты өлген жанға балап, шырақ жағып қою – жанды бейне. Айтсам деген аңсар-армандары асқақ болған соң, ақын айта алғанының өзін де қанағат тұтпайды білем:

«Шөліркеп жылылыққа жүремін мен,
Өлеңім бірде ұйқасып, бірде ұйқаспай».

Және бұл өнер адамының өзіне-өзі өзгелердің көзімен, сыни көзбен қарап, үздіксіз өрлеуді қалайтынының айғағы! Мұңлы жүрек – мейірбан.

«Болмайды пенде мұңы жоқ,
Көбі жүр елге жарымай,
Отансыз жанның құны жоқ,
Бағы да оның тарыдай».

Айтудай-ақ, айтқан, не қосатыны бар?!

Жадыраның сонау замандардың сұңғыла жырауларынан да нақыштылық дәрісін алғаны аңғарылады. Бұған да мысалдар аз болмас:

«Жалғанды жалпағынан басқандар аз,
Арбайды алшаңдатқан алаөкпе жаз,
Жердегі жазықтылар кешкен ғұмыр –
Көктегі мәңгілікке бағынған саз».

«Екеуміз бір тамшыға айналайық», – қайталанбас қарапайымдылық дегенің осы шығар, сірә. Тұтастанудың, жалғаса бірігудің дәл бейнесі осындай шығар-ау.

Жадыраның жырларын жайлап қана аударып отырғанында ойланбаған оқыста өте қарапайым әрі тосын түйінге, яғни нақыл боп кетердей құбылысқа тап боларың бар.

– Шіркін-ау, шырынды мынау шындық шырайы, жұп-

жұмыр пайымдар менің ойыма қалай оралмаған?! – дейсің. Бұл қызғаныш сезімі емес, сүйсініс сезімі!

> «Жалғыз құдай қай пендесін түзесін?!»

Рас па? Рас!

> «Әр халықтың ұлдары бар ұрандай».

«Иә, солай!» – дегізе ме? Дегізеді.

> «Әрбір адам – бір-біріне жаңалық».

«Жаман айтылған» деп кім айта алар?!

> «Менмендік те – бейқамдықтың белгісі».

Парадокс сияқтанғанмен, асқақтаған алаңғасар апанға құлап тынады...

> «Түйсігі жоқ жүздер қандай реңсіз!»

Түйткіл тудырмайтын-ақ түйін.

> «Обалды білмеген оңбайды».

Абыздардың лебізіндей әзиз нақыл.

Қолжазбаны бір-екі парақтап жапқаннан кейін де ойыма қайта-қайта оралған өрнектер бар. Олардың бір парасы – өткір эпитеттер.

> «Жылдар бойы жауырланған жігермен,
> Қайдан бірден келе қойсын ерендік?!»

«Жауырланған жігер»! Әлі де айтыла қоймаған анықтауыш болар. «Маймақ көңіл», «Қасқыр қайғы», «Сатқын сағат», «Селдір күн», «Күмілжіген күндерімнің кірпігі», «Жамау-жамау шұбар бұлт», «Шымыр шық», «Еркетотай жел», «Көгендеп көңілімнің көк дауылын», «Шиқылдап кеуіл – кекілік», « Күлімкөз бұлақ»...

Бұл бейнелілік кімді болса да сүйсіндірмей қоймас.

> «Жүргенде жылап, жұбатқан,
> Үніме бүркіп таң шығын,
> Тұратын мейірім, ұяттан,
> Пәк әлем, болдың ғашығым.
>
> Қалғанда жігер мұқалып,
> Егелік етіп түн-төрем,

Сендегі оттан тұтанып,
Жалыныңнан мен жыр өрем.

Астамдық – арсыз өктемдік,
Сұғанақ көзде жоқ ұят.
Айнымай жылдар өткердік,
Жасамау үшін қиянат.

Аялап келем жан гүлін,
Құмарлық отын өшіріп,
Обалды жүктеп тағдырым,
Қалмасыншы деп өкіріп.

Қыр гүлін құштым сүйіне,
Иісі тұр оның бұрқырап,
Ғаламатсың-ау, дүние,
Тұла бойыңда мың сұрақ...»

Иә, жаны шырайлы, рухы мен сөзі қуатты парасат иесінің бүкіл жаратылысқа, адамзатқа, өмірге деген құштарлығы мен ынтызарлығын, парызы мен қарызын айғақтайтын ақындық кредосы осындай болмақ!

«...Қалам ұстап отырған менің қолым
Сізге ұнар жыр іздеп қалтырайды», –

депті Жадыра бір өлеңінде.

Жаратқан ием, сені, Жадыра, сондай қалам жауапкершілігінен айырмасын.

# ӨЛЕҢДЕР

## АСПАННАН ЖАУЫП НҰР БҮГІН...

### Тәуелсіздік жолында



### НАЙЗАҒАЙЛЫ, АЙ ҚАБАҚТЫ ОТ ЖАЛЫН...

Жарық дүние, кереметсің, керемет,
Сен де мені, мен секілді керек ет.
Күрең-күрең көбейттірмей күндерді,
Қуатың мен берекеңнен бере кет.

Сүмбіл көкке күнде жүрем ынтық боп,
Сезімдерім төгіледі мың шық боп,
Жалт-жұлт еткен ұшқын – әлем ішінде,
Тірі жанға тиер титтей қырсық жоқ.

Бәрі-бәрі жердің сілем төсінде,
Адамдығың ұшырасып кесірге,
Уыз таңмен оянасың уылжып,
Бүлінесің жетпей жатып бесінге.

Таңдай қағып, таңырқаудан басталған,
Нұрлы әлем, сені сүйіп қарсы алғам.
«Жеті қабат аспан үстін көрсем», – деп
Сәби көңіл қиялдаған, тамсанған.

Тазалық пен пәктік бар деп тек сонда,
Жүрсін деумен Тәңір салған ақ жолда.
Жақсылыққа баулып келем жақынды,
Түспесін деп сайтан құрған мың торға.

...Найзағайлы, ай қабақты, от жалын,
Білдім енді бұл дүниеде бақ барын,
Әрбір ізгі адам үшін хақ әлем
Көзін ілмей күресіп-ақ жатқанын!

## ЕЛІМЕ

Салмағы артып мысыңның,
Тірегім болшы, туған ел.
Мен де бір өршіл қызыңмын
Өзіңмен өсіп, буған бел.

Көктемін құшқан көкірек,
Қалыпты қыстан қысылып,
Құрдымға кетіп көп тілек,
Желтоқсан желі ұшырып.

Санамды сыздан құрғатып,
Шабытым шалқып шалқарда,
Қиырда сырлы үн қатып,
Жүргенім сенің арқаңда.

Алақан толып нұр, баққа,
Адымың жатса күн аттап,
Ұлы күн туар ұрпаққа,
Жігерің тасып, жыр қаптап!

Тәж киіп лағыл шуақтан,
Күн санап өскен алыптай,
Өзіңе сеніп қуаттан,
Жүзіңді жүзге қарытпай!

Мұң-шерін Армен жуған ұлт,
Сындарлы, дана, қайырымды,
Сенерім сенсің, туған жұрт,
Көрмейін енді қайғыңды!

* * *

Тамырларды тереңдерден нәр алған,
Жүруші еді атам қорғап арамнан.
Ұмыт болып ұрандатқан қанша сәт,
Өшпей қойды сол өнеге санамнан.

Тұқымы деп текті ата-бабаның,
Көзі ғой деп кеткен жақсы ағаның,
Талай жанның мерейлерін өсіріп,
Халқым жерге тигізбейтін табанын.

Бағалау бар (жағымпаздық бір бөлек),
Көлеңкелі болар ма еді бәйтерек,
Мезгілімен нәр алмаса жерінен,
Өспесе егер күн нұрына еркелеп.

Асылдарды аластауға асықтық,
Қанша ұрпақты «байдікі» деп жасыттық.
Қалай білмей келдік біздер сонша жыл,
Соның бәрі екендігін пасықтық.

Жайсаңдарды жау санадық, жайраттық,
Сатқындарды тайраңдатып, сайраттық.
Қырып, жойып ақылдысын, алғырын,
Елдің сорын жанашырсыз қайнаттық.

Ақырында өнеге жоқ, жалын жоқ,
Болыппыз да қалыппыз-ау қалың топ.
Бәріміздің жаттарымыз бір жарғы,
Мәз боламыз, әйтеуір, деп қарын тоқ.

Құнарлы да, тұмарлы едік, қайтерсің,
Айтуға да көбейді ғой жәйіт ерсі,
Қоқыраңдап доқ көрсету халқына,
Қай тәлімге, қай ағымға сай келсін?.

Мәңгүрттерді көбейттік-ау парықсыз,
Білімдіге әбден біздер «жарыппыз»,
Ана тілдің жауып тастап қазанын,
Өгейліктің астына от жағыппыз.

Мұның бәрі тексіздіктің кесірі,
Қирап жатса керексіз боп бесігі.
Не болмақшы есіл елдің жағдайы,
Жылап жүрсе зеректісі, жетігі.

Тамырларды тереңдерден нәр алған,
Жүруші еді атам қорғап арамнан,
Ұмыт болып ұрандатқан қанша сәт,
Кетпей қойды сол өнеге санамнан.

* * *

Қанағатшыл Қағанаттың қызымын,
Самал жел кеп тарқататын бұрымын.
Азды-көпке «тәубе» айтып, «шүкір» деп.
Сыйлап өскен ата-баба ырымын.

Жамандықты дарытпаған бойына,
Зерделі сөз тоқып өскен ойына,
Қасиетін қастерлеген елінің,
Сан сынаққа бермеген ол мойыла.

Ажарына ақылы сай, бал тілді,
Сол қыз өзі кешкен ғұмыр сан қилы.
Арғымақтың құлағында ойнап ол,
Елі үшін ермен бірге жан қиды.

Сыңғырлаған күлкісінен нәр алып,
Өскен екен батырлар да нар, алып,
Осал болмас, босаң болмас ұрпағы,
Ару Ана, арлы Атадан жаралып.

... Арсыздық пен алауыздық азайып,
Жаңа дәуір жыр-дастанын жазайық.
Мен сенемін: бар қырсықтан арылып,
Біздің қазақ Ел болады ғажайып!

* * *

Қайырым күтіп, жайы да болмай, жадағай,
Жатыр-ау дала қасірет шеккен анадай,
Көлшіктер арбап, көлбеңдегенмен алыстан,
Жанына келсең қалқыған қалдық, қара май.

Алаңсыз өстік, береген болдық санаспай,
Жеріміз кең деп, сыйға да тарттық, таласпай.
Жалаңдап келген тойымсыз, арсыз ашкөздік,
Берекемізді бастағандай ма аластай?

... Жерімнің туған аңсап жүремін құйынын,
Шешерміз қашан күрмелген сауал түйінін,
Қиналған ауыл әбіржіп тұр ғой теңселіп,
Аяусыз келіп қысқандай кесел бүйірін.

* * *

Жарқырап тұр мына маңғаз дүние,
Мың жыл бұрын болған осы күйінде,
Жұлдыздар да би билеген қуанып,
Ай қараған наздана да, сүйіне.

Есіркеуді сұрап жүріп ескі айдан,
Жарылқауды күткен бабам жаңа айдан,
Мәңгі ғұмыр сүрмейтінін білсе де,
Сан тілегін тілей берген Құдайдан.

Үміт, үрей жанды ұшырып қаңбақтай,
Кейде, тіпті, баққа жетпей бармақтай,
Құштарлықтан құмар көңіл күлдіреп,
Пенде өтер ұлы өмірді ардақтай.

Тылсым әлем қарап бізге шат күліп,
Тарту күшін жердің қойған арттырып,
Өлшеулі өмір сыйлаған соң адамға
Арманын да бергенде ғой шақ қылып...

* * *

Еңкейтпеші еңселіні ептіге,
Іргемізді ібіліс жайлап кетті ме?
Пұлы бардың таңқияды танауы,
Миығынан күліп тұр ол тектіге.

Қасиетін қастерлеген жақсының,
Татса-дағы дәмін әбден ащының,
Ұрпағы едік сол кәусәрлі халықтың,
Бүгін неге кеудемізде тапшы нұр?

Жарылқауды күтеміз кеп біреуден,
Есіркеуді жалықпаймыз тілеуден,
Құлап жатып жығылғанға күлеміз,
Алдымызға жан салмаймыз мінеуден.

Ұғынуға парқы жетер, құнттым-ай,
Бұзылмасын ақ пейіл мен құлқың-ай,
Ертеңің тұр ілінулі қармаққа,
Арынды бол, арқа сүйер жұртым-ай!

## АЗАМАТҚА

I

Сыр алдырмай өтсем егер сындардан,
Аға толқын тәлімімен шыңдалғам.
Жақсыларға кезіктірген тағдырды
Жалықпаспын шын жүректен жырлаудан.

Масаттанып масаңсудан аулақпын,
Жылағанның жүрек сырын аулаппын,
Өнегеме өрісімді өсірген,
Түйсігі бар жас ұрпақты баулаппын.

Ыждағаттық ығына алып ықтырса,
Сәуір сәттер мөлдірлікті ұқтырса,
Ұлылардың ұлағаты дем беріп,
Салиқалы қасиетін жұқтырса.

II

Бап керек қой балаға да, басқаға,
Қаншама жан өтті амалсыз, жасқана,
Еңселерін көтере алмай, үгіліп,
Азайып та бара жатыр жақсы аға.

Басымыздан аспай жүрміз көбіміз,
Мейлі, мені даңғой деңіз, сөгіңіз,
Ұсақталып қасиеті ерлердің,
Тең түсіп тұр есік пенен төріміз.

Үйренгішпіз өзімізден басқадан,
Сонша асылды керексіз деп тастаған,
Халықпыз ғой малын бере салатын,
Бәз біреуге атымызды мақтаған.

Қырық пышақ, қырық ру бөлініп,
Бөтен көзге жақсы болып көрініп,
Даңғазалық, даракылық үлгі боп,
Қалмаса екен ел іргесі сөгіліп.

Жайсаңдардың аяғынан шалмайық,
Жағасынан ешкімнің де алмайық.
Өсер халық үйренетін жәйт жетер,
Тояттанып, жарты жолда қалмайық!

III

Тәуірлерді айту керек тәуір деп,
Көбейгені күншілдердің ауыр тек.
Абыройы ортақ елдің ұл, қызға,
Бақыт жасап бермес өзге қауым кеп.

Қатерлер көп төніп тұрған жерге де,
Ол да қазір көз жастардан шерменде,
Бөліп-жарып тартқылайтын түгі жоқ,
Үмітпенен қарайды ел ерлерге...

IV

Ел жайы не болмақшы еңсе түссе,
Өспірім бой алдырса арсыз іске,
Бақ келіп қонақтар-ау басымызға,
Айналсақ жұдырықтай жұмыр күшке.

Елеріп есерсоқты дүбірлерге,
«Ұр да жық» ұрандарға жүгірме де,
Бас қосып, әз халықтың азаматы,
Не жетсін ақыл-еске жүгінгенге.

* * *

Атам менің қалдырмапты зәулім үй,
Есесіне сыйлап маған ән мен күй,
Аманат қып зерделі сөз, өлең-жыр,
Деп кетіпті: «Көңіліңе мұны түй».

Туған жерім – нұрлы, сырлы жыр елі,
Қамысына дейін әнші киелі.
Көп өсімдік өспесе де даламда,
Әрбір бұта ән-күйге бас иеді.

Бұйра құмдар төгілтеді-ай өр күйді,
Кеткен қыздай аңсап жүрген төркінді,
Еркетотай желі келіп әндетіп,
Ала қашып жөнеледі бөркіңді.

Дуалы сөз бағындырған баршаны,
Қасіреттен қорғап қалған қаншаны,
Тұл тұрмысқа қажымаған талайлар,
Өткір сөзден болғаннан соң қалқаны.

Аттанғандай соның бәрі келмеске,
Сөзің өтпей замандасқа, жерлеске,
Жан әлемі қалған кезде жабырқап,
Түседі екен көкорай жиі еске.

... Бұрқасындар борандатып, боздатып,
Көңілдегі армандарды қоздатып.
Бара жатыр бақа-сынды кей ойлар
Күннен-күнге жүрегімді мұздатып...

* * *

Абырой тілеп таңды атам атырған,
Әрбір күнін тағзым етіп батырған,
«Бала берсең, сана бер» деп тілеумен,
Келешектің жайын ойлап, аһ ұрған.

«Жұқтырмашы өн бойыңа жаман ат,
Аздырмайды адамзатты қанағат»,-
Санамызды саралайтын қарттарым,-
«Риза болсын– деп, ісіңе жамағат».

«Қарғыс сені өтер, бәлкім, айналып,
Ұрпағыңа келер, бірақ, қайғы алып,
Қия басқан шағы түсер есіне,
Кейбіреудің бағы қалса байланып».

Таптамайтын ешкімнің де намысын,
Алушы еді кілең жұрттың алғысын,
Сиреп кетті сол қарттардың қатары
Ниеттері кейінгіге дарысын.

Ақ тілегі қабыл болып бабаның,
Сағы сынбай келген туған даланың,
Ізгілікті ұялатсақ жүрекке,
Талайы әлі туар еді дананың.

Әр пенденің өмір жолы – құбылыс,
Қуат беріп, қолдайды оны Ұлы Күш,
Құнықтырып, кердеңдетіп алайда,
Хақ жолынан тайдырмасын ібіліс.

* * *

Сатқындығыңнан сақташы,
Жанашыр болшы, ағайын,
Жалақордан жақташы,
Адалдығыңды ұғайын.

Ауыртып жанын жақынның,
Жамала берсе жалаң сөз,
Бағасы артып бақырдың,
Шаба алмай қалса шабандоз,

Кінәні кімге артамыз,
Күнәға батсақ белшеден,
Қалыңдай түссе қалтамыз,
Қаламыз болып таскерең.

Жүреміз күліп миықтан,
Сыпайы ғана иіліп,
Біреуге атып тұйық таң,
Қыршыны жатса қиылып.

Нұр-шуақ қашты көңілден,
Тоңазып қалды талап та,
Айырып өжет, өріңнен,
Күнімді езге қаратпа.

Заманның салған салмағы-ай,
Қопардың түптен тамырды,
Асылдың қалған тармағы-ай,
Арамнан қорға арыңды!

Әкелер кешкен күнәдан,
Жеткенше ұрпақ арылып,
Зұлымдық озып зиядан,
Қоғамнан таймас тағылық.

* * *

Қуанышым су сепкендей басылып,
Жылап алам көз жасымды жасырып.
Қорғансыздың зар илеген даусынан
Алабұртты тағы жаным ашынып.

Тәуекелге бел байлаған қазағым,
Өзіңе арнап жанайқайын жазамын.
Жаңалыққа елжіреп-ақ қарайсың,
Жанарыңда әппақ сенім, таза мұң.

Өткеніңнен өңделе алмай талықсып,
Есеңгіреп қалдың ба, әлде, жарықтық.
Көнбіс болып сарғайғанда сонша жыл,
Ұрпағыңа не қалдырдың қарық қып?

Тайталасып үміт, күдік арбасып,
Жүрегімді жүрем күнде жарға асып,
Еркіндіктен есі кетіп ел-жұртым,
Қапылыста қалмасын деп адасып...

## ӨТКЕНГЕ ОРАЛУ

Көнбеймін деп ырқына мына өмірдің,
Шашбау болып келді талға өрілгім,
Ақиқатты айтамын деп жасырмай,
Көбігіне қанша сөздің көмілдім.

Сырбаздарға сыйынамын сыр сақтар,
Көкірегінде түймелері мың қатпар,
Кісілерді кездестірдім мен кейбір
Жанарына сырдан түйдек мұң қатқан.

Аузы күйген үрлеп ішер деген бар,
Ашықтықтан халқым талай жеген зар,
Мың құбылған замананың желі де
Қайда бұрып әкетерін кім ұғар.

Ести алмай әкесінің соңғы әнін,
Қалған бейбақ айырады сор дәмін,
Жауыр болып қансыраған жүрегі
Көтере алмас енді тағдыр шолжаңын.

Сол баяғы тас-түйін боп қатқаны,
Естен кетпес әкесін дос сатқаны,
Аузын ашса дайын тұрған секілді
Әлдекімнің құрып қойған қақпаны.

Үрей, үрей... темір құрсау құрдымға,
Қамап қойып қанша жанды қырдың да,
Ешбір залым ойлап таппас айламен
Бір арнаға елдің басын бұрдың да.

Буындыртып өз ұлдарын өзіне,
Шөп салдың ғой пәк халқымның көзіне,
Мұндай айла білмейді екен адамзат,
Айта да алмас ұқсас жайды шежіре.

Маңызынан айрылғанда мән бар ма,
Сенбей қалды жұртым мына жалғанға,
Ештеңеге зауқы болмай, самарқау,
Бір-бірімен сырласудан қалған ба...

Ұмыт болып сары – уайым, күз – керуен,
Үрей құсы безіп қашан біздерден,
Жаңарғанша жапырағы ғұмырдың
Сенімсіздік сығалайды жүздерден.

**ДАҒДАРЫС**

Кеудемді тырнап мұң – мысық,
Айналдырғандай мың қырсық,
Алданбай ешбір ермекке
Өтуде күндер тымырсық.

Қарттарды аяп жүдеген,
Көшеде қайыр тілеген,
Жастарды көріп үй-күйсіз
Вокзалда жатып түнеген,

Ауруға жүрек шалдықты,
Көргенше мұнша зарлықты,
Оянбай кетсем ұйқыдан,
Тұрағым етіп тамұқты.

Ұға алмай атам мән-жайды,
Шүкіршілікпен қартайды,
Дәуірін көкке көтеріп
Еліне қарап марқайды.

Секіріп жұлдыз – көпірден,
Дауыстар қанша өкірген,
Қисынсыз сеніп ертекке
Мұңлықтардаймыз өкінген.

Кісенделіп өз даламда,
Саңылау қалмай санамда,
Тартылғанынша тақыр боп
Алаңдамадым Аралға.

Сатқынмын, тарттым сазайды,
Жақтырмай құмдар қарайды,
Бір кезгі таудай толқындар
Тас болып жанды қажайды.

Адамның бітіп шарасы,
Кеміді құты, бағасы.
Пейілің кең ғой, Жаратқан,
Оң көзбен бізге қарашы...
Оң көзбен жерге қарашы...

## ҚИЫЛЫСТА

Қуаныш сыйла, өтінем,
Азайды өмір шуағы,
Ақ жібек арман сетінер,
Жалбырап күндер құрағы.

Дәулет те, бақ та мен үшін
Сәттерден мөлдір тұрады,
Үрей – құс жайлап ел ішін
Бұл ғасыр бізді сынады.

Шатасып кеткен тірліктің
Болмай да қойды тұрағы,
Береке, ауызбірліктің
Өшті ме әлде шырағы?

Қаңқылдап ұшты беталды
Қаздиған дала қыраны,
Бірінен бірі кек алды
Дауы көп дәуір ұланы.

Береке бермес көптіктен,
Артық-ау аздың бұла әні.
Көрінген жерге көз тіккен
Белгілі бір күн құлары.

Шаршады жүйке жұқарып,
Көбейіп ұрыс ұраны,
Көгенге көңіл тұсалып,
Қашанға дейін тұрады?

Жөн таппай жортып жүр әлі,
Жамырап дала құланы,

Іздеме бұған кінәні
Сейілмей сана тұманы.

Жегідей жейді жанымды
Жамиғат сөзге құмары,
Дегенді: «сақта барыңды»,
Белгісіз қашан ұғары?...

## ӨЛІАРА КЕЗЕҢДЕ

Кейпімде тұр заманымның қыр-сыры,
Мінезімде мезгілімнің қырсығы,
Көшелерден көшіп жатыр табыттар
Көбісінде өксік-өмір қыршыны.

Егіледі жар таба алмай бойжеткен,
Ата-ананың бойларынан күй кеткен.
Пендесіне шықпай жатып түйнектен,
Құдай емес жауыздықты үйреткен.

Ұлағаттан нәр алса егер жасымыз,
Қатпас еді-ау амал таппай басымыз,
Мардымсыз боп кеткен мына тірлікте,
Шикі шешім қабылдаймыз асығыс.

Келте ойдан арыламыз қашан біз,
Ескілік деп ізгімізден қашамыз.
Күнелткенше шапағатсыз, шуақсыз
Кезіп кеткен дұрыс шығар жаһан, түз.

Кейпімде тұр заманымның қыр-сыры,
Мінезімде мезгілімнің қырсығы,
Көшелерден көшіп жатыр табыттар,
Көбісінде өксік – өмір қыршыны.

## МОНОЛОГ

(*Тәуелсіздіктің қиын бұрылыстарындағы жан ышқынысы*)

Көңгіш болдым көкжал тағдыр алдында,
Жабырқаудан жасқаншақ боп қалдым ба?
Манаураған дүние мынау қалпында,
Менің жаным тірелгендей алқымға..

Күресуді үйретіпті кім маған,
Ес білгелі жұртты көрдім жылаған.
Талай нәубет өткізген соң басынан,
Жалбарынып тек амандық сұраған,

Жұрт тарихын жаттап өскен ұрпақпыз,
Өзімізге келген тұста шорқақпыз.
Мықтылардың мысы басып, жалтақпыз,
Сондықтан да барлығына ортақпыз.

Бүршік атқан тағы келді бір көктем,
Алатау тұр төбесіне бұлт шөккен.
Аналар жүр жанарынан жас төккен,
Көмек күтіп жерден емес, тек көктен.

Қызын қорғар елдің қайда айбаты,
Дем беретін қайда кеткен қайраты.
Жуандары әлсіздерді жайратты,
Әрбір мықты өз бұлбұлын сайратты.

Көңгіш болдым көкжал тағдыр алдында,
Жабырқаудан жасқаншақ боп қалдым ба?
Манаураған дүние мынау қалпында,
Менің жаным тірелгендей алқымға...

## ҰРПАҚ ДАУЫСЫ

Сауықтырсам деп армандап жаныңды,
Білгім келіп көзден таса халіңді,
Тыпыршыдым тыным таппай сенделіп,
Ойлауменен, халқым, сенің қамыңды.

Қай заманда пенде айтқаны бола ма,
Тар қапаста қалған көңіл оңа ма?
Қарлығаштай қанатыммен қағайын,
Зақымдарды түсіп кеткен санаңа.

Даландаумен, дәрменсіздеу хал кешіп,
Зұлматтардан жан сауғалап тау кезіп.
Саралауға, даралауға шамаң жоқ,
Аман болсын деумен келдің талбесік.

Сені сүймеу, әзиз халқым, мүмкін бе?
Ұрпақ үшін құрбан ұйқы, күлкің де.
Асқақтатар ұл-қызың бар биікке,
Еңселім-ау, сабырлым-ау, күрсінбе.

Келе жатыр керім кездер керіліп,
Жарқын ойлар жадымызға өріліп,
Арман болған қу дүниенің ернесі,
Әлі-ақ кетер бақ пен нұрдан төгіліп.

Пейіліңді кірлетпеші күнә артып,
Жан сарайға қыл түсірме құмартып,
Парызымды мен де өтеп кетейін,
Жырларыммен ел-жұртымды қуантып!

## ӨТКЕЛДЕ

(*Нарыққа өту кезеңінің көріністері*)

Ғазиз жаным бөлшектеніп, бөлініп,
Әр пенденің көз жасы боп төгіліп.
Қуанышы аздау мына кезеңде,
Жүремін мен қылмыстыдай көрініп.

Ойнамайды тоқ баламен аш бала,
Қаншама адам таба алмай жүр баспана,
Ит пен мысық ішіп жүрген жуынды
Қорек болды-ау жарымжанға, масқара.

Шырылдайды шыбын жандар шарасыз,
Ойламаймын екенбіз деп талансыз,
Қырық құрақ бірлік кетер ыдырап,
Болса егер түп тамыры жарамсыз.

Мүгедекті нан сұратып, тілентіп,
Қарттарымыз тірі өліктей күнелтіп,
Барымызды игере алмай жұпыны
Неге отырмыз қара аспанды түнертіп?

Жылап-жылап көз жасы да тыйылды,
Халқым талай жеңіп еді қиынды.
«Жеттім-ау» деп желпінгенде, қырсық күн
Қамшысын кеп төбесінен үйірді.

Күлкі қайда, ойын қайда білмеймін,
Кеуілдердің серпілгенін тілеймін.
Ұшып бара жатқандаймын түнекте,
Қанатынан ұстап алып үрейдің...

## ЖАРАТҚАНҒА ЖАЛБАРЫНУ

Намысты қорғап, шырылдап түскен от, суға,
Бар еді-ау небір ұлдарың сенің зор тұлға.
Жалбарынып мен тілеймін тарпаң тағдырдан,
Қайтадан енді жұртымды менің қор қылма!

Таптатпа тағы қасиетін тарлан даламның,
Ойынан сақта есерсоқ кейбір арамның,
Жұртына туған өгей ғып өзін өксітіп,
Бұрмалап тілін шұбарлатпашы баламның.

Аштықтан сақта, алдыртпа барын басқаға,
Апаттан сақта, жамандықтарға бастама.
Кесірден сақта, пендеден кейбір келетін,
Ниеттен сақта, қараңғы түндей қап-қара.

Талатпа енді талапай етіп қойнауын,
Біреуді езіп, көрсетпе біреу қорлауын.
Қадірін білген тірі жанның, жердің де
Қазақтың өзі бар әлеммен дос, бауыр.

Бере гөр талап, талпынтар мөлдір бастауға,
Тұратын қарсы өрлік бер келген қас-жауға.
Ездіктен сақта, еңкілдеп еріп дұшпанға,
Қимасын сатып, іздеп кететін бас сауға.

Ғасырда мынау қиянатқа толы, ғаламат,
Жұқтыра көрме, жұртыма жарқын жаман ат.
Бірлігін сақтат, азаматтарын демей гөр,
Жайнасын елім, шарықтасын сау-саламат.

Пейілін сақта, пиғылы түзу халқымның,
Өздігін сақта, өзегін бұзбай салтымның,
Егіліп тұрып, тілеші сенде, жамағат,
Арттырсын Тәңір маңызын пайым-парқыңның!

* * *

*Қазақстан Республикасының тұңғыш*
*Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнаймын*

Жағымпаздық жараспайды ақынға,
Қызыл тілім, бұрмалама, шатылма,
Ханға арнап, өлең жазып жақпайсың,
Халық түгіл қасындағы жақынға.

Қарындас боп өткізейін сөзімді,
Құдай Сізге берген екен төзімді.
Құрағы көп, сұрағы көп біздің ел,
Шығарған да болар талай мезіңді.

Арқар мінез, ақиықтың белгісі,
(Жердің де жоқ көк аспанға көнгісі).
Биіктік бар, тазалық бар табынтар,
Бұл – құдіретті табиғаттың болмысы.

Парасатты пайымдайтын даламда,
Болған талай батыры да, данаң да.
Шүкіршілік етем, асыл сынығын,
Өзіңіздің бойыңыздан табам да.

Оңай емес ел санасын саралау,
Алыптардың ортасында сағалау,
Жасырғанмен, жүрегіңіз, білемін,
Қазақ үшін соғатынын даралау.

Іргелі елдің іргетасын қалаған,
Бас болуға қалың елге жараған,
Мінбелерде тұрғанда Сіз қасқайып,
Бүкіл әлем қазағыма қараған.

Бейбіт өмір өздігінен өрілмес,
Парықсыздың көзіне түк көрінбес,
Елбасының сары алтындай салмағы
Болса ғана халық қаны төгілмес.

Құтты болсын Сіз бастаған бастама,
Ақ пейілге толсын жаңа Астана.
Аман болып құралай көз халқыңмен,
Мінбелерден қарай берші қасқая!

* * *

*Марқұм әкем Ибрагим мен*
*шешем Бибіғанша рухына арнаймын*

Арайлап атпай таңдарың,
Жат болып ай мен жұлдызы.
Жабырқап жасыл жандарың,
Гүлдерің солып қырмызы.

Бақтарың болмай баянды,
Терегі екі үй иілмей.
Көрсетпей маған саяңды
Балаңа тұңғыш сүйінбей.

Ала жіп аттап кеттіңдер,
Қарамай артқа алаңдап,
Туғаннан азап шектім мен,
Нағашы жұртты паналап.

Өскем жоқ кем боп ешкімнен,
Еркесі ата-әженің,
Жарымжан күйін кештім мен
Естімей үнін әкенің.

Біртіндеп бәрі еленбей,
Кете ме деп ем сол бір дақ,
Атызы ойдың тереңдей
Үзіле берді жас – моншақ.

Торғайдай жаным шырылдап,
Жүректі жүрдім тілімдеп.
Сыртымнан біреу сыбырлап,
Тұрғандай «мәлім сырың» деп.

Толқытпай күндер талшыбық,
Әуре боп оймен, сезіммен,
Мінезімдегі қайшылық
Қалған-ау сонау кезімнен.

Құралмай бүтін жартыдан,
Жалғаспай талай үмітім,

Үшбұрыш сол бір қалпыдан
Арылмай қойдым күні-түн.

...Кеткелі сендер жыл талай,
О дүние қандай кім білсін?
О жақта тағы қарамай
Біріңе-бірің жүрмісің?..

## МӘҢГІ ЖАСЫЛ КӨКТЕМ

(*Қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың 90 жылдығына*)

Адал болып туған едің,
Ата жолын қуған едің,
Елге қатер төнген кезде
Белді бекем буған едің.

Уыз еді сезімдерің,
Үлбіреген еріндерің,
Бойжеткен боп бой жаза алмай,
Жан ләззатын сезінбедің.

Бір жігіттің әні едің сен,
Шаңырақтың сәні едің сен,
Бота көзі жәудіреген,
Ғашық – ғұмыр мәні едің сен.

Аман жүрсін анасы деп,
Еркін өссін баласы деп,
Отқа түстің елің үшін,
Өркендесін даласы деп.

Халқымыздың ар-нұрысың,
Аялайтын жан гүлісің,
Мәңгі жасыл көктеміндей,
Ұлы Жеңіс ән-жырысың!

* * *

*Сатыбалды Дәрібайұлының рухына*

I

Аға, Сізді емеспін көзім көрген,
Білемін қасиетіңді өлең өрген.
Өрімдей он тоғызда аттаныпсың
Соғысқа – қатер болып елге төнген.

Соңында кемпір мен шал қалды семген,
Қарындас – менің анам – арттан ерген.
Асыл боп туарсың ба, жаным Аға,
Ғайып боп жүректерді тілгілеген.

II

Жалынсыз жырлар жазды деп,
Жазғыра көрме, жан аға,
Өнерім болса азды-көп,
Дарының қонған, жан аға.

Ар менен ұят өлшемі,
Алдымда жүрсең сен егер,
Болар ем мен де еңселі,
Сен болар ең кемеңгер.

Өнеге тұтар өрлерім,
Өреміз тар боп өсерге.
Шығатын Сіздер төрлерің,
Бұйырды небір «көсемге».

Арынды, Ай – дос ақыным,
Зерделі сөзге зересің ,
Егіздей жаны жақыным,
Жадымда қалды елесің.

Өзіңе тағы бас идім,
Арманың менде қауласын,
Сауытын сордың жас кидің
Соңында налаң қалмасын.

Тапсын да орнын оңалсын,
Озық ой, албырт өренің,
Еліңді жебеп, қолдарсың,
Өтелер әлі-ақ төлемің.

Жырларың маза бермеді,
Өр екен найза-намысың,
Кім, қайда сені жерледі
Еңіреп те кеткен, арысым?!

Бірі едің өзің көп нардың,
Көңілдің аз ба жарасы.
Белгісіз солдат боп қалдың,
Дәрібайдың жалғыз баласы.

## МІНЕУЛЕР

Бүгінгі жауған қар ертең,
Лайланар-ау сел болып,
Жымысқылық бұл әдетпен,
Жарытпаспыз біз ел болып.

Жетесіз пенде жетіспес,
Желкесіне жал бітсе де,
Қасында тұрып есітпес,
Шыңғырған даусың жетсе де.

Ақшасы бітсе сүмпиіп,
Сүмеңдеп ерер соңыңнан,
Қайтадан бір күн күмпиіп,
Ұсынсаң алмас қолыңнан.

Қалтаңа қарап сыйлайтын,
Лауазымыңа құлдық қып,
Түкке де татып тұрмайтын,
Үйреніп қалған ұрлық қып,

Бар екен небір пақырлар,
Кеудесі түнек, жарықсыз,
Есеппен мақтап тақылдар,
Көбейіп кетті парықсыз.

## КЕЙБІРЕУЛЕРГЕ

Айтарымды айтам жақтыр, жақтырма,
Бас керек-ау көтеретін бақты да,
Берекесіз ырыс құны бес тиын,
Дүние үшін жақыныңды жат қылма!

Көкірегіне кейбіреудің нан пісіп,
Жақынымен жауласады, алысып,
Өзін-өзі дәріптеуге құмар-ақ,
Той жасайды, бақталас боп жарысып.

Өткінші ғой қуаныш та, қайғы да,
Бола бермес қашан да жай мына,
Кеше тойып, толдым деген ағайын
Мүсәпірсіп қалды бағы тайды да.

Байыппенен жан-жағыңа қарасаң,
Тағдырлар жүр аласапыран, арасан,
Әке-шеше кесірінен зейілсіз,
Шерлі болды-ау жәудіреген бала сан.

Кім жетісіп отыр дейсің күнде бір,
Жұртыңменен бірге жылап, күле біл.
Дүмше болмай дос қадірін түсініп,
Адамдармен ортақ өмір сүре біл.

Жақпайды ғой қайтып келген қыз деген,
Ел едік қой ізгілікті іздеген,
Тегін терген, атастырып бесіктен
Ұрпағының жалғастығын үзбеген.

Өз-өзінен келмейді екен дәулет те,
Талаңыңды тәрк еткізіп әуре етпе,
Тіршілік пен жігер, иман қосылып,
Көрік берер Сана атты сәулетке.

Мүдірмейтін минуттарға шырмалып,
Күні бойы тыным таппай тырбаныл,
Өрімталдай өмір өтіп барады,
Өнімінен жүрмейікші құр қалып!

* * *

Қалың тұман қаптап кетті маңайды,
Күнді аңсап, жұрт та минут санайды.
Бұлдыраған бұйра сағым ішіне
Сіңіп кетіп жоқ болмасақ жарайды.

Мамыр мекен толып кетті-ау күншілге,
Бар ма екен дауа бұл дерт-шіркінге,
Солқылдайды алпыс екі тамырым
Жүз қиянат жасалғанда бір күнде.

Заңы ма еді жазмыш атты құдіреттің,
Таң атпай-ақ талайларды еңіреттің,
Қайсысына болысамын дедің бе,
Зар мен мұңнан шайқатылған төңіректің.

Егіз екен бақыт деген сеніммен,
Жан-тәніммен мен де оған берілгем,
Қиын-қыстау күндер қалып қапаста,
Жақсылықты көрейінші еліммен!

* * *

Жадырамай қойды мына жарық күн,
Обалына қалдың сен де шабыттың,
Білмейтін бе ең ұқсастығын қайғы-мұң,
Тек ерекше екендігін бақыттың.

Лай кешіп жүр екенмін түсімде,
Шынымен-ақ оңбай қойды ісім де.
Тілеймін мен қалмасын деп бір қылау,
Күнделікті басып өткен ізімде.

Жөндеймін деп жөнге келмес жандарды,
Қаншама рет көңіл байғұс алданды.
Текке тартпас ұл болмайды деген бар,
Қайтерсің бұл қарға тамыр жалғанды.

Жауқазындар жайқалмады мен үшін,
Іште жатқан мұздар қайтіп ерісін,
Жылы қабақ танытпады-ау тіршілік,
Кигізді де теріс қарай кебісін.

...Сорлы жүрек, неге сонша шаршадың,
Көңілін табу мүмкін бе екен баршаның?
Өзі мейірім көрмей жүрген пақырдан
Нені күтіп, не жақсылық аңсадың?..

## АЗАМАТҚА ХАТ

(*Ой иірімдері*)

I

Шабытым шырмалып, шылбырына күрең күндердің,
Жарқырай алмай мен-дағы шарасыздан күрмелдім.
Енсіз енші іздемей, есігін қақпай бақыттың,
Амалсыздан іркіліп, еркімді тежеп үйрендім.

Іңкәрлігім басылмай, ірілік іздеп іргемнен,
Босбелбеулер жанында қаншама жыл жүргем мен.
Бөріктінің бәрін де нақ бөріге балаумен,
Түңіліп кеттім түксиген түйсігі жоқ түрлерден...

II

Үрей қысып кеудесін, үркіп те қалған үмбетім,
Іширткісін ішкенде, жоғалтатын келбетін.
Елім жайлы ойласам, жетесіз жылдар жетелеп,
Жеткізеді ойыма жетпіс жылғы жендетін.

Иықтылар бір бой түзеп, болар да едік еңселі,
Жазылар ма оп-оңай зарлатқан заман кеселі?
Өз ұлтыңды өгейсіп, жақын тартсаң басқаны,
Бауырым-ау, қалайша жазғырмайын мен сені?..

III

Іріткі салу ірітіп – бір түрі ғой қанаудың,
Жылжып жүзге бөлініп, бөлек пе еді жалауың.
Жан-жағыңда жалын бар, жеріңе де көп жеріктер,
Ағайынға дұрыс па ала көзбен қарауың?

Түбіне ойдың жете алмай, өткен заңғар саңлақтар,
Санасызға мал бітсе, асып-тасып шалқақтар,
Бір жақсымыз байыса мыңға жасар шарапат,
Қолдап жүрер қуанып, оны баба – аруақтар.

IV

Басшы екенсің, жұртыңның обалы бар мойныңда,
Ұшқыр да озық болуы шарт болжамың да, ойың да.
Көптің көзі көреген, қондыра қоймас көңілге,
Елітетін қасиет табылмаса бойыңда.

Жүрегі ердің риясыз, жаны оның сезімтал,
Парықсыз адам өр емес, көкірегі керімсал.
Ұяты жоқ жандардың күйзелгенін көргем жоқ,
Болар олар қызғаншақ, жаны суық, көңілі тар.

V

Жаздым өлең өзіңе он бес буын бұрқыратып,
Көңіл дертін қозғадым, аямай-ақ шырқыратып.
Жеңіл емес ел жүгі азаматқа артылатын,
Дос айтады дейді ғой бір күлдіріп, бір жылатып.

VI

Ұлына сенген ұлтымның үміт кілті сенде екен,
Ағасы мықты қыздардың бағы, әсте, кем бе екен?
Жырлар ма едім асқақтап, сөйлер ме едім еркінсіп,
Ерен ері елімнің, асылдығына сенбесем!

* * *

*«Жылы-жылы сөйлесең,*
*Жылан інінен шығады».*

(***Халық мәтелі***)

Шекіскенмен пенде дауы шешілмес,
Баса берсе кеудеден ән есілмес,
Жылы сөзді айта алмастай адамдар,
Қандай күнә жасап еді кешірмес?

Жылылықты аңсаймын мен балаша,
Шаттанамын біреу күліп қараса,
Бірақ сен де қырғи қабақ танытып,
Шағып алып жүрсің жиі араша.

Ойларымды бүктей бердім умаждап,
Шабыт оты өршімеді, құр маздап,

Інкәрлікті іңір жұтып қойғандай
Көңілдегі тау құлардай тұр жаздап.

Соңғы кезде шаншып, қоймай жүрегім,
Қимай мына кең әлемді жүремін.
Мен көрмеген бақыт, нұрдың бәрі де,
Кейінгіге дарысын деп тіледім.

Әр дәуірдің дайындаған сыны бар,
Бейнеті де жеткілікті, қыруар.
Өткелдерден небір алып шығатын,
Жүректерден тарап жатқан жылулар.

Болғанмен де қанша қиын кей кезің,
Шыдам керек, шыныңғардай ер-төзім.
Қуат болып құйылар-ау алғыстар,
Азаймаса бойыңдағы сел – сезім.

Бұлт бүркеді бүгінгінің көктемін,
Жұрт аңсап жүр келерді емес, өткенін.
Санамызды аралайды сағыныш,
Қайта аштырып шуақты күн беттерін.

...Өмір – өзен ағып жатыр тасынып,
Кінәсіз көп көз жастарды жасырып,
Бір жылы сөз айта алмастан мұңлыға,
Қайда бара жатырмыз біз асығып?

* * *

Өзегімді өртеп кейде қара су,
Қане, деймін мұңлықтарға жан ашу.
Адамзатты тоздырады ақыры,
Баяғы сол санасу мен таласу.

Сен кеткенде шегірткеше секіріп,
Киім таңдап масаттанып, есіріп,
Біреу жүрер бас көтермей тырбанып,
Шамасы жоқ отыратын көсіліп.

Жөргегінен атанумен жетімек,
Қайда барса шерге толып көкірек.

Басын тірер жақын пенде болмады-ау,
Іште тұнды асыл арман, көп тілек.

Арқалаған о бастан-ақ ар сынын
Өткірлігін көрген тағдыр – қамшының,
Сондықтан да болар, мүмкін, абайлап
Айтады ол дос-жаранға қалжыңын.

Күледі тек сырт пішіні байқасаң,
Жанарында сенім, күдік айқасар.
Жалғыз байлық – намысы үшін бойдағы
Бар мықтыңмен аянбай ол шайқасар.

Мақтанып ол айтпаса да табысын,
Қадағалап қадамының барысын,
Сезіп жүрем қуаныш аз, мұң толы,
Жұдырықтай жүрегінің қағысын.

Сипамаған туған ана басынан,
Жол шетінде жүріп қалған жасынан,
Елегізіп жалғыздықтан көңілі,
Ұзатпайды балаларын қасынан.

Қинағанда қиянаттар қамалап,
Жауыздықтар жан-тәніңді жаралап,
Сол бір Адам табылады қасыңнан
Жаны ашып, бәйек болып, аялап.

Қиындықтан үркеміз біз қояндай,
Жеңілдікке ұмтылуды қоя алмай.
Қиналуды білмейтіннен қорқамын,
Кете ме деп мейірімі оянбай!..

* * *

Мен жыласам аспан бірге жылады,
Оның-дағы таусылғандай шыдамы,
Піл секілді зұлым күшпен алысқан,
Таулардың да салбырап тұр құлағы.

Қайтсін менің шүйкедей бір тәнімді,
Қара ниет алмақшы еді жанымды,

Қалқан етіп қарсы тұрдым сол бір сәт,
Бойымдағы бар асылым – арымды.

Қаймыққандай қансыратқан дүлейлер,
Ыдырады қоршап тұрған үрейлер,
Ойламаушы ем адалдығым үшін де
Күндейді-ау деп «дос» боп жүрген біреулер...

Найзағай-ой жарқылдайды санамда,
Сол ұшқынды іліп алсам қаламға,
Кекшіл емес, көпшіл, балаң көңілмен,
Ақ жүзімді тостым ерке самалға...

* * *

Қуаныш, қайғы аралас,
Көңіл де, кейде, жалаңаш,
Тағдырдың аз ба тәлкегі,
Жалғыздық жанға жарамас.

Жанаспай жанар жарқылы,
Ашылар қалай жар сыры,
Лебіңнен сенің еседі
Қоңырқай күздің салқыны.

Жақсылық аңсап келгенбіз,
Ақ сүтін ана емгенбіз.
Бақыт та бар деп өмірде
Махаббатқа да сенгенбіз.

Ине мен жіптей сабақтас,
Өзіңсіз маған таң атпас.
Сезбей-ақ қойдың мұңымды,
Секілді болып жұмбақ тас.

Аз емес шығар ізгілік,
Үміттер кейде үздігіп,
Қиналам таппай бойымнан
Елітер сені жүз қылық.

Кінәлі мен бе, қоғам ба,
Түсінбей келем оған да,

Апалар жиған әсемдік
Біздерде қазір жоғалды, ә?

Шаттықтан шалқып жүргем жоқ,
Түндігін шабыт түргем жоқ,
Тұмшалап байғұс жүректі
Өзімшіл өмір сүргем жоқ.

Ерте-кеш бірдей сабылып,
Жабырқап жаным, қамығып,
Қалғанымды да білмеппін,
Әдемі назды сағынып...

* * *

Жылдарым-ай, сіңіп кеткен ғасырға,
Айналып та кеттіңдер ме жасыңға,
Тойланбады туған күнім менің бір,
Өкінішті екен бұл жай, расында.

Паш етпей-ақ қояйын деп өзімді,
Адамзатқа өткізе алмай сөзімді,
Жүргенімде жетімсіреп, жылдарым
Еш еленбей, көңілсіздеу көз ілді.

Айқара ашып қыркүйектің омырауын,
Шылдыратып кішкене үйдің қоңырауын,
Мен енгенде құшағына ғаламның,
Үш күн бойы тоқтамапты ақ жауын.

Төртінші күн мен күліппін нұр төгіп,
Жақсылыққа бұл қылықты жұрт жорып,
Ат қойыпты Күлжадыра деп маған
Жұтап жүрген жандар мені құт көріп.

Жақсылық боп босағаңды аттап ем,
Арамдықтың арнасынан татпап ем.
Тілеуменен барлығыңа ізгілік,
Жалғызсырап жүрмін дүбір шақта мен.

Жақпай қойдым, жағымсыз ба мінезім,
(Жалғыз Құдай қай пендесін түзесін).
Жұрттың бәрі өзімшіл боп кеткен бе,
Даулап жатыр қысқа күннен үлесін.

Тірлігіңде керек екен құрмет те,
Төбешік боп қалғаннан соң бір шетте
Қажеті жоқ, жек көр, мейлі, жақсы көр,
Сенбеймін мен қисыны жоқ ертекке.

...Еркін жүзер көк шалқарда жарқын Ай,
Елім барда жүрем мен де жарқырай.
Бұл өмірден тапсам деймін жарастық,
Бере көрме не берсең де жартылай.

* * *

Бар жақынға қамқор болып жасымнан,
Кездерім жоқ асыған да тасынған.
Жылу іздеп жүргенімде жаутаңдап,
Табылмады-ау сипайтын жан басымнан.

Бұл өмірде дүние қалар шашылып,
Біреу оны жинап алар жасырып.
Салмай-ақ қой маған қорған алтыннан,
Берші, шын дос күтіп жүрер асығып!

Қанаттас боп ұшар бірге құстар бер,
Биіктікке мен жасымнан құштар ем,
Сәт сапарды сыйла тағы, Тәңірім,
Қиындықтан қаймықпайтын ұстам бер!

* * *

Көңілімнен күй төгілді еріксіз,
Жүрген екем күйсіз және серіксіз,
Ен салмаппын ең болмаса біріне,
Аңғалдықта екен, кейде, көріксіз.

Көлеңкемен сәуле бірге жарысып,
Күңгірт күндер етегіме жабысып,
Кектенбеуші ем, кемірді ғой намысым,
Бір пендемен күнде келем алысып.

Өлең де жоқ, өнер де жоқ бойымда,
Мен түндердің, түнек менің қойнымда.
Үгітіліп кете жаздап жүремін,
Міндеттерден мініп алған мойныма.

Келер ме екен шарықтайтын шат шағым,
Жаратқаннан көп сұрауға батпадым.
Өлшемменен берілетін дүниеге
Ақыреттік жанымды мен сатпадым.

* * *

Ошағымда от сөнбесін мезгілсіз,
Келсін көктем, ретімен келсін күз.
Қастандық па, астамдық па білмедім,
Арамызда сілейіп тұр сеңгір мұз.

«Кесапатын ұл тартпасын әкенің,
Қызына артпа шешесінің қатерін»,–
Дедім-дағы, сақшы болдым өзіме,
Кесірінен қорқып қарғыс, қатенің.

Талпыныс көп талшыбықтай бойымда,
Жарқын сенім тербеледі ойымда,
Мойымадым сондықтан да тағдырға,
Аямай-ақ артса да жүк мойынға.

Іштей өксіп, саған бақыт шын тілеп,
Ошақ отын сөндірмедім үргілеп,
Жүрегіме жара түсіп сан рет,
Орны жатыр, жазыла алмай күлдіреп.

Не айтайын бастауы өзге басқаға,
Өзгертетін өн бойыңды аз шама,
Бет алған соң сын сапарға бірігіп,
Жарты жолда жолдасыңды тастама!

* * *

Дауылға тосып кеудемді,
Дедім мен: «Сендім өзіңе!»
Ұшықтап көңіл – меңіреуді
Оралдым кәусар кезіме.

Ашынып кеттім бір түрлі,
Жалындап шықпай жас үнім,
Жоғалтып күндей күлкімді,
Жылаудан қанша жасыдым.

Біреуге сеніп соншама,
Түптемей, ұқпай түбірін,
Именіп кірдім ортаға
Күншілдің естіп күбірін.

Айдыны айқын болмады,
Сұңғыла еді сезімім,
Әбіржітті де қорлады,
Сүрініп қалды-ау сенімім.

Сарқылмас, іңкәр сағыныш,
Түлейді жүрек сан күйген,
Жан дүниемдегі жарылыс
Мен үшін артық бар күйден!

## АНА КӨҢІЛІ

Күлкі астында жатар, кейде, өксік те,
Қамкөңіл боп, әлде, біздер өстік пе?
Көз жасымды көрмесін деп жан адам,
Төгемін кеп куәгерім – көпшілікке.

Аралайды жан түкпірін сағыныш,
Болып барам күннен-күнге налығыш,
Күресіп те жүрген жоқпын ешкіммен,
Бойымды бір билеп алған бағыныш.

Аңсауменен жылылықты, шаттықты,
Қауырсындай кеудем әбден аптықты,
Ойлап па едім жанымдағы жақыннан
Көрем-ау деп соншалықты жаттықты.

Салғаныңа, тағдыр, көндім тағы да,
Есесіне қол сұқпашы барыма,
Имансызға ұшыратпа қызымды,
Дақ түсірме ұлдарымның арына.

Не қиындық берсең, мейлі, бер маған,
Құрығың да аз емес қой салмаған,
Бүлдіршінім бүгілмесін бүрісіп,
Менен алшы, өшің болса алмаған!

* * *

Артыма қимай қарадым,
Бұралып жатыр жол анау,
Күрсініп қалған, қарағым,
Өкініш орны тола ма-ау?..

Жанымнан жауып бұршақтар,
Жабырқап жүрген жан едім,
Шамам жоқ енді сыр сақтар,
Сен болдың мұңлы әуенім.

Барады семіп селдір күн,
Сергелдең жылдар жылыстап,
Қанша рет көкке телмірдім,
Берер деп жалғыз уыс бақ.

Алдамшы үміт арбады,
Алмастырды да күн-түнін,
Жүректе шуақ қалмады,
Жеткізбей арман-ынтығым.

Кісінеп қарлы боранда,
Құлыншақ – жаным шырқырап,
Үздігіп көндім оған да,
Жатса да ыза жұлқылап...

Артыма қимай қарадым,
Бұралып жатыр жол анау,
Күрсініп қалған, қарағым,
Өкініш орны тола ма-ау?..

## ХАЛҚЫМА

Тұншығып тағы жыладым,
Булығып кеуде ызаға.
Елімнің мұңын тыңдадым,
Қарсы алып таңды бозала.

Халқым-ай менің, кінәмшіл,
Қалқасын қимас қинайтын.

Қорыққанынан құдайшыл,
Әруағын, бірақ, сыйлайтын.

Бөтенді көріп жақындай,
Бауырға басын имейтін,
Нашымен сөйлеп нақылдай
Тірлікке қолы тимейтін.

Күйетін отқа ел үшін,
Қадірін достың білетін.
Сарсаңға салып серісін,
Өкініп сосын жүретін.

Байыптап көрмей мін, сырын,
Өзгеге елтіп, ентіктің,
Қырық бір қарыс қырсығын
Арқалап қалдың меншіктің.

Билікке құмар қарағым,
Кез туды кәсіп меңгерер.
Биіктен жанса талабың,
Боларсың әлі-ақ кемеңгер.

Береке, құтың қолыңда ,
Ұйқыдан енді ояндың,
Жігер, күш шалқып бойыңда,
Ездікті келді қояр күн.

Халқымның күні жоқ жырсыз,
Жүрегі күйден жаралған.
Айтпайды қазақ орынсыз,
Рухы сөзден нәр алған!

Найзамен баба қорғаған
Елімнің ерен егесі.
Пайымыңды паш етер,
Ғасырың болсын келесі!

* * *

Қалталыға қор қылмашы, Құдайым,
Несібемді бір Өзіңнен сұрайын,
Ақша бітсе ақылсызға алшаңдап,
Әкеледі қалың жұртқа уайым.

Дүние буы мастандырып, марқайтып,
Бүкірді де қоятыны-ай шалқайтып,
Қуыс кеуде толып кетсе күнәға,
Қонақтасын лас жерде Ар қайтіп?

Алқымдардан ала түсіп арпылдап,
Алаяқ тұр танауынан таңқылдап,
Пасықты да патшадай ғып паңдантып,
Қойғаның-ай, жарық дүние, аңқылдақ.

Қадірсіз боп қара пұлдың жоғынан,
Ибалы жүр еріп көштің соңынан,
Күн бар ма екен адал жанға туатын,
Жылпостардың құтылатын торынан?

Таптап кетті-ау бір опасыз намысты,
(Ақ көңілге кесір қайдан жабысты),
Қолы қысқа қор боп қалды егіліп,
Өкпесін кеп бір өкшелі жанышты.

Бар ізгіні пұлға теңеп, желпініп,
Әлсіз жанның алдына кеп ерсініп,
Кесапаты кеңістікті керіп тұр,
Аспанды да тұрған жоқ ол менсініп.

Мен сенемін киелі деп көз жасы,
Көңіл, шіркін, күні бұрын тозбашы,
Өмір болса, көрерміз-ау әлі біз,
Белгілі ғой күннен түннің озбасы.

Санасызға сабыр берші, Жаратқан,
Жапырмасын қара күшпен ант атқан,
Саяңа алшы самал жүрек жандарды,
Қырықпашы ұшпай жатып қанаттан!

## ЖҰЛДЫЗДЫ ӨМІР БИІКТЕ

(*Абай рухына*)

Жаныңыз жай тапты ма, Жарықтығым,
Қасында пірлерінің алып жырдың,
Пушкинге қазақты айтып күрсіндіріп,
Гетені, бәлкім, және қамықтырдың.

Шығыстың шайырлары сәуле шашып,
Хайям, Хафиз алдыңда сырын ашып,
«Бір Алладан басқаны сүю болмас»,
Деді ме күнә артқан аузын басып.

Қалды ма Байрон, Шелли рахаттанып,
Құтылып жер мұңынан, қанаттанып...
Жоқ, әлде әр ғасырдың алыптары
Оңаша жинала ма сарапталып?..

Сатыбалдының жақсы көрген қызы, қараторғайдай ғана, сүйкімді, жүрегінен жыр есіп тұратын Нұрзат та қалды еңіреп. Ол Сатыбалды соғысқа кеткен соң үш жылдан кейін Дарқан ата мен Рыскүл шешейдің қолына келген. «Сатыбалды аман оралса келіндеріңіз болайын, ал ол Тәңірдің жазуымен жазатайым кетсе, сіздердің қыздарыңызбын. Мені өздеріңізден бөлектемеңіздер, қуаныш-қайғыны бірге бөлісіп, қолымнан келгенінше сіздерге Сатыбалдыны жоқтатпауға тырысып, тірек, сүйеніш болайын», – деп Нұрзат кемпір-шал мен он алтыға келіп қалған Ханша қызға бәйек болып, сол үйдің отынан кіріп, күлімен шығып жүрді.

Соғыс та бітті. Нұрзат Сатыбалдыны әлі күтуде, үмітін үзбейді. Рыскүл шешей мен Дарқан ата, Ханша үшеуі Нұрзатқа әбден бауыр басып қалды, оның жайдары жылы сөзі мен биязы іс-қимылы құлазып, әбден жүдеген көңілдеріне медет. Сатыбалды үшін өмірін сарп еткізуге дайын осы мөлдір жанның асылдығына тәнті болған Рыскүл шешей, оны өз қызынан артық көрмесе, кем көрмейді.

Нұрзаттың күнде жолға қарап телміріп, білдірмей көз жасын сығып алып жүргені Рыскүл шешейдің жанына әбден батты. Бірде ол отағасына: «Қара жолға қарай-қарай

Нұрзатжанның әбден құр сүлдесі қалды ғой. Обалына қалдық па, қайтейін? Қой, бұлай жүре берсе, болашағы тұл болар, жарық дүниенің жақсылығын көрсін, шал-ау, оған қалай айтам бұл ойымды, онсыз да тілім-тілім жүрегіне тұз сепкендей боламын-ау жарқынымның», – деген кемпірінің сөзін үнсіз тыңдап отырған Дарқан ақсақал, тіп-тік бойы бүгіліп, жер таянып орнынан әрең тұрды да, қалбалақтап барып, босағадан ұстап, көнетоз қара қайыс мәсісіне қолпылдақ резеңке кебісін тәлтіректеп тұрып әрең киіп, сыртқа шықты.

Жасы жиырмаға келген қыздың болашағын ойлап, Рыскүл шешей жан дүниесі қанша алай-дүлей болып, бауыры езіліп, көңілінің жарығы Нұрзатынан көз жазғысы келмей тұрса да, бір күні өзін-өзі қамшылап, қатуланып алып: «Соғыс біткелі де, міне, үшінші жылға аяқ басты. Біздің қу маңдай болып отырғанымыз мынау, бір баланың бар-жоғын біле алмай. Ал, Нұрзат, қарағым, ендігі жерде сенің көзіңнен аққан сораңды көріп отырар бізде дәрмен жоқ. Бізді сорлаған үстіне сорлатпай, үйіңе қайт. Өзіңнің өміріңді сүр. Балам аман-есен болса осы уақытқа дейін бір хабарын берер еді ғой. Біз саған ризамыз. Көктеп көгер, өсіп өн, осы менің саған берер аналық батам!» – деді күйзелгенін білдірмеуге тырысып. Сонда Нұрзат Рыскүл шешейдің уһілеген кеудесіне басын қойып, өксігін баса алмай ұзақ жылаған. Дарқан ата ене мен келін болуды Құдай жазбаған екі байғұстың жүректерінің қақ айрылып кете жаздап тұрған үстінен түскен. Ол кеудесіне тығылған ащы өксікті ішіне тығып, бір сәт үн-түнсіз тұрып қалды да: «Кемпір, шәй дайында. Нұрзаттың өзегі талды ғой, жылатпасайшы», – деп, дауысының дірiлiне ие бола алмай, шығып кетті. Нұрзат атасының соңынан жүгіріп: «Ата! Бәрімізді амандықпен кездесуге жазсын!» – деді, емірене толғанып. Дарқан ата бұрылып келіп, Нұрзаттың маңдайынан иіскеді. «Бағың ашылсын, балам!» – деді де, абдырап, сәл кідіріп тұрып, аулаға шығып кетті.

Ертеңіне Нұрзатты Рыскүл шешей, Ханша, жақын туыс, жеңгелер мен көрші әйел, бала-шаға Қызылордаға аттандыруға жиналды. Нұрзаттың әке-шешесі ертерек қайтыс болған екен. Бұлар сіңлісі екеуі қаладағы ағасының үйінде тұрыпты. Енді сонда қайтып барады. Рыскүл шешей Нұрзаттың жанына туысқан бір келінді қосып, есек арба ай-

дайтын он бестердегі көрші баламен бірге оны жолға аттандыруға кірісті. Рыскүл шешей Нұрзаттың кішкене қол сандығын арбаға салдырып, жолда қарындары ашып қалмасын деп жүгері нан, түйілген тары, айран салынған дорбаны жанына жайғастырғызды да, Нұрзатқа ашық қызғыш гүлдері бар сатиннен тігілген көйлекті сыйлап, бөз орамалды иығына жауып тұрып, оның маңдайынан, көзінен сүйіп, жанарындағы жасты іркіп тастап, толғана сөйледі: «Осы көйлек пен орамалды Сатанжанның келіншегіне деп арнап, ырымдап, балам әлі соғысқа аттанбай тұрғанда, қалаға барып, бір саудегер грек әйелінен күміс білезік, сақиналарыма айырбастап алып едім. Маған өзіңнен артық келін керегі жоқ, шырағым. Үмітімді үзбеймін, Сатышжан аман-есен оралса, екеуіңнің балаларыңды бағып-қаққаннан артық, шал екеумізде арман жоқ. Қайдан білейін, жалғыз ұлды енді қайтып бұл дүниеде көретін күн бар ма екен? Алладан тілейік, ең болмаса жастың тілегін, сенің тілегіңді қабыл етер. Анау сормаңдай шалды аяймын, ішінен тынып қаусап бара жатыр. Баласын сағынғанда жүрегі өртеніп кете жаздайды, ол менен жасырғысы келгенімен, мен, бейбақ, бәрін көріп жүрмін ғой. Күнде ауыл сыртына шығып, сарыла баласын күте-күте екі көзі қанталап келеді. Қайтейін, не амалым бар. Ханша қыз, анау, ашушаң болып алды, сөз көтермейді. Ағасына өлеңмен хат жазады да жатады, онысы қайтып келеді поштамен. Он сегізде ғой. Нағыз жауқазындай жайқалатын кезі. Қу соғыс-ай, талайдың түбіне жеттің-ау! Сені ойлап тапқандарға, лағнет! Қайғы-қасіреттен көзіміз ашылмай-ақ қойды ғой. Құдай-ау, сонша не жазығымыз бар еді сенің алдыңда? Қаншама боздақ қырылып, жетімсіреп, жәутеңдеген жас қыздар мен келіншектердің, балдырғандардың жан айқайын неге естімейсің? Сонша еңіретерің бар, неге жараттың бұл байғұстарды? Әлде тайраңдаған кейбір қанағатсыздардың тойымсыз пиғылы үшін, жас ұрпақ азап тартуы керек пе? Жоқ, әлде, биліккұмар, қанқұмар біреулердің құрбаны бола береміз бе? Мен оқымаған қараңғымын, ал көзі ашық азаматтар неге жол береді осындай қырғынға?» – деді де, алқынып, жүрегін ұстап, отыра кетті. Нұрзат жүгіріп келіп, «апалап» мойнынан құшақтап, өксігін баса алмай қойған соң, Рыскүл шешей оны бауырына басып, маңдайынан сүйді де, жәймен түрегелді, әрі қарай шыдауға дәрмені жетпей, жанындағы

әйелдерге: «Нұрзатжанды аттандырыңдар» – деді, қарлыққан дауысын зорға шығарып, сосын, белі бүгіле, әрең жүріп, үйге кіріп кетті .

Нұрзат көз жасын қолымен сүртіп, солқылдап жылап тұрған Ханшаны құшып тұрып: «Жылама, жаным! «Әйел қырық шырақты» дейді ғой қазақ. Әлі-ақ шырағымыз жанар, көкең аман-есен келуін Құдайдан тілей бер. Маңдайың ақ, жолың тола бақ болсын, қалқам!» – деп, оның басынан сипап, бетінен сүйді. Сосын есік алдында аңырып тұрып қалған Дарқан атасына, Сатыбалдының өз қолымен салған қақыра үйге иіліп сәлем салды да: «Қош болыңыздар, қайтып көрісуді бұйыртсын!» – деп, ол жылай-жылай қызарып, білеуленіп ісіп кеткен екі көзін қолымен қалқалап, басы салбырап, тәлтіректеп барып, арбаға отырды. Есекке жегілген арба сықырлай орнынан қозғалды. Нұрзаттың құлағы шыңылдап, көзі қарауытып кетті. Көкірегі өртеніп, алқымына ащы өксік тығылып, өкіріп жылағысы келді. Сатыбалдының өзіне емірене қарап, еркелеткен сәттері келді көз алдына. Балаң, ұяң сезіммен, жанары алаулап, тіл қата алмай, салалы саусақтарымен мұның шашынан сипай берген оның бейнесін, енді бұл ұмыта ала ма? Ал Сатыбалдының өзіне арнап жолдаған мына жырлары жүрегінде мәңгі жазылып қалды ғой:

Арнап жаздым осы хатты бұл рет,
Шын жақсының бір белгісі білінер,
Сынық мінез сипатыңды көрген соң,
Тыным таппай тереңнен ой тербелер.
Айып етпе, артық сөзім болса егер,
Зер қадірін зергер білер деген ед.
Қолда барда құлаш ұрып қалайық,
Аз ба, көп пе өмір, шіркін, кім білер.
Балдырғандық балалық шақ баста тұр,
Жөні келсе ол да бір күн жөнелер.
Алатаудың алмасындай аңсаймын,
Ашып айтшы, көңіл қалай емделер?...

Нұрзаттың өзінің жазған жауабы да есінде:

Сатан атты, асыл затты, қарағым,
Хатыңды алып, сөз нашына қарадым.
Тәтті тілің бұлбұлдайын сайраған,
Толтырыпсың ақ қағаздың парағын.

Қатарыңнан артық екен ақылың,
Жүрегіңе еккен екен маржан сөздің дақылын.
Сөзіңізден сынап, қалқам, айтайын,
Жаратқан ием қолдасыншы ақынын.
Әдейі арнап қойыпсың маған сұрақты,
Бұл сөзіңді жан жолдасың ұнатты.
Әзіл еді сонау кезде айтқаным,
Көңілің түзу болсын, қалқам, тұрақты.
Бізден алыс сіздер елдің шынары,
Бұл өмірдің, жас дәуреннің құмары,
Көп ойланып, көп толғанып Сіз үшін,
Осы болды жылы сөздің тынары.

Нұрзат бұл жырларды іштей қайталай береді, сонда өзі Сатыбалдымен қауышқандай, іңкәрлігі арта түскендей, сол ғажайып сезімдерге қайтадан бөленгендей болады. Сатыбалдының бұл дүниеде жоқ екеніне сенбейді, сенгісі де келмейді. Нұрзат онсыз өмір сүре алмайды, мына дүниенің Сатыбалдысыз мәні жоқ, ал мағынасыз өмір кешудің керегі бар ма? Осындай ойлар жанын жегідей жейді. Адам көп уайымнан есеңгіреп қалады екен. Жан-жағы құлазыған дала, қыстың соңы болса да, салқын қабағы әлі түсіңкі. Нұрзат сықырлаған арбаның үстінде отырып, ирелеңдеп, сазды топырағы иленіп жатқан жолға қарап, қайда жатқаны белгісіз Сатыбалдыны, сол сияқты туған жер топырағы бұйырмай кеткен есіл ерлерді ойлап, лықсып келген оттан да ыстық сезімдерден жүрегі өртеніп бара жатқандай еді. Енді бір-екі айдан кейін көктем келеді, 1947 жылдың көктемі...

Әр заманның ұрпағына дайындаған өз құйыны, өз зұлматы бар. Бірақ ондайда адамның бойында соларға төтеп бере алатындай асыл қасиеттер де шыңдала түседі екен. Әйтпесе, аштықта да, жоқтықта да, алпауыт қасіреттің араны ашылып, жұрт ең ардақтысы мен асылынан айырылып жатқанда да мейірім, жанашырлық, ізгілік, шапағат шуағының молая түсуі неліктен? Ал бейбіт өмірде, баршылықта жақсылық шеңбері сонша тарылып, безбүйректік, іштарлық, дүниеқоңыздық, құмарлыққа құнығушылық етек алып кететіні несі? Мүмкін, адам бойындағы қасиетті шырақтар мұндайда кір-ластан тітіркеніп, шошып, сөніп қалатын шығар?

Адам жаманнан, кірден, әйтеуір, бір арылғысы келеді. Ол мөлдір бастауларды іздей бастайды.

# ҚЫЗЫЛ ТҮЛКІ ДҮНИЕ

*Ұлы Отан соғысының әкелген қайғы-қасіреті мен батпандай зіл-зардабын биік адамгершілігімен, ізгі ниетімен, жігер-төзімімен жеңе білген жандарға арналады.*

***Автор***

Бір жапырақ қара қыздың аты – Сәуле. Ол бұл дүниеде тек Дарқан атасы мен Рыскүл әжесіне ғана керек сияқты, себебі, оның әке-шешесі қосыла салып, бірімен-бірі сыйыспай, жылға жетпей ажырасқан. Ата-анасының қолына қайтып келген Ханша нәрестені туғаны болмаса, емізіп те қарық қылмай, кемпір-шалдың бауырына салыпты да, өзі әйелі қайтыс болып, бір жасар ұлымен қалған, ұзын бойлы, қас-қабағы, еріндері қалың, мінезі ауыр Жармағамбет деген кісімен бас қосқан екен. Бұл Ұлы Отан соғысының біткеніне үш жыл болған кез. Жапон ұрысынан аман келіп, Берлиннен бір аяғын сылтып басып оралған, содан Новосібірдегі орман шаруашылығы техникумын бітірген инженер Жармағамбетпен Ханшаның көңілі жарасқан. Ал майданда рота басқарып жүріп, сол қолының төрт саусағынан айырылып, кейін Алматыда оқып, осы Тереңөзек ауданында сот қызметін атқарып жүрген алғашқы қосағы, Сәуленің әкесі Ыбырайды ол ұнатпапты. Ханшадан ажырасқан соң, көп кешікпей, жиырма бестегі Ыбырай да Нәзікен атты қараторының әдемісіне үйленіпті. Еркін өскен Ыбырай мен Ханша бір-біріне дес бермесе керек. Сәулені кемпір-шал өз аттарына жаздырып, соғыста хабар-ошарсыз кеткен жалғыз ұлындай көріп, тіпті, оның қыз екенін өздері де ұмытқандай. Рыскүл әжесі Сәулені ақ қасқа жалғыз ешкінің сүтімен асыраған. Қуырылған тарыны түйіп, талқан жасап, оны сүтке қайнатып беретін. Сәуле бес-алты жасқа келгенше, оның жанында атасы мен әжесі әбектеумен, тілегін екі етпей, бетінен қақпай өсірген. Атасы ауыл ақсақалдарының ішіндегі беделдісі. Алдына дау-дамайын шешкізуге келген жұрт ол кісіні «сот Дарқан» деп атап кеткен болатын.

Ханша Жармағамбеттің марқұм болған Жібек атты қосағының шешесіне қызының орнына қыз болып, Сәния сіңлісіне әпкелік қамқорлығын аямай, анасыз қалған бір жасар Серікке бойындағы бар мейірімін төкті.

1954 жылдың қаңтар айының басы. Сәуле алты жасқа аяқ басқанда, ел ішінде «қызылша» дерті асқынып, балалар өлімі көбейіп кеткен еді. Бір күні Серік тұла бойы күйіп-жанып, жатып қалды. Ханшаның, Дарқан ата мен Рыскүл әжейдің зәрелері ұшып: «Құдай-ай, осы баланы сауықтырып, амандығыңды берші. Жармағамбет «өгей шеше болғандықтан, дұрыс қарамады» деп ойлайтын болды-ау енді», – деп үшеуі бірдей Сеpiктің жанында құрақ ұшқан. Бірнеше күннен кейін Сәуле де құлады. Сол дерт, балаларға қырғидай тиген «қызыл бәле». Кемпір мен шал дедектеп, өздерін қоярға жер таба алмаған. Терлетеміз деп олар Серікті қызып тұрған пештің жанына жатқызып, қалың мақта көрпеге орап, басына ешкінің түбітінен тоқылған ескі қоңыр бөкебай жапқан. Сәуле арғы жақтағы бұрышта сандырақтап жатыр, аузына ауық-ауық су тамызып, сорпадан аздап ішкізіп, Дарқан атасы қалбалақтап, қызының қасынан шықпайды. Ол жанын шүберекке түйіп, әрең жүр, бес мезгіл намаз оқып тұрып, Құдайдан екі балаға шипа тілеп жалбарынғанда, көз жасы әппақ сақалынан тамшылайды.

Үш бөлмелі кесек үйдің шағын терезелері мен есіктерінің бәріне қызыл мата керілген. Әр үйді аралап, шаршап-шалдығып келген дәрігер бөлме ауасының тарылып кеткенін айтып, бұлқан-талқан болып ұрсып жүріп, бүкіл тұмшалаған маталарды жұлып тастап, желдеткішті ашып, Серікті салқындау жерге жатқызып кетеді. Ол кетісімен «салқын тиеді, дәрігерің не біледі, бұл дертті тек термен шығару керек» деп үшеуі қайтадан есік-тесікті бекітіп, баланы ыстық пештің түбіне тығып әуре. Шағын ғана жиырма шақты адамдық балалар ауруханасында ине шаншар орын жоқ. Бұлар осылай әбігерге түсіп жүргенде Серік үзіліп кетті. Кемпір мен шал да, Ханша да егіліп, өздерін қылмысты санап, баланы құдды әдейі өлтіргендей, бауырлары езіліп, іштері удай ашиды. Жармағамбет үнсіз. Не болса да ішінде. Күрсінеді, бірақ сыр бермейді. Кішкентай құлыншағын анасының жанына жерлегенде қатты бір өкіріп жылаған. Содан кейін ешкімге Серікті айтып, «ләм-мим» деген емес.

Сәуленің беті бермен қарады. Қызуы басылып, іштегі дерт сыртқа шығып, төгіліп, денесі қып-қызыл болып бөрткен. Оған дәрігер көк дәрі жағып қойған, денесінің де,

бетінің де сау жері жоқ, көк ала торғайдай. Ол енді тамақ сұрады. Атасы мен әжесі оған базардан аздап әкелген сиыр етін үнемдеп қайнатып, ыстық сорпа және айран қатқан күріш көже ішкізе берген. Қырық шақты күн өткен соң Сәуле дерттен айықты, бірақ әбден әлсіреген, мойны қылтиып, басын әзер ұстап, көрген адамдарына қарап, ыржияды. Әйтеуір, аяғын қалт-құлт басып жүреді, бірақ тез шаршап, әлсін-әлсін ұйықтайды. Өздерінің қамыс үйі сыз, жағатын отын аз болғандықтан, бұлар үшеуі Ханшалардыкінде қыстап шыққан.

Көктемнің жылы лебі есе бастағаннан Дарқан ата мен Рыскүл әжесі Сәулені алып, өз қақыраларына келді. Бұл кішкене ғана қамыс үйдің сықырлаған есіктері құлыпталып та көрген жоқ, сыртынан ағаш тірей салады, ешкім тиіспейді, жұрт ұрлыққа дәнікпеген, әрі мұнда оншақты ескі көрпе-төсектен, тозығы жеткен киіз, алашадан басқа іліп алар да ештеңе жоқ. Дарқан мен Рыскүлдің жалғыз ұлы Сатыбалды соғысқа аттанардың алдында салып беріп кеткен екі бөлмелі осы қамыс қақырада Сәуле дүниеге келген. Енді өз үйіне келген оның көңілі серги бастады. Ол еркелеп атасының мойнына мінеді, ойнайды, ән салады. Жалғыз айнаны еден етіп жарқыратып қойып, өзі ағаштан қуыршақ жасап, оны түрлі-түсті шүберекке орап, бауырына қысып жүргені.

Дарқан ата күн жылынса болды, есек-арбасына мініп алып, тоғайдағы күйген талдан отындық кесіп әкелуді кәсіп етіп жүргеніне де үш жылдай болды. Үйде өзінен басқа бас көтерер азамат жоқ. Жармағамбет күйеу баласына ол міндет арта бергісі келмейді. Жалғыз ұлдың не өлі, не тірі екенін білмей бастары дал болып, іштерінен тынып, кемпірі екеуінің құр сүлделері ғана қалған. Бұл дүниеде адам үшін жақынынан хабар ала алмай, екі көзі төрт болып күткеннен өткен азап жоқ екенін Дарқан ата жаны сарсаңға түсіп, көріп жүр. Рыскүл әжесі, кішкентай ғана қара кемпір, белі бүкірейіп, шалының қара терге түсіп, өліп-талып кесіп әкелген ағаштарын базарға сатуға апарарда, Сәуле оның қасында еріп жүреді. Арқасындағы теңдестіре буған отынның астынан әжесі көрінбейді, біраздан соң, ол жөтелгеннен ентігіп жүре алмай қалады да, алқынып, арқанды екі иығынан босатыңқырап, бума отынға сүйеніп, шалқасынан жата кетеді. Бір кезде бүктетіліп отырып қып-

қызыл қан құсады. «Әрі кет» деп әжесінің қолымен көрсеткен белгісін Сәуле түсінбей, оның аузынан аққан қанға үнсіз аңырап қарап тұрады да, сосын бақырып жылайды. Көкірегі сырылдап, өзі зорға демін алып отырған Рыскүл әженің қаршадай қызын жұбатуға дәрмені жоқ. Сәлден соң ол өзін-өзі қолға алып, жүресінен шалқалап жатып, жүгін қайтадан арқасына аудара артып, «әу, пірім!» деп ышқына еңкейіп, орнынан зорға көтеріледі. Сәуле әжесінің аяғына тұрғанын көріп, жылағанын қояды да, томпаңдап соңынан ереді.

Ханшаның үйінен қақыраларына келгеннен кейін көп ұзамай, Рыскүл әже төсек тартып жатып қалды. Үйдің іші салқын, көрпе-төсек дымқылданып кеткен, Ханшалардыкінен атасы сексеуіл әкеліп, аямай-ақ жағып жатыр, қалың қарақағаз төселсе де, жер еденнің сызы табаннан өтіп, төбеден бір-ақ шығады. Дарқан атасы өзі от жағып, тамақ дайындап, құдықтан су тасиды, бірақ, шаршағанын білдіргісі келмейді. Жасы жетпіс екіге келсе де, ол ұзын бойын тік ұстайды, ширақ көрінеді. Соңғы кезде көзі дұрыс көріңкіремей жүр. Өзі күннен-күнге шөгіп, азып та кеткен. Бүкіл аудан бойынша төрт-бес қана құдық бар, су жетпегендіктен, жұрт оның түбіндегі лайға шейін қауға шелекпен сарқып алады. Кейбір күндері Дарқан ата таңғы шәйін іше салысымен құдық аралап, су іздеп, түстен кейін шаршап-шалдығып бір-ақ келетіні бар.

Көктем басталып, күн әжептеуір жылынып қалғанымен, ауада әлі ызғар бар, еріген қардың суынан жер лайсаң. Дарқан ата бүгін де, әдеттегідей, алакеуімнен тұрып, арқасы әбден жауыр болып қотырланған жалғыз ала есегіне шиқылдап, дөңгелектері киреленңдеп зорға жүретін арбасын жегіп, ауданнан жеті шақырым жердегі күйген тоғайға отынға шыққан. Сәуле атасы кешіккен сайын тас жолға шығып, қас-қарайғанша күтті. Ауырып жатқан әжесіне де ауық-ауық жүгіріп барып, қарап кетеді. Әжесі де тағатсызданып, әрі қарай шыдап жата алмай, сүйретіліп, төсектен тұрып, білте шамды жақты да, терезеге қарап: «Шалға не болды, кешікті ғой. Аман-есен болса еді. Қартайғанда қиындықты бір өзі тартты-ау. Артынан ерген жалғыз қарасын да Құдай көп көрді ғой», – деп ыңырсиды. Сәуле атасын уайымдап, өзін қоярға жер таба алмай, теңселіп, есіктен кіріп-шығып жүр. Әжесінің жүрегі

дүрсілдеп, алқымына тіреле бастаған соң ол Сәуленің қолынан ұстап, тәлтіректеп сыртқа шықты, сөйтіп екеуі Сағынтай көршінің үйіне қарай аяңдады. Оның әйелі Райхан Дарқан атаның рулас қарындасы болып келеді. Кейде пендешіліктері ұстап, Сағынтай екеуі сөз таластырып қалғанда, Райхан: «біз Есентемір деген батырдың тұқымынан боламыз», – деп, бір желпініп алатыны бар. Оған Сағынтай мырс етіп: «Шіркін-ай, сен мықтысың ғой, бойың бір тұтам болғанымен», – деп, кекетіп қояды.

Сағынтай соғыста бір аяқ, бір қолынан айырылған. Арқа жағы әр жерінен бозарып, оңа бастаған қоңыр гимнастеркасының иығынан бос салбырап тұрған жеңін шалбарына қыстырып қойып, ағаштан жонып жасаған протезді жуан санына қайыспен байлап алып, ол жортып жүргені, кейде, тіпті, аяқ-қолы саулар оған ілесе алмай қалатыны бар. Сағынтай ақжарқын мінезімен, сөз тапқыштығымен, әзілқойлығымен жұртты баулап алғыш. Әжесі мен Сәуле екеуі келгенде, олар кешкі тамақтарын жаңа ғана ішіп болып, дастарқандарын жинастырып жатыр екен. Бұлар келген соң Райхан дастарқанын қайтадан жайып, самаурынға су құйып, оған пештегі шоқтан салды. «Қайынсіңлім-ау, шәйға әуре болма, менің ештеңе ішетін шамам жоқ, ауруы құрғыр, әбден меңдеп алды ғой. Мына Сәуленің қарны аш, осыған бере бер, тамағыңнан қалса. Анау шал, байғұс, отын әкелемін деп таңертең күйген тоғайға кетіп еді, қараңғы түсе бастады, әлі жоқ. Бұл уақытқа дейін жүрмеуші еді. Қарны да ашты-ау, жарты таба жүгері наны мен азғантай айраны әлдеқашан таусылған шығар. Бір жерде мертігіп қалды ма, не болғанын? Іздеуге баратын да ешкім жоқ. Жармағамбет те жұмыс бабымен кеткен екен, ауылда жоқ көрінеді. Еркек кіндіктілердің түбіне жеткен, заман-ай», – деді ол дауысы дірілдей, зорға сөйлеп. Сағынтай мен Райхан өлмелі кемпір мен күйтімдай қызға жандары ашып кетті. Өз балаларын жұмсайын десе әлі жас. Үйінде туысқан інісінің мектепте оқитын екі ұлы бар еді. Үлкендеу Мұраттың жасы он алтыларда, кішісі – Алмат он төртке келген. Сағынтай соларға қарап: «Сендер есекпен, ауыл шетіндегі жолға шығып келесіңдер ме? Дарқан ата бір жағдайға ұшырап қалды ма екен, көмек керек болуы мүмкін», – деп ұйықтауға дайындалып жатқан балаларды тұрғызып, жылы киіндіріп, сыртқа ертіп шықты. Сосын жартылай төбесі үңірейіп, ескі

қамыстары қараңғыда ебедейсіз жерге салбырап тұрған мал кепешіктегі қара есекті ерттеп, оған балаларды мінгестіріп жатып: «Ауылдан алысқа ұзап кетпеңдер, жан-жақтарыңды байқап көріңдер, мүмкін, есектің, не адамның дауысы естілер, түнде дыбыс анық шығады ғой», – деді де, балалардың қолына жабық шыны қол шамын ұстатып жатып: «Тоғай жаққа бармаңдар, әрмен қарай айдала, ол жерде шақалдар мен қасқырлар жүреді», – деп, ақыл-кеңесін айтты да, қорадан шығарып салды. «Әттең, балаларды түн ішінде жалғыз жібермей, өзім баратын, соғысы құрғырдың ағаш аяққа таңып қойғанын қайтерсің», – деп қынжылған ол амалсыз терең күрсінді.

Ауыл иттерін әупілдетіп, балалар тас жолға түсті. Жан-жақтың бәрі қараңғы, әр жерден бір от жылтылдайды, аспанда жұлдыз аз, ай әлі тумаған. Мұрат пен Алмат әуелі жүрексінбей-ақ келе жатқан, екеуі жан-жақтан дыбыс аулап, сыбырласып сөйлеседі. Біраз жол жүрген сияқты, бірақ ештеңе көрінбейді де, естілмейді де. Кенет астарындағы есегі осқырынып, ақырып қоя берді де, тоқтап қалды. Екі бала қолдарындағы таяқпен байғұс жануарды сабалап жатыр, ол бәтшағар орнынан қозғалмайды. Балалар шамның жарығымен жан-жаққа үңіледі, бірақ ештеңе байқалмайды. Бір кезде алдарына қараса қызыл түлкі жүгіріп барады және тура қол созым жерде сияқты, жап-жақын.

Түн ортасы болды, балалар әлі жоқ. Үйдегілер әбден үрейленіп, сырттан тың тыңдап, әрбір дыбысқа құлақ түруде. Сағынтай далаға біресе шығып, біресе кіріп, әбден мазасызданды. «Қап-қараңғы айдалада, мына салқында байғұс балалар адасып кетті ме екен, жоқ, әлде хайуанға жем болды ма, бұл жайшылық емес қой», – деп Сағынтай іштей аласұрғанын әйелдерге білдірмеуге тырысты. Қалай болғанда да таң атуын күтті. Аспан бозара бастады. Алакеуімденіп үйлер, ағаштар айқындалғандай. Сағынтайдың екі көзі жол жақта, құлағы әр дыбысқа елеңдейді. Тұс-тұстан еріне үрген ит үндеріне қарай мойнын бұрумен, оның дегбірі қашты. Басына неше түрлі жаман ойлар келе бастады. Ит ұлыған сияқты ма, біреу өкіреді ме-ау. «Қан майданда бұлай үрейленбеген жүрегімнің, бейбіт тірлікте сонша құты қашқаны несі бұл? Әлде, жүйке жұқарғандыкі ма екен? Жоқ. Жауды жеңгеніміз де артымызда туған ел, ағайын-жұрт, өсіп келе жатқан ұрпағымыз болғандықтан.

Өзіміздің соларға керек екенімізді білгендіктен. Мына үрей қаншама азаматтың сол соғыстың құрбаны болғандығын көзбен көргеннен кейін, әрбір тірі жанның қадіріне жеткендіктен шығар. Ендігі жерде тек амандық болса екен деген тілектен ғой», – деп ол өзін-өзі жұбатқан болды. Бірақ тұла бойы дірілдеп, ойлары еркіне бағынар емес. «Қой, бұл жайшылық емес, бұлар анық бір нәрсеге ұшыраған», – деген оймен, ол үйге кірді. Рыскүл мен Райхан үрпиісіп, бұған телміре қарайды. Сәуленің үстіне ескі сырмақ мақта шапан жабылған, бүрісіп, көрпеше үстінде ұйықтап жатыр. «Ешкім көрінбейді, мен Қозыбайдың үйіне барамын. Соның есек-арбасымен, не өзін, не балаларын ертіп, іздеуге барамын», – деді де, Сағынтай шығып кетті. Рыскүл жеңгесінің жөтелі үдеп, ауызын сүрткен орамал қан-қан болғанын көрген Райхан, оған таза шүберек беріп жатып: «Жеңеше, Құдай сақтасын, көп уайымдай бермеңіз, Дәрекең де, балалар да қазір келер, өзіңіз қиналып қаласыз ғой. Дәрігерлерге неге қаралмайсыз?» – деді ол Рыскүлдің жағдайын көріп шошына. «Доқтыр қалаға бармасаңыз болмайды», – деген. Оған қалай барамын, мына қыз бен анау шалды кімге тастаймын. Әйтеуір, бір өлім бар ғой. Өлсек жасарымызды жасаған, асарымызды асаған, кәрі, біз өлейік. Артымыздағы жастар аман болсын. Қыршынынан қиылған дегенді Құдай енді көрсетпесін. Өмірдің бір жақсылығы болмаушы ма еді. Қашанғы жылата бересің, Тәңірім-ау?! Анау екі бала аман-есен келсе болғаны ғой. Өз балаларымыздан айырылғанымыз аздай, енді кесірімізді кісінің балаларына тигізбе, Құдайым. Жастардың өмір жасын ұзағынан бере гөр, болашағын жарқын ет! Ауыртпалығын кететін бізге арқалатып жібер де, жеңілін жастарға бұйырта гөр, Жаратқан Ием! Шал байғұс жапан түзде мертігіп жатыр ма екен? Артынан іздейтін ұлдарының біреуін де бұйыртпағанын көрмейсің бе? «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы да», – деп Рыскүл шешей кемсеңдеп, жаулығының ұшымен көз жасын сүрте бастады. Райхан оған басу айтқан болады, бірақ өзі де үрей құшағында отыр. Ол Рыскүл жеңгесін аяп кетті. Соғысқа аттанған Сатыбалды атты жалғыз ұлы да хабар-ошарсыз. Ол қантөгіс біткеніне де, міне, он шақты жылдың жүзі болды, ал оның өлі-тірі екені белгісіз. Өзі қан құсып әрең жүр, белін жаза алмайды, әбден шүмшиіп қалған. Жұрт оны «қылтамақ» дертіне шалдыққан дейді. Шалы екеуінің алда-

нышы бауырларына салған мына кішкентай қыз. Кемпіріне білдірмей Дарқан ақсақалдың күнде кешке ауыл сыртындағы төбеге шығып, қолымен көзін қалқалап, батыс жаққа қарап, баласын күтетінін көргендер айтып жүр. Рысқұл отағасының іштей тынып, күңіреніп жүргенін білсе де, жарасын тырнағысы келмейтін шығар. Өзінің айтуы бойынша, оған Сатыбалды жайында аузын ашпауға тырысады екен. Оның да ана жүрегінен қансырағанда қан тамады, бірақ амал бар ма? Дәрекең жазатайым жазым болып кетсе, кемпірі де ұзаққа шыдамайды ғой. Титімдей Сәуле шешесіне барар-ау. Әжесі мен атасы оны әбден еркелетіп жіберген. «Ханша екеуінің басы піспейді. Сол үйде әрең екі ай шыдадық-ау, балаларымен сыйыспай мына қыз ығырымды шығарды», – деп Рысқұл жеңгесі Райханға мұңын шаққан әнеукүнгі бір сөзінде.

Осындай ойлар Райханның есіне өз өмірінің кей сәттерін түсірді. 1932 жылғы ашаршылықта мұның да үй ішіндегілерден аман қалғаны өзі ғана. Әке-шешесі, бес бауыры қайтыс болып кетті. Бұл үшінші бала еді. Он үш жасар өзін бір ағайындары үйіне қолғанат болар деп алған. Он бес жасқа келгенде мұны олар әйелі өлген, үш ересек баласы бар, жасы елулердегі біреуге күйеуге беріп жіберген. Өзінің балалығы әлі кетпеген Райхан, жетім балаларға ана болуға тырысты, бірақ әбден қиналып кетті. Құрсақ көтермеді. Кейін күйеуі дүние салды. Ұлы Отан соғысы басталып кетті. 1944 жылы осы Сағынтай жаралы болып елге оралған. Райханды көріп, ұнатып, сөз салған. Бұл «кет әрі» емес екенін білдіргеннен соң, екеуі бас қосты, қазір, шүкір, екі ұл сүйіп отыр. Нұрланы онға келді, Жарас жеті жаста. Тәубе. «Тағдыр о баста, анаңның ішінде жатқанда, маңдайыңа жазылып қояды», – деуші еді үлкендер, солай шығар шынымен. «Көресіні көрмей, көрге кірмейсің, бәрін де көресің, көнесің. Көнбесең құрдымға кетесің, өмір бәрін өзі реттейді, бірақ, ең бастысы, бойыңдағы мейіріммен, адамгершілік шуағын сақтап қалуың керек, ызақор, кекшіл, дықшыл адамға Алланың нұры түспейді», – деп айтушы еді-ау әкесі, марқұм. Бұл дүниеде әр адамға бір сын дайындалып қойғандай ғой». Осындай ой үстінде отырған Райхан сырттан біреудің дауысын естігендей болды. Жүгіріп есік алдына шықты. Жан-жақтан ешкі-қойдың әлсіз маңырап, иттердің қыңсылап үргені естіледі. Таң атқан, күн шықпаса

да, жарығы жан-жаққа тарай бастаған. Бір кезде Дарқан атаның үйінің тұсынан есектің ақырғаны естілді. Райхан сасқалақтап, солай қарай жүрді. Есектің үстінде біреу көлденең түсіп жатыр, жақындап қараса – Дәрекең. «Райхан, шырағым, сенсің бе, маған есектен түсуге көмектес, мына жамбасы бар болғыр, шығып кетсе керек», – дейді ол ыңқылдап.

1. Амансыз ба, барсыз ба, Дәреке! Балалар қайда? – деді Райхан шапшаң бір иығын тосып, оны қолымен сүйеп түсіруге ыңғайланып жатып.

2. Қай балалар, ешкімді көрмедім ғой, – дегенді естігенде, Райханның тұлабойы мұздап, іші алай-дүлей болып кетті. Ол Дарқан ақсақалды кеудесінен сүйеп, әрең дегенде жерге сүйрете, құлата есектен түсірді. Райхан Дәрекеңді үйге кіргізуге көмекке көрші Тасболаттың үйінен адам шақырған. Екі бозбала оны үйіне көтеріп кіргізді. Шалының келгенін есітіп, Рыскүл кемпір ентігіп, екі өкпесін қолымен ұстап, үйіне жеткен.

3. Шал-ау, тірісің бе, барсың ба? Зәр-иманымызды ұшырдың ғой. Аллаға шүкір! Енді балалар аман-есен келсе болар еді. Құдай-ай, кесірімізді жастарға тигізе көрме, – деп шалының су болған киімдерін жігіттерге шешкізіп, оны төсекке жатқызды.

Дарқан ата өзін іздеп кеткен балаларды уайымдап, Жаратқанға жалынып жатыр: «Иә, Алла! Жасөспірімдердің аман-саулығын бере гөр. Абыройдан айырмай, жастардың алдында алшы. Олардың жамандығын бізге көрсетпе. Өз балаларымнан айрылғаным аздай, енді біреудің жеткіншектерінің обалына қалдырма мені. Алдыңа жүзім жарқын болып барайын. Бұл дүниенің күнәсін о дүниеде тартқыза көрме! Қартайғанда досқа күлкі, дұшпанға таба етпе. Қор қылмай алшы, Құдайым», – деп үһілейді ол даусы дірілдеп.

Күннің көзі бұлттың арасынан сығалай бастады. Ұйқыдан оянған көрші-қолаң, туыс-жекжаттар малын жайғастыра жүріп, бір-бірінен Дарқан ақсақалдың жағдайын естіген. Өзінің көңілін сұрап келгендерге ол болған оқиғаның мән-жайын баяндап жатыр:

1. Отын шауып, оны жинағанша, кеш болып қалды, – деп бастады ол әңгімесін.

2. Мен тоғайдан ымырт түсе шықтым. Қараңғыға қалмай,

ауылға жетейін деген оймен төтенше жолға түскенмін, өзі ойлы-қырлы тақыр жол ғой, мына лайсаң кезде өте тайғанақ. «Әншейінде жүрмейтін бұл жолға бекер бұрылған екенмін» деп, өзімді-өзім жекіп қоямын, бірақ амал жоқ, тасжол алыста қалды. Ауыл көріне бастағанда, бір кішкене сайдың жанындағы дәу домалақ тасқа есек сүрініп құлағаны кеп, мен ұшып түскенде соған жамбасыммен соқтым. Тұрайын десем, аяқтарымды жинай алмаймын. Әбден әбігерге түстім, маңайда тірі жан көрінбейді. Анадайда есек жатыр, арба бір жағына қисайған, үстіндегі отын аударылған. Не істерімді білмеймін. «Қор болған деген осы екен ғой, жасым жетпістен асқанда түзде аңға таланып өліп, масқара болмасам еді», – деймін. Ауылдан біреу шығып қалар деген үміт көкірегімде кеулейді. Бірақ ешкім көрінбейді. Түн болды. Айқай салсам, бір жыртқыш аң жетіп келер деген оймен, үндемедім. Бірталай уақыт өтті. Жер сыз, үстімдегі мақта шапаннан ызғар өтіп барады. Тоңып, қалшылдай бастадым. «Бұлай жата беруге болмас, жаным барда, амалын тауып, қайтсем де ауылға жетуім керек», – деп бекініп, кеудеммен жылжып, есекке жақындадым. Есек деген жануарда ес бар ма, ол ат емес, бір жатса тұруы қиын. Әбден жалқау сорлы, таяқ жанына батпай, орнынан қозғалмайды ғой. Қазір маған соның тұрмағаны керек. Ол тұрып кетсе, үстіне міне алмаймын. Әудем жердегі есекке жеткенше, белім ауырғанда жаным мұрнымның ұшына келді. Барып ең алдымен өзімді-өзім есектің үстіне өңгердім, сосын оны арбадан босаттым, енді есегімді тұрғыза алсамшы, төрт аяғын бауырына жинап жатып алған, қозғалатын түрі жоқ, қолыммен әрі бері ұрғыштағаныма пысқырмайды. Сосын арбадан шығып тұрған отындықтың бір ағашын икемдеп суырып алып, сауырынан тартып-тартып жіберген соң тұрды-ау, бәтшағар. Біраз әлекке түсіріп барып жүрді-ау, әйтеуір. Есегім басы ауған жаққа лағып кете ме деп, үзеңгісін тартқылап жатып, таң ата ауылға итшілеп жеткеніміз осы, – деп әңгімесін бітіріп, ентігіп қалған ақсақалдың есіне өзін іздеп кеткендер түсті де: «Олардан әлі хабар жоқ па?» – деп қайтадан уайымдай бастады. Жиналғандардың бәрінің тілегі балалардың үстінде, көңілдерінде үрей мен үміт арпалысып, олар Дәрекең мен Рысқұлды жұбатқан болады. Бәрі шәй ішіп отыр, дастарқандағы бес-алты үзім жүгері нанды бір-біріне

ысырып, сабыр сақтап, әрқайсысы ішектерінің шұрқырағанын сездіріп қоймайық деп ыңғайсызданады.

Таң сәскеге ұласа бастады. Дәрекеңнің бір құрдасы сынықшыны ертіп келді. Жасы елулердегі бұл кісіге жан-жақтағы жұрт аяғы саябырламайды. Бірақ жергілікті басшылар рұқсат бермеген соң, ол, көбінесе, жасырын емдейді. Аты Ертай, емшілік қасиет әкесінен берілген. Жастайынан әкесі оны сынықшылыққа баулыған екен. Әртүрлі сүйек сынықтары Ертайдың қасиетті қолымен қалпына келіп, тез арада бітіп кетеді. Ол Дарқан ақсақалдың бір жамбасының шығып кеткенін көріп, өзі әкелген қойдың күйдірілген құйрық майымен уқалап отырып, келгендердің біреуіне ақсақалдың аяғынан, екіншісіне екі қолтығынан тарқызып қойды да, өзі: «Бисмилләһи рахманир рахим! Иә, Алла! Өзің шипасын бере гөр, шыққанын орнына келтіре гөр! Ия, Пірім, қолдай гөр!» – деді де, екі қолымен жамбастың жілігін итеріп апарып, сырт еткізді. «Ал, орнына келді, енді жіберіңдер, аяқ, қолын босатыңдар», – деді маңдайының терін қолымен сүртіп жатып. «Дәреке, шамалы күн көп қимылдамауға тырысыңыз, Құдай қаласа, бір аптаға жетпей құлан-таза жазылып, аяғыңызға тұрасыз, балалар аман шығар, Құдай сақтап, әруақтар қолдап, көп ұзамай келіп те қалар, уайымдап, таусыла бермеңіздер. Менің тағы бір баратын жерім бар еді», – деп, ол кетуге ыңғайланған. Рысқұл шешей: «Қолыңның қасиетінен айналайын, саған біздің жасымызды берсін, мынау жаңа тақияны киіп кет, Өзбекстаннан келген бір саудагерден алған едім, өзіңе бұйырған екен», – деп, ақ жіптен мүйіздеп, зерделеп салған өзбектің қара тақиясын сырты қызғыш клеенкамен қапталған ағаш чемоданынан алып, Ертай емшіге берді. Бір кезде сырттан: «Барсыңдар ма, тірісіңдер ме? Қайда жүрсіңдер, ойбай»?! – деп, айқайлай жылаған әйелдің дауысы естілгенде, үйдегілер үдере түрегеліп, апыл-ғұпыл далаға шықты. Қараса, Сағынтай ағаш аяғын жалғыз қолымен тіреп, арбадан түсіп жатыр. Екі жігіт Мұрат пен Алматты көтеріп алды, балалардың түрлері боп-боз, көздері шарасынан шығып кетердей, алақ-жұлақ, әлденеден қорқып тұрғандай, беттері жырылған, қолдары қанаған, киімдері жыртылған. Оларды Сағынтайдың үйіне алып кетті. Бәрі сонда қарай жүрді. Рысқұл әже қасындағы көрші әйелдің қолына сүйеніп, Аллаға рақметін жаудырып келе жатыр: «Ия, Жаратушы

ием, тілегімізді қабыл еткеніңе шүкір. Балалар аман-есен табылды ғой. Құдай қатты сақтады, ендігі тірі емес шығар деп едім. Қайғыдан әбден шайлығып қалған жүрек қой біздікі», – деп кеудесі сырылдап, күркілдей жөтеле, ол Сағынтайдың табалдырығынан аттады.

Мұрат пен Алматты төргі бөлмеге жатқызған. Ол екеуінде үн жоқ, жұмған ауыздарын ашпайды, қастарына келгендерге жалтақ-жалтақ үрейленіп қарай береді. Үйге Сағынтай да кірді. Бәрі оның аузына қарап, қандай жағдай болғанын білгілері келіп тұр. «Бұл екеуін біз дәрияның жағасынан тауып алдық. Ес-түссіз жатыр екен, су бүркіп жүріп, әрең естерін жиғыздық. «Не болды?» – деп сұрасақ, «қызыл түлкі алдымыздан шығып, бұлаңдап, бізге қарап жымыңдап, «соңымнан ер» дегендей, біресе, тоқтап, біресе, жүгіріп көз алдымыздан кетпей қойды. Сосын бір от әлсін-әлсін әр жерден жарқырайды. Біз сол отқа қарай жүреміз, түлкі алдымызда. Есек жүрмей қойған соң, оны жолда қалдырып, өзіміз әлгі түлкінің артынан жүгіре бердік. Бір күш жетелеп жүрген сияқты, тек түлкі мен оттан басқа көзімізге ештеңе көрінбейді. Қанша жүргенімізді де, уақытты да байқамадық. Тіпті, шаршағанымызды да сезбедік, жүгіре бердік», – деп осындай адам сеңгісіз бір әңгімелерді айтады екеуі де. Сонда, ойлап қарасаң, балалар жеті-сегіз шақырымдай жер жүрген екен. Дарияның бергі жағындағы қалың қамыстар мен жыңғылдардың ішінен бұлар қалай өткен, таңқаларлық жағдай», – деген Сағынтайдың әңгімесінен кейін жиналғандар: «Бісміллә, Бісміллә, бұл жын-шайтанның ісі ғой», – деп демдерін іштеріне тартып, жағаларын ұстап, кәлимасын қайтара бастады. Ертай емші дереу балалардың жанына барып біраз дұғалар оқып, су бүркіп ұшықтап, дорбашасынан үлкен қара пышағын алып олардың кеудесі мен арқасынан қағып, қырғыштады да, адыраспан әкелдіріп, түтетіп, аластады. Кейін бір аптадай Ертай емші келіп оларды тағы емдеген, содан балалар өз-өздеріне келіп, айығып кетті. Жұрттың бәрі бұл әңгімеден шошынып: «Құдай балаларды мықтап сақтап, олар естерінен адаспапты. О, тоба, сақтай гөр мұндайдан», – деп әйел, бала-шаға көпке дейін кешке қарай сыртқа шығуға қорқып жүрді.

Осы оқиғаларға да біраз жыл болыпты. Сол кездегі тұлымшағы желбіреген алты жастағы Сәуле қазір он төртке

келген, көздері қарақаттай, талдырмаш, өзі киіктің лағындай сүп-сүйкімді қыз болды. Дарқан атасы оны орысша оқытты. Рыскүл әжесі Сәуленің мектепке барғанын көре алмай, қайтыс болып кетті. Дарқан ата қызының оқуға деген ынтасына риза. Ол атасына кітап оқып береді, өзінің жазған өлеңдерін жатқа айтады. Жетінші класқа көшкенде атасы да көз жұмды.

Сәуле қазір Ханша апасы мен Жармағамбет көкесінің қолында жүр. Атасы мен әжесін сағынып кеткен кезде, олардың өмірлерінің қиын болғаны жайында ойлап, жаны егіледі. Сәуле өсіп келеді. Көрген-білгенін көкірегіне тоқып, жан-жағына мейіріммен, ықылас-ынтамен қарап, жұдырықтай жүрегімен адамдарды құлай сүюді ол өзінің балалық шағындағы сол қайсар да мейірімді жандардан үйренген. Қатал тағдыр тауқыметін жанкештілікпен тарта жүріп, бір-біріне деген адалдығымен, жанашырлығымен, сезім жомарттығымен көмескі күндерге нәр берген сол жандардың үлкен адамгершілігі – Сәуленің көңілінің адастырмас жарқыраған шамшырағы.

Өсе келе, кейбір пенделердің айлакерлігі мен алдау-арбауына түсіп қалған сәттерінде, оның көз алдына сол бала кезіндегі естіген қызыл түлкі жайындағы оқиға келеді. Өзі аңғал да аңқау, тек адам баласына жақсылық жасау керек деген ұғыммен өскен жан, басқа да теріс пиғылдардың бар екенін көріп, басынан өткізіп жүрсе де, алғашқы ұстанымынан айнымайды екен. Өзінен үлкен құрбылары Сәулені үйретуден жалықпайды. «Аңқаулық ұрлықшы болудан да жаман. Сенің жақсылығыңды әркім пайдаланады, ақымақ қылады. Сен болсаң қолыңдағыңды таратып жүргенің, ол сенің өз несібең, оны беталды шаша беруге болмайды. Жұрттың жыртығын бітеймін деп, өзің жарымай қаласың», – деп олар мұны өздерінше тәрбиелеген болады. Бірақ Сәуле өзінің ой, түсінігінен жаңылған емес. Ол білетін бір-ақ шындық бар: адамның қадір-қасиетіне жете алған жан ғана «өмір сүрдім» деп айта алады, өйткені тірі жаннан артық бұл дүниеде ештеңе жоқ. Жаратушы да мына әлемді сол тіршілік иелерін сүйгендіктен, оларға сыйға тартқан. Ал, өмір тамаша, себебі жақсы адам көп, тек олар өздерінің сезімталдығынан, елгезектігінен, ұяңдығынан, томағайлығынан ұрыншақ, аңқау, айласыз. Сондықтан олар сүріншек, жан-жағынан көп таяқ жейді. Сәуле сондай жандарға тірек,

сүйеніш болғысы келеді. Сол үшін небір қиыншылықты жеңіп шығуға бел байлаған. Алдында жап-жарық таңдар мен өзі армандаған нұрлы жылдар бар. Сәуленің лүпілдеген жүрегі кеңістікті аңсайды, өзі де қанат қағып, жанындағыларды да қайраттандырып, әрбір жанды қуандырғысы келіп тұрады. Себебі, ол өзін өмірлерінің жұбанышы көрген Дарқан атасы мен Рыскүл әжесінің; жаны жырмен жалындап, жастайынан өзін елінің перзенті екенін сезіп, ата-ана, жақындары үшін жүрегін суырып беруге дайын тұратын, соғыста хабар-ошарсыз кеткен Сатыбалды ағасының; қатулы боп көрінгісі келгенімен, тұңғышы Сәулені жантәнімен жақсы көретін Ханша анасының; мінезі ауыр, бірақ жүрегі шуақты Жармағамбет көкесінің; жүздері суық, жандары жайсаң да жомарт Сағынтай ағайы мен Райхан апайының; балаларды арбасына мінгізіп алып: «ақ сұңқар неге қонбайсың жайған торға-а-а-ай!» – деп әндетіп, олардың көңілдерін көтеріп, ауылды шаңдатып, бірнеше айналып шығатын Қозыбай ағасының; қыстың күні де жалаңаяқ далада шауып жүріп, Сәулені көрсе қуанып: «Атамның баласына сәлем бердік», – деп иілетін Күлшат жеңгесінің; арсалаңдап келіп кәмпиттерді мұның қалтасына басқаларға көрсетпей тығып жатып: «ақсақалдың қызына қарасақалдардан бір сәлем!» – деп өзін еркелетіп кететін, Жолдасбек, Шайқын, Есет сияқты нағашыларының; тағы да көптеген аңқау да албырт, өз ата-бабасының саналық, дәстүрлік ұстанымдарына берік, ары биік, көңілдері таза, мейірбан ағайын, туыс, жақын, ауылдастарының – Сәуле домалап ыршып түскен көз жасындай үкілеген үміті ғой. Сол жандардың арман-тілектерін ол қылмыңдаған қызыл түлкіәзәзілге тәрк еткізбей, ақтауы керек. Енді аңқаулықтан пайымдылыққа, алғырлыққа, жеңімпаздыққа жететін кез келді. Бәрімізге де.

## ҰРҚИЯ

Маусысым айының жазғытұрым жайнаған күні. Түс ауған кез. Ұрқия бүгін әдеттегідей екі қап көгеріп қатып қалған нанын кішкене кепешіктің алдында жайып отыр. Жас балалар аулаға құйындатып келіп, наннан ала қашады. Әппақ шашы дудырап, аяғындағы мыжырайған, жыртық бәтең-

кесін қолпылдата, Ұрқия оларды қуа жөнеледі. «Нанымды қайтар, тез қайтар, әйтпесе, аяғыңды сындырамын, дурной тип! Неужели, саған әке-шешең нан бирмәйді? Менің наным, ол сенікі емес, ведь», – деп әр баланың соңынан жүгіріп жүргені. Балаларға сол керек. «Жынды ғой, кеңкелес, өзінің жүгіргішін қара», – деп келемеждеп, әрқайсысы Ұрқияның алдын кес-кестеп тұрады да, ол ұмтыла бергенде, зымырап қаша жөнеледі. Шыр-пыр болып, жыларманға келіп, ұрсып жүрген Ұрқияның дауысын есітіп, бір кезде үйден Тәуіп әже шығады. Әр балаға ұмтылып, далақтаған Ұрқияны көріп, ол кісі балаларға жекіп береді: «Шешелеріңмен жасты адамды мазақтап, шырылдатып не көрінді, түге. Бұл, бейбақ, сендерге не істеп еді? Барыңдар әрмен, пірсіз немелер! – деп, ол Ұрқияның арқасынан сипап, үйге алып кетеді.

Көрші балалардан Ұрқия Сәулені жақсы көреді. Сәуле осы күзде он екіге толады. Бесінші класты үздік бітірген ол қазір жазғы демалыста. Олар Дарқан атасы екеуі өздерінің кішкене қақырасында тұрады. Сәуле атасына қолғанат болуға жарап қалды. Атасы оған Қызылорданың базарынан ақ алюминийден жасалған екі шағын шелек пен гүл салынған қысқа иінағаш әкеліп берген, соны мойынына салып Сәуле қыздар мен Ұрқияны қасына ертіп, Майжарма каналына күнде кешке барады. Бұл канал аудан орталығынан екі шақырымдай жерде. Жол бойы Ұрқия бұларға көп әңгіме айтады. Орыс ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасовтан өлеңдер оқиды. Өзінің қай жерден келгенін ұмытып қалған. Әйтеуір, есінде теңіз қалған. Теңіз туралы айтқанда ол толғанып, толқып тұрып Лермонтовтың «Желкен» атты өлеңінің:

Играют волны – ветер свищет,
А мачта гнется и скрипит...
Увы, – он счастья не ищет,
И не от счастия бежит! –

деген шумағын мәнерлеп таза орыс тілінде оқығанда, өзі де теңіз сияқты буырқанып, күнге күйіп, торлаған жүзіндегі дөңгелек көздері жарқ-жұрқ етіп, тура теңіздің ортасындағы қайықтың үстінде, дауылға кеудесін тосып, жанына дауа таба алмай тұрған тәкаппар да қайсар тұлға көз алдыңа келеді.

Өзінің айтуы бойынша, ол Ұлы Отан соғысы басталғанда Ресей жерінде, мектепте жоғарғы класта оқып жүрген екен. Туған мекенінің аты есінен шыққан. Мектепке бомба түседі. Көп бала көз алдында өліп кетіп, Құдай сақтап, бұл аман қалған. Әкесі майданда. Ұрқия үйіне барса, қирап тас-талқан болған кірпіштерді ғана көреді, шешесі мен бауырлары жоқ. Сол жерде шыр көбелек айналып жүрген жасөспірім қызды біреулер сапырылысқан әйел-бала-шағамен бірге темір жолдағы вагондардың біреуіне кіргізіп жібереді. Содан ол осы Тереңөзектен бір-ақ шығады. Мұнда келгелі ол бірнеше үйде жүріпті, ақырында Тәуіп әже оны серік, әрі қолғанат етіп қасына алған. Ұрқия ешкімнің үйінен тегін тамақ ішпейді де, киімді де тегін алмайды. Көршілердің суын тасып, ауласын сыпырып, отынын жарып жүріп, ақысына тек нан алады. Сосын ол нанды жинап, шетінен суға салып, езіп ішеді. Тәуіп әже алғашқы кезде ұрсып жүріп, Ұрқияны өзімен бірге отырғызып, тамақ ішкізетін, кейін ол бәрібір қашып барып, жалғыз өзі нанын жеп отыратын болғандықтан, оған тамақты басқа бөлмеге апарып қоятын болды. «Бейбағым-ау, ауру боп қалсаң, саған кім қарайды. Санаң мынау кіресілі-шығасылы. Мен қу маңдай жалғыздықтан қаусап алжып жүрмін. Екеумізді де есімізден адастырған атаңа нәлет қу соғыс қой. Ішсей мына жүрек жалғар ыстық көжеден, көгерген нанды қаужай бермей, өлесің ғой. Нанның қадірі өткен, байғұсым-ай. Ей, қасиетіңнен айналайын, Қара Нан! – деп, Тәуіп әже Ұрқияға тостағанға құйылған көже мен бидай нан әкеліп алдына қояды. Кейде іші шерге толып кетіп, Тәуіп әже уһілеп, Ұрқияны бауырына басып, көз жасына ерік беріп те алады. Оның шалы ертеректе қайтыс болған. Екі ұлы зіңгіттей жігіт болғанда, Ұлы Отан соғысы басталып кеткен. Біреуі жиырма төрт жасында, екіншісі он тоғызда әскерге алынған екен. Арасына бір жылдан салып, екеуінен де қара қағаз келіпті.

Осы ұзын бойлы, сұңғақ, ер мінезді ақ кемпірді жұрттың бәрі Тәуіп әже дейді. Балалар ауырса осы кісіге апарып түкіртеді, шөптен жасаған дәрісі талай дертке шипа. Ол өзі сабырлы, ұстамды, өткір қап-қара көздерінің уытына анау-мынау адамның төтеп беруі қиын, сұсты. Бірақ оның жүрегінің жұмсақ, мейірімді екенін бәрі біледі, сондықтан қиналса да, әбіржісе де Тәуіп әжеге барып, ауылдастары тәнімен бірге жанын да емдететін.

Рыскүл әжесі қайтыс болғаннан кейін, бір күні Сәуленің тамағы ісіп кеткенде, Тәуіп әже қара қазанның күйесін ортаншы саусағымен алды да, «Ия, Алла! Шипаңды бере гөр. Менің қолым емес, Бибі Бәтима анамыздың қолы» деді де, мұның ауызын аштырып тұрып ішіндегі ісігін басып-басып жібергенде, жаны шыға жаздаған, осылай үш күн таңертең ашқарынға басқаннан кейін, ауруы жазылып кеткен еді. Кей дәрігерлер: «Ол кемпірге сенбеңдер, онықі өтірік, қөзбояушылық» деп жұртты айнытуға тырысқанымен, Тәуіп әжеге барғандар ауруларынан айығып кететіні рас.

Ұрқия балалармен әртүрлі ойын ойнайды. «Арадан су аттап кел, бізден сізге кім керек»? – деп Ұрқия үстіндегі иығы жыртық бүрме көйлегінің етегі желпілдеп, екі қолымен жанындағыларды ұстап тұрып, қарсы топтағыларға қасқая қарап, сарнай жөнеледі, басқалар оған қосыла кетеді.

Неше түрлі ойындарды ойлап табатын да Ұрқия мен Сәуле екеуі. Әркім өзі білетін ертегісін айтады, «соқыртеке», «тығылмақ», «қуыспақ» ойнайды, әйтеуір, қас-қарайғанша ешкім қайтпайды. Үлкендер оларды арттарынан қуып келіп, әрең үйлеріне кіргізеді. Ал, күндіз, ыстық аптап басылысымен, Ұрқияның соңынан маңайдағы бүкіл бала-шаға ілесіп, Майжармаға су әкелуге, әрі шомылуға барады. Жол бойы неше түрлі әңгімелер айтылады, бір-бірінің сөздерін қайталап, ішек сілелері қатқанша күледі, сосын әдейі Ұрқияны сөйлету үшін, оның жынына тие бастайды, бұлқан-талқан болып өкпелеген оны өздері қайтадан жұбатып алады. Ұрқия бұрын оқыған кітаптарындағы оқиғаларды өзі көргендей етіп айтып бергіш. «Менің атам, – деп бастайды ол әңгімесінің бірін, – күнде теңізге барып жүріп, бір күні алтын балық ұстап алды. Иә, иә, настоящий Алтын балық! Сосын ол балық «не тілесең тілегіңді орындап тұрайын, тек мені қайтып теңізге жібер, деп атама өзін қалай шақыратын құпия сөздерді айтып, (ну, код такой у этой рыбки был, она же не простая, а золотая,) жалынып қоймаған соң, атам оны аяп қайтадан суға жібереді. Ал, әжем, хитрая такая, сол балықты хорошенько использовала, царица болғысы келген, представляете?» Балалар жамырасып: «Ұрқия, ол Пушкиннің ертегісі ғой», – деп шулап қоя береді. Ұрқия: «Да что вы говорите? Мен, ведь, өтірік айт-

паймын. Ол менің дедушкам мен бабкаммен болған история», – деп, дес бермейді. Осылай бірімен-бірі айтысып, олар Майжармаға да жетеді. Күні бойы денелері ысып, пысынаған балалар апыл-ғұпыл шешіне салып, суға «күмп» береді. Ұрқияның шыт көйлегінің етегі суда жайылып, өзі шаңқылдап, рақаттанып, жүзе жөнеледі. Итше, ұлша, қызша жүзудің, сүңгудің неше түрлі әдістерін меңгерген оған ешкім де ілесе алмайды. Сондай бір жарыса жүзіп бара жатып, сүңгіп берген кезінде, оның көйлегінің етегі түріліп, бұтындағы дамбалының бауы шешіліп кетіпті, балалар кейін көпке дейін сонысын айтып, көздерінен жас аққанша күліп, кездескенде бір-біріне: «Ұрқияның құйрығының эппағын-о-о-ой!» – деп, сол сәтті бір жаңғыртып, рақаттана сықылықтап алады. Ұлы Отан соғысы кезінде Сыр бойындағы Тереңөзек жеріне Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен жер аударылғандар көп болған. Солардың ішінде үш-төрт молдаван отбасы да бар еді. Олардың еркектері шетінен ұста, осы аудандағы бүкіл ағаштан жасалатын бұйымдардың бәрі солардың қолынан шығатын. Солардың бірі – Ставерлердің үлкен қызы Любамен Сәуле бір класта оқиды. Люба да өзінің іні-сіңлілерімен Ұрқияның «командасында». Ол ән салғанды жақсы көреді. Оған Ұрқия татар әндерін үйретіп әлек.

«Мин сәни яратам, яратам, яратам,
Мин сәни барибир озиме каратам», –

деп Ұрқия шырқай бастағаннан, Люба қипалақтап, қашып кеткісі келіп тұрады, себебі Любаның тілін бұрап әннің сөзін бұзып тұрғанын көргенде, Ұрқия бұлқан-талқан болып ашуланады. «Ты че, свой молдаванский знаешь, русский знаешь, а почему мой татарский не хочешь знать, а ? Не надо «ля, ля». Давай, пой за мной», – деп жекіп жүріп, әйтеуір, өзі білетін әндерді үйретіп шығарды. Кейін аудандық, облыстық, республикалық байқауларда орыс,молдаван, қазақ, татар әндерін нақышына келтіріп шырқағанда алдына жан салмайтын Люба, талай рет жеңімпаз болған.

Аудан орталығынан әріректе оқшаулау тұрған бір аласа шағын үй бар, оның кесектері әр жерден опырыла бастаған. Мұндағыларды жұрт «бес ұрғашы» атап кеткен. Олардың үлкені Бағила, оның екі құлағы да естімейді, тас керең, жасы алпыстарға келген ол күйеуге шықпаған, сіңлісі

Сәлиманың үш қызына қарап, сол үйдің барлық тірлігін бір өзі атқарады. Ілмиіп, мойны ырғайдай болып, иінағашы иығынан түспей, ылғи су іздеумен жүретін Бағила ешқашан ашулануды білмейтін жан еді, қашан көрсең де ыржиып күліп, ерніңнін жыбырлағанына қарап тұрғаны. Сәлима болса, ақ сазандай, толық, бойшаң, сыландаған әдемі әйел. Оның да күйеуі соғыста қаза болып, үш қызымен жесір қалып, ауданның құрылыс басқармасында әріп теруші болып істейді. Сол Сәлиманы Ұрқия иттің етінен де жек көреді. Сыртынан оның жүрісін салып, талтаңдап, келемеждеп жүргені. Етшеңдеу біреуді көрсе болды: «Фу, какой откормленный, люди голодают, ал мынау семіріп алған», – деп бір тиіспей өтпейді. Оның сөзіне ешкім мән бермейді, жымияды да қояды .

Сәлима бала-шағасы бар бір еркекпен кездесіп тұрады екен. Бір күні Ұрқия аңдып жүріп, дүкеннің жанында, жұрттың бәрінің көзінше сол еркектің бетін аймандай ғып, оны жерден алып, жерге салмасы бар ма. «Сен еркек емессің. Настоящий азаматтар соғыста өліп кетті. Подъюбник несчастный. Өзіңнің жастайыңнан қосылған, тілеуіңді тілеп, неше жыл жылап-сықтап жолыңды тосып, саған ұлқыз туып, тәрбиелеп берген жарыңнан, какая-то проститутка артық болды ма? Да она выеденного яйца не стоит! – деп Ұрқияның шыж-быж болып айқайлағанына іштерінен риза болған әйелдер үндемей тұра берген. Сөйтсе Ұрқия: «Вот, қазақтар, сендер сыртынан айтасыңдар, ал когда надо сказать, молчите, как-будто в рот воды набрали», – деп жиналғандарға да тиіскен. Сонда бір Қазына деген ұзын бойлы, толықша, жасы елулердегі қараторы әйел тұрып: «Мына Ұрқияның сөзінің жаны бар. Не, Сәлиманың бір жері артық па? Күйеуінен айырылған жалғыз сол ма екен? Жап-жас келіншектер де қолындағы бір-екі баласының бетіне ертең біреу-міреу таңба ғып: «мұның шешесі Құдайдан безген жүргіш еді» деп баспауы үшін, өз нәпсісін тиып, жеткіншектерінің болашағын ойлап, өмірдің не бір қиындықтарына төтеп беріп жүр ғой. Анау Гүлзира кімнен кем келіншек, көркіне ақылы сай, ол да жиырма бесінде ерін соғыс жұтып, бір ұл, бір қызымен қалып, балаларына сол әкесінің орнын жоқтатпай, күйеуінің әруағын ешкімге былғатпай, мұнтазадай болып отыр ғой. Әй, Қылышбай, жасың елуге келіп қалса да, әлі түк ақыл кірмепті ғой өзіңе.

Далбасаламай жөніңе жүр, үйіңе қайт, әрі. Жұрттың еркегін бұзатын осындай қатындардың сазайын беру керек қой, тайраңдатпай», – деп Ұрқияны қостай кеткен. Артынша бірнеше әйел қосылып, бәрі Қылышбайға жабылып ұрысқан, ол қашып зорға құтылған көрінеді. Содан қайтып ол Сәлимаға жоламайтын болыпты. Кейін осы әңгімені естіген кейбіреулер: «Ұрқияны нақұрыс дейсіңдер, сөздері мірдің оғындай, сау адамнан бетер ғой мынауың», – деп айтып жүретін.

Ұрқия Сәулесіз ешқайда бармайды, мектептен келгенше оның жолын тосып жүргені. Біреуге өкпелесе де, қуанса да Сәулеге айтқанша асығады. Сәуле де оны аяйды. Ұрқияның әңгімелерін Сәуле Дарқан атасына айтады. «Е, балам, бұл соғыс қанша адамды елінен, жұртынан, жақындарынан, үйінен айырды. Ұрқия да соның құрбанының бірі ғой. Сонау Ресей жерінен келген оған да Тереңөзектің тұз-дәмі бұйырған. Өзі оқыған, тәрбиелі отбасынан шыққаны көрініп тұр. Әттең, әке-шешесінің аты-жөнін, туған жерін есіне түсіре алмағаны қиын, әйтпесе, енді іздеу салып көруге болады ғой, кім біледі, мұны да жақындары таба алмай жүрген шығар. Мына соғысы құрғыр, маңдайы жарқыраған талай ұрпақтың өмірін ойсыратып кетті-ау. Енді қалғандарың аман болып, Құдай елді қайғы-қасіреттен сақтасын», – деп соғыста хабар-ошарсыз кеткен жалғыз ұлы Сатыбалдысы есіне түсіп, атасы терең күрсінеді .

Сәуле Тереңөзектен кеткелі бері де он жыл өте шығыпты. Туған жерге жүрегі лүпілдеп жеткен сайын Сәуле сол бала кездегі достарын жинап, Ханша апасының кішкене үш бөлмесінде өткен-кеткенді еске алып, дастарқан басында әңгіме-дүкен құрып, мәз-мәйрам болып қалатын. Ондай жиындарға Ұрқияның аяғын аттап баспайтынын білетін Сәуле, баяғы Тәуіп әжесінің үйіне оны іздеп баратын. Студент Сәуленің әкелген азғантай базарлығына балаша қуанып, шабыттанып, Ұрқия мұны құшақтап алып, арсылгүрсіл вальс билеп кететін еді.

Бірде Сәуле оқып жүрген Мәскеудегі Әдебиет институтының жатақханасына Ұрқиядан хат келіпті. Көк қаламсаппен әріптерін әдемілеп тор көз дәптер парақтарына тізген хатында, ешқандай қате жоқ, сөз саптауы да үйлесімді, тек арасында орысшаға бұрылып кететіні болмаса.

«Сәуле, сен мені ұмытпа, – деп бастапты ол. – Өлең-

деріңді газеттен оқып, жылап алдым. Сенің үлкен адам болатыныңа, мен сенемін. Дарқан атаңнан кейін Тәуіп әже, ровно, жеті жылдан кейін қайтыс болды, білесің ғой. Екеуі жақсы дос еді. Она тоже святая была, как и твой дедушка. Они, наверное, в рай попали. Есіңде ме, сенің атаңның жаны қиналып жатып, ауадан жеміс үзіп, ауызына салып жегендей болып, біреулермен сөйлесіп «бүгін бармаймын, ертең сәскеге барайын» дегені, сосын шынымен де келесі күні сол уақытта о дүниеге аттанып кеткені. Қайтыс боларының алдында атаң сені Ханша мен Жармағамбет көкеңе тапсырғандағы сөздерін Тәуіп әже көзінің жасын іркіп алып, айтып отыратын. Сондағы Дарқан атаңның: «Жармағамбет, мен ертең о дүниеге аттанғалы жатырмын. Арамызда түсінбеушілік, реніш, пендешілік болса, кешір. Сенің отбасыңдағы анау жүгіріп жүрген жамандар, менің немерелерім, оларды бөтен көреді екен деп ойлама. Бірақ, іңгәләп жарық дүниеге келгеннен бауырыма басқан, қыз да болса, жалғыз ұлымның орнына Құдай берген, кішкентай менің Сәулешімнің шекесінен біреуің шертетін болсаңдар, мен о дүниеде тыныш жата алады демеңдер. Анау Ханша осы қызды жөнге саламын деп көп тиісетіні бар. Азаматсың ғой, Жармағамбет, Сәуленің көңіліне ешкімнің сөзін де, өзін де тигізбеймін деген уәдеңді бер, Жаратқанның алдында», – депті. Сонда Жармағамбет көкең шын ықыласымен тебіреніп: «Сертім сол, әке, Сәулеңізді өзіңіздің көзіңіздей көреміз. Оның орны әрдайым төрімізде болады. Мен өзім бала кезімнен жетімшілік көріп өсіп, сіздермен табысқалы, арқам кеңіп, алдымда өздеріңіз жүрген соң аяғымды алшаң басып жүріп ем. Риза болыңыз, әке! Тірі жүрсем Сәулені институтта өзім оқытып, құтты жеріне қондырамын», – деп тебірене сөйлеп, одан әрі шыдай алмай шығып кетіпті. А ведь через год и дядя Жармагамбет ушел из жизни. Значит все-таки тот осколок снаряда в его груди, про которую ты мне рассказывала, с годами дал о себе знать.

Мен сол баяғы үйде тұрып жатырмын, әженің төрт ешкісі, екі қойы қалған, олар өсіп, шамалы көбейе бастаса, мен әженің әруағына арнап, сойып етін таратып тұрамын. Қазір бір қой, төрт лақ, үш қозы бар, соларға қараймын. Сен келсең қой соямын. Лақтар сондай сүйкімді, келсең бірге ойнаймыз. Оларға арқаннан секіруді үйретіп жүрмін, әсіресе, бір текешік бар, өзі аппақ, маңдайы мен құлақтары

қап-қара, оның атын мен «Чемпион» деп қойдым, ұнай ма? Сол қалай секіретінін сен көрсең ғой, обхохочешься. Мүйіз сымақтарымен жерді сүзе жүгіріп, орғып барып, ұшып түседі-ау, сабазың.

Сенің Ханша апаңа көмектесіп тұрамын. Өзің туралы мен оған біраз әңгіме айтқанмын. Она про тебя, оказывается, многого не знает. После моих рассказов, Ханша тебя полюбила еще сильнее. Какие у нас, в Теренозеке, люди хорошие, меня все принимают, как свою родственницу. Ты приезжай поскорее. Мы с тобой будем ходить в гости и купаться в Майжарме.

*На этом, до свидания, Саулеш.*
*Мы все тебя ждем с нетерпением.*

***Твоя Уркия. 15.04.1971 ж.***

Бұл Ұрқияның Сәулеге жазған алғашқы да, соңғы хаты еді. Ол демалысқа барғанша Ұрқия ауырмай-сырқамай аяқ астынан қайтыс болыпты. Оның жасы сол кезде шамамен қырық алтыларда шығар. Жаратқан қиянатсыздарды қинамай алады дейді ғой. Ешкімге кесірі тимей, үстіне бір жібі түзу киім кимей, өмірден рақат тауып, жар, бала сүймесе де, туғандарынан, елінен, жұртынан айырылып, қара басы қаңбақтай ұшып, Тереңөзек жеріне қонақтаған, осы қайсар да өжет жанның бойындағы шуағының қуаты мол еді. Жанындағыларды шаттандыра да, сақтандыра білетін, қиналғандардың жанынан табылып, қолғанат болған, өзін бауырындай жақсы көрген Ұрқияны, Сәуле ұмытпайды. Жырым-жырым етегі желбіреп, күн мен желге тотыққан бидай өңі бірде жұбаныш сезіміне бөленсе, енді бірде долданып, буырқанған теңіздей аласұрып, өзіне-өзі сыймай, жұлынып, жұртқа тиісіп, айқайлап, шерін шығарып алатын сол бір жартастай жалғыз жан Сәуленің санасында адамгершіліктің, пәктіктің, баладықтың белгісіндей болып қалған. Өз басынан өткен өмірінің ішінде, жақсы адам саналып жүрген, неше түрлі санасы сау пенделердің сол «ауыш» Ұрқияның рухының жанында құр әншейін қомпиып тұрған үндіктей, бойларында не жылуы, не өзіндік ақыл-парасаты жоқ, бірақ жаттап, хаттап алғандарының арқасында, ебін тауып өмірдің күншуағында жүретіндерін көргенде, Сәуленің жүрегінде Ұрқияға, Тәуіп әжесіне, өзінің жақындарына

және алуан түрлі тағдырды басынан өткізе жүріп, адамдық қасиеттеріне ие бола білген ауылдастарына деген түп-тұнық ыстық ілтипат сезімі мөлдірейді. Ғұмырларында думандатып бір той жасай алмай, Жаратқанның ақ жолынан ауытқудан қорқып, «сауап, обал, күнә» атты ұлағатты ұстанымдардан аттамай, ұрпағына өздерінің жылдар бойы жинаған абыройы мен ақ ниетін, қарапайым адами қағидаларын мұра етіп, сыйлап кеткен сол асыл жандардың Рухы әрдайым биікте екеніне, бұл дүниеде көрмеген рақаттарын олардың о дүниеде көретініне Сәуле сенеді.

## СУҒА КЕТКЕН ПЕРІШТЕ

Шілденің аптабы жердегінің бәрін шыжытып, қуырып барады. Шағын Тереңөзек ауылында мұндай кезде қыбыр естілмейді. Иттің де үруге, мысықтың да мияулауға шамасы келмейді. Тірі жан атаулының бәрі қуыс-қуысқа кіріп кеткен. Аласа тамдардың алдында саялайтын көлеңке де табылмайды. Кейбір аулада ғана азын-аулақ қарағаш өсіп тұрғаны болмаса, ағаш түгілі жерде көк шөп жоқ. Судың тапшылығына жұрт та көнген, әйтпесе, ауданнан жеті шақырымдай жердегі Сырдария өзенінен орталыққа су тартқызуға да болар еді. Оны қолға алатын басшылардың бәрі жоғары биліктегілерге тәуелді, өз беттерімен ештеңе шеше алмайды. Қызылорда облысы, оның ішінде, Тереңөзек те күріш өсіретін аймақ болғандықтан, Сырдың суы да есептеулі, оның үстіне, дарияның жоғарғы жағындағы Өзбекстан мақтасына да су керек. Сондықтан аудан орталығында бау-бақша өсіру оңай емес, тек қана Майжарма каналының бойындағылардың есіктерінің алдында мәуе, шие, алма, алмұрт сияқты жеміс ағаштары бар. Жаздыкүні оның да суы азайып қалады. Жұрт дария жаққа барып еккен бақшасын мал, құстан қорып, күзге дейін басында жатады. Сол саз құмды жерде өскен қарбыз, қауындардың уылжыған тәтті дәмі жегендердің аузынан кете ме, сірә! Қауындардың ішінде, әсіресе, «әміре», «торлама», «күлябі» сорттарының жұпар иістері бұрқырағанда танауыңды жарып жібере жаздайды. Алғашқы болып пісетін сап-сары тостағандай әңгелектерді: «пейіш жемісі де осындай-ақ болар. Ия, Алла, биылғы бұл несібеңе де жеткізгеніңе, шүкір», –

деп, үлкендер әруақтарға бағыштап, осы құмды, тұзды далиған даланың нәрін бойына сіңірген сараң табиғаттың мына сыйына елжірей, қуана отырып, оның әрбір тілігін тәубешілік сезіммен қолына алады.

Сырдарияның жағалауында, сирек болса да, жыңғыл, жиде, шеңгел қамыс өседі, оның ағысы қатты болғандықтан, суы лай, иірімдерінің екпінінің күштілігі сонша, қарауға дәтің шыдамайды. Үлкен қайық сияқты жайындар жағада судан басын шығарып, қыздырынып жатады, сосын су ішуге келген бұзауларды, қойларды олар құйрығымен ұрып құлатып түсіреді де, қылғытып жұта салады. Осындай лақа, жайындарды аулайтын балықшыларды мемлекет қаржыландырып отырады. Жайын аулау өте қиын. Оған арнайы қатты темірден үлкен қармақ жасалады, үзілмейтін капрон жіптен жуан арқан еседі, оны мотоциклге мықтап байлайды. Қармаққа қоянның немесе балықтың етін іледі. Жайынның басы қармаққа ілінісімен, оны балталап шаба бастайды да, мотоциклмен жағаға тартып, сүйрете жөнеледі. Бірде, сондай жайынды балталап сойғанда, ішінен әйелдің ұзын шашы мен сағаты шыққаннан кейін жұрт оның етін жемейтін болды. Дарияға бөгет салынғаннан соң жайындар бірен-сараң болмаса, келе алмай қалды.

Үлкендер балаларды дария жаққа жібермейді. Бірақ олар жасырынып, ағысы бәсеңдеу жерге барып шомылады. Жылда бір-екі бала суға кетіп жоғалып, ата-анасы зар илеп жатқандары.

Қысы адуынды, қарлы, боранды, күзі мен көктемінің алғашқы айлары жанға дауа, қоңыр желі жусан, жалбыз, жиде сияқты неше түрлі қыр өсімдіктерінің бұрқыраған иісімен көңілінді көтеріп, серпілтсе, ал жазы, бар көк біткенді күйдіріп, жерді кептіріп, қаңсытып жіберетін осы өр дала адамдарының да болмысы туған табиғатпен астарлас сияқты. Қуанса, төбесі көкке жеткендей, қолындағы барын шашу ғып шаша салатын, ашуланса, қараспан үстінен төнгендей, бұлқан-талқан болатын, бірақ кешірімшіл де мейірімді, арқасынан біреу қағып, жылы сөз айтса, бала сияқты аңқылдап, жарқылдап шыға келетін, менмендікті осалдық, жағымпаздықты бейшаралық деп санайтын, қолынан келсе, аянбай жақсылық жасай алатын, жүздері қатал, жандары жайсаң адамдар осы Сыр бойында, біздің заманымызға дейін өмір сүрген сақтар мен сарматтар жерінде тұрады.

Бүгін де сондай ыстықтан мезі болған жұрт, самарқау қозғалып, денелері дел-сал болып, мынадай аспан айналып жерге түсер ыстықта, кесек тамдарына кіріп алып, есік-терезелерін қап-қараңғы ғып қымтап тастап, күн қайтқанша жатқан.

Ауданның шетіндегі, дариядан тартылған канал жаз бойы құжынаған бала-шағаға толы. Оның бастау жағында қамыс, қоға қаулап өсіп кеткен, олардың арасына жабайы үйректер тығылады, майда шабақ балықты да балалар сол арадан аулайды. Каналдың ортасына қарай айдыны жазық, жағасының кейбір жерлерінде шеге құмы бар, жұрт сонда шомылады, суды да жазда осы каналдың бас жағынан тасып ішеді. Аудандағы құбырдың аздығынан, әсіресе, қыстың күндері, жұрт айналдырған төрт-бес құдықты жағалап, су іздеп, сүрлігіп жүргендері. Құмды жер болғандықтан, тереңдетіп құдық қазу қиын. Малға да, адамға да су жеткізе алмай, күн суыта бастағаннан әбігер-сарсаңға түскен қатын-қалаш, бала-шаға құдық түбіндегі лайға дейін еселеп тартып тұрғандары.

1962 жылдың сондай бір аптапты жазы Сәуленің көз алдынан кетер емес. Әдеттегідей, түс бесінге ауа, ұйқыдан денелері дел-сал болып тұрған балалар, бірін-бірі шақырып, Майжармаға бет алды. Жұрт «кеңкелес» санайтын, Ресейден соғыс кезінде жер ауып келген, жасы отыз алтылар шамасындағы Ұрқияны ертіп, Сәуле де түрлі түсті бояумен сыртына майда гүлдер салынған иінағашқа ілінген бос шелектерін салдыратып, Ерболаттың үйіне, Жамалды өздерімен бірге алып шығу үшін соқты. Ол екі жасар Бағланмен отыр екен, «үйде бұған қарайтын ешкім жоқ, папам мен мамам жұмыста, балалар совхоздағы туысқандарға қыдырып кеткен», – деп, Жамал інісін арқасына мінгізіп алды да, есігін құлыптап, дарбазасын бекітіп, Сәулелерге ілесті. Жолда бұларға біраз қыздар мен балалар қосылып, бәрі каналға пысынап жеткен бойда, апыл-ғұпыл шешіне сала, суға қойып кетті. Жамал Бағланды алып, жағаға жайғасып, саз құмды ойып, оны суға толтырып, інісін ойнатқан болады, бірақ екі көзі шомпылдап рақатқа батып жүрген құрбыларында. Оларға қызығып, суға «күмп» бергісі келіп, әрең отыр. Ұрқия келіп, Бағланның томпиған беттерін екі алақанымен қысып-қысып, маңдайынан иіскеп, құшырланып сүйіп-сүйіп алды да, қолын бұлғап, ол да

көйлегінің етегі парашют сияқты жазылып, суға кірісімен жүзе жөнелді.

Балалар қазір жазғы демалыста. Сәуле алтыншы класта, Жамал жетіншіде оқиды. Екеуінің үйіндегі үлкендер бір-бірімен туыстық қарым-қатынаста болған соң, бұлар да өзара араласады. Ал Ұрқияны Сәуле аяйды, ешкімге тигізбей, жанына ертіп жүреді. Оның ұлты татар, бұрын, көбінесе, ол орысша сөйлейтін. Өзінің айтуынша, соғыс кезінде бұлар оқып жатқан мектепке бомба түскен екен, содан болар,есі түзу емес, бірақ, кейбір кездерде, санасы сауларды мың орап алатын ойлар айтады. Көрші балаларды жинап алып, Ұрқия неше түрлі әңгімені өтірігін шындай ғып соға береді, оған тыңдайтын адам болса болғаны. Оның Тереңөзекте тұрып жатқанына да жиырма жылдай болып қалған екен, қазір қазақша сөйлегенде алдына жан салмайды. Тәуіп әже қолғанат, әрі серік болсын деп оны қолына алған, сол кісінің бір бөлмесінде тұрады. Тәуіп әже Ұрқияны суық күндері қуып жүріп, жуындыруы қиын, ал жаз болса, оны Майжарманың суынан шығара алмай әлек. Түс қайта жұрттың үйіне су тасып беруге кетіп, кеш қарая бірақ келетін Ұрқияға Тәуіп әже жекіп жүргені. Ондайда Ұрқия бұртиып, алдына қойған асқа да қарамай, жатып алатыны бар. Сосын Тәуіп әже: «Бұл байғұсқа несіне ұрысамын. Бұл да бір үйірінен адасқан үйрек қой. Ел-жұртынан, әке-шеше, бауырдан айырылып, қайта жер басып тірі жүргеніне шүкір. Құдай жалғыздықты ешкімнің басына бермесін, оның тауқыметін өзім де тартып, қу басым қақшиып, отағасыны да, балаларды да соғысқа беріп отырғаным мынау емес пе», – деп уһілеп келіп Ұрқияның басынан сипап, айналып-толғанып, тамағын ішкізеді. Сөйтіп, екі жарты бір бүтін болып, олар бірге өмір сүріп келеді. Өзі бойшаң келген, оқтаудай тіп-тік, ашаң жүзді, жаз бойы ұзын бүрме көйлек пен қара қамзол киіп, ақ кимешегін басынан шешпейтін, кейуананы емшілік қасиеті үшін ауылдастары «Тәуіп әже» деп атап кеткен. Балалар ауырса, бұл кісі дем салып, шөптен жасаған тұндырма береді, «тіл-көзді» дұға оқып, алып тастайды, сөйтіп, емі шипа болып, келгендер, дертінен айығып кетеді.

Суға қойып кеткісі келіп өзі зорға шыдап отырған Жамалдың жанына Ерсін деген кластасы келіп: «Судың шетінде шомпылдатып жатып-ақ іниңе қарауға болады ғой.

Ол жағада ойнап отыра берсін немесе оны да суға шомылдырып алайық, кел, мен саған көмектесейін», – деп Бағланды қолына алып, суға бір сүңгітіп еді, бала «шар» етіп бақырған соң оны су жиегіне қайтып отырғызды да, Ерсін өзі каналдың ортасына қарай жүзіп кетті. Жамал шыдай алмай, шешініп, жұқа сарғыш мая матадан тігілген ішкі көйлегімен судың шетіне түскен, бірақ екі көзі жиекте отырған інісінде. Сәуле және бір-екі құрбылары суда жүріп, Жамалға бірдеңе деген болады, бірақ балалардың шаңқылдаған дауыстарынан ештеңе естілмейді. Бағлан да қолын балаларға бұлғап, мәз-мәйрам болып шықылықтап күледі. Жамал артына қарап бұрылып, қыздармен сөйлесіп, бірбіріне су шашысып жатып, баланы бір сәт көзден таса етіп алған. Ол жан-жаққа көз жүгіртіп көріп еді, Бағлан еш жерде көрінбейді. Бір кезде судан атылып шықты да, үрейлене бақырып жіберді: «Ойбай! Бағлан, Бағлан қайда?! Бағлан! Бағлан! Қайдасың?!» – деп жанұшыра өкіріп, жағада жүгіріп жүрген Жамалдың жанына балалар жиналып, бәрі жағаны да, суды да шарлап, іздеп жүр, бала еш жерде жоқ. Үлкендерден бір-екі суға келген әйел, жағдайды есітіп: «Жаңа ғана су шетінде ойнап отырса, суға кеткен ғой, ойбай, судан іздеңдер!» – деп, ересектеу бозбалаларды суға сүңгітіп еді, олар таба алмаған соң, бір-екі баланы Ерболаттың үйіне хабар беруге жүгіртіп жіберген.

Сәуле мен Ұрқияның құты қашып, әр жаққа зыр жүгіріп, баланы іздеп жүр. «Масқара, Бағлан табылмаса, Жамалдың жағдайы не болады, мамасы өгей ғой», – дейді Сәуле. «Енді Жамалды папасы өлтіреді», – деген Ұрқияның сөзінен кейін, онсыз да қорыққанынан қалш-қалш етіп тұрған Сәуленің бетінен қаны қашып боп-боз болып кеткен. «Жамалды өлтірмесе де, енді өгей шеше оңдырмайды ғой, анасы жоқ болған қандай жаман», – деп іштей ойлаған Сәуленің Жамал құрбысына жаны ашып кетті.

Сәуленің көз алдына Жамалдың анасы Нұрхатша апай келді. Ол кісі Сәуленің екінші әкесі Жармағамбеттің рулас қарындасы болатын. Өзі өте сұлу, талдырмаш, ұзын бойлы, дене бітімінде бір үйлесім бар, ақ қайыңдай сымбатты Нұрхатшаның қою қара көздері күлімдеп, ақша жүзі жарқырап тұратын еді. Ерболат екеуі қол ұстасып, Жамалы мен Қуат атты ұлын ертіп, жиі қонаққа баратын. Жұрт оларды «Қыз Жібек пен Төлеген» деп кеткен. Ерболат аудандық сот, Нұрхатша кітапханашы болып істейді.

Рысқұл әжесі қайтыс болғаннан кейін Сәуле Дарқан атасы екеуі Ханша апасы мен Жармағамбет көкесінің үйіне келіп бірге тұрып жатқан. Олардың төрт баласы бар, өздері үш бөлмелі кесек тамда тұрады. Осы кішкентай үй демалыс сайын қонақтан арылмайды. Жармағамбет орман шаруашылығында инженер болып істейді. Құс, аң аулап, саятшылық жасап, қырғауыл, қоянның етіне туған-туыс, көршілерді қарық қылып жүреді. Қонақтың аяғы саябырлап қалса, оларды шақырып алатын Жармағамбет пен Ханша «өле жегенше, бөле жеу керек» деген қағиданы берік ұстанған. Қырғауылдан жасалған қуырдақ, палау ерекше дәмді. Қысы-жазы аптаның соңына қарай, осы үйге жиналған туыс, жолдастардың әйелдері Ханшаға көмектесіп, клеенка дастарқанды ортаға жайып жіберіп, ентігін баса алмай тұрған самаурыннан шәй ішіп, бірде қуырдақ, кейде палау, не қуырылған сазан балыққа тойып алып, әңгіме-дүкен құрып, әзіл-қалжыңдары жарасып, бәрі мәз-мәйрам болып отыратын. Басқа бөлмеде балаларға да дастарқан жайылады. Тамақтарын ішіп болып, Сәуле олармен бірге далаға шығып ойнайды. Әсіресе, Жамал екеуі дос болып алды. Олар әңгімелесіп көрген-білгендерін айтады, сосын резеңке допты дуалға лақтырып, қағып алу, одан кейін он төртбұрыштан бір аяқпен секіріп шығу сияқты неше түрлі ойындар ойнайды. Жамал «үй, отбасы» ойындарын ұнататын, керілген жіпке ескі перделерді іліп, жасап қойған «шымылдық» ішінде оның сызылып, ұялып төмен қарап, келіншек болып отырғанын көріп, жас балалар: «Өлә, Жамалды қараңдар, байға шыққысы келіп жүр екен, күйеуің қайда, келіншек?», – деп келемеждеп, әрқайсысы бір келіп «шымылдықты» ашып, Жамал оларға ұмтыла бергенде, қаша жөнеледі, сөйтіп жүргенде, онысы сусып жерге түсіп қалады. «Күйеу» табу қиын, еркек баланың бәрі ондайдан ат-тонын ала қашады, сондықтан Сәуленің кішкентай төрт жасар Бақыт інісін бұлар «күйеу» етіп сайлап, оны шымылдықтың ішіне кіргізіп қойса, балалар «ұят болады, қыздардың қасында отырма» деп, оны да азғырып шығарып алады, сонымен ойындарының шырқы бұзылып, Жамалдың «келіншектік» дәурені ұзаққа созылмай, бұлар басқа ойындарға кіріседі. Есіктің алдындағы бес-алты қарағаштың екеуіне Жармағамбет көкесі жуан арқан байлап қойған, оның ортасына кішкене ескі көрпеше салып, балалар

таласып-тармасып «әткеншек» тебеді. «Тығылмақ», «қуыспақ», «жалақ» ойнайды. Ойындардың неше түрлісін ойлап табатын да сол Жамал. Өзі анасына ұқсайды, бойы да сұңғақ, кішкене қара көздері де күлімдеп, нұр шашып тұрады, бірақ әкесіне тартқан бидай өңді. Нұрхатша апай сияқты бұл да сауықшыл.

Қыс түскенде қонақ азаяды, ол кезде балалар қар атыспақ ойнап, шанамен сырғанап рақаттанады. Осындай балалық шақтың қызыққа толы кездері де көзден жарқ еткендей болып, Жамал үшін бір күнде анасы аяқ астынан ауырмай-сырқамай отыз тоғыз жасында қайтыс болғанда, онымен бірге келмеске кеткендей. Тамыз айының соңғы күндерінің бірінде, Нұрхатшаны жер қойнына тапсырып келгеннен кейін жұрттың бәрі Жамал мен оның он жасар Қуат інісін құшақтап көріскенде, әйелдер безеріп тұрған Жамалға таң қалған: «Мына қыз тасжүрек екен, көзіне жас алмады ғой. Сақтай гөр мұндайдан», – дегендері де бар. Кейбіреулері: «Қайтсін, байғұс қыз ішінен түйіліп қалды-ау, онан да ішіндегі зарын сыртқа шығарып алғаны дұрыс болар еді ғой. Он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыз дертті болып қалмасын», – деп өрімдей, он екі жасар Жамалды аяп жатыр. Қуат еңіреп, біраз күнге дейін қоймай жылады. Жамал оған: «Жігіт емессің бе, қойсай енді. Жалғыз сен бе анасыз қалған. Сенен кішкентайында жетім қалғандар қаншама»,- деп жекіген болады. Сөйтіп, өзі оңаша бір жаққа кетіп қалады да, бір қуысқа тығылып, үнсіз жылайды. Үйге келгенде көз жасын көрсетпей, ешкімнің сөзіне жауап қатпай, сазарады да жүреді. Сәуле құрбысының қандай көңіл-күйде жүргенін сезеді, бірақ қалай көмектесерін білмей қиналады. Оқыған кітаптары туралы айта бастаса, Жамал мұның сөзін бөліп жібереді: «Жарайды, Сәуле, менің жұмыстарым бар, қазір Қуат сабақтан келеді, тамақ беруім керек», – деп бұрылып кетеді. Осылай жүргенде Нұрхатша апайдың қырқы да, жүзі де өтті. Бір күні Сәуле құрбысының мынандай халіне шыдай алмай кетті де: – Жамал, сен ешкімді де жақсы көрмейтін сияқтысың. Әйтпесе, өзіңді осылай ұстамаған болар едің. Папаң мен Қуаттың, туыс-жанашырларыңның да саған қарап жүректері ауырып, не істерлерін білмей жүр. Ешкіммен сөйлеспей, тұнжырайсың да жүресің. «Өзіңнің қайғы-қасіретіңді жаныңдағыларға артпай, басыңа түскен қиындықты мойныңмен көтере біл», – дейді

атам. Сен өзіңді ғана ойлайды екенсің. Сонда саған жаны ашып жүргендер жау ма? Жарайды, мен енді саған ештеңе айтып, мазаңды алмаймын, – деп Сәуле орнынан тұрып кетуге ыңғайланған. Сонда Жамал: – Сәуле, кетпеші! – деп ышқынып жылап жіберді. – Мен мамамды сағындым. Күнде оның дауысын естимін, сенесің бе. Сосын ол келіп басымнан сипап, еркелетіп: «Жамалым, жаным, әппағым», – деп бауырына қысады. – Осылай мен оны күнде көремін». Жасқа булыққан құрбысын құшақтап, Сәуле де егіл-тегіл болды. Түсте үйге келіп, Сәуле Жамалдың жағдайын атасына жеткізген. Ол кісі бұл жағдайды есітіп, толқып: «Мұндайда молдаға дем салдыру керек, бірақ Ерболат көнер ме екен, өкімет адамы ғой, түсінбей жүрсе, ыңғайсыз бола ма, қайдан білейін. Айтып көрейін, Жамалды бұл жағдайдан шығармаса, дертті болып қалуы мүмкін», – деген. Атасы сөйлескеннен кейін, Ерболат Жамалды емдеуге келісіпті, содан астыртын бір молдаға үш күн дем салдырған соң, Жамал өз-өзіне келіп, адамдармен сөйлесе бастады.

Араға екі жыл салып, Ерболат Айымторы деген отыз екі жастағы, орта бойлы, қап-қара шашы жерге түсетін, көздері мойылдай, қасы қарлығаштың қанатындай, қараторы жас келіншекпен бас қосты. Ол бала көтермеген соң, күйеуі басқа әйелге үйленіп кеткен екен. Айымторы Жамал мен Қуатқа анасының орнына ана болуға тырысты. Екеуіне киім сатып алып беріп, қолынан келгенінше көңілдерін аулап, мейірімін төгіп, айтқандарын екі етпейтін. Бір жылдан кейін дүниеге осы Бағлан атты ұл келген. Онымен бірге үйге береке, ынтымақ, қуаныш кіре бастаған еді. Қайғыдан құлазыған жүректері жібіп, Жамал мен Қуат нәрестені кезек-кезек келіп қолдарына алып, сүйіп-сүйіп кетеді. Өскен сайын қылығы артып бара жатқан Бағланды көрмесе тұра алмайтын олар мектептен үйге жеткенше асығады. Бағлан екі жасқа көктемде ғана толған еді, өзі балпақтай болып, былдырлап сөйлеп, «тәтелеп», «ағалап» екеуінің соңынан қалмай, тәлтіректеп жүретін. Енді, міне, сол балдай бүлдіршін інісінен көзді ашып-жұмғанша қапелімде айырылып, Жамал еңіреп жағада аласұрып жүгіріп жүр.

Шамалы уақыт ішінде ауыл жақтан Майжармаға бірнеше адам жанталаса жүгіріп жеткен еді. Бірінші болып, майлы қарны бүлкілдеп, табаны жерге тимей енгезердей Ерболат келеді, оның артынан өкшелей басып, алқына ентіккен

Айымторы, олардан кейін қас-қабағын тарс түйіп, қос танауынан бірдей дем алған Ханша және бірнеше көрші әйел-еркектер жағаға жеткен. Ерболат балалардан мән-жәйды сұрап алып, өзі суға сүңгіп жүріп, біраз жерді сүзіп шықты. Бірнеше жігіт онымен бірге іздеп жүр. Тағы біреулері каналдың төменгі сағасын көруге кетті. Бір кезде аласа бойлы тапалтаң келген қара жігіт көз жасын тия алмай, екі қолымен Бағланның жансыз денесін көтеріп сол жақтан келе жатқанын көргенде, әйел, бала-шаға ойбайлап қоя берді. Ерболат баланы қолына алды да, бауырына қысып, екі иығы селкілдеп, көзінен жас парлап, аһ ұрып тұр. Іріленіп, ісініп кеткен Бағланды көрген Айымторы талып қалды. Оның бетіне су бүркіп Ханша мен екі-үш әйел жүгіріп жүр. Майжарманың жағасы улыған да шулыған болып кетті. Жамал жақындауға қорқып, каналдың жоғарғы жағына қарай кеткен. Сәуле мен Ұрқия екеуі оны іздеп, артынан барды. Жамалдың бетінде қан-сөл жоқ, аяқ-қолы сіресіп қалған, жылап та отырған жоқ. Ол үнсіз бір нүктеге қадалып, судан көзін алмай есеңгіреп қалғандай.

Жиналған жұрт Ерболатпен Айымторыны жұбатқан болады: – Бұл Алланың ісі. Ол періште ғой, күнәсіз күйінде Жаратқанға керек болған шығар. Өздерің аман болсаңдар, әлі Құдай берер. Анау Жамалың мен Қуатың бар ғой, – деген бір әйелдің сөзін бөліп, Ерболат дереу жұлып алғандай: – Қайда ол қыз өзі. Оңбаған неме! Есіл-дерті су болып жүріп, ақыры баланы жұтып тынды ма? Шақырыңдар бері, келсін, көзімен көрсін өзінің ісін, – деді дірілдеген дауысын көтеріп. Жұрт демдерін ішіне тартып, үн-түнсіз тұр. Бір кезде есін жиған Айымторының әлсіз дауысы естілді: – Қой, тиіспе Жамалға. Ол кінәлі емес, әдейі істеген жоқ. Бағланжанның маңдайына о баста осылай жазылған. Екі-ақ жыл бізді қуантып, көрген түстей, кетіп қалуы керек болған. Жамал байғұстан несіне көресің, бұл Құдайдың мені жазалағаны болуы керек, – деп, солқылдап жылайды. Сонда Миуа атты Ерболатың туысқан жеңгесі тұрып: – Ей, Мырзажігіт! Бір балам өлді деп, анасынан жас қалған Жамалдың төбесін ойып жіберетіндей, қаһарланғаның болмас. Мына сөздеріңді ол қыз естімей-ақ қойсын. Өзі іштен тынып тұрған ол, қорланып, бір жамандыққа ұшырап қалар. Қой, ашуыңды бас, – дегеннен соң, Ерболат сабасына түсті.

Бұл оқиғадан кейін Жамал бірден есейген. Ол енді байып-

пен сөйлейді, орынсыз күлмейді, Айымторының қас-қабағына қарап, оның айтқанын екі етпейді. Айымторы да оны еркелеткісі келіп, мейірлене қарайды, бірақ ол көмейіне келіп тұрған жылы сөзін Жамалға айта алмай қиналады. Бұлар екеуі түсінісіп, бір-бірін жақсы көріп кеткен. Бір жыл өткен соң Айымторы және бір ұл тапты, оның атын Жұбан деп Жамал қойған. Содан кейін Ерболаттың отбасына және ұл, қыз келді. «Құдай адамның пейіліне қарай береді» деген осы шығар. Мектеп бітірісімен, Жамал тұрмысқа шығып кетті. Қуат Алматыға институтқа оқуға түсті. Айымторы Жамалды да, Қуатты да өз балаларынан артық көрмесе, кем көрген жоқ. Олар да Айымторыға бауыр басқандары сонша, кейін бала-шағалы болғанда да сағынып, «апалап» келіп, аунап-қунап кетпесе, көңілдері көншімейтін.

Айымторының үлкен адамгершілігі мен пайым-парасатына, жайдарлылығына ағайын-туыс, ауылдастары да тәнті. Ол сыйлы әже, қадірлі жан болып ғұмыр кешті. Сол кезде, тұңғышы Бағланынан айырылып тұрып, Жамалдың да, өзінің де болашағына сызат түсірмей, сабырлылықпен ақыл сақтауының өзі – Айымторының болмысының тектілігін танытқан еді.

## АҚ БУРА СЕЗІМДЕР

### Бірінші әңгіме

1960 жылдың қыркүйек айының ортасы. Жаймашуақ күздің күні жан-жағына елжіреп нұрын бірқалыпты сеуіп тұр. Кішкене қақыраның алдында үш-төрт сексеуілді бірінің үстіне бірін айқастыра қойып, осы Тереңөзек қыстағында тұратын Дарқан ақсақалдың үйіне Қызылордадан қыдырып келген Шайқын атты нағашы ағасы үшінші класта оқитын Сәуленің шашын майда тісті мүйіз тарақпен тарап отыр. Жасы он сегіздегі бойы сыптай, аққұба келген, қоңыр шашы бұйраланған, дөңгеленген жүзіне әдемі күрең көздері ерекше көрік беріп тұрған бұл реңді жігіт Сәуленің Дарқан атасының қаладағы немере інісінің баласы.

Сәуленің әжесінің қайтыс болғанына екі жыл толған, үйде атасы екеуінен басқа үш ешкісі, екі лағы бар. Дарқан атасы есек арбаға он бес литрлік алюминий флягын салып

алып, ауыл шетіндегі құдықтан үйге де, ешкілерге де су әкеледі, тамақ пісіретін де өзі. Әйтеуір, бұлардың кірлерін Ханша апасы жуып беріп жүр. Сәуле де кішкентай қақырасының қарақағаз төсеген еденін су шүберекпен сүртіп, үстіндегі ескі киіз, алашасын сыпырып, екі-үш көрпешені далаға жаюға жарап қалды. Шашын да, былтырғыдай атасы емес, ол өзі өрген болады, бірақ, әсіресе, төбесіне келгенде ығыры шығады. Оның үстіне, дұрыс тарағы да жоқ, атасы алып берген екі пластмасса тарақ та ортасынан морт сынған, солардың жартысымен тарайды. Оның шашы өте қалың емес, бірақ ұзын, беліне түседі, атасы «қызға шашын қырқуға болмайды, бағы таяды», – деп оған қайшы тигізбейді.

Шайқын қалада техникумда оқиды. Екі айдан бері ол студенттермен бірге осы Тереңөзек ауданына қарасты совхозда күріш орағында. Арасында бір-екі күн ол Дарқан атасының үйінде болып қайтады. Бүгін ол келе салысымен, Сәуленің шашына кіріскен. Майда тісті мына мүйіз тарақ әжесінікі еді, Шайқын осы тарақпен қайта-қайта мұның басын тырмалап әлек. Сәуле басын ала қашса, желкесінен түйгіштеп жеки бастайды: «Мына басыңда ми бар ма өзіңнің? Жаз бойы «Майжарманың» лай суына түсе бергенше, шашыңа қарамайсың ба? Өзі сары сайтанның жүніндей болып, күнге күйіп кетіпті, қайта биттемегеніне шүкір, әйтпесе керосин жағуға тура келер еді, жүр сосын жұртқа масқара болып, сасып, мүңкіп. Қыздар деген шаштарын айранмен жуып, баптап, жібектей жалтыратып өсіруші еді, осы сенен көрдім мынадай сабалақ шашты. Енді осыдан кейін шашыңа қарамасаң, тақыр ғып ұстарамен басыңды қырып беремін, сосын барлық балаларға мазақ бол, ұялмасаң», – деп Сәуленің шашын әуелі екі шекесінен тастай ғып бөлек-бөлек өріп, сосын оларды желкесіндегі айырылым шаштарға қосып, бұрымдарды жоғары көтеріп, қызыл денталармен гүлдеп қояды. Сәуле осы азаптан соң бұл ағасына енді екіншілей шашын өргізбестей болып ұша түрегеліп ызаланып, бұртиып алып, қара көк сатин матадан Ханша апасы тігіп берген төртбұрышты шағын дорбасөмкесіне екі-үш кітап пен дәптерін, оның кішкене қалтасына көк сия құйылған құтысын тор көз дәптердің екі парағына орап салды, содан кейін ұшы темір қаламсабын сөмкесіне ытқытып жіберді де, Шайқынның қаладан әкел-

ген кірəнжілігінен, лəмпəси кəмпиттерінен алып, екінші бұрышына тықты. Сөйтіп, ішінде қысқы киімдер сақтап, үстіне көрпе жастық жинап жүрген əжесінің үлкен кебеже-сандығының үстіндегі жүкке жайып, киюге дайындап қойған, атасы жазда өзін ертіп барып, жəрмеңкеден сатып алып берген жеңі ұзын, бүрме белінде белбеуі, жағасында ақ торы бар, қалыңдау күрең түстес мақта матадан тігілген көйлегін (оны кеше атасы шоқпен қызатын дəу шойын үтікті Ханшаның үйінен əкелдіріп, су дəкенің үстінен үтіктеп берген болатын), сыртынан екі иығы мен кеудесінде желбірегі бар ақ мая алжапқышын, аяғына жұқа ақ нəскиін, бір түймемен ілінетін қоңыр сандалийін киді де, қабағы түйілген күйі, үйден жұлқына шығып, мектебіне тартты.

Дарқан атасы Сəулені орыс мектебіне берген, оны өзі ертіп барып, алып қайтады. Наталья Ивановна атты жасы жиырма бестердегі ұзын бойлы, көздері көкпеңбек, аққұба бетінің ұшында сепкілі бар, арықша келген ұстаз апайынан Сəуленің жағдайын атасы күнде сұрап тұрады. Балалар тиісіп жүрмесін деп өзі əлжуаз, бойы біртұтам осы қызын Дарқан атасы мұғаліміне табыстап қойған. Туғанынан уызға жарымай, аурушаң болып өскен Сəуленің сөмкесін сүйретіп, мектепке баруға жарап жүргеніне тəубесін айтып, атасы қуанады. Кемпірі «қылтамақ» ауруынан кетіп, Дарқан ақсақал жетпіс бесінде қиналып қалса да, жарық дүниеге шыр етіп келісімен, Рыскүл екеуі бауырларына басқан күйтеқандай немересін алданыш етіп, оның əрбір алға басқан қадамын, балауса қылығын көңіліне медет тұтып, «осыны қатайтып, ешкімнің көзіне түрткі қылмай, аяғынан тік тұрғызып жібергенше жүре тұрсам», – деп Құдайдан күнде тілейді.

Дарқан ақсақалдың жалғыз қызы Ханша мен күйеу баласы Жармағамбет бұлардан төрт үй кейінірек тұрады. Олардың үлкен ұлы бес жасар Серік қолына папасының немістерді жеңіп, соғыстан оралғанда əкелген сырты күрең жасыл, қақпағы əу баста жоғалған, кішкене темір кəтөлегін шірене ұстап күнде кешке қарай Дарқан атасының сауып жүрген ешкілерінің сүтінен алып кетеді. Сəуле Серік екеуі бір анадан туғанын, бірақ əкелерінің бөлек екенін білмейді. Оған əжесі мен атасы «Ханша сенің үлкен əпкең» деп үйреткен. Серікті жиен інім деп қабылдайтын Сəуле өзінің одан алты жас үлкендігін білдіргісі келіп, оны бағындыр-

мақшы болып тыраштанады. Серік үйінде балалардың үлкені, оған дейінгі нәрестелер шетінеп, мұны әке-шешесі Құдайдан тілеп алғандықтан, оны тым еркелетіп жіберген. Ол айтқанын істетпей қоймайды, тежегенге көнбейді, қырсық, ашуланғанда жұқа маңдайының тамырлары білеу-білеу болып шығып кететіні бар. Оны әрдайым сылап-сипап, жылы сөйлеп отыру керек, сонда дегеніңе көнеді, қарсы келсең, қасарысып кетеді. Серікті жөнге саламын деп Сәуле оңашада оған тісін батырып алады.

Міне, бүгін де Серік шекесі тырысып келіп тұр. Ол дәліздің есігінен кіре бергенде алдынан дікеңдеп Сәуле шықты: «Сен кеше маған айтқан сөздеріңе кешірім сұрамасаң, саған сүт жоқ, ұқтың ба? – деп ол інісіне қадалып тұрып алды. Серік қарап қалсын ба, қабағы түйіліп, көздері шатынап, теріс айнала бере: «Керегі жоқ сүтіңнің, сұраймаймын кешірім. Осыдан біздің үйге келесің ғой, сосын апам саған көкеңнің тойын көрсетеді», – деп басы қайқайып кетіп барады. Оның артынан атып шыққан Сәуле: «Мен сенің үйіңе бармаймын, ал қайтесің. Бәрібір өздерің сүтке келесіңдер. Өйткені, сендердің ешкілерің жоқ!» – деп айқайлап жіберді ол, өзінен кіші мына баланы жеңе алмағанына іші күйіп. Серік те кекірейіп алып беріспейді: «Жақында папам маған қозы, күшік, қоян әкеледі, сонда мен де сені олармен ойнатпаймын», – деп ол жылауға шақ қалған. Сәуле де үстемелете түсіп: «Керек еді маған сенің қозы, күшік, қоянның, маған атам түйешілерден түйенің ботасын әкеледі. Мен оны жетектеп жүріп қыдырамын, атын «Наркес» деп қоямын, ондай ертегіні сен білмейсің ғой, өйткені, оқи алмайсың, түк әріп білмейсің! Еще мақтанасың. Естідің бе, қазір жөйіттер сендей оқымаған, түк білмейтін, қырсық балаларды алып кетіп, жеп қояды екен. Олар айдалада жүретін үсті-басы жүн-жүн жабайы адамдар. Ал бір күні олар сені де алып кетсе, кім құтқарады? Мен құтқарамын! Себебі, мен көп ертегі оқығанмын, соларды айтып, жүректерін жібітіп, оларды ұйықтатып тастаймын да, сосын сені алып қашып шығамын. Сондықтан сен менімен ұрыспа, давай, енді екеуміз дос болайық, сен мені қозы, күшік, қоянықмен ойнатасың, ал мен сені ботама мінгізіп екеуміз балалардың көзін қызықтырамыз», – деп Сәуле інісіне қарайды. Серік әңгімеге елтіп тұрып, қорыққанынан кішкене шағыр көздері дөңгелене Сәулеге қарап, басын

изеп «мақұл» дейді. Сосын Сәуле шаттанып тұрып Серіктің кәтөлегіне толтырып сүт құяды және оған өзінің ағаштан жасаған, үстіне маталардың түрлі-түсті қиындыларынан «киім кигізіп» қойған қуыршақсымақтарын береді. Серік оларын жолшыбай лақтырып кетеді.

Осы көріністер Сәуленің әлі көз алдында. Кейін Серіктің жас басына түскен тағдырдың салмағы оңай болған жоқ. Әке-шешесінен ерте айырылған ол, артындағы қанаты қатаймаған жасөспірім бауырларына бас-көз болып, жиырма жасынан отбасының бар ауыртпалығын мойнына алған еді. Сәуленің жанашыры да, тірегі де аңқылдаған, ержүрек осы Серік інісі болатын. Басқа бауырларын «әлі кішкентай ғой» деп аяп, көбінесе, оған еркінсіп те, арқа сүйей жүріп, ішіндегі аласапыран кейбір құйындарын анда-санда шығарып алушы еді ғой Сәуле.

Серік отыз жеті мүшел жасқа толып, мотоциклден құлап мерт болды. Бірге тебісіп, асыр салып ойнап өскен бауырға ғана арналып көңіл жайлауында бал-бұл жанып, жайқалып тұрған балқұрақтың енді жел өтінде жаутаңдап, алабұртқан аппақ бура сезімдердің бұрынғыдай жан-жағына буырқана көбік шашқан толқындай емес, бәсеңсіп, кібіртіктеп қалатынын Сәуле өзінің жан-дүниесінен байқайды.

Бауырдың орны ештеңемен толмайды екен ғой... Сәуле Серік інісін ақ ботаға мінгізіп алып, екеуі кейде ақшаң бұлттарды аралап кетеді, енді тек түсінде ғана...

## Екінші әңгіме

*Бұл әңгімені он төрт жасар Сәуле Дарқан атасының жанында жүріп, ақсақалдар бас қосып отырғанда естіген еді. Оқиға шамасы өткен ғасырдың алпысыншы жылдардың басында болса керек.*

Күн еркінсіп, жан-жағын ыстық құшағына ала бастап, жаздың жанды балбыратар кезі енді басталған. Осындай бір күні Тереңөзекте үлкен-кішіні дүрліктірген бір жағдай болды. Қайдан шыға келгені белгісіз тапа-тал түсте бір ақ бура ауылдың ортасындағы үйлердің арасымен аласұра ақырып, құйындата шауып келеді. Күйсеген ауызынан ақ көбік шашылып, жолындағы кездескеннің бәрін ол жапырып бара жатыр. Оны көрген әйел, бала-шаға жан дауысымен бақыра

қашып, үйлерге, қораларға тығылып қалды. Бураның екпінінің зорлығынан қасқыр алып жүрген төбеттеріңнің өзі құйрықтарын қысып зыта жөнелген.

Бір кезде шет жақтағы ауладан әлдекімнің ойбайлап өкірген дауысы шықты. Қорыққанынан жандарын шүберекке түйіп, үнсіз бұғып отырған жұрт терезелерінен, қора-қораның тесігінен сығалайды. Шыр айналып шауып жүрген бураның ауызындағы екі-үш жас шамасындағы бала екенін көрген жандардың зәресі ұшты. Әлгі неме нәрестені бір иығынан тістеп алған, тоқтайтын емес. Оның артынан Бейсенбай деген жасы отыз бестердегі ауыл шетіндегі жұпыны лашықта тұратын, өзі құрылыста жұмысшы болып істейтін, кішкене бойында қырып алардай еті жоқ қара жігіт есі шығып, қолындағы айырымен бураны түйремекші болып, қуып барады. Бұл сұмдыққа амалдары болмай, алғашында абдырап қалған ауылдастар бураның аузындағы осы Бейсенбайдың баласы екенін бір-бірінен естіп ішектерін тартты. Басқа ауылдан қаңғып келмесе, мұндай әппақ шудасы желкілдеген бура бұл ауылда жоқ. Тереңөзекте түйе ұстауды жұрт онша кәсіп етпеген. Тек қана ауылдың Жалағашқа баратын жол бойында тұратын Кәрбоз атты ақсақалдың үйінде үш нар, екі аруанасы бар, сосын ауданның ішінде тұратын Ескенбай деген кісінің де екі түйесі бар, бірақ оның ішінде мұндай бура жоқ. Ал мына құтырынған бәле қайдан шыға келгенін ешкім де білмейді.

Есін енді жиған еркектер қолдарына ілінген каруларын алып жануардың алды-артынан кес-кестеп көріп еді, жынданған бура, бір-екеуін қағып құлатты да, жұлқына шаба жөнелді. Енді бірнеше жігіт арқан алып шығып, мойынына құрық салып көрейін десе, бура шаңына ешкімді ілестірер емес. Үрейленген әйелдер мен балалардың шырылдап безек қаққан дауыстарынан ол тіпті құтырып кеткендей. Бұдан әрі шыдамай, бір жігіт үйіндегі аңға шығатын қосауыз мылтығын алып, бураны атуға ыңғайланған. «Байқамай оның аузындағы балаға оқ тиіп кетер, қой, ойбай!» – деп барлығы шулап кетті. Енді не істерін білмей, абдырап қалған жігіттерге бір ақсақал оған ұрғашы түйе табу керектігін айтып, «Ескенбайдың аруанасы бар ғой», – деп сол үйге екі жігіт жүгіріп кеткен. Жетекте келе жатқан аруананы алыстан байқаған жас бура қысқа шудасы желкілдеп, солай қарай атылған. Көзді ашып жұмғанша, ол аруананың

жанына жетіп барып, қақшиған басын шайқап-шайқап жіберді де, аузындағы баланы лақтырып тастады. Мұны көрген Бейсенбай балаға ұмтыла берген, Алшынбек ата оны ұстап қалды. Сол уақытта мылтықтың «гүрс-гүрс» еткен дауысы естілді. Бауырынан оқ тиген бура, ышқынып бір-екі секірді де құлап түсті, аруана жігіттердің қолынан бұлқына ытқып бураның жанына барып, оны иіскелеп боздап тұр. Оның қап-қара тұңғиық көздерінен парлап аққан жасты көрген ауыл адамдары бұл табиғаттың құдіретіне таңырқап, жағаларын ұстаған. Жұрт сол жерге лап берген. Бергі жақта жатқан баланың да, әріректегі бураның да жаны жоқ. Жүрегін қолына ұстап жеткен Бейсенбайдың торлама бет әйелінің жанұшыра шыққан дауысына бағанадан бері қорыққандарынан демдерін іштеріне тартып, мелшиіп тұрған әйелдер мен балалардың еңірегені қосылып, ауылдың іші азан да қазан болған.

Осы оқиғадан кейін екіқабат келіншектердің түсік тастап, немесе өлі бала туғанын, жас балалар түнде шошып ояныпп, төсекке жіберетін шыжың болғанын, кейін көпке дейін сол ақ бураның елесі ауылдың әр жерінен шыға бергенін тереңөзектіктер бірнеше жылдар бойы аңыз ғып айтып жүрген екен.

## ҚОСАҚТАЛҒАН ҒҰМЫР

Кеше ғана Сәулеге Қаншайым жеңгесі көк майда гүлдері бар аппақ шыттан екі көйлек тігіп берген. Қаншайым жеңгесіне Сәуле өкпелі. Жеңгесі жасы елуге жақындап қалса да, өз айтқанынан қайтпайтын, тәкаппар, адуынды жан. Тек өзінің айтқаны болуы керек. Жеңгесінің кейбір қылықтарына он төрттегі Сәуленің жыны келеді. Бетің бар, жүзің бар демейді, ешкімнің көңіліне қарап жатпайды, өз ойлағанын айта салады. Сосын түк болмағандай, қайтадан сөйлесіп жүре береді. Ағайын-туыс: «Қаншайым өткір қылыштай, турасын кесіп айтады, бірақ ақ көңіл, ешкімге кек сақтап, сыртынан сөз бықсытпайды», – деп оны сыйлайды.

Сәуле Дарқан атасы мен Рыскүл әжесінің бауырларына басқан алғашқы немересі, әжесі бұл мектепке бармай тұрып қайтыс болған, одан кейін Сәуле жетінші класта оқып

жүргенде, көп ауырып, төсек тартып жатпай, сексен бір жасында атасы да дүние салды. Сөйтіп, ол Ханша апасы мен екінші әкесі Жармағамбеттің қолында қалған. Бірақ олармен бірге ұзақ тұра алмады. Бір күні болмашыға өкпелеген ол Қызылорда қаласында тұратын Дарқан атасының жиені Махамбет пен оның Қаншайым атты әйелінің қолына келіп, қаланың шетіндегі «Шанхай» аталып кеткен жердегі орыс мектебіне барып, жетінші кластың жартысын жалғастыра бастаған. Махамбет пен Қаншайымның екеуінен ортақ бала жоқ. Қаншайымның бұрынғы күйеуінен Базарбай деген ұлының Маруся есімді орыс әйелінен Коля, Женя және Наташа атты балалары бар. Қаншайым өзі балажан болмағандықтан, үйіне немерелері көп келмейді. Махамбет те олармен өзін бірқалыпты салмақты ұстайды. Ол кісі жасы елу жетілерге келген, орта бойлы, мығым денелі, қою мұрты өзіне жараса қалған, реңді қара кісі. Оның байсалды, сабырлы жүріс-тұрысына қарап, тегінің мықты болғанын аңғару қиын емес. Ашаң жүзді, екі көзі тостағандай, бойшаң Қаншайым күйеуінен ұзындау болып көрінеді.

Сәуле келгеннен бастап Қаншайым жеңгесі оны «тәрбиелеуге» мықтап кіріскен. Ешкімнен мұнша ескерту естімеген Сәуле, екі айдай шыдап бақты, сосын шамдана бастады. Еркіндікке үйренген, атасы мен әжесінің еркесі болып бұлаңдап өскен қызға Қаншайым жеңгесінің күнделікті: «олай отырма, бұлай жүрме, күле берме, аяқ киіміңді жөндеп қой, шашыңды ұстай берме» деген сияқты сағат сайын жасайтын тиым-ескертпелерінен Сәуле шаршайын деді. Кейде шәй үстінде Махамбет көкесі әйелінің осындайын көріп отырып: «Әй, доғар сөзіңді. Немене, осы қызда ақың қалғандай, бір нәрсені мыжып қоймайсың. Миын су ғып жіберерсің. Тиіспе, оқуын оқысын. Бұл Дәрекеңнің қызы ғой, өзі бәрін де біледі. Өй, ақылгөйін мұның. Қазіргі балалар көп оқиды, керегін сенсіз де өзі біліп алады», – деп Сәулені жақтап шыққанда, оның еңсесі көтеріліп, Қаншайымнан ақысын алып берген көкесіне риза болады. Қаншайым да сөзден ұтылсын ба: «Бұл қызға кім жөнді тәрбие берді дейсің. Атам марқұм, еркек адам, не үйретсін. Кемпір ерте кетті. Анау Жармағамбеттің келіншегі, мынаның шешесін айтамын, мұны тәрбиелемек түгілі, өз балаларына қарауға мұршасы жоқ. Білесің ғой, күйеуі бес жылдан бері ауру. Екі жыл болды төсек тартып жатқанына, көңілін

сұрап барып қайтпайсың ба, аңдығаның менің ауызым болмай», – деп күйеуіне аларып бір қарап қояды да: «шәй ішкенде қыз дегеннің жұтқаны білінбеуі керек», – деп Сәулені тағы бір тұқыртып алады.

Сәуле сабақтарын ынтамен оқиды, әсіресе, орыс тілі мен әдебиетінен «өте жақсы» деген бағалар алып келеді. Осы пәндер бойынша қалалық олимпиада жеңімпазы да болған. Мектепке көрші Юля, Валя, Оля деген орыс қыздарымен бірге барып қайтады. Кейде солардың үйлерінде сабаққа дайындалып, қараңғы түскенше жүретіні бар. Ондайда жеңгесі оны зуылдатып алдына салып қуып алып келе жатып: «Қаршадайынан қаңғыған қыз оңбайды, бір нәрсеге ұрынып тынады. Айдаладағы орыстардың үйіне барып оқымасаң, миың істемей қала ма, а? Барсаң туысқандар да осы жерде ғой. Осыдан қара да тұр, жаманатқа қалдырмай тұрғаныңда сені ауылыңа қайтармасам ба. Ақыры тыңдамайды екенсің, сөйтпесем болмайды. Не деген ақпа құлақ-ей, мына қыз? Титтей болып қасарысып қалған, а? Айтқаныңды керісінше істейді, қарашы өзін, өй көктүйнек. Естуші ем осының сот әкесі бар деп, бәсе, кімге тартқан десем. Соның тұқымына тартып кеткен ғой мынау. Енді әркімнің үйіне тентірегеніңді көрсем, еліңе қайқаясың, айтпады деме», – деп ол бұлқан-талқан болып,мұның қолынан жетектеп алады. Қаншайымнан құтыла алмай, Сәуле бұлқынады. Үйге кірместен бұрын Қаншайым жеңгесі Сәуленің үсті-басын қақтырып, аяқ-киімін сүрттіріп жүріп, сөйлегенін қоймайды: «Шошқаның иісін сасытпай, тазала анау үстіңді. Құдай-ай, осы қыз неғып сандалбай болды екен-ей. «Кезген аяқ бок басар» деген осы. Үсті-басы сасып кеткен ғой, қарасайшы мынаны. Солардың торайларымен бірге ұйықтауың қалды енді», – деп Қаншайымның аузы жабылар емес.

Бір күні жақында ғана өз қолымен Сәулеге арнап тіккен көйлекті алып шығып, жеңгесі: «Бәсе, бір жаман иіс шығады, қайдан десем мына қыздың үстінен екен, бұл тағы аналардыкіне барып келген ғой, тез ауыстыр үстіңді, ки мынаны», – деп, тыржиып сөйлей берді. «Кимеймін», – деп, бұрылып кете берген Сәулені Қаншайым қолынан ұстап алып, шешіндіртіп, көйлекті өзі кигізген. Мауысым айының басы болатын. Жазғы демалыс кезі де жақындап қалған. Көзіне жас толып, Сәуле ауладан атып шықты. Темір

жолдың жанында арақ заводының қалдық суларынан құралған көлшік бар. Жаз бойы балалар сол жерде суға түседі. Суы кір емес, бірақ жақындағаннан арақтың иісі мүңкіп қоя береді, ортасында қамыс, қоға өседі, олардың жан-жағында көгерген қалдықтар кілкіп тұрады. Сәуле жүгірген бойы сол көлшікке бет алды. Қаншайым артынан қуа жөнелген. Қол-аяғы жерге тимей, зымырап бара жатқан қызға жету қайда, ол алқынып қалды, бірақ сонда да қуып келеді. Сәуле сол жүгіргеннен тоқтамай көлшіктің ортасынан бір-ақ шықты. Үстіндегі көйлегін судың ішінде шешті де, қамыстардың үстіне лақтырып жіберді, сонсоң өзі жұқа мая матадан тігілген сарғыш түсті ішкі көйлегімен тұрып: «Ал, ендеше, көйлегіңе қарай ғой», – деп Қаншайымға доқ көрсетіп, айқайлап қояды. Ентелеп жеткен Қаншайымның мұны көріп, көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ол мелшиіп судың жиегінде тұрып қалды да, өзін-өзі әрең ұстап: «Қыз, әй, қыз, шық, ауырып қаласың ғой, су әлі салқын. Енді тиіспеймін. Жүр үйге барамыз. Көкең ренжіп, сен үшін маған тағы ұрсады ғой. Қой ашуыңды бас, қыз-ай, давай, үйге кеттік!» – деп, дауысын жұмсартуға тырысып, айқайлап тұр. Бірақ Сәуленің судан шығатын түрі жоқ. Өзі қалш-қалш етіп, тоңып барады. Біресе суда малтыған болып, біресе оны қолымен сызып шомпылдатады, бірақ әрірек, тереңдеу жеріне баруға қорқады. Сонымен, жарты сағаттай уақыт өтті. Қаншайым енді сөзден ештеңе шықпайтынын білді де, қызды судан шығарып беретін балаларды іздей бастады. «Масқара болғанда, бұл қыз ауырып қалса, жұртқа қай бетімді көрсетемін. Әй, өзі де бір қырсық қой. Қыз сиығы жоқ, шал мен кемпір әбден айтқанын істеп, бетінен қақпаған. Еркек бала болып туғанда бір сәрі, «қызға қырық үйден тыю» деп қазақ бекер айтты дейсің бе», – деп күңкілдеп жүріп, бір бозбаланы көріп қалды да, қасына жетіп барып: «Қарағым, анау көлдегі қызды көріп тұрсың ба? Менімен ерегісіп, көйлегін шешіп, қамысқа іліп қойып, өзі тоңып бүрсеңдесе де, судан шықпай тұр ғой. Ауырып қалатын болды-ау. Мұндай қасарысып қалған қыз көрсем, көзім шықсын. «Ойпырым-айдың» жүйрігі-ай, ұстай алмай қалғаным. Зымырап отырды да, үстіндегі жақында ғана тігіп берген жап-жаңа көйлекпен, әдейілеп кеп, мына жын-шайтан үймелеген сасық көлге қойып кеткені. Бұған енді не істерсің. Неше күннен бері көз майымды ағызып отырып,

«кие қойсыншы, көңілі көтерілсінші» деп тігіп едім сол көйлекті, есіл еңбегім-ай. Осы қыздан көрдім-ау көресіні, өзінің дегені болмаса, басқаның сөзіне пысқырғысы да келмейді. Шырағым, барып сол қызды судан суырып алып, маған шығарып берші, сөйтші, айналайын», – дейді Қаншайым, жігіт болып қалған он жетілердегі балаға мұңын шағып.

«Жарайды, апа, қазір мен ол қызды сізге жеткіземін», – деп әлгі бозбала тез шешініп жіберді де, суға қойып кетіп, қыздың қарсыласып бұлқынғанына қарамастан, қолынан тартып, жағаға шығарды. Сәуле қарсыласып-ақ бақты, бірақ ұялғанынан, біресе, бос қолымен айқастырып бұлтиған төсін бүркемелеп, біресе, денесіне жабысып қалған ішкі көйлегімен алысып, тісі-тісіне тимей қалшылдап, жігіттің жетегінде жағаға шықты. Қаншайым оны көрісімен, жүгіріп келіп, тағы қашып кетпесін дегендей, Сәуленің білегінен «шап» беріп ұстап алды да, жігіт әрірек кетісімен: «Қыз-ай, қой маған ренжіме, жасы үлкейген сайын адам да бала болып кететін сияқты ғой. Мен де сенің соңыңа түсіп алдым, білем. Енді бұдан былай саған ештеңе демей-ақ қояйын, тек сен үйден қашпа. Бір нәрсеге ұрынып қалсаң, мен Құдайдың да, әруақтың да алдында кінәлі болармын. Қолымда жүрген соң сен үшін мен жауаптымын, соны түсін. Әлі он екі де бір гүлің ашылмаған баласың. Басыңа бақ қонып, болашағың жарқын болсын деген тілек біздікі», – деп ол Сәулені құшақтап, басынан сипады. Сәуле үнсіз тұр. Сосын Қаншайым кетейін деп тұрған әлгі жігіттің жанына барып: «Айналайын, өзің бір мыңболғыр бала екенсің, саған Алланың нұры жаусын. Енді суға қайтып түсіп барып, анау көйлекті әкеліп бере қойшы», – деп еді, жігіт жасы үлкен апаның сөзін екі еткісі келмеді ме, жоқ әлде, «жақсылықты істесең бүтіндей істе» деген қағида есіне түсті ме, әлде қызға қыр көрсеткісі келді ме, әйтеуір, елпеңдеп суға қайтадан қойып кетті де, малмандай көйлекті әкеліп Қаншайымның қолына ұстатты. Оған жеңгесі алғысын жаудырып жатыр.

Кейін Қаншайым осы болған оқиғаны аңыз ғып талай жерде айтып жүргенін Сәуле естіген. Жеңгесі бұған «ойпырым-айдың жүйрігі-ай» деп ат қойып алған. «Ойпырым-айдың жүйрігі-ай, желдей ұшып алдымда зытып барады, мен де өкшелей қуып келемін. Әсіресе, еңбегім еш бол-

ғанын айтсайшы, су жаңа көйлекпен сасық көлге «күмп» берер ме? Ішімнің удай ашығаны-ай! Мен адам танысам, атамның мына қызы бір жерден тесіп шығады. Байқап жүрмін, өжет те намысшыл ғой, қасқайып, алған бетінен қайтпайды. Әй, осы қыз маған ұқсаған-ау өзі», – деп оның анда-санда жұрт алдында бір желпініп алатыны бар.

Сәуле Қаншайым жеңгесі мен Махамбет көкесінің қолында және бір жылдай тұрды. Жеңгесі өзі жұмыс істейтін ет комбинатынан сиырдың немесе қойдың майдалап шегілген етін әкеліп, әртүрлі тағамдар жасайды. Бұрын Сәуле бесінші класта оқып жүргенде, атасы екеуі бір қыста осында қонақтап, жарты айдай жатқан еді. Сонда Қаншайым жеңгесінің дайындаған неше түрлі «котлет, манты, орама, түшпара, самса» сияқты ерекше тамақтарының уылжыған дәмі Сәуленің таңдайынан кеткен емес.

Сәуле жазғы демалысын Тереңөзекте өткізіп, Майжармасына шомылып, достарымен, бауырларымен қауышып, мәре-сәре болып келгеніне де екі айдай өтті. Оның бойы да өсіп, жүзі нұрланып, бетіне қан жүгіріп, әжептеуір қыз болып қалған. Алғашқыдағыдай емес жуасыйын деген жеңгесіне Сәуле енді өз айтқанын істетеді. Ол Махамбет көкесі мен Қаншайым жеңгесінің асыға күтіп отыратын адамына айналды. Күнде кешке сабағын орындап, тамағын ішіп болысымен, қалың құрақ көрпешеге жайғасып отырады да, қолына дастандар кітабын алады. Жанына көкесі жастыққа қисайып жатады, оған басын тақап, жеңгесі де жантаяды. Сонымен, Сәуле «Алпамыс» дастанын оқи бастайды. Анау екеуі Алпамыстың ерліктеріне риза болып: «О ерім-ай, осы жерде жарап кеттің!» – деп делебелері қозып, бір-бірімен жамырасып, батырдың бастан кешкен оқиғаларына біресе, күйініп, енді бірде сүйініп жатқандары. Әсіресе, батырдың жары Гүлбаршын мен ұлы Жәдігердің Ұлтанға қор болып жүрген жеріне келгенде, Қаншайым көзінің жасын тия алмайды. Сосын Бадамша сақауды мазақтап, тілін бұрап сөйлей бастайды. Одан кейін Алпамысқа риза болып: «Ай, батырым, сөйтсейші оларды, әйтпесе, Алпамыс боласың ба!» – деп сол тұсын қайтадан оқытады:

Жүруші едің, Бадамша,
Отым жағып, жар, жар!
Жүруші еді Ұлтан құл,

Малым бағып, жар-жар.
Қалай-қалай сөйлейсің,
Ей, сақау қар, жар-жар,
Өлтірейін астыңа,
Қазық қағып, жар-жар!» –

деген кезде Қаншайым жастықтан басын көтеріп, жұлып алғандай: «Сауап болды, бұл сақау сатқынды солай жазалау керек. Дандайсуын, жаман құл неменің. Ойбай-ау, кім еді ол Алпамысжанға сөйлейтін», – деп Бадамша сақауға тісін қайрап, дүрсе қоя жөнеледі. Енді бірде, «Қобыланды батыр» дастанына келгенде, Қарлығаның Қобыланды үшін өз туған әкесі мен інісін өлтірген тұсында, Қаншайым басын шайқап, ызаға булығып: «А, кәззәп неме, атың өшкір, Қарлыға. Әкең мен бауырыңды шабуға қалай дәтің шыдады екен, қанішер неме. Әйелі, баласы бар Қобыланды болмаса, байсыз қалатын ба едің, сорлы қар. Байсыраған сайқал, сатқын, жауыз, кәпір, тіфу саған. «Қыз дегенің жау» дегізген осындайлар ғой. Бүкіл қыз атаулыға күйе жағып кетті-ау, мына опасыз неме», – деп уһілеп, ашудан терісіне сыймай, біресе жатып, біресе отырады. Сонан соң Қарлығаның Қобыландыға найза түйреп алған жеріне келгенде: «Әй, мына Қарлығаны жын соққан, қарашы өзінің кекшілін. Айналайын Қобылан ақымақ емес қой, мынандай баскесер бәлеге үйленетін. Қобыландыдай арысқа мынауың тиіп алғысы келіп тұр ғой, ей. Шынымен, осы батырым мына долы сайқалға басы айналып қалмаса болар еді», – деп жеңгесі уайымдап отырғанда, Сәуле Қарлығаның Қобыландыға ашына сөйлеген жеріне келеді:

Қарлыға бастап сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
Қобыланды батыр, айтайын,
Құлағыңды сал сен, – дейді.
Басыңа ғашық болдым ғой,
Көргеннен соң мен саған,
Басыңа басым тең, – дейді.
Бір сен үшін ауылдан
Ел-жұртымның бәрін де
Қиып шықтым мен,– дейді,
Қисық та болса әркімнің

Өзіне ісі жөн, – дейді.
Алдырып атын мінгізіп,
Көбіктіден жасырып,
Сауытыңды кигізіп,
Өзімнің әкем Көбікті
Ақылын айтып өлтірттім.
Білдің бе, Қобылан, кім үшін?
Оны да жалғыз сен үшін!
Басыңа ғашық болдым ғой,
Басыңа басым тең үшін».

Қаншайым осы арада терең бір күрсініп қойды. Сәуле әрі қарай оқып отыр:

Найза орнынан қан кетіп,
Екі қолдан әл кетіп,
Сандалып тұрған кезіңде,
Ақ бетімде тұлымым,
Бірге туған құлыным,
Арқаға біткен жұлыным,
Керіле біткен жауырыным,
Бірге туған бауырым,
Қолқанатым, құйрығым,
Судан шыққан сүйрігім,
Суырылып озған жүйрігім,
Жалғыз інім Біршымбай
Өзім шаншып өлтірдім,
Кемеліне келтірдім,
Білдің бе, Қобылан, кім үшін?
Оны да жалғыз сен үшін!
Басыңа басым тең үшін».

Бұл тұста Қаншайым: – «Е-е, байғұс қыз, ғашықтықтан сорлап қалған екенсің ғой. Қайтсін, бауырына жүрегі езіліп-ақ тұр. Ғашықтық деген дерт дейтіні рас-ау, көзі байланып Қобыланнан басқа ешкімді көрмей қалған ғой, бейбақ», – деп көзінің жасын сүртіп алды. Сәуле Қобландының Қарлығаны сөзбен осып-осып жіберетін сәтіне келді:

«Жақсы айтасың, Қарлыға,
Алланың кең ғой жарлығы,

Ауылдың алды бел еді,
Белден көшкен ел еді.
Көл қатырған сең еді .
Аз ғана емес қызылбас,
Бірталай жатқан ел еді.
Әркімнің ісі өзіне
Қисық та болса жөн еді.
Ақ торғынға бөледі,
Шырағым қандай болад деп,
Өлгенше өмірің тіледі.
Өзіңнің әкең Көбікті
Ақылын айтып өлтірдің.
Әкеңнен жақсы кім еді?
Қара қыпшақ Қобыланды
Танимысың нең еді?
Сөзіңнің айтқан бәрі рас,
Басыма басың тең еді.
Саған жұрт қайтіп сенеді?
Мұның аз боп, Қарлыға,
Ақ бетіңде тұлымың,
Бірге туған құлының,
Арқаңа біткен жұлының,
Керіле біткен жауырының,
Бірге туған бауырың,
Қолғанатың, құйрығың,
Судан шыққан сүйрігің,
Жалғыз інің Біршымбай
Өзің шаншып өлтірдің,
Кемеліне келтірдің.
Інiңнен жақын кім еді?
Қара қыпшақ Қобыланды
Танимысың нең еді?
Әкең менен іниңе
Сонша қастық қылғанда,
Кімге достық қыласың
Саған қыпшақ не ғып сенеді?» –

дегенде, Қаншайымның Қобыландыға риза болғаны сонша, шаттана сөйлей жөнелді:

– Әй, жарайсың, бауырым! Дұрыс, оның жынын осылай қақпасаң, өзіңді құртады. Біздің бұрынғы ерлеріміз осын-

дай ірі мінезді, ақылды болған ғой, шіркін. Қазіргілерің осы сөздің біреуін де айта алмайды. Біздің салпыауыз қайнымыз сияқты, еркексымақтарың, қатынының алдында кібіртіктеп, аузынан сөзі түсіп қалғандай, міңгірлеп тұратындарын қайтерсің. Әйел дегенді еркек осылай орнына қойып, ықтырып тұруы керек, өйтпей, бетімен жіберсең, ол не істемейді. Мына Қарлыға қыз да мықты екен. Арыстан жүректісін қарашы өзінің. Әй, осы Қобыландыға тиіп алады, қара да тұр. Құртқа, айналайынға, қиын болатын болды-ау. Бірақ ол дана әйел ғой. Мынау Қарлығадай жындыпашты ол ақылымен он орап алып, өзіне бағындырады. Сөйтіп, бүкіл әулетті өзі басқарады, әлі деп екпіндете келіп, ол күйеуіне қарап: – Сен не ғып аузыңды ашпай қалдың, ұйықтап қалғаннан саусың ба? Мынау қандай керемет дүние ғой, ішіне кіріп кетсең шыға алмайсың, – деп жасаураған көзін алақанымен сүртіп алды. Махамбет әйелінің толқып отырғанын байқамағансып: – Өзің бәрін айтып отырсың ғой. Сенен сөз артыла ма? Мен тыңдап жатырмын, – деп қояды.

– Шіркін-ай, ойыңды айтып қойсаң қайтеді, құр тыңдай бермей. Қалай бәрі ішіңе сияды, шіріп кетпей? Мен болсам ғой, көңілімдегіні айтпасам, тұншығып қала жаздаймын. Ал, кейбіреулердің ішінде түйе өліп жатса да, үндемейді ғой сабазың, – деп Қаншайым Махамбетке бір тиісіп алады.

Күндер тізбектеліп өтіп жатты. Маусым айының ортасында Сәуле жазғы демалысқа шықты. Оны Тереңөзекке жалғыз жіберуге қорыққан Қаншайым: «Қыз-ай, менің жұмыстағы бір апталық кезегім біткен соң, Тереңөзекке бірге барамыз. Анау шешең бе, апаң ба, кім еді өзі саған, Жармағамбеттің қатынын айтамын, сені соның қолына аман-есен тапсырмасам, көңілім көншімес. Қазіргі кезде әпәйдік жігіттер қаршадай қыздарды ұрлап, алып қашып жатыр дейді ғой. Сұмдық-ай, Құдайдан безген, обалды білмейтін көрмедік нәлеттер бар ғой, – деген жеңгесінің сөзіне құлақ асқан Сәуле ауылын қанша сағынып, жүрегі алып-ұшып тұрса да, бес-алты күн шыдауға келісті.

Бір күні Сәуле Қаншайым жеңгесінің жұмыс істейтін ет комбинатына барған. Күн төбеден от болып жанып, жерді шыжытып барады. Комбинатқа өтетін ұзын дәліздің іші салқындау екен, Қаншайым жеңгесі сол жерге шықты. Үстінде бомазидан тігілген комбинезон, аяғында тізесіне

дейін жететін ұзын резеңке етік, алдында клеенка алжапқыш, басына ақ орамал орап алған, қолында шынтағына жететін резеңке қара қолғап, аузына дәкеден маска байлап алған жеңгесін Сәуле алғашқыда танымай қалды. Мұның жанына жақындап келген Қаншайым қолындағы кенеп дорбаны ұстатып жатып, жәймен ғана сыбырлап: «бұл ет ұрланған деп ойлама, пұлын төлеп алдым, бірақ бастықтар көріп қалса бәле болады», – деп Сәулені тездетіп шығарып салды. Салдырап-гүрілдеген автобусқа отырып, терлеп-тепшіп үйге зорға жеткен Сәуле ағаш тақтайлардан жасалған ауладан кіріп, кесек тамның ескіріңкіреп шиқылдап тұрған есігіндегі жұдырықтай қара құлыпты кілтімен ашты да, қараңғы кішкене дәлізге кіріп, аяғындағы жеңіл сандалеткасын шешіп бұрышқа, дорбадан етті шығарып столдың астындағы тегешке салып, шыбын қонбасын деп, бетін табақпен жауып қойды (ол кезде мұздатқыш, телевизор, кіржуғыш мәшина сияқты электр құралдары елдің маңдайына әлі бітпеген кез ғой). Ішке кіре салысымен, ыстыққа пысынаған Сәуле қараңғы, қоңыр салқын бөлмедегі жаюлы текеметтің үстіне төселген көрпешеге құлай кетті. Барлық бөлмелердің шағын терезелерін қалың сұрып маталармен қымтап тастаған жеңгесінің пысықтығына риза болып, рақаттанып жатқан оның көзі ілініп кеткен екен. Кенет есіктің сықырынан оянды. Көзін ашса, үйге біреу кіріп келе жатыр. Сәуле атып түрегелді де, терезенің жапқыштарын көтерді. Қараса, Қаншайымның немересі – Коля. Ол Сәуледен үш жас үлкен, сегізінші кластан соң мектептен кәсіптік-техникалық училищеге кетіп, оны бітіріп, темір-терсек жөндейтін бір жерде жұмыс істеп жүргенін Сәуле естіген болатын. Коля бойы сырықтай, үлкен қоңыр көздері мұңлы, ашаң жүзді әдемі жігіт. Ол әдетте Сәулені көргенде екі беті қызарып, сөз айта алмай, бірнәрсені мұрнының астынан міңгірлеп отырғаны. Мұндайда Қаншайым қарап қалсын ба: «Әй, Көля, сен өзің мына қызға ғашық боп қалғаннан саусың ба? Бітті, саған осы қызды беремін. Сенің әкең Базарбай бізге құда түседі, мен ұзату, ол келін түсіру тойын жасаймыз. Бірақ, смотри, бұл қыз сенің екі аяғыңды бір етікке тығады. Сосын жүресің, әкең сияқты қатыныңның айтқанынан шыға алмай, мұрның қоңқиып», – деп онсыз да қызарақтап отырған жігіттің басын көтертпей қояды.

Сол Коля бөлмеге кіріп, дегбірсізденіп тұрып қалды да:

«Где дед и бабушка? Отец наш умер», – деп басын салбыратып жүресінен отыра кетті. Сәуле шошып кетіп, не дерін білмей тұрып қалды да, бір кезде: «Когда? Что случилось? Он же не болел?» – деп бүрісіп отырған Коляны аяп, жылап жіберді. Коля екі иығы солқылдап, дауысы әрең шығып: «Не знаю. Он, как уснул ночью, так и не проснулся. Мы все утром ушли на работу, а он должен был приступить на смену с ночи, он ведь работал диспетчером на железнодорожной станции. Семилетняя сестренка Наташка думала, что он отсыпается, смотрит, что-то отец долго спит, после обеда она стала его будить, он не просыпается. Наташка от страха давай реветь, побежала к соседям, те поехали на работу к маме в больницу, она же медсестра. Все близкие уже собрались, меня послали сюда», – деп ол мән-жайды айтып берді. Сосын Сәуле мен Коля Махамбеттің жұмысына барды, ол кісі үйіне жақын жердегі арақ шығаратын заводта қарауыл болып істейтін. Болған жағдайды естіген Махамбет көкесінің бетінен қаны қашып кетті. Ол Коляны құшақтап көрісті, сосын жұмыстан сұранып шығып, үшеуі автобусты күтті. Жолда, ең болмаса, бір мәшина көрінбейді, не істерлерін білмей, олар қаланың бір шетіндегі төрт-бес шақырым жердегі ет комбинатына жаяу тартты. Жолда бір жүк мәшинасын әрең тоқтатып, мән-жәйды айтып мініп, Қаншайымға жетемін дегенше кеш те болып қалған еді.

«Проходная» деген жазуы бар ұзын дәлізге шыққан Қаншайымға баласының өлімін естіртуге дәті шыдамай, Махамбет қипалақтап, жасаураған жанарын тайдырып, күйзеліп тұр. Состиып, көздері жыпылықтап, жылап жіберуге әрең тұрған Коля мен Сәулені көргенде, Қаншайым бір сұмдықтың болғанын сезгендей: «Не болды, ойбай! Амандық па? Неғып тұрсыңдар аузын буып қойған өгіздей боп, көздерің бақырайып. Бірдеңе болып қалғаннан сау ма?» – деп бұларға кезек-кезек қарай береді. Бір кезде Коля: «Папа умер, баба Катя!» – деп әжесін құшақтап, өкіріп жылап жіберді. Қаншайым боп-боз болып, екі қолымен басын ұстап, Коляның иығына асылып, үнсіз мелшиіп тұрып қалды. Бір кезде Махамбет: «Катя, мықты едің ғой. Сабыр ет. Ажал үлкен-кішіге қарамайды. Құдіреттің ісіне дауа жоқ», – деп есеңгіреп қалған Қаншайымды сүйеп, орындыққа отырғызды.

Бұлар тағы көлік таба алмай, әуре-сарсаңға түсіп, әрең

дегенде бір «КАМАЗ»-ға отырып Базарбайдыкіне жеткен. Улыған да шулыған болып жатқан үйге кіргенде Қаншайымның буындары босап, теңселіп кетті: «Жалғызым-ау, Базаржаным, кімге тастап кеттің бізді?! Сені алғанша Құдай мені неге алмады, ойбай?! Артыңнан боздатып қалдырғаның қалай?» – деп ол Маруся келіні мен немерелерін құшақтап, еңіреп қоя берді. Жиналып қалған көршілер Қаншайыммен дауыстап жылап, көрісіп жатыр.

Базарбайдың жетісі өткен соң, Сәуле шілде айының басында Тереңөзекке кеткен. Ауылда оншақты күн болғаннан кейін ол Қаншайым жеңгесі мен Махамбет көкесінің жағдайын ойлап, әрі мұғалімдер даярлайтын училищеге құжаттарын өткізуге, қалаға келген. Азғантай уақыттың ішінде жеңгесі қатты өзгеріпті. Бұрынғыдай біреуге дүрсе қойып, сөйлемек түгілі, ешкімге тіке қарамайды да, ал қарай қалса, қайғылы көздері өңменіңнен өтіп кете жаздайды. Көбінесе, бір нәрсеге алаң адамдай, бір жерден хабар күтіп отырғандай, елеңдей береді, өзі жіп-жіңішке болып қалыпты, сүйегі ірі адам азғанда ебедейсіз болып көрінеді екен. Қаншайымның осындай күйге түскені Махамбетке де оңай болған жоқ, әйеліне білдірмей, ол да іштей үгітіліп жүр. Қаншайым да қосағын көп уайымдатпау үшін, сыр бермеуге тырысады.

Сәуленің келгеніне Қаншайым жеңгесі мен Махамбет көкесі қуанып қалды. Жеңгесі ауылдағы туған-туысқандардың бәрінің Базарбайдың қазасына келіп, көңіл білдіргендеріне риза екенін айтып: «Туысқанның бар болғаны жақсы ғой. Жалғыздықтан Құдай сақтасын. Базаржанымның да артындағы қалған қарақтары аман болсын. Қайтейін, өзі де соғысқа кетіп, оралмаған әкесінен он жасында қалып еді. Тағдырдың қайталануын қарашы, енді оның балалары да жастай қалды ғой. Немерелерім қазір бұрынғыдай емес, бізге жиі келіп тұрады. Ресейде әскерде жүріп, орыс қызын алдың деп, Базаржаныма ренжуші едім, Маруся адал екен, бәрімізге өбектеп, асты-үстімізге түсіп жүр. Оған түскен ауыртпалық оңай емес. Бір жағынан үй шаруасы, бір жағынан жұмысы, келім-кетім кісісі де үзіліп жатқан жоқ. Аяғының ұшымен зыр жүгіріп, тыным таппайды. Бізге де алаңдап, арасында келіп, тамақ пісіріп беріп кетеді, шаршағанын білдіргісі келмейді, енді өзіне Құдай қуат берсін. Жанындағы адамның қандай екені басыңа қиындық

түскенде біледі екен», – деп Қаншайым келінінің жақсылығын айтып, Сәулеге ішіндегі сырын ақтарып алды.

Қаншайымға жеңгесі мен Махамбет көкесі бұл қазаға дейін әлдеқайда жас болып көрінетін. Енді еңселері түсіп, егде тартып қалған сияқты.

Жиырма жыл бірге ғұмыр кешіп, бірінің қабағына бірі қарап, ауыздарын толтырып ұрысып та көрмеген осы екі жанның тағдыры жайында Сәуле өзі жар, ана болып, ақыл тоқтатқан кезінде көп ойлайды. Олар жүректерімен ұғысып өмір сүріпті. Базарбайдың өліміне қайғырып, ішін күйік өртеген Қаншайым, жарты жыл ауырып-сырқап жүріп, төсек тартып жатпастан, көз жұмғаны Сәуленің көз алдында.

...Сәуле оқуға түсіп, сол училищенің жатақханасында тұрып жатыр. Демалыс сайын Махамбет көкесі мен Қаншайым жеңгесіне келіп, оларға қолынан келгенінше көмектесіп тұратын. Әдеттегідей бір келгенінде жеңгесі қызып тұрған пештің түбінде көрпеге оранып жатыр екен. Желтоқсан айының қара суығы басталған, қар әлі жаумаған, жұрт мұндайда «қар жауса екен» деп тілейді, өйткені ызғарлы жел өкпеден өтердей. Құр сүлдесі қалған жеңгесі көкірегі сырылдап, ентіккеніне қарамай, Сәулеге әңгімесін айтып жатыр. «Қыз-ай, сен маған ренжіме, өкпелеткен кезім болса кешір. Мен, байғұс, өзім қыз өсіріп көрмеген соң ба, қыздарға қаталдаумын. Сені қызық көріп еркелеткенсымағым ғой, өзімше жөнге саламын деп, ығырыңды шығарып жіберген болуым керек. Оны көңіліңе алмай-ақ қой. Оқуыңды жақсы оқы, түбі оқыған адам бір жерден шығатыны белгілі. Атаң да, әжең де сенің қызығыңды көре алмай кетті. Ендігі жерде Құдай бізге бұйыртпаған жақсылығын сендерге, жастарға берсін. Біздің көрген қайғы-қасіретімізден сақтасын кейінгі ұрпақты. Ел аман, жұртымызға бақ қонып, қауіп-қатерден сақтасын. Қыз-ай, сен тыңдап ал, менің мына жарық дүниемен қоштасатын сәтім таяу қалды. Мен кеткен соң көкеңе қара, менен кейін ол да көпке бармас, әрі кетсе, екі-үш ай жүрер... Ол менсіз өмір сүре алмайды, әбден маған бауыр басып қалған ғой. Махаң жастайынан әке-шешеден айырылып, жетім өскен, бауыр-туыстары ашаршылықта қырылған, жалғыз ағасын соғыс жалмады. Арқа сүйері сенің атаң еді. Ол кісі де дүниеден озды. Мен, бейбақ та туған-туыстан жұрдаймын. Махамбет көкең

сұсты боп көрінгенімен, іштей күйзелгіш, бәрін жүрекпен қабылдайды. Жан дүниесі нәзік адам ғой. Кішкентайынан ішінен түйіліп, қамкөңіл болып өскендікі ме, өте тұйық, үндемейді. Менікі сөйлеп қалған ауыз ғой, кейде байқамай, бір нәрсені шатып отырып, жанын жаралап алатын кездерім де көп болды. Ондайда ол бұрылып, теріс қарап жатып қалады. Сосын «әке-көке» деп жүріп, әйтеуір әрең оның бетін бермен қаратып аламын. Бізді көп ойлай берме, жалпы, ойлана берсең қияли болып қаласың. Ал, енді, келші, қарағым, маңдайыңнан иіскейін», – деп Қаншайым жеңгесі басын көтеріп, Сәулені құшақтап, мейірлене маңдайынан сүйді де, әлсіреп төсегіне құлады. Сәуленің көзі жасқа толып, сыртқа шығып бара жатқанда, Махамбет көкесін көрді, оның қолдары дірілдеп, мұның арқасынан қағып, басынан сипады да, Қаншайым жатқан ішкі бөлмеге кіріп кетті. Сәуле көрші тұратын Бектұрған атаның үйіне барып, оның Бибайша деген әйеліне жеңгесінің қысылып жатқаны жайында айтып, шақыруға барса, ол жоқ екен. Бектұрған Сәуленің Дарқан атасына рулас ағайын болып келеді, жасы сексеннен асса да сымбатының сыры кетпеген денелі, ұзын бойлы, өзі әппақ осы кісінің төсек тартып, екі аяғы сал болып жатқанына да он шақты жыл болған екен. Бірінші әйелі қайтыс болған соң қолындағы үш ересек ұлымен жасы қырықтардағы сыландаған, күлімкөз Бибайшаға үйленіп, одан Сәулемен жасты Шекер атты ұлы бар. Сәуленің Шекерге Қаншайым жеңгесінің жағдайын айтып жатқанын құлағы шалып қалған Бектұрған ата: «Қаншайымға не болды, қиналып жатыр ма? Құдай бәлесінен сақтасын. Ол әлі жас қой. Жалғыз ұлына қатты қайғырып, ішінен тынып жүр еді. «Махамбетті аяп, ішімді босатып, өкіріп жылап та ала алмадым», – деп еді анау күні. Қайғыны жұтқан ауыр ғой, өксікті сыртқа шығарған дұрыс. Бірақ адамның тұз-дәмі бітейін десе, оған еш дауа жоқ. Алладан күнде «алшы» деп жалбарынып жатқан мына мен сияқты мүгедекті алмай, аяғымен шауып жүрген сап-сау жандарды алғысы келсе, ол жаққа да бүтіндер, бақуаттылар керек болғаны да», – деп ол қамығып қалды да, Шекерді дүкенге кеткен Бибайшаны шақырып келуге жіберді. Ақсақал Сәулеге жылы шыраймен қарап: «Дәрекең де өмірінде бір рақат көрген емес қой. Ол жалғыз ұлын аңсаумен құса болып өлді-ау. Атаңның атын абыройға бөлеу енді сенің парызың. Мына титімдей

мойныңа артылған үлкен міндеттер бар, қызым», – деді сосын жүгіріп жеткен Бибайшаға: – Қаншайым қиналып жатыр дейді, тез бар. Менің де оған деген ризашылығымды жеткіз. Көз көрген, қатарласып, қанаттас болып өмір сүргендерден артық кім бар бұл өмірде, – деді ол көз жасына ие бола алмай, кемсеңдеп. – Қойшы, қайдағы жоқты атой салып шақырмай. Қаншайым өлетіндей емес, кеше ғана жүр еді ғой. Жәй, ауырып қалған шығар, – деп ол Сәулемен бірге үйден шықты.

Бұлар келгенде, Қаншайым қиналып, тынысы тарылып, дем ала алмай, көкірегі сырылдап жатыр екен, тілі байланып қалыпты. Махамбет оның қолын уқалап отыр. Өзіне қараған Қаншайымның жанарының нұры сөніп қалғанын көрген Бибайша бәрін түсініп, оны құшақтап, еңіреп қоя берді де: – Қош бол, қатар жүрген қарағым, замандасым, құрбым Қаншайым! Адалым-ау, аңқылдағым, өткір қылышым. Енді кім менің бетіме шындықты айтып, кемшілігімді таңбадай ғып көзіме көрсетеді. Алдыңнан Алла жарылқасын! – деп бетін жуған көз жасын басындағы орамалының ұшымен сүртіп, жүресінен отыра кетті. Махамбет те Қаншайымды құшақтап, дауысы дірілдеп: «Катя, ей, Катя, сен... сен мені кімге тастап бара жатырсың, а? Сенсіз маған өмір керек пе? Мені де өзіңмен бірге ала кет», – деп екі иығы селкілдеп кетті. Қаншайымның көзінен бір тамшы жас жастыққа домалап түсті. Ол басын әлсіз изеп, «бәрін естіп жатырмын» дегендей ишарат етті де, екі-үш рет ықылық атып барып, көзін жұмды. Бибайша орнынан атып тұрып, Махамбетпен көрісіп жатып: – Маха, жалғыздықты маңдайыңа жазған екен, өзіңді соғыстан аман алып келіп, осының бәрін Тәңірім, көрсін деген ғой. Енді Қаншайымның жанын Алла жәннәтта етсін, алдынан жарылқасын. Екеуің егіз қозыдай болып жүруші едіңдер, сыңарыңнан айырылып, қанатың қайырылды ғой. Ендігі жерде өзіңе-өзің мығым бол, үндемесім-ау, ішіңе шер жиналып қалмасын», – деп дауыстап, аңырап қоя берді. Сәуле де Қаншайым жеңгесінің жанына барып еңіреп тұр. Қорқып кеткен ол, дірілдеп барып, жеңгесінің қолын құшқан, оның жансыз саусақтарын ұстаған кезде денесі тітіркеніп кетті. Сосын ол боп-боз болып қуарып, басын көтермей отырған көкесін мойнынан құшақтап, тоқтай алмай жылай берді.

Қаншайымның қазасы жайында естіген көрші, туыс жек-

жат жинала бастаған. Махамбет бойын жинап, өзінен басқа сенері жоқ екенін біліп, Қаншайымын соңғы сапарға аттандыру қамына кірісті.

Ертеңіне Қаншайымды жерлеуге ер-азаматтар бейітке кетті. Әйелдер үйде қалып, құдайы тамаққа әзірлік жасады. Сойылған қойдың етін ауладағы ошақтың үстіндегі дәу қара қазанға салып, пісіріп жүрген олар қыстың ызғарынан бүрсеңдеп, сексеуіл отына кезек-кезек келіп жылынып, бірбірімен күбірлесіп, Махамбеттің ендігі жағдайын айтып қояды. Арықтау орта бойлы, беті сепкіл-сепкіл Ұзаққүл деген көшенің арғы бетінде тұратын біреуі: «Қаншайымның алдында Махаң кеткенде болатын еді, еркек байғұстың өмірге бейімделуі қиын ғой, қиналып қалатын болды-ау», – деп аяса, екіншісі Ұлбике деген екі беті нарттай толық жастау келіншек: «Қиналатын түгі де жоқ, кетер адам кетті, тірі жан тіршілігін жасайды. Махаң тағы біреуге үйленер, әлі қартайып тұрған жоқ қой, алпыс бес жас деген не тәйірі. Айтпақшы, соғыста жүрген кезінде бір полячка бұл кісіден қыз туып алған екен ғой, сол қызды іздейміз деп Қаншайым апай өзі айтып жүрген еді. Енді сонысын іздеп табуына болады», – деп қойып қалды. Үшіншісі – Қатираның бойы аласа, қою қара көздері адамға міз бақпай қарап, қадалып қалады екен, ол басындағы қалың түйе жүн бөкебайын қымтаңқырап жатып: «Әй, сендердің мұрындарыңа махаббат дегеннің иісі бара ма осы? Махаң мен Қаншайым бірбіріне шын ғашық болып өмір сүрді. Оны Қаншайымның өзі де айтатын. Бұлар екеуі бір күн көріспесе тұра алмайды екен. Енді Махаң Қаншайымының артынан кетіп қалмаса болғаны», – деп күрсінді.

Махамбет Қаншайымның жетісін де, қырқын да малын сойып, жұртты жинап ойдағыдай атқарды. Наурыз айы басталысымен ол Қаншайымның бейітінің басына сары кірпіштен төбесі ашық төртбұрыш үй тұрғызды, алдыңғы жағына ақ тасқа ойып суретін салдырып, аты-жөнін, шыққан руын, кімнің келіні екенін жаздырды. Қаншайымға жерді Махамбет екі адам сиятындай, кең етіп алыпты.

Ағайын-туысқан, көршілер Махамбетті кезек-кезек үйлеріне шақырып, тамақ беріп, қайғысын ұмыттыруға тырысады. Ол да бұрынғыдай емес, ақжарқындылық танытып жүрді. Кейбір әйелдер күйеулеріне тиіскенде, тіпті: «Еркек деген бәтшағарға әйел, әншейін, қолжаулық сияқты, мынау

Махамбетті Қаншайым қол-аяғын жерге тигізбей мақтап, қас-қабағына қарап, алақанына салып, аялап отырушы еді. Екеуі бір-біріне берілген, бөлек тұра алмайды деп жұрт айтатын. Әне, Махаңның түгі де кетер емес. Өзі бұрын көп сөйлемейтін, енді әйелі өлгелі бері, екі беті нарттай болып, мұртын сипап қойып әңгімелескіш. Осыдан қара да тұр, ертең-ақ бір қатынды тауып алады әлі үндемесің. Еркек дегенде опа бар ма? Қатын сендерге жолда ғой», – деп Махаңды біраз жерге апарып тастап, іштеріндегі қыжылын шығарып алатын болған.

Қаншайымның қайтқанына үш ай толғанда, Махамбет кенеттен ауырмай-сырқамай дүние салды. Дәрігерлер қан қысымы көтеріліп кетіп, жүрек тоқтап қалған деген қорытынды жасады. Жұрт Махамбетті «құсадан сағыныштан кетті, Қаншайым екеуін баста Құдай бір-бірі үшін жаратқан, екі жарты бір бүтін болып өмір сүріп, бірі кеткен соң екіншісі тұра алмаған», – деп айтады.

Екі ересек жанның жылдар бойы қосақталып өмір сүріп, қиындықтарды бірге бөлісіп, өзара ынтықтықты, асыл сезімдерін сақтап қалуы, жан дүниелерін лайламай, мына жалғаннан бірінің артынан бірі кетуі «махаббат» атты киелі сезімнің Құдіреттен берілетінінің айғағындай еді. Қаншайым жеңгесінің жігерлі де сезімтал, жайсаң бейнесі мен Махамбет көкесінің сабырлы, кең пейілді болмысы Сәуленің жүрегінде сақталып қалған. Қаншайым жеңгесінің қайтыс болар алдындағы: «Мен кеткен соң көкең де көпке бармас, әрі кетсе екі-үш ай жүрер, ол менсіз өмір сүре алмайды ғой», – дегенін есіне алып, Сәуле ойға батады, бұл не көріпкелділік пе, жоқ әлде, табиғаттың тылсым сыры ма? Қулық-сұмдықты, алдау-арбауды білмей, шынайы жүрекпен өмір сүретін жандардың ашылатын алтыншы сезімі шығар, ол, бәлкім. Махаббат деген егіздік екен ғой», – деп ойлаған Сәуле өз жанының сыңарын табатынына сенеді. Соған лайықты болғысы келеді.

# ЖАМАНСАРЫНЫҢ КЕНЖЕСІ

Кенженің өле-өлгенше иығынан кетпені түскен емес. Оның Тереңөзек ауданынан бес шақырым, Сырдарияның арғы бетінде орналасқан «Узтоп» деген жерде тұрғанына да, 1953 жылдан бері, алты-жеті жылдай болып қалыпты. «Узтоп» – «Узбекское топливо» дегені. Бұл арадан Өзбекстанға сексеуіл артылады. Сексеуіл мұнда екі жүз шақырымдай қашықтықтағы қырдағы құмнан әкелінеді. Жұмысшылар күн жылынысымен, айдалада жатып, сексеуілді арамен кесіп жинайды да, бос жерлерге оның тұқымдарын егеді. Осы маңнан бастап тартылған жіңішке темір жол дарияның үстінен салынған арнайы көпір арқылы аудан орталығына дейін жетеді. Сол шойын рельспен алды-артында ұзын темір арбасы бар мотовоз аудандағы қоймаға сексеуіл ағаштарын тасып, күні-түні зырылдап жүргені. Ол әр айналымында бес-алты тонна сексеуіл жеткізе алады. Кейде мотовоздың тележка-арбасы бос болса, онымен оқушылар да аудандағы мектепке қатынайды. Күн қатты суық болмаса, олар дариядан понтонды пароммен өтіп, жаяу келеді, кейде машина кездесіп қалса, тоқтатып мінеді. Орталықтан қатынайтын бір кішкене «Пазик» автобусы бар, ол бір күн жүрсе, үш күн жөндеуде, сондықтан балалардың көбісі шағын интернатта жатады, оған сыймағандары Тереңөзектегі туған-туыстарының үйлерінде тұрады. Әсіресе, өткен қыста екі баланы қасқыр талап тастағалы бері, ата-аналары оларға өздері барып қайтады, анау-мынау азық-түліктерін апарады, кейде ауа райы қолайсыз болған кездері олар бірін-бірі айлап көре алмай, қиналып қалатыны бар. Әбден балаларын сағынған жұрт мұндайда Кенжені жағалағыш, өйткені Кенжеде ат-арба бар. Тумысынан тұйық, екі-үш күнде бір-екі ауыз сөз айтса айтып, айтпаса апта бойы үн-түнсіз жүре беретін ұзын бойлы, арықша келген, бидай өңді, қой көзді, қырықтан енді асқан осы азаматты ауылдастары сыйлайды, әрі жақсы көреді. Кімге болса да бірінші болып көмекке келетін ол ешқашан да бұлданып көрген емес. «Узтоп» жеріндегі бүкіл жеміс ағаштарын еккен де, оларды суарып, күткен де осы Кенже. Бұл еңбегі үшін оған ешкім айлық та, ақы да беріп жатқан жоқ. Жүрген жерінде ол өз еркімен ағаш отырғызып, оларды малдан жыңғылмен қоршап, өскенше баптайды.

Кенже Сәуленің екінші әкесі Жармағамбеттің інісі. Бұлардың әкесі Жамансары бай екен. Кеңес өкіметі кезінде ұсталып қалмау үшін ол бала-шағасымен бас сауғалап Қытай жаққа қашып бара жатқанда шекарада қызылдармен шайқас басталады да Жамансары әйелі екеуі мерт болады. Сол астаң-кестеңде бес-алты жасар Кенже үйелмелі-сүйелмелі екі ағасынан адасып қалыпты. Жеті жасар Жармағамбет өзінен үш жас үлкен Жармахан атты ағасы екеуі біреулерге еріп, Тереңөзек жеріне келіп, осында тұрақтап қалыпты, өздерінің туып-өскен жерлері осы Қызылорданың Қазалы ауданы екен. Жармахан сегізінші кластан кейін Новосібір орман шаруашылығы техникумын бітіріп, Тереңөзекте өз мамандығы бойынша жұмыс істеп, үйлі-жайлы болып, дүниеге Мінаш, Күләйім атты екі қыз келеді. Қолындағы інісі Жармағамбетті де Ресейдегі сол өзі оқыған техникумда оқытып, жанына жұмысқа орналастырады. Әбден жетімдік көріп, енді еңселерін көтере бастағанда Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, ағалы-інілі екеуі сонда аттанады. Жармаханнан қара қағаз келеді. Жармағамбет аман оралып, үйлі-жайлы болып, орман шаруашылығында инженерлік қызмет атқарады. Бірде ол қазан төңкерілісі кезінде қызылдар келіп, малы барлардың бәрін қырып салғаннан бері «Қызыл» деп аталып кеткен бе, әлде бұрынғы аты солай болды ма екен, сол құмдағы шопандардың ауылына жолы түсіп барғанда, олардың біреуінен осы Кенженің Жамансарының ең кіші баласы екенін еситеді. Оған көзі әбден жеткен Жармағанбет жүрегі жарылардай қуанып, Кенжені өзімен бірге Тереңөзекке алып келеді. Кенже де Ұлы Отан соғысы кезінде қару-жарақ қоймаларының күзетінде болыпты, содан аман-есен оралып, қырға қайтып барып, қой бағып жүре берген екен. Жармағамбет пен Ханша Кенжені өз қолдарына алып, бәрі мәз-мәйрам болып жүргенде, араға бір жыл салып, Кенже Рысты деген қызбен танысады. Қыз да жетім екен, екеуі бас қосып, үйленеміз деген соң, Жармағамбет пен Ханша шағын ғана «беташар» тойын жасап, көрпе-төсегін беріп, бұларды бір таныстарының есігінің алдындағы үйшікке кіргізеді. Жаз басталысымен, Жармағамбет Кенжені осы «Узтоп» жеріндегі орман-тоғайдың қарауылы етіп қояды да, сол жерден шағын қамыс үй салғызып, келін екеуін сонда көшіріпті. Кенже Рыстының айтқанын екі етпейді. Келіншегі айтса заң, оған

қарсы сөз қайтарып жатпайды, тіпті келіншегіне оның дауыс көтергенін де ешкім естімепті. Ол азаннан кеш қарайғанша сыртта жүреді, көктем басталғаннан иығынан кетпені түспей, ағаштарын баптап, атыздарды тазалап, жерді тырмалап, жан-жағын барлап, тыным таппайды. Әдетте, түскі асқа келуге де оның уақыты болмайды, жас жұбайы Кенжеге артынан тамағын апарып береді, кейін балалардың үлкендері Гүлжаһан мен Мейрамбек өсіп, бұл міндетті солар атқарып жүрді. Ерлі-зайыпты бұл екеуінің қарым-қатынасын, әсіресе, әйелдер күлдіріп айтып жүретін: «Кенжеден бір нәрсе сұрай қалсаң, «оны біздің Рәйішкә біледі дейді», ойпырым-ай қатынға берілген соң, осылай берілу керек қой», – деп әйелдер Рыстының бағына бір жағынан қызығып, бір жағынан қызғанып, бұларды сыртынан сөз етіп қоятындары бар. Сол Кенженің еңбекқорлығы зая кеткен жоқ. Бес жылдан кейін ол Тереңөзектен үлкен үй салды, оның кесегін балаларымен бірге өзі құйған. Осы үйде дүниеге тағы Алтынбек, Гүлнәр, Гүлмира атты перзенттері бірінен соң бірі дүниеге келді. Кенже енді аудан орталығындағы орман-тоғай шаруашылығына ауысқан.

Тереңөзектен Қызылордаға қарай беталғанда жұрт «Соркөл» деп атап кеткен көл бар, ол Сырдария тасығанда аққан сулардан пайда болған екен, ортасында қамыс, қоға өсіп, өзі біраз жерді алып жатыр. Жаз бойы оның беті қаз-үйрекке толы, жан-жағы қаулаған қамыс, жыңғыл, шеңгел. Кенже өзінің, Жармағамбеттің, көрші, ағайындардың балаларын ертіп алып, көктем айларында сол Соркөлдің жанындағы ашық жерлерге ағаш отырғызады. Жас шыбықтарды аудандық орман шаруашылығынан қайта-қайта сұрап жүріп, әйтеуір, алады. Ал балалардың Құдайы беріп, ондай шаруаға қуана-қуана кірісіп кетеді. Күнде олар Соркөлге жеткенше асығады. Петр Буныгин деген молдаван досынан Кенже үлкен ескі қайық сұрап алып, көлге апарған, балалар оның сыртынан смола құйып, ішіне су өтпейтіндей етіп қатырып қойған. Жаз бастала олар сол қайықпен жүзіп жүріп ау, немесе, қармақ салып балық аулайды. Кейде Кенжемен бірге, оның қара мылтығын ұстауға таласып, бәрі жабайы үйрек, қаз атуға шығады. Сосын көлдің жағасында от жағып, үлкен ескі шойын табаға балық, шоққа картоп пісіріп жеп, тойып алады да, кешке дейін ағаштарды отырғызып, суарып жүргендері. Кейін сол ағаштар өсіп, жайқалған бау

болған, оның іші көбісі қарағаш, үйеңкі, ақ қайың, оларға неше түрлі құстар ұя салып, қоян мен қырғауыл да соның ішінде екен деседі жұрт. Кешке балалар үйлеріне олжалы қайтады: қаз, үйректері, балығы бар олар есіктерінен паңдана кіреді, үлкендердің қуанып: «азамат болып, бізді асырауға бұлар да жарап қалыпты, шүкір» дегендеріне олар марқайып, көңілдері өсіп, ертеңіне тағы Соркөл жаққа кетеді.

Аудан орталығында асхана бар. Соның алдындағы жүз шақты қарағаш өсетін бақтың ішінде тек жаздың күндері ғана істейтін кәуәпханадағы Аман-ака дейтін өзбекке анда-санда балалар атып алған үйректерінен шашлық-кәуәп пісіртіп, өздері де, жан-жағындағылар да тойып, мәз-мәйрам болып қалады. Тақтайдан жасалған екі ұзын столдың үстіндегі наубайханадан жаңадан шыққан бөлке нанды туралған пиязбен таласа-тармаса күйсеп, Аман-аканың пісірген кәуәбінің үстіне әдейі дайындалған сірке судан сеуіп жіберіп, рақаттана жегендегі дәмі жыл бойы ауыздарынан кетпей, сосын бәрі келер жазды аңсап жүргендері. Аман-аканың әйелі Настя орыс ұлтынан. Ол отыздың ішіндегі серейген ұзын бойлы, арықша келген келіншек. Өзінің қос жанары тұздай көкпеңбек, қысқа ғып қырқып бұйралаған шашы сап-сары. Аққұба бетіндегі сепкілінен бе, әйтеуір күн ыси бастағаннан оның жүзі күрең тарта бастайды, сондықтан ол маңдайшасы бетінің жартысын жауып тұратын ақ мақта матадан тіккен қалпақшасын күзге дейін, күннің қызуы қайтқанша, басынан шешпейді. Аман-ака болса, орта бойлы, толық денелі, қарын байлаған, жасы қырықтың үстіндегі еркек, өзі қасқабас болғандықтан ба, әлде ұлттық салтына беріктіктен бе, бұл да басынан ала тақиясын тастамайды. Оның шот маңдайы жып-жылтыр қоңыр гранит тасындай, жарқыраған күнмен шағылысып, алыстан көз тартады. Үлкен түймедей дөп-дөңгелек, қап-қара мойылдай көздері ылғи күлімдеп, қараторы жүзі нұрланып тұратын осы кісіге үлкені де, кішісі де ризашылық сезіммен қарайды, онымен әркімнің де әзілі жарасып, көріскенде көңілдері жайланып қалады. Бұл ерлі-зайыптылардың екі қызы бар, үлкені он екіде, кішісі сегіз жаста. Аман-ака мен Настя да Тереңөзекке сол соғыс жылдары келіп, осында бауыр басып қалғаны соншалықты, жақын жердегі еліне барғылары да келмейді дейді жұрт. Жаздың

күндері кеш батқаннан аудан жұртшылығы осы баққа жиналады. Ол жерде биік етіп кесектен қоршай өрілген, сырты цемент пен құмнан сыланып әктелген, төбесі ашық жазғы кинотеатр бар. Үлкендер сонда барады, қолдарындағы жасыл бұтақшаларымен масаны желпи отырып, кейбіреулері киноның қызығына кіріп кететіндері сонша, кейде зуылдап келіп маңдайларынан тарс етіп бір соғып кететін дәу бұзаубас қоңыздарды да аңғармай қалады. Ал он алтыға толмағандарға кешкі фильмдерге кіруге рұқсат етілмейтіндіктен, жасөспірім балалардың көбісі, дуалдың үстіне немесе талға өрмелеп шығып қарайды, бірақ ондайда қызыл погонды тәртіп сақшылары байқап қалса, оларға жекіп, жерге түсіріп, қуып жібереді. Жастар жағы Аман-аканың кәуабынан жеп алып, ашық көк бояумен сырланған жіңішке ағаш бруспен қоршалған шағын би алаңында ойнап тұрған патефонның әуеніне балқып билейді. Аман-ака да тырнадай тыриған әйелінің белінен құшақтап алып, вальсқа дөңгелей жөнеледі. Ұзынды-қысқалы бұларға қарап, қасындағылар сықылықтап күліп жүргендері. Екеуінің ондайға әбден еті үйреніп кеткен, ыржиып қойып, әуенге ырғатылып, тоқтамай айнала береді. Ал, әбден масаға таланып, қасынып, кинодан шыққан үлкендер мен жасөспірім балалар алған әсерлерімен бөлісіп, әңгімелерін айтып, улап-шулап, шабыттанып үйлеріне қайтады.

Жазғы демалыстары бітіп, оқуға кірісердің алдында Кенже өзінің «командасындағы» балаларды кезекпен Борис деген шаштаразға жібереді. Ол әйелі екеуі Ұлы Отан соғысы кезінде Ленинград қаласынан осы Тереңөзекке жер аударылған екен. Өздері еврей ұлтынан көрінеді. Борис өте мәдениетті және кішіпейіл жан, аудан орталығындағы «Тұрмыстық қажеттілікті өтеу комбинатында» шаштараз болып істейді. Ол өзіне келгендерге де иіліп сәлемдеседі, көшедегі үлкен-кішіге де шеті жалпақ қара шляпасын шешіп, сирек жирен шашты басын иіп, амандасып тұрғаны. Мұнысына алғашқы кезде жұрт таңданып жүрген, кейін «өздерінің салты шығар, әр елдің салты басқа, қойлары қара қасқа деген ғойын» айтып, бірте-бірте онысына ешкім мән бермейтін болды.

Борис қазақша да сөйлейді. Ол кезде, алпысыншы жылдары, ел ішінде шаштаразға барып, шаш қоятын еркектер де аз еді, тек қызмет істейтіндер болмаса, ауылдастар

бірінің шашын бірі ұстарамен қырып алып береді, ал әйелдердің арасынан бірен-саран, басқа жерден келгендер болмаса, жергілікті қыз-келіншектер «әйелдің көркі шаш» деген халық қағидасынан әлі аттап кетпеген, бәрі шаштарын баптап өсіріп, екі бұрымы арқасында ырғалып, кейде шашын желкесіне, не төбесіне түйіп, шаш түйреуіштермен қадап, сәндеп қоятын. Өзіне келгендермен Борис шүйіркелескенді ұнатады, сұрақ та қойып үлгеріп, арасында таныстарының қылықтарын салып, күлдіріп те алады. Шаш алдыруға кірген балаларға ол өзінің оқыған кітаптарындағы кейіпкерлердің мінез-құлқы, олардың басынан кешкен кейбір оқиғалары жайында айтып, өзі кейде тамсанып, кейде басын шайқап «түсініп отырсыңдар ма?» дегендей әркімнің көзіне үңілетіні бар. Бориске барған балалардың бәрінің бастарындағы «шаштары бір үлгіде», кімнің қолынан шыққанын айтпай-ақ танисың, кекілдері төбесінен басталатындарды кездестірген адам бұл Бористің «қолтаңбасы» екенін біле қояды. Өзін шаштараздай емес, халық ағарту саласындағы ұстаздай ұстайтын оны барлық тереңөзектіктер сыйлайды.

Кенже мен Борис екеуі жақын адамдардай болып кеткен, бірін-бірі айтқызбай-ақ, көзқарастарынан ұғып үйренген. Кенже оқу басталар кезде досына балық, үйрек-қаздарын арқалап, оған балаларды шаштарын ретке келтіруге апарады. Бастарына иіс суын бүрқыратып сеуіп жіберетін Бориске балалар да риза болып, онан қуаныштары қойындарына сыймай шығатын еді.Тамыз айының соңғы күндерінің бірі болатын. Кенже Соркөлдің батысқа қарай созылған жағында балалармен бірге жас талдарды мал жеп қоймасын деп жыңғылмен қоршап жүргенде, күн батып, кеш қарая бастаған екен. Кенет Мәлібек деген Еламанның баласының шыңғырып: «Ойбай, құтқарыңдар, өлдім!» – деп бақырып, жан дауысы шығып зымырай жүгіріп келе жатқанын көріп, оның қасына жетіп барған балалар аң-таң, Мәлібекті біреу қылғындырып жатқандай бажылдап, қол-аяғы жерге тимей шыр көбелектей айналып өкіреді, ал жанында ешкім көрінбейді. Бір кезде Кенже Мәлібектің жанына жетіп барып, оны ұстап, қапсыра құшақтап тұрып, беліндегі қамшысын суырып алды да, баланың жан-жағын осып-осып жіберді. «Ә, кәззап, сайтан, кет дедім ғой саған бұл жерден, тиіспе дедім ғой адамдарға, көзіңді құртайын сенің, алба-

сты малғұн! Мә саған, мә саған!... Екіншілей жұрт жүретін жерге жолап көрші енді, біржолата жайратып салайын сені!» – деп қаһарланып, ол бірдеңені ұрғыштай, төпелей жөнелді. Балалардың көзіне бөтен ешкім де көрінбейді, «Кенже ағаның есі ауысып кеткен бе» дегендей бір-біріне үрейлене қарайды. Кенже біразға дейін біреуді қуып жүріп, қамшысымен жан-жақты сабалап болды да, «уһ» деп батыс жаққа қарай бұрылып, күбірлеп дұға оқып шамалы отырды, сосын Мәлібектің жанында жиналып үрпиісіп тұрған балаларға келді. Мәлібектің қорыққаны сонша, денесі дірілдеп, тісі-тісіне тимей, қалш-қалш етеді. Балалардың зәрелері ұшып, не болғанын білмей, сілейіп, үн-түнсіз тұр. Бәрінің бойын үрей билеп, қара көлеңкеде әр жерден бір құбыжық көріне бастағандай. Кенже оларды ат-арбасына мінгізіп алып, қараңғылатып, ауылға қарай тартты. Жолшыбай ол құттары қашып отырған балаларға қарап: «Ей, сендер жігіт емессіңдер ме, қой, қорықпаңдар. Ер-азаматтың бойында рух болмаса, оның несі еркек. Мұндай су басында, елсіз жерде жүргенде әркім «Кәлимасын» қайырып жүруі керек, сосын айдалада жатуға, кешке су басына баруға болмайды, жын-перілер сондай жерлерде жүреді деп, айтып едім ғой сендерге», – деп оларды жігерлендіргісі келген, бірақ бұл әңгімені естіген балалардың, бұрынғыдан да бетер жүректері дүрсілдеп кетті.

Ертеңіне түске таман балалар өз-өздеріне келіп, болған жағдайды білгенше асығып, Мәлібектің үйіне барған. Ол төсектен енді тұрып жатыр екен, құрбылары келген соң, апыл-ғұпыл сыртқа шықты. Шақырайып тұрған күннен тығылып, олар аласа кесек үйдің көлеңкесіне отырды. Мұның әңгімесін естігенше құрдастарының әрең шыдап тұрғанын көріп Мәлібектің айтқаны:

– Ағаш отырғызып болып, енді баудың шетіне шыға бергенде, біреу арқама мініп алды да, қылғындыра бастады, өзі сақ-сақ күледі, жас баланың күлкісі сияқты. Бір кезде мойнымдағы қолдарын ұстап қалсам, жүн-жүн, тастай бір нәрсе, есім шығып кетті, жүруге әрең шамам жетті, тұншығып барамын. Ол арқама жабысып алған, мені құлатқысы келіп, қытықтай бастады, мен ытқып кеттім. Қолдарым сіресіп қалған, көтере алмаймын, сөйтіп енді құрыдым ғой дегенде, сендер жетіп, жаным қалды-ау, әйтеуір. Ол адам емес, бірақ дауысы баланың шықылықтағанындай

бір жәндік, «шайтан» деген сол шығар, – деді ол дауысы дірілдеп. Сөйлеп отырған Мәлібектің мойнынан көзін алмай қалған Марат деген бұлардың ішіндегі бойы ең кішкентайы: «Мә-әә, мә-әәә, қараңдар», – деп, текеше маңырап, Мәлібектің мойнына сұқ саусағын шошайтып көрсетіп, өзі қалшылдап, тұтығып сөйлей алмай қалды. Бәрі ол көрсеткен тұсқа үңіліп, үн шығармай мелшиіп отыр. Дәу қос бармақтың көкпеңбек іздері Мәлібектің мойнының екі жағында бадырайып тұр. Мұны көріп Мәлібектің өзі де, құрбылары да естерін әрең жиған. Бұл оқиғадан соң балалар, енді қайтып Соркөл жаққа аяғын баспайтындай болып, біразға дейін үрейленіп, өз-өздеріне келе алмай жүрді.

Осы оқиғаны естіген тереңөзектіктер Кенжені «шайтанды сабаған Кенже» деп кеткен. «Бәсе, оның үндемей жүретінінде гәп бар, ол шайтандарды көріп отырады екен. Өзі батыр жүректі жан ғой, әйтпесе, шайтанның өзін сабау деген осал адамның қолынан келер іс емес», – деп ауылдастары Кенжені «пір» тұтып, қасиетті жан деп құрметтеген.

Ал, Мәлібек, байғұс бала, қатты қорыққаннан, ешкімге жоламай бөлек жүретінді шығарды. Өзі бір орында отыра алмай, жыбырлап, түнгі ұйқысы бұзылып, шошып оянып, кейде, тіпті таң атқанша көз ілмей шығады. Сол жылы оныншы класқа көшкен оның оқуға да ынтасы жоқ, меңіреу жан секілді, мең-зең болып қалған. Шешесі Пернегүл баласын молдаға да оқытып, дәрігерге де қаратты, бірақ айтарлықтай нәтиже болған жоқ. Мәлібектің бұл жағдайын естіген Кенже қазан айының бір құрғақ күндерінде оны ертіп, ауыл сыртына күн батқанда жеті рет алып барып, батып бара жатқан күннің сәулесіне қаратып қойып, жерге аунатып, қолындағы дәу қара пышақты баланың үстінен оңды-солды сермеп жеті рет жерге қадап, күбірлеп жүріп дұға оқып, дертінен айықтырған еді. Содан кейін Мәлібектің беті бермен қарап, ол қайтадан қатарға қосылып, бұл оқиғаны есіне алмауға тырысатын.

Қыстың күндері Кенже киік аулауға шығатын саятшы жігіттермен әлек. Ол ат үстінде жүріп, кең даланы шарлап шығады. Сол маңайда сирек кездесетін тоғайлардың іштерін де барлайды.

Қаладан, ауданнан аң аулауға келетіндердің көбісі автокөліктері, немесе, мотоциклдері барлар. Олардың арттарынан ат ілессін бе? Кенже орман шаруашылығында істегелі

бері он бес жылдай уақыт өтсе де, өзіне бір де бір рет шыбық ағаштан басқа ештеңе сұрамапты. Шіркіндер-ай, өздері түсініп, ең болмаса, бір ат та мінгізбеді-ау. Мынау астындағы ақ қасқа айғыр да міне-міне жауыр болды. Осы мәселені өткен жылы бұл мекемеде инженерлік қызмет атқарып жүргеніне жиырма жылдай болған Жармағамбет ағасына да айтып көріп еді, одан да қайран болмады. Ол басқа біреуге қол үшін беруге дайын, бірақ өз туысқанына көмектесуге жоқ. Неге екені белгісіз. Сөзден қашатын болуы керек.

Қазан айы да аяқталып, жауын-шашындатып, күн суыта бастаған кез. Бүгін Кенже әдеттегідей, аққасқа күрең атына мініп, түске қарай даланы барлауға шыққан. Жаңбыр қойған, бірақ аспан түнеріп тұр, тақыр жер, ат тұяғы да сүрініп кетердей, тайғақ. Бір уақытта ауыл жақтан зымырап «үш аяқты» мотоцикл шықты. Үстінде үш ер кісі бар. Кенет көзді ашып-жұмғанша мотоцикл омақаса құлады да, үстіндегілер ұшып түсті. Кенже атын сабалап шауып жеткенде, екі жігіт екі жақта жатыр екен. Ол атынан түсіп жандарына келіп қараса, өз ауылдастары – Шортанбай мен Ілияс. Біріншісі көтеріліп, тұрып жатыр, ал Ілиястың аяғы шыққан ба, сынған ба, қозғала алмай отыр. Кенже оларға аларып бір қарады да: «Қандай түлен түртіп, зуылдап жүрсіңдер, тағы киікті қыруға шықтыңдар ма, сендер Құдайдан безгенсіңдер. Үшіншілерің қайда, ол кім еді?» – деп ол айта бергенде, әріректен «ойбайлаған» дауыс естілді. Кенже мен Шортанбай солай қарай жүгіріп барса, Жармағамбеттің көршісі Нарбек апандай құм шұңқырға түсіп кетіпті. Іші толған жыланның ортасында есі шығып кеткен жігіт бұларды көріп: «Ойбай, құрыдым!», – деп бақырып қоя берді. Кенже абайлап жылжып, қыбырлағанын білдірмеуге тырысып, сонда түсті. Нарбекке «үніңді өшір» дегендей белгі берді де, өзі құжынаған жыландардың ортасына кіріп, жәймен ғана ернін жыбырлатып дұға оқып тұр, арасында жыландарша «ысcс» дегені естіледі. Бір кезде жыланның ең үлкені, дөңгелек шақшадай шағыр көздері шатынап, ирелеңдеген ақ тарғыл жуан білектей денесі былқылдап, дәу жұдырықтай теңбіл-теңбіл, жасыл-сарғыш түсті басын қақшитып, жәймен жылжып, Кенженің жанынан өтті де, ініне барып кірді. Бұл «ата жыланның» өзі болуы керек. Содан кейін барлық жыландар бірінен соң бірі

індеріне кіре бастады. Кенже «тырп» етпей отыр, жыландар кетіп болмай жатып, Нарбек ұшып түрегеліп, шұңқырдан ытқып шығып, қаша жөнелді. Шамалыдан кейін жігіттердің жанына келген Кенже, оларға: «Сендер «кие» дегенді білмейсіңдер. Әрбір жанның «киесі» болады. Мына дала қасиетке толы. «Ақ бөкенді атуға болмайды» деп халық бекер айтпаған. Ол момын жануарлар Құдіреттің жер бетіне жіберген пәктігі мен сұлулығының айғағы ғой. Сендердің әнеукүні де екі бөкенді жайратып, ішек қарындарын ақтарып кеткендеріңді естігенмін. Сонда «әй, бұларды бейкүнә жануарлардың «киесі» жібермес», – деп едім-ау. Бүгін өздеріңе Жаратқан ием бір рет ескерту жасады, енді бұл кәсіптеріңді қоймасаңдар, оңбай қаласыңдар, айтпадың демеңдер», – деп олардың төңкеріліп жатқан мотоциклдерін тұрғызысып жатып: «Енді табандарыңды жалтыратып, қайқайыңдар!», – деп жекіріп, атына секіріп мінді де, ол шаба жөнелді.

Бұл үшеуі жиырма бес пен отыздың арасындағы жігіттер. Бәрі де аудандағы мекемелерде әп-әжептеуір қызмет істейді. Ауылға барысымен, олар көргендеріне өздері де таңданып, болған оқиғаны жақындарына айтқан. Осыдан кейін ел арасында, әркім өз қосарын қосып: «Кенже жылан арбайтын сиқыршы екен, өзі барлық жануар-жәндіктің тілін білетінге ұқсайды» деген әңгіме гу-гу тарап кеткен еді.

Сол жылғы қыс қаһарлы болып, жер тоңы көкек айының ортасына таман зорға еріген. Ызғардан әбден мезі болған тірі жанның бәрі енді жыли бастаған күннің шуағына мәз болып, тұла бойларына қан жүгіре бастаған. Сондай жаймашуақ сәуірдің бір күндері Нарбек қосауыз мылтығын қолына алып, өткендегі өзі түскен апанға аттанады. Сөйтіп барып: «бұл бәлелердің көзін жойып, ұясын құртпаса, ауылға кіреді», – деп жыландарды қырып салып, ордасын талқандаған. Арада бірнеше күн өтпей жатып, күн қайтадан суытып, біразға дейін толастамай қар аралас жаңбыр жауып кеткен. Нарбек үйіндегі пешке от жағып, түнде суып кетпесін деп оған көмір салып, сол пештің түбіне, жылы жерге он жасар Жарқынбек пен сегіздегі Асқарын және әйелі Қызылгүл мен төртке енді ғана толған Балауса атты кішкентай ғана, өзінің жанындай жақсы көретін қызын жатқызып, өзі басқа салқын бөлмеге барып ұйықтапты. Таңертең бұл басын зорға көтеріп, мең-зең болып тұрып,

оларды оятайын деп барса, бөлменің іші көк түтін екен. Ол жанұшыра үш баласы мен әйеліне жүгірген. Қараса, төртеуінің де кеуделерінде жаны жоқ. Есінен танып қала жаздап, Нарбек олардың өлі денелерін құшақтап, өкіріп, бәрін сыртқа шығарып жүргенін көріп жиналған көршілері ішектерін тартып, жағаларын ұстап: «Астапыралла, Астапыралла, Нарбекті жыландардың киесі ұрды, өзін емес, мұндайда жанын шырқыратып, ең асылынан айырады деп айтушы еді білетіндер. Мына сорлыны барынан айырғанын қарашы. Ей, Алла! Тірі жанның обалына қалдыра көрме», – деп, бұл дүниеде барлығының сұрауы бар екеніне тағы көздері жеткен пенделер, иманына шақырып, тәубәсін айтып, Жаратушыға жалбарынған...

Бұл қасіретті көтере алмай, Нарбек арақ ішіп кетіп, аудандағы құрылыс мекемесінде істеп жүрген прорабтық қызметінен де шығып қалды. Туысқандары емдетуге апаруға оны көндіре алмаған. Бұл ауыр жағдайдан кейін, арада үш жылдай уақыт өткен соң, ішіп, әр жерде жатқан оны аудандық ауруханада еден жуушы болып істейтін Қамқа атты отыз үштегі өзімен жасты, екі ұлымен күйеуінен жесір қалған, жас әйел үйіне кіргізіп алған. Бойы сыптай, ақсары жүзіндегі қиық көздері өзіне жарасатын, әпәдемі Нарбекті ол жуындырып-шайындырып, сылап-сипап жүріп, екі жылдың ішінде қайтадан қатарға қосқан еді. Ол арағын қойып, бұрынғы құрылыс мекемесіне бригадир болып орналасып, енді аяғына тұра бастаған. Екеуінің отасқанына үш жылға аяқ басқанда Қамқа босанып, дүниеге келген ұлдың басы бір иығына қарай қисайып туды. Содан Нарбек қайтадан araққа салына бастады. Бір күні ол бірге ішкен досының табалаған сөздеріне шыдай алмай,оның басын таспен ұрып жарып, ақыры сотталып, түрмеге түсті. Қамқа, байғұс, жылап-еңіреп жүріп жалғыз өзі балаларын өсіріп, соңғы ұлы Жасынды «қожаның тұқымы, бұл киелі бала» деп аялап, алақанына салып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмады. Ауылдас балалардың «қисық бас» деп, мазақтағаны жанына қатты бататын Қамқа, оларды үйлеріне қуып барып, шешелеріне тиісіп: «Неге балаларыңның ауыздарын тыймайсыңдар? Кімнің алдында не күтіп тұрғанын бір Құдай біледі. Менің балам қызметкер болғанда, алдына кіре алмай жүресіңдер әлі», – деп аласа бойын тіктеп, қараторы жүзі алабұртып,

жас үйірілген қысық көздерінде қайсар намыс оты жарқылдайтын. Кейін Қамқаның басқа балалары оқымай, осы Жасыны ғана Қызылордадағы кооперативтік техникумын бітіріп, ауданда бухгалтер болып істеп жүріп, сол саладағы институтта сырттай оқып, анасын асыраған екен. Ал, Нарбек түрмеде көз жұмыпты.

Жылдар өтіп жатты. Кенже алпыс үшке келіп, ауырмай-сыздамай, ұйықтап жатып, кенеттен қайтыс болды. Жұрт оны тірі кезінде де әулиедей көретін, енді ауылдастары оған «тәу» етіп, бейіт басына барады.

## БАЗАРДАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕР

### Бірінші оқиға

1965 жылдың сәуір айының соңы. Күн жылынып, жұрт қыстан құрысқан белдерін жазып, бір-бірімен қуана қауышып жатыр. Жердің бусанған иісіне еліткендей, қалт-құлт еткен жәндіктің бәрі індерінен сүйретіле өре шығып, күн нұрына қыздырынып, масайрап шаттануда. Бүкіл тірі жан буын-буыны босап, бір масаң күйге түскендей, әйтеуір, мына құдіретті кеңістікте аман-есен қыбырлап жүргеніне мәз.

Аудан орталығындағы кішкене базардың іші ығы-жығы адам. Бір-бірімен амандық-саулық сұрасып, қуана қауышып жатқан ауылдастардың ақжарқын жүздері жарқыраған күн нұрымен шағылысып, көбісі көздерін алақандарымен көлегейлеп тұрып-ақ әңгіме соғуға кірісіп кеткен. Боранкүл деген ақсары толық әйел де өзінің көптен көрмей жүрген темір жолдың арғы жағындағы бейітке жақын тұратын Қымызгүл атты танысын кездестіріп қалды. Қымызгүл жасы отыздардағы орта бойлы, дөңгелек жүзді, қараторы келіншек. Ол үнемі басынан орамалын тастамайды, өйткені, маңдайының қақ ортасынан басталатын аппақ жолақ шашын көрсетуге ұялады. Ескінің қалдығы деп орамал тартпай, шаштарын қырқып, немесе төбелеріне түйіп, сән түзеп, модаға еліктеп, етектері тар, әрі қысқа киім кимегендер оның қатарларының арасында кемде кем. Үлкен әже-апалар қыз-келіншектерді жөнге саламыз деп, батырып та, ұялтып та айтып көрген, бірақ жастар сөздерін құлағына

қыстырмаған соң, олардың да көзі үйренейін деген бе, әйтеуір, алғашқы жылдардағыдай емес, балтырларын жарқыратып, шаштарын шолтитып шыға келген қыз-қырқынға тыжырынып, жақтырмай, тиісіп жүрген ауыл кемпірлері қазір бірен-саран болмаса, жоқтың қасы. Бір-бірімен шүйіркелесе кеткенде: «қайтесің заман солай болып тұр да, біздің кезімізде ата-енесінің, ер-азаматтардың алдында ұрғашы немелер осылай ашық-шашық жүріп көрсін, олардың жындарын біржолата қағып алушы еді ғой жан-жағындағылары», – деп көздерінің алдында тайраңдап жүрген келіндеріне әлдері келмей, жастардың тәрбиесін кеңес үкіметіне тапсырған енелер өздерінің қауқарсыздығына налитын.

Амандық-саулық сұрасып болып Боранкүл: – «Әй, Қымызгүл, анау дүкенші Үрияны осыдан бір апта бұрын үйінде кендір жіппен буындырып біреулер өлтіріп кетіпті ғой, естіген шығарсың, сендердің үйлеріңе жақын тұратын емес пе еді ол апай?» – дейді.

– Ия, сондай жағдай болды. Сұмдық-ай, кімдер екені белгісіз, кейбіреулердің айтуы бойынша, бұл саудадағы бірге істеген бастықтарының ісі болуы мүмкін. Өздері ішіп-жегендерін Үрияға «мойныңа ал, сені біз соттан құтқарып аламыз» десе керек. Үрия қолы таза, алдау-арбауды, жағымпаздықты білмейтін жан еді ғой, ол мұндай әділетсіздікке көнбеген. «Бұл қылмысқа баратын мен ұры емеспін, арым таза, жегендеріңді орнына әкеліп қойыңдар, немесе жазасын өздерің тартыңдар. Алғандарыңның бәрі менің дәптерімде жазулы, қойған қолдарың да бар», – деп ол бой бермей, көнбепті. Тексеру кезінде пәленше мың заттың орны жоқ екені анықталған. «Кімнің не алғанының бәрін айтып, дәлелдеймін», – деп Үрия байғұс солардың жіберген адамына айтпай ма. Соның артынша кешке Үрияның үйіне екі адам келіп, дәптерді беруді талап етеді, ала алмаған соң үйін тінтіп, ештеңе таба алмай кетеді. Ертеңіне әлгі басшылардың адамдары тағы келіп, әрі-бері Үрияны шығынды өз мойнына алуға көндірмек болған. Ол үзілді-кесілді бас тартып, еш ымыраға келмепті. Үрия бір өзі тұратын. Жалғыз ұлы Алматының бір техникумында оқиды екен. Ол жас бала ғой, не білсін, анасы оны аяп ештеңе айтпапты. «Мен сонша жылдан бері өз жұмысымды абыроймен атқарып жүрмін, неменеге қорқуым керек? Бұрыңғы бастықтар

алса, кейін орнын толтыратын, мына бәлелер бетсіз екен. Өзімнің ұқыптылық әдетіммен журналға қол қойғызғаным жақсы болыпты, әйтпесе, мына антұрғандардың өздерінің жегендерін мойындайтын ойлары да жоқ қой», – деп Үрия бір-екі құрбы әйелге айтқан. Көрмейсің бе, сол ақырында, өзіне бәле болып жармасқанын.

Бір күні Үрия жұмысқа келмей қалған соң дүкенде бірге істейтін Зинаш оны үйіне іздеп барса, есігі ішінен ілінген екен, әрі-бері ұрады, ешкімнің үні шықпайды, терезеге барса, пердесі жабық, бір бәленің болғанын сезген әйел көршілерді ертіп келіп, есігін ашса, кіре берістегі бөлменің төбесіндегі ағаш бөренеге байланған кендір жіпке асылып тұрған Үрияны көріп, олар шошып, ойбайлап жүріп, милиция шақырады. Өліктің денесі күп болып ісіп кеткен екен, – деп әңгімесін аяқтаған Қымызгүлге екі көзі шарасынан шығып кете жаздап қарап, бағанадан бері бір орында сілейіп қатып қалғандай, денесі тітіркеніп тұрған Боранкүл:

– Есік-терезелері жабық болса, сонда ол жалмауыздар қайдан шыққан, ол үйдің иті жоқ па екен? – деді дауысы дірілдеп.

– Негізі терезеден шыққан болулары керек, бір терезесінің жартысы ашпалы екен, бірақ барлығы ішінен ілінген, жабық дейді көргендер. Әлде әйнегін алып, шыққан соң қайтадан салған шығар, кім білсін? Ал итке алдын ала ұйықтататын дәрі берген дейді ғой, – деп Қымызгүл бәрін өзі көзімен көргендей ғып тәптіштеп айтып берді.

– Енді ол жауыздардың кім екенін тапса болғаны ғой. Үрияның күйеуі ертерек дүние салған деп естіп едім. «Туған-туыстың да ашаршылық пен соғыс түбіне жеткен», – деп бір сөзінде иманды болғыр Үрия айтып қалып еді, байғұстың жанашыр ешкімі жоқ-ау. Марқұмның өзі де тұйық еді ғой, шешіліп сыр айта бермейтін. Әнеукүні, осы оқиғадан екі аптадай бұрын, дүкеніне кіргенімде Үрияның аққұба жүзі солғын тартып, жүдеңкіреп қалған екен, ұзын бойы біртүрлі шөгіңкіреп, екі иығы қушиғандай болып көрінді маған. Екеуміздің апалы-сіңлідей сәлеміміз түзу болғанымен, он жастай алшақтығымыз бар, тексеру жүріп жатқанын естігеніммен, мен батып ештеңе сұрай алмадым. Ол апайды сол соңғы көруім болады деп кім ойлаған. Өзі халыққа жағымды, алдап-арбауды білмейтін, алмас қылыштай турасынан кесетін әділ адам еді ғой. Кейбіреулер секіл-

ді таразыдан, тиын-тебеннен жеуді өзіне намыс санайтын, саудада мұндай жандар сирек кездесетіні белгілі. Енді Үрия апамыздың Алла алдынан жарылқасын. Ойпырмай, Құдай жазасын берсін, анау қанішерлерді айтамын да, өздерінің ішіп-жегенін біреудің мойнына іліп, жазықсыз жанды сот-татып жіберуге, көзін құртуға дейін баруға қалай дәті шыдайды адам баласының. Ақыры таза жанды өлтіріп тындырды, енді көрерсің әлі, олардың ештеңесі кетпейді, сол тайраңдағандары тайраңдаған, жабулы қазан жабулы күйінде қалады. Ешкім ұсталмайды да, сотталмайды да. Көріп, естіп жүрміз ғой, бір-бірімен сыбайлас бәлелер ғой түгі. Екі ортада шыбын өледі деген осы да, Үрия апамыз бұл дүниеде көрмеген жақсылығын о дүниеде көрсін енді. Тек анау артында шырылдап қалған жалғыз ұлына обал болды-ау. Дүние-ай, шындық деген болған ба өзі? Қой, үйдегілердің қарындары ашып, жүректері сазып, мені күтіп отырған шығар. Аман-сау болайық, мына базардан картоп, жуа, сәбіз алуға келіп едім, сені көріп Үрия апайдың өлімінің мән жайын білейін дегенім ғой. Ал, Қымызгүл, жақсылықпен көрісейік, Құдай бәле-жәледен сақтасын, – деді де Боранкүл асыға басып, базардың келесі бетіне қарай бұрылды.

## Екінші әңгіме

Аудан орталығындағы кесек дуалмен қоршалған осы шағын базар үш бөліктен тұрады. Бірінде киім-кешек, темір-терсек, екіншісінде – мал базары, оның жартысында – алаша, киіз, кілем, көрпе-жастық сатылады, үшіншісінде – ет, сүт, бақша өнімдері бар. Орталары ағаш тақтайлармен бөлінген, әрқайсысында аласа ұзын отырғыштар орнатылған, соның үстіне сататындар отырады, алдарына кішкене ағаш жәшіктер қойып, оған заттарын қояды. Бұл азық-түлік сататын жағында, ал ілінетін заттарға – бірнеше бөренеден жасап қойған «П» әріпіне ұқсайтын адам бойынан аспайтын қондырғыштар жасалған. Мал базарында да ағаш бөренелерді екі жақтан қағып, ортасына қарағаштың жуан бұталарын үш қатардан көлденең тартып шегелеп мал байлауға ыңғайлап қаққан. Базарға кіреберістегі дарбазаның кіші есігінің бір жағында екі аяғы тізесінен ағаш протез, жасы елулерге келіп қалған орта бойлы, көмір қара

шашты, қыр мұрынды, өзі мұнтаздай болып киінген, қиық көздері үнемі жасаурап, бір ер кісі күн жылына бастағаннан сырнайын аңыратып, биік тақтай отырғыштың үстінде ағаш аяқтарын алдына созып тастап, күні бойы отырады. Өткен-кеткендер тоқтап, оның алдындағы жез құтыға тиын-тебен тастап кетеді. Оның аты Тәңірберген, әйелі, он бірінші класта оқитын Меңдігүл атты қызы бар. Бұл қыз алғыр, сабақты жақсы оқиды. Ертерек бой түзеп, өзіне жарасымды киім киіп, беті-ауызын бояп, сыланып өсіп келе жатқан Меңдігүл қатарына қарағанда ересектеу болып көрінеді.

Оның шешесі – Палымкүл көп сөйлемейтін, бойы тапал, өзі әлжуаздау, бір көзін ақ-сары шел басып кеткен, күңгірт жүзі әжім-әжім жуас әйел. Өзі ешкіммен араласуды да білмейді, кейде оның мұрнының астынан міңгірлеп шыққан сөзін адам ұқпайды. Бұл үшеуінің осы ауылға көшіп келгендеріне бес-алты жылдай болған. Өздерінің айтуы бойынша, олар Қарақалпақстаннан келген екен. Анасы байғұс жалғыз қызын қызғыштай қорып, қашан ол ұйқыға кеткенше, көзінен бір елі таса қылмайды.

Меңдігүл үріп ауызға салғандай, тығыршықтай денесі орта бойына жарасқан, тәмпіштеу мұрнының ұшындағы тарыдай ғана меңі аққұба жүзіне ерекше бір жасампаздық қылық беріп тұрған әп-әдемі қыз. Оның мінезі жеңілтектеу, күлегеш, сондықтан да болар ол аудандағы жігіттердің көзіне ертерек түскен еді. Бірақ олардың көбісі әкесінің жағдайын білгендіктен бе, онымен жүруге қашқақтайтын. Кейбіреуі «ертең ол қыз бүлініп қалса, кемтар әкесінің қарғысына қалармыз» деген оймен оған жоламайтын болуы керек. Сондықтан Меңдігүл қанша қылымсығанымен, ешбір жігітті әлі қармағына іліндіре алмай жүр. Оның үстіне, шешесі де бір елі соңынан қалмайды, аңдығаны қызы.

Сөйтсе де, Меңдігүл жаздың бір күнінде қаладан келген бір шопыр жігітпен қашып кетіп, Қызылордадан бір-ақ шыққан көрінеді. Әкесі мен шешесі жылап-еңіреп, милицияға барыпты, олар қаламен хабарласып отырып, бірнеше күннен кейін әлгі жігітті тауып, Меңдігүлдің «мен өз еркіммен келдім» дегеніне құлақ аспай, кәмелетке толмаған қызды алып қашқаны үшін әлгі күйеуді қамап тастапты. Баласын әрең құтқарып алған жігіттің ата-анасы, «біз қайыршының қызын келін еткенше, өлгеніміз жақсы», – деп Мең-

дігүлдің жағдайынан хабардар болған соң, оны үйінен қуып шыққан. Ол жігіт содан қайтып, бұл ауылға ат басын бұрмаған көрінеді. Қыз екіқабат болып қалған екен, тоғыз айдан кейін тоқпақтай ұл туып алады да, оны өз әкесінің атына жаздырады. Сөйтіп Тәңірберген ұлды болыпты.

Меңдігүл алты ай өткен соң баласын шешесіне тастайды да, өзі қаладағы әріп терушілер даярлайтын курста үш ай оқып келіп, аудандық тұтынушылар қоғамының кеңсесіне жұмысқа кірген. Кездескен еркекті құр жібермейтін нағыз сайқал деп жұрт оған жиіркенішпен қарайды.

Ал Тәңірберген болса, сол базарда сырнайын тартып, мұңлы әуендерін аңыратып әлі отыр. Тек бұрынғы қап-қара көмірдей шашы әппақ қудай.

## ҚОҢЫР МҰҢ

### Бірінші әңгіме

Шағын Тереңөзек ауданында алпысыншы жылдардың ортасында жұрт бұрын-соңды естіп-білмеген сорақы оқиғалар көбейіп кетті. Сол ауылдағы әр үйде не болып жатқанынан бірінші болып құлақтанатын қолындағы азын-аулақ қой-ешкісі мен жалғыз сиырларын сауып, өріске жаю үшін бақташыға қосып жіберуге ерте тұратын әйелдер. Ол кезде Кеңес өкіметі ауылда тұратын халыққа бір ірі қарадан және азғана ұсақ малдан артық ұстауға рұқсат бермейтін.

Күздің жаймашуақ бір күнінде орталықтағы азық-түлік дүкенінің жанында Күлпаш пен Әмина атты екі құрбы келіншек кездесіп қалды. Жастары отыз бестер шамасындағы бұлар аудан орталығындағы қазақ мектебінде бірге оқыған. Ерте тұрмыс құрған бұл екеуінің де арнайы мамандықтары болмағандықтан, тиянақты жұмыстары жоқ, күйеулерінің табыстарына қарап, жас балаларын бағып-қағып, үй шаруасымен айналысады. Екеуі де ақжарқын, әзілқойлықтан алдарына жан салмайды.

Ауыл жаңалықтарын да бірінші болып естіп, тарататын қатын-қалаштардың қатарында бұлар да бар. Кішкене бойлы, жұмыр денелі, екі аяғы балғадай, көмірдей қара шашын ортасынан екі айырып, қос бұрым ғып өріп, желкесіне түйіп

жүретін Әмина тап-тұйнақтай, шалт қимылдайды, бар шаруасын тез тындырып тастап, маңайдағы үйлерге де кіріпшығып, соңғы жаңалықтарға құлағының құрышын қандырып, оны басқаларға айтып та үлгіреді. Күйеуі Әлмырза көп сөйлемейтін момын жігіт, астық дайындау комбинатында көлік жүргізуші болып істейді. Ол күні-түні сықырлаған жүк мәшинасынан түспей, аудан мен күріш егістігінің арасында, қыстың күндері ғана қолы босағаны болмаса, басқа кезеңдері апталап үй көрмей, сабылады да жүреді. Әминаның өзінің де, күйеуінің де әке-шешелері совхозда тұрады, олар азын-аулақ мал ұстап, шаруалықта жұмыс істейді. Бұлардың біріне-бірі ілескен, алдыңғылары мектепте жоғары класта оқитын үш ұл, бір қызы бар. Ал Күлпашты жұрт «сары қатын» деп атап кеткен. Өзі шынымен сапсары, шашы да ашық қоңыр, көзі бадырайған көкшіл, жасына жетпей толып кеткен, әсіресе ыстық күндері ырсылдап зорға қимылдағанына қарағанда, денсаулығы да шамалы болуы керек. Бірақ дәрігерге көрінуден ат-тонын ала қашады, өйткені солардың қателескенінен асқазанға жасалып жатқан операция үстінде, бұл он алтыға енді толғанда, анасы қайтыс болған екен. Мұның күйеуі Құлахмет те шопыр, үсті брезент «Уазик» жеңіл мәшинасымен «Ауылшаруашылық техникасы» атты мекеменің бастығын тасиды. Ол да «командировкалатып», көбінесе үйде бола бермейді. Бұлардың мектепте оқитын бір қыз, бір ұлы бар. Күлпаш енесімен бірге тұрады, сондықтан әңгіме-дүкен құрып жүруге, Әминаға қарағанда, мүмкіндігі аздау.

– Әй, Күлеке, аман-есенсіңдер ме? Байың қасыңа көптен бері жатпаған ба, еңсең түсіп кетіпті ғой. Байқа, Құлахметің бастықтармен жүреді, олардың қалтасында ақша, астарында көлік болғандықтан, есіріп қыз-келіншектермен ойнапкүлгіш екендерін естіп жүрміз ғой, күйеуің біреуге ғашық болып, басы ауып қалмасын. Анау Баймахан ше, әлгі су шаруашылығында инженер болып істейтін еңгезердей қара жігіт бар ғой, сол махаббат үшін қырылысып жатыр, әнеки, – деп бастады әңгімесін Әмина, құрбысымен апыл-ғұпыл амандаса салысымен, оны ынтықтыра түсіп.

– Аманбыз, әйтеуір, жүрміз ғой сүйретіліп. Ойпырмай, Баймаханға не болып қалыпты. Ол Анарға үйленейін деп жүрген жоқ па еді. Оны қойып тағы біреуге ғашық болыпты ма? – деп Күлпаш та әңгімені іліп ала жөнелді.

– Ие-е-е, сен өзің маужырап жүріп, біраз нәрседен құр қалыпсың ғой. Ойбай, ол қызды Қалыбай деген прокурор жігіт ше, өзі Баймаханмен дос екен, сол алып қашыпты. Артынша Баймахан бірнеше жігіттерін ертіп барып, Қалыбайды ұрып жығып, Анарды тартып алып кетіпті. Сөйтіп, Баймахан үйіне барғаны сол-ақ екен, прокурор ғой, ол не істеуші еді, милиция жіберген, «күштінің арты диірмен тартады» дегендей. Олар Баймаханды қамауға алмақшы болған. Содан Баймаханның жолдас жігіттері милицияны сабапты. Кейін тағы бір топ милиция келсе, бұлар үйдің есігін ішінен тарс жауып алып, ауладағы қабаған итті шынжырдан босатып жібереді. Содан милиционерлер қолдарындағы радио сияқты «мегафон» деген бірдеңемен: «жақсылықпен шығыңдар, әйтпесе, көкелеріңнің тойын көресіңдер!» – деп кеше кешке дейін айқайлап тұрғанын сен қалай естімегенсің, бүкіл Тереңөзек шулады ғой, – дейді Әмина әңгімені қызығына жеткізгенше асығып.

– Әрмен қарай айтшы. Сонымен Баймахан байғұсты қамады ма?

– Қамамай қоюшы ма еді милиция дегенің. Өзі прокурорымен қоса милициясын ұрса, қамап қойған, әрине.

– Анар не істеді екен? Өзі үріп ауызға салғандай әдемі қыз ғой. Жігіттер таласпай қайтсін. Баймахан екеуінің жүргеніне де біраз болды ғой, неге осы уақытқа дейін үйленіп алмаған екен өздері? Екеуі қол ұстасып киноға, тойға бірге барып жүргенін көріп жүрміз. Анау Қалыбай прокурорлығын пайдаланып, қыз көнбесе де алып қашқан да, заң өз қолында ғой, – деп Күлпаш та қызына түсті.

– Анарың мықты екен. Баймаханды милиция алып кеткен соң, ол жолдың арғы бетінде тұратын Баймаханның күйеудегі қарындасының үйіне барып, «мен Баймаханнан ешқайда кетпеймін» деп сонда қалыпты. Анар қыз өзі мұғалім ғой. Туған жері Жалағаш жақта, Қызылордадағы мұғалімдер институтын бітіргеннен кейін жолдамамен осында келіп, жұмыс істеп жүрген. Мұнда бір ағайындарының үйінде тұрып жатқан көрінеді. Ал Баймаханның әке-шешесі құмда мал бағады екен. Өзі қаладағы су шаруашылығы институтын бітіріп келіп, қызмет істеп жатқанына екі жылдай болған, пысықтығынан аудан басшылығынан екі бөлмелі жер үй алып та үлгеріпті. Жаңағы оқиға сол үйде болған.

– Әй, маладес Анар қыз, шын сүйеді екен. Қарашы ананың прокурорлығына да қызықпай, сатылмауын. Енді милиция дегенің оңайлықпен Баймаханды шығарса болғаны ғой.

– Баймахан еркек екен, жолдастары көп, бәрі шетінен қызметкер. Оқығанның жөні бөлек қой, біздердікінің мәшинаның бұрандасын бұрағаннан басқа ештеңе қолдарынан келмейді. Ойпырмай, ең болмаса, анда-санда қолы босағанда бір мейіріңді қандырып әңгімелесуге де жарамайды ғой. Онымен бірге қонаққа бара қалсаң, арақ ішіп алып әркімге әкіреңдеп, масқараңды шығаратынын қайтерсің. Әйтеуір, байға тиіп, балалы болған соң, алдап-сулап «сенікі дұрыс, сенен жақсы жан жоқ» деумен көлгірсіп, әртіс болып, «жұртқа күлкі болып қалмайын, жаман болса да балаларымның әкесі ғой, жастайымнан қосылған қосағым, бұған менің жаным ашымағанда кімнің жаны ашидымен» өзін-өзі басумен келе жатыр ғой, мына пақыр құрбың, – деп Әмина Баймахандай азаматқа тамсанып тұрып, байқаусызда өзінің өміріне налитынын Күлпашқа білдіріп қойғанына намыстанып қалды да, артынша дереу онысын жуып-шайған болып: – Әйтеуір, Анар екеуі қосылып, бақытты болсын. Қой, мен әңгіме соғып тұрғанда үйдегі балалар мектептен келіп, қарындары ашып қалған шығар, – деп ол тез қоштасты да, жіберген ағаттығына жыны ұстап, енді өзінің күйеуі туралы айтқаны бүкіл ауданға жайылатынына іші күйіп, алай-дүлей болғанын байқатпауға тырысып, аяғын шапшаң басып жүріп кетті.

Бұл оқиға рас болып шықты. Он күн өткен соң, Баймахан ақталып шығып, Қалыбай прокурорлық қызметінде ауызша сөгіс алған.

Баймахан мен Анардың үйлену тойы аудан орталығындағы асханада дүркіреп өтті. Ағайын-туыс, жора-жолдас мәз-мәйрам болып қуанып, екі жасқа бақ тіледі. Барлығы махаббаттың, адалдықтың, шынайы сезімнің жеңетініне сенімдері артып, өмірдің көлеңкесінен гөрі шуағы көп екеніне көздері жетіп, көңілдері жайланған еді. Бұл сенім мен жеңіс тойы болды.

Бірақ өмірдің аяқ астынан күрт бұрылыс жасайтын кездері көп екен. Жас жұбайлардың бақыты ұзаққа бармады. Жарты жыл өтпей жатып, Анар кенеттен электр үтіктің

жалаң сымына қолы тиіп кетіп, тоқ тартып, аяқ астынан қайтыс болды. Екіқабат екен, ішінде үш айлық нәрестесі кетті. Содан кейін Баймаханның құр сүлдері қалған, оны көрген адамның іші бауыры езіліп қоя беретін. Бір жылдай ол жан қасіретін жұртқа білдірмей жүрді. Жүзі қуарып, солғын жанары айдаланы кезіп, жанындағылармен сөйлесіп тұрса да, оның көңілі алаңдап, басқа жақта сияқты болатын. Бір күні ымырт түскенде көршілердің электр жарығы өшіп қалған. Аудандағы жалғыз монтер Гриша деген орыс жігіті үйінен табылмапты. Содан Баймахан оның құрал-сайман-дарын шешесінен сұрап алып, аяғына темір кісен тістеуігін киіп, белін шынжырмен электр сымы тартылған бағанға бекітеді де, оған өрмелеп шығып, үзілген жерлерді жалғас-тыра бастайды, қолы икемге келмеген соң резеңке қолғапты шешіп тастапты. Бір кезде Баймаханның шырқыраған жан дауысы шыққанын естіген үй иелері мен көршілер болған сұмдықты көздерімен көреді. Баймаханның шаштары ша-тырлап жанғанда, оның зарлап, көмекке шақырған жан дау-ысын есіткен қатын-қалаш өкіріп, зәрелері ұшып, балалар-ды алып қаша бастады, еркектер бағанды айналып, жүрек-тері қақ айырылардай аһ ұрып, дәрменсіздіктен далбасалап беталды жүгіріп жүр. Оған жақындаса өздері құритынын бәрі біледі. Біразға дейін Баймаханның жанұшыра ышқынып шыңғырған дауысы кешкі ауада жаңғырып, иттер үдере абалап, мал үрейлене маңырап, жан-жақтың бәрін тітіркендіріп, түршіктіріп жіберді. Баймаханның қап-қара көмірдей болып күйген денесін көрген жұрт бақырып, ой-байлап кетті, одан кейін қарауға ешкімнің де дәті шыдама-ды. Діңкелері құрып, аулаққа қашып барып, жүректерін ұстап, еңкілдеп отырып еңірегендер мұндай азап өлімді бұрын-соңды көріп-білмеген еді.

Баймаханды жоқтап, егілмеген жан жоқ. Оның мәйіті Анардың жанына қойылды. Оларға арнап Махаббат маза-рын салдырған туған-туыс, жора-жолдас мына жолдарға екі ғашық жанның ғұмырының мағынасын сыйғызғандай: «Олар сүйді, өртенді, күйді. Мәңгілік Махаббат әлеміне бірге ұшты».

Бұл оқиға талай адамның жан-дүниесінде қопарылыс жасап, көп ой салғандай. «Мына жарық фәниде бірін-бірі сүйгендер неге бақытты бола алмайды? Неліктен жақсы-лардың ғұмыры келте?» – деген сұраққа әр пенде өзінше

жауап іздеп әлек болды. Бастары қосылғанда ауылдастар Баймахан мен Анардың аянышты тағдырларын көпке дейін тебірене айтып, әсіресе, әйелдер жағы, көз жастарына ие бола алмай қалатын. Біреулері: «Осы тіл-көз деген жаман. Жақсыларға сұқтанғанды қоймайды бұл қазақ. Түк көрмегендей тамсанып, таңырқап, таңдайларын қағып жүреді кейбіреулер. Іштерін қызғаныш тырнап жататындары да бар. Соның бәрі оңдырсын ба адамды. «Тіл-көз тас жарады, тас жармаса бас жарады», – деп бұрынғылар бекер айтпаған ғой» – десе, екіншісі: «әжелеріміз отпен, адыраспанмен үйді де, балаларды да аластап жатушы еді. Қазір соның бәрін «ескінің қалдығы» деп ұмыттырды ғой. Негізі сол дұрыс, әр адамның бойы ауыр тартып, ластанатыны рас, соны тазартып тұру керек», – деп қоштап қояды. Үшінші біреуі: «Айналып келгенде бұл тағдырдың ісі. Маңдайға өмірің жазылып қояды деген рас, ей. Тіл-көз әлсіз жас балаға, әлжуаз адамдарға тиеді, ал қылшылдап тұрған қыз бен жігіттің күш-қуатын тесіп шыға алмайды», – деп өз ойын ортаға салады. Осылай жұрт Баймахан мен Анардың ауыр қазасынан кейін есін әрең жия бастағанда Тереңөзекте тағы бір жантүршігерлік жағдай болды.

## Екінші әңгіме

Жаңыл әжейдің отағасы да, тұңғыш ұлы да Ұлы Отан соғысында қаза болған. Өзі Қараман деген жасы жиырма бестердегі баласының қолында тұрады. Ол тепсе темір үзетін, тапалтақ бойлы, қос жауырыны қақпақтай, екі иығына екі адам сиятындай жігіт. Өзінің мінезі шатақ, көп сөйлеп жатпайды, шымбайына бататын сөз естігенде, дөңгелек шүңгіл көздері шатынап, жуан жұдырығын ала жүгіретіні бар, бірақ көңілі кеткен адамынан жанын аямайды, достық сертке, сөзге берік. Оның қолы ашық, жомарт көңіл екенін ауылдастарының бәрі біледі, көбісі одан сескенеді де, әрі сыйлайды. Осы Қараман жер аударылып келген шешен ағайындардың Зура атты қызына үйленген, одан Қайрат, Айбат атты екі ұлы бар. Зура орта бойлы, талдырмаш, ұзын қоңыр бұйра шашын екі өрім етіп арқасына салып, басынан орамалын тастамайтын әдеміше келген сары келіншек, өзі азық-түлік дүкенінде біраздан бері сатушы болып істейді. Ал Қараман тиянақты еш жерде тіршілік

етіп қарық қылмайды, жүрген ортада адамдармен айқасып қала береді, сөйтіп жұмыстан шығарылады. Бірақ ол өзі бірінші болып ешкімге тиіспейді, ойын-қалжыңды көтермей, кейде Құдай ұрып, боксқа үйренген қолын сілтеп қалады да, артынан біреу түсіндіргенде қателігін ұғып, ыңғайсызданып, мойны салбырап жүргені. Өзі сөзге шорқақ болғандықтан ба, әлде намыс көре ме, әйтеуір, жіберген ағаттықтарына кешірім сұрай алмайды. Темір жол стансасында вагондардан көмір түсіріп, аңға шығып, балық аулап, жігіттермен бірге күріш орып, кесек құйып жүріп, әйтеуір, бала-шағасын асырайтын жалғыз ұлының аман-есен көз алдында жүргеніне шүкіршілік етіп, Жаңыл шешей күніге Тәңірге тәубе айтып отырады. Бір күні өзінен бес жас кіші, былтыр жазда жасы жетпіске келіп қайтыс болған Қарашаш атты көршісінің асында отырып осы Жаңыл шешей:

– Азаматтың жөні бөлек, табысы да берекелі ғой. Шүйкебас ұрғашылар, біз әлімізге қарамай, соларға дікеңдейміз-ау, өзіміз тауды қопарардай болып. Кейде, тіпті, кеудемізге нан пісіп кететіні де бар. Мұның бәрі айналайын асылдан жаралған ер-азаматтардың арқасында. Қатындардың да тайраңдайтыны арқа сүйер жарлары, ұлдары болғандықтан. Еркек деген күш-қайрат қой, еркінсігенді имендіреді, басқа шыққысы келіп керденгдегенді сабасына түсіретін айбат пен қуат қой. Әже-апаларымыз осыны жақсы түсініп, ер-азаматтарының төбесін көкке көтеріп өткендері сондықтан. «Еркегі жоқ үйді жын-шайтан билептөстейді» деген бұрынғылардан қалған сөз бар. Қаншама ел мен жердің тірегі болған апайтөс, жүректерінің түгі бар азаматтарымыздан анау өткен қу соғыста айырылып қалдық. Одан кейін мына өкімет қатын-қалаштың қолтығына су бүркіп қойып, еркек біткенді солардың аяғына жығып, теңдік деп байтал біткенді тайраңдатып, қайран азаматтарды жасытып, «қит» етсе, «әйеліне тіл тигізген, қол көтерген» деп жиналысқа салып, жігерлерін құм қылды-ау есіл ерледің. Өстіп ұрпағымызды бұрынғы аталарымыздың ер, қайсар әрі мәрт мінездерінен бірте-бірте айырып, дүбәрә етіп жібермесе болғаны. Айналайын Қаражаным, әкесінен он жасында қалып еді, Құдайға шүкір, жұрттың баласынан кем болып өскен жоқ, еркелігі бары рас, бірақ көңілі таза, адал, бәрімiздің жанашырымыз, қорғанымыз, тірек-сүйені-

шіміз. Анау Зура келіннің, шешеннің пысық-ақ қызының, бір ай итіндеп жүріп тапқан табысын бірнеше күнде кіргізіп отыр ғой арыстаным, аман болсын. Осы қара баланың алдында өлсем енді менде арман жоқ, артымда немерелерім қалып, өсіп-өніп мені естеріне алып жүрсе болды, ризамын өміріме», – деп Жаңыл әжей шашы сиреп селдіреп қалған басынан суси беретін, былтыр баласы Алматыдан сыйға әкеліп берген, шашағы бар ақ ләтте орамалын шот маңдайына тартумен әлек болып, сөйлеп отыр.

Жиналғандардың ішінде аудан әкімшілігінде есепші болып істейтін жасы қырықтағы, күйеуінен үш баласымен ажырасқан Сапура атты көзі жыланның көзіндей шағыр, сумаңдап қалған әйел ерні ерніне жұқпай, сампылдай кетті:

– Шешей, сіз өкіметке өйтіп тіл тигізіп сөйлемеңіз. Әйелдердің тырнағына тұрмайтын кейбір еркектер бар. Өздерінің қолдарынан ия тіршілік істеу келмейді, ия өз бастарын алып жүре алмайды. Тапқанына арақ ішіп келіп, отбасына ойран салып, балаларының зәресін ұшырып, әйелін көгала торғайдай етіп сабап, ертеңіне түк болмағандай болып жұмысына барып, миығынан күліп жүргені. Сол еркексымақтардың мұндай айуандығына кім тыйым салуы керек? Ондайларды жиналыста беттерін аймандай етпесең, ешкімнен қорықпайды. Сондықтан, басқа амалы жоқ болғандықтан, әйелдері олардың жұмыс істейтін жеріндегі партия немесе кәсіподақ ұйымдарына барып, күйеуін тәртіпке шақыруды талап етуге мәжбүр. Өйтпегенде, әйел байғұстың ішкені ірің, жегені желім болып, күнде еңіреп, сол оңбаған еркектің тепкісінен өлуі керек пе?

– Әй, қарағым, мына сен сияқты айылын тыймай сұңқылдап қалған қатынға қандай еркек шыдап, төтеп бере алады. Ол сонда «аш құлақтан тыныш құлақ» деп үн-түнсіз милау болып жүре беруі керек пе, сендерше. Ер-азаматтың бірде көңіл қошы болады, енді бірде іштей тынып қиналып жүреді. Олар қатындарша көп сөйлеп, сөз сапыра бермейді. Сондықтан, әйелі оның қас-қабағына қарап-ақ бәрін түсініп, әрнерсені шатып, күйеуін көп мазалай бермей, қайта дәмді тамағын аузына тосып, жақсы қылық танытып, жұмсақ мінезімен жүрегін жібітуі керек қой. Қазіргі қатындар еркектің қадірін білмейді. Соғыстан кейін жас қыздар жігіт түгіл шалға зар болып қалған еді. Енді, міне, содан бері

отыз жыл өтіпті, сол арада адамдар қандай өзгеріп кеткен, о Жасаған, тәкаппарлықтан сақтай гөр мына пенделеріңді, – деп Жаңыл шешей, күрсініп, әрі қарай сөйлей алмай, алқынып қалды.

– Сонда еркектер қиналып, көңіл күйлері болмағандықтан ішіп алып, әйелін сабаулары керек екен ғой. Ол әйелі де өкіметтің жұмысын сол сияқты істеп келіп, шаршап-шалдыққанына қарамай, кешке үйіне келісімен, от жағып, ас әзірлеп, кір жуып, малға қарап, күң болып жүре бергені дұрыс қой, еркегін аялап. Ондай ескі түсініктен арылып, жастарды теңдікке, бір-бірін түсінушілікке тәрбиелеу керек. Осы сіздердей кемпірлер, баяғының қалған-құтқан сарқыншақтарын еркек балалардың миына құйып, оларды заманмен бірге алға жылжуға бейімдеудің орнына, кері тартып, құртып жүрсіңдер, – деп Сапура сөзін үстемелете түскен. Бір кезде екеуінің сөз таласын тыңдап отырған жұрттың ішінен Жаңыл шешейдің замандасы, кезінде ел басқарған, халқына сыйлы Нұрғожа ақсақал жақтырмай:

– Енді әңгімені доғарыңдар, тапсына бермей. «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без» деген заманға тап болдық, амал нешік. Жақсы әйелдің жөні әрқашан есті азамат үшін бөлек болған, оған қол көтермек түгіл маңдайынан шертуге батпаған бабаларымыз. Сондықтан қыз балаға ерекше тәрбие беріп, оны ер-азаматтың табиғатын тануға кішкентайынан үйреткен, өйткені ер мен әйел болмысы бір-біріне ұқсамайтын екі бөлек дүние екенін бұрынғылар білген ғой. Қазір сол білімнен ажырап қалған бұл байғұстарға несіне кінә артасың, Жаңылжан, бұлардың обалы бәріміздің мойнымызда, – деп ол сөзін аяқтады. Содан кейін бұл әңгімені ешкім қайтып қозғаған жоқ, келген жұрт етін жеп, шәйін ішіп, ішкен-жегенін әруаққа бағыштап, дабырласып тарқасты.

1968 жылдың мамыр айының соңы болатын. Жер беті гүлденіп, масатыдай құлпырып, күн нұрымен жарқырап, жасыл әлем көңілдерді шаттандырып, жұрттың бәрі бірбірімен қуана қауышып, жарық дүниенің рақатына шомып, хош иісі бұрқырап, жайқалып, жайнап өскен бау-бақшасына қарап, жүректері елжіреп, өмірге жаңадан келгендей, думанды еңбекке құлшына кірісіп кеткен еді.

Осындай күннің бірінде көңілі шалқып жүріп, Қараман

Қызылорда жаққа барып, үйідегілерге базарлыққа жазғы киім-кешек алып, анасын, әйел, бала-шағасын бір қуантқысы келген. Жақында ғана біреудің үйін салып, оны көтеруге көмектескеннен қолына азын-аулақ қаражат түскен болатын. Ауылдан бір жаққа жол жүру оңай емес, өйткені автокөлік жұртта жоқ, қалаға күніне екі рет қатынайтын ескі автобустың іші жолаушыларға лық тола. Жүйрік поездар бұл шағын стансаға тоқтамайды, ал екі-үш минутқа аялдайтындарына кассада билетті таныстықпен үш-төрт адам алар-ау, бірақ олар Қызылордаға дейін жетпіс шақырым бойы бәрібір, көбінесе түрегеліп барады. Сондықтан билетсіз жұрт есігі ашылған вагондарға «лап» беріп, бір-бірін итере, сүрініп-қабынып, таласа-тармаса жүгіреді-ай кеп. Олар өздерін проводниктердің өңмендерінен кейін қарай итеріп жатқанына қарайтын мұршалары жоқ, ентелеп тек ішке кіріп алса болды, әрмен қарай бір амалы табылатынын біледі. Ақшаны алған соң проводник сырт көз үшін дауысын көтеріп, бір-екі ақырып алады да, алыстан келе жатқан жолаушылардың жандарынан орын тауып шоқиып отырған бұлармен кейін жұмыстары да болмайды. Ал жастар жағы тамбурда тұрып барады. Мұндайда ең қиыны билет тексеруші-ревизорлар, олардың келе жатқанын проводниктер бір-біріне хабарлап отырады да, өздерінің билетсіз мінгізген адамдарын жасыруға тырысады, әсіресе жаңағы тамбурда тұрған жастар жағы мұндайда вагоннан-вагонға өтіп, тығылуға мәжбүр. Жұрт берген ақшаны бұлар да береді-ау, бірақ қашуға тура келеді. Бір жағынан осы жағдайларға байланысты, ал кейде жастардың қалтасында тиын-тебен тапшылығынан болар, әйтеуір бозбалалар мен жігіттер жүйткіген поездың үстіне мініп алып, қала мен ауыл аралығында жүре беретін еді. Оларды милиция әр стансада аңдып жүріп ұстаса, қамап тастайтын. Бірақ бәрібір ешбір поездың төбесі бос болмайды. Қашан көрсең әр вагонның үстінде бірнеше ер балалар тынымсыз жүгіріп жүргені, оларға қарап, жұрт таңданбайтын да болған, «әй, осылар қалай қорықпайды, өздері жүрек жұтқан ба?» – деп қатын-қалаш анда-санда айтып қойғаны болмаса, жұрттың көзі бұл көрініске үйренген. Поездың төбесінде де әрбір ауылдың атамандары өз билігін жүргізуге тырысады. Бір топтың жігіттері екінші топтыкімен ұстасып қалса болды, жүйткіп бара жатқан поездың үсті қырғын төбелес бо-

лып кетеді. Осындайда кейбіреулері құлап кетіп, мерт болатын жағдайлар кездесіп тұрады.

Қараман да поездың үстіне мініп жүре беретін. Осы жолы да сол үйреншікті әдіспен Қызылордаға жетіп қалмақшы болған еді. Поездың төбесінде бүгін бозбалалар әдеттегіден көбірек екен, ересектен өзінен басқа ешкімді көре алмаған ол вагоннан-вагонға өтіп келе жатқанда бірнеше баланың төбелесіп жатқан үстінен түскен. Жастары он бес-он алты шамасындағы бұларды Қараман бұрын кездестірмеген, олар басқа жерден мінген болулары керек, әйтеуір ішінде өзі танитын ешкімді байқай алмады. Шатасып қалып, бір-бірін ұрғыштай бастағандарды ажыратпақшы болған мұның өзінің жағасына бірнеше бала жармасқан. Тар жерде, жүріп бара жатқан поездың үстінде кішкене артық қимыл жасауға болмайтынын білетін Қараман, әлі ақыл тоқтатпаған мыналарға «қойыңдар, сендер жердің үстінде емессіңдер, құрисыңдар ғой» деп айта беріп, өзінің алқымынан алғандардың қолдарын қағып, кейін шегіне бергенде, балалардың біреуі оны итеріп жіберген. Содан ол поездың астына түсіп, басы мыжылған. Қараманның жансыз денесін ертеңіне «Қараөзек» деген стансаның ар жағынан милиция тауып әкелгенде «Жаңыл әже немерелері мен келінінің жүректері шерлі болып қалмасын деп, ойбайлап ішіндегі зарын да шығара алмапты», – дейді жұрт. Сөйтіп, ішінен тынып, сүйекке кірген үш ер кісіден басқа ешкімге ұлының мәйітін көрсетпей, оны үйден алып шығып бара жатқанда Жаңыл шешей жалғызы Қараманмен қоштасып, көзінің жасын бұлап тұрып: «Қош бол, өжетім, аңқылдағым, адалым! Батырлық пен қайсарлық тек жауға шапқанда ғана керектігін саған үйретпеппінау. Мына дүниеде өмір сүру үшін бейімделіп, тік мінезді сындырып, жұмсарту керектігін айтпаппын-ау саған, мен қу бас. «Батырлар тұқымысың, ер-мінезді, мәрт, кешірімді бол, екі сөйлегені – ердің өлгені, әділетсіздікке қарсы тұр, әлсіздерге қорған бола біл, адамдарға қол ұшын беруден аянба» деп тек ізгілікке баулығанда, ажалың адамнан болатынын білсемші», – деп еңірегенде Жаңыл әженің етегі жасқа толған.

Қараманның өліміне кінәлі жасөспірім балалар шекаралас жатқан Жалағаш ауданынан екен. Жаңыл шешей оларды соттатпады. Сондағы қарт ананың сотта сөйлеген сөзі

жұртты қатты тебіренткен еді. Оқымаған қарапайым қара кемпір осылай сөйлейді деп ешкім ойламаған.

– Мен анамын, менің ұлымды мерт қылған баланың да анасы осында отыр, – деп бастады сөзін Жаңыл шешей. Ешбір ана баласына «біреуді өлтір» деп үйретпейді, себебі ол өмірге нәр беруші, жарық дүниеге тірі жан келтіруші. Осы басыма түскен қайғы маған біраз ой салды: біздің, қазақ әйелдерінің, көп жақсылығымызбен қатар, кемшілігіміз де аз емес екен. Біз ұрпағымызға өмірде кездесетін жауыздықтан, кесір-кесапаттан, пенделердің ақымақтықтарынан, көрмедіктерінен қорғануды үйрете алмаппыз, өйткені оны өзіміз де білмейміз. Көкірек көздері ашық, ақылгөй әжелеріміздің адам болмысының өте бір маңызды қыры – бейімделе білуді біздің аналарымызға жеткізуге мүмкіндігі болған жоқ. Мына кең-байтақ даламыз талай қырғын, соғыс, төңкерістер мен жаугершілікті көрген. Салт-дәстүр, өнегелі тәлім-тәрбие тәжірибесі үзіліп қалғаны да сондықтан. Мен өзіме келетін болсам, бала тәрбиелеуге мұршам да болған емес. Құдайдың берген қара домалақтарын туа салысымен бесікке таңып, үлкендеріне кішілерін тапсырып, күндіз-түні ерлермен бірдей колхоз жұмысында жүрдік. Одан Ұлы Отан соғысы басталды, табанымыздан тозып жүріп егін егіп, оны жинап, қырманда түнеп, майдандағыларға астық дайындап, қыста киім-кешек тігіп, қолғап тоқып жіберіп тұрдық. Мұндайда бала-шағаға қарау қайда? Соғыстан оралған ер-азаматтардың көбісі мүгедек болып оралды. Сөйтіп, ауыртпалық әйелдер мен жасөспірімдердің қылдай мойындарына түсті ғой. Осындай жағдайда жүрген ананың баласымен сөйлесіп, шүйіркелесуге, ақыл айтуға мүмкіндігі болды ма? Балаларымның көбісін Құдай алды, солардан қалған жалғыз тұяқ осы Қаражаным еді, мұның да қыршынынан қиыларын кім білген? Байғұс аналардың рақат көргендері шамалы. Қазір де әйел күні бойы өкіметтің жұмысында. Көктем басталса болды, бәрін күрішке айдап, егін жұмыстарына жегеді. Көктем, жаз, күз бойы әйелдің отбасына қарауға уақыты жоқ, тек қыста ғана аздап бойын жазғаны болмаса, бір тыным таппайды. Осының бәрін айтып тұрғаным – мен ешкімді де кінәлай алмаймын. Мынау жас балалар сотталып, бірнеше жылдан кейін түрмеден босатылғанда ия бейшара болып үгітіліп немесе жауыз болып шығады. Бұлардың жа-

нын шырқыратқанда менің балам тіріліп келе ме? Ешкімде өшім, кегім жоқ. Жас жеткіншектердің тағдырларына балта шаппайық, аналарын құса қылып, өмір жастарын өксітпейік. Онан да әрбір ана өз баласын мына өмірден опық жемейтіндей, адамдармен тіл табысып, жарық дүниеге еркін бойлайтындай етіп өсіруді ойласын. Менің айтарым осы», – деп Жаңыл шешей сөзін аяқтағанда, сот залында жиналған жұрт ұшып түрегеліп, қол шапалақтап: «Жарайсың, Жаңыл әже! Мына сөзіңіз нағыз данышпан Ананың сөзі ғой! Жанымызда небір керемет адамдардың жүргенін біле бермейді екенбіз-ау», – деп дуылдасып кетті.

Осылай Жаңыл шешей өзінің үлкен адамгершілігі мен ірілігін жұртына танытқан еді. Ешкім сотталған жоқ, қылмысты жастардың аналары Жаңыл шешейді құшақтап, егіліп жылап тұрып, алғысын айтқан. Кейін сол балалар Жаңыл шешейге келіп көмектесіп, отынын әкеліп, басқа да қолғабыстарын тигізіп тұрыпты. Жалғыз ұлынан айырылған Жаңыл шешейдің күйігі ішіне түсіп кетсе керек, әйелдердің айтуы бойынша, оның шашы түгел түсіп, басы таз болып қалыпты. Ақ кимешегін шатырдай ғып киіп алып, көзіне көрінген балаларды үйіне шақырып, кәмпит ұстатып жүретін осы кейананы жерлестері құрметтейтін. Оның дүниеден өткеніне көп жыл болса да, қасиеттілігін кейінгілерге өнеге етіп, бұл оқиғаны естеріне алып, айтып отырады.

## ЕКІ ДҮНИЕ АРАСЫНДА

*Аяулы анам Бибіғанша Дәрібайқызының рухына арнаймын*

***Автор***

Олар екеуі Қызылорда қаласындағы қатерлі ісік дерттері ауруханасында бір палатада жатыр. Қырық тоғыз жастағы Ханшаның – Сәуленің анасының – өңешінен су да өтпей қалғанына екі айдан асып барады. Ал оның жанындағы жасы отыз бестерге келген Әнипа атты әйелдің сүт бездеріндегі қатерлі ісіктен төсі шіри бастаған.

Шілденің күні қайнап тұр, аспан шыжып жерге түскендей. Дәрігерлер Ханшаның тамырына ағзаны коректен-

діретін витаминдер мен глюкоза және дәрілерге қоса, морфий салып, оның қиналысын жеңілдетуге күш салуда. Сәуле бір айдан бері анасына күтім жасап жанында отыр. Ол Мәскеу қаласында жоғары оқу орынын бітіріп, сондағы А.В.Луначарский атындағы Мемлекеттік театр өнері институтында істейді. Қазір жазғы демалыс уақыты болғандықтан, Сәуле жұмысындағы басшыларға анасының жағдайын айтып, елге келген.

Осыдан үш ай бұрын, көктемде ол апасын Мәскеудегі қатерлі ісік дерттерін емдейтін ғылыми-зерттеу институтына апарған еді. Ол жердегі профессорлар операция жасап, өңешті пластмассамен ауыстыратынын, сонда он бес жылға дейін анасының өмірін ұзартуға болатынын, әйтпесе бұл дерттен оның екі-үш ай ішінде кетіп қалуы мүмкін екенін айтқан. Операция жайын естіген Ханшаның мазасы кетіп, ұйықтаудан қалды. Бір күні анасы көзінің жасын бұлап отырып: «Маған ештеңе жасатамын деп әуре болмаңдар. Туған топырағыма жеткізсеңдер, әлі-ақ жазылып кетермін. Егер тұз-дәмім бітіп тұрса, тағдырдың жазуына көнбеске амал бар ма, ата-анамның жанына барып жатайын. «Жаман айтпай, жақсы жоқ», пышақ үстінде көз жұма кетсем, екеуің шырылдап, естерің шығып, сүйегімді туған елге жеткізе алмассыңдар, көмекке келер, арқа сүйер кіміміз бар. Ризамын, үлкен дәрігерлерге көрсетіп жатырсыңдар, енді өліп қалып, сендерге масыл болмайын. Мені ауылыма қайтарыңдар, айналайындарым. Үйдегі балалар да әбіржіп қалған шығар. Анау кішкентай Айдосжаным, сендердің жамандарың, мені сағынып «әжем келеді» деп күнде жол қарап жүр-ау, құлыншағым. Не көрсем де туған жұртыммен бірге, өз топырағымда көрейін. Келгеніме де жарты айдан асып барады, қарақтарым, мені тезірек елге жеткізіңдер. Кіндік қан тамған жер қиналсаң күш береді, қуансаң шалқытады, Тереңөзегіме жетсем, ауру дегенің табанын жалтыратып қаша жөнелер», – деп Ханша операциядан үзілді-кесілді бас тартқан. Сонымен, Сәуле мен Алтынбектің бірнеше күн бойы дәрігерлерге жүгіріп, әр есікке кіргенінің есесі ақталмады. Алтынбек Ханша мен Сәулеге билет әкелген, енді бес күннен кейін олар елге аттанбақ.

Мәскеуге келгелі бері Ханшаның көңілі көтеріліп қалған. Мұндай үлкен қалада болып көрмеген ол алғашқыда метродан, жер асты электр поездарынан үркіңкіреп жүрген,

кейін оларға бірте-бірте бойы үйрене бастады. Құмырсқаның илеуіндей ығы-жығы боп сапырылысып жатқан жұрттың арасында адасып қалудан қорқып, Ханша ондай жерде Сәуленің қолынан «тарс» қып ұстап алып, айырылмауға тырысады. Бірде екеуі Мемлекеттік және Орталық әмбебаб дүкендерге кіргенде: «Ойпырмай, дүниедегі барлық заттың бәрі осы жерде екен-ау. Шіркіндер, бәрін осында жинай беріпті ғой. Біз болсақ, қалтамыздағы ақшамызға, өзімізді қойғанда, балаларға бір жөнді киім таба алмай қиналамыз», – деп мұндай молшылықты көрмеген ол таңқалумен болған. Енді бір күні азық-түлік сататын дүкендерге кіріп, үйіліп тұрған ет, шұжық, сары май, ірімшік, сүт тағамдарын көріп: «Мәссаған, қазақтың бағып-ққан қой мен сиырының бәрі осында екен ғой. Бәсе, бар байлығымыз мұнда жіберілгеннен кейін, бізде тапшылық болмай қайт_ сін», – деп, Ханша кетерінде туыс-жекжаттары жинап берген ақшаны түгел жұмсап, жақын-жамағаттың, көршілердің балаларына базарлықты молынан алып, үйіп-төгіп кәмпитпешенейден, он шақты килограмм сиыр етін әкеліп, оны тұздап, балконға сәуірдің самал желіне желпітіп алды. «Барған соң Сәкенімді үйлендіремін, келінімнің басына саламын», – деп шашағы бар, жалтылдаған ақ ләтте орамал алды. Сөйтіп, ол елге қайтатынына қуанғанынан, ауруын ұмытып кеткендей еді. Тек кешке дүкен аралап шаршап келіп, аздап шәй ішіп, сүтке қайнатқан сұйық күріш көжеден ұрттайды. Сосын сәлден кейін білдірмей дәретханаға кіріп, ішкенін құсып тастап жүргенін байқаған Сәуле мен Алтынбектің дәрменсіздіктен іштері удай ашитын. Мұндайда Сәуленің көзі жасқа толып, анасын операцияға көндіруге тырысады. Бірақ Ханша күлімсіреп: «Мен осы тәуір бола бастаған сияқтымын, құспай жүрмін, ішкен тамағым сіңіп, шүкір, жақсымын. Таңертең сендерге палау басып қойып едім, жедіңдер ме, күні бойы менімен сенделіп жүріп, қарындарың ашты ғой. Өздерің оқу мен қызметтен жүдепжадап жүргенде, мен де сендерді шаршаттым-ау. Алтынбек, қарағым, билетті неге жақын күндерге алмадың? Мәскеулеріңді көрдім, біраз жерді аралаттыңдар, рақмет, сендерге екі дүниеде де ризамын. Үбірлі-шүбірлі, бақытты өмір сүріңдер. Анау арттарыңнан ерген кішкентай Айдос тентектеріңнің жолы құтты болып, соңынан іні-қарындастары ілесе берсін. Өзіңді күйеу балам емес, ұлымдай көремін,

аман-есен, абыроймен аспирантураңды бітіріп, қорғап, рақаты мен жемісін отбасыңмен бірге көріңдер. Тіл-көзден аулақ, Құдай бергенінен айырмасын. Ауылдағы жастар сендерге қарап, алға ұмтылып, талпынады. Көпке өнеге бола білу де әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан Тәңірім жолдарыңды оңдап, ата-баба әруақтары қолдасын, жандарым», – деп ол аналық батасын берген. Ертеңіне Алтынбек пен Сәуле Ханша апасын аттракционға апарған. «Мінейікші, бүкіл Мәскеуді көресің, апа», – деп қызы қоймаған соң Ханша «Шайтан дөңгелегіне» отырып, биікке көтеріле бастағаннан тынысы тарылып, екі көзін «тарс» жұмып, жерге түскенше демі бітіп қала жаздаған. Бұдан қайтып аттракционға ол аяғын баспай қойды.

Сәуле мен Алтынбек бір бөлмелі пәтер жалдап, «Преображенская» атты метроның жанындағы он бес қабатты үйдің сегізінші қабатында тұратын. Ханша алғашқы күндері балконнан төмен карауға дәті шыдамай, жүрексініп жүрген, енді қайтқанша тағат таппай, елін сағынып, күні бойы балконда өткен-кеткен адамдарды көзімен сүзіп, төмен караумен әлек. Сондағы ойы – бір қазақтың кемпірін көру, сөйтіп онымен қазақша сөйлесіп мауқын басу, өйткені Сәуле мен Алтынбек кешке бір-ақ келеді, ол үйде торға түскен құстай қамалады да отырады. Кең даласының, туған жұртының қадір-қасиеті күннен-күнге артып, Ханша мына дүниеде оларға тең келер ештеңе жоқ екенін түсінгені соншалық, елді ойлағанда оның өзегі өртеніп, көзінен ыстық жас парлай жөнеледі. Сағыныштан жүрегі езіліп, апасы бүгін тағы да балконнан қарап отырған, бөлмеде жүрген Сәуле анасының дауысын естіп жанына келді. Ханша балконның жиегіне асылып, төмен қарап: «Қария! Тұра тұрыңыз, менің қызым қазір сізге барады, үйге кіріп шәй ішіп кетіңіз!» – деп тротуарда кетіп бара жатқан, басында ақ орамалы бар, бір кемпірге қолын бұлғап, айқайлап тұр. «Апа, ол қазақ емес, татар әже шығар. Мәскеуде әртүрлі ұлт өкілдері көп, оның ішінде мұсылмандар да бар. Төбеде тұрып айқайлағаныңызға жол болсын, жұрт бір нәрсе болып қалған екен деп, милиция шақыртып жүрер, ұят-ай», – деген Сәуленің сөзіне анасының құлақ асар түрі жоқ: «Татар болса өзіміз ғой, бір-бірімізді түсінеміз, үйге алып келсей, шүйіркелесіп, шәй ішіп отырайық та, әбден ішпыстан болдым ғой, айызымды қандырып, қазақша бір көсіліп сөйлесе

алмай. Сендер азанмен кетіп, түнде бір-ақ келесіңдер. Әңгімелесетін жан таба алмай құса болдым-ау, бүйітіп қор қылмай, тезірек елге жеткізсеңдерші», – деп Ханша жыларман болған. Сәуле оған мұндай үлкен қалада, мың жерден шақырсаң да ешкім бөтен үйге кірмейтінін, неше түрлі қылмыс көп болғандықтан, жұрт кездейсоқ адаммен танысуға қауіптенетінін айтқан. Сонда Ханша: «Бұлай бір-біріңді жау көріп, қорқып, дірілдеп үлкен қалада тұрудың не керегі бар? Өзімнің ауылыма ешбір жер тең келмейді екен. Біздің елдің қаласында да, даласында да ешкімді ешкім жатсынбайды ғой. Танымасаң танысып, үйге кіргізіп нан ауыз тигізіп, сұрасып-білісіп отырып шәй ішесің. Адамды айуандай көріп, не болды соншама, түге?» – деп оның көңілі бұзылып, сөйлеп алды. Елге қайтқанша, Ханша өзін-өзі қоярға жер таппай кеткен соң, Сәуле мен Алтынбек оны осында тұратын достарының үйлеріне де қыдыртқан, бірақ ана тіліне шорқақ олармен де сөзі жараспаған Ханша, енді ауылына қайтуға қалған екі күнге зорға шыдап жүр. Осылай еліне жеткенше тағат таппай, ол өзінің дертін де ұмытып кеткендей. Күні бойы қорек қылатыны жарты кесе сүтке езіп ішетін қытырлақ нан, оны да құсып тастаудан қорқа-қорқа жұтады, сөйтіп, әйтеуір, жүрек жалғап жүр, кейде онысын да қайтып тастайды. Бұл жағдайын ол күйеу баласы мен қызына білдірмей,оларды уайымдайды деп аяп, өзін сергек ұстауға тырысады. Есіл-дерті тек елге барып, бала-шағасымен, туған жұртымен қауышу. Ауызын ашса айтатыны, балаларының және немересі Айдостың қылықтары. Оның әңгімелеріне қарағанда, «бұл «Тереңөзек» деген ауданда ешбір жаман адам тұрмайды екен-ау», – деп ойлап қаласың, әрі мына кең дүниеде Қазақстаннан артық жер жоқ секілді көрінеді. Сәуле мен Алтынбек жұмыстан келгенше Ханша қазақтың әндері мен күйлері жазылған табақшаларды өзі радиолаға ойнатып, тыңдап отырады. Бірде Көшеней Рүстембековтің орындауындағы термелеріне, Жәнібек Кәрменовтің, Қайрат Байбосыновтың шырқаған әндеріне ұйып, көзінен жасы тамшылап, еліне жеткенше жанын қоярға жер таба алмай отырған анасының жағдайын көріп, Сәуленің жүрегі сыздап қоя берген.

Бес баласы 1932-1933 жылдардағы ашаршылықта қайтыс болған Дарқан мен Рысқүлдің бар ынта-ықыласы Сатыбалды ұлы мен Ханша қызының үстінде болатын. Әсіресе,

Сатыбалды Ұлы Отан соғысында хабар-ошарсыз кеткеннен кейін, олар енді Ханшаның тілеуін тілеп, оның көңілін жасытпауға тырысатын. Ол он бес жасынан атқа мініп, қолына домбырасын алып, жұрт жиналған жерде ән салып, соғыстан кейін құлазыған көңілдерді көтеріп жүретін. Басындағы үкілі тақиясы мен үстіндегі бүрме көйлегі, қысқа қамзолы өзіне жарасып, қыпша белі үзіліп кететіндей талдырмаш, аққұба, жанары нұрлы осы қызға біраз бозбала ғашық болған екен. Бірақ еркетотай Ханшаның қыз болып қылымсып, жігіттерге қарау ойына да кіріп шықпаған. Соғысқа кеткен Сатыбалды ағасының және өзінің оған хатпен жолдаған өлеңдерін Ханша термелетіп айтқанда, жыламайтын кемпір-шал, қатын-бала қалмайтын. Сол жырларды анасының ауызынан Сәуле де кейін бірталай тыңдағаны бар:

Хат жаздым құрма тілеу қарындасқа,
Кімім бар менің де артта сенен басқа,
Осыны жаман-жақсы көшіріп ал,
Көңілінді көтеріп жүр, өте баспа.

Хат жазып тұрарсыздар енді маған,
Барады әскер кетіп Сатан ағаң,
Қарағым, мені ойлап абыржыма,
Кемпір мен шалға қара, келсе шамаң.

Сен едің артта іні-қарындастан,
Жігіттік, адам болу бала бастан.
Дарияның ортасына кілем жайып,
Өлімнен қырық жыл бұрын Қорқыт қашқан.

Кілемге бір қара құрт еріп барып,
Жазғанның сол арада демін басқан.
Жігітке қайда жүрсе ден сау болсын,
Әлі де талай дәурен өтер бастан.

Жамандар жар көкірек толып жатыр,
Көңілі көтеріңкі болады аспан,
Сондайдан сақтаныңдар, ата-анам,
Сіздерге жазам өлең етіп дастан.

Осы жырларды тыңдаған сайын Сәуле Ханша апасының үйіндегі ішкі бөлмесінің төрінде ілулі тұрған Сатыбалды көкесінің үлкейтілген суретіне қарап таңырқайтын. Он жетісінде жасын он тоғызда етіп қосып жаздыртып, елін

жаудан қорғауға аттанған бозбала емес, суреттен жарқыраған маңдайы керекарыс, шашын кейін қарай қайырған сымбатты азамат Сәулеге ой тұнған отты жанарымен қарап тұр.

Сәуле де он екі жасынан бастап өлең жаза бастады. Сатыбалды көкесінің үлкен дарын иесі екенін, ол оның жүрекпен жазылған әрбір парасатты жолдарынан ұғады. «Қазір тірі болғанда, ол өзінің керемет ақын екенін дәлелдейтін еді-ау, әттең, қаншама дарынды, ақылды, еліне жанашыр, тірек болатын тұлғалардан небір зұлматтардың кесірінен айырылғанымыз-ай», – деп Сәуле Сатыбалды көкесінің анасының есінде сақталып қалған азғантай жырларын тыңдаған сайын көз жасқа булығып қалатын. Сосын бірнеше қалың дәптерге көшірілген өлең-хаттарды жоғалтып алғаны үшін Ханшаға налитын да. Бірақ артынша, өзі өмір тауқыметін көп тартқан анасына деген аяушылық сезімі жеңіп, оны түсінетін.

Сәуле мен Ханша апасы екеуінің ашылып бір әңгімелесуге реті келмей жүрген еді. Әлде қанасынан қақ жарып шыққан тұңғыш перзенті бола тұрып, бауырында өспегендіктен бе екен, Сәуле анасының жанында өзін өгей баладай сезінетін. Енді екі тәулік бойы Мәскеуге жеткенше поездың купесінде өздері ғана келген, жол бойы анасымен қызы болып әбден сырласып, бір-бірін ұғысқан еді. Бірақ, әттең, апасының күндері санаулы екенін ойлағанда Сәуленің көңілі әлем-жәлем болып, дәрменсіздіктен жүрегі сыздап қоя береді. Құдай шипасын беріп, Мәскеудегі үлкен орталықтағы білікті мамандардан апасы жазылып кетер деп ойлаған. Сол тілегіне жете алмай, енді Сәуленің амалы таусылғандай.

Қаншама жыл араға салып, Сәуленің әкесі жайында да Ханша осы жолы алғаш рет жылы сөзін айтқан еді. Сәуле он бес жасында ешқашан өзі көріп-білмеген әкесін тауып, ешкімге айтпастан, Шиелі ауданына барып, оның отбасымен табысып келгенде, апасының бұлқан-талқан болып ашуланғаны Сәуленің жанына батқан. Неге екені белгісіз, сонда алғаш рет ол өзіне жаны шырқырап, дүрсе қойып, ұрса жөнелген анасын аяп кеткен еді. Сол бір сәтте апасы көзінен жасы ыршып тұрып: «Дарқан атаң мен Рыскүл әжеңнің әруағын аттап кеттің, солар еді ғой сені алақандарына салып, мәпелеп өсірген. Тастап кеткен әкең саған артық болғаны ғой. Сенен осындай арамдық күтпеп

едік, бұл қандай сатқындығың, ойбай!» – деп қатты ашуланып, бұған ауыр-ауыр сөз айтқан. Енді Сәуленің сол Ыбырай әкесі туралы Ханша: «Ол үлкен азамат қой, менікі шолжаңдық па, балалық па, әйтеуір, болмашыға ренжіп ішімдегі сегіз айлық баламен одан кетіп қалдым. Бірнеше рет ол өзі де келді, адам да салды, мен қайтып қосылуға көнбедім. Кейін түсіндім, қастасқан біреулер Ыбырайдың соңына түсіп, одан өш алу үшін, оның отбасын ақсатқысы келген екен, сол бақа есеппен, оны маған жамандап, бір күні оның қыз-келіншектердің ортасында отырғанын көрсетіп, солардың біреуімен байланысы бар екенін айтты.

Ол кезде Ыбырай дүрілдеп тұрған ауданның соты, қыз-келіншектер көп, азаматтар аз, көбісі, Ұлы Отан соғысынан оралмаған, ал қайтып келгендерінің он екі мүшесінің сауы кемде-кем. Өзім ер балаша өсіп, ешкім бетімнен қақпаған соң ба, әлде шешем байғұс та өмірдің тауқыметін тарта-тарта қалжырап жүріп, менің қыз екенімді ұмытқан ба, әйтеуір менің әйел баласына тән қылықтарым ашылмай қалған сияқты, амал, айла дегенді білмей өсіппін. Тек жан мен ар тазалығын сақтап, ешкімнің ала жібін аттамай, өтірік айтпай, сырттан сумаңдамай, турашыл, шыншыл, намысшыл болу керек деп жүріп, ең бастысы, әйелге тән қасиеттерді бойыма сіңіре алмаппын. Оған үйрететін де алдымда ия апа, не жеңге болмағандықтан шығар, әлде ер-азаматтың табиғатының өзгеше екенін түсінуге парқым жетпегендіктен бе, әйтеуір, істің анық-қанығын ұғуға талпынбай, ашуды ақылға жеңдіруге өзімшілдік пен жалған намыс жібермеген күйі, мен алған бетімнен қайтпадым. Енді ғой, өмірді сүрген сайын талай нәрсеге көзім ашыла бастағаны. Ер мен әйелдің арасындағы қылдай жіңішке нәзік сезімді сақтап, аялай білу ерлі-зайыптылардың екеуіне де байланысты, әсіресе әйел заты ұстамды, төзімді, пайымды, кешірімшіл, кішіпейіл болуы керек. Ер адаммен теңмін деп кеуде қағып, текетіресу – ақымақтың ісі. Ондай әйел мың жерден көрікті болғанымен, өзін ешкімге сыйлата алмайды. Оның бойынан жылулық, мейірім, нәзіктік, биязылық лебі еспесе, ол кімге керек. Өркөкіректіктен өзім таяқ жеген соң, осыны саған сабақ болсын деп айтып отырмын ғой», – деп ол қызына сонда алғаш рет мейірлене қараған. Кейін апасы өзінің жаны мен тілегі тұлабойы тұңғышы Сәуленің үстінде екенін жанкештілік ісімен дәлелдеген еді.

Мәскеуде Әдебиет институтының үшінші курсында оқып жүріп, Сәуле осы Алтынбекпен табысып, бас қосқан, сөйтіп келесі жылы жазда дүниеге Айдос атты ұл келді. Нәресте әлжуаз, аурушаң болды. Сәуленің оқуын бір жылға шегеруге институтта мүмкіндігі болмады, өйткені Қазақстаннан келген бес студент аудармашылар тобы бірге бітіруі керек. Сәуле не істерін білмей қиналып, анасына жағдайды айтқан. Мұны естіген Ханша: «Менің алғашқы көрген қызығым ғой ол, немеремді жеткізіп бер, өзім бағып-қағып, қараймын», – деп асханада істеп жүрген жұмысын тастаған. «Зейнеткерлікке шығуыңа әлі төрт жыл бар, бала-шағаң жас, үлкен ұлың болса әскерде, сүйенерің жоқ, қиналып қаласыңдар ғой, қыздың баласын бағып, абырой алмайсың, апарсын күйеу бала өзінің әке-шешесіне», – деп уәж айтқан ағайын-туыстың сөзіне құлақ аспай, Ханша Сәулемен телефон арқылы сөйлескенде: «Сен оқуыңнан қалма, бітіріп ал, немеремді маған әкел де, алаң болма. Несібесін Құдай өзі береді», – деген. Сөйтіп, Сәуле мен Алтынбек құндақтаулы үш айлық Айдосты Ханшаға жеткізіп, өздері Мәскеуге барып оқуларын жалғастырды. Ана сүтінің уыз дәмін татпаған шақалақты қатайтамын деп Ханша қатты қиналыпты. Айдостың алты ай бойы іші өтіп, оған дәрігерлердің жасаған емі қонбай, Ханша үй-ішімен әбден әбігерге түскен. Содан ешкінің сүтіне науат салып, күріштің суын қайнатып ішкізіп жүріп, Ханшаның өзі емдегеннен кейін ғана немересінің іші тиылыпты. Мұның бәрін кейін Сәуле туған-туысқандардан, көршілерден естіген. Телефонмен сөйлескенде Ханша ылғи ақ жарқын дауысымен «жағдайымыз жақсы, Айдосжан сендер келгенде алдарыңнан жүгіріп шығуға дайындалып жүр, бізге алаң болмай оқуларыңды оқи беріңдер»,– дейтін күліп. Айдос он айға толғанда Сәуле мен Алтынбек диплом жұмыстарын бітіріп, Тереңөзекке келген, балпақтай баланы көріп, өз көздеріне өздері сенбей, олар таңырқап тұрып қалған. Бұларды жатырқап Айдос әжесінің қойнына тығылып, бірнеше күн әке-шешесіне жоламай қойып еді. Ханша немересімен оңаша сөйлесіп, үлкен адамға түсіндіргендей «анау папаң, мынау мамаң, бара ғой құлыным, бетіңнен сүйгізші» дейді. Баланың бұларға бармағанына, әсіресе Алтынбектің алдында өзін кінәлідей сезініп «ұят-ай, мұнысы несі екен-ей», – дейді Ханша қипалақтап. Бірақ әжесінің сөзіне пысқырып

тұрған Айдос жоқ, оның есіл-дерті Сәуле мен Алтынбектің әкелген ойыншықтары мен кәмпит-пешенейлерінде.

Алтынбек Н.Э.Бауман атындағы жоғары техникалық училищені бітірісімен, сонда аспирантураға түсуге екі жылдық дайындықтан өтетін болды. Сәуле А.В. Луначарский атындағы театр өнері институтында қазақ актерлер дайындайтын студияда қазақ тілінен дәріс бере бастады. Осылай Алтынбек пен Сәуле екеуіне ірі Мәскеудің рухани, ғылыми ортасының тәлімі мол, қызықты өміріне тағы бес жыл бойлауына мүмкіндік туған еді.

Әке-шешесі жастық шақтың ләззатына батып, білім қуып алыста жүргенде, Айдос та үш жасқа толды. Ханшаның үлкен ұлы Серік әскерден оралып, аудандағы құрылыс мекемесіне көлік жүргізуші болып орналасқан.

Ханша күндіз балаға қарайтын болған соң үйдің жанындағы моншаны жуып, шамалы айлық-ақша алып жүр. Жуырда ол Бақыт деген жетінші класта оқитын үшінші ұлын мектептен шығарып, кәсіптік-техникалық училищеге берген. Үйдің тірлігін атқарып, шешесіне қолғанат болып жүрген сол баласы.

Бақыттың адамға жаны ашығыш, елгезек, үй шаруасына да епті. Өзі қағілездеу, бойы да шамалы болғанымен, барлығының жағдайын ойлап, қамқорлық жасап жүретін де өзі. Әкесінен қалғанда ол екі жаста, кенжесі Асылбек бір жаста еді, кейін сол інісіне кәдімгідей аға болуға жарағанын көріп, Ханша Бақытқа үміт артатын, кейде: «Мен өлгенде басыма көктасты осы балам қояды-ау», – деп отыратын. Құдай сездірді ме екен, солай болды да. Бақыттың үлкен қара көздерінің түбінде шырақ жанып тұрғандай, жан-жағына шуақ шаша қарайды. Бірде анасын моншаның бастықтары еркектер шомылатын бөліміне ауыстырғанын естіген он төрт жасар Бақыт қатты намыстанып, Ханшаның орнына өзі барып, моншаны жуып жүрді. Арасында ол поездың төбесіне мініп, Қызылордаға барып, Айдосқа «Малыш» деген сүт қоспа ұнтағын жеткізіп жүргені. Жазда Тереңөзектен он шақты шақырымдай қашықтықтағы «Қалғандария» деген жерден совхоздың еккен бақшаларынан қауын-қарбызды таныстарының есек-арбасына салып әкеліп, үйдегілерді тойғызып, тіпті Мәскеудегі әпкесі мен жездесіне де поездағы жолсеріктермен келісіп, салып жіберіп, оларды да «әміре», «торлама», «күлябі» қауындары мен тыңқиған дәу қарбыздарына да қарық қылады.

Үйге кіретін кіріс аз болғандықтан, Ханша көбінесе, балаларды киімнен де, тамақтан да тежеп, тапқан-таянғандарын Айдостың ауызына тосады. Көршілер мен туысқандардың өздерінің тұрмыстары мәз болмаса да, олар Ханшаны сыйлап, жанашырлық білдіріп, үйлерінен сүт, айран әкеліп береді. Айдос бір жасқа келгенде Ханша Кенже атты қайнысына бағуға берген жалғыз сиырын сойдырып, тұңғыш немересінің туған күніне той жасаған. «Ей, Ханша, ертең ұлың үйленгенде қайтесің, алды-артыңды ойламайсың ба. Көмектесетін кімің бар, кішкентай нәрестеге сонша шашылғаның не?» – дегендерге: «Құдай жеткізер. Немеремнің өмір жасы ұзақ, несібесі мол, жолы ақ, маңдайы тола бақ болсын! Мал жанның садақасы!» – депті Ханша.

Алтынбек пен Сәуле қолдарынан келгенше пошта арқылы балаларға киім-кешек жіберіп тұрады. Бірде Сәуле Бақытқа арзандау, табаны қалың каучуктен жасалған туфли салған. Бақыт соны күнде сүртіп, біреу алып кететіндей бас жағына қойып ұйықтайды екен. Бір жаққа қыдыруға баратын болса, достары сол туфлиін сұрап киіп кетеді, сөйтіп жүргенде бір күні онысы жоғалыпты.

Поезда екі жарым тәулік бойы шүйіркелесіп, бір-біріне жанашырлықтары артып, қадірлерін біле бастаған Ханша мен Сәуле Тереңөзек стансасынан түсті. Оларды күтуге Ханшаның екі-үш абысыны мен дос әйелдері шығыпты, балалары Серік, Сәрсенкүл, Бақыт, Асылбек пен Айдос немересі де осында. Ханша асығып-аптығып поездан түсе сала, немересіне жүгірсін.Үш жасар Айдос та «әжелеп» аяқ-қолы жерге тимей зымырап келіп, Ханшаның құшағына кіріп кетті. Екеуінің қуанышында шек жоқ. Кішкентай Айдосын көтеріп алып, бауырына қысып, балаларымен жақындарымен аймаласқан оның мауқы басылар емес. Бәрі үйге қарай келе жатыр, жолшыбай Ханша жерден бір уыс топырақ алып, маңдайына басып, сүйіп тұрып: «Туған жердің қасиетті күші менің сүйегімді бөтен жерде қалдырмай, өзіне жеткізді ғой», – деп көзіне жас алғанын көрген жанындағылардың бәрінің көңілі босап кетті. Миуа деген досы, әрі көршісі Ханшаны жұбатып: «Енді қақаңдап шауып, ауру деген не екенін ұмытып кетесің әлі, еліңе аман-есен жеттің, туған жер саған қуат береді, көр де тұр осыдан. Әй, Ханша, «ауырып тұрдым – аунап тұрдым» деген ғой, осы жазда Серікжанының келін түсіру тойын тойлаймыз,

енді соған дайындыққа кірісу керек, так что сенің ауруға уақытың жоқ», – деп күліп, құрбысының арқасынан қағып қояды.

Ханшаның бұрынғы кесек тамын аудан әкімшілігі бұзып, оның орнына екі қабат шағын үйден үш бөлмелі пәтер бергеніне де бес жыл болған. Жиырма күн жиырма жылдай көрініп, сағына, сарғая енді сол үйіне де жетті-ау. Бала-шағасымен, жақындарымен қауқылдасып, әмпей-жәмпей болып, ағаш едендегі жайылған мақта кілемнің үстіндегі көрпешеге жайғасып отыра кеткен Ханшаның көңілін шаттық кернеп, өзі мәз-мәйрам болып: «Өз үйім, өлең-төсегім» деген осы да. Мәскеудің зәулім үйлері менің мына күркетауық баспанама татымайды екен», – деп рақаттанып, дереу шайды қайнатқызып, жайылған дастарқанның үстін өзі әкелген кәмпит-пешенеймен, апельсин, мандариндермен толтырып, шұжықтан туратып қойғызды, сосын бәрі көңіл-дері жайланып, жағдай сұрасып, әңгімелесіп отырып шәй ішті. Немересін алдына алып отырып, Ханша балаларының жүздеріне қарап, жүрегі елжіреп, Мәскеуден алған әсерін сәлем беруге келгендердің бәріне айтып, тауыса алар емес, тіпті, өзінің ауруын ұмытып кеткендей. «Қой, жолдан шар-шап келдің, дем ал», – деп кетуге ыңғайланғандарға әкелген базарлықтарынан газетке орап беріп те үлгеріп жатыр. Ана-сын осындай шат-шадыман көңіл күйде балалары соңғы жылдарда аз көретін. Оның о дүниеге аттанар алдындағы бұл дүниеде бой жазғаны екенін бәрі екі ай өткен соң түсінді.

Отыз беске келгенде бес баламен жесір қалып, Ханша қылдай мойнымен біраз тауқыметтің жүгін көтерген. Тірек болар бауыр жоқ, әйтеуір ағайын-туыстың көмегімен бала-ларын өсіріп, енді жетілемін дегенде мына жазылмас дертке душар болғанына қандай амал бар.

Шілде айы басталған. Бұл кезде құм далада аспан айна-лып жерге түсердей, аңызақ желі жерді от болып шарпып өтіп, ыстық құмды суырып, тірі жанның ығырын шығаратыны бар. Осы шілденің алғашқы күндерінің бірінде Ханшаның денсаулығы күрт нашарлап, ол қинала бастаған. Аудандағы дәрігерлер оны облыстық қатерлі ісік дерттері ауруханасына жіберді. Сәуле анасын сол жерге жатқызып, өзі жанында қарап отырғанына, міне, бір айдай болды. Екі адамдық шағын палатаның іші қайнап кетердей,

есік-терезе ашық болса да, дем алатын ауа жоқ, қапырық. Ханшаның өзегі шөлден өртенеді, бір тамшы су жұта алмай қиналып, «ішім жанып барады», – деп Сәулеге балмұздақ алдырып жалап, ауызының ыстығын басқан болады да, сәлден кейін оны қайтадан құсып тастап, жан азабын тартып, «уһ» деп теріс қарап, көз жасын көрсетпей, сәл үнсіз жатады. Шамалыдан кейін бәрі қайтадан басталады. Дәрігер келіп тыншытатын морфий салғанда ғана біраз дем алғандай болады, оның күші қайтқан соң қайтадан адам төзгісіз азапқа түседі. Анасының осы халін көру Сәуле үшін қияметтен де қиын. Не істерін білмей ол дәрігерлерге жүгірумен шырылдап, күні-түні тыным таппайды. Олардың бұл дертке көрсететін шипасы мен көмегі жоқ. Ханшаның көңілін сұрап ауылдан да, қаладан да келетін ағайын-жекжат, дос-жарандар баршылық. «Біз де бір-екі күн қарайық, сен барып дем ал», – деп жанашырлық танытқандарға Сәуле анасын табыстап кете алмайды, олар дұрыс қарамай, анасы бұл жоқта үзіліп кетсе, өмір бойы өзін кінәлаумен өтеді ғой. Сәуле тек қана Ханшаның немере қайынсіңлісі Мінәш апасына сенеді. Ол адал да жомарт көңіл, тірлікке тиянақты, әрі шын жүрегімен Ханша жеңгесіне берілген, кішкентайында әкесі қайтыс болып, шешесі тұрмыс құрып кеткен соң, Мінәш Жармағамбет ағасы мен жеңгесінің қолында өсіп, олардың жақсылығын көп көрген. Өзі табиғатынан дене бітімі сұлу мүсінді жан, мөп-мөлдір қап-қара моншақтай көздері нұр шашып қарағанда, оны көргендер мұңсыз екен деп қалулары мүмкін. Жанахмет атты күйеуі өзінен он бес жастай үлкен, мінезі қатал, адуын, сөйлегенде ешкімнің ауызын аштырмайды, бірақ өзінің орнын да, кімнің алдында қалай сөйлеуін де біледі. Сәуле жасөспірім кезінен, осы ұзын бойлы, сүйегі ірі, сұсты жездесінің қышқаш сияқты қыршып алатын сөздеріне құлағы үйренген. Өйткені, қалада педучилищеде оқып жүргенде ол бұлардың үйлеріне жиі барып тұратын. Жездесі кезінде милицияда істеген, қазір Қызылорданың ет комбинатында жұмысшы. Жанахметтің бірінші әйелі де өте реңді болған екен, екеуі сыйыса алмай ажырасып, жеті жасар қыз бен бес жастағы ұлы әкесінің қолында қалған. Жанахметтің ең керемет қасиеті балажандылығы болса керек, солар үшін дем алуды білмей күндіз-түні тырбанумен жүретін. Мінаш екеуінен бес ұл, төрт қыз дүниеге келді, ба-

лалары бірінен бірі өткен көрікті, әрі адамгершіліктері мол болып өсті. Мінаш анау екі баланың көңілін жасытпаймын, өгейсітпеймін деп, оларға өз балаларынан артық қарады. Олар да әбден бауыр басып, оны өз анасындай көрген. Күйеуі ешкіммен араласа қоймайтын болғандықтан, Мінаш ұл-қыздарының ес біліп қалғандарын кезек-кезек жанына ертіп жүріп, дәу қара клеенка сөмкесіне шұжық, кірәнжілігін базарлыққа салып алып, өзі туған-туыс, жекжаттарына барып, қыдырып тұратын. «Келмесең, бармасаң жат боласың» деген ғой бабаларымыз, жұртпен аралассаң ғана көзің ашылады. Жақсы ортада жүруге, оқып, білім алуға үйрену керек», – деп ол барлық балаларын институтта оқытты, өзінен туған ұлдың үлкені Оңдабек аспирантурасын бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғады, бір баласы облыстың прокуроры. Балаларының бақыты үшін өздерін аямай, өмірлерін ұрпағына арнап, солардың болашағы үшін не бір қиыншылыққа төтеп бере алған осы екі жанның өнегесі, жетесі барларға адамдықтың үлгісіндей. Мінаш апасының өрелі өмірі Сәулеге әрдайым шамшырақ сияқты жол көрсетіп, жарқырап тұрады.

Ханша жеңгесінің жазылмас дертке ұшырағанына қатты күйзелген Мінаш қаланың бір шетінен екінші қиырына, сирек жүретін автобустың бірінен екіншісіне мініп жүріп, осындай ми қайнайтын аптапта, күнде келеді, әрі Сәулеге ыстық тамақ істеп әкелуге де үлгіреді. Ара-арасында Сәулені үйге жуынып-шайынуға жіберіп, емізулі он айлық сәбиін балаларына табыстап, өзі Ханшаның жанында түнеп қалады.

Ханшамен бір палатада жатқан Әнипаның да жағдайы өте ауыр. Оның тағдыры тіпті, аянышты. Ол Ұлы Отан соғысы басталғанда әкесінен төрт жаста қалған екен, бұл жеті жасқа келгенде әкесінен қара қағаз келеді, сол жылы қайғыға төтеп бере алмай, отыз бес жасар шешесі дүние салған соң, баратын жер, басар тауы болмаған төрт баланы туысқандары бөліп, қолдарына алады. Әнипа баланың үшіншісі екен, үш жастағы ең кіші сіңлісі мен екеуі әкесінің туысқан ағайынының үйінде жан сақтап жүреді, екі жылдан соң сіңлісі көп ауырмай қайтыс болады, ал өзінен үлкен екі ұл балалар үйінде жүріп біреуі «қызылшадан», екіншісі, кейінірек өкпесіне суық тиіп, жан тапсырғанын Әнипа есейген соң, жұрттан сұрастырып біледі. Өзі кішкен-

тайында балалалармен ойнап жүріп, ағаштан құлап, содан арқасындағы омыртқасы шодырайып шығып кетіп, оны ешкім емдетпегендіктен, бүкір болып қалған екен. Содан Әнипа он алтыға жетер-жетпесте туысқан жеңгелері оны жас кезінде әке-шешесі қайтыс болған, жанашыр ешкімі жоқ, өзі қой ауызынан шөп алмас момын, ауылдың малын бағып, жекжаттарының босағасында күнелтіп жүрген Ералы деген бір аяғын сылтып басатын жиырма жасар жігітке қосады да, екеуі «екі жарты – бір бүтін болып», біреудің бос кепешігінде тұрмыс кеше бастайды. Кейін Ералы сол Шиелі ауданының бір совхозының фермасына шопан болып, сол жерден қыстақ алып, өздерінің еңбекқорлығының, бір-біріне деген жанашырлығының арқасында шаруалары түзеліп, олардың отбасы өсіп-өне бастаған екен. Он бес жылда екеуі тоғыз перзент сүйіп, еңселері әжептеуір көтеріліп келе жатқанда, аяқ астынан пәле шыға келеді.

Бірде мемлекеттік тексеру жүргенде Ералының отарынан біраз мал басы кем болып шығады. Ералы қамауға алынып, кейін ол төрт жылға сотталады. «Әрбір келген бастықты күтіп алып, қой соя беріппіз, кейін ол шығынды жауып жібереміз ғой деген бастықтарымыз, іске келгенде, қорғамақ түгіл, бастарын ала қашып, қайта өздерінің ішіп-жегендерінің бәрін аңқау күйеуімнің мойнына іліп берді-ау. Біз сияқты жетім сорлыны олар қайтсін», – деп күйінген Әнипаның кеудесін ыза кернеп, көзінен ыршып шыққан жасы жастыққа тырс-тырс тамып жатыр.

Сонымен, ізденіп жан-жаққа жүгіретін артында көзі ашық ешкімі жоқ байғұс жандар сорлап, Әнипа шиеттей баламен қалады. Өзі бұрыннан ауырып жүрген екен, бірақ дәрігерге қаралу түгілі, қыстақтан аттап шығуға мүмкіндігі болмағандықтан, ол емшектегі ісігі әбден асқынып кеткенде барып, аудан орталығындағы ауруханаға жеткен. Ол жерден дәрігерлер жеделдетіп облыстың осы ауруханасына салыпты. Әнипаның қазір мұнда жатқанына екі ай болған екен, күннен-күнге халі нашарлап, орнынан тұруы қиындаған оның екі емшегі де шіри бастапты. Уақытша тыншытатын дәрілер еккеннен басқа, мұндай жағдайда дәрігерлердің қолынан келетін амалы жоқ, операция жасауға кеш, ісіктері тамырлап кетіпті.

Әнипаға екі-үш күн сайын 250 шақырым қашықтықты

арағa салып жасы он жетілердегі үлкен қызы Күлзия келіп тұрады. Шойындай қара, ірі сүйекті, орта бойлы,екі балтыры балғадай, ұзын шашын артқа қайыра тарап өрген осы қыздың бойындағы сабырлы салмақтылық оны бір көрген адамның көңіліне сенімділік пен ризашылық сезімін ұялататын. Дәу қара сөмкесін толтырып таба нан, айран көже, ыстық тамақ, қауын, көкөнісін арқалап, артынып-тартынып, қара терге түсіп, борша-боршасы шығып анасына жететін осы қызға Сәуленің жаны ашып, оны аяп кетеді. Әнипа қызы келгенде айналып-толғанып еміреніп, жылы сөз айтпақ түгілі, қабағын да ашпай қояды, сондағысы: «сүт кенжемді әкелмедің» деп қызына өкпелі. Мына қайнаған ыстықта өзі зорға жетіп жүрген қыз бір жарым жастағы нәрестені қалай жеткізетінін шешесінің ойлағысы жоқ. Осыдан бір ай бұрын Күлзия баланы мұнда алып келген, ол кезде күн мынадай шыжымаған кез. Егерде ол түс ауғаннан кейін келсе, ауданға жете алмай түнге қалады. Қона салатын қалада жақындары жоқ болғандықтан, Күлзия не істерін білмей келген сайын қиналады. Онысын түсінгісі де келмей, аналық іңкәрлігі мен сағыныш алауы ішін өртеп, есіл-дерті кішкене бөбегін бауырына қысып, мауқын басу болған байғұс шешесі қызына: «неменеге келдің, баламды әкелмесең құры дегенім қайда саған, кет көзіме көрінбей, түге!» – деп ышқына айқай салғанда, оның көкпеңбек маңдай тамырлары білеу-білеу болып жарылып кетердей. Күлзия іштей өксіген күйі, басы салбырап шығып кетеді. Байғұс қыздың келген сайын еститіні осы.

Бір күні Күлзия кішкентай інісін құшақтап, сегізінші класс оқитын сіңлісіне қаптан қолдан тіккен делдиген үлкендеу екі кенеп сөмкесін көтертіп, палатаға кіріп келген. Әнипа біраздан бері қозғалудан қалған, өзінше дәретке де отыра алмайды, күтуші әйел астына арнайы ыдыс қойып тосып алады. Бөбегін көргенде байғұс ана кеудесін жастықтан көтеріп алып, екі қолын соза, нәрестесіне ұмтыла берген еді, бірақ баласы теріс қарап, әпкесінің мойнынан тарс қылып құшақтап алып, шешесіне қарамай қойды. Күлзия оны өзінен жұлып алып, анасына қарай тыққыштайды, сәби шырылдап, қайтып өзіне жармасады. Осылай баласын анасына жақындата алмай, Күлзия әбден әлекке түсті, бала шырылдап, безектеп кетті. Бір кезде Әнипа көз жасына булығып: «Көзіме күйік қылмай, алып кет ананы. Енді қайтып маған

келуші болмаңдар! Өздерің де, тамақтарың да маған енді керегі жоқ! – деп өкіріп берді. Қыздары әрі-бері «мамалап» жанына барып еді, оларды қолымен ұрғыштап жолатар емес. «Кетіңдер, дедім ғой. Құрыңдар көзіме көрінбей! Мен өлікпін! Қу өлікте нелерің бар, сорлап қалған немелер! Мен жетім, әкелерің жетім, сендер жетім. Өңкей Құдай ұрып қойған бейбақтардың тұқымы! Ішімнен шыққан бала өзімнен үркетіндей неғып құбыжық етіп жараттың, ей, Құдай?! Әлде, бұл өмірге тек азап көру үшін әкеліп пе едің? Саған керегі менің жаным болса, алмайсың ба тезірек! Енді шыдай алмаймын бұл қорлыққа!» – деп оның жан дауысымен өкіре бақырғанын есітіп, жүгіріп келген дәрігерлер байғұсқа тыншытатын укол салды.

Күлзия мен сіңлісі дәлізде жүрегі ұшардай дірілдеп, шыр-шыр еткен кішкентай інісін жұбата алмай, өздері қосыла еңіреп тұрған. Сәуле олардың жандарына келіп, өзі де көз жасын тия алмай, Әнипаның да, оның отбасының да тағдырына жаны езіліп, шарасыздықтан не істерін білмей, қыздардың бастарынан сипап, оларды жұбатпақ болып: «Мамаларың сендерді аналық ыстық жүрегімен қатты жақсы көреді. Оның бар ынтық-тілегі де сендердің амансаулықтарың мен жарқын күлкілеріңді көру, жандарыңда бірге болу ғой. Ауыр дерт азабына шыдай алмай айтқан сөздеріне ренжімеңдер. Сендерді қимай, қоштасқысы келмей, қиналғандағы жан ышқынысы ғой. Мына кішкентайын күнде айтып, «бір сүйсем ғой» деп аңсап жатады. Бәріңді аяп, кімге тапсырарын білмей, өзінің әбден жүйкесі тозды. Мамаларыңның дерті өте ауыр, әрбір қиналғанда жаны шығардай болып қиямет кешеді. Енді оған сендердің мейірімдерің мен жылы сөздерің ауадай қажет. Өздеріңді көргенде оның бауыры езіліп кете жаздайды ғой, бірақ, жетім өскендіктен болар, ішіндегі ыстық ынтықтық сезімін білдіре алмайды. Қазір ұрысып, бұлқан-талқан болғанымен, сендер кеткен соң ет-жүрегі елжіреп, өз айтқандарына іші күйіп-жанып, аласұрады. Мен осы жерде бір айдан астам екі аурудың жанындамын, бәрін көріп жүрмін ғой. Сендер енді есеюлерің керек. Күлзия, өзіңнен басқа бас көтерер ешкімдерің жоқ, сондықтан саған босаңсуға болмайды, бұдан былай беліңді бекем буып ал да, мына артыңнан ерген жеткіншектеріңе бас-көз бол, бұлардың әлі буыны қатаймаған, күйреп қалмасын. Ауыртпалықтың бәрі сенің

иығыңа түсейін деп тұр ғой, қарағым-ай. Аналарыңның бұл аурудан жазылуы қиын. Барлық шындық осы. Ендігі жерде әкелеріңнің аман-есен шығуын Құдайдан тілеңдер. Ал, енді жүріңдер, мамаларыңның қазір ашуы басылды, кезек-кезек барып бетінен сүйіп, жылы сөздеріңді айтып шығыңдар. Балақайды апармай-ақ қойыңдар, анасының жарасын тырналап қайтесіңдер», – деп Сәуле әуелі кіші қызы Розаны жетелеп, ішке кіргізді. Әнипа екі көзін жұмып алып, тырп етпей үнсіз жатыр. Роза жанына барып, оның ақ ішкі көйлегінің сыртынан ішіне қойып жатқан оң қолын жәймен ұстап: «Апа, ренжімеші» дегенде ол көзін ашып, қызын өзіне тартып, басынан сипап, оны бауырына басып, аз ғана жатты да, терең бір күрсініп: «Қызым, сен енді балалықты қой, анау Күлзижанға көмектес. Ол сорлы қыздың қылдай мойнына батпандай ауыртпалықты арта бермей, бірге бөлісетін сенсің, басқалары әлі кішкентай ғой. Ол шалғай жер жүріп, бұл жақтан шаршап, ауылға барғанда, үйдің тірлігін өзің тындырып, алдынан тамағын дайындап, шәйін әзірлеп қой. Енді менен қайран жоқ.. Біріңе бірің жандарың ашып, тірек, сүйеніш болыңдар. Жаным, көгершінім, қош бол! Маған келіп әуре болма, үйдегі балаларға қара», – деп Әнипа дауысының дірілін білдірмеуге тырысып, жәймен ғана қызының қолын қысты.

Роза дәлізге шығып, баланы алды, палатаға Күлзия кірді. Ол Розадай емес, мінезі тұйық болғандықтан ба, анасының жанына келіп, үнсіз тұрып қалды. Өзі үшін ең қымбат жанның аянышты халіне ет жүрегі езілген байғұс қыз сәлден соң анасын өңгере құшақтап еңкілдегенде, көз жасы Әнипаның бетін жуып кетті. Жарықшақтанған дәу қолдарымен анасының басынан сипай берген Күлзия: «Апа! Сізді жақсы көремін! Сіз бақытсыз емессіз, артыңызда біз бармыз. Тоғыз ботақаныңыз тұрғанда сіз жетім емессіз, біз де жетім емеспіз. Сіз бізбен әрқашан да бірге боласыз, өйткені әрқайсымыздың бойымызда сіздің қаныңыз бен бейнеңіз бар. Апа, мен сізге ант етемін, балаларыңызды қаңғыртпаймын, оларға өзім қарап, өсіремін, шаңырағыңызды шайқалтпаймын! – деп еңіреп тұрған Күлзияның бұл сөздеріне Әнипа да, Ханша да, Сәуле де егіле жылады. «Мына жапжас қыз түгілі, отызға келіп қалған өзім де анама тап осындай иманды сөз айта алар ма екенмін», – деп Сәуле Күлзияның ақыл-парасаты мен бойындағы мейірім-шуағына риза

болды. Сонау жерден арша-боршасы шығып, артынып-тартынып, қанша шаршаса да «қыңқ» етпей, маңдайынан тері тамшылап ауыр халдегі анасына келіп, ешкімнен бір ауыз жылы сөз естімесе де, басына түскен тауқыметті қайрат-жігерімен, ең бастысы, үлкен жауапкершілікпен, риясыз жанашырлықпен көтере білген осы шомбалдай қара қыз Сәуленің көз алдына ұлы аналардың бейнесін елестетті. «Күлзия, айналайын, сен барлық қиындықты жеңіп, өзің де, бауырларың да жақсы күндерге жетесіңдер әлі, өйткені сенің бойыңда қайрат пен намыс, түйсік пен сезімталдық бар, тек Құдай қуат беріп, жолдарыңда ақ пейілді адамдар кездескей. Жылама, жаным, қазір сабыр сақтау керек, саған босаңсуға болмайды, соңыңнан ерген мына қараларды күйретіп аласың ғой, Күлзижан», – деп Сәуле оны аялай құшақтап, бетінен сүйді, әрі осы тағдыры ауыр анасы мен қызының бір-біріне деген жүректеріндегі іңкәрлік отының қайта лаулап жануына дәнекер бола алғанына қуанды.

Қыздары кеткен соң Әнипа үн-түнсіз қалған, біраздан кейін қайтадан өзін қоярға жер таппай, іші өкініштен күйіп, тағдырына нали бастады: «Қайтейін, не істейін, анау сорлы қыздарымның жүректерінің парша-паршасын шығарып, у құйып жібергенім-ай! Мен қу бас не тәрбие көрді дейсің, көкірегімдегі у мен зәрді шығармай, өзімді-өзім неге ұстамадым. Не ғып менің ақылым сол өзімнен шыққан титімдей қыздың санасынан төмен болды екен. Ананың құшағына жарымаған соң, балаларыма да ана болып жарытпадым ғой. Әйтпесе, байғұс балаларымның жүрегін осылай аямай тілгілеп, қаңсыратар ма едім. Ойбай-ай, ойбай-ай, Құдайға да тіл тигіздім-ау мен күнәһар жетімек!» – деп ол қайтадан зарлай бастады.

Ханша өз жаны қиналып жатқан соң, Әнипаның сөздерін жақтырмай, жәй ғана ыңырсып: «Қойсайшы енді, қызыңның жаңағы айтқанынан ештеңе ұқпағанға ұқсайсың ғой. Жетіммін, сорлымын деп қақсай бермей, неге Құдайдың бергенін қанағат тұтпайсың. Бір балаға зар болып жүргендер қаншама? Жаратқан иеміз саған бір емес тоғыз перзент сүйгізді. Өмір бойы еркек көрмей, күйеуге шыға алмай жүргендер де аз емес. Оларға қарағанда, шүкір, жаманды-жақсылы ер-азаматтың жары болдың. Оның аман-есен шығуын тілемейсің бе, балаларыңның қорғаны, ендігі жер-

де сол тірі болса, ұрпағын далаға тастамас, бір амалын тауып жеткізер. Болды енді, құр зарлай бергеннен еш пайда жоқ. Онан да, Алладан өзіңе иман тілесейші. Бұл фәниде көрмеген жақсылығыңды о дүниеде көрерсің. Ол жақта да жер бетіндегі істелген ісіңе қарайды дейді ғой. Жан-жағына жақсылық жасап, қайырымдылықпен өмір сүрген адамның жаны о дүниеде рақат табатын болуы керек. Құр безектеп, мына жарық дүниені қимай, жанымызбен арпалыса бергенше, сабыр шақырып, енді ол жаққа дайындалайық», – деп Ханша Әнипаға басу айтты. Сәлден соң Ханшаның тағы өзегі өртеніп, кеңезегі кеуіп, бұл өмірде енді басылмайтын шөлмен арпалыс, бір тамшы су зары қайтадан басталды.

Ертеңіне кешке ауруханаға мас адамша тәлтіректеп Сәуленің Бақыт інісі келіп тұр. Өзінің осы күйін білдіргісі келмей, ыржиған болады. Сәуле анасының дертінің беті бермен қарамайтынын білген соң, әлде қандай жағдай болады деген оймен, жазғы демалыс кезінде селтеңдеп босқа жүрмесін деп екі кіші інісі Бақыт пен Асылды Серіктің жұмыс істеп жүрген жеріне, аудандағы құрылыстың біреуіне кіргізген еді.

Ханшаның сүт кенжесі Асыл оныншы кластан он біріншіге көшті, жастайынан гитара тартып, ән салып жүрген оның бар арманы Алматыдағы театр-өнер институтына түсіп, актер болу. Бұл екеуінен үлкен Сәрсенкүл атты қыз бар, ол Қызылорда қаласындағы қыздар педучилищесінің соңғы курсына өтіп, қазір жазғы демалыста үйде, кішкентай Айдосқа сол қарайды. Кешке жұмыстан шаршап шыққандарына қарамай, қолдарынан келетін амалы жоқ болса да, жетпіс шақырым жердегі Тереңөзектен соңғы автобуспен анасын бір көріп кету үшін балалары кезектесіп келіп тұрады. Немересі Айдосты сағынып, Ханша жақында оны да әкелдірген. Әжесінен айырылмай, жабысып «кетпеймін» деп бақырып, аурухананы басына көтерген оны алдап-сулап «әжең қазір киініп шығады» деп Бақыт пен Сәрсенкүл зорға алып кеткен еді.

Міне, бүгін де кештетіп Бақыт ауруханаға келген. Өзі қиналып жатқандықтан, Ханша ұлының тәлтіректеп зорға тұрғанын байқаған жоқ. «Қайта бер, түнге қаласың», – деуге әрең мұршасы келген Ханшаның әлсіз үні әрең шықты. Бақытты артынан түйгіштеп, итеріп жүріп палатадан шығарған Сәуле: «мына бала ішкен ғой, өзі әбден азап тар-

тып жатқан апам мұнысын көрсе, құса болады-ау», – деп безектеп, інісін арқасынан шымшылап, тоқпақтап алды. Бір кезде дәлізге шыға бергенде Бақыттың мұрнынан қан сау етті, ол құлап бара жатып, терезенің ернеуінен ұстап үлгерді. Сәуле інісінің мына халін көріп, іші алай да түлей болып кетіп, ашуланды: «Ей, сен бе , апамның: «осы балам жақсы адам болады, рақатты осыдан көресіңдер әлі, менің басыма көктас қоятын да осы», – деп қол-аяғыңды жерге тигізбей, мақтап отыратын ұлының түрі? Бар жеткен жерің осы ма енді? Оңбайды екенсің сен, шешең хал үстінде жатқанда арақ ішкенің не, ойбай-ай, күйдіргі неме, енді не істеймін сені, бәріміз де оңып жүрген жоқпыз ғой, жалғыз сенің ғана ішің күйік пе, басқа жаныңдағы бауырларыңды аямайсың ба? Басымызға түсіп тұрған ауыртпалықты, досқа күлкі, дұшпанға таба болмай, көтеру керек екендігін сендерге қалай түсіндіретінімді білмеймін», – деп Сәуле шарасыздан інісіне қарап тұрып, оны да, анасын да, бауырларын да аяп, көзіне лықсып келген жасты шығармауға тырысты. Жанына Сәуленің сөздері қатты батқан Бақыт бір кезде дауысы дірілдеп: «Жоқ, Сәуле, нан ұрсын, ішкен жоқпын, мен ешқашан арақтың дәмін де татып көрген емеспін», – деп айтып біткенше оның мұрны тағы қанады. «Енді не болды? Не ішіп, не жеп едің, айтсайшы», – деп құты қашып, «мүмкін, тамақтан уланған шығар» деген оймен Сәуле інісін тергей бастады.

Сөйтсе, Сәрсенкүл шыбынды құртатын «дихлофосты» үй ішіне сеуіп, Айдосты ертіп, дос қыздарына кетіп қалады. Бақыт сол кезде жұмыстан шаршап келіп, қараңғыланған терезенің біреуінің желдеткішін ашады да, басқасына шыбын кіріп кетер деп тимей, ішкі бөлмеге барып жатады. Содан екі сағаттай уақыт өткеннен кейін үйге келгендер Бақытты зорға оятып алған. Далада біраз отырған соң есін жиған ол, «апама барамын» деп кешкі автобусқа шығып, Қызылордаға тартқан. Бұл жәйітті естіп зәр-иманы қалмаған Сәуле Бақытты дереу жақын арадағы «Жедел жәрдем» бөлімшесіне апарды. Олар «сәл кешіккенде, мына бала өледі екен» деп тез арада Бақытты мәшинаға салып алып, облыстық ауруханаға жеткізеді. Сәуле інісімен бірге барған. Анасы өзі жоқта үзіліп кететіндей болып, жаны қысылып, мына байғұс інісінің жағдайын уайымдап шырылдап, екі ортада не істерін білмей, басы қатып тұрған

Сәуле осы сәтте өзімен бірге мектепте оқыған ауылдасы Күләшті кездестіргеніне қуанып кетті, ол осында Бақыт түскен реанимация бөлімінде дәрігер екен. Мән-жағдайды айтып, інісін әуелі Құдайға, сосын осы құрбысына тапсырып, түнделетіп әрең мәшина ұстап, ол анасына жеткен еді. Ханшаға дәрігерлер морфий салып ұйықтатып тастапты. Сәуле анасының қу сүйек болып, шүлмиіп қалған денесіне, екі жағы солған бетіне қарап, өзін-өзі ұстай алмай, жылап жіберді. Мұны көріп жатқан Әнипа сыбырлай, қырылдай сөйлеп: «Ханша апайдың артында өзіңдей оқыған мықты қызы мен күйеу баласы бар, кейінгілерді сендер жеткізесіңдер ғой, тек өзі еш рақат көрмеді демесең. Менің сендей бір балам болса, алаңсыз о дүниеге аттанар едім ғой», – деп тағы уһілей бастаған соң, Сәуле сыртқа шығып кетті.

Ханшаның ауруханада жатқанына қырық күннен асты. Тамыз айының да ортасы болды. Шілде өткенімен, күннің ыстығы төбеңді ойып түсердей. «Енді үйіме, балаларымның қасына апарыңдар мені», – деп анасы мазасызданған соң, Сәуле қаладағы Ханшаның немере інілеріне хабарласып, олар жеңіл көлікпен апасын Тереңөзекке жеткізген. Онда барған соң туыс-жекжат жиналып жүріп, таныстардың біреуінен киіз үй әкеліп аулаға тіккен, ішіне алаша төсеп, көрпеше салып, бір шетіне темір кереует қойды да, үстіне төсек салып, Ханшаны жатқызды. Көңілін сұрап келушілерге Ханша риза болып, әлсіз ғана басын изеп, көріскеніне қуанышты екенін білдіріп жатыр.

Түнде Ханшаның қасында көрші Науша апай мен Рысты абысыны қонды. Сәуле де көрпешенің үстіне қисая кетіп, көз ілген, бірақ ауық-ауық оянып, көңілін үрей билеп, анасының тынысын бақылаумен болды. Бір-екі масасы құрғыр білте шамның жарығына ашық тұрған іргеден ұшып келіп, ызыңдап қояр емес. Сәуле апасының бетін желпіп отыр. Өзінен ұйқы қашқаны қашан. Ханшаға әрбір үш сағат сайын системамен тыншытатын дәрілерді құятын медбике де жақын жерде тұрады. Оның емізулі баласы бар болғандықтан, үйіне кеткен, енді ол таңата келеді. Оған дейін анасы қиналып қалмаса екен деп тілеп отырып, Сәуле әртүрлі ойға батты. «Ертең апам о дүниеге аттанып кетсе, мына шаңыраққа кім ие болып қалады, мен болсам өз ұям, қызметім бар, әрі кетсе, бір ай отырармын, мына үйге кім қарайды, әйел заты болмаса, кілең ер балалар тозып кетеді

ғой. Сәрсенкүл де оқуын бітіруі керек. Қой, бұлай «не болса да басқа салғанды көрерміз» деп отыруға болмас, осы Серіктің жақсы көретін қызы бар дегенді естіп едім, соны Рысты жеңгемізден анықтайын», – деп ойлады да, Сәуле оны оятты. Екеуі бір түкпірге барып сөйлесіп отыр. Рыстының айтуынша, мектептен бастап Серік Алтынкүл атты қызды ұнатады екен. Оның әкесі Еркінбай деген кісі, кезінде мектептің шаруашылығын басқарған, қайтыс болғанына бес жылдай уақыт өтіпті. Қыз да оған «кет әрі» емес сияқты. Осыны естісімен, Сәуле сол қызға Серікті күні ертең үйлендіріп, екі жасқа Ханша өзі шаңырағын тапсырып, батасын беріп, жаны жай тапса екен деген ниетін айтты. Сөйтіп, енді Серікті қалай көндіреміз, ол «шешем өлім аузында жатқанда, үйленбеймін», десе не істейміз, деп ойлана келе Сәуле жеңгесімен екеуі: «Серікке: анаң келін көріп, өз қолымнан оған шаңырағымды тапсырайын, екеуіңе ақ батамды берейін, ұнататын қызы болса тезірек әкелсін деп жатыр», – деп айтайық. Ал Ханшаға: «Серік балаң: апам келінін көрсін, ақ тілегін айтып, өз қолымен бізді қоссын», – деген ой айтты деп жеткізейік. Сөйтіп, келін түсіріп, беташарын осы екі-үш күнде жасап жібермесек, дәрігерлердің айтуынша, Ханшаның күні санаулы», – деп олар екеуара ақылдасып, осындай шешімге тоқталды.

Осы ой іске асып, араға бір күн салып, Ханшаның босағасына келін түсіп, беташар тойы болды. Төсегінде арқасын екі үлкен көпшікке сүйеп отырған Ханшаға ақ жібектен киген көйлегі мен ақ орамалы жарасып, жұп-жұқа өңі жаңа түскен келіннің жүзіндей бал-бұл жанған ол дертінен жазылып кеткендей, балаша қуанып, шабыттанып, «домбырамды әкеліңдерші», – деп жан серігін қолына ұстап, құр сүйек болып қалған саусақтарын әрең қимылдатып, ішегін бір шертті де, әрі қарай оны қағуға да, ұстауға да шамасы келмеді. «Құтты болсын» айтып келіп жатқан жұрттың бәріне жүрегі елжіреп, ризашылығын білдіріп, күлімсіреп отыр. Сәулені жанына шақырып алып: «келгендердің ешқайсысын құр қайтарма, барлық түскен мата-орамалдың бәрін тарат, әр үйде келін түсіп, той болып, бақ қонсын жұртыма!» – деді тебіреніп. Ертеңіне таңертең Алтынкүл келіп сәлем берді. Ханша оның маңдайынан сүйіп, тұңғыш келіні иіле ұсынған бір кесе шәйдан ұрттап, баласы екеуіне Жаратқаннан бақ, үбірлі-шүбірлі, берекелі, ынтымақты

ғұмыр тілеп, толқып, көзіне жас ала отырып, аналық ақ батасын берген еді. Сол күні түнде Сәуле қалғып кеткен екен, анасының өзіне тесіліп қарап жатқан көзқарасынан оянды. Ханшаның көзіндегі жас шамның жарығымен мөлт-мөлт етіп жастыққа ыршып тамып жатыр екен. «Апа, қалайсыз? Дәрі салдырайын ба?» – деп ұшып тұрып, жанына жеткен Сәуленің қолынан ұстаған анасы мейірлене қарап: «Сен де әбден шаршадың-ау... Екі дүниеде де өзіңе ризамын, Сәулетай...», – деп ол әрмен қарай сөйлей алмай, ықылық ата бастады. Сәуле балаларды оятып, анасымен қоштастырды, бәрі егіл-тегіл жылап жүр. Көрші Ешмұрат деген кісі келіп, Құраннан білген аяттарын оқыған болды. Тілге келмей, көзі жұмулы күйі, таң ата Ханша апасы үнсіз үзіліп кетті. Бұл 1977 жылғы он тоғызыншы тамыз күні еді. Сәуле қазір ойласа, сонда апасы өзімен қимай қоштасып, мына дүниеге, балаларына, жақындарына деген ынтықтығы мен іңкәрлігін сол мөлдіреген бірнеше тамшы көз жасына сыйғызған екен ғой. Артық сөзге жоқ, елжіреп, езілгенін білдіруді ұят санайтын, өзінің бар ықыласын сөзбен емес іспен көрсету керек деп ұғатын, сыртқа білдірмесе де жүрегімен сүйе де, күйе де алатын асыл анасы қаншама қиындық, тапшылық көріп жүрсе де, жақындарына өз тазалығының, мейірімінің, адалдығының, аналық қасиетінің шуақты нұрын сеуіп үлгерген екен.

Анасының қайтыс болғанын емханада жатқан Бақыт естімеген. Ханшаның қырқын беріп жатқан үстінен түскен ол өкіре жылап, киіз үйде жер бауырлап тұрмай кешке дейін жатты. Оның артынан ауруханаға үзбей тамақ тасып тұрған Мінаш апасы, бара көрер деп анасының өлімін баласына естіртуге дәті шыдамай, Бақытты Тереңөзекке өзі бірге ертіп келген еді.

Сәуленің Мәскеуге қайтатын уақыты болды. Студенттердің жазғы демалысын пайдаланып, жұмыс орнына анасының қаза болғанын айтып, ол қыркүйектің аяғына дейін сұранған. Жол жүрер алдында Сәуле қаладағы ауруханаға Әнипаға сәлем беріп, әрі қош айтысып шығайын деп барған еді. Ол Ханшадан соң он күннен кейін үзіліпті, ауылдастары оны туған жеріне алып кетіпті.

Өмірдің күнделікті күйбеңдерімен жүріп, өзінің көп жәйіттерді пайымдауға мұршасы келмегенін Сәуле енді бірнеше жылдарды артқа салғаннан кейін өзінің жіберген

кей ағаттықтары мен қателіктеріне өкінеді. Сол Әнипаның ауылының қайда екенін де біліп алмапты-ау. Қу тіршілік қамымен кетіп, асыл жандарға қол ұшын беруге жарамай жүрген өзіне-өзі кейде налып отырғанда, Сәуленің көз алдына әрбір адамға жақсылық жасауға жарағанына қуанып, шүкіршілік ететін Ханша апасы келеді. Бұл сияқты ол зәулім Мәскеуде оқымай-ақ, кішкентай ауыл ішіндегі ызғарлы өмір мектебінің елегінен өткен екен. Тіпті, өзін ұмытып, тек өзгеге пайдасын тигізуді ойлап, отыз бесінде бес баламен жесір қалған анасы қайғы-қасіретке мойымай, елуге де жетпей өңеші өртеніп, мына ұлы өмірге деген шөлі қанбаса да, оның нәрлі бастауларынан рақаттана, құмарлана іше алмаса да, адамның да, жарық дүниенің де қадіріне жете алыпты. Барды қанағат тұтып, пейілін тарылтпай, ешкімге қол жайып арын, намысын сатып көрмеген, жер бетіндегі ең құнды байлық адам деп білген Ханша апасы сияқты жарқын жандарды ол жиі еске алады. Сәуле олардың алдында өзінің борышты екенін ұғып, әруақтар налитындай тірлік жасаудан аулақ болуға ұмтылады.

Ғұмырының әрбір баспалдағына көтерілгенде сол жарқын жандардың рухы қолдап жүретінін терең ұққан Сәуле де төзімділікпен, сабырмен, мейіріммен, біреудің ала жібін аттамай, ар-намысын биік ұстап, абыроймен күн кешу өзінің ең басты адами парызы екенін бар болмысымен түсініп, сол қағидаларынан ауытқымай ғұмыр кешіп келеді.

## АСЫЛДАРДЫҢ СЫНЫҒЫ

*Бұл әңгімені мен поезда, Мәскеуден келе жатып бір жолаушы келіншектен естіген едім. Менің Әдебиет институтында оқитынымды білген ол осы оқиғаны жазуымды сұрап, айтып берген. Бірақ қанша өтінсем де өзінің де, тұратын жерінің де, бұл жағдай қайда болғанын да, кейіпкерлердің аттарын да қорыққанынан айтпай қойды. Мен кейіпкерлерден көркем шығармаға тән бейнелер мен типтер жасадым.*

Бұл оқиға 1970-1975 жылдары Қазақстанның бір облысының Х атты ауданында болған екен. Маңғыстау өңірінен басқа облыстың бір ауданына мекеме басшысы болып

Есіркеп деген кісі отбасымен көшіп келген. Оның бірінші әйелі қайтыс болыпты. Шешесінен он жасында айырылған Қайсар атты ұлының жасы жиырма төртте. Ол жақында өзінің жауынгерлік борышын өтеп, әскерден оралған. Есіркептің екінші жұбайы қырық жастағы Қансұлудан Сағира атты он екі жасар қызы бар.

1963 жылдың жазы қапырық болып, күніге құм суырып, аңызақ соғып, жұрттың ығырын шығарған. Сондай бір аспан айналып жерге түсердей ыстықта Есіркеп кенеттен жүректен кетті. Ол орта бойлы, толық денелі, қарынымен жер тірейтіндей, жасы алпысқа келген кісі еді. Салқын күннің өзінде ырсылдап ентігіп, қысқа аяқтарын зорға басып, оның мәшинаға әрең мініп-түсіп жататынын көріп жүрген көршілері үшін бұл қаза төбеден жәй түскендей болған жоқ. Олар бұл кісінің денсаулығының нашар екенін білетін. Сөйтіп, аудан орталығындағы бес бөлмелі кең жер үйде отағасын жерлеген соң Қансұлу өгей ұлы Қайсармен және қызы Сағирамен бірге тұрып жатты. Қайсар аудандағы он бір жылдық орыс мектепті бітірген соң, Алматыдағы дене тәрбиесі институтына түсіп, оны екінші курстан тастап, әскерге кеткен болатын. Қазір мектепте күрестен жаттықтырушы болып істеп жүр. Осында Светлана атты орыс қызы жаратылыстану пәнінен жоғарғы кластарға дәріс береді, сол мұғалім қызбен Қайсар екеуі ылғи бірге жүреді. Талдырмаш денесіне киген киімі жараса қалатын, шашы күннің шапағындай сарғыш, жанары ашық көк аспандай әрдайым жарқылдап тұратын осы қызға ауданда қызығатын, оны көрсе көзін ала алмай қадалып қалатын жігіттер көп. Бірақ бұл екеуінің бірін-бірі сүйетінін білгендіктен, әрі Қайсардан қаймыққандарынан ешқайсысы да оған беттей алмай жүрген жайлары бар.

Қайсар орта бойлы, шымыр денелі, дөңгелек жүзді қара жігіт. Оның тұнық үлкен қара көздерінде жігерлілік пен қайсарлық оты ұшқындап тұратын. Оны батырлардың тұқымынан екен деседі жұрт. Құрбылары Қайсарды мәрттігі, өрлігі, екі сөйлемейтіндігі үшін жақсы көретін, әлсізге тірек, жамандық пен қатыгездікке, сатқындық пен опасыздыққа жаны қас екенін біліп, сыйлап, көбісі оның алдынан кесіп өтпейтін. Ол аудандағы небір бұзақы жігіттерді уысынан шығармай, өзіне бағындыра білетін, бірақ қандай істе де өзінің әділдікке беріктігінен танған емес. Жылпостарды,

жылмақайларды, біреулерді сыртынан жамандайтындарды жек көретін, сапырма, көбік сөздерді суқаны сүймейтін, ал жұрттың әзіл-сынын, әдепті, өнегелі жақсы әңгімелерін тыңдап рақаттанып, кейде «мырс-мырс» етіп миығынан күліп қойып отыратын Қайсарды білетіндер, оны нағыз ержүрек жігіт деп бағалайтын. Осы қасиеттерімен қатар, оның бойында аңғалдығы да аз емес болатын. Жылы сөзге майдай еріп қоя беретін ол мәймөңкелегендердің алдау-арбауына тез түсіп қалып, артынан опық жеп жүретін еді. Жастайынан анасынан айырылған Қайсарға өгей шешесі мейірімді болып кездеспеді.

Қансұлу күйеуінен он бес жастай кіші, қырық бестегі орта бойлы, қағылездеу, ақсары, қиық көзді, кірпігі де, қасы да сыйдиып қалған әйел. Күлгенде тәмпиген пұштәнәй мұрыны жиырылып, жұқа ернінің астынан жоғарғы үш алтын тістері жарқ ете қалатыны болмаса, бет-әлпетінде көз тоқтатып қарайтындай ештеңе жоқ. Қызы Сағира әкесіне тартқан қараторы, сүйегі ірілеу болғандықтан, өзінің жасынан ересектеу болып көрінеді. Оның үлкен көзінің қарашығы нүктедей, сондықтан ба, көзқарасы адамға ұнамсыз: кекетіп, сынап-мінеп тұрғандай әсер қалдырады.

Әкесінің дүниеден өткеніне жарты жылдан астам уақыт өткеннен кейін, Қайсардың үйде, тіпті жағдайы болмай кетті. Оның өрлігі, өжеттігі, бірбеткейлігі Қансұлудың көңіліне қорқыныш, үрей сезімдерін ұялатты. Ол енді өгей ұлмен бір үйде тұра алмайтынын біліп, одан құтылу амалдарын ойластыра бастады. Оның үстіне, Есіркептің жаулары да әкесінен ала алмаған өшін баласынан алу үшін Қансұлуды Қайсарға айдап салуға кірісті. Енді Қайсар үйге келгенде Қансұлу тасбақаша жиырылып, оған тамақты столдың үстіне қоя салып, өзі қызын ертіп басқа бөлмеге, немесе сыртқа шығып кететін болды. Алғашқы кездері Қайсар шешесімен қарындасының пиғылдарының өзгергенін онша аңғармаған, апыл-ғұпыл тамағын іше сала, Светасымен, жолдастарымен кездесуге асығып шығып кетіп, түндeлетіп келетін. Бір күні Қансұлуға күйеуінің қарамағында істеген ұзын бойлы, ат жақты, қою қара шашын үнемі артқа қайырып тарап, ылғи сызданып жүретін, жасы елулерге келіп қалған Кемірбай деген келіп, сыр тартып, жаны ашығансып: «Қанеке, Есағаң барда ештеңені байқамай жүргенсіз ғой. Мына Қайсардың сізге ниеті дұрыс емес

екендігін, ағамыздың өз аузынан естігенмін. «Неге екені белгісіз, Қансұлумен осы баланың жаны қас, осы жәйт мені шаршатты» деп ол кісі қамығып отыратын. Байқаңыз, енді ол сіздерге қарсы шаппасына кім кепіл? Өзінің түрі түтігіп, қаны қарайып жүрген тәрізді ғой. Бастарыңызға зияны тимей тұрғанда, алдын алып, бір амал-әрекет жасамаймыз ба? Мұндай ішінен тынғандардан неше түрлі бәле шығады. Бұл Есағаңның тірі кезінде-ақ бұзылған бала ғой, тек әкесінің беделінің арқасында сотталмай қалған, әйтпесе ауылдағы небір төбелесті бастайтын осы емес пе еді? Мұны ауыздықтамасақ, түбі жақсылыққа апармайды, кішкентай қарындасымыз екеуіңізге қатер төнгенін сезіп тұрып, айтпасқа болмады» – деп ыңырси бықсытып кеткен. Осы әңгімеден кейін Қансұлудың үрейі үдей түсті. Енді Қайсар үйге кіргеннен Қансұлу дір-дір етіп, өзін қоярға жер таппайтын болды. Көзін жұмса, құдды Қайсар мұны өлтіріп тастайтындай көрінеді де тұрады. Ол шынымен келіп, қылғындырып буындыратындай өзінен-өзі қалшылдап, қара терге түсіп, түнімен ұйықтамай таң атыратын жағдайға жетті. Шешесінің үрейі Сағираға да берілді. Екеуінің жүйкелері әбден жұқара бастаған соң, бұлар Кемірбаймен кездесіп, Қайсардан құтылудың амалын қарастыруға кірісті. Әуелі Қансұлу үйді сатып, ақшасына екі баспана алып, біреуіне Қайсарды кіргізгісі келген. Бірақ Кемірбай оның бұл ойын құптамады.

«Қайсар тірі жүргенде, сіздерге бәрібір тыныштық жоқ, сондықтан оған ауылдағы ең бұзақы деген бірнеше жігіттерді айдап салып, жабылтып басынан ұрғызып, сосын жындыханаға тапсырып жіберу керек», – деген. Қансұлу, әдепкіде, күйеуінің әруағынан қорқып, мұндай айуандыққа өзінің бара алмайтынын айтып, біразға дейін Кемірбаймен сөйлеспей қойған, бірақ өз үйінде өзі тұра алмайтын халге жетіп, әбден діңкесі құрыды. Қайсарды көрсе, жаналғыш келгендей, қол-аяғынан жан кетіп, көгеріп-сазарып бір орнынан қозғала алмай қалатын. Анасы мен қызы тамақтарын ішіп болысымен, не сыртқа шығып кетеді, не басқа бөлмеге кіріп, есігін ішінен кілттеп алып отыратынды шығарды. Қайсар да ішінен түйіліп, шешесі мен қарындасының өзін жек көретінін байқап жүр, бірақ ештеңені елемегендей болып көрінгісі келеді. Үйдің іші қараңғы түнек сияқты. Адам тұншығардай жағдай. Қайсар сыртта жүруге тырысады.

Бір күні Қансұлу Кемірбаймен тағы кездесті, сөйтіп екеуі ақылдасып, арам ойларын іске асыруға келісті.

Наурыз айының соңы болатын, күні бойы себелеп жаңбыр жауып, аспанды қара бұлт бүркеп алған, жер лайсаң. Түнгі кинодан шығып, Светаны үйіне апарып салған Қайсар ойында ештеңе жоқ, жүрегі ғашықтықтан лүпілдеп, тәтті сезім құшағында келе жатқан еді. Аудан орталығындағы жалғыз асфальт жолдан қуыс көшеге түсе берген оған тасадан бірнеше жігіт атылып шықты да, жабыла кетті. Қайсар әдепкіде кездейсоқ соққылардан есеңгіреп қалғанымен, артынша тез бойын жинап, өз-өзіне келді де, аналарға арыстанша атылғанда, алтауын алты жаққа лақтырып, екеуінің қолындағы пышақтарын да ұшырып түсірді. Құлағандар қайтып түрегеле бергенде, олардың әрқайсысын теуіп, тұруға мұршаларын бермей, Қайсар үйлердің арасымен шығып, құтылып кеткен. «Қол-аяғы бірдей, шалт қимылдағанда, көз ілеспейді екен», – деп кейін сол жігіттердің өздері оның әдістеріне таң қалып, айтып жүріпті. Қайсар аузы-мұрны қан болып үйге келгенде, Қансұлу енді өз мақсатына жетуге жақын екеніне қуанды. Ертеңіне Кемірбай төбелеске қатысқан жігіттермен кездесіп, бәрі бірдей жалғыз Қайсардан жеңілгендері үшін ұрысып, басы қанаған біреуіне милицияға барып, «Қайсар маған өзіненөзі тиісіп, соққыға жықты», – деп шағымданып, дәрігерден жарақаттанғаны туралы анықтама алу керектігін айтып: «милицияда есепте тұрғаныңды білесің, айтқанымды істемесең, сені соттатамын», – деп қорқытып, Кемірбай Қайсардың үстінен арыз түсіртеді де, екі күннің ішінде оны тергеу изоляторына қаматып тастатады. Кемірбай Қансұлу екеуі Қайсарға жаны ашығансып, соттатпаудың бірден-бір амалы – оны уақытша психиатриялық ауруханаға жатқызып, ол жерден «жүйке ауруына шалдыққан» деген медициналық жалған құжат алу керек екенін, оны Кемірбайдың сол жердегі таныс дәрігерлері ақшаға жасап беретініне Қайсарды әбден сендіреді. Бұл жақта жанашыр туған туысы жоқ, әкесімен қызметтес болған соң Кемірбай шынымен мұны аяп, құтқарғысы келіп жүр екен деп ойлаған Қайсар: «әйтеуір сотталмасам болды, бірнеше күн сол жерге жатып шықсам ештеңе етпес, бәрібір өзімнің кінәсіз екенімді дәлелдеп шыға алмаспын», – деп осы әрекетке келіседі. Сөйтіп, Кемірбай мен Қансұлу Қайсарды облыстық жынды-

ханаға тығып, армандарына жетеді, оны енді бұл жерден шығармаудың жолын табады.

Осындай залымдықпен Қайсардан құтылып, Қансұлу Кемірбайдың нақсүйері болады. Сағира қарындасы Қайсардың артынан іздеп те бармаған.

Қайсар бұл ауруханадан енді қайтып шыға алмайтынын үш-төрт айдан кейін түсіне бастады. Бірақ үміт үзілмейді ғой, ол алғашқыда өзінің барлық жігерін дәрігерлердің күнделікті күштеп егіп, ішкізетін неше түрлі удай дәрілерін бойына дарытпай құсып тастауға жұмсайтын. Денсаулығының мықтылығынан ол біразға дейін берілмей жүрген, кейін тұлабойы дел-сал болып, ықылас-жігерсіз, мең-зең күйге ене бастады. Жан-жағына қараса, бұл жерде сана-есі сау жандар баршылық екен, көбісі біреулердің әдейі жасаған қастандығының құрбаны, дұшпандары құтылғысы келгендерді осында әкеліп тыққан. Бір жас келіншекті басшылық қызметтегі күйеуінің адам өлтіргенін біліп қойып, оны бетіне айтқаннан кейін, ал анау жап-жас жігітті жұмыс істейтін мекемесіндегі бас бухгалтердің қанша ақша жегенін сезіп қойғандығынан, енді біреулер қызын ұратын күйеу баласын – осы жындыханаға әкеліп жапқан. Әртүрлі тағдыр тәлкегіне ұшырап, мұндай жан тамұғына түскен есі бүтін адамдарды көрген соң, Қайсар өзінің қандай залымдықтың қақпанына түскенін түсінді. Осында жатқанына жарты жылдан асып кетті, артынан іздеп келген бір жан болған жоқ. «Менің қайда екенімді ешкім білмегені ғой. Әйтпесе, басқа болмаса да Света мен дос жігіттер әлдеқашан жетіп келіп, құтқарып алар еді, мұның артында үлкен гәп болып тұр. Осының бәрін әдейі ұйымдастырған менің өгей шешем мен Кемірбай екені айдан анық», – деп Қайсар ызадан іштей тынып күңіренген, бірақ амалсыздан жігері құм болып, тордың ішіндегі жаралы арыстандай аласұрғанымен, өзін құтқаратын ешкім жоқ екеніне көзі жетті. Бұл жерде де Қайсар өзін сыйлата білді. Санитарлардың күнделікті шабуылынан жәбір көріп, кіріп кетер тесік таба алмай шырылдап, Құдайдың да, адамның да рақымына зар болып, ақыл-есінен айырылған сорлы жандар Қайсарды паналайтын, өйткені ол өзінің байсалды, мейірімді мінезімен, кіршіксіз пәк көңілімен, адам баласына деген шынайы жанашырлығымен, ең бастысы, ештеңеден қаймықпайтын рухымен осындағы дәрігерлер мен қызметшілердің де, ем алушылардың да жүрегін баурап алған еді. Осылай жеті-сегіз

ай өткен. Света мен жора-жолдастарының тынымсыз іздеу салуының арқасында, олар Қайсарды психиатриялық ауруханадан тауып, шығарып алуға біраз жүгіреді, Алматыға да, Мәскеуге де оның нақақтан жындыханаға апарып салынғанын айтып хат жазады. Мұны естіген Кемірбай тексеруді жүргізбей, істі қайта қаратқызбауға барлық күшін салды. Ол өзі астыртын барып, беретінін тағы беріп, облыстық психиатриялық аурухананың дәрігерлерінен Қайсардың «есі ауысқанын растайтын» медициналық қорытындының анықтама құжаттарын әкеліп, заң орындарына Қансұлу арқылы тапсырғызып, Қайсардың емін әрмен қарай жалғастыру керек деген дәрігерлердің «талабын» алға тартты. Сөйтіп, Қайсарды бұл ауруханадан шықпастай ғып барлық құжаттарын реттестіріп, оны ешкіммен жолықтырмаудың жолдарын қарастырып, істерінің бәрін тап-тұйнақтай ғып, ешкімге жымдарын білдірмей, Кемірбай мен Қансұлу өмірлерін сүріп жатты. Ауданға тағайындалған жаңа сот туысқаны болып келген соң, Кемірбай тіпті құтырып кетті, ол енді бүкіл жұртты аяғының ұшымен жүргізуді армандай бастады. Өзіне ісі түскендерге оның әкіреңдеп, зекіп, кейін пара алу сәті түскенде түлкідей жылмаңдап кететінін аудан тұрғындарының бәрі білетін, бірақ бір-біріне айтуға қорқатын, өйткені Кемірбайдың қандай жауыздыққа бара алатынына Қайсардың тағдыры жайында естіп отырған елдің көздері жеткен.

Адам баласының мүсәпір күйінің куәсі – бұл жындыханада Қайсардың жатқанына үш жыл болды. Маңғыстау жақта тұратын әкесінің немере інісі іздеу салып жүріп, оны осы жерден тауып, «барлық әрекетті жасап шығарып аламын», дегенде, Қайсар: «Әуре болмаңыз, аға бәрібір енді ешкімге керегім болмас», – деген екен. Содан ағасы жылай-жылай ауылына қайтып кетіпті. Өзі балықшы болып істейтін ол інісінің мынандай халін көрген соң, аяқ-қолы селкілдеп, ауру болып, теңізге шыға алмай қалған екен. Артынан келген достарына да, еңіреп жүрген Светаға да Қайсар сол сөздерді айтыпты. Бұл оқиғадан кейін және бір жыл өткен. Қайсар дәрігерлермен келісіп, арасында қалаға шығып тұратын. Бір күні ол қайтып оралған жоқ. Ертеңіне оның езілген денесі қаладан он шақырым жердегі темір жол бойынан табылған, ол өзін-өзі жүріп келе жатқан поездың астына тастапты.

Ежелгі сақтар жерінде сол асылдардың сынығындай

осындай жаны жомарт, нар жігіт өмір сүріпті. Қайсар өзінің азапқа толы азғантай өмірінде жұрттың көңілінде адамдықтың, тазалықтың, шыншылдықтың, өжеттіктің куәсіндей болып қалған.

Ата-бабаларының батырлығы мен батылдығын, мәрттігі мен пәк көңілін сақтап қалған Қайсар сияқты қасиетті жандардың астыртын жасалатын жауыздықтың, пасықтықтың құрбаны болып, залымдыққа, қулық-сұмдыққа қарсы амалы болмай, бетпе-бет келгенде дес бермейтін олар сырттан құрған торға түсіп, омақаса құлап жататындығы сол адал жандардың болмысының аңғалдығы мен айласыздығынан және кеңес қоғамының ауызды аштырмай, жаншып жіберетін темір құрсауы тегеурінінің мықтылығынан еді.

## ҚҰЛАННЫҢ МАХАББАТЫ

Сәуле өзі ән айта алмаған соң дауысы бар құрбыларына қызыға да тамсана қарап жүргені. Көшенің арғы бетінде тұратын Шалабай деген малдың терісін жинайтын қойма бастығының Сайра атты жалғыз қызы бар. Сәуледен бір жас үлкен ол оныншы класта оқиды, өзі сап-сары әңгелек сияқты, дөңгелек бетіне пұштанай мұрны жарасқан, аласа бойлы, толықша келген, күрең қызыл еріндері жаңа піскен шиедей үлбіреген сүйкімді қыз. Тірсегіне түсетін ұзын қоңыр қалың шашын екі бұрым етіп өріп, ырғатыла жүріп бара жатқан Сайраны көрген кім де болса, оның бойынан әйел затына тән сылқымдықты байқамай қалмайтын. Сайраның шешесі Әнәпия қатал кісі деседі жұрт. Ол қызын ретсіз үйден шығармай, тіпті құрбыларымен де араластырмай, сабақтан кейін тек ән үйірмесіне аптасына екі рет баруға рұқсат етеді, көбінесе өзі оның қасында еріп жүргені.

Сайра ән айтқанда жан-жағының бәрін жаңғыртып, өзінің жүзі де бал-бұл жанып кетеді. Мектептегі бозбалалардың көбі оған ғашық. Бірақ Сайраның оларға қарауға мұршасын келтірмей, апасы сабақтан кейін дереу үйіне алып кетеді. Жұрт осы Әнәпияны бұл қыздың туған шешесі емес дейді. Шалабайдың қарындасы ағасы мен жеңгесінің баласы болмаған соң өзінің осы қызын олардың бауырына салыпты. «Сондықтан жазатайым бұл қыз бір нәрсеге

ұрынып қалса, өзінен тумағаннан кейін дұрыс қарамаған деп мені кінәлайды» деген оймен, ол Сайраны көзінен бір сәт таса қылмай, қатал ұстайды.

Әнәпиялармен көршілес үйде ағасының қолына совхоздан жақында келген, жасы жиырмалардағы ұзын сұңғақ бойлы, ат жақты Құлан атты жігіт тұрады. Оның күрең жүзіндегі қарақаттай мөлдіреген үлкен мұңды көздері адамның өңменінен өтіп, толқынданған бұйра шаштары бүкіл болмысына ерекше бір сымбат беріп тұрады. Қараған адамның көзі тоятындай осы сұлу жігіт тумысынан мылқау, әрі оның құлағы да естімейді. Құланды көргендердің бәрі бастарын шайқап: «Әттең, бұл тағдырдың қатыгездігін қарашы, мынадай сұлулық беріп, байғұсты сорлатып қойғанын. Ойпырмай, жігіттің сұлтаны болайын деп тұрған бұған Жаратушы неғып іштарлық жасады екен», – деп қапаланады. Ол күн жылынысымен, жұртқа кесек құйып, азын-аулақ табыс табады. Осы келгенде де сол кәсібімен айналысып, күні бойы сыртта, біреудің ауласында жұмыс істеп, үйге қас қарая қайтады. Бір күні ертерек оралған Құлан екі үйдің арасындағы биік тақтай шарбақтың арасынан Сайраны көріп қалды. Содан бастап оның есіл-дерті тек Сайра болып, бұлаңдаған жас қыздан көзін ала алмай қадалып қараңғы түскенше ол бір орыннан тапжылмай отыра беретінді шығарды.

Маусым айы басталған. Сайра аудандық ән-би фестиваліне қатысуға дайындалып, күнде мектептен кеш келіп жүр, оны әдеттегідей апасы алып қайтады. Әнәпия осыдан екі жыл бұрын бір жақ аяқ-қолы істемей, төсек тартып жатып қалған, қазір де ауа райы бұзылса, еңсесін көтере алмайды. Денсаулығының нашарлығына байланысты зейнеткерлікке ол қырық беске де толмай шыққан. Өзі арық, ұзын бойлы, сүйектері майланбаған арбадай сықырлап, қызыл бидай өңі түтігіп, үнемі суқаны су көтермей жүретін Әнәпияны көргеннен Сайраның бірге оқитын құрбылары зыта жөнелетін.

Бірде, демалыс күні кешке Сайра қолына Сұлтанмахмұт Торайғыровтың кітабын алып, үйдің көлеңкесіне ескі көрпешені төсеп жантая кетіп, оқуға кіріскен еді. Шарбақтың ар жағындағы пішен қораның қуысынан сығалап өзіне тесіле қарап отырған жігітті байқап қалған ол, қорыққанынан үйге кіріп кетті. Кейін Сайра оны тағы бірнеше рет сол жерден көріп жүрді, сосын апасынан бұл жігіттің қасіретін білген

соң, оны аяп, алыстан басын изеп, амандасып қоятын. Келесіде дарбазадан шыға берген Сайра өзін аңдып тұрған Құланмен бетпе-бет кездесіп қалды. Бұл жігітті қыздың осылай алғашқы рет анық көруі еді. Оның сұлу келбетіне көзі түскенде Сайраның жүрегі дүрсілдеп, тұлабойы шымырлап кеткен. Содан бастап Сайра да Құланмен кездескісі келіп тұратын болды. Ретін тауып, екеуі бірде есік алдында, кейде мал кепелердің қуысында ұшырасып қалатын. Бір күні Сайра Құланға қарап тұрып, өзімен өзі сөйлескендей: «Құлан, білемін сенің мені ұнататыныңды, мен де сені өте жақсы көремін. Өзіңдей жігітті кездестірсем деп армандап едім, бірақ көрмейсің бе тағдырдың қатыгездігін. Сен мұндай жағдайда болмасаң, бәлкім, маған қарамас та едің, онда артыңнан қанша қыз жүгіріп, біразының қолы саған жете алмас та. Қандай көркемсің, Құлан!» Жігіттің екі көзі оттай жанып, ештеңе айта алмаса да бәрін түсінгенін ол жанарымен ұқтырған еді. Сайраның ішкі дүниесі алабұртып, бетін жуған ыстық көз жасын бір қолымен сүртіп, екінші қолымен ол Құланның бұйра шашынан сипап тұрды да, әрі қарай шыдауға дәрмені болмай, теріс айналып, ауласына жүгіре басып кіріп кетті. Үйдің арғы жағындағы сарайға барып, кіреберісте тұрған қалайы шелектен алюминий бақырашпен су алып, алаулаған бетіне шаша берді.

Сайра мен Құлан енді күнде тиіп-қашып кездесіп жүретін болды. Ебін тауып олар, әйтеуір, бір-бірімен құшақтасып, тез-тез сүйісіп үлгереді. Сосын Сайра біреу көріп қалмасын деп қаша жөнеледі. Құлан болса, есінен танардай есеңгіреп есіл-дерті тек Сайра болып, кеш батысымен, мал кепе, пішен жиналған жердің тасасында қызды тосып отырады.

Бірде Сайра жұрттың көзін ала бере, сол жерге келген, сосын екеуі құшырлана сүйісіп, бір-біріне деген ынтықтықтарын баса алмай тұрғанда, Сайра «апам көрсе мені өлтіреді», – деп тызақтап, амалсыздан Құланның өртеніп тұрған құшағынан суырылып шығып, тез-тез үйіне қарай жүгіре жөнелді. Құлан болса, күйіп-жанып, ауланың арғы бетіндегі құдықтың басына барып, шынжырға байлаулы шелекті шүмпілдетіп суға толтырып, оған басын батырып біраз тұрды, сосын су-су шаштарын сілкіп-сілкіп, жерге жүресінен отыра кетті. Бар маңайды қараңғылық басты. Маусым айының жылы түні Құланның жанын тебірентіп,

шүпірлеген толассыз аламан сезімдерден көкірегі қысылып кетті. Оның ышқына қыңсылап шыққан дыбыстарын естігендердің тұлабойлары тітіркенді.

Осындай күйден арыла алмай, есіл-дерті тек Сайрада болып, Құлан істеп жүрген кәсібін де тындырмады. Енді азанмен тұрып, Сайраның мектепке баратын кезін аңдиды. Қыздың жанынан бір қадам қалмайтын Әнәпияны оның атарға оғы жоқ. Байғұс жігіт амалсыз дарбазаның қуысынан сығалап, Сайраның соңынан телміріп қараған күйі, сабақтан қайтқанша жолдың бойын кезіп жүріп, Әнәпияның қарасы көрінгеннен үйлердің тасаларына тығылып қалады. Осылай қызбен бір кездесуге зар болып, бойындағы сезім құйынына ие бола алмай, Құлан әбден қамығып, сарсалаңға түсті.

Жаздың күні ыси бастады. Ауданның ортасындағы кішкене баудың ішінде жұрт күндіз жасыл ағаштарды саялап демалады. Кешке сондағы жазғы театрда кино көреді. Міне, бірнеше күннен бері осы жерде, ашық аспан астындағы сахнада, оқушылар өнерінің фестивалі өтіп жатыр. Мұнда әр халықтың әндері шырқалып, билері биленіп, жырлары оқылып, келген көрермен мәз-мәйрам. Қазақ ұлқыздары орысша, кәрісше, татарша, өзбекше, украинша, армянша, молдаванша тамылжытып ән шырқап, би билесе, сол ұлт өкілдері қазақтың өнерін паш етуде.

Осыншама ұлттың тағдырлары тоғысып, бір-біріне түсіністікпен, жанашырлықпен қарап, татулықта, кең пейілділікпен, «обал мен сауап» атты қасиетті ұғымды қастерлеп, ыза, кек, көреалмаушылық сияқты күйреткіш күштерді бойларынан да, ойларынан да аластап отыратын жұртымен бірге аядай Тереңөзек қыстағында өткен өзінің балалық шағы Сәуленің бүкіл өмірінің адастырмас шамшырағындай болып жүрегінде жарқырап жана бермек. Сол кезде, алпысыншы жылдардың ортасында, ешкімнің тұрмыс жағдайы жетісіп тұрмаса да, адамдар бір-бірінен көмегін аяп қалған емес, тұз-дәмдерін бөлісіп, бірге көңілдерін көтеріп, қалжыңдары жарасып кеткені соншалықты, қоныс аударып келгендердің көбісі қазақтың мақал-мәтелдері мен әзілқалжыңын айтқанда, кейбір «қазақпын» деп жүргендердің қалпағын теріс айналдырып жіберетін еді. Ал олардың арасынан қазаққа келін болып, иіліп сәлем беріп, салт-дәстүрімізді қастерлейтін ана болғандары да аз емес. Сондағы

жасөспірімдерге үлкендер: «сендер өздеріңнің туған жеріңде жүрсіңдер, ал олар болса, елдерінен соғыстың кесірінен кетуге мәжбүр болған, сондықтан қамқорлық жасап жүріңдер, балаларына тиісуші болмаңдар, обал болады», – деп тиып, ескерту жасап отыратын еді-ау.

Сол адамгершілік пен достықтың айғағындай мына жазғы фестиваль шарықтап өтіп жатыр. Сәуленің өзінен екі жас үлкен Ұлбосын атты туыс әпкесі бар. Ол өзі аласа бойлы, шағын денесі шымыр, тығыншықтай, бидай өңді жүзіндегі үлкен қара көздері ойлы да уытты, соған қарамастан күлгенде балғын дауысы таңғы ауада қалықтаған нәзік әуездей әсем-ақ. Өзі өте қылықты болғанымен, онан ерлердің өзі аяғын тартатын қаталдығы бар, турашыл, жағымпазданғанды жаны жек көреді, шындықты аяқ асты қылмаймын деп ылғи күресіп жүргені. Ұлбосын биыл он бірінші класты қазақ мектебінен бітіреді. Жастар арасында ол беделді. Өзі баянда ойнап, ән айтқанда сыңғырлаған дауысы жаныңды жадыратады. Міне, бүгін де ол, кәрістің халық әні «Торадиді» нашына келтіріп, төгілтіп тұр. Жұрт, әсіресе, кәрістер, әнге елтіп, көздеріне жас алып, ұйып қалған. Әнмен қоштаса алмай, қол шапалақтап отырып алғандардың көңілдерін қимай Ұлбосын соңғы шумағы мен қайырмасын қайталады. Онан кейін шешен жігіті Сұлтан шығып орыстың халық әндерін жасыл орманның самалмен жайқалған жапырақтарының сылдыр қаққанындай әсем дауысымен шырқап, сырықтай бойын тік ұстап, кеудесін кере, дөңгелек жанары нұр шашып, құшағын айқара ашып, кеңістікке құлаш сермеп ұшардай қанаттанып әнін аяқтағанда, оны шаттана тыңдап отырғандар: «мына бала үлкен әнші болып, биікке самғайды әлі» десіп жатты. Сосын әр ұлттың алуан түрлі билері биленіп, әндері аспанда кешке дейін қалықтады.

Сайра да өзбек халқының бір әні мен қазақтың «Сәулемайын» құйқылжыта шырқаған. Сосын тағы да жеке дауыста және орыс мектебінің жоғарғы класс оқушылары «Бипыл» әнін хормен айтты. Сайра ашық та екпінді көркем дауысымен шабыттана шырқағанда жұртты тебірентіп жіберген еді. Алдыңғы қатарда қызы үшін емес, «бәрі өзімнің еңбегімнің нәтижесінің, күні-түні соңынан қалмай қадағалағанымның арқасында ғой», – деп ішінен масаттанып отырған Әнәпияға жанындағы таныс жас келіншектің: «апа-ау, мына қызыңыз

біреуге ғашық, көзі жанып, жүзі жарқырап тұр ғой қарасаңызшы, біздің басымыздан да өткен бұл жәй, сондықтан, мұндайды айтпай-ақ көзден білеміз ғой, оллаһи, ғашық», – деп айта бергені сол еді, Әнәпия қыршып алғандай: «сен өзің не оттап отырсың, қаршадай қыздың артын былғап. Жайыңа жүр әрмән, сыпсыңдамай», – деді оған жыны ұстап, ызғарлана қарап. Келіншек абдырап қалып, сәл үнсіздіктен кейін: «Ойпырым-ай, онда тұрған не бар екен, өзіңіз қыз болмағандай, сонша зілденіп қалатындай не айтып едім, қойыңызшы осы, сіздің жүрген жеріңізге шөп шықпайды деп естуші едім», – дей берді де, Әнәпия қолындағы қызғыш ағаш балдағын көтере бастағанда, ол орнынан ұша түрегеліп, зыта жөнелді.

Бірінші орын алмаса, апасы оны «отырса опақ, тұрса сопақ» ететінін ойлап, Сайра тырысып-ақ бағуда. Қызының жеңісі Әнәпияның абыройы болмақ, ондайда ол туған-туысқандардың алдында «міне, қыз дегенді осылай тәрбиелеу керек», – деп бір марқайып қалар еді-ау.

Құлан да осында, Сайраны аңдып жүріп, көпшілікпен бірге ілесіп, кинотеатрға кіріп, ортадан орын алып отырып алған ол ештеңе естімесе де, сахнадағыларға қарап мәз. Бір кезде ән айтуға шыққан Сайраны көріп, балаша қуанып, жалғыз өзі қолын шапалақтап отырып алған Құланды байқаған Әнәпия: «Мына шіркіндікі не? Дәмесінің зорының өзінің», – деп жақтырмай ернін бір шығарып қойды.

Осы күннен бастап Әнәпия Құланды аңди бастады. Енді баяғы күзет екі есе күшейіп, шешесі қызды аяқ аттатып жалғыз өзін сыртқа жібермей болды.

Сайра тысқа шықса да, ауланың ішінде жүрсе де Әнәпия оның соңынан қалмаған соң, бір күні шыдай алмаған күйеуі оған: «Әй, сенің өзіңнің денің сау ма? Не болды қызды сонша аңдып. Құдай санасына берсін. Сен мың жерден күндіз-түні қорығаныңмен қыз жігітті керек етсе, әйтеуір, ебін табады. Ал бүйте берсең, бір күні ол үйден қашып кетсе не істейсің? Ертең қалаға оқуға түскенде де қасына барып аңдисың ба? Қойсайшы енді, ақымақтың ісін істемей», – деп жекіп тастаған. Әнипа да Шалабайға бой беретін емес: «Қызға қырық үйден тыю деп қазақ бекер айтты дейсің бе. Баяғыдан бері белгілі ғой, дұшпаның өш алғысы келсе, қызың не әйеліңді масқаралап, мазақ етеді. Қыз абыройынан айырылды дегенше әулетіңе өшпес таңба түсті дей бер.

Сен не білесің, мына көрші Рысбектің үйіндегі анау мылқау інісінің екі көзі осы қызда. Мұны көрсе болды миы ашыған қойдай сүзіліп, телміріп қарап, орнынан тапжылмай тұрады да қояды. Ол неменің есі дұрыс дейсің бе. Ал, енді қалай аңдымассың? Бір күні бұл түрімен ол қызымызды сорлатып қоймаса болғаны», – дегеннен кейін Шалабай да ойланып қалған, бірақ іштей «Сайра оны қайтсін, маңына да жолатпас», – деп топшылаған.

Шілде айының ортасы, күннің ыстығы төбеңнің құйқасын үйітіп жіберердей шыжытып барады. Сайра мектебін жақсы бағамен бітірген, енді Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне түсуге бел байлап, жолға жинала бастады. Сонда тұратын Шалабайдың туыс қарындасының үйіне тоқтамақшы. Құланды көре сала, ол басын изеп амандасып, қаша жөнелетін болған. Бұрынғыдай жүрегі елжіреп, жанары ұшқын атып тұрған Сайра жоқ сияқты. Құлан әрі-бері оның жолын кес-кестеп көріп еді, қыз қолымен «керегі жоқ» дегендей ишарат білдірген. Көкірегін өксік қысып, жаны алқымына тірелгендей болған Құлан бір күні түстен кейін қыздың мектеп жақтан келе жатқан кезін аңдып тұрып, оның қолына қан тамып тұрған тілім-тілім жүректің суреті салынған бір парақ қағазды ебін тауып ұстатып үлгерген еді. Сайра үйге кірісімен өз бөлмесіне барып, суретке қарап өзін-өзі ұстай алмай, тұлабойы солқылдап жылап тұрып, апасы көріп қоймасын деп, тез-тез қағазды майдалап жыртып, ішкі бөлменің терезесін ашып, оларды сыртқа ұшырып жіберді де, дәлізге барып бетін суық сумен жуды. Апасы өз бөлмесінде ұйықтап жатқан, Құдай сақтап ояна қоймады. «Мен не істейін, Құлан, ешқандай амалым жоқ. Маған бұл жерден тек кету керек. Сені жақсы көретінімді ешкімге де білдірмеуім керек, әйтпесе сенің жағдайың қиын болып, ушығып кетеді. Екеуміз де бір нәрсеге ұрынбай тұрып, мен тезірек Алматыға кетейінші. Эх, Құлан, Құлан, неге Құдай сені аямады екен? Ең болмаса басқа бір жеріңді кем қылғанда ғой. Сөйлей алмауыңмен қоса, естімеуден артық қорлық бар ма? Сені де, өзімді де азапқа салмай, мен тезірек жолға шығайын. Көріспесек, мүмкін, бір-бірімізді ұмытармыз. Мен өзіңмен қоштаспай-ақ қояйын. Қансыраған жүрегіңді одан әрмен у сепкендей ашытып қайтемін», – деп Сайра іштей егіліп, жүрегінің өртін баса алмай, терезенің қалың сұрып матасын түсіріп, қараңғы бөлмедегі темір кереуеттегі төсегіне құлай

кеткен. Әнәпияның: «батар күнмен таласып сау адам жатпас болар, мұндай қарбалас кезде жын-шайтан қабаттасып, қаптап кетеді, әй, тұр деген соң тұрсайшы, адамды заржақ қылмай, не болды сонша өлгенше ұйықтап», – деген айқайына да селт етпей, «басым ауырдыны» сылтауратып, ол таң атқанша жатты, бірақ көз ілген жоқ. Құланның мұңды мөп-мөлдір тұңғиық жанарына ол өзі батып кеткендей, оның ғашықтықтан өртенген жанының ышқынысы Сайраның жан дүниесін аласапыран ғып, таудай қасіреті кеудесін жаншып бара жатыр. «Әрмен қарай бұл сорлы жігітті азаптан құтқаруым керек, тезірек Алматыға кетуден басқа амал жоқ», – деп шешкен Сайра ертеңіне апасына: «Құжаттарым дайын, енді жолға шығайықшы», – деп жанын қояр жер таппады. Сөйтіп, апасы танысы арқылы поезға билет алды да, бұлар келесі түнде жол жүріп кетті.

Сайраны бір көруге зар болып жүрген Құлан оның кеткенін бір күннен кейін білді. Ол аласұрып барып ауладағы құйған кесектерін теуіп быт-шытын шығарды, жер-көкке сыяр емес. Көрген адам түрінен шошитындай, көздері қанталап, шашы ұйпа-тұйпа болған. Ызалы жүзі сұрланып, қараған адамның денесі түршігерліктей еді. Үйдегі ағасы мен жеңгесі Құланның жағдайын сезіп, оны аяп жүрген болатын, енді Сайраның Алматыға кеткенін естіп, «дұрыс болды, қызды көрмесе, Құланның жаралы жүрегі жазылар», – деп ойлаған.

Осы жағдайдан бес күн өткеннен кейін Құланның екі бөлінген денесі темір жол бойынан табылған. Оны соңғы сапарға шығаруға келген жұрт жас жігіттің мұнша аянышты тағдырына егіліп, енді о дүниеде рақат көруін тілеп, оның періште жаны пейіштен орын алатынына сеніп тарқасты.

Құланның өзіне деген шынайы ыстық махаббатының табы Сайраның жүрегінде әлі күнге дейін сақталған. Сол үлкен мұңды қара көздің алауы қараңғыда жанып тұрған оттай жылт-жылт етіп, алыстан мұны өзіне тартатындай. Қазір ол Алматыда тұрады, күйеуі, екі нәрестесі бар, өзі мектепте мұғалім, жұрт қатарлы, біреуден артық, біреуден кем болып өмір кешіп жатыр. Бірақ Құланның жанының мөлдірлігіндей тазалықты, оның өзіне деген ынтық ықыласын Сайра енді кездестіре алмайтынын біледі. Тереңөзекке барған сайын ол Құланның бейітінің басына барып, оның әруағына Құран бағыштап, сол кәусарлықтың нұрына қайтадан шомылғандай болады.

## ҮЗДІККЕН СЫРЛАР

### Бірінші сыр

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы,*
*«Тартоғай» совхозы*
*Ыбырайым Аппақовқа*

ХАТ

«Әке! Бұл қасиетті сөзді он алты жасқа дейін айтып көрмеген, әкесіне еркелеп, мойнына асылмаған, сәби көңілін әкенің ыстық жүрегінің қуаты жылытпаған сіздің тұңғышыңыз осы хатты өзіңізге жолдап отыр. «Менің әкем қандай екен, ол кісі еңселі де сымбатты, шуақты да ақылды болуы керек, өйткені, менің нашар адамның ұрпағы болғым келмейді»,– деген ой есейгелі бері мені мазалай береді. Менің сізді көргім келеді. Қарашаның 7-сі күні «Қазақстан» поезының 7-вагонының жанында «Шиелі» станциясында мені күтіңіз. Мені танымайсыз ғой, сондықтан суретімді қоса салып отырмын.

*Сәлеммен, өзіңізді көргенше күн*
*санап жүрген, қызыңыз Сәуле.*
*Қызылорда қаласы,*
*20 қазан 1965 жыл*

Сәуле бұл хатты салып жібергеннен кейін, әкесінің оны оқып отырған сәтін көз алдына елестетті. Ұзын бойлы, ірі денелі кісі салалы саусақтары дірілдеп, көзіне келген жасты көрсетпей іркіп тастап, тор көз дәптердің бір парақ бетіндегі жазуларға үңіліп, стол жанында ұзақ отыр. Бір кезде ол орнынан тұрып, сыртқа шығып, ауланың шетіндегі қарағаш түбіндегі бөрененің үстіне жайғасып, күрсініп алды да, ойға батты. Оның көз алдына өзінің жастық шағы келген шығар. Алғашқы көрген қызығы, өзі қолына да ұстап көрмеген тұңғышының табылғанына оның іші әлем-жәлем, әрине. Енді сол қызымен қай бетімен кездесетінін, не істейтінін білмей, басы қатып отырған әкесінің бейнесін елестеткенде Сәуленің жан дүниесі алабұртып кетті. Тура бір кинофильмдегідей көріністер оның көз алдына келе берген. Өзі жарық дүниеге енгелі көріп-білмеген, тіпті ол жайында тиіп-қашпа сөздер болмаса, нақты әңгіме де естімеген әкесіне жаны ашығаннан Сәуленің жүрегі алқымына

тығылғандай болды. Енді ол әкесін аяп кетті. «Ол мені тастайын деп тастаған жоқ қой, бәрі жастықтың, албырттықтың, сол кезде алды-артын ойлай алмағанның кесірі болуы мүмкін. Әйтпесе, оқыған, көзі ашық, өзі бір совхоздың мал шаруашылығын басқаратын сондай азамат түгіл, жәй ғана қарапайым, біздің ауылдағы, күнде ішіп келіп, үйіндегілерді тырқыратып қуып жүретін Қырықбай, ол да балары үшін жанын беруге дайын. «Ұрпағымды ешкімге қорлатпаймын, ешқашан тастамаймын балапандарымды», – деп мастығы тарқағанда, әйелінің «құрып кет, сендей әкенің барынан жоғы» деген айқайынан кейін, басы салбырап міңгірлеп отыратынын көршілері келемеждеп айтып жүреді. Менің таудай әкемді онымен салыстыруға бола ма?! Мен папамды көре салысымен, мойнына асыла кетпей, шамалы инабат сақтап тұруым керек шығар, әйтпесе ол мені тәрбиесі аздау екен деп қалар. Дарқан атам мен Рыскүл әжемнің осыншама жыл санама құйған тәлімі еш кетпегенін көрсетуім керек. Сосын, ең қиыны, әкем мені өз отбасымен табыстырам десе, не істеймін? Олар мені қалай қабылдар екен, әсіресе әйелімен тіл табыса аламын ба? Менің Ханша анам әкемді тапқым келіп жүргенімді білсе, ойбайды салады-ау». Осындай ойларымен сүттей аппақ ай нұрына шомылып, қыздар педагогикалық училищесінің жатақханасының екінші қабатындағы өзі және бірге оқитын үш құрбысы жататын бөлменің терезесінің алдында отырған Сәуле қиялымен қалықтап, алыстағы әкесіне ұшып жеткендей.

Күздің соңғы айы жақындап қалса да, аспанды әлі бұлт торлаған жоқ. Күн кербезденіп, шуағын жерге наздана, емеуреніп қана төккен болады, оның жаз бойы аптыққан ынтықтығы енді жоқ. Ал кешкі салқынның демі кәдімгідей дене түршіктіреді. Түн ортасы, қала тып-тыныш, бөлменің ішін дөп-дөңгелек айдың күміс сәулесі, бейне, бір сиқырға толтырып жібергендей. Үш бойжеткен тәтті ұйқыда. Терезеге ең жақын темір кереуеттің үстіндегі төсекте дөңгелек жүзді, аққұба бетінің ұшындағы сепкіліне дейін ай жарығымен айқындала түсіп, ұзын қара шашы ақ жастықтың үстінде толқындана жайылып талдықорғандық Қарлығаш жатыр. Оған қарама қарсы Өскемен жақтан келген, еліктей сұлу Ғайнижамал әсем мойнын кермиық иығына қарай сәл бұрып, талдырмаш денесіндегі көгілдір синтетика ішкі

көйлегі ерекше жалтырап, томпақ қана, шиедей еріндері бұртиып, қалың қоңыр бұйра шашы бұрқырай шашылып тәтті ұйқыға батқан. Ал үшінші қыз – Целиноград облысынан келіп оқып жатқан Сұлушаш, ол оң қолының алақанын атжақтылау, бидай өңді бетіне басып, бір қырынан жатыр, сүйегі ірі болғандықтан ба, әйтеуір ай сәулесінің астында оның бейнесі екіленіп, құдды дастандардағы батырларды елестеткендей. Ол күндіз қап-қара шашын бір өрім етіп алдына салып қалай жүрсе, ұйықтағанда да солай жатады және сол қалпынан қашан тұрғанша қозғалмайды. Сәуле балбырап ұйықтап жатқан құрбыларының жүздеріне қарап, оларға әкесіне жазған хаты туралы, әлі айтпай жүргеніне енді өзі ыңғайсыздана бастады. «Бірге тұрып жатқан бұл қыздардан жасырғанмен, бәрібір ол құпия ашылады ғой, сол кезде шынымен ұят болар, сондықтан ертең оларға бұл сырымды ашпасам болмас»,– деп түйген ол, әкесімен кездесетін сәтті аңсап, тәтті қиялға беріліп ағаш орындықта біраз отырды. Сосын ол түрегеліп, үстіндегі қоңыр жүннен тоқылған жемпірі мен ішіндегі, биыл оқу басталғанда осы қалада бір үлкен зат қоймасының меңгерушісі болып істейтін анасының туыс інісі Шайқын сыйлаған, қара жылтыр атлас жейдесі мен бұтындағы қара сұрып шалбарын, аяғындағы, күзде оқуға жүрерде Ханша апасы асханада аспазшыға көмекші болып істеп тапқан азғантай айлығын төрт баласының аузынан жырып, бұған алып берген, домалақ бас, қалыңдау каучук табанды, бауы бар туфлиін, сосын қызғыш мақта нәскиін шешті. Киімдерін кереуеттің бас жағына, туфлиін кіреберістегі қабырға шкафтың аяқ киімдер тұратын астыңғы сөресіне қойып, ол орнына барып жатты.

Сәуле бүгін де түс көрді, тағы сол көрініс: бұл барлық керек заттарын біреудің үйіне уақытша қойып кеткен екен, енді адасып, сол үйді таба алмай шаршап, діңкесі құрыса да, іздеуін қояр емес, «қайтсем де табамын» деген бір қайсарлық сезім өзін алға ұмтылдыратындай. Таңертең ұйқыдан оянған қыздар апыл-ғұпыл жуына салып, триколарын киіп алды да, спортзалға дене шынықтыруға жүгіріп кетті, Сәуле түнімен дұрыс ұйқы көрмей, «жата тұрайыншы», – деп біраз дөңбекшіп, басына орала берген әртүрлі ойдан көзі ілінбеген соң, амалсыздан түрегелді де, ұзын дәліздегі жуынатын бөлмеге шығып, крандағы мұздай сумен беті-қолын шайып алып, ауладағы асханаға бет алды.

Сәуле осы педучилищеде биыл екінші жыл оқып жатыр. Жалпы, өзі оқытушы, не тәрбиеші болайын деп армандаған да емес. Ол Тереңөзек ауданындағы орыс мектебінің сегізінші класын бітірісімен, құжаттарын қолына алып, екі құрбысына ілесіп, Қызылордаға тартқан. Қалаға келген соң бұлар кеткілері келмей, не де болса осында қалуға тырысайық деп шешкен. Естулері бойынша, ең дұрысы, осы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесі, өйткені мұнда тамағы да, жатын орны да, оқуы болса да тегін, мемлекеттің қамқорлығында екен. Сәуле мен Айнаш атты құрбысы екеуі осында балабақшаға тәрбиешілер дайындайтын, жаңадан ашылып жатқан орыс бөліміне құжаттарын тапсырған. Барлық емтихандардан өтіп, ауылдарына қайтқан бұларға үш аптадан соң училищеге түскендері жайында хабар келген. Ханша апасы Сәуленің мектепте оқи беруін қалап, әрі қатты ауырып, қиналып жатқан күйеуінің жағдайын ойлап, «үйдегі жас балаларға бас-көз болар, әп-әйдік қыз болып қалды ғой» деген ойын ауруханада жатқан Жармағамбетке айтқанда, ол екі өкпесінен ентігіп зорға демін алып: «Қой, Ханша, Сәуле оқуға зерек, жолынан қалдырма. Дәрекеңе берген уәдем бар еді, осы қызын оқытамын деген, бірақ сол ниетіме жете алмайтын шығармын, мына ауру ақыры алып тынары анық болды. Ендігі жерде сол аманатты саған артуға тура келеді. Дарқан әкеміздің әруағы риза болсын, қандай жағдайда да Сәулені оқыт, өзі түсіп тұрған баланың бағын байлама. Әрі қарай жоғары оқуға барар, талабына нұр жаусын!» – деп ол Ханшаны райынан қайтарған. Бұл әңгіме 1964 жылдың тамыз айының алғашқы күндерінде болған еді.

Енді Сәуле педучилищенің студенті болып, оқып жатқанына, биыл, міне, екінші жылға айналды. Жармағамбет көкесі бұл оқуға түскеннен кейін, бір айдан соң дүние салды. Ханша апасы төрт жасөспірім баламен жесір қалып, қатты қиналса да, Сәулені оқуынан қалдырмай, өзіне артылған аманаттан айнымады. Сөйткен Ханша апасы мен Жармағамбет көкесінің де, «өзіміз рақат көрмесек те, осы бір жапырақ қызға бақ бере көр», – деп Құдайға жалбарынумен дүниеден өткен Дарқан атасы мен Рыскүл әжесінің де алдарында, туғалы көрмеген әкесімен табысуға ұмтылғаны үшін, Сәуле өзін кінәлап жүр. Бірақ сол әкесін көруге деген құштарлық сезімі күннен-күнге үдей түскендей, енді

ол көңілінің осы күйін ешқандай ақыл-оймен тежей алар емес.

Сәуле бесінші класта жүріп, алғашқы өлеңін орыс тілінде ұстазына арнап жазған еді. Қалаға келгелі оның орысша, қазақша жырлары мен мақалалары облыстық газет беттерінде жарияланып және радиодан да беріліп жүр.

Енді оны қалалық комсомол комитеті жиындарға шақырып, сөз беріп, жастар алдында жыр оқытатын болған.

1965 жылдың қыркүйек айының соңында майталман ақын, қазақ сатирасының сарбазы атанған Асқар Тоқмағамбетовтың 60 жылдық мерейтойын Қызылорда қаласында өткізуді Республика басшылығы ұйғарған екен. Біраз жыл бұрын Асқар аға денсаулығына байланысты Алматыдан өзінің туған жеріне қайтып келген болатын. Енді осы той басталып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен де, басқа жерлерден де қонақтар келіп, облыстық драма театрының ғимаратында салтанатты жиналыс өтіп жатыр. Сәуле де осы кеште қаланың комсомол жастарының атынан өзінің құттықтау жырын оқыды. Осында шығып сөйлеген ақындардың арасында Шиелі аудандық газетінің редакциясында қызмет істейтін Қанапия Дәрібаев та бар еді. Сәуле ол кісімен әңгімелесіп, Шиелі өңірінде тұратын Аппақов Ыбырайым деген кісі өзіне туысқан болып келетінін, оның нақты мекен-жайын біле алмай жүргенін айтқан, бірақ ол өзінің әкесі екенін жасырған еді. Содан екі аптадан кейін сол Қанапия ақыннан Сәулеге хат келіп тұр, онда іздеген адамының қай жерде кім болып істейтінін ол нақтылап жазып жіберіпті. Қуанғаннан бақытқа төбесі бір елі ғана жетпей, Сәуле бірінші хатты әкесіне, екіншісін, рақметін жаудырып, әлгі қайырымды ағасына салды, бірақ бұл жолы да оған шындықты айта алмай, кейінге қалдырған. Содан бергі өзінің күйі осы, жанын қоярға жер таппай, поезға мінетін күнін санап отырғаны мынау. Әкесінен бір хабар келіп қалар деп жүрегі алабұртып, кеудесіне сыймай жүргені. Өзінен-өзі елеңдеп, күніге жатақхананың астыңғы қабатындағы хат жататын жәшікке бірнеше рет барып үңіліп қайтады, сол жерде отыратын күзетші әйел бұған қуақылана қарап: «Жігітің, шамасы, сені ұмытқан ғой, тағы хат жоқ», – деп күледі кеп, мазақ қылғандай.

Сәуле дүниеге шыр етіп келгенде оны нағашы атасы Дарқан мен Рыскүл әжесі бауырына басып, соғыстан

оралмаған жалғыз ұлы Сатыбалдыны жоқтатпау үшін Алланың бізге жіберген жұбанышы деп қабылдап, мұны алданыш еткен, еркелеткен, айтқанын екі етпеген. Бұл бірінші класқа барғанда әжесі қылтамақ ауруынан дүние салды да, атасы осы қызын он үшке келгенше өзі бағып-қағып, еш баладан кем қылмай өсіріп еді, ауырмай-сырқамай сексенге аяқ басқанда ол кісі де өмірден озған. Кішкентайынан Сәуленің екі тілді бірдей меңгеруге мүмкіндігі болды. Мектептегі мұғалімдері оған орыс әдебиетінен өлең, әңгімелер оқытса, үйде атасы қызы төртінші класқа барғаннан бастап қазақ халқының дастандарына шұқшитқызып,тілін сындыртып, оқытқызып қоятын да, өзі тыңдап жататын.

Жасы он екіге келер-келместен, Сәуле «әке-шешем шал мен кемпір болуы мүмкін емес», – деген ой түйді. Содан бастап ол осы құпияның сырын білгісі келіп, біреу болмаса біреу мұның әкесі туралы айтып қалатындай елеңдеумен жүретін. Көктем айының тамылжыған бір күні Сәуле есік алдын жинастырып, сыпырып жүр еді, кенет көрші үйдің ауласындағы шарбақтан өзіне тесіліп қарап тұрған, үстіне сұрғылт костюм мен ақ жейде киген, шашын артқа қарай тараған, кең маңдай, ашаң жүзді, түр-пошымы қызметкерге ұқсайтын ер кісіні көріп, Сәуле «әкем мені іздеп келген екен» деп, оның жанына «папалап» жетіп барғанда, анау кісі шошып кеткендей, шапшаң бұрылып жүре берген, бұл сонда он үш жасқа енді толған болатын. Атасы қайтқаннан соң өзінің көңілі құлазып, жалғызсырап жүрген ол Ханша апасының үйіне үйреніе алмады, әсіресе, алты жасар Серік інісі екеуінің басы піспей қала беретін. Ол да бір үйдің тентегі, айтқанынан қайтпайтын қасарысқыш, қырсық, бұл оны бағындырамын деп әлек. Екеуінің арасына түсіп Ханша апасы: «Сенікі не түйедей болып, кішкентайларға қамқор болады десем, өзің сау сиырдың құмалағы емессіңау. Әкеңе ұқсап неменеге ісініп-кебінесің, а?», – деп ұрысып береді. Мұндайда Сәуле де шағып алғандай: «Менің әкем сіздің де әкеңіз ғой, Дарқан атама өйтіп тіл тигізбеңіз», – деп бұлқан-талқан болатын. Сосын Ханша апасы: «Болды енді, тілің мен жағыңа сүйенбей, сен мені үйретпей-ақ қой, шынымен әкеңе ұқсағансың, ол да сендей басынан сөз асырмайтын еді, өй, ұқсамасаң тумағыр», – деп жекіріп, басын қайқайтып алып, жүре сөйлейтін. Бірде ауладағы, үйдің

жанына орналасқан жер ошақтың жанында, екі-үш тал қарағаштың көлеңкесінде біреуі самаурын қайнатып, екіншісі нан жауып отырған Ханша апасы мен Қатима атты жасы қырықтардан асқан, шұбар бет көрші әйелмен екеуара әңгімесінің өзіне қатысты екенін Сәуле естіп қалып, балалармен қуыспақ ойнап жүрген болып, жақынырақ келіп, байқатпай құлағын тосқан. Қатима: «Әкесі барын сезе ме өзі? Ол қай жерде тұрады, не істейді екен?» Ханша: «Жоқ, білмейді, оған ешкім айтқан емес. Бірақ, «ұқсамасаң тумағырдың» сонан мінез-құлқының аумай қалғанын қайтерсің. «Шиелі» ауданының бір совхозында бастық дейді, естуімше. Негізі қолынан іс келетін азамат қой. Мен өзім жүрегім қаламай қосылған соң, бірге тұра алмадым. Әйтпесе, ол мені бағалай білді, обалы не керек, жақсы көретін. Ол осында сот болды, одан қудалауға түсті. Сөйтіп, Жалағашқа адвокаттыққа ауысты, одан бұл жаққа қайтып келіп, үйленіп, «Шаған» деген жерде мектеп-интернаттың директоры болған. Кейін өзінің туған жағына қарай кеткен», – деп жәймен сөйлей отырып, бәрін құрбысына ақтара салған. Қатима: «Оның аты-жөні кім еді, біздің де сол Шиелі ауданында тұратын құдаларымыз бар ғой», – деген сұрағына, Ханша даусын бәсеңдетіп: «Ыбырайым Аппақов», – деді. Екеуінің бұл жаққа қайта-қайта қарай бергендерін байқамағансыған Сәуленің, сол аталған есімнің әкесінің аты екеніне, еш күмәні болған жоқ. Сол сәтте оның жүрегінде бір от тұтанып, лапылдап, бүкіл жан дүниесі жарқырап кетті. Ол бұл есімді ешқашан ұмытпастай етіп санасына құйып алды. Мұны Құдайдың өзі естірткендей. Сәуле енді сол әкесімен табысуды армандай бастады. Әттең, ол кісі тұратын совхоздың атын білсе, онда хат жазып, ішіндегі оған деген өкпесін де, сағынышын да жеткізер еді ғой. Ол кезде Сәуле сегізінші класта оқитын.

Енді сол арманына жетуге аз ғана күндер қалған сияқты. Оның хат күтумен елеңдеп, жүрегі лүпілдеп жүргеніне де оншақты күн болып қалды. Хат келсе де, келмесе де енді бір аптадан соң ол жолға шығады. Не болса да әкесімен кездесуі керек, ол осындай шешімге келген. «Әкем мені көрсе, ет-бауыры елжіремеуі мүмкін емес, мен оның тұңғышымын ғой», – деп, Сәуле жанындағы үш құрбысына бар сырын ашып салған. Олар да бұл үшін толғанып, күнге хатты тосып, жандары жай таппай жүр. «Сүйінші!» – деп

әрқайсысы есіктен кіре қолдарын артқа тығып, әзілдеп, сол сәтті болдыруға асығады.

Бүгін қазан айының үшінші жұлдызы. Сәуле оқу корпусының екінші қабатында «педагогика» пәнінің аудиториясында лекция тыңдап отыр. Бір кезде кабинеттің есігін біреу тықылдатты, дәріс беріп тұрған Валентина Федоровна атты апай есікті ашып, шықты да, сәлден кейін, қайта кіріп: «Сауле, выйди, там, внизу, к тебе какая-то женщина пришла», – деді. Сәуле ішінен: «Тағы да қалалық комсомол комитеті бір жұмыс тапсыратын болды ғой, солардан басқа кім келуші еді, бұлар сабақ тыңдатпайды өстіп, қағаздарын жазғызып отырғызып қоймаса жарар еді», – деп, олардың жұмысқа жегіп қоятынын ойлап, қабағы тырысып, бірінші қабатқа түсе бергенде, баспалдақ жанында жасы отыздар шамасындағы, орта бойлы, түрі кәріске ұқсайтын, шашын төбесіне түйген, келбетінде ұстаздарға тән қатаңдық бар бір келіншек, бұған төбесінен қойып қалғандай: «Сен Сәулесің бе?» – деді дауысы біртүрлі тарғылданып. Бұл оған жақтырмай қарап: «Ия, не айтайын деп едіңіз?» – деді жүре сөйлеп. Екеуі бір-бірімен сәлемдескен де жоқ. «Ендеше, саған папаң келді, менімен жүр», – деп әлгі әйел айта бергенде, Сәуле үшін аспан аударылып жерге түскендей болды. Оның жүрегі ұшып, кеудесінен шығып кете жаздады. Бір сәт ол үнін де шығара алмай, сілейіп тұрып қалды да, қайтадан жоғары қарай жүгіріп бара жатты, тіпті аяғының астындағы баспалдақтарды да сезер емес. Аудиторияға ентелей кірген ол, өзінің орнына қалай жеткенін де білмейді, столға екі қолын қойып, етбеттеп беті-басын бүркеп отырып: «Папа»... – деп еңкілдеп жыласын кеп! Мұғалім де, қыздар да үрпиісіп аң-таң болып отырғанда, өзімен бір бөлмеде жататын Қарлығаш пен Ғайнижамал бұған жүгіріп келіп, басынан құшақтап: «Папаңнан хабар келген ғой, Сәуле, поздравляем!» – деп олар мұны сүйіп, өздері де жылап, таңырқап, ештеңеге түсінбей тұрғандарға: «Она папу своего нашла, которого вообще не видела!» –дейді өздерінің жүрегі жарылардай бірге қуанып. Барлығы оны құшақтап жатыр, жиырма қыздың жүрегінен шыққан жарқын лебіздерден кабинет іші нұрланып кеткендей еді. Валентина Федоровна бұлардың класс жетекшісі, ол да таңырқап, шәкіртін құттықтап құшқан. Сәуле: «Ол осында келді, мені күтіп тұр», – дегенде қыздар өре түрегеліп, терезелерге

қарай жүгірді. Валентина Федоровна жаңағы келген әйелмен сөйлесуге төменге түсіп кеткен, сәлден кейін келді де: «Сауле, я от души за тебя рада. Сейчас, ты вместе с Карлыгаш и Гайнижамал пойдешь в свою комнату, переоденешься, во дворе тебя ждут родные», – деді. Сәуленің аяқ-қолынан жан кетіп қалғандай, бойын билей алмай, басы айналып, қыздардың қолтығынан сүйемелдеуімен жатақханаға әрең жетті. Құрбылары мұны шешіндіріп-киіндіріп әлек. Үстіне не кигенін де білмейді, тек қуаныш пен үрей бірге толқытып, құйындаған сезімдер қыспағында қалған жүрегі алабұртып, кеудесін ұрғылайды. Енді бірер сәтте өзінің әкесімен кездесетінін ойлағанда, тұлабойын бір беймәлім күй қайтадан шымырлата жөнеледі. Қарлығаш, Ғайнижамал және басқа топта оқитын Сұлушаш та келіп, қуанғаннан үшеуі асыға-үсіге Сәулені ұзатуға дайындап жатқандай, бетін опалап, қасы мен ернін бояғыштап болар емес. «Папаң көргенде, «қызым қандай әдемі!» – деп ішібауыры елжіреп қоя берсінші, давай, шашыңа тез-тез прическа жасап жіберейік», – деп Ғайнижамал мұның қысқа шашын майда тарақпен көпсітіп қояр емес. «Вы што, қыздар, не успеем, там, папа ждет. Наверное, весь извелся. Давайте, по-быстрее, по-шустрее!» – деп Қарлығаштың тызақтап жүргенін де, Сұлушаштың тығып өзі ғана пайдаланып жүрген «Может быть» деген Польшаның иіс суын мұның үстіне сепкіштеп жатқанын да – бәрін бір басқа әлемнен көріп тұрғандай болып Сәуле тұр ерік-жігерсіз балбырап. Бір кезде қыздар оны демеп сыртқа шығарған. Жатақхананы айнала бере, асфальт жолдың бойындағы үш жеңіл мәшинаның жанында бес-алты ер адам көрінеді. Сәуле мен қыздар солай қарай жүрді. Жақындай берген бұларға қарай сол топтан екі жасөспірім ер бала жүгіріп келіп, қыздардың ортасындағы Сәуленің мойнынан құшақтап алып, екеуі бірдей «әпкелеп», бетінен сүйіп жатыр. Бағанағы өзін іздеп келген келіншек: «Бұлар сенің бауырларың, Шағанбек пен Нұрлан болады, табысуларыңмен, айналайындар! Қан деген мықты ғой, шіркін, қыздардың ішінен мыналар қалай жаңылмай, өзіңді таныды, десейші!» – деп, айта бергенде анау жерде тұрған ер кісілер де келіп, бәрі мұның маңдайынан сүйіп, қаумалап амандасты. Сәуле олардың әрқайсысының жүзіне үңіледі, ешқайсысы бұған құлай түсіп, емеуреніп тұрмағандай,

мұның жүрегі де оларға селт етпейді. «Сонда әкесі бұлардың ішінде жоқ па, қалай? Ол кісі келмеген бе? Әкемді бірден таныр едім ғой, жүрегім алдамас», – деген секем ой басында бұрқ еткен. Бір кезде қоңыр костюм-шалбарлы, ақ жейдесіне ала қоңыр галстук таққан үлкен қара көзі өткір, басындағы сиректеу шашы бурыл тарта бастаған, орта бойлы бір кісі: «Сәуле, қарағым, біз папаңның жолдастарымыз, ол кісінің келуге жүрегі дауаламады, сондықтан саған бізді жіберді. Өзі мынау Әлия апайың мен Құмархан жездеңнің үйінде сені күтіп отыр. Қазір мәшиналардың біреуіне міңдер, сол жаққа қарай барайық», – деп мұны қыздарымен бірге «Волгаға», өздері «Жигулилерге» жайғасып, бәрі жылжыды. Жол бойы қыздар Сәуленің көңілін көтермекші болып, бұған, біресе, жекіп, біресе, қамшылай түсіп, бір-бірімен даурығыса, жарыса, сыбырлай сөйлеп келеді: «бүгіннен бастап енді әкелі болдың, не сезіп отырсың, қызықсың ғой, өзіңнің орнында басқа біреу болса, қуаныштан жүрегі жарылар еді, ал сенің үріккен қояндай бүрісіп қалғаның не, басыңды көтеріп, папаңның алдына жарқырап бармайсың ба», – деп үшеуі үш жақтап, мұның ойын бөлгілері келіп әлек. Сәуле өзін ұстап, сезімге бой алдырмауға тырысып-ақ бағуда, бірақ лықсып келіп, кеудесін тұмшалаған ыстық толқындарды тежеуге шамасы жоқ. Әкесімен кездесер сәт жақындаған сайын ол қалықтап ұшып кетердей, машинаның ырғатуымен ырғалып, ойы көкте шарықтайды. Жаңағы жүгіріп келіп, «әпкелеп» алғашқы рет өзінің мойнына орағытылған інілеріне айтқысы келген ыстық ынтықтығын да білдіре алмады-ау, сол бір сәтте шуақты сөздер көмейіне келіп кептеліп тұрып алғаны. Бұл өзі табиғатынан ұяң, ішкі сезімін сыртқа шығара алмайды. Атасы мен әжесінің қолында бір өзі өскендіктен болар, әйтеуір, қанша ішінен елжіреп тұрса да, ол өзінен кейінгілерге жылы сөз айтып, басынан сипауды бір түрлі ыңғайсыз көреді.

Бір кезде машина қатарласқан жер үйлердің біреуінің есігінің алдына келіп тоқтады. Сәуленің жүрегі алқымына тірелгендей.

– Ал, хош келдіңіздер, үйге кіріңдер! – деп аласа бойлы, үстінде қоңыр плащы, басында сол түстес шляпасы бар толықша келген қараторы ер кісі машинаның есігін ашты. Сәуленің буындары босап, аяқтары тәлтіректеп, әрең шықты.

Сәуле дәлізден ішке қарай аттай бергенде екі қолын артқа ұстап, әрлі-берлі шыдамсыздана, толғанып жүрген орта бойлы, қоңыр бұйра шашты, қарын байлаған, үстіндегі ақ жейдесінің жеңі түрілген, кішкене отты қара көздері ұшқын шашқан ер кісіні көріп, өзінің әкесі екенін айтпай таныды. Екеуі бір-біріне ұмтыла ентелеп, құшақтасып алып, еңкілдеп жылап, айырылар емес. Әкесі Сәулені құшағына ораған күйі: «Жаным менің, Сәулешім! Сатқын әкеңді кешіре алар ма екенсің?! Бұл жалғанда менен күнәһар жан жоқ шығар! Кешіре алсаң, кешір, кешір!» – деп өзін маңдайынан, бетінен сүйіп, егіліп тұрған ер кісінің осыншама жанының нәзіктігін, бойынан аңқып тұрған мейірімін сезген Сәуленің жүрегіне нұр құйылғандай. Ешқашан көрмеген перзентін осынша асқақтатып, оның алдында басын ие білген бұл кісіге деген оның алғысы мен құрметі сол сәтте оянған еді.

Кейін аяулы әкесінің әлсізді панасына алып, парасат пен адамдыққа табынып, пасық пен ақымақты ықтыратын болмысына тәнті болған кездерінде, Сәуле сол толағай тебіреніске толы екеуінің алғашқы табысуында-ақ өзінің бойында оянған перзенттік іңкәр сезімімен әкесінің өресі биік, ержүрек жан екеніне қалтқысыз сенгеніне таң қалады. Осыны қай түйсігімен, қалай ұққанын өзі де білмейді, бірақ айны-қатесіз түйсінген екен.

«Мен үшін сен жаңа туған нәрестесің, бүгіннен бастап әкелі өмірің басталды. Қалай еркелеймін десең де еркіңде, мен сені өмір бойы еркелетіп өтуге дайынмын, жаным! Сәулешім, қызым менің, дүниедегі асылым, тұңғышым! Сен менің әке-шешемнің де тұңғыш немересісің, армандап, жете алмай кеткен тілегісің, сондықтан да мен сенің алдыңда басымды иіп өтемін! Сол кісілердің әруағының алдында ант етемін, сені енді ешқашан жылатпаймын, қолымнан келгенше өзіңді бақытты етуге тырысамын, осыны әрқашан жадыңда сақта, қалқам! Сұрапыл соғыстан аман-есен мені алып келген де сен көретін жарық шығар. Сенің жолыңның ақ екенінің дәлелі ретінде соңыңнан ерген іні-сіңлілерің өсіп келе жатыр. Енді солардың бәрінің көшбасшысы өзіңсің. Біздің әулеттің жолы үлкені осы уақытқа дейін мен болып келдім, ешкім маған қарсы келген емес, енді тізгінді саған бердім, қызым! Ешкім де сенің бетіңнен қақпайды, менің тұңғышым бәрін өзі-ақ игеріп,

үйіріп, ақылмен басқарып, сезімталдықпен өзіне баурап алатынына мен сенемін!» – деп еміреніп, бой жетіп қалған қызын жас нәрестедей алдына алып отырып, жанары жасаурап, бақытқа кенелген сол бір сәттерде толғана сөйлеген әкесінің іңкәр сағынышқа, шынайы ыстық ықыласқа толы сөздері Сәуленің көңілін көсілткен. Кейін сонда берген уәдесінен бір де бір рет ауытқымай, қызының абыройын асқақтатып, мәртебесін биіктеткен әкесінің игілігі мен өнегесі Сәуленің өмір бойғы жаназығы, жеңімпаздыққа бастайтын қуатты сенімі болып, оның жан түкпірін нұрландырып келеді.

Сосын... бәрі ертегідегідей болып жалғасқан өмір басталды. Ертеңіне әкесі Сәуленің оқу орнына кіріп, директорымен, ұстаздарымен танысып, оларды қуанышын бөлісуге ресторанға шақырды. Сәуленің курстастарын, қаладағы өзінің жора-жолдастарын, туған-туысқандарын жиып, ол өзінің қызымен қауышу тойын бірге тойлады. Келесі күні ол Сәулені құрбыларымен дүкендерді аралатып, бәріне қалағандарын алып берді. Сәулені басынан аяғына дейін киіндіріп, соған өзі мәз болып, балаша қуанып жүрген әкесі, төленген ақшаның қалғанын қызына алдырмай: «Менің Сәулешім қалған-құтқанды жинап жүре ме екен. Қой, балам, сен әрдайым биік болуың керек. Сатушыларға да тиын-тебен қалсын да, қайтесің, алма», – деп ол бірнеше рет оған әп-әжептеуір ақшаны алғызбаған. Сондағы қуанышы қойнына сыймай, көңілі шалқып жүрген әкесі жайында ойлаған кезде, Сәуле ол кісінің сол кезде-ақ мәрттіктің, іріліктің үлгісін бұған көрсете бастағанын түсінеді. Қалада үш күн тойлап, Сәулені інілерімен қыдыртып, ертеңіне үсті брезент «Уазик» машинасымен олар жолға шықты.

Жол бойы кездескен мәшинаны тоқтатқызып, жолаушыларға көкірегін кернеген қуанышын айтып, «жүз грамдатып» коньяк ішкізіп, жүргізушілердің қолдарына «үйлеріңе барған соң менің қызымның бақыты үшін ішіңдер» деп қолдарына бір-бір бөтелкеден ұстатып, көңілі шалқыған әкесінің сол сәттері Сәуленің көз алдынан кетер ме, сірә... «Шиелі» ауданының орталығында тұратын бір жолдасының үйіне түсіп, аялдағанда әкесі: «Сіздер бүгін тарихи сәттің куәсі болып отырсыздар, бұл тек әкесі мен қызының қауышуы ғана емес – екі егіз жүректің, қос тұлғаның, өткен

мен болашақтың табысуы. Сендер менің Сәулешімнің көздеріне қарандаршы: қаймығу, жәутеңдеу, жалтақтау деген онда атымен жоқ, демек, біз шынымен жеңіске жетіппіз! Өйткені, ұрпағымыз әкелері үшін ұялмай, жанарын жарқырата мына әлемге тура қарай алады, бекер қан кешпеппіз. Алдымыздағылардың күнәлары болса, оны қанымызбен жуыппыз... Адамзат ұрпағы үшін өмір сүреді.

Енді мен барлығыңды балдай тәтті баламмен табысуыма арналған тойға шақырамын! Келіп біздің қуанышымызды бірге бөлісіңіздер!» – деп әкесі шаттанып, өзін бір сәт қасынан жібермей, құшақтап отырып, тебірене сөйлегені Сәуленің жүрегінде оған деген зор мақтаныш сезімін тудырған еді.

Міне, осы ауданның «Тартоғай»» совхозына беталған мәшинаның ішінде алдыңғы орындықта отырған әкесі, артында екі інісін кезек-кезек құшақтап, әңгімелесіп машинаның ырғағымен ырғалып, жүрегі дүрсілдеп келе жатқан Сәулеге бұрылып: «Қызым, біз енді шамалыдан кейін үйге жетеміз. Ол енді сенің үйің! Сені мамаң мен бауырларың тағат таппай күтіп, екі көздері төрт болып жүрген шығар, мен оларға телефон шалдыртып, хабар бергізгенмін. Мамаң сені жақсы көретініне ешқандай күмәнің болмасын. Сенің хатың ең бірінші оның қолына тиіпті. Пошта тасушы әйелдің де қызының тағдыры сенікіндей екен, «ертең ол да әкесін тапса, мен қайтем» деп ол жылапты. Сенің Нәзен мамаң: «қызды болдым, кілең ер баладан кейін Құдайдан үш жасар Шолпанжанды тілеп алып едік, енді оның үлкен әпкесі бар», – деп қуанышы қойнына сыймай, сыртқы жайылымдарды аралап кеткен маған «сүйіншілетіп» ат шаптырып, адам жіберіпті. Біз мамаң мен балалармен түнімен ұйықтамай, сенің хатыңды қайта-қайта оқып, суретіңе қарап елжіреп, көзіміздің жасын сүртумен болдық. Сенің артыңнан мені мына інілеріңмен бірге жіберген де мамаң. «Қыз өзі де келер-ау, бірақ сен мына екі үлкен ұлды ертіп, совхоздың көлігімен барып, оны алып келіңдер. Жолдас-жораларының алдында оның мәртебесі биіктеп, көңілі көтеріліп қалсын. Мен бұл жақта той қамына кірісе берейін. Қызымыз келсе, барлық жерден туыс-жекжат, жора-жолдастарымызды жинап, дүркіретіп тойлаймыз ғой. Біз мұнда асыға күтеміз, сендер аман-есен барып, Сәулені тез әкеліңдер!» – деген мамаң мен балалар

қазір жолымызды тосып жүрген шығар», – деп әкесі Сәулені қанаттандырып, оның қобалжып келе жатқан көңіліне сенім ұялата сөйлеп келеді.

Совхоздан өтіп, бөлімшеге кіргеннен бала-шаға мәшинамен жарысып, әйелдер бір төбешіктегі жан-жағы жасыл бояумен боялған тақтайлармен қоршалған үлкен үйге қарай бет алғандарынан-ақ Сәуле өздерінің қазір сонда баратындарын түсінді. Бір кезде машина зуылдатып келіп, сол қораның кең дарбазасына еніп, үйдің есігінің алдына барып тоқтады. Машинаға қарай жүгіргендердің ішінен сұңғақ бойлы, толықша денелі, әдемі қараторы жүзіндегі күлімсіреген мөлдір қара көздерінің түбінде мейір тұнған, аяқтарын байсалды басып, еңсесін тік ұстап келе жатқан жасы қырықтардағы сымбатты әйелді бірден байқаған Сәуле ол Нәзен мамасы екенін түсінді. Сәуле машинадан шығуға жүрегі дауаламай отырған. «Айналайын, Сәуле, хош келдің, қалқам!» – деп оны құшақтап, машинадан түсіріп, бетінен сүйіп жатып: – Қызым өзімнен ауымай қалыпты ғой, көрімдіктеріңді дайындай беріңдер, әйтпесе, көрсетпеймін!» – деп жанына келгендерге күлімдеп, жүрегінің лүпілін баса алмай, Сәулені қапсыра кеудесіне қысып тұрған Нәзен мамасының сол шынайы ақ пейілі ешқашан өзгерген жоқ.

Сол сәттен бастап үйге «құтты болсын» айтып, келіп жатқандардың легі бір аптаға созылған. Қазан айының осы соңғы күндері ерекше бір жылы әрі құрғақ, малға да, жанға да жайлы болып еді. Ыбырайым мен Нәзеннің совхоз орталығындағы клубта өткізген қызымен қауышу тойына келген жұртшылықтың жүректеріне адамдықтың, ізгіліктің нәрі құйылғандай. Осы тойда өмірдің ұлылығына, мейірім мен шапағаттың құдіреттілігіне тәнті болып, тебіреніп, толқып, сезім қуатына балқып тұрып, көпшіліктің айтқан тілектері Сәуленің жаңа өмір жолының бастауы болды.

Ыбырайым мен Нәзеннің отбасының базарлы да ажарлы күндері біріне-бірі жалғасып, жаңа табысқан Сәулені әрқайсысы бір құшақтамаса, көңілдері көншімей, оның қызға тән нәзіктігіне, жарқыраған жүзіне, жүріс-тұрысына қайта-қайта қараумен, қасына жатуға таласып, інілері де, әке-шешесі де мәз-майрам. Нәзен мамасы күндіз келген қонақтарды қарсы алып, сыйға түскен маталардың ең қымбатынан түнімен Сәулеге неше түрлі модаға салып, не бір көйлектер тігіп, әкесі де бұлармен бірге соны қызық

көріп ұйықтамай, Нәзенмен бірге сықсиып, «әй, мына тігісің қисық болды», – деп оны қайта сөктіріп, екеуінің әуреге түсіп отырған сәттерін Сәуле қалай ұмытсын! Кейін, сол әдетімен, Сәуле студент болып, Мәскеуден демалысқа келісімен Нәзен мамасына: «Сізден шебер тігінші еш жерде жоқ, мама-ау. Мен неше түрлі мода журналдарын алып келдім, маған көйлектерді өзіңіз тігіп беріңізші», – деп еркелей де наздана мойнына асылған қызының көңілін қимай, үйдегі жұмысын, бала-шағасын ысырып қойып, Сәулені ертіп, дүкенге барып, мата таңдап, оны алып келіп пішіп, немістің «Зингер» атты аяқ тігін машинасына бұрынғыдай емес, кейінгі кезде көзілдірік киіп шұқшиып отырған мамасын, қазір ол өзі де ана болғалы, сағына есіне алады. Өзін болмашыға ренжітіп алмауға тырысып, жан-дүниесін аша түсуге ұмтылған ол кісінің пайымдылығына, кішіпейілдігіне, кеңдігіне, жүрегінің жұмсақтығына Сәуле әрқашан тәнті. Өзінің бір көйлекті мамасына он сөктіретіні есінде. Сонда әкесі де ұйықтай алмай, қолына резеңке сантиметрлі өлшеуішті алып, қай жері кең, қай жері тар екенін анықтауға кірісіп кететіні, соны өзі бір қызық көріп, кейде екі-үш сағат дамылдаған күйі, таңертең жұмысқа баратыны – бәрі, бәрі қазір Сәуленің көз алдында тұрғандай... Шіркін, сол кісілердің жүректеріндей жүректерді енді іздесең табасың ба?!

Мамасы Сәуленің көңілін өсіріп, қуанышына тоймай, неше түрлі киімін алып беріп, өзінің қолындағы алтын сағатын естелік болсын деп оған сыйлап, құлағына алтын сырға, қолына сақина тағып, белгіленген екі апта өткен соң Сәулені жолға дайындай бастаған. Сәулеге алынған киімнің өзі екі дәу шемодан болған. Нәзігүл мамасы Ханша апасына бір үлкен сөмкеге кепкен өрік, мейіз, жаңғақ, кәмпит-пешеней, орамал, маталарды салған. Бір қағаз қапшықты қазы, жая, суы сорғытылып тұздалған жылқының, қойдың еттерімен толтырыпты. Сәуленің: «Ханша апам ұрысады, алмаймын» деп безектегеніне мамасы: «Қой, әкеңнің шаңырағынан құр барма, бұл Ханшаның сыбағасы, алмасаң болмайды, өзінің реті ғой», – деген. Оған папасы қосылып: «Ханша бір тулап алып басылар, ақылды тентек еді ғой, ақымақтыққа бармас, осылай менен сәлем айт», – деді жымың қағып. Кешке қызын жанына отырғызып, отбасын-дағыларды жинап, Ыбырайым папасы: «Сәулеш, енді өзің

туып-өскен ауылыңа, анаңа, ол жақтағы бауырларыңа барасың. Ыңғайсызданатындай сен ешкімнің алдында кінәлі емессің. Мұның бәрі осылай болуға тиісті еді, о бастан пешенеңе жазылған тағдыр. Сенің пайымды, өжет екеніңді мен хатыңды оқығаннан-ақ білдім. Өзіңді осылай еркін, ойыңды қаймықпай жеткізе алатындай, шыншыл етіп, ізгі жолмен тәрбиелеген ата-әжеңнің әруақтарының алдында қарыздармын және Ханша анаңа рақмет! Ол жақсы адам, біз жас болдық, тұз-дәміміз жараспаған шығар. Енді менің сенен үлкен бір өтінішім бар: анаңның бетіне келіп, көңілін қалдырушы болма. Осы болған жағдайды есту оған оңай болмас, әрине, ол ренжіп, саған қатты сөйлеуі мүмкін, сен бірақ оның аналық қызғанышын түсіне біл, бетіне келме. Менің саған осыны қадап айтқым келіп тұр. Қызым, ақыл-түйсігің бар ғой, менің сенен сұрайтыным, анаңды аялай біл. Қазір оның жалғыз өзі бес баланы қалай жеткізем деп жаны қиналып жүргенде, сен «әкемді таптым деп» тайраңдап барсаң, ол ана ғой, жүрегі ауырады, қорланады. Сен анаңның көңілін қалдырсаң, бұл жақта біз саған өкпелейміз. Осыны жадыңда сақтағайсың, қалқам! – деп әкесі Сәулені арқасынан қағып: – Ертең таңертең жол жүресіңдер, ұйықтап тынығып ал. Біз мініп келген машина өзіңді Тереңөзектегі үйге жеткізеді, жаныңда сол шопыр және мамаңның інісі Төлеген ағаң болады. Біз енді сені асыға күтіп жүреміз, бұл қара шаңырақтың үлкені өзіңсің, Сәулетай», – деп маңдайынан иіскеп, кептелген сезімдерін шығарып алмауға тырысып, орнынан тұрып, сыртқа шығып кетті.

Ертеңіне таңертең Сәулені жолға шығарып салуға көршілер мен әкесінің қызметтестері жиналды. Ыбырайымның туған жері Жаңақорған ауданы болғандықтан, бұл жақта ол кісінің туысқандарынан ешкім жоқ екен. Нәзен мамасы да Тереңөзекте туып-өскен.

Бәрі жайылған дастарқан басында отырып, жаңа басылған палаудан алып, шәй ішті, сосын үлкен ақсақалдан бата сұрады. «Бастарыңа бақ берсін, астарыңа тақ берсін, соңдарыңнан жұрт ерсін, менің де осы айтқаным келсін! Әумин!» – деп ол кісі бетін сипады, қол жайып отырғандар: «Айтқаныңыз қабыл болсын, әумин,әумин!» – десіп жатыр.

Сәулені осылай мәпелеп, ардақтап жаңа табысқан әкесі, мамасы мен інілері, көрші-қолаң қимай қоштасып,

машинаға отырғызған. Оның да алғысы шексіз, тіпті, көзін ашқаннан бірге сияқты, он бес күннің ішінде оларға бауыр басып қалыпты.

Енді, міне, өзінің жанының бір бөлшегіндей аяулы Тереңөзегіне қарай жол тартып барады, ол жақтағы анасына болған жағдайды қалай жеткізеді, оның да бауырларының да жанын жаралап алмау үшін қандай амал таппақ... Сәулені осы ой мазалап, кеудесінде бір ащы өксік тұрып қалды. Оңаша болса ғой қазір ішін босатып, еңіреп бір жылап алар еді-ау. Жанындағы Төлеген ағасы өте ашық, аңқылдақ екен, Сәуленің ойға батып келе жатқанын байқап, көңілін бөлгісі келіп, әртүрлі күлдіргі әңгіме айтып, шопыр жігіт екеуі мәз.

Сәуле машинаның терезесінен күздің соңғы айының әлсіз шуағын құт көріп, көсіле түсіп, бойындағы нәрін жер бетіндегі тіршілік иелеріне беріп, енді дамылдап, жайланып жатқан дарқан далаға қарап, өзінің ойларымен әлек болып, жаны аласапыран күйге түсті. Жесірлік тауқыметін қанша тартса да, балалары үшін барлық қиындыққа төзген Ханша апасы келді көз алдына. Өзінің ақжарқын мінезімен, кіршіксіз таза пейілімен жұртты жанына үйіріп, домбырасын тартып, әнін айтып, қанаттандырып, қолынан келген көмегін адамнан аямай, жайраңдап жүрген апасы ешкімді жатсынған емес. Әке-шешеден жалғыз қалғанына қарамастан, ол өзін жан-жағын тіреп тұрған көп бауыры бар, көңілі тоқ, көйлегі көп жандарша ұстайды. Ешкім оның жасып, еңсесі түскенін көрмеген. Жылаңқыларды сөзімен сілкіп алып, өлімсіреп жүргендерге дем беретін, көлгірсіп күлтектегенді, жылмақайлықты, жағымпаздықты, жымқырлықты сұханы сүймейтін апасы, қызының сатқындығын кешіре алар ма екен... «Үн-түнсіз, апама білдіртпей әкеммен табыстым, енді анама не бетіммен бармақпын? Бәрінен де қиыны апамның көңілін қалдырып, оның жанын ауыртып алу. Мен оған өзімнің жадағай болып жүрген жанымның енді ғана жайланғанын, көңілім өсіп шарықтағанын айта алмаймын, оның бәрін ол өзі аналық жүрегімен сезуі керек қой. Осы уақытқа дейін Ханша апам әкемнің бар екені жайында аузын ашқан емес, демек, онымен табысуыма қарсы. Әкемді тапқанымды оған айтуға жүрегім дауаламайды, жоқ, айта алмаймын, үлкен айқайдың астында қаламын, бәрі астаң-кестең, быт-шыт болып кетер, Ханша апам өте намысқой ғой, өр мінез, менің өзін аттап кеткенімді кешірмейді. Әлде, қазір, қаладағы

жатақханама тартсам қалай болады екен, сосын қасымдағы қыздар арқылы апама алдын ала хабар беріп барсам ше? Не істесем екен?..». Сәуле осының бәрін ойлағанда кеудесін бірнеше күннен бері кернеген қуанышы су сепкендей басылып, ұнжырғасы түсіп, көңілі әлем-жәлем болды. Әнеукүннен бері бақыттан басы айналып, өзі аспанда жүріпті, енді жерге түскендей. Алдында апасы, бауырлары... Олар бұған енді қалай қарайды, «е-е-е сырың белгілі болды, ішіңде талай бықсығың жатыр екен ғой, біз сені өзіміздікі деп жүрсек, сен бөтен екеніңді таныттың» деп, мүмкін, мұнымен ешқайсысы сөйлескісі де келмейтін шығар. Тағдырының осындай бұлтарысы көп болғанына бұл кінәлі ме... Соны жақындары түсінсе ғой...

Жасаураған жанарын көрсетпеуге тырысып, басын бұрып алып, машинаның әйнегіне тесіле қарап отырған Сәулені әрі-бері көңілдендірмек болған Төлеген ағасы, енді ұйқыға кіріскен, шопыр өзімен-өзі. Дала емшек еміп жатқан балаша, күзгі күннің нұрын асыға-аптыға сіміріп алғысы келгендей, ештеңеге алаңдамай, барлық еркі аспанға ауып, өзіндегі тіршілікте шаруасы жоқ сияқты. Сәуле ішінде кептеліп жатқан сырын кімге ақтармақ. Мына кең әлемнің оған көңіл аударатын түрі жоқ...

Қызылордаға жеткенше Сәуле осылай өз ойларымен арпалысып, қандай шешім қабылдарын білмей отырды да, қалаға жақындай бергенде ол не де болса апасының алдына барып, өзінің істеген ісіне жауап беруі керек екенін анық түсінді. Сәуле үшін апасының өзіне алабөтен көңілмен қарағанынан артық жаза жоқ. Сондықтан ол барлық шындықты жасырмай айтуы керек. Апасы ашу шақырып ұрысар, мүмкін, үйден қуып шығар, бірақ Сәуленің ниетінің ақ, жанының өздерімен бірге екенін түбінде ұғар. Ал Сәуле үшін ең маңыздысы Ханша апасы мен бірге туғандарының көңілдеріне сызат түсіріп алмау. Әкесі де Сәулеге осыны қатты тапсырып еді ғой. Ыбырайым әкесінің, мамасының, бауырларының өзін ыстық құшақтарына орап қарсы алғанын ойлаған Сәуле, олардың соншалықты елгезектігіне, сүйіспеншіліктеріне, биік адамгершіліктеріне тәнті болды. Он беске келгенше көріп-білмеген қызды сонша төбелеріне көтеріп, олар Сәуленің жүрегіндегі мейірім шамшырағының отын лаулатқызды, ол енді жан-жағын жарқыратары хақ.

## Екінші сыр

Міне, Сәуле Тереңөзегіне де жетті. Кіндік қаны тамған жер мұнша ыстық болар ма? Жер бетіндегі ең жанына жақын, жұрты да ерекше жаралған осы аядай жердің атын қалай тауып қойған, десейші. Терең өзек... Мұнда тұратын адамдардың жаны да сондай тұңғиық, дүниетанымы өзгеше, кіммен сөйлессең де тереңнен толғап қоя береді. Өмірден болмашы мысал келтіреді де әрмен қарай жаратылыс болмысын санасымен шарлап кетеді ғой. «Ертең құриын деп тұрсың, басыңа бір бәле келе жатыр, алдын алып қамданбасаң болмайды», – деп ескерткеннің өзінде: «Келсе келер, болатын нәрсе болар, көре жатармыз», – деп қойып, шәйін ішіп отыра беретін жерлестері күйгелектеніп, күні бұрын жамандықты шақырғанды жек көреді. Жанындағыларды күйретіп алмау үшін, олар қайғы-қасіреттерді де күйігін ішінде ұстап көтереді. Қатты қуанудан да қорқып, көп күлгеннің артында соры бар деп әрдайым өздерін тежеп ұстап, сабырмен, алды-артын пайымдап жүретін жұртын Сәуле қалайша жақсы көрмесін.

Ыбырайым әкесі Ұлы Отан соғысынан соң Алматыдағы сот дайындайтын оқу орнын бітіріп, жолдамамен осы Тереңөзекке келіп, сот болып істеген екен. Ол кісі кеше ғана сол кезеңді есіне алып отырып, Сәулеге бір болған жағдайды айтқан еді: «Ол өте қатал, қиын уақыт еді. Сталиннің заманы... – деп бастаған ол әңгімесін. – Соғыстан кейін елді аштық, жалаңаштық жайлаған. Кішкене ұрлық істеген адамды он жылға дейін соттап жіберетін. Маған бір жетпістен асқан ақсақалдың ісі түсті. Ол кісі бір килограмдай бидай ұрлапты, содан қамалып, тергеуге алынған. Соттардың да үстінен НКВД қарайды ғой, кішкене біреуге іштартсаң болды, өзің кетесің. Сақалы құдай, әкеміздей адамға жаным ашып, құтқарудың амалын іздестірдім. Тергеушіге берген жауабында ол, «Алғаным рас еді, балалар аш болған соң, өмірімде бірінші рет осы қадамға бардым, Құдайдың алдында күнәлі екенімді жасыра алмаймын», – дегенінен танбаған. Мен сот отырысы болғанда ол кісіні құтқарып қалғым келіп, ойын бұруға тырысып бақтым, әртүрлі әдіске салып көрдім, бірақ бәрібір ол сол «алдым, кінәлімін» деп мойындағанынан бас тартқан жоқ, сөйтіп, сол жаны кіршіксіз, қулық-сұмдықты білмейтін

әкеміздей ақсақалды жеті жылға соттауға үкім шығарғанда, менің ішім удай ашып, дәрменсіздіктен құса болдым. Біз ата-әжелерімізді, әке-шешелерімізді, бауырларымызды жаудан қорғаймыз деп он тоғызымызда соғысқа аттандық. Қан кешіп, жараланып, қаншамыз жер жастандық. Енді, соларды өз қолымызбен абақтыға жауып жатырмыз. Ойбай-ау, мен жұртыма осындай опасыздық жасау үшін майданнан тірі келдім бе, онан да сонда өлгенім жақсы еді ғой деп өзімді-өзім жеп біттім. Қилы қияметтер көбейіп кеткен соң соттық қызметтен кетуді ойладым. Мұнан кейін бір жыл өтпей, соңымнан біреулер түсіп, үстімнен арыз боратты. Сенің анаңмен екеуміздің арамызға іріткі салып, қыз-келіншектермен байланысы бар деп жала жапты. Біз ажырасқанда, азаматтық, адамдық келбеті сот болуға лайық емес деп мені қызметтен босатқызды. Сол кезде Ханшаға менің дұшпандарым барып, «біз мұны партиядан шығарып, тентіретіп жіберткізейік, тек сен «мені ұрып-соқты деген арыз жазып бер» депті. Сонда өздерін «еркекпін» деп жүргендерден Ханшаның әлдеқайда биік те батыл екенін кейін мен жұрттан естідім. «Біреудің сыртынан сендер сияқты қақпан құрып жүргендерден сақтасын. Ыбырайым нағыз ер, азамат, көзі ашық болған соң көре алмай, іштеріңді қара мысық тырнап жатыр ма? Кетіңдер, енді осындайды тағы айтып келсеңдер, мен өзім сендерді құртқызамын!» – деп оларды үйінен қуып шығыпты ғой, ой, сабазым-ай! «Көре-көре көсем боласың» дегендей, өмірдің небір қиын өткелдерінен өткен сайын менің түйсінгенім, біздің жұртымыз қандай нәубетті бастарынан кешсе де, Жаратушының ақ жолынан ауытқымай, адамдық болмысын таза ұстап келе жатқандығына көзім жете түсті. Мұндай халықтан тараған ұрпақтың болашағы жарқын болуы керек, себебі, олар ешкімнің қарғысына қалмаған. Ал, соның ішінде тереңөзектіктердің өн бойында бір қайсарлық, ештеңеге сатылмайтын табандылық пен айбаттылық, сестілік бар. Шындықты бүкпелеуді білмей, бетке басудан опық жеп, басына талай таяқ тисе де өтірік айта алмайтындардың ортасынан шыққансың ғой, қызым! Дегенмен, өмір сүру үшін алды-артыңды барлап сөйлеп үйрену де керек екенін есіңде сақтағайсың, қалқам...», – деп осы әңгімесін әкесі Сәулеге айта отырып, ескертумен аяқтаған еді.

Енді, міне, өскен үйіне жақындаған сайын Сәуленің жүрегінің дүрсілі үдеп барады. Шопырға жол көрсетіп келе жатқан оның көңілі жүйрік дөнен аттай ұйытқытып ала жөнелді. Машина үйреншікті шағын дарбазаның алдына келіп тоқтағанда Сәуленің бойын бір күш билеп алғандай болды. Ол кеудесін құрсап келе жатқан қорқыныш пен толғаныстан арылғандай. «Неге мен күнәһардай сонша дірілдеп, қалтырауым керек, әкем айтқандай, мен ешкімнің алдында кінәлі емеспін» деген менмендік ой Сәуленің санасын жаулай бастаған.

Машинадан Төлеген ағасы мен шопыр жігіт екеуі Нәзен мамасы артып жіберген шемодан, сөмкелерін түсіріп, енді аулаға кіргізе бергенде, үйдің дәлізінің есігінен Серік пен Бақыт інілері жүгіріп шықты да, бұларды көріп қайтадан ішке кіріп кетті. Төлеген ағасы шемодандарды ұстап, үйге қарай жүріп бара жатқан, Сәуле оны тоқтатып: «Аға, сіз апама көрінбей-ақ қойыңыз, мен алдымен өзім барып мән-жайды түсіндірейін. Сіздерге көптен-көп рақмет! Кейінірек мен өздеріңізбен хабарласамын. Сау болыңыздар!» – деп ол Төлеген ағасы мен Болат атты шопыр жігітке қолын беріп қоштасты. Төлеген ағасы қауқылдап бетінен сүйіп жатыр. Олар машинаға мініп кеткенше Сәуле қол бұлғап тұрып, үйіне қарай бет алғаны сол-ақ еді, есіктен шыға айқайлап келе жатқан Ханша апасын көрді. Апасы «әй-шәй» жоқ Сәулені жерден алып, жерге сала бастады: «Ақыры кеткен екенсің әкеңді тауып, енді неменеге келдің? Жоқ, сен енді бұл үйдің есігінің табалдырығынан аттамайсың! Ойпырым-ай, үндемей жүріп, ішің мерез екен ғой сенің! Менің сорлы әке-шешем бұл арам немені бағып-қағып, әппақ жүрегімен осыған сонша берілгенде, мынау ақырында, ешқашан көріп-білмеген әкесін тауып, еш болмаса солардың әруағын да сыйламады-ау! Мұндай сұр жыланды өліп-өшіп бауырларына басып, осыған үміт артып, ертең артымызда қалып, атымызды өшірмейді деп сенген еді-ау олар. О, аңғал байғұстарым-ай! Мына сатқының өзін он бес жасқа дейін керек етпеген әкесін іздеп тауып, енді беті шімірікпестен бізге келіп тұр ғой. Құдай-ау, мұндай бетсізге дауа бар ма?! Құры көзіме көрінбей! Анау түйіншектерің не, жаңадан тапқан бай әке-шешең мені есіркеп, жарылқайын деп беріп жіберді ме? Құрт әрмән!», – деп қорлана, жұлқына, ызадан, намыстан жарылып кете жаздап, шемодандарды лақтыра

бастаған Ханша апасына қарап, ол бәрін білетінін түсінген Сәуле үшін апасының ышқынған жан айқайын естіп тұру қияметтің есігін ашқанмен бірдей еді. Апасының жанының ең осал да жаралы жерін аямай аяқпен таптап кеткенін енді ғана терең ұққан оның өзегі талып, іші-бауыры езіліп кетті. Жылдар бойы Ханшаның санасының түбінде жатқан «бұл әкесін тауып, менің намысымды таптап кетер ме екен» деген ішкі күдікке толы оның аналық арпалыс, қызғанышының осындай бір боратынын Сәуленің жүрегі сезіп еді ғой. Енді не істерін білмей, көңілі алай-дүлей болған Сәуле мелшиіп тұр. Ішінің бәрін ызғар жалап өткендей, буындары босап, денесі қалтырап бара жатыр. Бір кезде Ханшаның айқайын естіп, алдымен көрші Қалампыр, сосын Боранкүл мен Тұрсынкүл апайлар жетіп келді. Бірінші болып мән-жайды ұққан жасы алпысты алқымдап қалған Қалампыр апай, мұрнының сол жақ жанындағы үлкен қоңыр меңі діріл қағып, қой көзі шатынай Ханшаға қарап тұрып: «Әй, мына қызыңды қуырып жейсің бе енді, осы хабарды естігелі бес күн өтті ғой, ақылмен өзіңді тоқтатып жүр едің, ашуыңның тығыны атылып кетті ме, қой, болар іс болыпты, енді сыртта айқайлап жұртқа масқара болмай, ішке кіріп сөйлессеңдерші», – деп Ханшаның қолтығынан ұстап, үйге қарай алып жүрді. Екіншісі Боранкүл толық денесі іркілдеп, талтаңдап басып, Ханшаның арқасынан сипап, оны аяған болып, ентіге сөйлеп: «Қайтесің енді, «іштен шыққан шұбар жылан ғой» безіп, жаныңнан қуып шыға алмайсың. Қазіргі жастар қатыгез, бірінен бірі өтеді, өз қарақан бастарын ғана ойлайды, біздің үйде де осындай безбүйрек екеуі бар», – деп тілін безей бастаған оның қолынан, шидей мойыны ырғалып басы қалт-құлт етіп тұрған Тұрсынкүл шымшып алды да, атыздай көзін аларта қарады. Боранкүл сампылдай жөнелген аузын жаба қойды. Осының бәрін байқап қалған Сәуле күнделікті өмірде өзі жұртқа басу айтып, көкірегін ешкімге бермей жүрген Ханша апасының көршілердің алдында жанын жалаңаштап, байбалам салғанын көріп, «осының бәрі менің кесірімнен, апамды жұрттың алдында мазаққа қалдырдым, енді құрысам құриыншы, бәрінің көзіне күйік болмай» деп ойлап, теріс айналған ол дарбазаның есігінен шыға бергенде Қалампыр апай жүгіріп келіп, білегінен ұстап, аулаға кіргізіп алды да: «Қой, апаңа ренжіме, Сәуле. Ақылға салып

қара. Ханша байғұс осы болған жағдайды естігелі бері өзіне өзі келе алмай, жаны күйзеліп кетті. Сен балалық жасадың, апаңның алдынан өтіп, рұқсатын алып барып, әкеңмен табысуыңа болатын еді ғой. Бұлай анасын аттап кету деген үлкен күнә, намысына қатты тидің, енді бұрылып, қаша жөнелмексің. Басын ала қашу әркімнің-ақ қолынан келеді. Ал нағыз адамдық қасиеті бар жан кінәсін мойындап, өзінің істегеніне өкініп, қашан соны өтегенше жаны жайбарақат таба алмайды. Жүріңдер, енді үйге кіріп сөйлесіңдер, мына айқай-шуларыңды естіп, бүкіл ауыл жетіп келер, өз арттарыңды өздерің аша бермендер, дос-дұшпанға күлкі боларсыңдар», – деген Қалампыр апайдың сөзі Ханшаның есін жинатты. Долданғаны сәл бәсеңсіп, сөйлей жүріп, ол үйге қарай аяңдады. Қалампыр апай Сәуленің қолынан ұстаған күйі айырылмай, анау екі көршіге бұрылып: «Сендер қайта беріңдер, өздері оңаша сөйлесіп алсын, шамалыдан кейін мен де үйге немерелеріме баруым керек, қазір бұларға басу айтатын бір адам керек қой», – деп Сәулені жетектеп алып, үйге кіргізді. Алдарынан он үш жасар Сәрсенкүл мен он жастағы Серік шықты. Олар Сәулеге томсырайып қарап тұрды да, жақындамай сыртқа шыға жөнелді. Сәуле бұлар да өзіне ренжулі екенін түсінді, демек, апасы ашу үстінде өзін ұстай алмай, балалардың көзінше ішіндегінің бәрін ақтара салған ғой. Осыдан бір жарым жыл бұрын Жармағамбет көкесін жерлеп, бес баламен жесір қалғанда да Ханшаның бұлай күйзелгенін көрмеген Сәуле өзінің әкесін іздеп тапқаны апасына ауыр соққы болғанын түйсігімен ұқты. Оның тағы жүрегі сыздап, буындары босап кетті, қазір көзінен бір тамшы жас тамса, ол тоқтай алмайтынын біліп, өзіне-өзі ие болуға тырысты. Дәлізден өтіп ішке кірген Сәулеге бөлме іші күңгірт болып көрінді. Шағын қос терезеден себелеген қарашаның селдір күнінің әлсіз шуағы кең бөлмеге әрең түсіп тұр, үйдің іші алакөлеңке. Қалампыр апай электр жарығын жақты да: «Бұл Құдайдың шеберлігін ойлаймын да, таң қала беремін. Пенделеріне бір-бір титімдей «жүрек» дейтін бұлшық ет қондырып, сол арқылы оларды өзара құштарлықпен байланыстырып, бәрін өзіне бағындырып қойғанын көрмейсің бе. Мына шешесі мен қызының жүректері де сол қимастық, ынтықтықтан жарылып кете жаздап тұр ғой, әйтпесе, бірбіріне немқұрайды қарайтын болса, осылай буырқанып,

бұлқан-талқан болар ма еді. Әй, Ханша, болды енді біраз ашуыңды шығарып, шаңды аспанға бұрқыраттың, енді қызыңның жүрегін тілгілей берме, бағанадан бері сүйегінен өтетін сөз айттың. Әкесін тапқанына қуанбайсың ба, жағдайы жақсы адам көрінеді, ертең қызды оқытып, тұрмысқа берсе, сенің жүгің жеңілдемей ме. Сәуленің бағы ашылса, өздеріңе жақсы, артындағы мына бауырларына да тірек болады. Қайта бұл қызыңның ақылы бар екен, етінің тірілігін қарамайсың ба, осының бәрін алды-артын ойлап істеп жүрген бұл қыз осал емес, әлі осыдан рақат көресің, айтпады деме. Болар бала өзі белгілі ғой, сен енді құр байбалам сала бермей, қызыңмен оңаша сөйлес. Анау сыртта қалған сөмкелердің иттер талапайын шығарып жүрмесін, әй, балалар үлкендерің барып соларды үйге әкеліңдер», – деп Қалампыр Ханшаны сабасына түсірмекші болды. Ханшаның ашуы басылар емес. «Керегі жоқ маған біреудің садақасы, кіргізіп көріңдерші осыдан, көкелеріңнің тойын көресіңдер!» – деген анасының зілді дауысынан Серік пен Сәрсенкүл тырп ете алмай қалды. Қалампыр оларға білдірмей, көзін қысты да, қолымен «кейінірек әкелесіңдер» деген белгі берді. Ханша ішкі бөлмеге кіріп, екі бүктеліп жерге салынған ұзын көрпешенің үстіне басын ұстап, құлай кетті. Қалампыр апай: «Мейлі, Ханша байғұс жата тұрсын, жүйкесі ауырған ғой. Әй, Сәуле қыз, енді апаңның жанын күйзелте бермей, одан кешірім сұрап, екеуің мәмілеге келіңдер. Бұл да сенің маңдайыңа жазылған тағдыр, осылай жүресің енді екі ортада, әрқайсысының көңілін табамын деп жәутеңдеп. Е, қызым-ай, сенің де жүгің жеңіл емес, жастайыңнан жаныңды жан-жаққа тартқылатқызып қойғанын қарашы Құдайдың. Ертең күйеуің дұрыс болып кездессе жақсы, әйтпесе, небіреулер бар ғой, «сенің қай жағыңа жетемін, қайсысын жарылқаймын» деп безілдеп миыңның құртын жеп бітіретін, сондайдан сақтасын», – деп шамалы отырды да: «Қой, мен немерелеріме барайын, сендерді оңаша қалдырайын. Анау сырттағы заттарыңды кіргізіп алуды ұмытпаңдар», – деп сыбырлай сөйлеп, ол шығып кетті.

Апасы сол жатқаннан басын көтере алмай үш күн жатты. Қалампыр апай дәрігер шақыртқызды, Ханшаның қан қысымы жоғарылап кеткен екен, дәрі егіліп, дәрі-дәрмек ішкен соң ол аяғына тұрған, бірақ жүзі боп-боз, дөңгелек

қарақаттай көздері бір түрлі шүңірейіп, еңсесі түсіп кеткендей. Туған-туыс, жора-жолдас, көрші-қолаң болған жағдайды естіп, Ханшаның көңілін сұрап, әрі әкесін тапқан қыз бен шешесінің арасындағы әңгімені өз құлақтарымен естіп, оларды көзбен көргенше асыға-үсіге бірінің үстіне бірі келгіштеп кеткен. Алғашында Сәуле әдеп сақтап олармен жылы сөйлесіп, сұрақтарына түзу жауап беріп, дастарқанын жайып, шәй әзірлеп жүрген, бірақ кейбіреуінің бер жағымен жаны ашығансып, ішінен өзіне кекесінмен сынай қарап, жазғырып отырғандарын сөздерінен ұға бастаған ол, көбінесе, сыртта жүрді.

Ханша қайтадан жатып қалды. Апасының жанына баруға Сәуленің жүрегі дауаламай, Серік інісі немесе Сәрсенкүл сіңлісі арқылы оған әзірлеген тамағын әлсін-әлсін жеткізіп тұрды. Үйде ет бітіп қалған соң ол Нәзен мамасының сәлемдемелерінің ішінен қойдың етін алған, бірақ онысын ешкімге айтқан жоқ, сосын қалғанын, бұзылып кетпесін деп, мұздатқышқа реттеп салып қойған. Апасының ауырып қалғанына өзін кінәлаумен ол әбден әбіржіп, әдемі мөлдір көздері тұманданып, қабағы кіртиіп кеткен еді.

Сәуле өзінің үлкен ағаттық жасағанын терең түсінді. Ол әкесін тапқысы келетін ойын апасымен бөлісуі керек еді, анасынан жасырғаны – оның намысын таптағаны. Қалампыр апайдың айтуы бойынша, осыдан бір апта бұрын Сәуледен хабар болмаған соң, Ханша апасы оны сағынып, бауырсағын, кілегей, айранын арқалап, Қызылордаға тартады. Педучилищенің жатақханасына барса қызы жоқ, жолдастары жүздерін тайқытып, ештеңе айтпаған соң, ол бір жағдайдың болғанын сезіп, кіреберістегі күзетші әйелден бәрін сұрап біледі. Сол жерде көзі қарауытып, отырған орнынан тұра алмаған оған күзетші әйел су ішкізіп, басу айтып, шамалы демін алдырады. Сосын Ханша түрегеліп, ешкімге бұрылмастан шыға жөнеледі. Қаланың «Гагарин» поселкесінде тұратын Мінаш атты қайынсіңлісінің үйіне аяқ-қолы дірілдеп әрең жеткен ол барғаннан мән-жайды айтып ағыл-тегіл жылайды, кешке қайынсіңлісі екеуі Тереңөзекке келеді. Біраз басу айтып, Ханшаның көңілі көншіген соң Мінаш қайтып кетеді. Содан бері Ханшаның көкірегі қақ айырылып кете жаздап, Сәулені күтіп жүрген екен. «Әбден қаһарына мініп, өзіңді түтіп жеуге дайын тұрған сәтіне тап болдың, көкірегіндегі ащы запыранын

шығарып, төгіп алғаны жақсы болды, неше күннен бергі түнертіп кеудесін қысып жүрген ашу-ызасы шықты, енді ол саған тиіспейді, қайта көңіліңе тиетін түйдек-түйдек зәрлі сөз айтқаны үшін енді өзін кінәлайды. Мен сенің апаңды кішкентайынан білемін. Отыз төртінде бес баламен жесір қалу оған оңай тиді дейсің бе, өзінің еш болмаса бір туған бауыры да жоқ. Балалардың үлкені деп сені оқытып, ол өзіңе арқа сүйеп отыр ғой. «Осы Сәуле аяғына тұрып, жақсылар қатарында жүрсе, артындағыларға қамқор болар еді, сонда мен де еңсемді көтеріп аламын ғой», – деп, – соңғы кезде сенің газетке шыққан өлеңдеріңді, мақалаларыңды бәрімізге оқытқызып, өзі мәз болып жүретін. Ханша апаң сені әрдайым биіктен көргісі келіп, мақтаныш тұтады, ол өзіңді жанындай жақсы көрмесе, осынша жүрегін ауыртып, саған ұрысып неғылсын. Өзі де құлап түсті-ау, бейбағым-ай. Жаны кіршіксіз ғой, ата-анасы асыл жандар еді, сен де солардың тәлім-тәрбиесін алдың. Әкең көпті көрген адам екен, таза бұлақтан суарылғаныңды іші сезген, сосын да сені қабылдағаны, әйтпесе, балаға зәру емес шығар», – деп Қалампыр апай Сәулені кеше үйдің сыртына шығарып алып, осы әңгімесін айтып, әрі одан сөз аулаған, бірақ ол үндемеген соң әрі қарай созғыламады.

Сәуленің сабақтан қалғанына да, міне, екі апта болды. Әкесі оны директорынан он күнге сұрап алған еді. Апасының жағдайына қарайлап, оның денсаулығын ойлаған Сәуленің тағы бір-екі күн қалуына тура келді. Ханшаның тамаққа әлі тәбеті жоқ, ешкіммен онша сөйлеспейді де. Ішкі бөлмеде жатады да қояды. Келім-кетім адамдарды да жақтырмай, қасына келген балаларын үнсіз басынан сипап, мұңды көздерін қайтадан жұмып алады. Сәуле апасы үшін қорқайын деді. Қалампыр апай да, туысқан Күлшат жеңгесі де әрі-бері оның көңілін аулап көріп еді, болмады. Сәуле апасының жанына бірнеше рет барған, бірақ апасы сол селт етпеген күйі, бұған қарамайды да. Енді ертең Сәуле кетуі керек, анасын мына күйінде қалай қалдырады. Апасының үстіндегі кремплиннен тігілген синтетика жасыл көйлегі мыжылмағанымен, ауа жібермейді, оны үш күннен бері ауыстырмаған соң апасының тынысы тарылып жатыр ма екен деп ол жанына келіп: «Апа-ау, ең болмаса үстіңіздегі киіміңізді ауыстырыңызшы, тұншықтыңыз ғой, мына бөлмеде, тіпті, ауа жоқ. Маған ренжи беріңіз, менің кінәм –

алдыңыздан өтпегенімде. Бірақ сізді мұқатайын деген арам ойым ешқашан болған емес. Бұл балалығым шығар, бірақ алалығым емес. Бәрінің әкесі бар, менде неге жоқ, Дарқан әкем мен Рысқұл әжем қарт кісілер, мен олардан тууым мүмкін емес деген ой мені кішкентайымнан мазалап жүргенде, өзіңіздің көрші Қатима апайға сыбырлап менің әкем туралы айтқан әңгімеңізді маған Құдай естірткен шығар. Сөйтіп, жылдар бойы құпия ғып менен жасырғаныңызды өз аузыңызбен айтып бергенсіз. Тіпті, әкемнің аты-жөнін де, қайда тұратынын да, сонда білдім. Ол кезде мен он үштемін. Содан бастап менен маза кеткен. Әкемді көз алдыма елестетумен жылдар өткіздім. Оны табатыныма сендім. Құдай сәтін салды, таптым. Әкем мен ұялатындай емес, таудай азамат болып шықты. Сонша неғып жасырғаныңызды білмеймін. Ол кісі менімен араласқысы келіп атам мен әжеме талай өтініш айтқан екен, олар: «айналайын, алданышымыз осы қыз, біздің көзіміз кеткен соң, өзіңді табады ғой. Анау Ханша әкесімен қызын кездестіріп жүргенімізді біліп қойса бізге ренжіп, ұрыс шығарар. Тыныштық керек», – деп безек қағады екен. Тығып, жасырып қоятын мен затпын ба, сонда? Баланы туған соң, оның бақытты болуы үшін не керек екенін де ойлау қажет қой. Менің институтта оқуым керек, сіздің жағдайыңыз белгілі. Кейін күйеуге шыққанымда да, «бұл қыздың әкесі жоқ болғаны қалай, өзінің тегі бар ма» демей ме жұрт? Сонда мен кім болғаным? Өйтіп, әркімге түрткі болып жүре алмаймын. Сондықтан мен әкемді таптым. Апа! Сіз енді маған ренжігеніңізді қойыңыз, әрі мені уайымдамаңыз. Енді мен сіздерге қамқор боламын. Өзім оқимын, сосын мына бауырларымды жетілдіремін. Енді сіз бәрін бір өзіңіз сүйретпейсіз, барлық қиындықты бірге жеңеміз, апа-ау! Мен әкемнен рухтанып, күш алып келдім!» – деп апасын құшақтап Сәуле солқылдап жылап жатыр. Апасы біраз үнсіз қалған. Сәлден соң: «Қой, әкесін тапқан қыз жылай ма екен», – деп дауысы дірілдеп, толқып кеткенін білдіріп алғысы келмей, Сәуленің басынан жай ғана бір сипап өтті де: «Оқуыңнан қалма, ертең жолға шығасың, қазір түс болып қалды, мен тұрып жуынып-шайынып, расында да, үстімді ауыстырып, тамақ әзірлейін. Кешке қарай, Қалампыр апай және басқа да көршілер мен туыстарды шақырып, қызымыздың әкелі болғанын атап

өтпесек болмас, олардың баталарын алайық», – деп Ханша Сәулеге қарамауға тырысып, өзімен-өзі сөйлескендей, жәймен орнынан тұрды.

Кешке үйге жиырма шақты адам жиналған. Ханша көрші жас келіндердің көмегімен ауладағы жер ошаққа дәу қара қазанын орнатып Нәзеннің беріп жіберген жая, қазыларын түгел асып, бауырсақтары мен жеті шелпегін дайындап, қойдың етінен қуырдақ жасатқызып, дастарқан үстіне Сәулемен келген сөмкедегі өрік-мейіз, жаңғақ, кәмпит, пешенейлерін үйіп қойды. Келгендер Ханшаның көл-көсір пейіліне көңілдері толып, сүйсіне шай ішіп, тамақ жеп, батасын берді. Дарқан атасынан бастап бүкіл әруақтарға Құран оқылды. Кетерінде және бір шемоданды ашып, ішіндегі барлық мата-орамалдарды әйелдерге үлестіріп берген Ханша: «Бұл да маған Құдайдың сынағы мен көрсеткен жақсылығы шығар. Қыз бала ғой, бағы ашылсын! Жолына бөгет болып қайтейін. Өзі кішентайынан алғыр, зерек болып өсті. Жаратқан иеміз бұған да өзінің жүктеген міндетін орындату үшін әкесімен табыстырып, жолын ашып жатқан шығар. Менікі аналық қызғаныштан туған өрекпелік қой. Қайда жүрсе де Сәулеміз аман болсын, армандағанына жетсін, басымдағы қиындықтарды Құдай балаларыма бермесін, ауыртпалығын мен-ақ көтерейін, тек осыларым бақытты болса екен!» – деп тебіреніп тұрып Ханша үлкендерден қызына, балаларына бата алып, Сәуленің әкелгенінен түк қалдырмай, бәріне бөліп салып беріп, жиналғандарды риза етіп жіберген. Тәңіріне тәубесін айтып, қызына бақ тілеп, өзінің астамшылдық жасағанына Құдайдан кешірім сұрағаннан кейін ғана Ханшаның көңілі сабасына түскен. Ол сонда Өмір атты мұхиттың тұңғиына ұрпағын батырып алмаудың қамын ойлап, бұл дүниеде «менікі», «мен» деп көкіректікке бой алғызу – кесапаттық екенін, өзінен туған балаға да жекеменшігіндей қарауға болмайтынын, әрбір жанды Құдайдың жер бетіне жіберген елшісі деп қабылдау керек екенін ұға бастаған еді.

## Үшінші сыр

Бүгін 20 ақпан 2009 жыл. Сәуленің Ыбырайым әкесінің қайтыс болғанына жиырма алты жыл болды. Сәуле алпысқа толды. Әкесі о дүниеге осы жасты арқалап аттанған... Қарап

отырса, сол алғашқы өзімен табысқан 1965 жылы Ыбырайым папасы қырық сегізде ғана екен-ау... Сәуле үшін ол сонда көңілі әбден орныққан, табанды, құлашты, салиқалы да салдарлы, сөзі де, ісі де ірі, ескінің көзіндей бір үлкен кісі болып көрінетін. Ал, сол жастағы қазіргілер жігіт болып, кейбіреуі әлі секектеп, жеті бала түгіл, бір балаға да әке болуға жарамай жүрген жоқ па...

Сәуленің көз алдына тізбектеліп өткен-кеткен, жүрегінде қатталып, өміріне өрімдей өрілген кезеңдер келе берді.

Әкелі өмірдің балқаймағынан татып, Сәуленің жан дүниесі жарқырай түскен. Міне, ол он алты жасқа толған шағы... Оның жүзіне қараған адамның көзі тоятындай, еліктей әсем қыз болып өсті. Әке-шешесіне орынсыз еркелеуден, жөнсіз, қалай болса солай сөз айтып, жақындардың көңілін қалдырып алудан, қыршаңқылықтан ол бойын аулақ ұстайтын, бірақ оспадарсыздық, опасыздық, әділетсіздікке қарсы жауға шапқандай шабуыл жасап шыға келгенде, әкесі іштей қызына риза болып, оны қоттап, әдейі қыздыра түсіп, жоқ жерден дау туғызатын еді-ау... Ол, кейде, қызының көзінше баласының біреуіне, немесе, Нәзеніне жекіріп, болмашыға тиісіп шыға келетін, Сәуле ондайда әкесіне: «Сіз еркек басыңызбен әйел-бала-шағаға доқ көрсетуге ұялмайсыз ба? Өзіңіздің ұрысқыңыз келеді де тұрады екен осы. Сізді сырткы жұрт қайдан білсін, керемет интеллигент азамат деп ойлайды-ау, мұныңыз ұят қой. Жұмыстан шаршасаңыз, тыныш қана ішкі бөлмеге кіріп, жатып дем алыңыз», – деп әкесін қолтығынан ұстап, ішке кіргізіп жіберетін. Әкесі: «Әй, Нәзен, мына қызыңа қой десейші, түйедей әкесін сүйрелеп барады, ешкім бетіме келмеген мені, Әппақ батырдың немересін, титімдей болып, карашы өзін, а, сөзбен төпелеп тастады ғой», – деп Ыбырайым әкесі жеңілген болады, Нәзен мамасы күліп: «Қашанғы сен жеңе бересің, саған да құрық табылды, Сәулеш дұрыс айтады, енді бізге ұрыспайтын боласың», – деп жымың қағып қояды. Осының бәрін әкесі Сәуленің мінез-құлқын аша түсіп, оны мамасы мен балаларға жақындату үшін істейді екен, ол құпиясын, Сәуле өзі де балалы болғанда, әкесі айтып берген еді.

Бірде, Сәуле жүрегінің шаншып жүргенін Нәзен мамасына айтқан, ол күйеуінің көнбесіне қоймай жүріп, Кавказдың Кисловодск деген қаласындағы жасөспірімдердің жүрек ау-

руын емдейтін санаторийіне жолдама алғызды да, оқу демалысына шыққан Сәулені олар сонда жіберген. Бұл 1966 жылдың жазы болатын. Жиырма төрт күн емделіп, ол жақтан шаттанып, шабыттанып келген Сәуле алған әсерін айтып тауыса алар емес, әсіресе, орыстың керемет ақыны Михаил Лермонтовтың жүрген, тамсана жырлаған Пятигорск жеріндегі Машут тауын көріп, жиырма жеті жасында ақынның дуэльде қаза тапқан жерінде болғанда ол өзін ұлы ақынның рухына тағзым етіп келдім деп сезінді.

Кейін де Сәулені Ыбырайым әкесі мен Нәзен мамасы Қырым жеріне Қара теңізге екі рет жіберіп дем алдырған. Сәуленің көңілін көтеріп, жан әлемін байытуға әке-шешесі мұнша құмар болар ма! Өмір бойы олар осы жолынан жаңылған жоқ.

Сәуле жиырма бесінде тұрмысқа шықты. Мәскеуде оқып жүрген күйеу баласы мен қызына Ыбырайым мен Нәзен қолдарынан келген көмегін аяған жоқ. Бұлар оқу демалысына шығып, «Келе жатырмыз» деген хабарды алысымен ата-анасы балаларын темір жол бойын жағалатып, әрдайым кешігіп жүретін поезды күттіріп қоятын. Олар үшін қызы мен күйеу баласын қарсы алу мерекеге айналып кеткен. Кейін де осы әдеттерімен, он жыл бойы Мәскеуден бұларды әке-шешесі мен бауырлары әрқашан сарқылмас сағынышпен тосып алатын. Үлкен сегіз бөлмелі үйге бүкіл туған-туыс, көршілерді жинап алып, қойды сойып, неше түрлі тағамдарды күндіз-түні жас келіндерге дайындатқызып, Нәзен мамасы «қыз бен күйеу бала келе жатыр, тамақтарың дәмді болмаса, Сәулеш жемейді, әй, өзім кіріспесем болмас. Мама, сіздің өзіңіздің дайындағаныңызды сағыны-ы-п кеттім дейді ғой Сәулетайым. Мен оның өзіне бөлек жасайын!» – деп қуаныштан әдемі жүзі жайнай түсіп, ол қызының жақсы көретін тағамдарын әзірлеуге кірісіп кететінін туысқан жеңгелері кейін Сәулеге айтып, бастарын шайқап, күлімсіреп отыратын. Бірде Ыбырайымның адуын мінезді, орақ тілді Жұпар деген жеңгесі Нәзенге тілін безеп: «Әй, сен өзіңнің ішіңнен шыққан балаларыңа бұлай жүгірмейсің, басқа қатыннан туған мына қызға іші-бауырың неғып езіліп бара жатыр. Осы сенікі не жағымпаздық? Көрерсің әлі, бұл қыз сендерден аларын алып, ертең анау менің түпсіз шелектей даңғыраған қайным екеуіңді де балаларыңмен қосып, ауыздарыңа ұрғаны бар. Өзінің туған

шешесі тұрғанда ол сені қайтсін, пайдаланып алып, әлі-ақ тайып тұрар. Ақ тер, көк тер болып бәрің осының соңында жүгіре беріңдер. Ертең осы қыз сендерге мұрнын шүйіріп, төбелеріңнен қарамаса маған келіңдер, өй, кілең мәгәстер!» – деп Жұпардың жүзі сұрланып, ішіндегі күдігін ақтарып салыпты. Сонда Нәзен: «Жеңеше, сіз қателесесіз. Осыншама жасқа келіп, адам танымайтыныңызға мен қайран қалып тұрмын. Мұның бәрін сіз айтпай-ақ, біз талай ойланып-толғанып, санамыздың саңылағынан өткізгенбіз. Біле білсеңіз, менің отбасыма жанашыр мына сіз де, сіздің балаларыңыз да емес, осы қыз болады. Өйткені, оның бойында менің ұрпағымның да қаны бар. Белі әлі қатаймаған жастың жан дүниесінен кір іздей ме екен есі бар адам. Сонда сіздің үлкен болып көрген-білгеніңіз қайда? Мен жұрттың бәрін мінеуден алға жан салмайтындардан қорқамын. Өздеріңіз кімнің айдарынан жел естіріп, қарық қылып едіңіздер? Сіздердің жүректеріңіз қатып қалған сияқты болып көрінеді маған кейде. Әлі біздің Сәулешіміздің қандай шыңға шығатынын көресіңдер тірі болсаңдар! Менің балаларымның алдында талабы мен талғамы биік, аңқылдаған ақ көңілі бар, жаны әсемдікке құмар, адамның қадірін білетін, қазақтың жақсылығымен сусындаған осындай әпкесі бар болғанының өзі қандай өнеге екенін сіз түсіне алмайсыз ғой, байғұс жеңеше-ау! Осы қыз бізді пұшпаққа жеткізеді деп жақсылықты ішкі есеппен жасап жатқан жоқпыз. Көңілі жарым баладан ертең жартыкеш адам шығады, оның жанында ешкім көктеп-көгермейді. Ол бір жақта жылап жүргенде, мұндағы біз жетісе қояр ма екенбіз. Сәуле жайқалып, жақсы болып өсіп, бағы ашылып, айы оңынан туса, артындағы іні-сіңілерін серпіндіріп, алға ұмтылдырады. Сөйтіп, әкеден жалғыз ұл болып, жаны жадағайланып жүрген Ыбырайымның әулеті өсіп-өніп әлі бәріңізге үлгі, тірек болар. Осыны ағайындар естісін, енді жымысқы пыш-пыш әңгімені доғарсын деп әдейі айтып тұрмын, абысын, келіндерім, мұны естеріңізде сақтағайсыздар!» – деп Нәзен Жұпар абысынының ауызын аша алмастай етіп тойтарыс беріп, басқа да сырттарынан сөз сапырып жүргендерге сес көрсеткенін, Сәуле біраз жылдар өткен соң ғана туысқан бір жеңгесінен естіді.

Әрбір келгенінде Нәзен мамасы Сәулені ауданның тауар қоймасында істейтін құрбы әйеліне ертіп барып, қалаған

киімін алып береді. Мәскеуде оның дүкен аралауға уақыты да жоқ және ығы-жығы адамнан шаршап кетеді. Ол өзі кішкентайынан сәнді киінуге әуес болып өсті. Дарқан атасы өзінің зейнетақысына Сәулені қуыршақтай әдемі етіп киіндіретін. Бір рет үшінші класта оқып жүргенде атасы аюдың терісінен тігілген ешкімде жоқ қара ішік, оған қоса калошымен әппақ пима сатып алып берген. Мектепке алғашқы күні киіп барғанда-ақ балалар оны шалшыққа құлатып, әппақ пимасы балшыққа батып, қара ішігі сатал-сатал болып, Сәуле үйге бақырып келген. Атасы мектепке барып, Наталья Александровна дейтін жас мұғалім апайына қызын әбден тапсырғаннан кейін, ол балалардан Сәулені қорғап жүретін.

1974 жылы Сәуле сәбилі болған, сол тұңғыш немересін Ханша апасы үш жасқа келгенше, 1977 жылы өзі о дүниеге аттанғанша бағып-қақты. Осы Айдос атты ұлдары бір жасқа келгенде бұлар екеуі де институттарын бітірген. Алтынбай сол қалада аспирантураға түскен соң, Сәуле Мәскеудің бір жоғары оқу орнында ұстаздық етті. Жазда демалысқа шығысымен, Сәуле поездан алдымен Тереңөзекке түседі, онда біраз апасының, бауырларының және Айдосының жанында болып, сосын Ыбырайым мен Нәзенге жетеді. Келгеніне бір апта өткен соң, көңілі орнына түсіп, ол баяғы әдетінше Нәзен мамасымен Жаңақорғанның шағын универмагын бір аралап келмесе көңілі көншімейтін. Бірде Нәзен мамасы Ыбырайымды көндіріп, Сәулеге универмагтан соңғы үлгімен тігілген Бельгияның ақшыл сұр, белінде қайыс белдігі бар ішігін алып берген. Бірге істейтін талай қызметтестері соған қызығып, Қазақстанның бір түкпіріндегі ауыл дүкенінде осындай шетелдің, Мәскеуден табыла қоймайтын, керемет заты болатынына таңданған еді.

Тереңөзектегі, Жаңақорғандағы, қайынжұрты тұратын Шымкент облысының Түлкібас ауданындағы кітап дүкендері мен кітапханаларға барғанда жолдасы Алтынбай екеуі Мәскеуден таба алмай жүрген небір шетел әдебиеті майталмандарының шығармаларын алып бақытқа кенелетін. Ешкім мазаларын алмайтын Ыбырайым мен Нәзеннің кең үйінде олар бастарын көтермей, рақатқа батып оқып жататын. Кешкісін жұмыстан келген Ыбырайым бір бөлмеге кіріп алып, кітапқа үңіліп жатқан екеуінің жанынан әрлі-бері өтіп, тыпыршып жүріп алады, сосын жәймен жөткіріniп қояды, ақыры ешқайсысы көңіл аудармаған соң: «Алтынбай, тамақ

дайын болып қалыпты, бір партия ойнап тастамаймыз ба?» – деп қолқа салады. Балалары келгелі өзінің әлі мауқын басып бір әңгімелесе алмай жүргенін білдіргісі келмей, шахмат тақтасын әкелдіріп, екеуі ойынға кірісіп кетеді, Сәуле де оқуын доғарады. Дастарқан басында балалардың ортасында әңгіме қызып, бәрінің көңілдері шалқып, әзілдесіп, ойнап-күліп отырған сол сәттер есіне түскенде әлі күнге дейін Сәуленің іші-бауыры елжіреп қоя береді. Ол қайталанбас телегей сезімдердің бір-бірімен тоғысып, асып-тасқан кездері екен ғой.

Ыбырайым Алтынбай мен Сәулені сөзге тартып, Сократ, Аристотель, Платон сияқты көне грек философтарынан немесе тарихи белгілі тұлғалардың айтып кеткен ойларын сөзге тиек етіп, содан біраз әңгіме өрбітетін. Бірде ол: «Мен Алматыда сот қызметкерлерін дайындайтын институтта, одан кейін Жоғары партия мектебінде жүргенімде философияны оқып, өзімше біраз іздендім. Сонда олардың көбісінің, мысалы, Платонның дене мен жан туралы айтқан ойлары мен біздің қазақ дүниетанымының қабысып жатқаны жайында ойландым. Платон: «Жан денеге қонбас бұрын-ақ ертеден жинақтаған білімімен, тәжірибесімен келеді, бірақ аспаннан жерге түскенше біразын ұмытып қалады. Сондықтан, ол мына өмірде сол жоғалтқанын қайтадан іздеумен болады. Жанның екі бастауы бар: біріншісі – саналылық, екіншісі – тәннің құлына айналдыратын құмарлық. Адамның бүкіл өмірінің мән-мағынасы, тағдыры жанның сол екі бастауының қайсысының жеңуіне байланысты», – деп ол саналылықтың ешқандай білім арқылы немесе дененің он екі мүшесінің сезінуімен келмейтінін, Жаратушыдан оның әрбір жанға мөлшермен берілетіндігін айтқан екен. Ал, Аристотель: «Ештеңені сезе алмаған пенде, ешнәрсеге түсінбейді. Адам ақылмен болжап, талабын түйсігімен көз алдына келтіре алуы керек», – деген екен. Гректің біздің заманға дейін өмір сүрген осы ұлы данышпандарынан біздің би, шешендеріміздің қайсысы кем. Мысалы, Бөлтірік деген кісі өзі шешен, әрі батыр екен. Ол XIX ғасырдың ортасында Жамбыл облысының Шу ауданының Талас өзенінің бойында өмір сүріпті. Оның даналығына ақындар, сұлтандар, хандар да тәнті болған. Сол Бөлтірік айтыпты деген мына сөздерді ертеректе ақсақалдардан естіген едім:

Ақылсыз адым баспайсың,
Ақылыңа сай талабың болмаса,
Жалғыз ақылмен алысқа аспайсың.

және:

Дүниеде азбайтын байлық біреу, ол – ақыл,
Дүниеде ердің басына қонатын бақ біреу – ол ақыл, –

деген екен. Ал, осындай даналарымыз қаншама! Жырауларымыздың әрбір жырында қандай Рух пен тағылым бар екенін басқа халықтар білсе ғой, таңғалып бізге бастарын иер еді. Қазақтың мақал-мәтелдерінің өзі ешбір халықта жоқ дала фәлсафасы ғой, шіркін! Жаратушы біздің халқымызға сананы аямай берген екен. Мынадай кеңістікте, жер мен көктің арасында жортып жүрген қазекең болмыстың да, өмірдің де мәнін басқалардан көбірек ұқса керек. Осындай жан-дүниесіне, санасына Құдіреттен көбірек үлес тиген халық көбейіп кетсе, билеп-төстеп кетер деп кейбіреулер бізді азайтуға бар мүмкіндігін пайдаланып, аямай кіріскен ғой...» – деп Ыбырайым күрсініп алды да, сәл үнсіз отырып шәйін ішті. Алтынбай мен Сәуле оның осылай шешіле сөйлегеніне таңырқап қалды, өйткені мұндай ойлар Кеңес дәуірінде Ыбырайымдай партия-совет қызметкерлерінің аузынан шықпауы керек еді. Бұл әңгіме 1979 жылы болған. Жалпы, Ыбырайым әкесі өзінің шыққан тегі жайында көп айтпайтын. Сәуле де бауырлары да Нәзен мамасының аузынан естігені – Ыбырайымның атасы Аппақ (бұл өзінің шын аты емес көрінеді, ол кісі қараторы болғандықтан, келіндері осылай атаған, ал анық есімін ешкім білмейді). Ол Орал өңірінде туып-өскен, шыққан тегі Кіші жүздің Жетіруының ішіндегі Телеуінен. Басқа мәлімет жоқ.

Сәуле жасы ұлғайған сайын балалары мен немерелерінің еркіндік алған туған елі бар болғанына шүкіршілік етеді. «Тіпті, аталарымыздың аты-жөнін де білгізбей, өткенімізді санамыздан өшіріп, басқаның тарихын жадымызға құйып, өзіміздікінен жирендіріп, осындай күйге жеткізген қитұрқы саясатты қандай жауыз жасады екен», – деп халқының басынан кешірген сонау зор-зобалаң заманын ойлағанда, Сәуле күйініп, өз-өзіне сыймай, сұрқия зұлымдықтың, арам пиғылдың құрбаны болған жұртын аяп, қазіргі елінің алған тәуелсіздігіне енді ешкім қол сұқпаса екен деп Құдайға жалбарынады.

Аппақ ата жүрегінің түгі бар, батыр кісі екен. Кенесары Қасымовтың көтерілісі кезінде оның жасағында мыңбасы болса керек. Қырғыздармен болған соңғы шайқаста, тұтқынға түскен Кенесары ханды құтқара алмай, оның қазасын естіп, бұл кісі біраз сарбаздарымен кейін қайтады. Жолда Жаңақорғанның манаптары оған жер мен мал беріп, үйлендіріп, еліне жібермейді, олар ол жаққа барса, батырдың басына қауіп төнуі мүмкін деп ойлаған шығар. Сыр елінде Аппақтың беделі зор болған деседі жұрт. Ауырған баланы қолымен сипап өтсе, ол жазылып кетеді екен. Бір жылдары елде қуаңшылық болыпты. Жастайынан егіндіктің сырын біліп өскен Аппақтың егіні бітік шығыпты. Жұрт қолындағы малын бидай, тарыға айырбастап, содан ол кісі байып кетіпті. Кейін сол байлығын он шақты ұлдың ең кенжесі Исабай, Ыбырайымның әкесі, шашып, қай жерде, жүйрік ат көрсе, соған айырбастап, көкпарлатып жүріп, құртқан екен. Кеңес өкіметі оның бар малы мен мүлікін кәмпескелеп, Исабайды түрмеге жауып тастапты. Ол кісі онан қашып шығып, Ташкент жақты паналайды. Жаңақорғанның жанындағы қазіргі 26-айрықта, бұрынғы Аппақтың тұрағында Исабайдың үш әйелінен туған қыздары мен Ыбырайым мен ағасы Смайыл және Аппақтың басқа ұлдарынан тараған ұрпақтары өсіпті.

Ыбырайым жастайынан өжет те алғыр екен. Әкесінен ерте айырылған екі ұлы мен қызын «байдың баласы» деп қудаламасын деп анасы Ташкент жаққа әкесіне алып кетеді. Ол кісілер Ыбырайым он алтыға келгенде екеуі де бірінен соң бірі сол жақта көз жұмады. Ұлы Отан соғысы басталардың алдында Смайыл мен Ыбырайым Ташкенттің Орта Азия әскери училищесіне түсіп, екеуі де аға лейтенант шенінде 1941 жылы майданға аттанады. Смайыл 1943 жылы қаза болады. Ыбырайым рота басқарып жүріп, Сталинград түбінде оққа ұшырайды. Басынан, сол қолынан жарақат алған ол төрт саусағын кестіріп, елге 1944 жылы оралады. Міне, Нәзен мамасынан әкесінің өмірбаяны жайында Сәуленің бар білгені осы. Ол кісі балаларына өзінің басынан кешкендерінен көп әңгіме айтпайтын. Мүмкін, сол кездегі кеңес жүйесінің тегеурінді темір құрсауының жаншып жіберетінін білетіндіктен, әбден сескеніп қалғандықтан болар. Тіпті, әкесінің қандай командир болғаны жайында, Сәуле ол қайтыс болғаннан кейін, оның бір майдандасы-

нан естіген еді. Соғысқа кірерде Ыбырайым бала-шағасы бар жасы үлкендеу жауынгерлерге: «Сіздердің арттарыңызда балаларыңыз бар, мерт болсаңыздар олар жетім қалады, не көрсек те біз көрейік, алға, жігіттер, ел үшін!» – деп бораған оққа қарсы өзі бастап, жастарды алып шығып, ересектерді окопта қалдырады екен.

Кейін өзі де орта жасты алқымдаған Сәуле бауырларымен бірге елге барып, туған-туыстары мен әке-шешесінің көзін көргендердің басын қосып, әруақтардың рухына Құран оқытып, оларды жиі еске алатын. Сондайда әкесінің құрдастары Ыбырайымды сағына, кейбіреуі көз жасына ие бола алмай, «Ыбекең асыл еді ғой, ондайлар дүниеге екі келмейді», – деп тебірене бастарын шайқап отыратын. Мұндай сәттерде әкесінің мына жарық дүниеге ізгілік шуағын төгіп, жүректерге жол салып кеткеніне риза болған Сәуленің көкірегін мақтаныш пен қуаныш сезімі кернейтін.

Ыбырайым, көбінесе, қарапайым, жүрегі таза адамдармен достасып, олардан қамқорлығын аямайтын. Шералы деген досы бар еді. Ол кісі мылқау болғанымен, өзі де, үрім-бұтағы да өте көрікті, ақылды, пысық, іскер, жандары жайсаң, адамгерішіліктері мол болатын. Сол Шералы Ыбырайым досына жан-тәнімен берілгендігі сонша, «Сәулеңді менің үлкен ұлыма бер, құда болайық, туысайық»,– деп қолқа салып қоймайды. Сәуле ол кезде педучилищені бітіріп, Қызылорда қалалық комсомол комитетінде нұсқаушы болып істеп жүрген. Бірде, ол екі күн демалыста үйдегілерді сағынып, ауылға жетсе, Шералы Сәулемен таныстыру үшін үлкен ұлын ертіп келіпті. Ұлы Шымкентте Технологиялық институтта оқиды екен. Өзі еңселі де сымбатты жігіт. Ыбырайым мен Нәзен ыңғайсызданып, екеуі де жымың қағып, Сәулеге ештеңе айта алмайды. Шералы Сәулеге бірнәрсені ымдап жатыр. Ол бір кезде ұлы мен Сәуленің қолдарын қосып қысқанда, Сәуле мән-жайды түсініп, есіктен атып шыққан. Оның ойында ол кезде оқуды жалғастырудан басқа ештеңе жоқ еді. Кейін, әкесі Сәулеге: «Қызым, Шералы көңіл қимас дос болғандықтан, көңіліне қарап, мен оған қарсы уәж айта алмадым. Мұндай жүрегі таза жандардың намысына тиіп, ренжітіп алмауға тырысу керек. Енді өзің тойтарыс бердің, ол түсінді, өкпелемейді», – деп Ыбырайым қызын, арқасынан қаққан. Ыбырайым қайтыс болғанда сол Шералы булығып, үнін шығара алмай,

ішінен ышқынып жылағанда, жұрт оған қосыла боздаған еді.

Ыбырайым өзі әкеден жалғыз ұл болған соң, Нәзеніне: «Қазаққа бала көптік қылмайды, үрім-бұтағымыз өсіп-өнсін, Құдай бергенінен жазбасын, аман болсақ, асыраймыз да, оқытамыз да, олардың үйлі-жайлы болғанын көріп, немерелердің ортасында үбірлі-шүбірлі болып жүру – нағыз бақыт қой. Әке-шешелеріміз сондай өмірге жете алмай кетті. Сен туа бер, мен асырай берейін, ақ Нәзен», – деп жарын еркелете сөйлеп, балалардың көзінше екеуі мәз-мәйрам болып отыратын. Үй-іші қонақтан босамайтын еді. Емізулі баласы бар Нәзен ас әзірлеп, шәй қайнатып жүріп, шаршап кеткен кездерінде: «Осы үйдің шаруасы бітпейді, баяғы қыз күнімде педучилищеден кейін аудандық комсомол комитетінде істеп жүрген жұмысымды жалғастыра бергенімде ғой, қазір әп-әжептеуір қызметте жүрер едім», – деп ол кейде көмектесіп жүрген үлкен балаларына шағымданып, біраз тулап алатын. Анасынан Нәзен ертерек айырылған екен. Оның әкесі Рәш кезінде мұғалім болған. Ол ұзын бойлы, арықша келген, қараторы, сопақша жұқа бетіне қыр мұрны жарасқан, көп сөйлемейтін, мінезі жұмсақ, өте мәдениетті жан еді.

Нәзеннің іні-сіңлілері де отбастарымен апасы мен жездесінің үйіне келіп-кетіп тұратын. Ыбырайымның өзінің апалары, жезде, жиендері, ағайын-туыстары, құда-жекжаттары, қызметтестері, жора-жолдастары бірінің үстіне бірі қонақтап келетін бұл үлкен шаңырақтың қожайындары бір күн ешкім келмей қалса, кәдімгідей елегізіп отыратын. Ауладағы ас үйдегі үлкен қара қазан ешқашан құрғамайтын еді. Өздері немере сүйіп, үлкен әже болған әпкелері де Ыбырайымды пана тұтып, сағынып, келіп аунап-қунап, Нәзеннің сый-сияпатын көріп, інісінің «апа, қалайсыз, ешкім сізді ренжітіп жүрген жоқ па?» – деп еркелетіп, әзілдеп, құшақтап, арқаларынан қағып, мейірлене айтқан бір ауыз сөзіне төбелері көкке жеткендей мәз болып, ауылдарына қайтатын. Ыбырайымның туысқан апасын алған Мақан деген кісіні алғаш көргенде, Сәуле оның түрінен сескеніп жүрді. Бір көзінің үстінгі қабағы сыртына қарай түріліп, адамға қарағанда қорқыныштылау көрінетін бұл кісі екі соғысты басынан өткерген екен. Соңғысында, Құдай сақтап, оқ көзінің үстін ғана жырып өтіпті. Пайым-

парасаты биік, ел басқарып, кезінде Кеңес Одағының Жоғарғы Советінің депутаттығына екі мәрте сайланған, жұрттың бәріне жүрегі елжіреп, әрдайым күлімсіреп жүретін Махан атаны Ыбырайымның үй-ші тегіс жақсы көреді. Демалыс күндері Ыбырайым «Талап» атты совхоздан келетін сол жездесін асыға күтетін. Екеуі күні-түн әңгімелесуден жалықпайтын. Олардың бір-біріне айтатындары таусылмайтын сияқты еді-ау. Бір бөтелке арақты ермек қылып, олар алдымен көңілдерінің шерін тарқатып алады. Содан кейін Ыбырайым ән салуға кіріседі. «Көшкенде жылқы айдаймын дала-а-а-ме-е-е-нен, ауылыңа барушы едім-ай шана-а-а-ме-е-нен» деп кеп «Аридаш-ай»-лап шырқап болған соң, басқа халық әндеріне көшеді. Сосын үлкен ұлы Шағанбекті шақырып, оған өзіне арнайы сатып алып берген аккордеонын тартқызады. Сөйтіп, сезімі селдетіп кеткенде Ыбырайым, шаршаса да күйеуі мен Махан атаның жағдайын жасап, дастарқанын жайып, ыстық тағамын әкеліп, түннің бір уағына дейін самаурынның жанында шәй құйып отырған әйеліне, көзінің қиығымен қиыла қарап қойып, қалың көрпеше үстінде, жастыққа жантайып жатып: «Алтын айдай ақ Нәзенім жанымда, жүріп келем өзен бойын жағалай» деп Шәмші композитордың әніне салып шырқай бастайды, сосын Мақан ата: «Өй, Ыбекең кәттә әнші екен, ә!», – деп тамсанған болып, елітіп мойнын созып, оны қоштап қояды. Олар осылай серпіліп, бір жасап қалатынының Сәуле бірнеше рет куәсі болған .

Шағанбек Нәзен мен Ыбырайымның Құдайдан тілеп алған тұңғышы болғандықтан, оны ешкім бетінен қақпай өсіргендіктен, әбден ерке. Сәуледен ол төрт жас кіші. Кішкентайынан қолды-аяқта тұрмайтын ол шапшаң да шалт қимылдайтын, өзі өте алғыр, әсіресе, математика пәніне құмар бала болып өсті. Мектеп бітірісімен, Мәскеудің Мемлекеттік Университетінің механика факультетіне түскен ол кейін Алматыға Қазақ Мемлекеттік Университетіне ауысып, үйленіп, сонда аспирантура бітірген. Осы Шағанбекке Ыбырайым аккордеонды он жасынан тартқызды. Әкесі оған қонақтардың әңгімелерін құлақ қойғызып тыңдатқызып, арасында айтылған әндеріне аккордеонымен сүйемелдеткізетін де, соны өзі бір қызық көріп, баласының өнерге деген талабына қуанатын.

Жастайынан жетімдіктің ызғары бойын қарып, қан

кешіп, талай қиыншылықты бастан өткерсе де, салы суға кетіп, иіні түспеген, өзінің еті тірілігімен тағдырдың ауыр соққыларына төтеп беріп жүрген Ыбырайымның өмірге налығанын ешкім көрмеген. Айналасындағыларды қайраттандырып, шапағатқа бөлеп жүрген әкесін, ең сүйікті Нұрлан атты ұлының басына түскен ауыртпалық, бір сәтте теңселтіп жіберген еді.

Шуағын жан-жағына шашып, жақындарын мейірімдеріне бөлеп, шарапатын ешкімнен аямаған шаңыраққа көз тиді ме, кім білсін, 1980 жылғы мамыр айы Ыбырайым мен Нәзеннің отбасы үшін оңынан тумады. Мәскеуде Әдебиет институтының төртінші курсында оқып жүрген Нұрлан ұлын сағынып, қояр да қоймай, мамыр мерекесіне әкесі шақыртып алған. Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай, Ыбырайымға ардагер ретінде жергілікті әкімшілік «Жигули» жеңіл автокөлігін сыйға тартқан екен, сол қуанышын бөліскісі келіп, ол жан-жақтағы балаларының бәрін шақырады. Сәуле қызметтен шыға алмайды, Алтынбай кандидаттығымен әлек, екеуінің де елге баруға мүмкіндіктері болмайды. Нұрлан оқуынан бір аптаға сұранып, ауылға келеді. Туған-туысқандарын, жақындарын, Алматының жоғары оқу орындарында оқып жүрген Шағанбек, Алмас, Жалғас, Ғанибек атты ұлдарын жинап, алған машинасын сылтауратып, бәрінің басын қосып, Ыбырайым мен Нәзен берекелі дастарқанының басында айтылған ақ тілектер мен ыстық лебіздерге жандары жайқалып, көңілдері жарқырап, бір жасап қалады.

Осыдан екі күн өткеннен кейін Ыбырайым балаларымен Шиелідегі ағайындарына қыдырып барғылары келіп, үйде машина жүргізетін ешкім болмаған соң, көршінің жасы он тоғыздағы, жүк машина айдап жүрген ұлына қолқа салады. Ол келісіп, таңертең Ыбырайым, Шағанбек, Нұрлан, Алмас төртеуі су жаңа көлікке мінеді. Шопыр жігіт зуылдата жөнеледі. Жаңақорғанның сыртындағы үлкен жолмен ағытып келе жатқанда, асфальттің ойпаң жеріне түсіп, машина трассадан ұшып кетіп, бір жағына аударылады.

Бәрінің жаны аман қалады. Бірақ Нұрланның бел омыртқасы шығып кеткен. Ауыл дәрігерлері жұлынды босата алмай бірнеше күн әуре болады, сосын Нұрланды Қызылордаға вертолетпен жеткізеді. Ол жақтан ешқандай нәтиже болмаған соң, Ыбырайым баласын Қарағандының омыртқа

ауруларын емдейтін орталық клиникасына самолетпен алып ұшады. Сол жерде бірнеше операция жасатқызып, Нұрлан бір жылға дейін жатып, екі аяғы жансызданған күйі, арбаға таңылады.

Ыбырайым мен Нəзен бұл қасіреттен теңселіп кетті. Көз алдарында жиырма төрт жасар, бойы сырықтай, сымбатты Нұрланның сұлап жатқанын көру əке-шешесі мен бауырларына азаптың азабы болды. Осы ұлын əке-шешесі ерекше жақсы көріп, «басқаларынан Нұрлан өзі бір төбе» деп оған үлкен үміт артатын. Ол өзі жаны нəзік, сыршыл, бала болып ойнаудың орнына мамасына көмектесіп, сосын екеуі жарыса кітап оқып, онан алған əсерімен бір-бірімен бөлісіп, жан-жағына талғампаздықпен, байыппен қарап өсті. Кішкентайынан жыр жазып, аудандық газетке басылып, əпкесі оқып жүрген Мəскеудегі Əдебиет институтына түсуді армандап, Сəуледен қандай кітап оқу керек екенін біліп, көп ізденетін. Сол арманына жетіп, оқуға түсіп, төртінші курста жүргенінде мынадай қиын жағдайға ұшырап, Нұрлан жүре алмай қалғанда, төңірегінде оған жаны ашып, егілмеген жан қалмады. Сəуле мен Алтынбек бұл ауыр жағдайды ести салысымен, Мəскеуден Қызылордаға самолетпен ұшып, поезбен Жаңақорғанға жеткен. Əкесі мен шешесінің азғантай күннің ішінде ағарып кеткен шаштарын, шарасыздықтан жəутеңдеген жанарларын көріп Сəуленің іші удай ашып, оларды құшақтап жылай берген. Қандай мəселе болса да өзі шешіп, жұртты аузына қаратып жүрген əкесінің, сондағы: «Талай қиын өткелдерден өтіп едім, бала бауыр етің екен ғой. Сəулеш, бір амалын тауып, Нұрланды бұл жағдайдан құтқаруымыз керек, не істейміз, ойланшы», – деп абдырап, көзі жыпылықтап, дəрменсіз тұрған кейпін көргенде Сəуле, əкесін аяп, жаны шырқырап, қалай көмектесерін білмей, санасы шарқ ұрып, аласапыран күй кешті. Нəзен мамасы іштей қаусап жүрсе де, балалары мен күйеуін күйретіп алмау үшін, өзін-өзі ұстап, сабыр сақтаумен, жатып қалмауға тырысып, үй-шаруасымен əйтеуір қимылдап жүр. Болған жағдайды естіп, жанашырлық білдіріп ағайын мен жақындар келеді, бəрі де қалай көмектесерін білмей, қауқарсыздықтан иіндері түсіп шығып кетеді. Кейін барлық мүмкіндікті пайдаланып, Ыбырайым мен Сəуле екі жақта жүріп, Алматы, Мəскеудегі клиникалардағы профессорларға рентген көрсеткішін апарғанда олардың бəрі де Нұрланға

операция кеш жасалғанын, енді аяққа тұрғызып жіберуге ешкім кепілдік бере алмайтынын алға тартты.

Уайым мен үміт арбасқан күндер айларға ұласып өтіп жатты. Ыбырайымның отбасына түскен бұл ауыр соққы болды. Қарағандыда жатқан Нұрланға үй-ішіндегілердің бәрі кезекпен барып қарайды. Нұрлан жақындарын күйретіп алмайын деп өзінің жанының қиналғанын ешкімге көрсеткен емес. Аурухананың биік кереуетіне таңылып, шалқасынан қимылсыз жатқан ол бәріне жайдарлылық танытып, баяғы аман-сау қалпындағыдай әңгімелесіп, келгендерді жылы шыраймен қарсы алып жатқан оған қарап, көңіл сұрап келгендердің өздері жігерленіп қалатын еді.

Нұрланның сүйікті қызы, Мәскеудегі Әдебиет институтының бірінші курсында оқитын тувалық Ленаға Нұрлан айтпа деген соң, Сәуле кездеспеуге тырысып жүрген еді. Нұрлан ауырып қалды деп естіген Лена, екі ай хабар ала алмаған соң, жаны жай таппай, Сәуленің жұмыс істейтін жеріне іздеп келген. Ленаның секемденіп, үрейленген түріне қарап, Сәуле онан ештеңені жасыра алмай, Нұрланның ауыр жарақат алғанын жеткізген. Сонда өрімдей жап-жас қыздың ышқына ернін тістеп алып, шағын денесі бір орында қатып қалғандай қалшиып, қысық көздері шарасынан шығып кете жаздап тұрған кейпін көріп, Сәуле шошып кетті де, оны сырттағы тасалау жерге қолтықтап алып барып ағаш орындыққа отырғызды. Сол маңда жүрген бір студенттерге су әкелдіріп ішкізген соң ғана ол әрең өз-өзіне келді. Осы сәтте Сәуле бұл қыз үшін Нұрланның қандай қымбат жан екенін бүкіл болмысымен сезіп, оны аяп кетті, сосын оған Нұрлан жатқан Қарағандыдағы клиниканың мекен-жайын айтқан еді.

Бұдан кейін Лена көп кешікпей, жазғы емтихандарын жеделдетіп тапсырып, Қарағандыға ұшқан. Нұрланның қапаста қалған ауыр халін өз көзімен көрген оның жаны шырқырап, жүрегі ыршып түседі. Сөйтіп сүйіктісіне өзі қарауға бекініп, оған сүйеу болып, азабын жеңілдетіп, күтім жасау үшін Лена институттың басшылығына хабарласып, сырттай оқуға ауысады. Енді оның өзіне қымбат жанның өмірі үшін жанталасқан ауруханадағы жарты жылдық дамылсыз күресі басталады. Ешбір медбикеге сенбей, ол Нұрланның жағдайын жасап, түні бойы көз ілмейді.

Сүйіктісінің әрбір қимылын қадағалап, оның кереуетінің жанында күндіз қалғып-мүлгіп отырған Ленаға палатадағы мүгедектік хал кешіп жатқандардың кейбіреулері кейде қышқыра айқайлап жіберетін: «Бізге қарайтын ешкім жоқ, қатындарымыз келуді қойған, сен мұнда әдейі біздің ішімізді күйдіру үшін жүрсің бе, жоғал, көзімізге күйік болмай, кет!» – деп қызғаныш пен күйіктен жарыла жаздап бақырғандарын оған естіп жүру де оңай болған жоқ. Олардың жанайқайын жүрегімен ұққан Лена мұндайда үнсіз палатадан шығып, көзінен ыршыған жасты дәліздегі жуынатын бөлмеге барып, ешкімге білдірмей шайып тастап, шамалыдан кейін, қайтадан Нұрланның жанына баратын. Бәрі тынышталып, өз-өздеріне келген соң, көбінесе, жасы елулерден асқан, бір аяғы кесілген Коля ағай, жанындағылардың дөрекіліктері үшін кешірім сұрайды, басқалары үнсіз жатады. Сосын Лена бәріне ауылдан келген өрік, мейіз, тәттілерімен шай береді. Басқа салған соң амал бар ма, осылай Нұрлан мен Лененың төзімі мен жігерін, махаббаттарының беріктігін сынап, Ыбырайым мен Нәзеннің отбасын сабылтқан Қарағанды клиникасындағы жарты жыл өтті.

Операция жасалып, омыртқа орнына келгенмен, жұлынға тиген зақымнан Нұрлан аяғына тұра алмады.

Нұрлан бауырының шауып жүрген кездердегі түскен суреттеріне қарап отырып, Сәуленің іші қазір әлем-жәлем болады. Міне, мына суретте Волгоградтағы, яғни бұрынғы Сталинградтағы қорғанның үстінде, өзі соғысқан жерлерінде Ыбырайым Нұрланмен тұр. Екі аяғын нық басып, Нұрлан ойлы жанарын алысқа тіккендей. Ал, келесісінде Нұрлан мен әкесі, Шағанбек, Алтынбек, Сәулемен бірге Мәскеудегі Қызыл Алаңның ортасында жүздері бақыттан бал-бұл жанғандай. Тағы біреуінде ол Әдебиет институтының жанында курстастарымен күліп, бойы серейіп, аяғын алшаң басып келе жатыр. Тағдырға дауа бар ма, бірақ адамның бойындағы үміті үзілмейді екен. Нұрланның жақындары да, өзі де оның аяғына тұратынына сенумен, міне, жиырма бес жыл өткізді. Одан бері қаншама жан дүниеден көшті, өмірге жаңа ұрпақ келіп, алмасып, өзгеріп, жаңарып жатқан уақыт көші жалғасуда.

Сәуленің көз алдына Нұрлан мен Ленаны Ыбырайым мен Нәзен некеге отырғызып, ағайын-туыстардың ортасын-

да беташар ырымын жасаған сәті келді. Бәрі көңілді болуға тырысады, бірақ жанарларында мұң, жүректері қуана алмайды. Көз жастарын іркіп, өздерін ұстауға тырысып, дауыстары дірілдеп, жақындар екі жасқа бақ тілейді. Ыбырайым мен Нәзен іштей жылап тұрса да, сырттай күлген болады. Сол кездегі Нұрлан мен Ленаның көңілдерін көтеруге тырысып, олардың жанына қайта-қайта барып, арқаларынан қағып, жанашыр ағайынның айтқан тілегі көктегі Құдайдың құлағына жетер деген үмітпен жәутеңдеп, бастары қалтқұлт еткен әкесі мен мамасын ойлағанда Сәуленің әлі күнге дейін жүрегі сыздап қоя береді.

Сонымен, Лена Нұрланның жары болуды өзі қалап, атыжөніне дейін бұлардың Аппақ атасының есіміне өзгертті. Ыбырайым мен Нәзен он тоғыз жасар балғын қыздың болашағын ойлап, баласының мына халінде оны келін етуге қарсы болған. Әрі жері де, елі де басқа, жат жұрттың баласы, ертең есейе келе өзгеріп, айнып, кетіп қалмас па екен, сонда Нұрланның омыртқасы мен бірге жүрегін де опырып алмаймыз ба, деген ой әкенің жанын мазалай берген. Бірақ Лена Нұрлансыз өзіне өмірдің керегі жоғын айтып ағылтегіл бірнеше күн жылаған соң, Ыбырайым амалсыз көнді. Алдымен, Ыбырайым Ленаны Тува автономиялық республикасының астанасы Қызыл қаласында тұратын анасы және екі әпкесі мен жездерелеріне телефонмен хабарластырып, сосын өзі сөйлесіп, барлық жағдайды жасырмай айтқан. Олар қызынан жағдайды есітіп, біліп отыр екен. Бәрібір Ленаның өз айтқанынан қайтпайтынын, оның жүрек қалауына ешқайсысы да қарсы тұруға шамалары жоқ екенін білдірген олар, енді не көрсе де өз басы көрер деген еді. Кейін, жарты жылдан соң Нұрлан қоларбаға отыруға жараған кезде, Ыбырайым Нәзенді Мәскеу арқылы Қызыл қаласына құдағиының алдынан өтуге жіберген. Ол өте жақсы кісі екен, Нәзен екеуінің көңілі жарасып, бірнеше күннің ішінде ежелгі достардай болып кетіпті. Нәзен жаңа құдаларын өз үйіне қонаққа шақырған еді, жердің шалғайлығынан, әрі ауырып жүргендіктен, Ленаның анасы келе алмады. Кейін бір министр жездесі мен әпкесі Жаңақорғанға арнайы ат басын бұрған. Оларды Ыбырайым мен Нәзен әбден күтіп, туған-туысқандар да қонақ етіп, үйлерінен дәм-татқызып, сый-сияпат көрсеткен болатын. Ленаның келген жерін өз көздерімен көріп, олар сүйсінген,

бірақ Нұрланның жағдайы жандарына батқаны соншалықты, әпкесі жылай-жылай аттанған еді. Осыдан кейін бір жыл өткен соң, Нәзен Ленамен бірге үлкен ұлы Шағанбекті ертіп, Қызылдағы құдағиын жерлеуге барып қайтты. Ол кісі өзі біраздан бері науқас екен, Лenaның тағдырын ойлап байғұс ана көп уайым шекті ме екен, алпысқа бір жыл қалғанда о дүниеге аттанып кетті.

Нұрлан мен Лenaның жағдайын жасап, олардың қасқабағына қарап, көңілдерін аулау Ыбырайым мен Нәзеннің отбасының ең басты тыныс-тіршілігіне айналғанына үш жылға аяқ басқанда, кенет Ыбырайым жүректен құлап түсті, доқтырлар «инфаркт» деген диагнозбен оны әуелі аудандық, сосын облыстық ауруханаларда ұзақ емдеді. Отбасында болған соңғы кездерінде ол Нұрланның жанында болуға тырысатын. Әрлі-берлі үй ішінде қоларбамен жүрген баласына жанары жәудіреп қимай қарап жатқан Ыбырайым әкесі сонда өзінің бұл дүниеден озып бара жатқанын сезген шығар. Соңғы бір ай ішінде оның тынысы жиі тарылып, дем алуы қиындап кеткен еді. Әкесі нашарлап жатқанын естіп, Алматыдағы өзі қызмет істеп жүрген Жазушылар одағынан сұранып, күйеу мен екі баласын ертіп келген Сәулені үзілер сәтінде Ыбырайым қасына шақырып алып: «Сәулеш, Нұрланды былтыр Мәскеуге апарып, оқуын бітірткізіп алғанымыз жақсы болды ғой, шүкір, дипломы бар. Енді Ленаны оқытыңдар, өзің бас-көз болып, сессиясынан қалдырмай, көмектесіңдер. Мен енді сендерге тірек бола алмаспын. Іні-сіңлілеріңнің алдында өздерің барсыңдар, тек Нұрланыма қиын болатын болды-ау... Нәзен де шаршады. Бұл тағдырға дауа жоқ екен. Бала арқылы қысқанын қарашы...», – деп дауысы тарғылданып, жүрегі тағы қысылып, ол әрі қарай сөйлей алмай қалды. Тілінің астына дәрі салған Нәзеннің қолынан ұстауға оның әрең шамасы жетті, сосын қоларбамен жанына жақындаған Нұрланды көзімен аймалап, дәрменсіз басын шайқағандай болды да, қаумалаған балаларына ол бір қарап өтті. Бұдан соң Ыбырайым бірнеше рет ықылық атып барып үнсіз қалғанда, бағанадан бері үрпиісіп, қорыққандарынан үн шығара алмай тұрған балалары мен жиналып қалған жақындары бір сәтте улыған-шулыған болды да қалды. Ешкім оны осылай тез кетеді деп ойлаған жоқ еді. Нәзен де Құдай қосқан қосағымен қоштаса алмай, өкініштен іш-құса

болып, дауыстап өкіріп жылауға балалардың жүрегін ұшырып алудан қорқып, ішінен тынды.

Бұл 1983 жылдың ақпанының жиырмасыншы жұлдызы еді. Қыстың ызғары үш күннің ішінде басылып, Ыбырайымды жерлеген күні көктемгідей аспаннан жерге нұр құйылып, жұқа қар жерге сіңіп, дүние лезде дүр сілкінді. Үй жанындағы Ыбырайым өзі отырғызып, мотормен құдықтан су тартып құйып жүріп сортаңдау жерде өсірген жеміс ағаштары жайқалып бір-екі күнде аппақ гүлге оранып шыққанын көрген жанашырлар: «Ыбекеңнің арты қайырлы болып, ұрпағы көктеп-көгереді екен. Жақсы адам бар ізгілігін өзінен кейінгілерге беріп кетеді, ішітарлар қимай, бұл дүниеде көрген қызығын алып кетуге тырысады. Міне, Ыбырайымның қандай ақ ниетті жан екенін табиғаттың өзі айғақтап, бәрімізге паш етіп тұрған жоқ па!» – деп оның әруағына тағзым етіп, рухы биікте болатынына сенді. Ыбырайымды жерлеген күні ертеңіне Жалғас атты ұлының үйіндегі келін босанып, дүниеге қыз келді, оның есімін Нәзен «Гүлжайна» деп атады.

Ыбырайым дүниеден озғаннан кейін екі айдан соң «Лениншіл жас» республикалық газетінде Лена мен Нұрлан жайында «Махаббат жыры» атты керемет мақала шығып, бүкіл елдің түкпір-түкпірінен оқырмандардың ықыласынтасын білдірген жүрекжарды хаттары ағылып, олардың көбісін редакция жариялап, пікірталас туғызған еді. Сол жылы күзде Нұрланды Қазақстан Жастар одағының Орталық Комитеті қолдап, келешегінен үлкен үміт күттіретін ақын ретінде оған Алматының Жаңа алаңының жанынан екі бөлмелі үй берген. Нұрланнан екі жас кіші Алмас інісінің Меруерт атты қызын Лена бір жасынан бастап бауырына салып, өзінен туғаннан кем қылмай өсірді.

1985 жылы Нәзен Жаңақорғандағы үйді, мәшинаны сатып, Нұрланның жағдайын ойлап, бала-шағасымен Алматыға қоныс аударған. Балаларының бәрі осы үлкен шаһарда үйлі-жайлы, үбірлі-шүбірлі болып, оқуларын бітіріп, қызметтерін істеп жүргеніне шүкіршілік етіп, Нәзен көп ауырмай Ыбырайымнан кейін тоғыз жылдан соң көз жұмды. Сыр бойының кең жазығында туып-өскен ару жанға таулы жердің әсем қыраттарында орналасқан кілең жақсылар мен жайсаңдар жатқан «Кеңсай» зиратынан мәңгілік орын тебуді жазған екен. Аяулы ана бойына да,

ойына да жамандық пен алалықты жұқтырмай, адамгершілігі мен мейірімін ұрпағына өнеге етіп, биязы қалпында дүниеден өтті. Әке-шешесінің есіл дерті болған Нұрлан бүгінде он бес шақты жыр кітабымен жұртын сусындатқан атақты ақын. Тәуелсіз елі оны ардақтап, ақын ұлының жігері мен рухын халқына өнеге етеді. Бауырлары мен халқының ортасында отағасы болып, немере сүйіп отырған Нұрлан өзінің жанында әке-шешесінің рухы жүргенін әрдайым сезеді.

Сәуле өзінің өткен өмір жолдарын ойлап, бүгінде тағдырына риза болады. Балғын шағынан бастап оны мейірім нәрімен сусындатып, бойына жақсылық пен ұлағаттықтың жасыл дәнін еккен жарқын жандардың ішінде Ханша және Ыбырайым мен Нәзен де бар. Олар Сәуленің ғұмырының мәні де әні, қуатты да уытты, нәзік те тәтті, ешқашан шөлі қанбайтын сағынышқа толы жыры!

О дүниеге аттанып кеткен сол аяулы қымбаттыларына: «Жарық дүние тізімінде Сіздер жақсылар мен ұлықтар қатарындасыздар!» – деп, Сәуле оларды пір тұтатынын мына кең әлемге жария еткісі келеді. Ақиқаттың адал жолынан таймаған қасиетті жандар осылай қастерлеуге лайық қой! Олар өздерінің бүкіл шыншыл болмысымен, риясыз өнегесімен, жандарының жарқылымен бұл фәнидің шамшырағындай адасып бара жатқандарға жол сілтеп, жарыққа ұмтылғандарды қанаттандыратыны хақ.

## ЗЫЛИХА

Зылиха – Құдай қосқан қосағы, көңілінің балбұлағы, алғашқы кәусар сезімінің мөлдірі, жүрегінің ләззатқа толы лүпілі – осы Ахметжанына, жиырма жыл отасқанда, бір перзент сыйлай алмай, бармаған дәрігер мен емшісі, баспаған жері қалмаған. Соңғы үш жылдың ішінде ол қатты күйзелісте жүр. Ұлы Отан соғысына аттанып, майданда қаза болған әкесінен жалғыз тұяқ болып қалған Ахметжанды ұрпақсыз қалдыруға қақысы жоқ екеніне көзі жеткен ол, бойындағы пенделікке, қарсылық пен қайшылыққа қарсы тұрып, оқыс та күрделі бір шешімге бел байлаған еді.

Ахметжан мен Зылиха о бастан бірі үшін бірі жаралғандай. Кішкентайынан бірге өскен ол екеуі көршілес

тұрды, өздері түйдей жасты, ойнап-күліп, екі үйдің төсегінде аунап-құнап жүріп, мектеп табалдырығын да бір жылда аттаған. Кейін ғой қыз-жігіт болып бір-бірінен ұялып, қымсынатынды шығарғандары. Әйтпесе, бұрын аудан орталығындағы мектептен үйге жеткенше, Ахметжанның ермегі – Зылиха. Оған бір соқтығысып қалмаса көңілі көншімейтіндей, біресе, шашындағы бантигін тарқатып кетеді, кейде, алжапқышын иығынан түсіреді, немесе қолындағы кітап салған шүберек сөмкесін жұлып ала жөнеледі, сөйтіп, өзі соның қалтасындағы құтыдағы сияны үстіне төгіп алып, сөмкені тастай салып, қаша жөнелетінін қайтерсің. Ал, бөтен балалардың біреуі Зылихаға тиісіп көрсінші, Ахметжан соның қолында өлуге дайын. Ахметжанға қатарларының біреуі жұдырығын тигізбек түгілі, ақиса, ол Зылиханың жауы, сол баланың қыр соңына түсіп алатыны бар. Егіз қозыдай бұлардың осы қылықтарына үлкен-кішінің көздері үйренгені соншалық, кейін мектепті бітірісімен, қыз-жігіт болып екеуі бірге Алматыға оқуға түсуге аттанғанда да жұрт мұнысын ешбір оғаш көрген жоқ.

Ахметжанның анасы Қаламқастың жиырма жасында бас қосқан қосағы Ысқақ соғысқа кеткенде құрсағындағы Ахметжан бес айлық екен. 1941 жылдың желтоқсанында осы ұлы шыр етіп дүние есігін ашқаннан кейін екі жылға жетпей майданнан қара қағаз алған шешесі жалғызын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, әкесі сияқты еңселі етіп өсіруді мақсат тұтқан. Қаламқас өзін айттырғандарға мойнын бұрмайтынын білдіріп, артынан сөз ілестірмеген. Соғыстың салған тауқыметі қос ұлы – Ысқақ пен оның соңынан ерген Мұстападан бірдей айырып көңілдері дал, жүректері шерменде болған ата-енесінің жағдайын жасап, олардың бауырына Ахметжанын салды. Өзі көктем басталысымен, егістіктегі жұмыста, қыста жалғыз сиыры мен үш-төрт ұсақ малына қарап, отын-суын әзірлеп жүріп, Ахметжанының қалай ержетіп қалғанын да байқамай қалғандай. Жалғыз немересі сегізінші класқа барғанда, өкпесіне суық тиіп, көп төсек тартпай, атасы қайтыс болды. Кемпір мен шал Ахметжаны үшін жанын суырып беруге дайын еді. Байбол атасына тартқан, сүйегі ірі, атжақты, бойшаң, қиық қоңыр көздері күлімсіреп, көрген жанды өзіне тартатын, ақсарының әдемісі осы бозбаланы көргендер оның жарқын мінезі мен әдептілігіне қызығатын.

Атасы мен әжесінің еркесі болғанмен, Ахметжан ерте есейді. Ешкім көріп қоймасын деп, өзін оңашада үнсіз аймалап, күрсіне бауырына басып, сүйіп-сүйіп алатын апасының ыстық ынтықтықтығы мен мұңды жүрегін жастайынан ол сезіп өсті. Анасының ешкімге білдірмей жылап, жалғызсырап, түнімен дөңбекшіп шығатынын ол оның қасында ұйықтағансып жатып, бірнеше рет байқағанын суреттегі өрімдей жас әкесіне ойша жеткізуге тырысатын. Оны қалай бақытты ететінін білмей, көңілі шарқ ұратын.

Алматыда өткен студенттік өмірдің думанды да қанатты сол жылдары көктемнің нұры мен сырына, жастық шақтың арнасынан асып-тасып төгілетін көңіл күйіне бөлеп, Ахметжан мен Зылиханың жан дүниесі жарқырап, бір-біріне деген ынтызарлық сезімдерінің арнасы ашыла түскендей. Екеуі де Қазақтың республикалық ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын институтының студенті, айырмашылығы – Ахметжан мал дәрігерлер дайындайтын факультетте, ал Зылиха есепші-экономист мамандығы бойынша оқыды. Институтты ойдағыдай бітіргендерін құрбықұрдастарымен атап өтуге жиналған кеште Ахметжан Зылиханы отты құшағына орап, елжірей, mауқын баса алмай алғаш рет ынтыға сүйген еді. Оның аптаптай ыстық деміне қыз денесі балқи түскен. Курстас бір жігіттің ағайынының тау жақтағы саяжайында болған осы түнде Зылиха мен Ахметжан ер мен әйелге табиғаттың сыйлаған етене бірігу ләззатын татқан. Содан бері құшақтары ажыраған емес. Сол жазда екеуі үйленді. Байбол ақсақал мен Қанткүл шешей өздерінің туғанындай болып кеткен жанашыры да, көз қуанышы Зылихасын қолдарына келін етіп түсіргендеріне Жаратқанға риза болып, жалғыз сиырларын сойып, беташар тойын жасаған. Ертеңіне Байбол атасы мен Қанткүл әжесі Тұрсынжан құдасы мен Әсилә құдағиын, Зылиханың екі ағасы мен қос жеңгесін жақын бірнеше ағайындарымен қосып үйлеріне шақырып, оларға қолда бар сый-сияпатын жасаған.

Ақылына көркі сай, мінезі жібектей есілген, қараторы жүзіндегі қарақаттай көздері ылғи мейірім шуағына толып, жәудіреп тұратын, орта бойлы талдырмаш, пісте мұрын Зылиха келінінің ұстаздар отбасынан шыққанын, инабаты мол, пайым-парасаты жоғары екенін Байбол атасы әрдайым мақтаныш сезіммен айтып отыратын. «Қадірді білер тек

қадірлі» демекші, ол кісі өзі де совхоз орталығында ұсталық етіп, пышақ, балта, аттың ер-сайман,тағаларын жұртқа жасап беретін, сыйлы, бір сыдырғы мінезді, аққөңіл, кең пейілді жан еді.

Ахметжан мен Зылиханың тойынан кейін бір жылдан соң, 1964 жылдың тамыз айында, сексен жасында Байбол атасы дүние салды. Екі жас Тереңөзек ауданының өздері туып-өскен осы «Шіркейлі» совхозына келіп, алған мамандықтары бойынша қызметке орналасқан. Ахметжан совхоздың мал дәрігері болды, Зылиха – ауыл шаруашылығы саласында есепші.

Олар алғашқы жылдары атасының кесек «тоқал» тамында тұрды, бес жыл өткенде өздері әжептәуір кірпіш үй салып, қолдарына Ахметжанның әжесі мен анасын алып тұрып жатқан. Тұрмыстары да түзеліп, қораларына ірі қара мал байланып, үй-ішіне де біраз төсек-мүлік жиналып қалған еді. Бір-біріне әбден бауыр басып кеткен бұл төртеуінің бағы өркендеуіне перзенттің жоқтығы кедергі болып, мұң-шерлері дертке айналды. Жиырма жылдан астам бір-бірінің көңілдеріне қарап, қимастық сезіммен отасқан ерлі-зайыпты екеуінен бір ұрпақ күте-күте көңілдері сарғайып, жүректеріне қаяу түсіп, жалғызы Ахметжанына ұрпақ тілеумен 1970 жылы Қанткүл әжесі жетпіс екі жасында дүние салды. Ал, анасы Қаламқас болса ішінен тынып, ауырса да жатып қалмауға тырысып, ешкімге масыл болмайын деп кеудесінде жаны болған соң, әйтеуір, сүйретіліп жүр.

Зылиханың да көңілі әлем-жәлем. Кейінгі кезде Ахметжанға білдірмей, төсегінен тұрып, балаларға арналып салынған бөлмеге кіріп, есігін жауып алып, түнімен егілтегіл жылайды, Құдайға жалбарынып, бір нәресте сұраумен болады. Бірде таңертең Ахметжан оның білеудей болып ісіп кеткен көздерінің айналасын көріп: «Өй, сен не өзің жылауық болып алғансың ба, қой, Құдайдың бізге де беретін бір жақсылығы бар шығар. Езіле бермесейші. Біздің Зәкең деген мықты ғой, сен жанымда болсаң, бәрі де әлі-ақ болады», – деп ол келіншегін бауырына басып, маңдайынан іскеп, жұбатқан. Сосын өзінің де босаңсып тұрған көңілін көрсетіп алмайын деп жұмысқа асыға шығып кеткен. Зылиха Ахметжанның жүрегінің әрбір дүрсілінен оның көңілкүйін бірден ұғатын. Өзінің ішкі уайым-мұңын жұрттан да,

бұдан да жасырып жүргенін, қырық беске келгенше бір ұрпақ көрмей, әкесінің, ата-бабасының атын жалғастыратын ұлы, құда-жекжатқа жеткізетін қызы, немере, жиендері болмай, бұл өмірден ізсіз, тұяқсыз, көңілге медет тұтар қуаныш, бақсыз өтем бе деген ызғарлы ой күйеуінің көңілін қаязытып жатқанын ол біледі. Оның сырты бүтін болып көрінгенімен, ішінде қанша мұң, күрсініс барын Зылиха бүкіл болмысымен сезеді. Ол енесінің бүкшиіп, көкірегі сырылдап, жасаураған көзін минут сайын қалтасындағы бұл өзі кестелеп тоқып берген бет орамалын алып, сүрткіштеп жүргенін көріп-ақ жанын қоярға жер таппай, кейде өзінің қарасын көрсетпей, басының ауған жағына лағып кеткісі келеді. Бірақ бұл бір сәттік ғана ой ғой. Ахметжанын кімге қиып, тастайды. «Өмірімнің мәні, маңызы мен мағынасы да кішкентайымыздан құшағымыз ажырамай, жүрегіміз бірге лүпілдесіп, тәніме тәні, жаныма жаны қымбат, санамның саңылағында ер-азамат атаулыдан бір өзінің ғана бейнесі жарқырап тұрған жан жарымды бақытты ете алмадым-ау», – деген жебір ойдан Зылиха әбден әбіржіп кетті.

Бір күні Зылиха көптен ойында жүрген, үлкен апа-әжелерден өзі естіген халықтың арасында бар бір үрдісті жанғыртпақ ниетімен енесімен ашық оңаша сөйлесуге бел байлады.

– Апа-ау, біз үшеуміз осылай қашанға дейін қу басымыз қушиып жүре береміз. Сіздердің қамыққандарыңыз менің жаныма батпай жүр дейсіздер ме? Мен бір шешімге келдім, өзіңізбен осы сырымды бөлісейін деп отырмын. Әрине, сіз де, Ахметжан да менің көңіліме қарап, ішкі жараны тырнағыларыңыз келмейтінін жақсы түсінемін, бірақ менің бұл жасағалы отырған әрекетім – ең дұрысы. Енді, тоқ етерін айтсам, мен Ахметжанға тоқал алып беруді ұйғардым. Сіз мақұлдамасаңыз да, Ахметжан басын ала қашса да осы ойымды іске асырамын. Мен үшін күйзелмеңіз, апа... Мен әбден ойланып, жаным талай ышқынып, басқа амал қалмағандықтан, осы шешімге келіп отырмын, Сіздерді сорлатқым келмейді, мен бәріне көнейін, тек... Ахметжан ұрпақсыз қалмасыншы, – деп Зылиха өксіп-өксіп, көзінен ыршып шыққан бірнеше тамшы жасты қолымен сүрте бергенде, Қаламқас бойының дірілін тоқтата алмай, қаусаған саусақтарымен жанындағы көрпешеде тізерлеп әрең отырған келінінің басынан сипап, оны өзіне тартып құшақтады, сосын терең бір күрсініп алды да:

– Қарағым-ай, қайдан білейін, «артық қылам деп тыртық қылма» деген бар ғой, екі әйел бір күйеуді жүнжітіп жібермей ме? Ахметжан, байғұс бала, екі ортада миы ашып, басы қатып, денсаулығынан айырылар. Қызғаныш деген қызылкөз пәле араларыңа от салып, әлекке түсіріп, быт-шыт боларсыңдар. Жастарың болса қырық беске жақындап қалды, ендігі жерде Құдайдың басқа салғанына көніп, аман-есен жүргендеріңе шүкіршілік етіңдер, немесе, бала асырап алыңдар. Өз бауырыңның біреуінен алсаң, ертең бала өскенде жеңгең бәрібір оны өзіне қайтып алып қояды. Қазір жетім қалған балаларды өкімет қолға береді екен. Дұрысы сол шығар, Зылихажан, есің бар еді ғой, ойлан, екі ортада өзің күйіп кетесің ғой, алтыным-ау. Саған қиын болады. Кішкентайыңнан бірге келе жатқан Ахметжаныңды қалай біреуге қия саласың. Ол өз-өзіңе жасаған қиянаттың көкесі емес пе, мұндайға шыдау әр ұрғашының қолынан келе бермейді. Мен өзім азаматымнан жиырма жасымда айырылдым ғой, ерлі-зайыптылықтың да дәмін татып үлгермедік, бірақ менің түсінігімде, өзінің Құдай қосқан қосағын, сүйікті жұбайын біреудің қойнына өз қолымен салып беру у ішкенмен бірдей. Қой, жаным, бәрімізге сол ұрпақтың жоқтығы оңай болып тұрған жоқ, бірақ сенің кейін қан жұтып жүргеніңді көру біз үшін қасірет болар. Ахметжан сен дегенде жүрегін суырып беруге дайын, ол да бұл әрекетіңе көне қоймас. Бұл мәселені осымен доғарайық. Қазір Ахметжан да келіп қалар, кеш болып қалды, сен тамағын әзірле, мен бадаға қосқан анау бес-алты қой, ешкілеріме барайын», – деп енесі Қаламқас Зылихадан бұрын түрегелуге ыңғайланды, келіні оны сүйемелдеп, қолына таяғын алып беріп, екеуі сыртқа шықты.

Бұл әңгімеден кейін Зылиха бірнеше күн ойланып, барлық жағдайды көз алдына елестетіп, түйсігінен өткізіп, өз жүрегінің әмірін, ішкі дауысын ұғуға тырысып, қабырғасымен кеңесіп бірнеше күн жүрді. Бірақ осы шешімінің дұрыс екеніне тағы көзі жетті. «Мен Ахметжанды өлердей сүйемін, демек, оның қанынан жаралған нәрестені де, кімнің қанасынан шықса да, жақсы көре аламын. Ал, алатын әйелді өзім таңдаймын. Анау Қармақшының «Ақжар» ауылында тұратын өзімнің Бейсенбай нағашы ағайымның Күләнда атты қызы отырып қалды, жасы отыз бестер шамасында, өзі туғаннан бір аяғы кеміс, сылтып басады, рең дейтін реңі жоқ, сұңғақ

бойлылығы болмаса. Көп араласпасам да, көрген сайын мені «апалап», алдымнан кесіп өтпей, жылы ұшырап, жағдайымды жасап, құрақ ұшып жүргені, жуас сияқты, айтқанымнан шықпайтын шығар, әрине, адамның ішіне кіре алмайсың, бірақ, басқа біреуге қарағанда, маған бөтен емес қой, жанашырым болар. Сол қызды айттырып көрсем қайтеді? Ағамыз бен жеңгеміз қарсы болмас, өмір-бақи қыз баланың жалғыз өткені ата-анаға оңай ма, аяғының мүкісі бар қыз түгілі, он екі мүшесі сау қыздардың өзі теңін таба алмай, әйелі өлген егде жастағы балалы-шағалы еркектерге де тиіп жатыр. Оның қасында менің өз еркіммен жасап отырған ұсынысымның ешбір оғаштығы жоқ қой. Ахметжандай жігіттің сұңқарының жанында жатып, одан ұрпақ тапқанына әрбір ұрғашы өзін бақытты санар еді, қайтейін, Құдай қанатымды осылай қайырып қойған соң, басқа амалым жоқтығынан, жүрегім қанша қансырап тұрса да, Ахметжанымның тәнін басқа бір ұрғашыға қиюға мәжбүрмін. Басқа қандай жолың бар, Алла, беретінің болса берсейші, жанымды қинай бермей, немесе мені алсайшы, көз жасымды көл қылмай, жүрегімді тілгілей бермей, ақыры бедеу қатын етіп жаратқан екенсің, менің құмырсқа құрлы құным жоқ болған соң, несіне, не үшін тірі жүргізесің, ей, Құдайым?» – деп жаны ышқынған Зылиха ішінен булығып, біреу естіп қоймасын деп, көршілерге «кіріп-шығуға» кеткен енесі келіп қала ма деп, өксіктен дауысы қырылдай, сыбырлап сөйлеп біраз отырды. Есік-терезені жауып алған оған ауа жетпей, жүрегі алқымына тіреліп, тынысы тарылып бара жатқан соң, тәлтіректеп едендегі өзінің анасы мұны ұзатарда осы ауылдың өнерлі қыз-келіншектеріне «Зылиха» деп жоғарғы жағының ортасына жаздырып арнайы тоқытқан, бұрын тұтас бір қабырғаны алып ілініп тұрған, қазір еденге төселген үлкен түкті кілемнің үстіне жайылған енсіз, ұзын көрпешеден көтеріліп, барып Ахметжан екеуінің жататын осы бөлмесінің кішкене екі терезесінің желдеткіштерін, төрт бөлменің бәрінің есіктерін айқара ашып тастады. Жаздың жаңа шыға бастаған кезі, желдеткіштен өзі еккен раушан гүлдері мен кең ауладағы бақшада өсіп тұрған мия шөптерімен қоса биыл еккен қызанақ, картоп, қияр, кішкене әңгелектердің де гүлдегендегі иістері аңқиды. Зылиха терезе желдеткішінің бетіндегі ақ дәкенің кірлеп кеткенін көріп, өзінің де ішкі дүниесі ластанғандай, біртүрлі денесі құлазып

кетті де, дәлізге шығып, бетін құмандағы мұздай сумен шайды да, сүртініп, сосын сыртқа беттеді.

Ауа райы жаймашуақ, күн нұрын байыппен төгіп тұр. Сыр бойының қысы-жазы желігіп шығып, топырақты суырып өтетін әдеттегідей желі де Зылиханың алай-дүлей көңілін қоздатпайын дегендей бүгін тына қалған. Оның қазір қызметке баруға зауқы жоқ, түске дейін біраз жұмысын атқарып тастаған. Сәскеге қарай байыз тауып орнында отыра алмаған соң, ол үйіне келген еді, енді ешқайда барғысы жоқ. Еңсесін көтере алмай, тұлабойын бір зіл басқандай есіктің алдындағы ескі ағаш орындыққа отыра кетті. Көрші-қолаң, туған-туыс, ауыл адамдары, қызметтестері соңғы кезде Ахметжан екеуін бір түрлі мүсіркеп қарайтын сияқты болып көрінеді Зылихаға. «Енді әрмен қарай қалай өмір сүрмек, осылай әркімнің аянышпен қараған көзқарасын көріп, өмірден тұл күйінде екеуі де өтпек пе? Жоқ, ол енді Алладан көмек сұрап, ойына алған амалын жасайды, әйтпесе, ерлі-зайыпты екеуі де өмірін зая кешкен болады». Зылиха осындай шешімге келді.

Осыдан төрт күннен кейін жастайынан бір мектепте, одан Алматыда студенттік дәуренді де жұптары жазылмай өткізген Ерболдың қырық беске келгенін атап өтуге Ахметжан мен Зылиха және бірнеше жолдастары жиналған. Оның келіншегі Шараны дос-жарандары өзара «сары қатын» деп атайды. Ол екі ұл бір қыз туған, өзі шағын, орта бойлы болса да, денесі күмпиіп кеткендіктен, ірі болып көрінетін. «Мені семіз деп ойлайсыңдар ғой, бұл май емес ісік, күйеуімді оқытамын деп жүріп, ауылда салпаңдап, үй шаруасынан бас көтермей, бала туғанда күтініп, бір рақаттанып қалжа жеп, ағыл-тегіл терлеп, денем бусамаған соң, күптей болмай қайтейін, а?»...– деп Шара жолдастарының өзін аяғанын күтіп, бәрінің жүзіне бажырайған қой көзін тоқтата бір қарап, сықылықтап күліп алды. «Болды, ей, елде жалғыз өзіңсің бе байын оқытқан, лепіре бермей мына жұртқа тамағыңды әкелсейші», – деп күйеуі жекіріп тастаған соң, ыңғайсызданғаннан қолын ербеңдете ас бөлмеге шығып кетті.

Ауылдағы қатарлас әйелдердің көбісі сұңғақ бойлы Зылиханың әлі қыздай дене бітіміне, төбесіне көпсітіп түйіп қоятын қалың қара шашына, қараторы жүзіндегі күлімдеген моншақтай қара көздері мен жазық маңдайына, жұп-жұмсақ қолдарына қызыға да қызғана да қарайтын,

бірақ оның басындағы баласыздық тағдырын ойлап, «оның әдемілігінен не пайда, онан да олпы-солпы осы күйімізбен ұрпағымыз аман болсын», – деп тәубе етеді. Ер-азаматтар да, іштей Зылихаға жұтынғанымен, ол Ахметжандай асыл азаматтың жары болғандықтан, бетіне ешқайсысы тіке қарауға бата алмайды.

Бүгін әзіл-қалжыңы жарасқан жолдастарының ортасында Зылиханың көңілі алабұртып, өзі көтеріңкі күйде отыр, құрбыларымен бірге ол да алдындағы қызыл шараптан алып қояды. Соңғы кезде осындай отырыстарда Зылиханың ішетінін көріп, Ахметжан үйде бірнеше рет оған ұрысқан. «Енді қайталанбайды», – деген сөзін берген Зылиха содан кейін шараптан татпай жүрген. Сол уәдесін бұзып отырған әйеліне қарап: «қайтсін енді, ішкі құсадан әбден өзі қалжырап кетті, аздап ішсе, ештеңе етпес, көңілі көтерілер» – деп Ахметжан оны аяп, тежемей отырған. Бір кезде: «Әй, сендер осы не сезіп жүрсіңдер, мен бәріңді жақын арада тойға шақырамын. Біздің үйге келін түседі. Ахметжанға тоқал алып берейін деп жатырмын», – деген Зылиханың жайраңдай сөйлеген дауысы шыққанда, Ахметжанның төбесінен біреу қойып қалғандай, ол бір сәт үнсіз қалды. Жанындағылар абдырап, ауыздарын аша алмай, ыңғайсыз жағдайда отыр. «Оу, мынау бір керемет жаңалық қой, баяғы ата-әжелеріміздің үрдісін қайта жаңғыртқысы келген Зылихажанға мың алғыс! Мына біздің әйелдерімізге де үлгі болсын, сөйтші, Зылихаш!» – деп Ахметжанның құрдасы Жұмағали қостай сөйлегенде, оның әйелі жылан шағып алғандай: «Немене, сендер де бір балаға зар болып отырсыңдар ма», – деп «шәңк» етті. Түнеріп кеткен Ахметжан жанында отырған Зылиханы алғаш рет жұдырығымен арқасынан қойып жіберді де: «Ауызыңды неге жаппайсың, осы сөзді маған естірту үшін әдейі айтып отырсың ба, бейбақ екенсің өзің!» – деп жолдастарының: «кешіріңдер, мына Жұмағалидың аузы сумаңдап қалған қатынының сөзі ғой бұл, біздің ойымызда түк жоқ» дегендеріне де, арақтан сілтеп алған Жұмағалидің әйеліне ақырып, желкесінен ұстап, екінші қолымен басынан түйгіштеп жатқанына да мойын бұрмастан, Ахметжан бойын тіктеп, қайқайған күйі есіктен шығып кетті. Ол артынан ілесе ерген Зылихаға қараған жоқ.

Күйеуінің іштей күңіреніп, намыстан жарыла жаздаған

осы сәтін көріп, қорланған Зылиха үйіне бармай, ауыл сыртына бет бұрды. Күн ұясына батқан, алакеуім кез. Зылиха жалғызаяқ жолға түсіп алып, ауыл шетіне қарай жүріп келеді. Дала тып-тыныш сияқты көрінгенімен, әр жерден шықылықтаған, шаңқылдаған, шиқылдаған, сыртылдаған, қиқылдаған дыбыстар естілгендей болып, Зылиханың бойын үрей билей бастады, бірақ ол жүрісін бәсеңдетпеді. Біраздан кейін Зылиха тоқтап артына қарады, қайда кетіп бара жатыр, не істемекші, оны өзі де білмейді. Алды түн, қорқынышты. «Ахметжан мені іздеп шығып, түнде бір нәрсеге ұрынып қалар, қой, ызаға, ақымақтыққа бой алдырмай, үйге қайтайын», – деп Зылиха кері бұрылды да ауылға қарай аяңдады. Үйге жақындаған сайын жүрегі алабұртып, өзі дірілдеп, Ахметжанның бетіне қалай қараймын деп келеді. «Ахметжан мені іздеп шарқ ұрып ауылды аралап кетті ме екен, әлде, көңілі қалып, үйде бүк түсіп жатыр ма», – деген алакұла ойдан Зылиханың көңілі жабырқап, жаны жарықшақтанғандай. Ауланың кішкене қақпасы айқара ашық, былтыр қосымша салынған сырттағы дәліздің есігінің маңдайшасында ілініп тұрған электр шамы жанбаған. Үйдің терезелері де қап-қараңғы. Әншейінде арсалаңдап алдынан жүгіріп шығатын Ақтөс те көрінбейді. «Ит екеш ит те ойнайтын бала-шаға болмаған соң зерігіп кетеді-ау, соңғы кезде көршілердің ауласына кіргіш болып алған, әр жерден қоректенетінді шығарды, әйтпесе, сол Ақтөсті күшігінен өзім асырап, бойыма үйретіп-ақ едім, міне, «балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар», деген осы да, бізден береке-бақ қашты ғой. Енем де белін жаза алмай, бүкірейіп жүрсе де, тентірегіш болған, біресе, біреулерге ілесіп көрші ауылдағы туған-туысқандарына немесе құрбы-таныстарына барғышақ, әйтеуір, әр нәрсені сылтауратып, сыртта жүрудің амалын табады, қараңғы түскенде енді қайда жүр екен өзі. Мал қорадағы қой-ешкілері жоқ, соған қарағанда оларды тағы да көршілердің біреуінің малының жанына қосып кеткен, Қырғызәлінікіне немесе Айшанікіне апарған шығар. Былтыр бұзаулаған екі сиырды да сатып жібергеніміз жақсы болған екен, оларға кім қарайды, сүтін ішетін балаларымыз кәне... Үйдің есігінде құлпы жоқ, демек, Ахметжан іште». Осындай күңгірт көңілмен, ол дәлізге аяғының ұшымен кірді. Ішке енісімен жарықты жағып, кіреберістегі ауызғы бөлмені шолып шықты, Ахметжанның бүгін ғана қонаққа киіп шыққан,

жуырда Зылиха өзі аудан орталығындағы орталық дүкеннен таныстықпен, бастықсымақтарға жалынып-жалбарынып жүріп сатып алып берген «Цебо» атты Югославияның атақты аяқ киім фирмасынан шыққан жазғы қоңыр туфлиі көрінбейді. Енді ол ас бөлмеге басын сұққан. Ондағы аласа жер-үстелдің үстіндегі гүлді клеенка дастарқан жиюлы, жанындағы кесе-шәйнек, аққұман, шәй қасықтар сол өзі тап-тұйнақтай етіп кетерінде жинап қойған қалпында, үсті кішкене ақ сүлгімен жабулы күйінде тұр. Енесінің бөлмесінде де ешкім жоқ екен, ескі ағаш сандықтың үстіндегі көрпе-төсек қалай болса, солай ретсіз жиылған. «Қайтсін, апамның қалың көрпелерді көтеруге әлі келмейді, ал көмектесетін немересі жоқ» деген жебір ойдан тағы көңілі қобалжыған Зылиха ерлі-зайыпты екеуінің жататын бөлмесінің есігін жәймен ашты, оның көптен майланбаған топсасы сықыр ете қалған. Бөлме іші дәлізден түскен жарықтан алакөлеңкеленді, Зылиха өздерінің үлкен кең темір кереуетінің үстінде қонаққа киіп барған жазғы қоңыр костюм-шалбарын да, аяқ-киімін де шешпестен көзі жұмулы күйінде шалқасынан жатқан күйеуін көріп, шошып кетіп, электр жарығын жаққан. Ахметжан көзін ашты да, теріс қарай аударылды. «Шүкір, аман екенсің ғой, саған бір нәрсе болып қалды ма, деп қорқып кеттім. Мынаған не болды, қараңғыда қайда жүр екен өзі деп сен мені іздемедің де. Менен қадір қашқалы қаша-а-ан, тумаған әйел кімге керек? Жас кезімде ойнап-күліп, тән рақатына бөленуің үшін қажеттігім болған шығар, соңғы кезде, байқаймын екеуміздің арамыз суи бастағандай. Мен көп ойланып-толғанып, өзімді-өзім жегідей жеп, қазір бір шешімге тоқталдым. Бір-ақ рет берілетін өмір ғой, сенің де, енемнің де қиналғандарыңды көруге енді дәтім шыдамайды, әбден жүйкем тозды. Бұл тығырықтан шығаратын бір-ақ әрекет бар, ол менің өзімнің жан-жақты ойланып, әбден толғағы пісіп-жетілген, саған бала туып беретін әйел алып беруге бел байлауым. Мен мұны ерікkеннен, саған тиісу немесе сені сынау үшін айтып тұрған жоқпын. Сенің ұрығыңнан жаралған нәресте, қай жатырдан шықса да, менікі де болмақ. Өйткені, менің барым да, нарым да өзіңсің. Сенің бақытың – мен үшін ең үлкен жетістік, осыны сен түсінбегенде, кім білер»... Бұл сөздерін Ахметжан естіп жатыр ма, жоқ па оны білмеген күйі, Зылиха көз жасына булығып сөйлей алмай, бөлмеден шығып кетті.

Дәлізге барып, құмандағы салқын сумен беті-қолын жуып болып, ас бөлмеге кіріп, шай әзірлеуге кірісті. Зылиха Ахметжанды бірнеше рет шақырғанымен, Ахметжан тұрмады. «Ерболдың үйінде бұл көп іше қойған жоқ сияқты еді ғой, е-е, анау кездегі қонақтардан қалған арақтың жартысы төргі бөлмедегі шкафтың ішінде тұрған, соны түгескен ғой», – деп барып тексеріп, анығына көзін жеткізген Зылиха қояр да қоймай жүріп, оның туфлиін, үстіндегі киімін шештіртіп, қайтадан төсекке жатқызды да, өзі қонақ бөлмедегі диванға барып қисайды. Енді ол енесін күтіп жатыр, қартайғанда ермек етер немересі жоқ болған соң қыдырғыштап жүрген оған жаны ашып кетті. Зылиха күніге осындай күйде, бәрінің тағдырына бір өзі жауапты сияқты, қайтсе де бір амалын тауып, отбасына сәбидің нәрлі күлкісін сыйлауы керектігін айқын сезінген ол ертеңгі демалыс күнін пайдаланып, Ахметжанмен ашық сөйлесіп, оны өзінің көздегеніне көндіруге бекінді. Бүгін демалыс. Сол кешегі кешке жатқаннан Ахметжан ертеңіне түске қарай бірақ тұрды. Енесінің көрші ауылдағы жекжаттарының немересінің тұсаукесеріне кеткенін Зылиха таңертең көрші кемпірден білген. «Айтып кетпей ме, әлде, менің көңіліме қарағаны шығар, мейлі, бізге де сондай тойлар жұғысты болсын», – деп іштей ырымдаған Зылиха, тамақ әзірлеуге кірісті.

Ахметжан аулаға шығып, жуынып-шайынып, үйге кірді. Оның көзінің айналасының көлкілдеп ісіп кеткенін байқаған Зылиха: «Саған ішкен жақпайды ғой, онсыз да жүрегің шаншып жүр», – деп күйеуіне елжірей қарап, әдеттегідей жайраңдап, дастарқанға шақырды. Ахметжан үнсіз барып, асханадағы Қанткүл әжесінің құрақ көрпешесінің үстіне қисайды, көк пүлішпен қаптаған мақта жастыққа жантайып жатып, буы бұрқыраған самаурынға демделген үнді шәйдан ішкен соң, оның маңдайы жіпсіді. Газ пештің үстіндегі палаудың иісінен тәбеті ашыла бастаған ол: «Тамағың дайын болса, әкелсейші», – деп қалғанда Зылиханың кешеден бері көншімеген көңілі орнына түскен еді, Ахметжанның ашуы басылғанын көріп, ешқашан көкірегіне зіл сақтамайтын жұбайының ақжарқындығына риза болған ол: «қазір, қазір» деп орнынан ұшып түрегеліп, қазанның қақпағын ашып жатып: «Апам «Жеті көлдегі» тумаларына қыдырып кетіпті, мен жаңа ғана көршілерден білдім, саған айтып па еді? Соңғы кезде ол кісі де үйде отырмайтынды шығарды,

қайтсін енді, іші пысады ғой, сенің де жалғыздығың жанына батады, қартайған шағында өзі әбден ішқұса болды-ау», – деп сөйлеп жүріп, кішкене қалайы сырлы табаққа палауын салып, Ахметжанның алдына қойды. Бүгін палауы ерекше дәмді болған екен, сәбізі де, еті де баппен қуырылыпты. Ахметжан салалы саусақтарымен алдымен күрішінен, сосын сәбізі мен етінен ала бастады, сүйсініп жеп отырған жолдасына қарап «өзі әлі бала сияқты аңқау да кіршіксіз, келген қатын мықты болса мұны май ішектей айналдырып, маған қаратпай қояды-ау, сондықтан өзім ойлағандай сол Күләндадан дұрысы жоқ», – деп түйді ол іштей тағы да.

Бұдан кейін арада бір айдай уақыт өтті. Маусымның соңында бұл жақта күн ысып кетеді. Жердің аңқасы кеуіп, өсімдіктер шөліркеп тұр. Көктен бір тамшы тамбай тіршіліктің ығыры шыға бастады. Зылиха мен Ахметжанның өмірлері сол бір қалыпта, күнделікті қызметтеріне барып-келіп, екеуі ауладағы азын-аулақ шаруамен айналысады, кішкене бақшаны ермек етіп, каналдан келетін су атыздарын тазалап, жерін суарады, кейде, аудан орталығындағы достарына, ауылдастарының үйлеріндегі той-томалаққа барады. Күн жыли бастағаннан анасы Қаламқас кейде айлап үйде тұрмайды, әр жердегі туысқан-туғанға қыдырып кетеді.

Зылиха күйеуіне өз мақсат-ойын қалай жеткізерін білмей, оңтайлы сәт іздеді. Бірде, ол осы мәселені қозғай бергенде, Ахметжан: «Сені түлен түртіп жүр ме, сау басыңа ауру тілеп, өзіңнің есің ауысқаннан саумысың, қайдағы қатын алуды ойлап тауып жүрсің, басымды көп қатыра берме деп айтып едім ғой саған. Тағдырдың маңдайға жазғанына адам көнуі керек. Маған сенен басқа әйел заты керегі жоқ. Болды, енді сөзді осымен доғар», – деп ол Зылихаға жекіп тастаған, сөйтіп, әрі қарай бұл әңгімені тыңдағысы келмей, өзі үйден шыға жөнелген болатын.

Ахметжанмен мәмілеге келе алмайтынын сезген Зылиха бір айла ойлап тапты. Жұмыстан бір айлық демалысқа шығып, Ахметжанға Қармақшы ауданында тұратын нағашыларын сағынғанын, сонда екі-үш күнге барып қайтқысы келетінін айтқан. Күйеуі қарсы еместігін білдірген соң, біраз тағамды дайындап, шағын мұздатқышқа толтырып, оны қалай жылытып жеу керек екеніне дейін Ахметжанға түсіндіріп, өзі автобуспен Тереңөзекке бет алған еді. Сол жерден жолаушы поезына мініп Қармақшыдан түсіп, әрмен қарай автобуспен ол «Ақжарға» кеш қарая жеткен.

Зылиханың Бейсенбай нағашысы көзін ашқаннан осы ауылда қойшы, әкесінің кәсібін жалғастырып келеді, қазір жасы алпыс сегізде, өзі демалысқа шықса да совхоздың малын әлі бағып жүр. Ол кісінің үш ұлы, екі қызы бар. Екі ұлы үйлі-жайлы, аудан орталығында тұрады, ал енді екеуі өзінің жанында, біреуі он сегізде, мектептен кейін әке жолын қуып шопан болды, кішісі мектепте жетінші сыныпа оқиды. Бір қызы тұрмысқа шығып кеткен, қолдарындағы осы Күләндасы әке-шешесінің жағдайын жасап отыр.

Зылиха нағашысының үйінде болған екі күн ішінде Аршагүл жеңгесімен ашық сөйлесуге бірнеше рет оқталып, ақыры ыңғайын таба алмай қойды. Жеңгесінің мінезінің жұмсақтығын, көңілшектігін білетін болғандықтан, оның намысына тиіп ренжітіп алудан Зылиха қорықты. Жеңгесі жаратылысынан өзі бойшаң, жүдеп кеткендіктен бе, бойы сорайып, дөңгелек қоңыр көздері шүңірейіп, беті сепкілденген, соған қарағанда, оның денсаулығы да мәз емес секілді. Осы жиен қайынсіңлісі келгенде ол әрдайым оны баптап, күтеді. Зылиха да Аршагүлді жақсы көреді, анда-санда көріскенде оған мұң-сырын ақтарып алады. Келін болып алғашқы рет қайын жұртының табалдырығын аттағанда, Зылиханың анасы, өзінің Әсилә қайынапасының қамқорлығын көп көргенін Аршагүл жиі есіне алып отырады. Жеңгесімен екеуінің арасында осындай көңіл қимастық бар болғандықтан, Зылиха оған «қызыңды менің күйеуіме тоқалдыққа бер», – деп дәті шыдап қалай айтпақ?

Зылиха нағашыларында үш күн қонып, енді аулына қайтпақшы болды. «Жеңеше, Күләнданы менімен бірге жіберсеңізші, жаз айы ғой қыдырып, көңілін көтеріп қайтсын. Сіздерге қарағанда біз дарияға жақын тұрамыз, бақшамыздағы көкөніс те пісіп қалды, жеміс-жидек жеп сіңлім оңалсын, өзі бозарып кетіпті», – деп Зылиха жеңгесіне қолқа салып көрген. Аршагүл үйдің шаруасы бір өзіне қарайтынын ойлап, әуелі қиналды, сосын, «аудандағы екі келіннің біреуін шақыртып алармын» деп, Зылихаға қызын ертіп жіберген еді.

Зылиха Күләнданы үйіне алып келгелі де үш күн болды. Енесі Қаламқас бұл жоқта келіп, тағы бір іргелес ауылдағы туысқандарының ұлының үйлену тойына кеткен екен. Үш күнде жалғызсырап қалған Ахметжан әйелі келгеннен бері көңілі жадырап, ойында ештеңе жоқ, Күләнда балдызымен де әзілдесіп қояды. Жездесінің ашық-жарқын мінезіне

Күләнда жастайынан үйренген. Ол мұнда келмегелі бес жылдай болған екен, содан бері бұл үйде көп нәрсе өзгермепті. Күләнда келгеннен үйді, аула ішін тазалауға кірісті. Ол көрпе-төсектерді, киіз, кілемдерді, қысқы киімдерді күнге жайып, ыдыс-аяқтарды тазартып, терезелерді жуып, шағын үйдің ішін тап-тұйнақтай етіп жинап қойды. Сіңлісіне риза болған Зылиха өзінің діттеген мақсатының дұрыс екеніне көзі жеткендей қуанды. Енді ол денсаулығының нашарлап жүргенін сылтауратып, аудан орталығындағы кәсіподақтан жиырма күнге Шымкент өңіріндегі «Сарыағаш» шипажайына өзіне жолдама тапты. «Бірге бармаймыз ба, қыркүйекте мен де демаламын, бұл не асығыстық?» – деген Ахметжанға: «Соңғы кезде бүйрегім ауырып қиналып жүрмін, оның үстіне, бір таныс әйелмен бірге баратын болдым. Үй-жайды тастап екеуміз бірге қалай кетеміз. Күләнда жалғыз өзі қала алмайды, қорқады, апам болса, үнемі қонақтап жүргені. Бір жағынан сенің тамағыңды істеп, кіріңді жуып, жағдайыңды жасап, сіңлім мен келгенше үйде жүре тұрсын, апам да келіп қалар, маған ренжіме, рұқсатыңды бер, енді», – деп Зылиха жұмсақ үнмен күлімсіреп келіп, оның иығына басын қойып, жәй ғана күрсінгенде, Ахметжанның көңілі толқып: «Жарайды, емделіп кел, менің денсаулығым, шүкір, жақсы. Күләнда ауылына қайта берсін, ата-анасының қолғанаты ғой, олар қиналып қалар. Апамды алып келемін, ол екеуміз сен келгенше бір амалын тауып күнелтерміз, сен уайымдамай, барып емдел», – деп әйелінің арқасынан қағып, маңдайынан иіскеді.

Зылихадан бұл әңгімені естіген Күләнда: – Апа, жездем екеуміздің бір үйде оңаша бір-екі тәулік емес табандай жиырма күн қалғанымыз дұрыс деп ойлайсыз ба? Мені ыңғайсыз жағдайға қалдырасыз ғой, оның үстіне, мен бұл жерде ұзақ бола алмаймын, біздің үйдегі жағдайды көрдіңіз, шешемнің денсаулығы жоқ, күнделікті тірлікті менен басқа істейтін кім бар дейсіз, жеңгелерімнің де өз отбасы, бала-шағасы бар, олар онда көп бола алмайды. Сіздің көңіліңізді қимай, анам мені бір аптаға ғана жіберген еді. Мен енді ауылыма қайтамын», – деп қабағын шытқан. «Мына қыздың аяғы ақсақ болса да, ақылы баршылық екен, намыстанып тұр ғой. Бұл менің айтқаныма көне қояр ма? Мен оған шын ойымды айтсам, бетің бар, жүзің бар демей «не сандалып тұрсың», – деп өзіме шапшымауына кім кепіл? Енді не істеймін. Сонда менің бүкіл арман-мақсатымның күлге

ұшқаны ма? Мен осы қызды қайтсем де ыңғайлауым керек. Осы жолы Ахметжан екеуін бірге қалдырып кетсем, еркек еркектігін істеп, бірімен-бірі жақындасса, әрмен қарай бәрі ойдағыдай болар еді-ау», – деп ойлаған Зылиха ішін тартыңқырап қалды, бірақ түпкілікті мақсатынан айныған жоқ. Енді Күләнданың жүрегін жұмсатпақ болып, өзіне оның жанашырлық сезімін оятқысы келген Зылиха:

– Күләндаш-ау, мен бір жетісkеннен курортқа барайын деп жүрмін бе, бала тумаған әйел деген атым бар, жатып қалсам «мамалап» келіп қолтығымнан сүйейтін ұрпақты да Құдай бермеді, үйді де сеніп тастап кететін ешкім жоқ, енемнің ішкі құсадан басы гәңгіреп, ел аралап жүргені анау. Әншейінде іздесең табылмайтын жолдама қолыма түсе кеткен соң, барып емделіп келейін, өзіңдей жанашыр сіңліме арқа сүйеп, қолқа салып көрейін, жағдайымды түсініп үйге мен келгенше қарай тұрар», – деген ой еді менікі. – Ал, жездең саған да бөтен емес, оны кішкентайыңнан білесің, жаны таза, қулық-сұмдығы жоқ, жаратылысынан момын, жігіттің сұлтаны ғой. Әттең, осындай асыл азаматқа мен бейбақ бір перзент сыйлай алмай, ішім күйіп өлетін болдым-ау, енді, тіпті, оған өз еркіммен бала туатын екінші әйел алып беруге де дайынмын, – деп Зылиха көз жасына ерік берген. Күләнда нағашы апасын аяп, оны құшақтап, жылап тұрып: – Апа, бұлай өзіңізді кінәлап, қинала бермесеңізші. Үлкендер сіздердің бір-біріңізге деген махаббаттарыңызды аңыз етіп айтады, біз кішкентайымыздан соны естіп, өздеріңізге қызығып өстік. Адам өзінің жүрек қалаулысын тапқаннан артық бақыт жоқ шығар, бірақ Құдай бәрін бере бермейді, «бір кем дүние» деп әжем көп айтатын. Апа, сіз курортқа барып емделіп келіңіз, мен осында болайын, тек мамама хабар беріңіз, рұқсат ететін шығар, сіздің жағдайыңызды түсінеді ғой, – дегенде Зылиха сіңлісіне сүйсіне қарады, бірақ көңілін бір сезім «дік» еткізгендей. «Ойпырым-ай, мына қыз осал емес сияқты, сөздері мірдің оғындай, ертең маған бой бермей, сөзім де, өзім де оның тасасында қалмайын. Енді не істеймін, қыр-сырын білмейтін басқа біреуді қалай отбасына енгіземін, ақымақ әйел келсе, сөзді ұқпай, күнде бет жыртысып, жұртқа масқара бolarмыз, берекеміз қашып, осы күніме жете алмай қалармын. Санасы төмен әйелден қайбір оңған бала туады, қой, осы Күләндадан артық ешкім табыла қоймас, бұл бірақ көне қоя ма, өзі намысшыл, әрі батыл екен,

негізі біз жаққа тартқан. Енді Ахметжан бұған қарай қойса десейші, ол үшін бұл баяғы қожалақ кішкене қара қыз ғой. Не де болса, бір Құдайға тапсырып, екеуін бірге қалдырайын», – деп Зылиха Күләнданы бауырына басып, айналып-толғанып, ризашылығын білдірді. Сөйтіп, үйін де, шаруасын да, күйеуін де Күләндаға тастап, екі күннен кейін ол жолға шығып кетті.

Зылиханың «Сарыағаш» шипажайына орналасқанына да он күннің жүзі болды. Алғашында ол ауылдан бірге келген, өзінен бір мүшел жас кіші Айгүл атты қасындағы келіншекке сыр білдірмей, ішіндегі алай-дүлей сезімдерін сыртқа шығармауға әбден тырысқан еді, бірақ жанын өртеген қызғаныш пен Ахметжанға деген құштарлығы бой бермеді. Ішіне сыймаған құпиясын Зылиха Айгүлге ақтарып салды. Заманы мен өскен ортасы басқа, өзі орыс мектебінде оқыған бұл келіншек Зылихаға таңдана қарап:

– «Апай, сіз өзіңіздің жағдайыңызды неге ойламайсыз? Мың жерден туысқаныңыз болса да, сол сіңліңіз ертең бала туып берсе, сіз айдалада қалуыңыз мүмкін ғой. Күйеуіңіздің көңілі нәресте сыйлаған жас әйелге ауса қайтесіз? Түрі келіспеген, аяғы кемтар деп қарамаңыз, мүмкін ол қылықты, төсекте тәтті шығар, көбінесе қайта сондайлар еркекті баурап алғыш болады. Ажарлылар көңілі толып, ешкімге жылу бере алмай, тек өздерін сүйгізіп жүргенде, реңсіздер барлық өтелмеген ішкі жалынын, мейірімін өзінің төсектесіне сыйлайды екен деп естігенмін. Ертең солай болып шықпауына кім кепіл? Сондықтан ойланыңыз, қапыда қалып, өкініштен құса болып, опық жеп жүрмеңіз, мен қазіргі заманда сіздей әйелдерді кездестірмеппін, как-будто из другого века явились», – деп Айгүл басын шайқап, Зылихаға есіркей қараған.

Бұл әңгімеден кейін Зылиха жүз ойланып, толғанған. Өткенді де ойлап, болашақты да болжап, қиялымен бәрін көз алдына келтіріп, жүрегінің әмірін күткен еді. Ойы сан-саққа жүгіргенмен, оның жүрегіндегі аяулы сезімі ақыры жеңді. Күйеуіне деген қимастығы мен іңкәрлігі жанын қанша қинағанымен, ол бойындағы барлық ыстық ынтықтығын Ахметжанын ұрпақты ету үшін қиды да, өзінің ойлағанын қайтсе де жүзеге асыруы тиіс екеніне сенді. Енді ол еңсесін басқан зілден арылғандай, бойын буып тұрған бұғау шешілгендей сезінді өзін. Осындай нартәуекелдікпен Зылиха

жиырма күндік демалысын аяқтап, жанындағы Айгүлмен бірге ауылға қарай жолға шықты, екеуі Шымкент қаласына «Икарус» автобусымен жетіп, әрмен қарай Тереңөзек стансасына дейін жолаушы поезына мінді.

Міне, аңғал даланың шегір құмының ортасында өзі де мына кең әлемге іңкәрлігін сыйлап, жұртын да аялай бауырына басып, көсіле түсіп, туған ауылы «Шіркейлі» жатыр. Көздің жауын алар жасыл ағаштары жайқалған, бұл совхоз Сырдария өзеніне жақын орналасқан. Шипырлары ескірген кесек үйлердің алдындағы аулаларының айналасын қоршаған аласа ағаш шарбақтарының көбісі қисайып, құлайын деп тұрған туған ауылын көргенде Зылиха пейішке жеткендей қуанды. Ол жолшыбай кездескен ауылдастарымен құшақтасып, хал-жағдай сұрасып, шаттана амадасып келеді. Бәрін бірнеше жыл көрмегендей сағынып қалыпты. Күн еңкейіп, кеш түсуге жақын, Зылиха шапшаң басып ауласына кірді, Ақтөс арсалаңдап алдынан шығып, аяғына оратыла, қуаныштан қыңсылап жатыр. Итінің басынан сипап тұрып, Зылиха жан-жағына көз жүгіртті, аула іші таптаза, қорадағы малдың да қыбыры естілмейді, әншейінде бір-бірін қуалай жүгіретін төрт-бес тауығы да, соларға ие болып, қоқырайып доқ көрсетіп жүретін жалғыз әтеші де көрінбейді. Терезелері күн түспесін деп қалың пердемен қымталған үйіне қарай жүрген Зылиханың алдынан енесі шықты. Екеуі құшақтаса сәлемдесіп жатыр. – Апа, амандық па, бәрің тым-тырыссыңдар ғой, үйдесіңдер ме, Ахметжан қайда? Күләнда бар ма? – деп дәліздің табалдырығынан аттаған келініне қарап, күмілжіңкіреген Қаламқас: – Бәрі өзің ойластырғандай ғой. Ахметжан жұмысында шығар, сенің бүгін келетініңді біле ме өзі? Маған ештеңе айтқан жоқ. Ал сіңлің... ауылына кетіпті, оның үйіне аман-есен жеткенінен Ахметжан біреулер арқылы хабар алыпты. Менің білетінім осы, – деген енесінің сөзін естігенде, оның артында келе жатқан Зылиханың аяқтарының буыны босағандай, іші «қылп» ете қалған еді. Үйіне кірген ол жылдам шешініп, жолдан келген киімін тез ауыстырып, мән-жайды білгенше асықты.

Зылиха енесімен бірге шай ішіп отырып, әңгіме үстінде барлық жәйтке көз жеткізгендей еді. Шынымен бәрі өзі пайымдағандай екен. Енесінің қыдырыстан келгеніне де бір апта болыпты. – Күләнда ауылына мені күтпей неге кетті, сіз

оны көрдіңіз бе? – деп Зылиха енесін сөзге тартты. – Мен келгенде ол үйде болған жоқ. Ахметжан маған болған істің шет жағасын сездіргендей болды. Ол «Мас болып, мені қара басты...» деген, соған қарағанда, сенің айлаң жүзеге асқан болуы керек, өйткені, Ахметжан да бір түрлі жағдайда жүрген сияқты, өзі қипақтап, сасқалақтап, біресе сыртқа шығып кетіп, түн ортасында келеді, немесе темекісін сорып, есік алдында отырады. Әйтеуір, тыныштық емес, бұлардың екеуінің арасында бір гәп болғанға ұқсайды. Арғы жағын енді өзің реттерсің, ақыры қоймадың, арманыңа жет, менен несін сұрай бересің, бәрін өзің біліп отырсың ғой,– деп енесі әрмен қарай әңгімені соза бергісі келмей, шәйін ішіп болып, өз бөлмесіне кетті. «Мұнысы баламның басын сарсаңға салдың-ау дегені ме, әлде мақұлдағаны ма», – деп Зылиха бір сәт іштей қапаланды да, сосын самсаған ойлардан басы қатып, жалғыз өзі отырып шәйін ішкен болды. Енді ол Ахметжанның келуін асыға күтті.

Кешке Ахметжан да келді. Тәлтіректеп үйге кірген ол Зылиханы көргеннен, әй-шәй жоқ бұған тиісе бастады: «Оу, айлакерім-ау, аман-есен келдің бе? Тағы қандай амал ойлап таптың. Бұл жолы қойныма кімді әкеліп саласың? Сіңлілерің бар ма, давай, шетінен жеткізе бер, бәріне бала туғызайын, сөйтіп, сенің әулетіңді жиендерге, өзімізді балаларға қарық қылайық. Ойпырмай, сенен қулық артылмайды екен, ә? Мұның бәрін қайдан, қай уақытта үйренгенсің өзің, а? Сені өзім ауыздандырған секілді едім ғой, өй бәтшағар, пірсіз десе...» – деп Ахметжан екпіндете біраз сөйлеп алды да, ешкім тіл қатпаған соң, ол қонақ бөлмеге кіріп, диванға құлай кетті. Енесі өз бөлмесінде тым-тырыс, ештеңе естімегенсіп жатыр. Зылиха бір мезгіл сілейіп тұрып қалды. Сосын барып күйеуі кінәсін білдірмеу үшін әдейі бірінші болып шабуыл жасап, қарсыласының аузын аштырмау әдісін қолданғанын түсініп, күлкісі келген ол өзін әрең ұстады. Сол жатқаннан Ахметжан ертеңіне таңертең бір-ақ тұрды.

Зылиха ішкі бөлмедегі кең кереуетке қисайған. Күйеуі екеуі қосылғалы бұл төсек суымай, ыстық құшақтары ажыраған емес еді, енді орталарына бір ұрғашыны өзі әкеліп салды-ау. «Қандай жағдай болса да, мейлі, Ахметжанның ұрпағы үшін көнем бәріне, ішімді жалап жатқан қимастық жалынын өшіруге тырысамын, барлық дүниенің қызығы бір сәбидің күлкісіне татымайды екен

шынымен. Сондықтан Ахметжанмен ашық сөйлесіп, қалай болғанда да мен оны Күләндаға қосуым керек. Ақыры екеуінің арасында болары болыпты, енді іске кірісу керек», – деп ол өзін-өзі қамшылап, көңілін қобалжытар ойларға бой бермеуге тырысып жатып, таң ата әрең ұйықтаған.

Ертеңіне Ахметжан мен Зылиханың керіскенінен Қаламқас үйден безіп кеткісі келді. Екеуі де бір-бірінен қалысар емес. Байғұс ананың шырылдап: «қойсаңдаршы, сырттағы жұрт естісе масқара боламыз ғой» дегенін құлақтарына да қыстыратын түрлері жоқ. Ахметжан қосарланып, қос танауы делиіп, сөзге тоқтар емес. «Иттің қатыны, мен саған қашан бала тумадың деп кінә тағып едім. Қай заманда өмір сүріп жүрсің өзің, а? Тоқалың не, екінші әйел алу үшін алдымен бірінші әйелінен еркек сот арқылы ажырасатынын білмейтін надансың ба? Жоғары білімі бар деп кім айтады сені? Өзің есіңнен адасқан жоқсың ба, не оттап жүргеніңді білесің бе, ей? Ал, мен мастықпен анау сенің сіңліңді зорлап қойдым, ішіп алған еркек ұрғашымен оңаша үйде қалса, оның үстіне, жан дегенде жалғыз жары оны әдейі бірге қалдырып, өзі пәленше күнге курортқа кетсе, еркек қалай шыдайды екен, а? Ой мыстан-ай. Сен осының бәрін әдейі ұйымдастырдың ғой, бірақ нағыз ақымақтың істейтін ісін істедің, ертең Күләнданың әке-шешесі, сенің нағашыларың, қызының зорланғанын біліп, мені сотқа берсе, сонда көкеңнің тойын көресің. Мен мойныма жеті-сегіз жылды арқалап, түрмеге кетемін, сосын қарабет болып сен қаласың сорлап. Басында торғайдың миындай миы бар адам осының бәрін ойлауы керек еді ғой, ей? Сен Кеңес өкіметінің заңын, Конституцияны оқымағансың ба, сонда төрт жыл институтта жүріп не бітірдің өзің, а?», – деп ол сөзбен әйелін төпелеп жатыр. Күйеуінің сөзі сүйегінен өтіп бара жатқан соң Зылиханың да қалысатын түрі жоқ. «Мен саған сіңлімді зорла деп айттым ба, енді айғырлықпен істеген ісіңді мойныңмен көтер еркек болсаң, менің намысыма тие бермей, жынымды келтірме. Ойбо-о-ойй, қарай гөр өзін, мен асты-үстіне түсіп, мұның жағдайын жасап, болашағын ойлап жүрсем, өзімді ақымақ, надан деп оттауын, ажырассақ ажырасармыз, көңілімді қалдыра берме бүйтіп. Басымды қатырмай, енді сол Күләндаға үйлен де, балалы-шағалы бол, ал мен үшін уайым шекпей-ақ қой, өз күнімді өзім көрермін. Ақыры болары болып, бояуы сіңген екен, сол қызды аласың, сөздің тоқ етері осы. Мүмкін, ол

екіқабат болып қалған шығар»... – деп көзінен ыршыған жасын сұқ саусағымен сілкіп тастап, Зылиха үйден шығып, қораның түкпіріндегі бір тасаға барып, жүресінен отыра кетті де солқылдап, үнсіз жылай берді. Ол өзінің Ахметжанмен заң жүзінде ажырасу керек екені жайында ойламапты да ғой, шынымен, заң бойынша басқаға ол қалай үйленеді заңды әйелі тұрғанда. Ал екінші әйелден дүниеге келген нәресте некесіз туылған бола ма сонда? Осының бәрін ойлағанда Зылиханың іші күйіп, жаны күйзелді.

Ерлі-зайыптылар бір күн сөйлеспей жүріп, ертеңіне түнде Ахметжан өзі әйелінің жанына келіп жатып, оны аймалап, ыстық құшағына ораған. Олар бір-бірін қатты сағынып қалыпты.

Зылиха бес күннен кейін жұмысқа шықпақ. Демалыс кезін пайдаланып, ол енді Ахметжанды ертіп Күләндаға баруды ұйғарды. Ол үшін алдымен күйеуін көндіруі керек, Ахметжан алғашқыдағыдай емес икемге келетін сияқты, тек жанды жерін дөп баса білсе болғаны. «Күләнда байғұстың көңілі жер болып, бәрінен күдерін үзіп, өзін-өзі кінәлап, не істерін білмей отырған шығар. Мен Ахметжан екеуін қосуым керек, тіпті, сол заңды некеден мен-ақ ажырайын, бәрібір Ахметжан мені тастамас, тек ол ұрпағымен көктеп-көгерсе екен, мен балаларын бағып, солардың қуанышын көріп, үлкен әулеттің анасы болып отырсам ғой, бұдан артық не бар бұл өмірде. Қызғаныш деген өзіңді төмендетеді, ал алды-артын ойлайтын жан оны өзінің биік мақсатының жолында жеңе білуі керек. Құдай жалғыздықтан сақтасын. Сондықтан, мен белімді бекем буып, осы ойды жүзеге асыруым керек», – деп іштей бекімге келген ол, бұл істің маңыздылығына ешбір шүбә келтірместей етіп Ахметжанға дәлелдеп, екі күн ішінде оның миына құя білгені соншалықты, енді ол келісімге келіп, өзінің істеген кінәсін мойнымен көтеруге көнді, әрі Күләнданың өміріне жасаған қиянатын ісімен ақтап, оны тоқалдыққа алудан басқа амал жоқ екенін түсінді, әрине, бұған ол қыз бен әкешешесі көнсе. «Тек, сен жанымда болсаң, мен бәріне дайынмын. Бұл да екеуміздің махаббатымыздың беріктігін тексеру үшін Құдайдың бізге жіберген сынағы шығар. Тәуекел, бірақ жүрегің қаламаған әйелмен бір төсекте жатып ойнапкүлу азап екенін сен түсінбейсің ғой, Зылихаш. Мен сен үшін бір бұқа болдым-ау тұқым алу үшін әрбір сиырға сала-

тын», – деп Ахметжан күрсіне күлгенде Зылиха амалсыз езу тартты да, күйеуін мойнынан құшақтап, еркелей: «Мен сені ыстық құшағымнан шығарады деп кім айтты, тек амалсыздықтан ғой, жаным, мұның бәрі басқа шара жоқ болғандықтан, әйтпесе, сен мендік, мен сендікпін өле-өлгенше!» – деп ол Ахметжанның қойнына тығыла түскен, сосын екеуі бірін-бірі аймалап, құшырлана сүйісіп, кереуетке жеткенше ынтықтары басылмаған.

Зылиха көршісі Саягүл атты жас келіншекке иті мен тауықтарын тапсырып, екінші қонысы Жұмаділдә құрдасының қорасына ұсақ малын кіргізді де, бақшасына қарап, суаруды жолдың арғы бетінде тұратын бір ағайынына тапсырды. Сөйтіп Ахметжан мен Қаламқас енесін ертіп келесі күні Қармақшыға жол тартты. «Ақжар» ауылындағы Бейсенбай нағашысының үйіне де жетті. Ақшам уақыты болған кез. Шілденің ыстығынан күндіз әбден күйіп, ығыры шыққан құм дала енді ғана балқыған денесін кешкі самалға тоса түскен. Жан-жағы қоршалмаған аласа ұзын дәу кесек тамның алдында екі-үш бала ойнап жүр екен, арасынан біреуі «Қонақтар келді!» деп қуана дауыстап, үйге қарай жүгіріп, Аршагүлді ертіп шықты. Ол бұрынғыдай ақжарқындық танытпағандай, бұларды тосырқап қарсы алған сияқты көрінді Зылихаға. Ахметжан жердің тесігі болса, кіріп кеткісі келіп тұр. Қаламқас шешей де ыңғайсыз жағдайда, кібіжіктеп қалды да, Аршагүлге жақындап, қолын созып, екеуі амандасқан болды. Зылиха жеңгесін құшақтап, бетінен сүйіп жатыр, ол онша селт ете қоймады. Ахметжанның сәлемін әрең алған Аршагүлге қарап, Зылиха ол барлық жағдайға қанық екенін түсінді. Бұлармен ернінің ұшымен ғана амандасып, «кіріңдер» деген сөзді зорға айтып, жүзін төмен қарата, ол үйге еніп кетті. «Ойпырым-ай, масқарамыз шықты-ау, байқамай бұлардың намысын таптаппыз ғой. Жеңгемнің жүзі түтігіп кетіпті, «кімді басынғыларың келді, оңбағандар!» деп бетімізге түкіруге де хақысы бар, қайта туысқандық ізет сақтап, өзін ұстап тұр, қарабет болдық қой, енді не де болса, істі белінен басып шешуге тырысу керек», – деген оймен өзін-өзі жігерлендіріп, соңына енесі мен Ахметжанды ертіп, Зылиха еңсесін тіктеп алып, нағашысының табалдырығынан аттады.

Аршагүл қызының жағдайынан күйеуіне ештеңе сездірмеген екен. Күләнданың Зылиханың үйінен түнеріп

келген түрінен-ақ бір бәленің болғанын ана жүрегі сезген еді, анығын білген соң, қызы екеуі іштерінен тынып, ешкімге тіс жарып ештеңе айта алмай, өз арттарын өздері ашпауға тырысып, жүректері намыстан өртеніп кете жаздаған. Бірақ жақын адамдармен қалай бет жыртыспақ, не болғанда да шыдап, Алланың маңдайларына жазғанына көнуден басқа амал таппаған анасы мен қызы қанша ішқұса болып жүрсе де, үйдегілерге білдірмеуге тырысқан, оңашада екеуі уһілеп-аһылап, енді Күләнданың ішіне бала бітіп қалмаса екен деп тілеп, қорқып, айдың соңын күткен.

Зылиха бірден істің тізгінін өз қолына алды. Үйде Бейсенбай көкесінің жоқтығын пайдаланып, ол Аршагүлді оңаша бөлмеге шақырды. – Жеңеше, болар іс болды, ақылыңыз бар ғой, мен күйеуім мен енемді ертіп алдарыңыздан өтіп, Күләнданы сұрап, Ахметжанға қосуға өздеріңіздің рұқсаттарыңызды алу үшін келдім, сөздің тоқ етері осы, таңданатын түгі жоқ, бәрі менің өзімнің ұйғарымыммен болған іс, қызыңыз заңды түрде күйеуге шығады ол жағынан қам жемеңіз, тек Күләнданың өзі көнсе және сіздер рұқсаттарыңызды берсеңіздер болғаны. Бір-біріміздің арамызда жасыратын не бар. Менің жағдайым сіздерге аян, сіздердікі маған белгілі. Көп ойланып-толғанып, мен өздеріңізге арқамды сүйейін дедім, бөтенге Ахметжанды қимадым, Күләнда болса өзімдікі ғой, маған жаны ашыр, түсініп, тірек болар деген үмітпен осы шешімге келген едім. Ешкімді кінәлап, кірпияздық көрсетудің қажеті жоқ. Мен өтірік көлгірсуді, жалған намысқойлықты жақтырмайтынымды білесіз ғой, асыл жеңеше-ау, айтарым бір-ақ нәрсе – Күләнданың абыройын өсірмесем, төмендетпеймін және де оны ешкімге түрткі қылмаймын. Оның дүниеге әкелетін ұрпағының бойында менің де қасықтай қаным болады ғой, сондықтан мен өзімнің жиендігімді жасап, сіздерден Күләнданы қалап тұрмын. Жеңеше, мұндай үрдіс біздің қазақта болғанын білесіз, небір ақылды апа-әжелеріміз ұрпақ үшін осы тәсілді қолданып, жат жерден емес өзінің жақын сіңлілерін отағасыларына алып берген, себебі, «бөтеннің жүз қайнатсаң да сорпасы қосылмас» деген бар емес пе. Ендігі сөз өздеріңде, сана елегінен өткізіп, менің осы әңгімеме зер салып көрерсіздер, – деді Зылиха жеңгесінің арқасынан сипап тұрып. Аршагүл бұрынғыдан да азып, екі иығы қушиып

қалыпты. Зылиханың оған қатты жаны ашып кетті. Енді оның жанында шамалы тұрса өзін ұстай алмай, еңіреп қоя беретінін білген соң, ол басқа бөлмеге кетті.

Зылиха үшін ең қиыны Күләндамен екеуара әңгімелесу болып шықты. Бұлардың келгенін есіткен ол түпкі бөлмеге кіріп, онсыз да жарық әрең түсіп тұрған кішкене терезені қымтап тастап, жерге төселген көрпешенің үстінде, басынан аяғына дейін жамылғышқа бүркеніп алып, жатыр екен. Есік орнына ескілеу қалың көк пүліш ілінген бұл бөлмеде жалғыз сымда салбырап тұрған электр шамы күйіп кетсе керек, Зылиха әрі-бері жаққыш тетігін әурелеп көріп еді, жарық жанбады, сосын ол терезедегі шегелерге ілінген қалың сұрыптың бір жағынан тартып қалғанда, шүберек жерге сыпырылып түсті. Әйнектен кешкі күннің селдір сәулесі себеледі. Күләнда селт етпей жатыр. Зылиха оның жанына барып отырып: – Күләнда, айналайын, басыңды көтерші, саған қастық ойлаған болсам Құдай мені жазаласын. Сенің ар-намысың тапталған жоқ, қайта енді абыройың арта түсетініне мен кепілмін. Енді сен мені тыңда. Сен де жас емессің, менің өкшемді қуып келесің, енді төрт-бес жылдың ішінде қырықты да алқымдайсың. «Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан» дегендей, Жаратушы иеміз пендені көбею үшін жұбымен жаратқан. Сондықтан жалғыз қу басыңмен алысып, өмірден өту жаратылысқа жасаған қиянат деп түсіну керек. Осы уақытқа дейін Алла саған салмақ салмаса, енді жұптасып, ана болсын деп осындай жағдайға душар еткен болуы керек. Мен өзім ана болу бақытына жете алмай, көкірегіме шер толған жанмын. Сені маған Құдай жіберген шығар. Мені де, Ахметжанды да, өзіңді де, егіле-егіле еңсесі түскен анау енемді де бақытқа бөлеп, ұрпақ сүйдіретін өзің боларсың, қалқам... Мен саған үміт артып келіп отырмын, жаным. Соңғы үмітімнің қанатын қайырмашы, өтінем, Күләнтай...– деп Зылиханың көңілі босаңсып отырғанда, Күләнда басын жастықтан жұла көтерілді де, түрі түтігіп, білеуленген көздері ызғарлана отырып: – Сіз не оттап отырсыз, өзіңіз? Мен сіздің қойныңыздағы байыңызға мұқтаж ба екенмін? Әлде, «бұл ақыры кемтар ғой, мұны кім алады, сондықтан күйеуіме қоса салайын, оның көңілі бұған алдана қоймас, әйтеуір, бала туып берсе болды емес пе, сонда бәрі өзімдікі болады» дейсіз бе? Әйтпесе, менен басқа біреуді неге таппадыңыз. Шын маған жаны ашитын туысым

болсаңыз, менің тағдырыммен бұлай ойнамаңыз. Біреудің үстіне барып, күң сияқты өмір сүргенімше, жалғыз-ақ өтейін бұл өмірден. Немесе, ақыры бүлінген екенмін, әйелі қайтыс болған бір шалға тиейін, бірақ ешкімнің мазағына көне алмаймын, ешкімді басындырмаймын да! Түсінікті ме? Енді осымен әңгіме бітті!» – деп Күләнда орнынан тұрып, бөлмеден шыға жөнелді.

Зылиха отырған орынынан қозғала алмай қалған. «Мынау нағыз долы ғой, бұл мінезімен бізді көктетіп-көгертпес. Ертең басымызға әңгіртаяқ ойнатар әлі. Мен мұны өзімсініп, «түсінісетін жақыным ғой» деп жүрсем, сонша дікеңдейді кеп, нағыз күндесім осы болып шықты ғой. Ахметжанға тигісі келетін ұрғашы аз ба, онан да бөтен біреуді алғаны жақсы шығар. Қойшы, осыны әлдеқандай қылмай», – деген ой Зылиханың басына шапшып шыға келген. Сол сәтте ашуын баса, сабырлыққа шақырған ішкі дауысы: « Әй, Зылиха, бұл қызды кінәлауға сенің қандай хақың бар, өзің емес пе осының бәрін ұйымдастырған, абыройын айрандай төктің, енді кеп не бетіңмен оны мінеп, даттайсың. Оны кемсінгеннен күйеуіңе қосқың келіп отырғаның өтірік пе, әйтпесе, сен өзіңнен артық, немесе тең әйел затының құшағына Ахметжаныңды тірідей беріп қоймассың. Күләнда байғұс жан ышқынысымен саған баттитып шындықты айтқаны үшін дөрекі, бетпақ болып қалды ма? Қайта қуанбайсың ба пайымының мол, намысшыл, өр мінезді екендігіне, ертең мұндай анадан кәкіршүкірлер емес ірі, ашық-жарқын ұрпақ дүниеге келіп жатса, арман-тілегіңнің қабыл болғаны емес пе. «Күң әйелден құл бала туады» деген мақалды талай рет пәленше жыл ұстаз болған әкең айтпаушы ма еді. Әй, Зылиха, «ашу араз, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» деген екен ата-бабаларымыз, қой, ақымақ сияқты емес едің ғой, өзіңді-өзің басып, шамалыдан кейін, Күләндамен тағы сөйлес, бетің бар, жүзің бар демей қайырып тастайтын кейбір бірбеткей мінезі болмаса, арамдығы жоқ, қайтымы тез өз нағашы көкеңнің тұқымынан ғой. Қайта ойындағысын айтып тастайтындардан қорықпай, ішіне қоқсық сақтап, сыртынан момақансып жүрген пасықтардан сақтану керек», – деп Зылиханы бір күш сабасына түсіріп, ағаттықтан сақтандырғандай еді.

Кеш қоюланғанда Бейсенбай жанындағы кіші ұлы Арынғазы екеуі төбесі ашық, жан-жағы көлденеңнен жалпақ

тақтайлармен алты жерге орнатылған ұзын бөрене ағаштарға бекітілген, бір жақ беті ашылып-жабылатын мал қораға бір отар қойды айдап кіргізіп, қамап, үйге қарай беттеді. Есік алдында жүрген әйелі темір ошақтағы дәу қара қазанға ет салып, қызы үлкен мыс самаурынның мұржасына жыңғыл тұтатып тастап отырған. Бейсенбай туа бітісінен тұйықтау, бірақ ашуы келсе, сөзбен осып-осып алатын мінезі бар. Баласы екеуі шаршап-шалдығып, өзектері талып келгенде, әлі шәй да, тамақ та әзірленбегенін көрген ол, әйелі мен қызын айқайдың астына алды:

– Өлімтік құсап сүйретіліп жүрсіңдер ме, өй, өңкей нәлеті, немене, күні бойы отырып, бір тамақ әзірлеуге шамаларың келмеді ме, әбден құтырдыңдар-ау, ә, істейтін істерің жоқ, сыпсың-сыпсыңнан қолдарың тимейді. Неғып сен екеуіңнің қабақтарыңнан қар жауады да жүреді осы, а? Соңғы кезде байқаймын, сіркелерің су көтермейтін болған, ия адаммен дұрыс сөйлескілерің келмейді, бастарыңа не күн туды соншама түнеретіндей, а? Өй, өңкей нақұрыс, мисыздар...– деп әйеліне шүңгір көкшіл көздері шатынап, шүйліге бергенде, ту сыртынан шыққан дауыстан селт ете түсті. – Көке, бір ашуыңызды бізге беріңіз, енді. Қартайып қалғансыз ба, өзіңіз ұрысқақ болып кетіпсіз ғой, – деп Зылиха қарындасы келіп мойнына асыла кеткенде, ол ыңғайсыздана: – Өй, Зылихаш, сенсің бе, айналайын, амансенсіңдер ме, менікі анда-санда бір дауыс көтеріп, ықтырып қою ғой. Көкеңнен күш кетті білем, қатын, балашаға, басқа шыға бастағандай. Ия, жалғыз өзің келдің бе? Күйеу бала, құдағи қалай, ауыл аман ба? –деп қалбалақтап Бейсенбай хал сұрасып жатқанда, оның дауысын естіп үйден Ахметжан мен Қаламқас шешей шығып, үшеуі бірбірімен шұрқырасып амандасып жатыр. Арынғазы да келіп, қонақтардың қолын алып, қара шаңырақтың иесі өзі екенін байқатып, «қош келдіңіздер!» деп ізетпен сәлемдесті. Ахметжан қипалақтап тұр, ошақ қасында жүрген Күләнданы көріп, одан сайын дегбірі қашып, Бейсенбайдың алдында өзін қылмысты сезінген ол, жүзін тайқытып, даладағы электр шамның жарығынан құтылғанша асықты. Қауқылдасып, аңқылдасып бәрі үйге кірген. Шамалыдан кейін Бейсенбай жуынып-шайынып, киімін ауыстырып, жеңіл жейдесін, кең көк трикосын киіп келді, жағдай сұрасып, әңгіме айтылып, дастарқан жайылып, үстіне сары май,

қаймақ, таба нан қойылды. Зылиха да өзі әкелген, ішінде Бейсенбай мен Зылихаға арнайы алған көйлек-көншектері, кәмпит, пешеней, кірәнжіліктері бар қоржынын зілденіп жүрген Аршагүлдің қолына ұстатты. Арынғазы екі иінінен дем алып тұрған самаурынды алып келді. Күләнда көрінген жоқ. Аршагүлдің жүзі жылымағанын байқаған Бейсенбай қонақтардан ыңғайсызданып, зығырданы қайнап, өзін әрең ұстап, жақсылап бір боқтап-боралап ала алмай отыр. Шәй ішіп болғанша түн қоюлана түсті. Алдарына ет тамақ келгенде бәрі маужырап, ұйқылы-ояу, дәм татқан болды. Әңгімелері де қиыспады. Көңілсіздік бойларын жайлап алған. Бейсенбай мен Арынғазыдан басқасының бәрі ішкі арпалыстарын сыртқа шығармауға тырысып бақты, әрқайсысы оқыста байқамай шытынап тұрған шырғалаң шындықтың шетін басып қалудан қорықты. Осындай қапаста қалған көңіл-күймен бұл үшеуі де сол отырған бөлмелеріне салынған төсекке құлай кетті.

Зылиха түнімен көз ілмей шықты. Өз мақсатына жету үшін жеңгесі мен сіңлісін қандай жан күйзелісіне түсіргенін, олардың намыстарын таптағанын, менмендікпен жақындарының жандарына жара салғанын ол енді терең ұқты. Енді қайтсе де осы күнәсін өтеуі керек екенін түсініп, өз басының бақыты үшін емес, жұтап жүрген жанындағы аяулы жандардың сауабын алатын бұл іргелі істі аяғына дейін апарудың жауапкершілігі мойнында екеніне әбден сенді де және осы ойының еш бұрыстығы жоқ екеніне тағы көз жеткізді. Енді Құдай қолдаса, қалай болғанда да, Күләнданы көндіру керек деген шешімге келген ол, ішкі қуатынан күш алып, ертеңгі психологиялық шабуылға дайындалып, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қарастырып көрді. Сосын Күләнданы өктемдікпен ала алмайтынына көзі жеткен Зылиха: «Ол батырлар тұқымынан ғой, алдынан келгенде дес бермес, арқасынан да сипатпас, сондықтан қазіргі менің жағдайымда ең тиімдісі – оған бар жылуымды беріп, жүрегін жұмсартуым керек, өйткені, тек мені аяу арқылы ғана ол осы қадамға баруы мүмкін», – деген шешімге тоқталды .

Ертеңіне таңғы шәйді бәрі апыл-ғұпыл ішкен болды. Бейсенбай таң атар-атпастан малын жайлауға айдап, Арынғазыны сонда қалдырып, өзі шамалыдан кейін қонақтарға келіп, олармен бірге түнде қалған тамақты жылыттырып ішті, сосын өткен-кеткенді еске алып, Ахметжан

мен Қаламқас құдағиымен оның әңгіме құра бастағанын пайдаланып, Зылиха сыртқа шықты.

Анасына көмектесіп, табаға нан салып, ошақтың астындағы шоққа оны көмуге ыңғайланып жатқан Күләндаға қарай барған Зылиханың жүрегі дүрсілдеп, алқымына тығылғандай болды да, ол ентігіп, басын ұстаған күйі, жүресінен отыра кетті. Құйқасы шымырлап, басына қан шапшығандай, аузымен ауа қармап, екі беті алабұртып, бір кезде, ол көмекке шақырғандай қолымен ишарат жасап, естүссіз құлап түсті.

«Жаным апа-ау, апатайым-ау, көзіңді ашшы, – деп Күләнда шырқырап, Аршагүл шелектен бақырашпен мұздай су алып, бетіне бүркіп жатыр, бір кезде Зылиха ыңыранып ыңырсыды да қайтадан үнсіз қалды. Зәресі ұшып, құты қашқан жеңгесі үйге кіре үрейлі дауысымен: «Еркежан қиналып жатыр, ойбай, енді не істейміз, енді...» – деп безектеп қайтадан сүрініп-қабынып іштегілермен бірге сыртқа жүгірді. Қайынсіңлісін еркелетіп ол оның атын да әлі атап көрмепті. Зылиханың жанына бірінші болып жеткен Ахметжан дереу оның маңдайына алақанын қойып, қызуын байқады, қолындағы сағатына қарап отырып, тамырын ұстады да, жүзі бозарып кетті, бәрі үрпиісіп оған қарап тұр, жүздерінде «мал дәрігері ғой, өзі көмегін берер» деген үміт бар. «Бұл жерде не дәрігерлік бөлімше, ия дәрі-дәрмек жоқ, жағдай оңай болмай тұр, қан қысымы жоғарылап кеткен екен, тамыр жарылып кетуі мүмкін-ау», – деп ойлаған Ахметжан, күйзеліп кетті, сосын күннің астында жатқан Зылиханы еппен көтеріп бауырына құшып алып, үйге кіргізіп, жердегі көрпешеге жатқызды да, жаңа ғана тамақ ішіп келу үшін қойын бір қойшы балаға тапсырып келген Арынғазыны саз балшық тауып әкелуге жұмсады. Бейсенбай баласы екеуі асыға атқа мінгесіп, шауып барып ауыл шетіндегі кішкене көлшіктің жағасынан бір шелек саз балшық әкелген, соны Зылиханың аяқ-қолына жағып, өзі ішкі ышқыныстан қара терге түскен Ахметжанның үстіндегі көйлегі сығып алатындай су болған еді. Сыртта зәр имандары қалмай тұрған Қаламқас шешей, Аршагүл, Күләнда үшеуі Құдайға жалбарынып тұр. – Жаратқан ием, кішкентайынан бауыр басқан келініме жар бола гөр! Ахметжанға нәресте сыйлай алмадым деп әбден ішқұса болған, алтыным-ау, нең бар еді сонша жаныңды жеп, тағдырдың салғанына көнбедің бе, өзіңді де,

жанындағыларды да арпалысқа салып қойған, қалқам-ау, аман болшы, аяғыңа тұрып кетші, сендердің алдыңда Құдай мені алсын! – деп күңіреніп тұрған қарт анаға жаны ашыған Күләнданың басы салбырап кеткен, ол өзін кінәлі сезініп, кешегі айтқан ауыр сөздеріне енді өкініп, Зылиханың тілеуін тілеп жылап тұр. Аршагүлдің басы салбырап, осыған дейінгі қайынсіңлісіне деген ыза-наласы үшін Құдайдан кешірім сұрап, әйтеуір, ақыры жақсы болса екен деп, аяғынан әл кетіп бара жатқан соң, ол есік алдында жатқан бөрене ағашқа отыра кеткен.

Зылиханың анасы мен Бейсенбай екеуі шешелері бөлек болғанмен, бір әкеден туған, басқа жиендеріне қарағанда ол осы аңқылдаған Зылиха қарындасын өзіне жақын тартады, өйткені, ол әрдайым «көкелеп» келіп кетеді, анда-санда бұл олардың үйіне барғанда күйеуі екеуі асты-үстіне түсіп, сый-сияпатын көрсетіп, жаны қалмай жүгіріп жүргендері. «Жақынға бауыры езіліп, жатқа сыр бермей, ішіндегі мұңын жұрттан жасырғанымен, кейде өзімсініп маған айтып, шерін тарқатып тұрушы еді. Ішінен тағы тынып жүр екен ғой, айналайын-ай. Осындай ниеті ақ пендеңе не ғып бір нәресте бермедің, ей, Тәңір! Кім болса соған сыйлап жатқан ұрпағыңды Зылихадай асыл жанға қимағаның қалай, әлде бәрін бір басқа берсең артықтау болады дейсің бе?» – деп Бейсенбай Жаратушыға өкпесін айтып, қарындасының құлап жатқанына жүрегі ауырып, енді саз балшықтан бір шипа болып қалар деп үміттенеді. Осылай бәрінің үрейлері ұшып, құттары қашып тұрғанда үйден Ахметжан шықты.

– Құдай сақтап қалды ғой, көзін ашып, сөйлеуге шамасы келді, миына қан құйылып кете ме деп қорқып едім, қан қысымы өте жоғарылап кеткен екен. Саз балшық көмектесті, біраздан кейін тағы керек болады, Арынғазы, жаңасын жеткізерсің. Қазір Зылиха дем алсын, жанына бармай тұра тұрыңыздар, апа деп жасаураған жанарын жасыра алмай ол анасына қарады. – Жылай бермесеңіздерші, ауырған адам бәрін сезіп жатады, оған ауыр болады, жыламай тілеңіздерші», – деп ол абдырағанын көрсеткісі келмегендей, қайтадан ішке кіріп кетті.

Зылиха бір қатерден аман қалды. Өзі қатты қорыққанын жақындарына білдірмеуге тырысып, әлсіз езу тартып: – Мен көп еркелеп кеттім-ау деймін, нағашыларыма келіп

назданғаным ғой... Шүкір, қазір жақсымын», – деп түстен кейін Зылиха өзіне-өзі келгенін дәлелдегісі келіп сөйледі, бірақ дауысы дірілдеп, әрең шықты. Бейсенбай көкесі қуанып: – Айналайын Зылихажан, сенің қандай еркелігің болса да біз көтере берейік, тек сауығып, ортамызда аман-есен жүрсең болды, – дегенде Зылиханың ішкі күйзелісінің көбесі ашылып, көкірегі жеңілдегендей болды. Аршагүл жеңгесі жердегі үш қабат көрпешенің үстінде жатқан Зылиханың жанына келіп отырып, қайынсіңлісінің қолын жәймен ұстап: – Еркежан, қалайсың? Сенің қалағаның болсын, тек тезірек айығып кетші, ауырмашы, – деп көзінен аққан жасын тия алмаған, оған риза болған күйеуі: – Қой, жылама, Зылиханың көңілін бұзба, онан да оған айран қатқан көжеңді бер, тамағыңды әкел, енді беті бермен қарады ғой. Саз балшықтың кереметі көп екен-ау, а? Мына Ахметжан маладес, оқыған адамға кім жетсін, – деп Бейсенбай бәрінің қапаланған көңілін көтергісі келіп сөйлеп қояды. Ахметжан мен Қаламқас шешей де енді-енді естерін жиғандай, бірақ Зылиханың жағдайы әлде қалай болар екен деп алаңдап, іштей дегбірсізденгенін сездірмеуге тырысып, сыр бермеген болады. Ахметжан ауық-ауық Зылиханың тамырын ұстап, оның жағдайын бақылап отыр. Арынғазы да апасының көңілін сұрап кіріп шықты, тек Күләнда келген жоқ. Ол тыпыршып, не істерін білмей сыртта жүр. Жүрегіндегі Зылиха әпкесіне деген жылуын, оның қандай жақсы да әсем жан екенін, араларындағы соңғы жағдайларға қарамастан, ақыл-парасаты мен адамгершілігі үшін оны өзіне үлгі тұтатынын оған жеткізгісі-ақ келеді, бірақ жақындардан ыңғайсызданып, қасына бара алмайды.

Түн болды, таң атты. Ахметжан көз ілген жоқ, Зылиханың әрбір тыныс алысын бақылап отырған оның көз алдында Зылиха екеуінің өмірінің қызықты сәттері бірінен соң бірі тізбектеліп өтіп жатыр. Міне, мектеп бітіруге таянған кез. Зылиха екеуі оның үйінде емтиханға дайындалу үшін оңаша қалған. Қатарласып шағын үстелдегі кітапқа үңіліп отырып, оқудан жалығып кеткен Ахметжан тағатсыздана бастады, сосын сол қолын ол Зылиханың иығына салып, оған басын тірей бергенде, байқаусызда екінші қолы қыздың төсіне тиіп кеткен. Сол сәтте оның бойы тыз ете қалды, жаны балқып, бір рақат сезімге бөленіп бара жатқандай еді, Зылиха оның қолын қағып жібергенде, ол қызарақтап орнынан атып

тұрып, есіктен шыға жөнелген. Сол күннен бастап Зылихаға деген оның жанында бұрынғыдан бір ерекше ынтықтық сезімі бой көтерді. Баландық пәк сезіміне тән құмарлығы қосылып, Ахметжан енді Зылиханы аймалап сүйгісі келеді, жанына жақындағаннан буындары босап, өзін әрең ұстайды. Зылиханың бірбеткейлігін білетін ол, құрбысын ренжітіп аламын ба деп қорқады. Кейін студенттік шақтың үшінші курсына дейін ол Зылиханы ернінен сүюге батылы бармай, өзін-өзі тежеумен, тек маңдайынан иіскеп, арқасынан құшақтап, ойын-шыны аралас қалжыңдап: «киіктің лағындай әзірше секіріп жүре бер, құралайым, кейін құшағымнан шыға алмай қаласың ғой», – деп күліп, екеуі мәз-мәйрам болып, Зылиха оны арқасынан ұрғыштап, бір-бірімен жас балалардай алысып, қуысып ойнайтын еді-ау... Жатақханадағы бірге тұратын ересектеу курстағылар Ахметжанды өздерінше үйретіп, баулыған болады: «Өй, сенікі қызық екен әлі қызбен сүйіспей жүрген. Мүмкін, ол сенен батылдық күтіп, ыстық құшағыңа енгісі келіп, оны білдіруге ұялшақтап жүрген шығар. Сен немене өзің жігіттік әрекеттен қорқақтайсың ба?. Алдымен жігіт бірінші болып қадам жасауы керек, қыз «кет әрі» десе оны көре жатарсың. Давай, шын оны жақсы көрсең қазірден оған ие болмасаң, ондай әдемі қызды басқа біреу қағып түсірсе қайтесің? Қыздар геройларды жақсы көреді, смотри, одан айырылып қалма!» – дегенде, Ахметжан: «Зылиха ондай қыз емес. Біз кішкентайымыздан біргеміз», – деп оны қайырып тастаған. Кейін сол жігіттердің ішіндегі ең сымбаттысы – Нұрлан, әдейі Зылиханың соңынан жүгіріп көрген. Зылиха оны маңына да жуытпапты. Содан кейін ол бөлмедегілердің бәрінің көзінше: «Бұл Ахметжан осал жігіт болмады, мен де өзімді қыздардың королі санаушы едім, мұның Зылихасы мені менсінбеді, соған қарағанда мына ақсары баланың бізден артықшылығы көптеу болуы керек. Бойында бір мін жоқ бойжеткеннің жүрегін жаулап алыпсың, жарайсың, жігітім!» – деп мұның қолын әбден қысқан болатын.

Осылай Зылиха екеуі төртінші курсқа дейін шыдап, оқу аяқталып, диплом алуды күтіп жүрген кезде бір саяжайда бұлар алғашқы рет ер мен әйел арасындағы ләззат дәмін татқан еді. Сол күнгі екеуінің қауышу сәті есіне түссе әлі күнге дейін Ахметжанның тұлабойы балқып қоя береді. Зылихашының тамағының астындағы жұпар иісін айтсай-

шы! Сүйікті жарының сол табиғи ерекшелігін ол бүкіл дүниенің байлығына айырбастамас, тек Зылихашы жанында болса, оның ерке қылығына бұл тұсалып, балбыраған тәнін күнде аймалап жүре берер еді-ау... Өзіне де қанша әйел көз тастап, торына түсіргісі келетіндерін байқайды, бірақ олардың бәрі Зылиханың қасында нұрсыз болып көрінеді. Өз жарындай ешкім оның өзегін өртей алмайтын секілді, тіпті басқаға жолағысы да келмейді. Аңыздар мен қиссалардағы махаббатта бұл екеуіндей ғашықтардың сезімінің құдіреттілігін көрсетпей ме? Өмірде біреу өзінің жұбын табады, біреу оны кездестірмей мүлдем өзіне жаны жат біреумен қосақталып, түсінісе алмай өтеді, бірақ ұрпақ өрбітеді. Ондай жұптасудан туған баланың да жан-дүниесі ашылмай қалуы мүмкін, өйткені, ата-анасы бір-бірін сезе алмаған. Ал қосағының қадіріне жетіп, шынайы ұғысып, жақсы көргендерден туған ұрпақ мейірімді де көңілдері ашық, жүздері жарқын, себебі, олар махаббаттан жаралған. Сүйе алатын жүрегі бар жан бақытты, өйткені оның бойындағы қуаты артып, қасындағыларды қуанышқа, шаттыққа бөлеп, жылуымен жұртпен бөліседі. Жалпы, ғашық жандардан тарайтын сезім күші жанындағылардың жан тебіреністерін арттырып, оларды әсемдікке ұмтылдыратыны белгілі ғой.

Ахметжан Зылиха екеуінен бір нәрестенің жоқтығына біраз күйзелгені рас. Кейін оған да «тағдырдың басқа салғаны да, тек Зылихашқа қиын болды ғой, өзін кінәлап, әбден қиналып жүріп, денсаулығын құртып алмаса болар еді», – деп ойлаған. «Мені қайтсем де ұрпақсыз қалдырмаймын деп жүріп міне, енді мына бір сіңлісіне ұрындырғанын қарашы. Қайдан ғана сол күні іше қойып едім, жолдастардың үйінен қалай келгенімді де білмеймін, Зылиха екен деп жанына барып, Күләндасы бар болғырдың үстінен бірақ шыққанмын ғой, қалай ештеңе сезбегенмін сонда, Құдай тас төбемнен ұрып, оның қыз екенін де байқамағанмын ба, адам тозаққа түскісі келсе, арақ ішуі керек екен, ә? Істерімді істеп болып қатты ұйықыға кетсем керек. Таң ата Күләнданың еңіреген дауысынан оянып кеттім. Не болғанын білмей есеңгіреп, басым салбырап отырып, ақ төсенгіштегі қанға қолым тигенде барып, не істегенімді түсініп, мына масқарадан жерге кіріп кете сақтадым, қарабет болып қалғанымды сонда бір-ақ сездім. Күләндаға

қарауға бет жоқ, үйден шыға жөнелгенмін. Боздаған күйі ол сол күні кетіп қалыпты. Әйтеуір, аман-есен үйіне жеткенін сол жақтағы таныс мал дәрігері жігіттен біліп беруін сұрап, хабарын алдым. Осындай, масқара болған басымды қайтерімді білмей, іштей тынып, күнде өзімді арақпен алдап жүргенімде, үйге қыдырып кеткен анам келген, мен масаң күйімде ол кісіге болған жағдайдың шет-жағасын сездіргенмін. Анам сонда: «Мұның бәрі Зылиханың өзі ойластырғандай болған», – деген еді. Әй, Зылихашым-ай, сау басыңа ауыру тілеп алдың-ау, нең бар еді сонша жанталасып. Ол неме әлдеқандай болып жүр ғой өзі, сені жалындырып. Тек мына тумаларыңның қызы болғандықтан, ұятым бетіме шығып тұр, әйтпесе, жасы отыз беске келген кәрі қызды сонша саған мұрнын шүйіртіп, мен тіріде қояр ма едім, жаным-ау. Енді сенің жатысың мынау, ертең бетің бермен қарап, жолға шығуға жарасаң, Қармақшыдағы дәрігерлерге көрсетіп, уколын салдырып, Тереңөзекке жеткізсем, сондағы ауруханаға жатқызып емдетемін. Сен жазылып кетсең болғаны, маған басқа ешнәрсе керек емес, асылым менің, жұпар иісі аңқыған», – деп іштей еміреніп, өзімен өзі сырласқан Ахметжан жарының тамағынан құшырлана иіскеп-иіскеп алғанда, ол оянып кетті. «Әлі ұйықтамағансың ба, шаршадың ғой, неге жата бермедің, уайымдама, шүкір, бүгін жақсымын, үйге қайтайықшы», – деп Зылиха да күйеуінің бұйра шашынан сипап жатыр.

Құдайдың қарасқаны шығар, ертеңіне сәскеге қарай Зылиха аяғына тұрды. Бәрі қуанып, оны аялап жүр. Қармақшыға баратын түскі автобустан қалып қоймау үшін, Ахметжан бәрін асықтырып, тездетіп тамақтарын ішкізіп, Зылиханың да, өзінің де киімдерін ауыстыртып, киініп, жолға дайындалды. Аршагүл қайынсіңлісімен оңаша сөйлесуге оны ұзын дәліздің арғы бетіндегі түпкі бөлмеге шақырды. Жеңгесі Зылиханы құшақтап, толғана сөйледі:

– Еркежан, бізге ренжіме. Күләнда да не көрген дейсің, орта мектепті аудан орталығындағы интернатта жүріп бітіргеннен кейін, білетіні мал мен ошақ қасы болып қалған. Не құрбы-құрдастары жоқ, анда-санда бізге келіп кететін туысқандар мен тексеруші бастықсымақтар болмаса, сөйлесетін де ешкім жоқ, бұл жер мал ауылы, көбінесе, жастар мұнда тұрмайды, сондықтан қатарынан қалып қойды ғой сіңлің, енді үйден омалып шықпайды. Жасы болса, отыз

бестен асты. Өзі әбден ызақор болып алды, қайтсін, әр нәрсе өз уақытында керек ғой, жаратылыстың заңына қарсы тұру қиын. Қыздың өзі бір жағынан бір аяғының мүкісі болған соң қорланып, «бәрібір еш еркек мені алмайды» деп бәрінен күдер үзіп жүрген үстіне мына жағдайға душар болып, өмірден түңіліп кете жаздаған. Әйтеуір, білген ақылымды айтып, ешкімге тіс жармай, күйігіміз ішімізде, енді Құдайдан ішіне бала бітіп қалмаса екен деп тілеп отырған жағдайымыз бар. Негізі, Күләндамның аяғы кемтарлау болғанымен, ақылы бар, жаны да жайсаң, көңілі ақ. Енді айтарым, кешегі өзіңнің қалағаныңа мен бел байлап тұрмын, қызым өзіңнің жаныңа барып, Құдай бұйыртса, бастарыңды көбейтсін, алып кетуге аналық рұқсатымды бердім! Әкесі мен басқалары менен асып қайда барады дейсің. Қазір көкеңе ештеңе айтпай-ақ қояйық, кейін біле жатар. Ол саған қарсы тұрмас, өзіңді жақсы көреді ғой. Кеше түннің бір уағына дейін сыртта отырып қызыммен әбден сөйлестім. Ол түсінді де, келісімін берді. Ахметжан біздің бұл шешімімізге қалай қарар екен. Ол жағын өзің шешкен шығарсың. Еркежан, Күләндамды әуелі Жаратқанға, сосын өзіңе тапсырдым! Қор қылмассың, тұқымы жақсылардансың ғой, жаным, әруақтар қолдасын! – деп Аршагүл қайынсіңлісін бетінен сүйіп, көз жасын бұлатты. – Жеңеше, дана жеңешем менің! Сізге деген алғысым шексіз, осы іске өзіңіз дәнекер боларыңызға сенгенмін. Бәрі жақсы болады әлі. Күләнда үшін қам жемеңіз, мен тірі болсам оны ешкімге түрткі еткізбеймін. Апалы-сіңлілі екеуміздің арамыздағы бір Ахметжанның көңілін табармыз, Күләнда бізге құт әкеліп, бірге көктеп, көгерейік! Күләндашым қайда, шақыр, жеңеше, келсін, батаңызды беріңіз бізге!» – деп қуанышы қойнына сыймаған Зылиха, сіңлісін асыға күтіп, тебіреніп кетті. Әлдеқалай болар екен деп уайымдаған ісі осылай оңтайлы тез шешіле қояды деп күтпеген еді. Күмілжіңкіреп кірген Күләндаға Зылиха құшағын жайып, оны бауырына қысып тұрып: – Менен ағаттық кетсе, түсінікпен қарай біл, Күләндаш! Пендешілік бәрімізде де жетеді ғой, бірақ астамдық жасамауға тырысып, Құдайымызды ұмытпайық. Мен сенің, сен менің қадіріме жетіп, түсінісе білсек, бұл өмірде бөліп-жаратын ештеңе жоқ. Жанымыздан, санамыздан, істеген сауапты істерімізден басқасының бәрі алдамшы дүние ғой, қарағым-ай. Осы ұғымдарды ұстанатын болсақ, саналы да адал, дені сау ұрпақ

тәрбиелеп, соңымыздан қалдырсақ қана біз адамдық, аналық парызымызды өтей аламыз. Тек өз қарақан басымды күйттеп өмір сүру кесірлік деп ойлағандықтан, мен өзіңнің алдыңа басымды иіп келіп тұрмын, -деген Зылиханың сөзінен кейін Күләнданың көңілі босап: – Апатайым менің, сіз де мені кешіріңіз, мен өзіңізді әрдайым сыйлап өтемін, өйткені, сізді бала кезімнен өнеге тұтып, жақсы көріп өскенмін. Көп уайым шеге бермеңіз, ең бастысы, сіз ауырмай, жанымда болсаңыз, мен барлық қиындықты жеңіп шыға аламын, тірегім өзіңізсіз ғой, апа! Мен соңыңыздан еруге дайынмын, өйткені, сіздің ешқашан ешкімді сатпайтыныңызды білемін! Себебі, сіз шынайы сүйе аласыз, жүректісіз ғой, апа-ау! Жүректісіз! Жүректілер ешкімді де орға итермейді! – деп толғана сөйлеп тұрған сіңлісінің пайым-парасатына тәнті болған Зылиханың жаны елжірегенде, езіліп кете жаздады. Осылай бір-бірімен көрісе жылаған үшеуінің жан тебіреністерін: «Зылиха апа, сізді Ахметжан аға тездетсін, жолға шығатын уақыт болды деп жатыр», – деп асықтыра сөйлей кірген Арынғазының дауысы бөліп жіберді. Оған: «қазір, апам келе жатыр деп айтып бар», – деп Аршагүл қолын жайып жіберіп қайынсіңлісі мен қызына бар ықыласымен батасын берді. Зылиха мен Күләнданың бойлары шымырлап кетті.

Бір сағаттан кейін бұлар Қармақшы аудандық клиникаға жеткен. Қаламқас шешей де, Ахметжан да Күләнданың жолға бірге шыққанынан-ақ мән-жәйдің бәрін түсінді, бірақ еш сыр бермеді. Күләнда қарт ананың қолтығынан демеп келе жатыр, оның ескілеу шемоданын Зылиха Ахметжанға ұстатқызған. Сосын бұл екеуін сол маңдағы аурухананың жанындағы кішкене баққа кіргізіп, бір тақтай отырғышқа отырғызып, өздері емханаға кеткен. Қаламқас шешей біраз ентігін басқан соң жанындағы Күләндаға бұрылып: – Айналайын, мен барлық жағдайды білемін. Бақ бір отбасындағы пәленше адамның ішінде біреуіне ғана қонады деген бізден бұрынғылар. Сол бір жан маңайындағыларына құт сыйлап, жан-жағын гүлдендіреді, көркейтеді екен. Зылихажанды туғаннан Құдай өзі бізге бұйыртқан. Оның бізге берілгендігіне, ықыласына жұрттың көзі өтті ме қайдан білейін, әйтеуір, құрсақ көтере алмады. Күйеуі әулеттен жалғыз тұяқ болғандықтан, тұқымы елеусіз қалмасын деп Зылиха шырылдап жүр-ау қалқам-ай. Ахметжан десе жанын беруге

дайын ғой ол шырағым. Бөтенді оның маңына жуытқысы келмей, өзіңді таңдағаны саған сенгені, бүйрегінің өзіңе бұрғаны да. Біздің бағымызды ашатын, үйімізді сәби күлкісіне толтыратын өзің бол, қарағым, келші маңдайыңнан сүйейін! – деп Қаламқас шешей, бүкшиген белін жазып, түрегеліп, кеудесінен бүрілген ұзын, кең көкшіл жібек көйлегінің етегін жөндеп, өзі жақында тіккен сырты көк пүліштен, іші қара атласпен астарланған нымшасының үш түймесін де ағытып тастап, өзіне қарай еңкейе берген Күләнданың басынан ұстап, маңдайынан сүйіп, арқасынан қақты. Жарты сағаттай өткен соң Ахметжан мен Зылиха келді. Дәрігер Зылиханың қазір қан қысымы жоғары емес, бірақ жүрегі қаттырақ соғып тұрғанын айтып, дәрі егіпті, оның толық тексеруден өтіп, аураханаға жатып емделуі керек депті.

Сол күні кешке қарай олар жолаушы автобуспен Тереңөзекке жетіп, сосын «Шіркейліге» дейін баратын бір ескі «Уазикке» отырған. «Алдымен үйіме барып, дем алып, жуынып-шайынып, дайындалып дәрігерлерге барармын», – деп Зылиха аудан орталығында қалмады, әйтпесе, сол жердегі туған-туыстардың біреуінің үйіне қонақтауларына болар еді.

Дарбазаның кішкене қақпасының сыртындағы ілгегін сымынан босатып, аулаға енген олар мұнда екі күн емес бір апта болмағандай, қуанып, асыға жан-жағына көз тастап, үйдің есігіндегі қара құлпыны аша салып, бірінші Ахметжан кіріп кетті. Бәрі ыстықтап, терлеп-тепшіп, шаршаған. Есік алдында күмілжіп тұрған Күләнданың жанына барған Зылиха, ішке еніп бара жатқан енесіне:

– Апа-ау, үлкендігіңізді жасамайсыз ба, Күләнданы өзіңіз қолтығынан ұстап, оң аяғымен табалдырықтан аттатыңыз, сіз анасыз ғой, бұл да ана болсын! –деп өзі кейін шегінді. Ішінен: «менің жолымды бұған бермей-ақ қой, Құдайым! Қазақ ырымшыл ғой жаңа түскен келінді үйге кіргізу кәдесіне, тумаған әйелді араластырмаған. Сондықтан, мен кіріспей-ақ қояйын, апам өзі ырымын жасап, Күләнданың басына орамал салсын», – деп ойлаған Зылиханың көңілі босаңсып кетті, бірақ ол өзін тез қолына алды. Осылай Күләнда бұл босағаны дүйім жұртқа, туыс-жекжатқа түсініксіз жағдайда аттаған еді.

Екі күн өткен соң, тағы басы ауыра бастаған Зылиханы

Ахметжан аудандық ауруханаға апарып салды. Ахметжан Күләнданың пісіріп беріп жіберетін дәмді тамағын арқалап, тағат таппай, оның артынан күнәра келе берген соң, ол әрі қарай емделгісі келмей, шығып ауылына кетті. «Апатайым-ау, өзіңді сағындым ғой! Сіз болмасаңыз мынау үйдің ішін түнек басады екен. Бәріміздің сәніміз, шуағымыз өзіңізсіз! Енді сізді өзім күтемін, ауыртпаймын», – деп құшақтап, өзін сүйіп жатқан Күләнданы Зылиха еміренe бауырына басты. Үйдің іші тап-тұйнақтай. Күләнда енесімен екеуі бірнеше құрақ көрпеше тігіп қойыпты. Үй сыртындағы бақшадағы шыққан көкөніс, әңгелектердің хош иісі танауды жаратындай. Барлық тіршілік көңілді рақатқа бөлеп, жаныңа жай таптыратындай. Ахметжан бұрынғыша Күләндадан қашқақтап, жанына жоламай жүргенін енесінен білген Зылиха оны қазір қыспаққа алуға болмайтынын түсінді. Бір айдай уақыт өткен соң Зылиха Ахметжан мен Күләндаға төсек салып беріп, енді көнбесе, ол нағашыларының алдында масқара болатынын, онсыз да өзінің денсаулығы жоқ екенін күйеуіне батыра айтқан. «Мені сен түсінсең ғой, бұлай етпес едің. Әрқайсысыңмен арпалысып, жанымды шүберекке түйіп, қолымызды бір ұрпаққа жеткізейік деп мен жүрмін. Сен анаң мен екеумізді шын бақытты еткің келсе, бізге жас нәрестенің иісін иіскетуді ойлар едің ғой. Өкінішке орай, өз рақатыңды ғана күйттеп жүрген жан болып шықтың», – деген әйелінің шарасыз жанарын, дәрменсіздіктен «үһілеген» дауысын естігенде Ахметжанның оған жаны ашып кетті де: «Ақыры қоймадың ғой, әкел анау сіңліңді. Мүмкін, сен қасымызда жатып қарап жатарсың? Өй, сені көрдім, байының қойнына өз қолымен қатын әкеліп салғанды. Саған өзі не көрініп жүр, есің дұрыс па? Жұрттың әйелі еркегін өз қастарына жатқыза алмай әлек болса, сен басқаға бармаймын деген күйеуіңді біреуге бере салмақшысың. Әлде, менен жеридің бе? Олай болса ашық айт! Мүмкін, мен сені қанағаттандырмай жүрген шығармын? Жоқ, әлде, сенің ұрғашылығың кеміді ме? Не болды саған, жаным-ау?! Айттым ғой саған мен сенен басқа әйелмен жата алмаймын, сен мені дуалап алғансың о бастан, сонау балалық шақтан. Не істейін, енді? Сенің сөзіңді Ахметжан байғұс жерге тастай ала ма, көзімді жұмып, ауызы-мұрнымды жауып амалдап көрейін. Енді, кетші! Енең екеуің қыдырып келіңдер

түнделетіп», – деп шешіне бастаған Ахметжанның өзін қалдырып, ішіне басқа бөлмеде жүрген Күләнданы кіргізіп жіберді де, есікті сыртынан жауып, енесіне жүгіріп барып, оған: «сүйінші, Ахметжан көнді, біз тез шығып кетейік!» – деп ол кісіні қолынан жетектеп алып, сыртқа шығып, қуаныштан: «Апа-ау, біз де арманымызға жетіп, үбірлі-шүбірлі боламыз, әлі-ақ!» – деп Қаламқас шешейді сүйіп-сүйіп алды. «Ойпырмай, тіл-ауызым тасқа, Зылихажан, сендей кең пейілді әйел затын көрсем көзім шықсын! Құдай осы мәрт көңіліңе әлі береді жақсылықты, бергенде үйіп-төгіп береді, аңқылдағым-ау!» – деп қарт ана келініне риза болып, жаны жайраңдап, Зылиханы қайта-қайта өбеді.

Бұл үміті мен үрейі, толғанысы мен арпалысы аралас күндер де жылыстап, артта қалды. Өмір деген сынақ үшін берілетініне Зылиханың қазір еш күмәні жоқ. Тек осы жолда төзім, жаратылыстың талабынан ауытқымайтын кеңдік, табандылық, қайсарлық, ең бастысы, адамдарға да жарық дүниеге де адалдық, жақындарды сүйе алатын жүрек, ұға алатын түйсік, өз жаныңнан тарайтын шуақ болса барлық қиындықты жеңуге болады. Сонда Жаратушы да саған өз қуатты күштерін көмекке жібереді екен.

Қазір Зылиха мен Ахметжан екеуі де алпыс жасты алқымдады. Қаламқас шешей жетпіс беске келіп, көп науқастанбай, қайтыс болғанына жеті жыл болды. Ол кісі алғашқы немерелерін – Арман атты ұл мен Сағыныш атты қызды Зылиха екеуі кезектесіп бағып-қақты, Біреуін мектепке барғанша, екіншісін бес жасқа келгенше белі бүгіліп, таяққа сүйеніп алып, қарт ана өле-өлгенше солардың соңынан қалмай, қызықтарына тоймай, айналып-толғанып, Аллаға шүкіршілік етіп, алғысын айтумен, бәріне риза болып, әсіресе, Зылиха келінін пір тұтумен дүниеден өтті.

Күләнда отыз тоғызында тағы бір ұл туды, оның атын Зылиханың өзі Әділжан деп қойды, алғашқы екеуінің есімдерін ол енесі мен Ахметжанға қойғызған. Күләнданың алғаш екіқабат болғанын білісімен, Зылиха Ахметжан мен өзінің заң жүзіндегі некесін бұздыртып, жарты жылдан кейін Күләндамен күйеуін некеге отырғызды. Ахметжанды әрең көндірді-ау. «Иттің ғана қатыны-ай, әбден ығырымды шығардың-ау, не менен ажырасып басқа байға шығайын деп жүрсің бе? Қойсайшы енді, бір бәлеге ұрынбай тұрғанымызда. Мен ешқайда бармаймын», – деп басын ала

қашқан оған: «Әй, тұқымың жайылғыр, болды ғой енді, шолжаңдағаның жетер, анау іштегі сенен жаралған нәрестенің төлқұжатына ертең әкесі жоқ деген баттиған жазу жазылса, бала үшін ол қасіретпен тең, жүрегіндегі қара дақ өмір бойы кетпей, ол іштей қорланып өтеді, соны түсінсейші. Өзің соғысқа кеткен әкеңді көрмесең де, құжатыңда әкеңнің аты тұрған соң сен ешқашан да «әкесіз» деген атқа ие болған жоқсың, сондықтан сенің жүзің жарқын, көңіліңде қаяу жоқ», – деп шырылдап жүріп, Ахметжанның жүрек түкпіріндегі жанашырлық сезімін оятып, оны аудандық некеге отырғызатын мекемеге зорға ертіп апарған. Ертеңіне үйге молда алғызып, мұсылманша некесін қиғызып, ауылдастары мен туған-туысқандарын шақырып, кішігірім беташар жасаған. Ахметжан мен Күләндаға жұрт батасын беріп, Зылиханың бұл қадамын көбісі құптады, даттағандар да болды. «Бұл ескілікті насихаттап, қоғамымызды артқа сүйрейтін үрдіс қой. Қазір жиырмасыншы ғасырдың 1983 жылы, бүкіл дүние жаңаша ойлап, өркениетке ұмтылып жатқанда, тоқалдық деген не сұмдық! Бұл әйел затын қорлау ғой, бұған жол беруге болмайды, өзіміз феодалдықтан зорға құтылғанда, мыналардың мұнысы несі, әйелдерді, қыздарымызды мазақ еткені ме, мұны бұлай қалдыруға болмайды, жоғарыға жазу керек», – дегендер де табылды көпшіліктің ішінен. Бірақ көпті көрген үлкендер мұндайларға тойтарыс беріп, бұл жанкештілік ұрпақ үшін жасалып жатқандығын түсіндіре білді.

Сол неке қиюдан бірнеше күн өткен соң Бейсенбай көкесі мен Аршагүл жеңгесін үрімбұтағымен, басқа да нағашыларын, Аршагүлдің бауырлас ағайындарын арнайы, өздерін бөлек шақырып, Зылиха мен Қаламқас шешей, ауылдастары мен жекжаттарының көмегімен бірге жақсылап күтіп, сый-сыяпатын, жоралғы-кәделерін жасады. Бейсенбай көкесі біраз үндемей отырып, арақ ішке барған соң Зылиханы нысанаға алып: – Ойпырым-ай, Зылихажан-ай, сенен мұндай қулық, әккілік күтпеп едім. Мұрнымның астынан қызымды ботадай жетектеп қалыңдыққа алып кеткеніңді байқамай да қалыппын, әйтпесе, бір тулап қалатын едім ғой. Көкеңді қатырдың. Мына сорайған жеңгең де менен сонша уақыт жасырып жүрді, «Еркежан ауырып жүр ғой, біраз жанында болып, көмектессін деп жібердім», деген соң мен сендім. Дегенмен, Зылихажан, сен маған түсін-

дірші, мен малдан басқа ештеңе білмей қалған қойшымын, мүмкін, қазіргі өмірден мақұрым болып қалған шығармын, осылай жасап жатқандар бар ма өзі, бәйбішелер күйеулеріне тоқал алып беру дегенді айтамын. Онда мына жеңгеңе айтсайшы, өзі титықтап шаршап қалды, маған да біреуін алып берсеңдерші, бұл бір жақсы бастама ғой. Міне, оқыған әйелдер қандай, ә, ата-бабалар дәстүрін жаңғыртып, кертартпалық, қызғаншақтық, менмендік дегенді білмейді, қойнындағы күйеуін де басқалармен бөлісе салады», – деп оған тиісе сөйледі. Зылиха ыңғайсызданып қалды да, көмейіне келген өксікті жұтып, үндемеді. Бірақ оның сөзін өзімен бірге қызметтес Шәрбану атты келіншек сөйледі. «Ағасы, сіз қалай айтсаңыз да біз көтереміз, себебі сіз бұл жолы құдалық жолмен келіп отырсыз. Өзіңіз Зылиханың туған нағашысы екенсіз, қуанбайсыз ба, осындай ұлағатты қарындасыңыз бар болғанына. Ол асыптасығандықтан, осы жағдайды жасап отырған жоқ қой, оны өзіңіз де бізден артық білесіз. Онан да осы шаңыраққа бақ қонсын деп тілейік. Сәбилер бірінің артынан бірі дүниеге келіп, сіздер мен біздер осында шілдеханаға келе берейік. Күләнда қыздарыңыз осы үйге құт, береке әкелсін, енді сол үшін алып қояйық!» – деп ол басталып келе жатқан өкпеназды тойтарып, келгендердің бәсеңсіген көңілдерін көтеруге тырысты. Кейін Бейсенбай көкесі қызып қалып, Зылиха мен Күләнданың маңдайларынан кезек-кезек сүйіп, жылап та алды. Ахметжан жаңа үйленіп жатқан жас жігіттей, қашқақтап, көбінесе, сыртқа шығып, жолдастарымен темекі шегіп жүр. Екі рет күйеубала болғанымен құттықтап, әзілдеген достарына ол кіржіңдеп, қабағын түйіп, жұдырығын көрсетіп қояды. Қонақтардың бәрін риза қылып, кішігірім тойын жасап, Қаламқас пен Зылиха үлкен парыздарынан құтылып, иықтарынан бір ауыр жүк түскендей рақаттанып қалды.

Күләнданың осы шаңыраққа берілгендігі соншалықты, екіқабат кезінде де бір тыным таппайды. Зылиха оны қорғаштап, үйдің тірлігін көп істетпеуге тырысады. Қисық аяғы ақсаңдап жүріп-ақ ол біраз шаруаны тындырады. Алғашқы кезде ол Ахметжанды әдетінше «жезде» деп қала беретін, кейін Зылиха оған «ағасы» деп айытқызды. Ахметжанды Зылиха бір жылдай Күләнданың жанына бақанмен итергендей етіп барғызатын, кейін ол бір бала туған соң, еті

үйреніп, екеуінің жанына өз кезегімен жатып жүр. Ол Зылиханы баяғыша өліп-талып жақсы көреді, әлі күнге дейін «сенің жұпарыңа қанатын емеспін» деп оңашада оның омырауын ағытып жіберіп, аймалап, иіскелеп, құшырлана сүйіп жатқаны. Зылиха мұндайларын Күләнда сезіп қалмаса екен деп, оның алдында өзін кінәлідей сезініп, қымсынады. Жастары алпысқа келген соң, Ахметжан екеуінің бір-біріне деген ынтықтық, албырттықтары бәсеңситін шығар деп ойлаған Зылиха, қайта қартайған сайын бір-біріне деген ыстық сезімдері бұрынғыдан да айқындала түскенін көріп, бұл Құдіреттің берген сыйына риза болып, оңашада Жаратушыға алғысын жаудырады. Күләнданы да адал, ақылды ғып өздеріне бұйыртқанына Тәңірге құлшылық етіп, Зылиха оның ақ көңіліне қаяу түсіріп алмауға тырысады. Оның кейбір оғаш қылықтарын жайлап түзеп, анда-санда отбасы, ошақ қасында болатын майда-шүйда әңгімелерге үйір болмауға, қатын-қалаштың қитұрқы сөздеріне ермей, сезімді әрдайым ақыл таразысына салуға тырысуды үйретеді. Жұртпен қарым-қатынастағы ұстамдылық пен пайымдылыққа мән беріп, өнегелі әңгімені зердеге тоқып алуды, амалы, айласы көп адамдардың ортасында әрдайым әліптің артын бағып сөйлеп үйренуді, көрген-білгенді, ойындағысын кез-келгенге ақтармай, адамның сөзінен, көзқарасынан сыр аулауды аңғарткызып, Күләнданы ол көпшілікпен араласа білуге баулып, біраз тәрбиелеп алды. Күләндаға жарасымды тәуір киім-кешекті өзі ауданға, қалаға барғанда таңдап әкеледі, сөйтіп, оның талғампаздығын арттырып келеді. Қазір ол баяғы арық қара қыз емес, толықсып, бота көздері жайнап, жайраңдаған әп-әдемі келіншек болған. Жұрттың алдында өзін ұстай біледі. Зылиха оған әрдайым: «Ешкім ешкімнен артық емес, бәрі пенде, тек адамдар жақсы қасиеттері мен ақыл-парасатымен, дарынымен ғана ерекшелінеді. Өзіңнің де, өзгенің де қадірін біл, асып-таспа, көкірегіңді керме және төмендетпе... Біреуге кектенсең қалай өзің соның шылауында қалғаныңды байқамай қаласың, өйткені, ойлайтының өш алу болады да тұрады. Өзіңді қалай сезінсең өзгелер де сені солай қабылдайды. Еңсесі суға кеткендей ыбылжып жүргендердің қасынан жұрт қашады. Адам жан-жағына серпіліс туғызып жүрмесе, жанындағыны алға жетелейтін бойында тегеуріндiлігі болмаса, оған ешкім ұмтылмайды», – деп Зылиха Күләнданы жігерлендіріп, оның көкірек көзін аша түседі.

Күләнда мен сәбилерді еркелетіп, олардың жағдайларын ойлап, тамағын, киім-кешегін қамтамасыз ететін де өзі. Ахметжанның әкелік сезімін ояту үшін, оған балалардың әрбір қылығын жеткізіп, оларға әкесінің асыл қасиеттерін, мінез-құлқының ерекшеліктерін, жақсылықтарын, өздерінің өмірлерінің қызық сәттерін, аталары мен әжелерінің бастарынан кешкендері жайында, олардың қандай адам болғандарын дастандай ғып айтып отыратын да Зылиха. Нағашыларына, туған-туысқа жақындатып, балалар оқшауланып, шеттеп қалмасын деп оларды қыдыртып жүретін де өзі. Үлкеніне де, кішісіне де бас-көз болып, ақылын айтып, көңілдерін көтеріп, жақсылық жасауға жандарын құмар етіп, жамандықтан бойларын аулақ ұстауға үйрететін үлкен Апа болу бақытына ие болғанына ол тәубе етіп, бәрінің тілін табуға тырысады. Үйдегі берекені қашырып алмай, бірлікті арттырып, Құдайдан тілеп алған осы өсіп келе жатқан ұрпақ үшін ол өзін аямайды. Тыным көрмей, сыртта есепшілік қызметін атқарып, үйде балаларды тәрбиелеп, оқытып, оларды ертең үлкен азамат етіп шығарып, ұлдарды ұяға, қызды қияға қондырсақ деп армандайды Зылиха. Күләнда да апасының көңілін қалдырған емес, ол жанында болса, барлық қиындықты жеңіп шығатындарын біледі. Апасы анда-санда ауырып қалғанда, ол жанын қоярға жер таппай, оның жағдайын жасаумен тыным таппайды. Ахметжанмен Күләнда әлі ашылып көрген жоқ, оған сол «сіз» деген қалпынан айныған емес, себебі, оның жаны Зылиха апасымен бірге екенін біледі. Өзіне де, балаларға да жантәнімен берілгендігі, аппақ кіршіксіз махаббаты үшін ол апасына шексіз риза. Анда-санда Күләнда пенделікке салынып, өзінен-өзі жарылып кете жаздап, бұлқан-талқан болған кездерінде Зылиха оны сөзбен осып-осып, тез сабасына түсіреді. Тәубесіне келіп, ашуы қайтқан Күләнда біраз үнсіз басын салбыратып жүріп алады, сосын апасы оны аяп, қайтадан жылы сөзін айтып, өзіне қаратады. Зылиханың нәзік жаны бәрі үшін шырқырайды. Оның жүрегінде жанып тұрған махаббат шырағы жан-жағын қуаттандырып, мейірімге баулиды.

Ия, сүйе алатындардың жанында әрдайым жан дүниең жарқырап, қасиеттерің ашыла түседі, олармен бірге биіктейсің!

# МАҚАЛАЛАР



## ЖАЙСАҢ ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ШАПАҒАТЫНАН ӨРКЕНДЕГЕНМІН

(*Қазақ сатирасы көшбасшысының бірі, көрнекті ақын Асқар Тоқмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына*)

1965 жылдың көктем айының бірінде мен Асқар Тоқмағамбетов ағаны алғаш рет көргенмін. Ол кезде Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінің екінші курсында оқимын. Осы облыстың Тереңөзек ауданындағы орыс мектебінің сегізінші класын бітіріп түскенмін. Бұл училищенің ерекшеліктері көп, мұнда Қазақстанның, тіпті Ресейдің Орынборы, Челябінскісі, Саратовынан да қазақ қыздары келіп оқиды, себебі бұл оқу орны толығымен мемлекеттің қарамағында, тамағы да, жатақханасы да тегін және де қыздардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Училище директоры Рысбекова Ұлмекен Ыбырайқызы еді, біз үшін ол кісі ең сымбатты, ең аяулы жан болып көрінетін, оның бойындағы асыл қасиеттеріне, парасаты мен ұлағаттылығына, зиялылығына, аналық қамқорлығына тәнті болып өстік. Мұндағы әрбір ұстаздың шәкірттеріне деген ықыласы мен риясыз көңілдері, беретін сапалы білімдері ерекше еді. Жасөспірім қыздардың қабілеттерін аша түсуге барлық мүмкіндіктер жасалған осы училищеде ән-күй, би, көркемсөз, спорт үйірмелері болатын. Осы училищенің музыка

пәнінің мұғалімі Михаил Цой жетекшілік ететін «Сыр сұлуы» атты көркемөнерпаздар ән-би ансамблінің өзі Кеңес Одағының түкпір-түкпіріне, шетелдерге де барып, талай жүлделерге ие болған. Спорттың да әр саласынан чемпион атағын жеңіп алған қыздарымыз баршылық еді. Қыздарды осындай ізгілікке баулып, қабілеттерін ашып, бойларына өмірге деген құштарлық сезімін ұялата білген бұл білім мен өнер ұясына деген менің ыстық ықыласым мен ризашылығым көл-көсір.

Мен бесінші кластан бастап, орыс тілінде өлең жазып жүретінмін. Училищеге түскен соң әдеби үйірмеге қатыса бастадым. Біз түскен жылдан бір жыл бұрын мұнда орыс тілінде оқытатын бөлім ашылған екен, онда тек балабақша тәрбиешілерін дайындайды. Әдеби үйірмеге жетекшілік еткен қазақ әдебиеті пәнінің маманы, өте талантты ақын Сәнімкүл Желдербаева апай. Ол кісінің жүзі суық болып көрінгенмен, жаны нәзік, өзі өте мейірімді, әрбір қыздың жан-дүниесіне үңілуге тырысып, бәрімізге рухани тірек болып, әдебиеттің эстетикалық мәні мен нәрін біздің алабұртқан көңілімізге құя білді. Сәнімкүл ақынның «Қазақтың келіндері-ай» атты өлеңіне жазылған әнді бүгінде шырқамайтын қазақ жоқ шығар, бұл қазақ келіндеріне арналған ғажайып Ода болды.

Менен бір курс жоғары оқитын, орыс тілінде өлең жазатын Лиза Баянқұлова да осы үйірмеге қатысатын. Ол мені қамқорлыққа алып, ақыл-кеңесін беріп, оқыған кітаптарымен ой-пікір бөлісіп тұратын. Сұңғақ, ұзын бойлы, осы әдемі қыз кімді болса да кішіпейілдігімен, ақжарқын мінезімен өзіне үйіріп алатын. Бірде Сәнімкүл апай менің өлеңдерімді орыс ақындарына көрсетуді Лизаға тапсырды. Лиза мені Дмитрий Шапошниковпен таныстырмақшы болып, екеуміз ол кісінің жұмыс істейтін жеріне бардық... Ол тым ұзын бойлы, арықша келген, жасы қырықтардан асқан, өте мәдениетті кісі екен. Лиза екеумізді қадірлі қонағындай қарсы алды. Жаңадан шыққан біраз Ресей ақындарының кітаптарымен таныстырып, сосын біздің неге келгенімізді білгеннен соң дереу әкелген өлеңдерімді қарап шықты да: «Вполне грамотные стихи», – деп біраз жерлерін өңдеп, «газетке бастыруға атсалысып көрейін», – деді де, редакцияға телефон шалып, өлеңдерімді ұсынды.

Осындай жақсы жандардың мейірімділігінің арқасында

менің алғашқы жырларымның жолы сәтті басталып, көп ұзамай, облыстық «Путь Ленина» газетінің бетінде бірнеше өлеңім жарық көрді. Содан бастап мен осы газетке шағын мақалалар, корреспонденциялар жазып жүріп, штаттан тыс тілші болдым. Кейін облыстық радиодан да репортаждар жүргізіп, өлеңдерімді оқып тұратынмын.

Бірде мен қазақ тілінде шығатын «Ленин жолы» газетінің мәдениет және әдебиет бөлімінде қызмет істейтін дарынды да ақпейіл ағаларыммен таныстым. Ол кезде бұл газеттің бас редакторы Ұзақ Бағаев аға еді. Қазақтың сыршыл да жаны нұрлы белгілі прозаигі Нәсіреддин092Сералиев газеттің мәдениет пен әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ол кісімен бірге сезімі телегей, ойы ұшқыр Қомшабай Сүйенішев істейтін. Сол кезеңдерде бұл газет редакциясында қазақ әдебиетін өздерінің нәрлі де айшықты туындыларымен байытқан жазушылар Адам Мекебаев, Саид Баязитов, поэзияда өздерінің айқын қолтаңбалары бар Базарбай Исаев, Балашбек Шағыров, талантты ақындар Серік Сейітмағамбетов, Жанұзақ Қожабергенов, Балтабай Тәжімбетов, Рысты Бақбергенова қызмет атқаратын. Бұл кісілердің бәрі де газет шығарудағы қауырт та жауапкершілігі мол, қиын жұмысымен қатар, өз шығармашылығымен айналысуға әрең уақыт тауып жүрсе де, мен сияқты қанатын енді жая бастаған жастардан қамқорлықтарын аяған емес. Қомшабай аға мен Нәсір аға менімен бірге балаша болмашыға ішек-сілелері қатқанша күліп, маған маңғаздана уағыз айта бастайтын, сосын бұртия қалған кейпімді көріп, екеуі қайтадан күлдіруге кірісетін еді-ау. Шіркін, сол кездегі пәк көңілдер-ай! Менің орысша жазған ортаңқол өлеңдерімді Адам Мекебаев, Балашбек Шағыров, Серік Сейітмағанбетовтей өресі биік ағаларым қазақша құлпыртып аударып, газетке бастыратын.

Бір күні Қомшабай аға мені Қазақстан Жазушылар одағының Оңтүстік Қазақстан өлкесінің Қызылорда қаласындағы «Ленин жолы» газетінің редакциясында орналасқан бөлімшесіне алып барды.

Төрдегі стол басында өзім оқулықтардан, баспасөз беттерінен суретін көріп жүрген Асқар Тоқмағамбетов аға отыр екен. Мен жақындап барып, қол беріп амандастым, ол кісі сәлемімді алып, жөн сұрастыра бастады. Қомшабай аға менің екі тілді де бірдей білетінімді айтып, мақтауымды

жеткізіп жатыр. Асқар аға біраз әңгімелескен соң: «Бізде қазақшадан орысшаға тікелей көркем аударма жасайтындар жоқтың қасы, мен өзіңдей қос тілде еркін сөйлеп, жазатын қызымызды көріп, қуанып отырмын. Сен аудармамен айналыс, көркем аудармаға бірден бет бұруға қаймықсаң, жолма жол аударып, алдымен тәжірибе жинай бер. Әзірше, мына менің кітабымнан өзіңе ұнағандарын аударып көр», – деді де маған өзінің сықақтар мен мысалдар жинағын ұсынды. Мен кейін сол кітаптан бірнеше жырларды орысшаға аудардым, олар газет бетінде жарияланды. Содан бастап мен қазақшадан орысшаға көркем аударма жасауға мүмкіндігім бар екеніне сене бастадым. Бірақ біраз уақыт қорқыншақтап, Асқар ағаның өлеңдерін, көбінесе, жолма жол аударып жүретінмін. Бірде Асқар аға маған: «Сен Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институты бар екенін білесің бе? Сонда көркем аударма бөлімі бар. Ол жерге кезегімен әрбір республикадан көркем аудармашылар тобына байқау жариялау арқылы студенттер қабылдап тұрады. Сондай бір қазақ тобында атақты ақын Олжас Сүлейменовпен бірге ұлы ақын-жазушы ағалар: Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің тағы басқалардың балалары оқыған еді, одан бері біраз жыл өтті ғой, енді сол институтқа Қазақстаннан тағы аудармашылар тобын алатын кез жақындап қалған болуы керек. Мен осы жайында сұрастырып білейін», – деді. Содан бастап менің көкірегімде Әдебиет институтына түсу арманы түлеген еді. Кейін бұл бақытқа ие болғанда, бірінші Аллаға, сосын Асқар ағадай бағыт-бағдар беріп, маған жол сілтеген биік тұлғаларға деген ризашылығым мен ілтипатым шексіз болды. Асқар ағаның өмірімнің бастауында бойымдағы қабілетті байқап, ынта-жігерімді қайрап, мені үлкен әдеби ортаға шығаруының өзі ол кісінің ұлылығы ғой. Өзінен кейінгілерге осылай қамқорлық жасай білу тек парасаты жоғары, жаны жайсаңдардың ғана қолынан келеді.

Асқар аға отыратын кең бөлмеге шығармашылықпен айналысатын жігіттер жиі жиналып, әдебиет төңірегінде әңгімелер өрбітетін. Алматыдан келген ақын-жазушылармен сол жерде кездесулер өтетін. Мен де сондай жүздесулерге барып тұратынмын. Өзімнің ұяңдығыма қарамай, ер-азаматтармен ер балаша сөйлесіп, кейін әдебиет төңірегіндегі пікірталастарға да еркін араласа бастадым.

Кеудесі тола от, теңіздей буырқанып, тебіреніп, жаралы қырандай тұрайын десе тұра алмай, қаламдастарының келуін тағатсыздана тыпыршып күтіп жататын сыршыл да жалынды, өр ақын Зейнолла Шүкіровтың үйіне мені Нәсіреддин және Қомшабай ағалар жігіттермен бірге ертіп алып баратын. Зейнолла ағаның анасы өте мейірімді, жібек мінезді жан еді. Ол кісі бәрімізді ақжарқын көңілмен, айналып-толғанып, кең дастарқанын асқа толтырып, қуана күтетін. Кейін ойласам, ғазиз ана Зейнолладай қасиетті ұлының өз әдеби ортасынан қол үзіп қалмауы үшін барлық мүмкіндік жасауға тырысады екен-ау. Ұзыннан жайылған дастарқанның бір енінде Зейнолла аға көпшікке жантайып, үлкен көзілдірігінің қалың әйнектері жарықпен шағылысып, жарқылдап, бізді әзіл-қалжыңмен қарсы алып, балаша аңқылдап қуанатын. Содан ол кісілер алдымен шай ішіп алады, сосын табақтардағы еттен жей отырып, әңгімелерді ағыта бастайды. Тарих, әдебиет төңірегіндегі әңгімелер айтылып, арасында ақын-жазушылардың мінез-құлықтарын айтып күліп алып, жыр оқуға көшіп, одан кейін жаңа әдеби туындылар жайында сөз болады. Зейнолла аға осы сәттерде шабыттанып, өзінің оқыған-түйгенінен түйдек-түйдек сыр шертіп кетеді. Сөйтіп ақтарылып-төгіліп, ол ішкі толқындарын сыртқа рақаттана бір шығарып алып, кеткелі тұрған бізбен қимай, әрең қоштасатын.

Асқар аға Зейнолла ақынның үйіне менің де барып тұратынымды есітіп: «Зекең керемет ақын ғой, әттең, тағдырдың ісіне шара бар ма? Төрт қабырғаға қамалып қалса да, қолынан бір сәт қаламы түскен емес. Ішінде сөнбейтұғын нұры бар ғой оның. Кейін Зейнолла ағаңның да өлеңдерін орысшаға аударарсың, мүмкін», – деген еді.

Асқар ағаның өлең жазып жүрген қыздарға қамқорлығы ерекше болатын. Олардың нәзік те ұлпа жан сезімдерін ол кісі аялай білетін еді. Менен бірнеше жыл бұрын педучилищеде оқыған өте талантты, пайымды, қазақ көркем сөзінің қыр-сырын жетік меңгерген ақын, айтыскер ретінде де аты бүкіл қазаққа мәшһүр, ұлты орыс болғанымен, жаны қазақ Надежда Лушникованың да өнер әлемінде бағының жануына, оның әдеби ортаға енуіне ықпал етіп, көмектескен де осы Асқар ағамыз десе болады.

Асқар аға қаладағы, облыстағы талай кездесулерге мені қатыстырып, орысша өлеңдерімді оқытқызып жүретін.

Бәлкім, сол кездегі идеологиялық саясатқа Надежданың қазақша, Лиза екеуміздің орысша жазғандарымызды құптап, дәріптеу де керек болған шығар.

Мен Асқар ағаның біраз өлеңдерін орыс тіліне жолма-жол аудардым, сондықтан ол кісінің отбасымен де аралас болдым. Құралай апайдың қолынан талай дәм татқанмын. Апамыз қасиетті ана, көрікті әрі сыпайы, мейірімді де шуақты жан еді. Ол кісілердің кенжесі, ағамыздың аузынан түсіп қалғандай сап-сары Аягөз атты қызымен екеуміздің әңгімеміз жарасатын.

Бір күні үйіне барғанымда Асқар аға мені жұмыс кабинетіне шақырды да, сыбырлай отырып, екі өлеңді жатқа оқыды: «сен бұларды жазып ал, бірақ ешкімге көрсетпе, тығып, сақтап қой, менен естігеніңді тісіңнен шығарма»,– деп қайта-қайта ескертіп жатып: «Бұл қазақтың ғажап ақыны Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері. Ол 1937 жылы репрессияға ұшырап ұсталып кеткен. Бірақ сен бұл есімді атаушы да, аузыңа алушы да болма. Ол туралы айтылатын кез әлі келеді, сендер оның кәусәр жырларынан сусындайсыңдар, біз, бәлкім, ол күндерге жете алмаспыз», – деп терең күрсінді. Сондағы Асқар ағаның шынайы үлкен поэзия иесі Мағжан ақынның құдіретіне табынуында қазақ халқына, оның ұлы перзенттеріне деген ыстық іңкәрлігі жатқаны сөзсіз ғой. Мен жазып алған сол екі парақтағы Мағжан ақынның абақтыдан анасына жазған «Сүйемін» және «Мен кім» атты жырлары екен.

1968 жылдың маусым айы. Менің педучилищедегі оқуым бітіп, диплом жұмысымды қорғап, мемлекеттік емтихандармен қатар, қаладағы пединституттың орыс филология факультетінің сырттай оқу бөліміне түсуге талаптанып, емтихандарды тапсырып болып, нәтижесін күтіп жүргенмін. Ол кезде орта кәсіптік оқу орындарын үздік оқып, қызыл диплом алғандар болмаса, орташа бітіргендер университет, институттың күндізгі бөліміне екі жылдық еңбек стажынсыз құжат тапсыра алмайтын. Сондықтан, көк диплом алған менің жұмысқа тұруым керек болды.

Төрт жыл білім беріп, ес білдіріп, бойымызға құт дарытқан аяулы училищедегі ұлағатты ұстаздармен, бірге түлеп ұшқан құрбыларыммен қимай қоштасып, Асқар ағаға, Нәсіреддин, Қомшабай, Зейнолла ағаларыма, орыс, қазақ, газет, радио редакцияларындағы ақын-жазушы,

журналисттердің бәріне кіріп шығып, енді қайтып көрмей қалатындай болып, қош айтыстым да туған ауылыма, анам мен бауырларыма тартып кеттім. Екі апта өткен соң біздің үйге аудандық партия комитетінің қызметкері мені іздеп келіп тұр. Ол кісі: «Жадыра, сені басшылар шақырып жатыр», – дегенде, аң-таң болып тұрып қалдым. Сосын аупарткомға барып, идеологиялық жұмыстарды атқаратын хатшының қабылдауында болдым. «Сені облыстық комитеттің хатшысы Жарқынбеков жолдас іздеп жатыр. Тез жетуің керек. Ал, жолың болсын!» – деп ол жылы шыраймен қолымды алып, шығарып салып жатқанда, мен: «Ол кісі неге шақырып жатыр екен?» – деп сұрадым. «Білмедім, бірақ өзіңді бір жақсылық күтіп тұрған сияқты ғой», – деп ол жымиып күлді.

Сол күні жүрегім лүпілдеп, қалаға жеттім. Туысқан ағайымның үйіне барып, Асқар ағаға телефон шалдым. Ол кісі: «Сені қалада жұмысқа қалдыру жайында мен Жарқынбеков жолдасқа өтініш білдіргенмін. Таңертең сағат тоғыздан қалмай обкомның алдында мені күт, хатшыға бірге кіреміз», – деді. Ертеңіне Асқар аға мені Қаржаубай Жарқынбековтің алдына өзі ертіп апарды. Ол кісі бойшаң келген, сымбатты, өте ізетті азамат екен, мені жылы шыраймен қарсы алды. Біз стол басына жайғасқан соң, бұрынғы таныстарша сөз бастап кетті: «Жадыра, жағдай қалай, оқу бітіріп, мамандық алуыңмен. Сырттай пединститутқа түсті деп естідім ғой, құтты болсын! Мына Асекең өзіңді талантты ақын деп мақтап жүреді, оның үстіне, екі тілге де жүйрік екенсің. Бұл кісі өз өлеңдерін саған көп аудартады-ау деймін, қаламақысын алып тұруды ұмытпа, әйтпесе, атақты ақын-жазушы ағаларыңның қолдары онша ашық бола бермейді», – деп қалжыңдап алды да: «бірақ біздің Асекең үлкен жүректі жан, жастардың болашағын алыстан болжайтын, олардан қамқорлығын аямайтын ел ағасы ғой. Қанатын көкке сермеп, шығармашылықпен айналысып жүрген қыздарымыздың деңгейін өсіру үшін оларды әдеби ортасынан айырмау керектігін айтады. Өзіңе қаладан лайықты жұмыс сұрап, бұл кісінің маған өтініш жасап жүргеніне бір айдай уақыт болды. Асекеңдей ардақты ақынымыздың тілегіне біз қалай құлақ аспаймыз. Сөйтіп, Жадыра қыз, біз сені осындағы қалалық комсомол комитетіне қызметке алуды ұйғардық... Жастармен жұмыс

істесең шабытыңа шабыт қосылып, дарының қуаттана түсер деген қамқорлықпен осындай шешімге келдік. Қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Жәлел Бәкіров жолдасқа біз осы ойымызды айтып, тапсырма бергенбіз. Сен қазір барып орналаса беруіңе болады, келістік қой», – деп Қаржаубай аға, шынайы көңілмен келіп қолымды алғанда, түс көріп тұрғандай болдым.

Асқар аға екеуміз обпарткомнан шықтық, ол кісі мені машинасымен қалалық комсомол комитетінің жанына жеткізді де: «Ал, Жадыра, қадамыңды нық басып, мына үлкен есіктен кір. Комсомол жұмысы деген шыныктыратын өмір мектебі, өзіңе бұйырып тұрған шығар. Қаржаубайдай атпал азамат бір ауыз өтінішімді жерге тастамай, құп алып, орын да табыла кеткеніне қарағанда, бағың жанайын деп тұр-ау. Мен тек себепкермін, енді бәрі саған байланысты. Өзің оң-солыңды білесің, тиянақтылығың да, жігер-намысың да бар баласың ғой. Мен де адам танимын, өзіңе сенім артқандықтан, болашағың бар екенін білгендіктен, осылай көмектесуді жөн көрдім. Ал, жолың сәтті болсын!» – деп ол алдыңғы орыннан маған қарай бұрылып, қолын ұсынды. Мен ол кісінің қолын алып: «Аға, әкелік қамқорлығыңызға көп рақмет. Сеніміңізді ақтауға тырысамын», – дедім ризашылық пен қуанышқа толы сезімдерден жүрегім лүпілдей, осынау ардақты ақын ағаның биік адамгершілігі мен кішіпейілдігіне тәнті болдым. Көңілім толқып, машинадан түстім де қалалық комсомол комитетінің табалдырығынан аттадым. Осылай 1968 жылдың қыркүйек айының ортасында мен Қызылорда қалалық комсомол комитетінің мектеп бөліміне нұсқаушы болып қызметке алынып, еңбек жолымды бастадым. Осында істеген бір жылдан астам уақыт ішінде жан-жағыма байыппен қарауды, әрі ұйымдастыру, әдістеме тәсілдерін ұққандай едім.

1970 жылдың маусым айында мен Асқар аға бағыт-бағдар берген, өзім армандаған Мәскеу қаласындағы М.Горький атындағы Әдебиет институтынан жіберген шығармаларымның байқаудан өткені жайында хабарлама-хат алдым. Қазақстаннан алынатын аудармашылар бөліміне жеті орын бөлінген екен, мені тамыздың басында өтетін емтиханға шақырыпты. Бақыттан басым айналып, Асқар ағаның үйіне шақыру-хатымды алып жетіп барғанмын. Ол кісілер бұл хабарға балаша қуанып, дастарқандарын жайып, шампандарын ашып, мені құттықтап тост көтеріп, мәз-мәйрам болды.

Кетерімде «сүйіншің» деп қолыма жүз сом (ол кезде ол көп ақша) ұстатқанын қалай ұмытуға болады.

Мен Асқар ағаның таудай көңілінің мейірім-шуағын көп көрдім. Өмірде маған шапағат-нұрын төккен жандар аз болған жоқ. Бірақ сол бір жастық шағымның мөлдір бастауында менің бойымдағы ізгі талпыныстарды қуаттап, дем беріп, қолдап, арман-тілектерімді өміршең етуді өзінің ағалық, ақындық, азаматтық парызы деп білген Асқар ағаның зор тұлғасы менің тағдырымда ерекше орын алады.

Қызылорда облыстық<br>«Сыр бойы» газеті,<br>03.11.2005 ж.

## САНА САРАЛЫҒЫ

(Қазақтың көркемсөз абызы<br>Мұзафар Әлімбайдың 80 жылдығына)

Қазақтың ардақты ақыны Мұзафар Әлімбайдың бүкіл ғұмырнамасының басты кредосын өзінің мына өлең жолдары айқындап тұрғандай:

Дүниені таза тапсыру парыз,
Кезегі келген көктемге.

Осылай жырлаған ақын бар адами болмысымен, табиғи дарынымен бұл позициясынан ешқашан ауытқыған емес. Мұзағаңның өмір жолы мен творчествосын зерделеп зерттеген кісінің бұған көзі жетері хақ. Ақын ағамыз қазақтың саф алтындай табиғи мінез-құлқын, тереңнен толғайтын телегейлігін бойына сіңіріп өскендіктен, ел қадірін, жер қадірін перзенттік жүрек тебіренісімен ұғып, дарабоз дала тағдырымен жан дүниесі бітісіп, бірігіп кеткендіктен:

Мен даламмен өлшеймін тағдырымды,
Маған дос сол Даламның досы ғана,

немесе:

Туған елді лайық неге теңермін?
Елім – Емен:
Жапырағымын Еменнің.
Туған жердің нәрін жұтып, нұр құшып,

Еменімнің арқасында көгердім.
Шалқып Емен жайқалады менсіз-ақ,
Еменсіз мен қайтіп күнім көрермін?! –

дейді.

Ия, әрбір «Отаным», «елім», «халқым» дейтін адамның жанының шырағданындай иман-ұғымы осылай болуға тиісті. «Отсыз жүректе ғана Отан жоқ» – деген жүректегі от-сезім Мұзағанды тағдырдың небір сұрапыл дүмпулерінен аман алып шыққан. Елінің басына түскен қилы-қилы қиындықтар мен қайғылы, қасіретті кезеңдерде де жұртының жанына нұрлы Сөзбен нәр беріп, ұрпақ санасын саралап, халқымыздың дана даралығын танытып, ұлттық келбетін сақтап қалуға жанұшыра ат салысып жүрген зиялыларымыздың бірі – сан қырлы талант иесі Мұзафар Әлімбай. «Елдің қамын ойлаған ерте есейер» деп ақын өзі айтқандай, Ертістің керекулік өңірінде, Маралдыда, мұғалімнің отбасында дүниеге келген оның азаматтығы мен дарынын дәуір күрделілігі, аласапыран жылдар құйыны сомдап, мақсатын айқындатты.

Мұзафар ағамыздың әкесі Айтмағанбет XX ғасырдың басында Уфа қаласындағы Ғалия медресесін бітіріп, туған ауылында мектеп ашқан. Сол мектеп әлі бар екен. Анасы Зейнептің бойына ақындық дарыған кісі болыпты, он екі құрсақ көтерген, 9 перзенті шетінеп кетіпті. Тірі қалғандардың ішіндегі кенжесі Мұзафар 4-5 жасынан бастап ана аузынан Абай, Бұқар жырау, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев, Иса, Естай жырларын естіп, жаттап өседі.

Маралды атырабында ақын-жыраулар, ертегішілер, әншілер көп болған. Солардың бірі – Мағауия Бәстемиұлы парсы, араб тілдерін жетік меңгерген айтулы ақын болған. 1935–1938 жылдары жас Мұзафарға Шығыс поэзиясының жеті жұлдызын таныстырып, тағылым берген сол кісі екен.

1938 жылы Мұзафар Әлімбай Павлодар қаласындағы педучилищеге оқуға түседі. Сол жерде жүріп, поэзияға құштарлығы артып, қалалық әдебиет үйірмесіне қатысып, өлеңдер жаза бастайды, облыстық газетке өлеңдері шығады. Педучилищені үздік бітірген жас жігіт Ұлы Отан соғысы басталғанда, облыста құрылған мәдени-үгіт бригадасында болады. 1941 жылдың желтоқсанында ол әскерге өз еркімен аттанып, 3 айдай қатардағы сарбаз, кейін саяси

жетекшінің орынбасары етіп бекітіледі. 1942 жылы 101 дербес атқыштар бригадасының миномет дивизиясында батарея командирінің саяси қызмет жөніндегі орынбасары болады. 1943 жылы армияда саяси қызметкелер институты таратылғанда, Мұзафар Әлімбай танк училищесіне оқуға жіберіледі. Жауынгер-командир кейін кадр офицерлері қатарында қалдырылған. Тек 1948 жылы көкекте ғана Қазақстан Үкіметінің араласуымен әскерден босап, елге оралған. Сол жылы Қазақ Мемлекеттік университетіне оқуға түскен ол «Пионер» журналының бөлім меңгерушілігіне бекітілген. 1949 жылы «Жастар дауысы» атты ұжымдық жинаққа Мұзафар Әлімбайдың майдан жырлары енеді. Оның бірнеше өлеңіне айбынды ақын Қасым Аманжолов сүйсініс білдіріп, мақтаған екен, осы жәйт жас ақынға қанат бітіргендей. «Қарағанды жинағы» атты бірінші жинағы 1952 жылы жарық көрген. Осылай басталған ақын ағамыздың шығармашылық жолы әртүрлі қызметтегі өсуімен ұштаса отырып, шарықтай бастаған.

1958 жылы Қазақстанда алғаш рет «Балдырған» журналы ашылғанда, Мұзафар Әлімбай оның Бас редакторы болып бекітіліп, оны 1986 жылдың қазан айына дейін басқарған. Осы журналдың қазақ балаларын әдебиетке баулып, олардың ұлттық санасын қалыптастыруға қосқан үлесі мол екені анық.

Ақын Мұзафар Әлімбайдың шығармашылығындағы аса үлкен арналы сала – балалар әдебиеті. Зерттеушілер де, қалың қауым да Мұзағаңды балалар поэзиясының классигі деп бағалайды. Жас буынға арнап, салалы да сапалы көркем шығарма жазған қаламгерлердің бірегейі Мұзафар ағамыз. Оның танымдық та, тәлімдік туындылары сонау елуінші жылдардың басынан бері бастауыш мектеп оқулықтарына, балабақша репертуарына молынан енген. «Жыл он екі ай» күнтізбесінен үзбей орын тепкен маңызды тақырыптардағы таңдаулы өлең-жырларының өзі бір төбе. Көптеген шығармалары бүлдіршіндердің қолынан түспес құндылыққа айналған. «Аспандағы әпке» атты өлеңдер жинағы үшін Мұзафар Әлімбайға Абай атындағы мемлекеттік сыйлық берілді. Ол қазақ балалар әдебиеті бойынша осы сыйлықтың лауреаты атанған бірден бір қаламгер.

Мұзағаң, шын мәнінде, педагог-жазушы. Ол кісінің сонау алпысыншы жылдары қазақ радиосынан жүргізген лек-

циялары ата-аналарға таптырмас бағыт-бағдар болғаны рас. «Тәрбие туралы әңгімелер» (1972 ж.), «Халық қапысыз тәрбиеші» (1976 ж.), «Халық – ғажап тәлімгер» (1994 ж.) соның нәтижесі. Халық творчествосындағы тағылымдық тенденцияларға арналған зерттемелері баспасөзде үздіксіз жарияланып келеді.

Мұзафар Әлімбай – эссеист жазушы, әдебиет зерттеушісі, сыншы. Әсіресе, оның «Өрнекті сөз – ортақ қазына» (1967 ж.) атты ғылыми монографиясы мақал-мәтелдің көркемдік табиғатын, оны аударудың теориясы мен практикасын талдаған зерттеулері жоғары оқу орындарының студенттеріне оқулық, әрі тәржімашыларға көмекші құрал болып табылады.

«Қалам қайраты» (1976 ж.), «Толқыннан толқын туады» (1992 ж.) XX ғасырдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің келелі мәселелеріне, жеке қайраткерлеріне арналған эсселер, сын мақалалары болса, «Көңіл күнделігінен» (1980 ж.) атты кітабы қазақ әдебиетінде жазушы лабораториясын тұңғыш сөз еткен еңбек.

Мұзафар Әлімбайдың эпикалық жанрда жазған оннан астам поэмасы бар. Соның ішінде шоқтығы биіктігімен халық сүйіспеншілігіне бөленгені «Естай-Қорлан» атты лиро-эпикалық дастаны. Бұл шығарма қазақ сахарасына аты кеңінен жайылған даңғайыр композитор, ақын, әнші Естай Беркімбайұлының трагедиялық тағдырына арналған, ол бірнеше рет қайталанып басылды, орыс тіліне де аударылды. Отанға, туған халқына деген ыстық сезім Мұзағаңның жүрегінен небір жалынды шығармаларды жарқ еткізді. «Менің Қазақстаным», «Елдіктің еңсесі», «Зерденің зері», «Аяз би» атты өрнекті туындылар солардың қатарында.

Мұзағаңның 350-дей өлеңіне атақты композиторлар ән шығарған, 1984 жылы жарық көрген «Ақмаңдайлым» атты жинағында сол әндердің жартысындайы қамтылған.

Өмірдің мән-мағынасын фәлсафалық оймен түйіндеп, оны шұрайлы да, шырайлы бір-екі сөйлеммен үйіріп, нақыл шығару – ақынның сана-сезімі қуаттылығының жемісі деп білу қажет. «Нарға татыр нақыл бар» дейтін Мұзағаң тынбай ізденіс үстінде жүреді. Ұлан шағынан бастап төл нақылдар шығаратын ақынның 2000 жылы «Нақылдар кітабы» жарық көрді.

Естелік жанрында да елеулі еңбек етіп келе жатқан

Мұзафар Әлімбай өзі араласқан қазақ әдебиетінің майталмандары: М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Б.Момышұлы, С.Мәуленов, М.Иманжанов және т.б. 50–60 шақты қазақ зиялыларының кісілік парасатын ашып, «Өмір. Өнер. Өнерпаз» (1990 ж.), «Көргендерім көңілімде» (1992 ж.), «Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның» (2002 ж.) кітаптарын оқырманға тарту етті.

Үстіміздегі жылдың 4 шілдесінде «Қазақ әдебиеті» газетінде Мұзағаңның «Заңғар замандастар – қайран қаламдастар» атпен реквием-жырлары шықты. Әрбір төрт жол – қазақ әдебиетінің біртуарларына нәрлі көркем сөзбен бейнелеп, фәлсафалық оймен түйіндеп жасалған ескерткіштей.

Кеудемнен арылта алмай қара бұлтты,
Көңілім өткенді ойлап алабұртты...
О заңғар замандастар – қаламдастар!
Туған ел сендер кетіп нала жұтты.

Мұншама қадіріңді ұғар ма едім,
Ұға алмасам майысып сынар ма едім?!
Жас ұрпақ жалғастырсын: бұл өлеңім,
Баршаңа бағыштаған дұғам менің! –

Осылайша Мұзағаң замандастарының заңғарлығын асқақтатып, кейінгілерге өмірдің мәнін де, сәнін де ұқтырып, ұлттың санасын өсіріп, рухын шыңдайтын ірі тұлғаларды қадірлеп-қастерлеуді үйретеді. Өйткені, сол біртуарлар елдің рухани ғұмырының бағдаршамы ғой.

Бүгінде Мұзафар Әлімбай шығармалары 39 тілге аударылған, ақын өзі де көркем аудармамен көп айналысып, Еуропа, Шығыс елдерінің әдебиеті классиктерінің татымды туындыларын қазақшалаған.

«Ақын болу деген не? Ақын болу – халық атынан сөйлеуге хақың болу» және «Әміршіге ел: «Хан ием!» – деген, ал ақынға ел: «Әулием!» – деген. Осындай нақылдарымен Мұзағаң ақындықтың киелілігін қастерлеп, оған қойылар талаптың да биік екенін ұқтырады.

Мұзафар ақын талантының шыңдалуына ықпал етіп, оның адамдық, тазалық, парасаттық, кішіпейілдік, еңбекқорлық қасиеттеріне тәнті болған аға-іні, замандастарының өз пікірлерін білдіріп жазғандар қатарында М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, І. Омаров және т. б. көптеген қазақ зиялылары бар.

Еліміздің егемендігіне шаттанбаған қазақ зиялысы бар ма, Мұзағаң да тебіреніп, Мемлекеттік Әнұранымыздың сөзін жазған төрт автордың бірі болды. 1994 жылы ақын ағаға «Қазақстанның халық жазушысы» атағы берілді. Ол «Құрмет» орденімен марапатталған. Ақын халқы үшін тер төксе, елі де ақынын ардақтайды.

Мен ақын ағаның отбасымен тығыз араласып тұрамын. Мұзағаң мен Шапау апайдың қосылғанына 50 жылдан астам уақыт болыпты. Жаны да, ары да таза, бірін-бірі жүрегімен ұғысқан бұл кісілердің отбасына бақ қонған. Арнұр, Жаннұр, Баламер атты үш ұлынан өсіп келе жатқан немерелері зерек те жетелі, атасы мен әжесінің жанына сая. Жаннұр мен Пернегүл келіні – атақты мүсіншілер.Олар жасаған ұлтық сипаттағы қуыршақ мүсіндер шет елдердегі көрмелерде көпшіліктің назарын аударып, марапатқа ие болып жүр.

Шапау апай мамандығы бойынша тарих пәнінің мұғалімі, атақты профессор Төлеутай Ақшолақовтың қарындасы. Мұзафар ағамен Шапау апай бір мектепте оқыған екен: «мен төртінші кластан бастап апаңның бапкері болғанмын», – деп күледі Мұзағаң, өзінің кішкентай қыз Шапауға қамқоршы болғанын есіне алып. Бала кезден бірге жұптары жазылмай келе жатқан екеуінің бір-біріне деген жанашырлығына, сыйластығына әрдайым мен тәнті боламын. «Қашан болса да, мен жұмыс істеуге үстел басына отырысымен үйде қыбыр естілген емес. Апаң балаларды шулатпай, өзі де аяғының ұшымен жүреді, о бастан солай. Жазушының жағдайы болмаса, туынды қалай туады, үйінде шайы уақытылы қайнап тұруы керек», – дейді ақын аға. «Қаламгер қаламы бөгелмегенде ғана бақытты ғой», – деп қостайды Шапау апай өзінің биязы жылы үнімен. Құдай қосқан қосағына арнаған Мұзағаңның мына өлеңі екі жанның шынайы сүйіспеншілігінің айғағындай:

Көркіндей өмірімнің көркем гүлім,
Есімде сені алғаш көрген күнім,
Шақырса шайға келмей, шаршау білмей,
Романнан ой жемісін терген күнің.
«Махаббат деген не?» деп балалықпен,
Есімде аңқау сұрақ берген күнің.
Есімде: білмеп едім не дерімді.
Махаббат сен екенсің – сендім бүгін.

Білсемші сол күндерде, бір күндерде
Боларын менің ұлым – сенің ұлың.

Жарына, отбасына, досқа, елге деген адалдық Мұзағаңның бойындағы тектілік пен парасаттылықтың белгісі. Көркем әдебиеттің және оқырманның алдындағы жауапкершілікті жүрегімен ұғу Мұзафар ағамызды әрдайым ізденіске жетелеп, қаламын шыңдап, бір сәтке де босаңсытқан емес. Нәтижесінде, қыруар еңбек тындырып, сексеннің сеңгіріне шыққан ақынның қолынан қаламы түскен емес. Үлкеннің қадіріне жетіп, кішіге қамқор болған аға, халқының ақылшысы, елінің сарқылмас рухани қазынасын зерделеген сөз зергері. Өзінің мөлдір жан дүниесін өнегелі де өрелі туындыларында айқара ашып, тебірене жырлап, жұртына сыйлап келе жатқан Мұзафар Әлімбайдың тойы – қазақтың аталы Сөзінің тойы. Қаншама қиын-қыстау күн кешсе де, көкірегін кірге шалғызбай, жақсылыққа жайраңдап қуанып, жамандықты маңына жолатпай, ешкімге қиянат жасамай, елінің елдігін сақтап қалу үшін бар сана-сезім қуатын халқына сыйлаған Мұзафар ағаға:

Кештіңіз ғұмыр астарлы,
Көпірдейсіз-ау аспалы,
Өткеніміз бен бүгіннің
Сіздерсіздер ақшамы,
Өр даланың дастаны.

Салмақтап ұрпақ санасын,
Пір-сөзбен емдеп жарасын,
Арттырған аусар қоғамда
Зиялы қазақ бағасын,
Ардақтар елі Ағасын! – деймін.

Иә, Мұзағаңның сексені, қазақ халқының сексен жылда басынан өткізген жетістігі, кемістігі, азабы, қуанышы... Егеменді елдің жеңісі! Осының бәрі қазақтың абыз ақыны, халық жазушысы Мұзафар Әлімбайдың жанынан, жадынан толқын болып құйылған туындылары арқылы келер ұрпаққа аманат болып қала бермек.

«Қазақ әдебиеті» газеті,
23. 10. 2003 ж.

## АНАЛАР СҮЙЕ АЛАТЫНДЫҚТАН БАҚЫТТЫ

Өмірді сүрген сайын пайым-түйсігі бар адам көп нәрсенің мән-жайын ұға береді екен. Мен ер мен әйелдің табиғаты да, түсінігі мен қабілеті де бір-біріне ұқсамайтынын түсіндім. Әрқайсысының бұл өмірде атқаратын міндетіне байланысты Жаратушы оларға ерекшеліктер берген. Тіпті, олардың өмірге көзқарастары да бір-бірінен алшақ.. Ер адам қорғаушы, асыраушы болғандықтан, оған күш-қайратты, қиыннан қиыстырар қисындылықты, қабілеттілікті де артық қып берсе керек. Ал, әйел заты болмысынан нәзік, сыршыл, жұмсақ жанды, бірақ төзімді де, табанды болып келеді. Сондықтан жаратылыс заңдары да ер мен әйелге әртүрлі міндеттер артқан екен.

Әр шаңырақтың өз ерекшеліктері, өткен өткелдері арқылы жинаған тәжірибесі болады. Қазақ «екі жақсы қосылса, жарқыраған шаммен тең» деп бекер айтпаған ғой. Жан дүниесі таза, саналы, бойындағы қуатымен жан-жағына мейірім-шуағын шашып, жақынына қамқор, тірек болып жүрген адал ерлі-зайыптылардан нашар ұрпақ дүниеге келмейді. Мұндай отбасында тәрбие алған баланың жаны жомарт, ниеті ақ болып өскендіктен, оның жолдас-жорасы да көп болады, жұрт оған жарыққа ұмтылғандай ұмтылады, ондай жандардың жанында жүріп биіктейсің. Осындай баланы тәрбиелейтін ананың өзі қандай болуы керек? Әрине, ең бастысы, саналы, бойына адамгершілік қағидаларын сіңірген, салиқалы, дәстүрлі, пайымды орта көрген ана ғана отбасының ұйытқысы бола алады. Анасы дем беріп, баласын алға ұмтылдырып, оның бойындағы жақсы қасиеттерін марапаттап, кісілігін, тұлғалылығын арттырып, рухын биіктетіп, өз елінің, халқының асыл құндылықтарын ұғындыра білген үйдің баласы ешуақытта қатігездікке, оспадарсыздыққа бой алдырмайды. Ол жалтақ, ез болмайды, елінен безініп, жұртын жек көрмейді, керісінше, өзінің де, өзгенің де қадіріне жететін азамат болып өседі.

Ал, отбасының берекесін арттыру түгілі, барын жетістірмей, ешкімнің қадіріне жете алмай, өз басын ғана күйттеп жүрген, не ақылы жоқ, не көрген-білгені жоқ, «менмендікпен» кеудесін ұрып, кесірленіп, «қит» етсе үйінде жанжал шығаратын әйелден туған бала қандай тәрбие-тәлім алады? Осындай ортада өскен баланың жаны жарақаттанып, жігері

құм болмай қайтеді? Небір сатқындық, опасыздық, пасықтық, жауыздық сол іштен түйілгендіктен, қорқақтықтан, өзін жартыкеш санағандықтан, дер кезінде мейірімге қанбағандықтан шығады. Қасіреті мен күйігі көп отбасында өскен бүлдіршіндердің кейін көрген жақсылық пен қуанышқа қанағаттанбай, тырнақ астынан кір іздеп, ешкімді сүйе алмай, психологиялық дағдарысқа ұшырап жатқандары қаншама?!

Дүниеге қыз келгенде біз жанымыздың әсемдік әуезі ашылғандай қуанамыз. Себебі, қыз бала өмірге нәр сыйлайтын, болашаққа жол ашатын жан. Ең басты мақсат – осы бүлдіршін қыз балаға жақсы тәрбие беріп, денін сау, көңілін шат етіп өсіру. Оның болашақ жар, ана екенін естен шығармай, өзінің табиғи міндетіне лайықты етіп тәрбиелеу анасының үлкен парызы.

Әйел затына, ер-азаматтың ықыласы артып, шынайы сезімі өрбуі үшін, әйелдің бойында табиғи шынайылық пен әсемдік және өзіндік тартымдылық болуы қажет. Әйел табиғаты ерлер үшін әрдайым бір тылсым әлем болып, олар соның құпиясын ашуға ынтыға түсуі қажет деп ұғынамын.

Анасы өз тәжірибесінен қызына ерлердің психологиясын түсіндіре отырып, ер-азаматқа қай кезде, қалай сөйлеуді, нені айтып, нені айтпауды, оның алдында өзін ұстау мәдениетін үйретуі керек. Өз айтқанын істетемін деп тырашбай-ақ, ақылды әйел тыңдай отырып-ақ тыңдатқызады. Күйеуінің көңілінен шығып, ұрыс-жанжалсыз, отбасының сәнін кіргізіп, берекесін арттырып жүрген әйелдерді көргенде, оның ер адамның психологиялық ерекшеліктерін меңгергені байқалып тұрады. Ер-азамат өзінің қожайын екенін сезінуі қажет, ол оның жауынгерлік болмысының айғағы. Сондықтан, сол мүмкіндікті туғызған ақылды әйел – еріне рух беруші, оның сана-қуатының демеушісі, алға ұмтылдыратын жетекшісі деп айтсақ артық емес. Осындай ананың жанында жары да балалары да өздерін төрт құбыласы түгелдей сезінеді. Мұндай ана бибілікке де, игілікке де ие. Ол, тіпті жуас, ынжық, артық ақылы жоқ еркектің өзін әп-әжептеуір ер-азамат етіп, ел қатарына қосып, өзі де, әулеті де сыйлы болады.

Керісінше, ой десе-ойы, бой десе-бойы бар, ел сүйсінген азаматты бір ақымақ әйелдің жүнжітіп, күйіктен оның ішіп кеткенін көргенде: «Есіл ер-ай, маңдайы ашылмаған екен»

дейсің, оған жаның ашып. Отбасында әкесінің қадірі жоқ, сөзі өтпейтін болып, анасының билеп-төстегенін көріп өскен ұлдың еңсесі түсіп, басылып қалады. Кейін ол өз отбасына жетекшілік етіп, пәрменді шешім қабылдап, отағасылық мінез таныта алуы екі талай. Даракы әйелден тәрбие алған қыз ешкімнен ұялып, қаймықпайтын, бет бақтырмайтын, долы, көкбет болып жатса, оны бір Құдайдан басқа ешкім жеңе алмайды. Сондықтан адал ананың ақ сүтін емген жандар, мұндай келіннен сақтасын деп тілейді.

Айналып келгенде, адамның болашағы оның саналылығына, эстетикалық, этикалық жүйелі тәрбиесіне, генетикасына, руханиятпен сусындауына байланысты. Қыздарымызды бибілік дәрежеге жеткізу үшін ұлттық тәрбиеміздің ауқымын қазіргі өмір салтының озық біліктілігімен кеңейтіп, өміршең адами дәстүрлік мағынамен жаңғырта білсек, сүбелі жетістіктерге жетуге мүмкіндік бар.

Ғұмыр күрделілігімен де қызықты ғой. Небір сындардан, қиындықтардан өтпей, адам өмірдегі жақсылықтардың қадірін білмейді. Құрдымға кетіп қалмау үшін жанталаса күресу керек. Бірақ малғұндық жолмен емес, адамға Жаратушының жіберген қағидалары арқылы, сабырлылықпен, жігермен, төзіммен, ешкімді қорламай, зорламай, қиянат жасамай, қиын өткелдерден сүрінбей, адами келбетіңді сақтап, ақылыңды компас етіп өту керек. Осындай жеңіс ғана баянды болады. Ол абыройға жеткізеді, себебі, ұрпағың ешкімнің қарғысын арқаламайды. Біз саналы жандар болғандықтан, Ұлы ғарыш жүйесінің бір бөлшегіміз, қуатымыздың азайып, көбеюі де жаратылыс кеңістігіне қосар үлесімізге байланысты болуы керек. «Пейіліңді кірлетпе, ниетіңді тарылтпа, жамандық жасама, азғындықтан аулақ бол» деген қағидаларды адамзат түйсікпен ұғып, көздері жеткен соң өзінен кейінгілерге тастап кеткен аманаты.

Қазіргі таңда жұртың көбі ақшаның, байлықтың соңынан ентелеп, жанталаса жүгіріп жүріп, өздері материалдық құндылықтардың құлы болып, қуыстанған жандарына дауа таба алмай, рухтары төмендеп, көңілдері қаязып қалғандарын сезе бастады. Біразы дәстүрлі дінге бет бұрып жатса, енді біреулері әртүрлі секталарға ұрынып, көпшілігі әдеби, мәдени дүниелерден жан азығын іздейді. Әйтеуір, Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағыдай емес, шүкір, қазір халқымыз жоқшылықты да, баршылықты да, экономикалық

дағдарысты да басынан кешірген сайын, жақсы мен жаманды айырып, еліктеушілікті азайтып, тәубесіне келіп, ең зор байлық – әрбір жанның ішіндегі рухани асыл қазынасы: ішкі қуаты, сенімі, сезімталдығы, Жаратушыдан берілген өмір алдындағы адалдығы, парасаты мен ізгі істері екенін ұға бастады.

Ата-бабамыз намысын қолдан бермей, небір зорлық, зұлматты жеңіп, кең-байтақ елімізді келешекке сақтап қалғанының өзі олардың көрегенділігі мен болашақ алдындағы борышына деген адалдығының және батырлық рухының айғағы. Біз, солардың ұрпағы, тәуелсіз елдің иесі болып, өз тарихымыз бен мәдениетімізді танып, біліп, қазақ халқын бүкіл әлемге танытуға ат салысып жатырмыз. Қазіргі жастардың, әсіресе, тәуелсіз елімізде туып-өскендердің, туған жерге, халқына, тіліне, діліне деген ерекше ықыласы мен сүйіспеншілігі қуантады, әрі олардан көп үміт күттіртеді. XIX ғасырда өмір сүрген үнді халқының ірі діни қайраткері Вивекананда: «Сіздер маған білімді, деңгейі жоғары, саналы, қайратты, елін шынайы ыстық жүрекпен, жан-тәнімен сүйетін жүз жас жігіт таңдап берсеңіз, мен солар арқылы әлемді дүркіретіп, дүние жүзін Үндістанға қаратамын»,– деген екен. Сондай жүзден мың, мыңнан миллион, әрмен қарай бір-біріне ықпал етіп, тәрбиеленген үлкен қоғам қалыптасады. Бұл жерде жаңа тұлға тәрбиелеудің маңыздылығы айтылған. Біздің елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үлкен көрегенділікпен еліміздің жастарын мемлекет қаржысымен «Болашақ» Білім Бағдарламасы арқылы дүние жүзінің ірі жоғары оқу орындарында оқытып жатқаны – еліміздің жаңа тұлғаларын дайындау екенін көзі ашық адамзат көріп отыр. Тәуелсіздігімізді ұлықтау, барымызды қастерлеу, кемшілігімізді жетілдіру, елді аман сақтап, бірлігімізді нығайтып, берекемізді арттырып – санасы сау, рухы биік, адал ұрпаққа тапсыру бәрімiздің, әсіресе, аналардың, парызы.

Менің өмірден түйгенім: сүйе алатын, шуақты жан ғана қиындыққа төтеп беріп, жеңіске жете алады. Ал сүйе білу деген – тарқап кете салатын құмарлық емес, ол жанның қасиеті, жанкештілік, жауапкершілікті мойынға жүктейтін телегей сезім. Ата-анасының арасындағы махаббатқа бөленіп туғандар шынайы сүйе біледі, ал керісінше, кішкентайынан жаны құлазып өскендер өмір-бақи тек өзіне жылу

беретін жанды іздейді, өйткені, бойында ешкімге беретін оты жоқ.. Ондай қуат пен сенімді анасы беруі тиіс қой. Балғын шақтың мөлдір бастауынан қанып ішпеген соң, ол жан мейірімге жарымай, шөліркеумен өтеді. Сүю дегеніміз біреуден ықылас күтіп, ол қарамаса өкпелеп, кектеніп, қайқайып кете беру емес, ол адамның өзінің айнымастай сеніммен құлай берілуі. Оның Жаратушыға, өмірге, ата-анаға, балаға, жақынға, немесе, бір жанға өзін бағыштауын Ғашықтық атты ұлы сезім деп білеміз. Жанның осындай түлеуі, жаңаруы, жаңғыруы, дүмпуі арқылы адамзат ғажайып күйге бөленіп, небір ерліктер жасап, жаңалықтар ашып, керемет өнер, әдебиет туындыларын туғызып көпшіліктің де, өзінің де жан дүниесінде ғаламат қопарылыс жасайды. Бұл – Махаббаттың құдіреттілігінен! Жаратушы иеміз де пенделерін керемет сүйіп жаратқан екен, сондықтан олар мынау тылсым дүниемен бірге ұлы мейірімге ие екені хақ. Адамдар, оның ішінде, аналар, сүйе алатыны үшін бақытты! Құрсағында болашақ өмір иесі тыныс алып жатқанда әйел қалайша тебіреніп, ұлы Махаббат сезіміне бөленбесін! Әйелдер арқылы мына кең әлемге шуақ тарап, адамзаттың жүрек лүпілі мен ынтықтығы, құштарлығы оянады – бұл оларға берілген Алланың ерекше сыйы. Сондықтан, нағыз ана өзін өмірдің алтын діңгегі екенін сезгендіктен, ешбір қиындыққа мойымай, ұрпағының бақыты үшін, мықты болып, рухын жоғары ұстауы керек, өйткені ол саялы бақ секілді, әрдайым өзі жайқалып, жұпар шашып тұрмаса, жанындағылар көркейе алмай қалады.

Қазақ елінің тарихында қаншама тамаша үлгі боларлықтай, парасаты биік, өмірді көркейтіп, жан-жағын нұрландырып, алып тұлғаларды тұғырына жеткізген асыл әйел, аналарымыз бар. Солардың өмірі, ұстанымы, ұлағаты, өнегесі жайында әңгімелеп, немесе, бейнелі түрде, жастарға бұқаралық ақпараттар арқылы жиі жеткізіп тұру керек.

Өз басының рақатын күйттемей, жан тыныштығын іздеуден бас тартып, ғұмырын ұрпағының саулығы мен шаттығына арнаған ғазиз Аналарымыздың, болашаққа үміт артқан ару келіндеріміздің, сіңлілеріміздің, қыздарымыздың көңілдері жарқырап, көктеммен бірге көгеріп-көктеп, қуаттанып, армандарына жете берсін деп тілеймін!

«Дүние толқын» газеті,
наурыз 2009 ж.

# РУХАНИ КЕМЕЛДІЛІК

*Әрбір жаны жайсаң, рухы биік адам Жаратушының ақиқаты мен жомарттығының бір элементі іспеттес.*

***Кешаб Чандер Сен**,*
үнді діни қайраткері, философ

Адам жаратылысы мен болмысы жайында ойланып, толғанып, не бір кемеңгерлер, ғұламалар, дүлдүл дарын иелері өз тұжырымдарын жасап, өмірден түйгендерін айтып кеткен, талай ойлар айтылып та жатыр.

Көрнекті қазақ жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Оразбек Сәрсенбайдың халқымыздың әдебиеті мен руханиятына сіңірген еңбегі молынан. Көркем проза жанрында 30-ға жуық кітабы жарық көрген. Оразбек Сәрсенбайдың «Шамшырақ» (1990), «Шеңбер» (1998), «Өмірнама» (2005) романдарында өмір шындығы мен көркемдік шындықты тұтас қараудың, философиялық, психологиялық терең иірімдерінің, ұлт өмірінің, ел тұрмысының айшықты, айқын суреттері оқырман көңілінен шығып, кезінде оң бағасын алған.

Қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан белгілі жазушы Оразбек Сәрсенбай ағамыздың өзіндік дүниетанымын менің тереңірек ұғынуыма арқау болған 2012 жылы жарық көрген оның «Адамның құны қанша?» атты рисалалар кітабы болды. Бұл рисалалардың біразын мен «Жас Алаш» газетінің бетінен де сүйсініп оқыған болатынмын. Ал кітапты толығымен оқып шыққандағы алған ерекше әсеріммен осы мақалам арқылы оқырманмен бөліскім келді.

Фәлсафалық, мағыналы оймен пайымдалып, көркем сөзбен зерделенген бұл рисалаларында Оразбек Сәрсенбай данышпан Абайдың «Ғақлия сөздерін» әрі қарай жалғастыра отырып, жаратылыстанудың көптеген ғылыми зерттеулерінің, физика заңдылықтарының, адамзаттық рухани, діни қазыналарының үлгілерін арқау етіп, өз дүниетанымын айшықтаған екен. Осы шағын әңгімелердегі көркем ой иірімдері мен салиқалы көзқарас Шығыс ойшылдарының біртұтас қарайтын өлшемдері – Сана, Жан, Рух атты тылсым жаратылыстың ғажайыптары мен үндестіктерінің сыршыл әлеміне деген оқырманның құштарлығын арттыра

түседі. Он сегіз мың ғаламды жаратқан Құдіреттің құпиясын ешбір жұмыр басты жан иесі аша алмайтыны белгілі. Ұлы Абай айтқандай: «Алла тағала өлшеусіз, біздің санамыз өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге бола ма?» Адам баласының маңдайына Жаратушының міндеттерін орындап, ақ жолынан ауытқымай жүру ғана жазылған екен. Бірақ Алла Тағала ерекше ықыласы түскен, сүйген құлдарына жаратылыс құпияларының кейбір сырларынан хабардар ететін сияқты. Олар кімдер, қандай қасиеттерімен, іс-әрекетімен Құдіреттің назарына ілікті екен? Адамзаттың руханият саласындағы ізденістеріне сүйене отырып, жазушы Оразбек Сәрсенбай бұл сауалдарға да өзіндік көзқараспен орамды пікірлерін өрбітіпті. «Адамның құны қанша?», «Әл-Фараби формуласы», «Сопылар салты», «Керемет пен сиқыр, немесе Алланың жүзінші есімі», «Баракат иелері», «Табыну мен тағұттың арасында», «Әулиелер әулеті», «Махаббат пен ғадауат», «Қанағат қағидалары», «Қандастар» т.б. рисалалар санасының сәулесі бар жанды тылсым әлемнің бір бөлшегі – адамның жаратылыс сырын пайымдауға құлшындыра түсері хақ.

Кітаптың бас кейіпкері – жазушының әкесі Сәрсенбай, қарапайым дала адамы, біздің қазіргі ақсақалдарымыз сияқты жоғары білімі жоқ, бірақ халықтың даналығымен сусындап, өзінің әкесі Байкенже сопыдан тәлім алған. Байкенже ескі заманда Бұхарай Шәріптің оқуын тәмамдаған, таза тақуалық мұсылмандық ілімді бойында ұштастырған зор дамулла, пірәдар кісі болған екен. Кейін Кеңес өкіметі қудалап қоймаған соң бала-шағасымен Сырдарияның арғы бетіне өтіп, Қызылқұмға кетеді, сол жақта пайғамбар жасына келгенде көз жұмыпты. Ал оның ұлы Сәрсенбай да Сталин заманында сотталып, түрмеде жүріп те, қарауыл кезеген мылтықтың астында тұрып-ақ бес мезгіл намазын қаза етпепті. Түрмеден шыққан соң біржола тақуалық жолды таңдаған әкесінің ислам ғұламалары мен ақындарының әрқилы рауаят, ғибратты мысалдар мен аңыз-әфсаналарын, фәлсафалық ойларын тыңдап отырып, әкесімен көп әңгіме-сұхбат құрып, өз ой-пікірін дамытқан жазушының бұл кітабының бас кейіпкері Тақуа әке. Әке мен баласының дүниетаным кеңістігіне, астарлы да қатпар-қатпар сана, жан әлеміне ой салып, ұғынуға деген құштарлықтан туған бұл әңгімелердің салмағы небір фәлсафалық трактаттардан кем

түспейді. «Көке, адамның құны қалай анықталады,– деген баласының сұрағына, тақуа әке: – Құдай жаратқан пенденің үлкен-кішісі жоқ, ол тек амалына қарай бөлінеді де, адамның құны бұл дүниеде істеген жақсы, жаман амалдарымен өлшенеді ғой, балам!» – дейді. Бұл аксиома-ойдың астарында тұңғиық ғұмырнама жатқаны саналы жанды ойлантары сөзсіз. «Амал – ниет пен әрекеттің бірлігі. Адам не істесе де, әуелі ниет қылады, содан соң әрекетке барады. Ең зор күнә кісі ақысын жеу және біреуге қиянат жасау! Біреуге ақың кетсе кетсін, өзгенің ақысын жеме, ешкімге қиянат жасама!» – деген Сәрсенбай ақсақал сияқты халқымыздың ұлағатты ата-әкелерінің ықылым заманнан бері айтылып келе жатқан қатаң ескертпесі бала кезден әрбір түйсікте сақталып қалуға тиіс адамгершіліктің кодексі болуы керек қой, бірақ өкінішке қарай, бұл тағылым барлық баста сақтала бермейді-ау. «Кісінің көз жасы жібермейді» деген қазақтың мақалының астарында, әрбір адам – саналы жан, ал Жаратушы – шексіз сана иесі, адам оның бір бөлшегі, «адамға жасалған қиянат, Алланы ренжіткенмен бірдей» деген қағида жатқан болуы керек.

Жазушы Оразбек Сәрсенбай тағы да кемеңгер Абайға жүгінеді: «Ұлықтар алып берем деп – даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр... Мен сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны да ананы да жеп жүр» (Он бірінші сөз). «Сондағы бәрінің жеп жүргендері – сол бәз баяғы кісінің ақысы, еңбексіз табылған арам пайда, тегін табыс, Карл Марксше айтсақ, «қосымша құн», астары – «төленбеген өтемақы» немесе жекеменшік қожайынның тарапынан қарауындағы жұмыскер қауымның еңбегі үшін төленбей қалған ақысы. Кісі ақысы ғой. Ауыр күнәға бату деген міне, осы!» – деп қаламгер ағамыз сөзін, Абайдың мына ойымен қорытады: «Білместіктен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады». Қай заманда болсын адамның жаратылысы өзгермейтінінің дәлеліндей емес пе Абай атамыздың бұл жанайқайы?! «Адамның құны қанша?» – атты рисаладағы кемеңгер Абай, Сәрсенбай тақуа, Оразбек жазушының ой үйлесімдеріне қарап, санасының сәулесі, жүрегінің оты бар, жаны нұрлы, ізгі ой иелерінің бұл өмірге адамзаттың көкірек көзін ашып, жақсылықтың дәнін себу үшін келетіндігіне тағы да көзің

жетеді. Ал парасаты биік, жаны жомарт жандардың, көбінесе қара ниеттілерден азап шегетіні жайында ғасырлар бойы бүкіл өмірнамаларда айтылып, небір тұжырымдар жасалып та келеді. Мұның ұғылмайтын қандай сыры бар? Сонда аларын алып тынбайтын алаяқ, арам пейіл несімен күшті, оларды ауздықтайтын кім? Ал ешкімнің ала жібін аттамай, шүкіршілікпен өмір сүріп жүргендер неге әрекетсіз, қамсыз, сондайлардан опық жей береді? Бұл мәңгі сұраққа жазушы ағамыз да жауап іздеп, көптеген философ, діни ғұламалардың, психолог-ғалымдардың, эзотериктердің еңбектеріне үңілген екен.

«Атам заманғы ақылмандардан бастап бүгінгі білімпаздарымызға шейін адам табиғатындағы қарама-қайшылықтарды зерттеуге, түсінуге тырысса, небір заңғар жазушылар мен даңғайыр ақындар бәрінен асып-түсіп, ғалам көлеміндегі ең күрделі, ең ғажайып жаратындыға жататын осы құбылыстың нелер қыртыстары мен тереңдерін ашып-ақтарып, өшпес, көнермес бейнелерін жасады. Бірақ бәрібір осы уақытқа шейін адам өзін-өзі толық танып үлгірген жоқ. Оның себебі түсінікті де: қанша мадақтағанмен, адам – бәрібір жаратынды, демек, өзге де жаратынды сияқты ғаламның бір бөлшегі, бәлкім, бірден бір жаны бар, тірі санасы да бар тіршілік иесі. Жаратынды болғандықтан, біздің ұлық Жаратушымыз бар екені хақ. Ендеше, біздің толық сыр-сипатымызды білетін Сол ғана», – дей келе, қаламгер бағзы заманда өмір сүрген Ислам ғұламасы әл-Ғазалидің «Амал өлшемдері» атты кітабындағы «кәміл адам» деген ұғымға тоқталады: – Бұл ғұламаның кәміл адамды тануда оның амал-әректтерімен қатар, ақыл-парасат пен білімділігіне айрықша назар аударғанын аңғару қиын емес. Сонымен қатар, әл-Ғазали діл, жүрек, рух тазалығын айрықша бағалап, солардың әрқайсысына жеке-жеке талдаулар жасайды, тазарудың жолдарын көрсетеді. «Адам ұрпағының қандай болуы керек екенін түсіну – оның бұл өмірдегі жүрер жолын анықтау деген сөз»,– деген Оразбек ағамыз әрі қарай адам танудағы батыстық-шығыстық ұғымдардың ой тізгінін жинақтап: «Ең жоғары дәреже иелері үш топқа бөлінеді екен, олар мыналар: кәміл адам (әл-Ғазали), пассионарлар (Л. Гумилев), үстем адам (сверхчеловек) Ф. Ницше», – деп енді осы үш топқа жататын адамдардың болмыс-бітіміне, психологиялық, саналық, рухани ерекшеліктеріне,

қоғамдағы алатын орындарына тоқталып, тарих сахнасындағы, біздің қазақ жеріндегі адамзаттың айтулы тұлғаларының жер бетіне, еліне, әлеуметтің дамуына жасаған ықпалы, өзгерістері жайында салыстырмалы түрде зерттеп, өзінше жауап іздеген.

Оразбек Сәрсенбайдың физика саласына құмартуына мектептегі математика мен физика пәнінің мұғалімі, Қалиолла Әбдіқазғанов деген дарынды ұстаз себепкер болыпты. Ол кісі шәкіртін физиканың бір саласы ядролық физикадан да біраз хабардар еткен екен. Кейін Оразбек Сәрсенбай ҚазМУ-дің филология факультетінде оқып жүріп те жаратылыстану ғылымдары саласындағы ізденістерін өзінше жалғастыра берген. Бұл кісінің алғашқы шыққан «Даңқ» атты повесінің бас кейіпкері – физик. Сондықтан болар, қаламгер ағамыз барлық ой-болжамдарын жүйелі тарқатып, салыстырмалы түрде, физикалық, биологиялық, психологиялық, тарихи зерттеулерге сүйене отырып түйіндейді. «Мәселен, желкілдеп өсіп тұрған жасыл желектің мезгілінен бұрын қурап, құрып кетпеуі үшін күн көзінен алатын, қажетінен тыс артық қуатын энтропия әдісімен өзі реттеп отыруы – таңқаларлық қызық құбылыс екені анық. Ал сонда дейміз-ау: қажеттен тыс «энтропиясы» – көпшілік есебінен, қоғамға қиянат жасау жолымен шектен тыс көбейіп кеткен арам құлқынды адамдардың болашағы қандай болмақ? Бұл екінші термодинамика заңы: әрбір жүйенің (оның ішінде тірі организмдердің) энергетикалық қуатындағы өзгерістер мөлшері белгілі бір дәрежеде сақталмаса, онда оның энтропиясы ең жоғары шегіне жетеді де, атом ядросындағы күрделі құбылыстар өзгеріп, мұның аяғы құруға, жойылуға әкеліп соғады. Энтропияның шексіз ұлғайып кетуі – қуат көздерін пайдалануға тікелей тәуелді. Ал, әрбір тірі организм мезгілінен бұрын жоғалып кетпес үшін қуат көздерін өзі реттеп (энтропиясын азайтып), өмірін жалғастырып отырады екен, түптің түбінде, құны бітетіндер құрдымға кетеді, бұл біз ойлап тапқан құбылыс емес, жаратылыс заңы, – деп ойын қорытады Оразбек ағамыз.

Енді «Шындықтың шырайы қандай?» атты рисаладағы мына дәйекке сүйенсек: «Қасиетті Құранда «жақсылық» («хайр») деген сөз жеке мағынасында 176 мәрте, ал «жамандық» («шарр») деген сөз жеке мағынасында 31 мәрте қайталанады екен. Ал Құранның әрбір аятында, оның

әрбір харпінде, харіптер тізбегінде, математикалық жүйесінде әсте бір кездейсоқтық жоқ – бәрі-бәрі ерекше мағынаға лайық. Сонда Құдіреттің кітабында неге жақсылық жамандықтан артық көрсетілген деген сұрақ туады. Адам өміріндегі жақсылықтың алатын орнын, мағынасын ерекше үстемелеп көрсету үшін бе? Әлде жамандыққа қарағанда жақсылық шыныменен көп болғаны ма? Мүмкін жақсылық бірден көзге түсе бермейтін шығар, шындық неге жалғандықтың тасасында қалып қоя береді?» – деген сауалдарға баласы жауап іздеп, тағы да тақуа әкені әңгімеге тартып, пікірталасқа жетелейді: «Өмірде ауызша айтылатын шындық бар, ауызша айтылып қана қоймай, әрекет-амалға ұласатын шындық бар. Мұның екеуі де маңызды,– деп тақуа әке ойын салмақтай түседі, – өйткені, мұның екеуі де екінің бірінің қолынан келмейтін құбылыс. «Аузы күйген үрлеп ішеді» емес пе, балам? Біз әне бір үндемес мекеменің індегіштері билеп-төстеген заманда, дым білмегендей, дыбысымызды шығармауға үйрендік. Кейде сол үндемей қоюдың өзі де әжептеуір әрекетке жататын күндер болған. «Көргем жоқ, білгем жоқ, естігем жоқ,– деп талайларды қиянаттан құтқарғандар бар.Әр нәрсенің аңысын аңдып, ақырын күтіп жататын да уақыттары болады. Ондай тәсіл,кейде, көңілің сенген нәрсені алдын ала отқа апарып түсіріп,күйдіріп алмас үшін, піспегенді шикілей солдырмас үшін қажет», – деп әдетте өз пікірін ашық айта бермейтін әке, бұл жолы өз ойын бүкпелемейді.

Осы көзқараста Кеңес заманында небір зұлматтарды бастан кешірген,ешкімнің обалына қалмауды, ұрпағына кесірін тигізбеуді ойлаған саналы азаматтарымыздың психологиясы жатыр. Іште қайнап жатқан аласапыран сезім тасқындарын сана қуатына бағындыра білу, көкіректі кернеп тұрған ашу-ызаны сабырмен ауыздықтау, сөйтіп, алдыартын ойлап, салиқалы шешім қабылдау бұл – жан сақтау тәсілі де шығар, бірақ қорқақтық емес, ақылдылық, көрегенділік, обал-сауапты білгендік.

Алла тағаланың: «Мені сүйсең, ең алдымен менің пендемді сүй» деген ескертуін мүлтіксіз орындап, ешкімге де титтей қиянат жасамай, адамзаттың, халықтың, елдің тілеуқоры, жанашыры болып, Жаратушы сілтеген ізгі жолдан таймай, пәктіктің, зор сенімнің, биік саналық өлшемдердің қуатынан нәр алып, Шығыс діни руханиятын жан

азығы етіп, тақуалық жолдан айнымай ғұмыр кешкен Сәрсенбай қарияның да ғұмыры – биік Сана жолы. Әр пендеге өзі көтере алатын жүк артылады. Адамзатқа Жаратушы әр ғасырда қажетті рухани ұстаздарды, бағыт-бағдар сілтеп тұратын тұлғаларды жіберіп тұратын болуы керек. Осы жерде Оразбек ағамыздың пассионар тұлғалар жайындағы және бір рисаласына тоқталайық. Әйгілі орыстың евразияшыл тарихшы-ғалымы Лев Гумилевтің «пассионарлар теориясын» көзі ашық жұртшылықтың бәрі біледі. Атақты ғалым, академик В.И. Вернадский «Учение о биосфере и ее эволюции в ноосферу» деген еңбегінде: «Биосфера – это живое вещество, чья энергия и составляет содержание земной оболочки. Превращение биосферы в ноосферу – в пространство разума – по силе воздействия на жизнь человечества равнозначно геологическим процессам, преображающим землю», – дей келе, ғалымның осы биосфералық қуаттың жер бетіне, этностарға әсерін зерттегенде байқағаны: бір бастаудан қуат алып тұрған жер бетіндегі этностың жалпылай этногенездің заңына бағынғанымен, әрқайсысы өзінше бірден бір, қайталанбас құбылыс екенін және бұл әсердің салдарынан небір тарихи маңызды кезеңде, әр елде жаңа пассионар тұлғалардың пайда болатынын зерттеп, көз жеткізген. Мұндай пассионар тұлғалар елдің тарихын жасайтынын, әрбір дәуірді өзіндік ерекше сипатқа бөлейтінін, олардың адамзатқа үлгі болып қала беретінін Л.Гумилев өзінің «Этногенез» атты еңбегінде жалғастырып, дамыта түседі: «Мұндай «сәуле жарқылына» тап болғандар өз пайдасы мен жер бетіндегі рақаттан бас тартады, олар үшін қорқыныш пен тыныштық деген мүлдем жат ұғым», – деген бұл ғалымның зерттеуін зерделей келе, Оразбек ағамыз «Қазақта пассионар тұлғалар бар ма?» атты рисаласында Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романындағы мына ойын келтіреді: «Все это могло быть интересно, если бы мы признавали божественную власть, основанную на самой себе и всегда одинаковую, управляющего своими народами через Наполеонов, Людовиков и писателей». «Кемеңгер Л.Толстой жер бетінде Құдайдың қалауын жүзеге асырушы тұлғалар қатарына жазушыларды текке қосып отырған жоқ шығар. Лев Гумилев те пассионарлар тізімінде ерте дүнидегі атақты шешендерді атап кетеді. Сол шешендерің біздің қазақтың орақ ауыз, от тілді ескі билерін еске

түсірмей ме? Демек, саяси-әлеуметтік пассонаризммен қоса қабат, рухани пассионаризм де өмір сүретіні шындық. Әрбір өзгерістер мен құбылыстар әуелде рухани пассионаризмде көрініс табады емес пе? – дей келе ол, араб халифатының құрылуы мен мұсылман әлемінің пайда болу негізі – Мұхаммед (с.ғ.с.) бастаған діни, рухани пассионаризм екенін айтады. Сондай-ақ қазақ тарихындағы жасампаз тұлғалардың жанынан табылған атақты жырауларымыздың көпшілікке ықпал еткен көсемдері нағыз пассионарлар болғанын, ал Кеңес дәуірінде саяси пассионаризмге жол берілмегенін жазған екен қаламгер ағамыз. Бірақ сол рух пен сана қыспаққа түскен кездің өзінде Бауыржан Момышұлы сияқты «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» – деп халқына рух берген, елінің, халқының бақыты жолында өздерінің жанын құрбан еткен, осы жолдан таймай, қаншама өр тұлғаларымыз өтті дүниеден! Оның ішінде, «Алаш» зиялыларының алар орны ерекше. Бұл ойларын Оразбек ағамыз өзі араласып жүріп таныған жас саясаткер болса да, тәуелсіз еліміздің айтулы тұлғасына айналған Алтынбек Сәрсенбаевтың да азаматтық ірілігі мен адамгершілік биіктігі жайында жүрекжарды тебіреніспен толықтырған .

Сопылық ілімнің құпияға толы ғажайыптарынан сыр шертетін «Сопылар салты немесе тақуалықтың тура жолы» атты рисалада Оразбек ағамыз осы ерекше ілімнің қай жақтан бастау алатынын, оның қағидалары мен ішкі сыр-құпиялары, ағымдары мен салалары, тақуалық жайында ауқымды да терең ой-тұжырымдарын кеңінен қозғаған.

«1960 жылдары Қызылорда облысы Шиелі ауданында ұзын саны жиырмаға жуықтап қалған тақуалық жолға түскендер бар болатын. Олардың негізгі ұйытқысы, ұстазы болған кісі Әбдіқайым ишан еді. Бұл кісі де Сталин заманында талай қуғын-сүргінді бастан өткізіп, Өзбекстанда бой тасалап, елуінші жылдарда Шиелі жеріне келіп, тұрақтап қалған екен. Ол біздің атамыздың көзін көріп, талай мәрте табақтас болған екен. Мен ел ішіндегі қарапайым сопы-тақуалардың өмірімен осылай ертерек таныстым», – дей келе, қаламгер аға тұтастай қарағанда сопылық ілімнің Шығыстағы эзотерикалық дүниетаным ретінде қарастыралатынын, сопы-тақуалар әлемінің руханият саласында ең күрделі, қызық құбылыстардың бірі екенін, қасиетті Құраннан бастау алған сопылар ілімі келе-келе әртүрлі ағымдарға

бөлініп кеткенін, олардың арасынан адамзаттың руханиятын байытқан ойшыл ақындар да, ғұламалар да шыққанын айта келе, Омар Хайямның, Хафиздің шынайы сопылық болмысын ашады. Жалпы, сопылық тілдің ерекше күрделілігіне, құпиялылығына тоқталады. «Бұл ілім жолында жүргендер адам бойындағы Алла дарытқан ең үздік қасиет-қабілетті әрі қарай жетілдіруге болады деп есептейді, осы жолда әркім қоршаған ортаны, жанды-жансыз жаратылысты танып, игеру арқылы ерекше күш-қуатқа ие бола алады, мұның бәріне шын таза ниет пен кіршіксіз сүйіспеншілік сезімдері – махаббат жеткізеді деп біледі. Осы қағидалар негізінде сопылардың діни, адамгершілік, космологиялық ұғымдары қалыптасқан. Екі дүниелік болмыстың тылсым сырларын түсіну үшін олар философияның (поэзияны олар философиядан бөліп қарамаған) сан-саласын, адамның ішкі жан дүниесін, психологиясын зерттеп, космология, астрономия, математика, химия, медицина ғылымдарының дамуына өлшеусіз үлес қосқандары бүгіндері белгілі болып отыр. Дінді, дүниетанымды, адамгершілік қағидаларды тұтас бірлікте қарау – сопылар ілімінің түпқазығы болса керек. Мұның ең айқын мысалы, түркілерге ең түсінікті өнегесі – біздің туған топырағымыздың түлегі Қожа Ахмет Йассауи бабамыздың «Хикмет» атты кітабы екені белгілі», – деп қаламгер аға өзінің сопылық ілім жайында көп зерттеп, білгенін танытады.

Сопылар арасынан әр заманда шыққан әулие-әмбиелер мен қасиетті кісілердің кейбір жағдайларда көрсеткен таңғажайып кереметтері жайында да жазушының бұл рисаласын таң қалып оқисыз. Бізге аңыз сияқты болып келген бұл кереметтерді сопылар уақыт пен кеңістікті игеру арқылы емін еркін қозғалу, әуеде ұшып жүру, дария суларын жаяу кешіп өту, аяқ астынан ғайып болып кету т.б. әрекеттерді игергенін, бірақ олар бұл жайында жар салмайтынын, ондай тылсым құпияларды игерген сопыларға қарақан басының пайдасы үшін мүмкіндіктерін пайдалануға қатаң тиым салынатынын айта келе, автор бұл ілімнің ішкі құрылымын айшықтайды: – Сопылар керемет көрсетуді екі тарапқа бөліп қарайды. Біріншісі – карама; ол Алланың көмегімен, жаратылыс заңдылықтарына сүйене отырып жасалатындары. Екіншісі – сиқыр; ол жын-шайтанның көмегімен жасалатындары. Нағыз шын әулие

сопылар бірінші жолды таңдап алады. Олардың екінші жолмен жүрушілерге (бақсы, балгерлерге) жұлдызы қарсы. Сопылар әдетте кереметтерін құпия ұстайды. кереметтердің өздігінен тумайтынын, бұл жолда талай тер төгіліп, қыруар еңбек жұмсалатынын, сопылық ілім жолын қуушылардың астрология, алхимия, математика, космология, магия саласындағы ежелгі еңбектерді мұқият пайдаланатынын аңғару қиын еместігін жазған. «Шын сопылар таза тақуа болып қана қоймай, екі дүниедегі ақиқатқа қызмет етеді. Махаббат – сопылық философиясының негізгі ұстыны, қазығы. Алланы сүю, махаббат арқылы құлшылық ету ләзім саналады», – деген қаламгер, сопылық ілім жайындағы толғауында күрделі жаратылыстың сырынан шертіп, көкірегі мен санасы ояу жандарға ой салады.

Ал, енді халқымыздың дүниетанымына жақын «әулиелік» – киелі ұғым туралы Оразбек ағамыздың кеңінен зерделеген «Әулиелер әулеті» атты рисаласына тоқталайық. Мұнда әулиелік қасиет негізінен адамның ішкі рухани бітіміне қатысты екенін, діни таным бойынша рух пен жан – екі түрлі құбылыстар болып табылатынын, рух – адам дүниеге келмей тұрып, әлденеше мыңдаған жылдар бұрын жаратылса, жан – адам жарық дүниеге келген соң барып денеге кіретіні туралы оқығанын айта келе, Оразбек аға: «Еуропалық сәуегейлердің кейбіреуі жалпы адам атаулы алдымен астральдық (эфирлік) әлемде пайда болады, кейін ана құрсағынан шыққан соң сол астральдық өмірде өткенін жер бетінде қайталап шығады екен» деп жазатынын, мұндай болжамның исламдық дүниетаныммен үндестік табатынын алға тартады. «Егер адамның рухы алдын ала жаратылатын болса, ол әрі ондаған, жүздеген мың жылдар бойы әлемнің тұңғиық бір түкпірінде нұрдай жарқырап жанып тұрары рас болса, онда ұлық жаратылыстың өзі адам бойындағы күш-қуат көзін, қазіргі тілмен айтсақ, космостық энергияны әуел бастан өлшеп-пішіп қойғаны ма? Бұл, әрине, физикалық дене қуат жайында емес, рух пен жанға жазмыштан дарыған, оның генетикалық кодына кірген ерекше қасиеттер туралы. Әйтеуір, әр адамның бойында болмысына шақталып берілген «космостық» көзі бар екені анық. Бәлкім, әулие атанған бабаларымыз осы космостық (немесе ноосфералық) қуат-күшін өмір-тірлікте емін-еркін пайдалана білген бе екен деген ой туады. Мұның анық-

қанығын біз білмейміз. Біздің қарапайым түсінігімізше, көзге көрінетін болмыстардың барлығы қандай анық болса, көзге көрінбейтін болмыстардың бар екеніне күмән жоқ. Әулиелік қасиеттер, сірә, көзге көрінбейтін болмыспен қоректеніп, көзге көрінетін тіршілік аясында өмір сүрмек болар», – деп Оразбек ағамыз адамның жаратылысы ішіндегі осы әулиелік қасиеттің болмысы туралы ежелден қазіргі күнге дейін зерттелген әр түрлі ғылыми, діни дәйекті тәжірибелерге сүйене отырып, көптеген өмірден алынған мысалдар келтіреді.

Ислам дүниетанымы бойынша адам бойында үш түрлі көз болады, олар:1. Кәдімгі көз, 2. Заһир көз, 3. Батин көз – бұл шын әулиелерге тән қасиет екен, бұл көз әулиелердің қолтығының астында болады. Мұндай керемет иесі өткен-кеткенді, алыс-жақынды түгел көріп отыратындығын, бірақ Ислам дәстүрі бойынша, олар, әдетте, келешекке болжам жасамайтынын, біле тұрса да, осы қағиданы бұлжытпай сақтауы керек екендігін, өйткені, болашақ – әуелден Алланың өз ықтиярында, ал Алланың еркіне араласу – зор күнәға жататынын айта келе, Оразбек ағамыз, – әулиелер өз кереметтерін көзінің тірісінде ғана жасай алатынын, өлген соң – ол да Құдайдың құлына, әруаққа айналып, артынан оқылатын дұғаға мұқтаж болып, Алланың рақымын күтушілер қатарына кіретінін ескертеді.

«Біздің қазақтың әулиелік туралы ұғымында қияли қоспалар көп. Көш бастаған көсем де, топ жарған шешен де, ел қорғаған батыр да – бұл дүниеден өтіп, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте киелі әруақтарға, әулиелерге айналып кете барады. Ал шын мәнісінде, әулиелік пен әруақ сыйлау – екі басқа ұғым. Әруақ – жанның жоғалып кетпейтіндігін, өлмейтіндігін білдіретін ұғым. Оның басқадай сипаты жоқ. Әруақ тірілерге көмекке келе алмайды, кедергі де жасай алмайды. Әруақтарды кие тұту, әулиелерге сиынып, жалбарыну – шынында шамандық сенімнің қалдықтары», – деп, Оразбек ағамыз бұл әңгімесін қорытындылайды.

«Керемет пен сиқыр немесе Алланың жүзінші есімі» атты рисаласын автор: «Базбір Шығыс ғұламаларының пікірінше, Адам Ата мен Хауа Ана заманынан ақырет күніне дейін адам баласы төрт түрлі дәуірді басынан өткермекші екен. Осы уақытқа шейін соның екеуі артта қалса керек, олар жер апаты мен су апатымен аяқталыпты.

Осы екі дәуірде де адамзат қоғамы айрықша өркениет жайып, көктегі және жердегі дүние құпияларын игере бастаған, ғылым-білімнің дамығаны соншалық, адамдар табиғатты аттай ерттеп мініп, қажетіне жаратқан, ойына келгенін істеген. Сол кездің өзінде-ақ олар айнала жаратылыста кездесетін энергия қуаттың барлық түрлеріне (физикалық, биологиялық, психологиялық, космостық т.б.) құрық салып игерген болса керек-ті. Бірақ жаратылысты еркін тұтына бастаған Адам Ата ұрпақтары бірте-бірте сол жаратылыстың шын иесі кім екенін де естен шығаруға айналады. Жер бетін имансыздық пен зұлымдық жайлайды. Содан мүлдем шектен шыққан тұстарда Құдіреттің қаһарына ұшырап, жер бетіндегі саналы тірлік иелері екі мәрте харап болған екен. Бұдан бұлай адамзатты от апаты, жел апаты күтіп тұрса керек. Бірақ ол сұмдықтардың алыстауы мен жақындауы – бүгінгі пенделердің құлқы – пейіліне тәуелді көрінеді» – деген ой-болжамдары арқылы жазушы адамзатқа ой салады. Әрмен қарай қаламгер адамның мүмкіндіктерін, пайғамбарлардың көрсеткен ғажайыптары – мұғжизаларынан, өзге де ерекше жаратылған пенделердің аңыз сияқты көрінетін кереметтерінен небір көріністерді мысалға келтіреді. «XX ғасырда ашылған А.Эйнштейннің салыстырмалы теориясына жүгінсек, космостағы уақыт пен күн жүйесінде қалыптасқан уақыттың арасы ақыл жетпестей алшақ өлшемде жатады. Ендеше қас-қағым мезгіл ішінде әлемдік кеңістіктің бір бұрышын аралап қайту – астрономиялық өлшем жағынан қарағанда әбден мүмкін оқиға. Бүгінгі дүниетану ғылымы «уақыт, кеңістік, материя» атты үш құрамнан тұратын физикалық-философиялық ғылыми категориялар арақатынасын түгел ашпақ түгіл, әл-әзір маңына маңайлап барып жүр емес пе? Космостық кеңістіктің галактикалар арасындағы бос қуыс емес, тұтылған жібек перде секілді, әрлі-берлі жылжытуға келетін, әлемдік тартылыс заңына бағынатын «материалдық» өлшем екенін енді-енді ғана түсіне бастаған жоқпыз ба?» – дейді жазушы аға Оразбек Сәрсенбай. Мұндай қорытынды ойды айту үшін наным-сенім ғана емес, салыстырмалы жүйелі ғылыми білім керек екенінің дәлелі ретінде автордың ой ағымынан осы үзінділер келтірілді. Бұл рисалада өткен – кеткен ғана емес, қазіргі заманымыздың өзінде болып жатқан адам таңғаларлық оқиғалар да жеткілікті, соның

бірінде Ауған соғысына қатысқан алматылық Олег Рубецтің айтуы бойынша, қолына Құран ұстап шыққан ауғандық жауынгер кеңес солдаттарының қарсы алдына, бір шоқының басына шығып алып, тұра береді, оған әскерлер жан-жақтан оқ жаудырады, анау сонда да «мыңқ» етпей, біраздан кейін аман-есен кейін бұрылып кете барады. Тура осыған ұқсас жәйт Грозный қаласында да орыстардың оғының астында тапжылмай тұрған шешен терроршысы жайында Мәскеудің НТВ арнасында емханада жатқан бір орыс офицерінің сұхбатында айтылған екен. «Мұны зерттеушілердің айтуы бойынша, – дейді автор, – бұл екеуі де қазіргі ғылымның әзірше толық қолы жетпей тұрған голографиялық бейне әдістерін меңгерген деген болжамға саяды. Осы теорияны шындыққа жақын деп есептесек, жаңағы ауған да, шешен де – екеуі де адамның өзі емес, голографиялық сурет көшірмесі болып шығады. Ал сонда олар голографиялық көшірме суретті қалай жасайды, оны қандай әдіспен қозғалысқа келтіреді, қандай энергия, қуат-көздерін пайдаланады? Мұндай сұрақтың ешқайсысына әзір тиянақты жауап жоқ», – деп түйіндейді ізденіске толы ой-болжамдарын іңкәр жүректі ғұлама – жазушы Оразбек Сәрсенбай.

Шығармашылық еңбегімен қатар, жұртымыздың діни-имани сауатын ашуды өзінің парызы деп білетін, жастайынан тақуа Әкенің жанында жүріп, имандылықтың мөлдір бастауынан сусындаған парасатты дарын иесі Оразбек Сәрсенбайдың адам болмысындағы ғаламдық тылсым сырлары жайындағы ізденістер мен толғаныстарға толы жүректен шыққан рисалаларының оқырманның жүрегіне жетері сөзсіз. Кейбір имам мен діни қайраткерлер халықтың сана сезіміне бойлата алмай жүрген құбылыстар мен жаратылыс ілімінің қырлары мен бағыт-бағдарын қалам иесі өзіне Жаратушы сыйлаған көркем сөз, сәулелі ой мен көкірек көзінің көрегенділігі арқылы жеткізетінінің айғағындай бұл рисалалар – кемелді қаламгер Оразбек Сәрсенбайдың адамгершілік философиясына қосқан қазынасы деп білеміз.

«Қазақ әдебиеті» газеті,
16.08.2013 ж.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫСЫ ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕРДІҢ «КҮНДЕЛІК БЕТТЕРІ» КІТАБЫНАН

17.08.2013 ж.

Қазақтың талантты ақын қызы, поэзиядан өзге жанрларда да кілтін тауып жазуға мәшһүр Жадыра Дәрібаеваның Оразбек Сәрсенбаевтың рисалалары хақындағы терең мәнді аналитикалық мақаласын айызым қана оқып, ғажайып әсерге бөлендім. Шынын айтсам, Жадырадан дәл мұндай дүние күтпеп ем. Көкейге дөп тиетін ойлы-күйлі, қонымды, шебер жымдасқан, нақты, білікті, айшықты, әйбат сөйлемдер, сөз тіркестерінің ұнағаны сондай, оқып шыққан замат телефон соғып, пікірімді жеткіздім, алғысымды айттым. Жараған!

Апыр-ай, білмейтініміз көп екен-ау! Бір-бірін сирек оқитын, не Ханбибі айтатындай, оқымайтын, жеті жүз жазушының бұрын жетеуі, қазір үш-төртеуі ғана «жарамды» (біреуі – өзі), өзгелері «әлжуаз» деп шұнаңдайтын қасқалар не дер екен бұған? Жадыра жөнінде бір-екі ауыз жылы лебіз білдіргеніме іштері күйіп, тұз жаламас па екен? Сөйтеді, әлбетте. Олардың қасында Жадыра деген кім бопты, тәйірі? Ал, менің айтарым, қазақ әдебиеті өсу, өркендеу, шарықтау үстінде. Аузын қу шөппен сүртетіндердің байшыкештермен ынтымағы артып, әкімқаралармен достықтары нығая берсін! Пах!..

Орыс тілінен аударған ***Зәкір Асабаев***.
«Ақиқат» журналы, № 1, 2015 ж.

## ЗИЯЛЫЛЫҚ ӨЛШЕМІ

*Көру мен түсіну ләззаты – табиғаттың берген ең керемет сыйы.*

***Альберт Эйнштейн***

«Адам жан сұлулығынан айырылғанда – бәрінен айырылады», – дейді XIX ғасырдың белгілі ағылшын (Ирландия) жазушысы Оскар Уайльд «Дориан Грей портреті» романында. Жан сұлулығы мен өлермен өктемдік – екеуі бір-біріне кереғар, үйлеспейтін өлшемдер. Жан байлығында салиқалы

да көрегендік бекзаттылық бар, ал екіншісі – құлдық жартыкештік психологиядан туындайтын болуы керек. Жаны ізгіден нұр тарайды, оның жанындағылар қанаттанып, биікке самғайды. Ал ақын жанының қайнар бұлағынан атқылап шыққан сәулелі жырдан ел нәрленіп, еңселенеді.

Жүзіктің өзінен де көзі қымбат,
Ақынның сыйынан да сөзі қымбат,
Қанша ұзақ жасаса да Ер жігіттің,
Еліне себі тиген кезі қымбат, –

деп жырлаған Қазақстанның халық ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, бүгінде 90 жасты алқымдаған Мұзафар Әлімбайдың да туған халқына бергені де, аянбай еткен еңбегі де қыруар.

Жырлар керек, өмірді жырлау керек,
Жырлау үшін желілі жылдар керек,
Ұзата гөр, тағдырым, жылдарымды,
Бермей-ақ қой бақытты мыңнан бөлек, –

деп тілеген ақынның ниетін Жаратушы қабыл етіп, ғасырға жуық кезеңдегі небір жантүршігерлік зорлық-зобалаңның қайғы-қасіретін халқымен бірге бастан кешіп, бүгінгі тәуелсіздіктің атқан әрбір таңына мінажат етіп, туған ел–жұртымен бірге қарсы алып отырған абыз мына өлеңінде:

Мен нұр болсам – күнненмін,
Мен гүл болсам – жерденмін,
Толқын болсам – көңілден,
Мен ұл болсам – елденмін, –

деп толғанады.

Бұл жан-тәнімен ел-жұртына ұқсаған, халқының рухани қазынасымен нәрленген, дарынын да, жалынын да туған жұртына сарқып бере білген ел ұлының көңілінің марқаюы, халқына арқа сүйеуі.

Жастық шақтың уызын Ұлы Отан соғысына жұтқызып, көңілдері атқылаған оқтан күлдіреп қалса да, аман-есен елге оралып,туғандарымен қауышқан сол ерлердің, миллиондаған қыршын кеткен боздақтардың атқара алмай кеткен міндеттері де өздерінің мойнында екенін сезінуі – олардан мықты болуды талап етті.

Қандай соғыс болсын, ол ең алдымен, адамның психикасын жаулайды. Бораған оқтың астында шабуылға шыққан бозбалалардың бойындағы қорқыныш, жан дүниесіндегі қопарылыс пен астаң-кестеңді шынайы, ашып жазуға болмағандықтан, Кеңес әдебиетіндегі социалистік реализм бағытымен жазылған көптеген шығармаларда кейіпкерлерді құрыштан құйылғандай, адами, пенделік әлсіздікке бой алдырмайтын етіп көрсетті. Әрине, бұл соғыстағы жеңістің жетістігі әрбір саналы азаматтың өз еліне, ата-ана, бауырларына деген ғасырлар бойы қалыптасқан сүйіспеншілігі мен адалдық борышында жатқан да шығар, бірақ коммунистік мұраттарға берік тұлғаларды сомдаудағы кеңестік көркем әдебиеттің де атқарған міндеті зор еді ғой.

Ал, бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Америка Құрама Штаттары мен Еуропаның әйгілі жазушылары Э.Хемингуэй, Э.М.Ремарк, Ф.С.Фицджеральд, У.Фолкнер, Дж. Дос Пассос т.б. «біз тоқырауға ұшырап, адасқан ұрпақпыз, себебі соғыс біздің барлық мұраттарымызды күйретті, көңілімізге сенімсіздік ұялатты, біз «өркениетті елдің азаматымыз» деген үгіт-насихатқа алданыппыз» деген сияқты пессимистік көңіл күйлерін, сол 1914–1920 жж. жазған шығармаларында жан айқайын, іштегі күйігін сыртқа шығарып, әлеммен бөлісу арқылы жеңілдеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан (1939–1945 жж.) кейін де АҚШ, Ұлыбритания, Федеративтік Германияның «күйреуге ұшырағандар» әдебиеті дүниені шарлады. Бірақ кеңестік әдебиет пен барлық өнер саласында қоғамымызда ешқандай психологиялық күйреуге де, тоқырауға да ұшыраушылық болмағандай, тек «жағымды, жағымсыз» кейіпкерлерді сомдаумен шектеткізілді. Коммунистік мұраттарға берілген, мінсіз бас кейіпкерге жас буынды еліктеткізіп өсіру де Ұлы Отан соғысындағы жеңіске жетуге ықпалын тигізгені анық. Бірақ сұм соғыстан жаны аман қалып, қан кешіп, қандықол болып елге оралған әсіресе,өрімдей жастардың көкіректеріндегі шер мен көмейлеріне тығылып қалған өксікті кім көре білді, олардың іштеріндегі іріңдеп жатқан жарасы «еңбек терапиясымен» емделіп кетті ме? Құдайға мұңын шағуға да өкіметтен қорқатын азаматтардың бойын жайлаған үрей, оларды «сырты бүтін, іші түтін» халде өмір сүруге мәжбүрлеген жоқ па? Атақты батыр, партизан-жазушы Қасым Қайсенов ағамыз жылдар бойы айта алмай,

санасын жегідей жеген күйзеліс-үрейін, тәуелсіз халқының алдында, өзі жайында түсірілген деректі фильмде: «Мен мойныма адам өлімін жүктеген адаммын, қолым қанды, Құдай мені кешірмейтін шығар деп қорқамын», – деп ақтарылып, ішін босатқандай болды. Бұл жүрек шері, «арымды күнәдан қалай арылтам» деген жан ышқынысы еді, халқының алдында осылай ағынан жарылу – әркімнің батылы жете бермейтін алыптық қасиеттің белгісі.

Сол соғыс жарықшақ боп бойымда жүр,
Қасіреті жүйкені сойылдап жүр.
Күн емес ол еске алып қоя салар,
Көктемеде – Жеңістің тойында бір.

Кім ұмытар қасірет тосын келсе,
Оқ пен отқа кеудесін тосып ерше,
Қаңтардан да ызғарлы жер қойнына
Он сегізге толмаған досын берсе?!

Ошағы өртенгенін кім ұмытар?
Досының ерте өлгенін кім ұмытар?
Жүрегі дерттенгенін кім ұмытар?
Халқына шер төнгенін кім ұмытар? –

деп риторикалық толғаумен толғанған ақын Мұзафар Әлімбай сияқты ата-ағаларымыздың бойында жарықшақ болып қалған сол соғыс жаңғырығы олардан туған біз сияқты ұрпақтың да бойына өз таңбасын салғаны анық. Ештеңе де ізсіз кетпейді ғой. Өмір жолынан қаланып, моральдық мұрамызға айналған сана жүгі жылдан-жылға ауырламаса, жеңілдемесі хақ. Сол кеңестік тоталитарлық жүйенің темір құрсауында жүріп-ақ, туған ұлтының қадір-қасиетін, жарқын жан дүниесін көркем ойлы шығармалары арқылы көрсете білген, халқымыздың генетикалық еркіндік кодын сақтап қалуына арқау болған жазушыларымыз жұртымыздың қамқоршысы һәм рухани көшбасшылары бола алды. Мысалы, Мұзағаң «Шегендік Әлен ақын айтыпты» атты поэмасындағы мына шумақта:

Жүректен асқан сандық жоқ,
Ерліктен асқан салдық жоқ,
Елдіктен асқан ерлік жоқ,
Еркіндік алмай теңдік жоқ,
Наданнан асқан кемдік жоқ,

Құлдықтан асқан қорлық жоқ,
Қорлықтан асқан зорлық жоқ, –

дегенде, Әлен ақынның аузына салып, өз арман-мүддесін, халықтың көкейіндегісін айтып тұрған жоқ па?

1992 жылы жарық көрген «Толқыннан толқын туады» атты қазақ әдебиеті қайраткерлерінің шығармашылығына арналған зерттеулер, эссе, естеліктер кітабында ақын Мағжан Жұмабаев жайында: «Мағжан жырларында мәнсіздік, мағынасыздық, атымен ұшыраспайды, жылан салқындық табылмайды, оның сөзі қайнап, бұрқырап тасып жатқан гейзер суындай ыстық! Мағжанның жүрегі рентген айнасындағыдай оқырманның көз алдында лүпілдейді, шиыршық атады, атқақтайды, тайша тулайды, кейде ақ қағазға қып-қызыл қанын сорғалатып жатқандай әсер береді... Жұмабаев поэзиясының саркып құяр сағасы – сахарадағы туған халқына жанашырлық, тарих көшіндегі қозғалысына болысу! – деп жазған ақын-зерттеуші Мұзафар ағамыз қазақтың маңдайына біткен Мағжандай от жүректі ақынның поэзиясының толассыз мұхитының тереңіне сәулелі ой-түйсігімен сүңгіп, оның жан тұңғиығындағы маржандарының қасиетін аша білген.

Қазақ даналығының келбетіндей арынды жыраулар жырларынан бастау алып, кемеңгер Абайдың ордалы ой дүмпуінен қуаттанған, Шәкәрім ақынның Ұлы Ақиқатқа деген риясыз сенімінен туындаған фәлсафасымен нәрленіп, Алаш арыстарының бекзаттық, пассионарлық отына шарпылған туындылары, Мұхтар Әуезовтей ұлы жазушының дала стихиясын, қазақтың рух-болмысын шебер көркемдікпен адамзатқа жеткізуі – 1950–1980 жылдар аралығындағы бүкіл қазақ қаламгерлерінің қанатын кең жайып, өрістерінің кеңейе түсуіне зор ықпал еткені сөзсіз. Қазақ әдебиеті майталмандарының өмірлері мен шығармаларына арнаған зерттеулері мен эсселерінің бірінде Мұзағаң: «Пайғамбар ақындар болмысты, құбылысты, қимылды түгел-толайым тұтас қалпында көңіл экранына түсіре білетін бір сиқыры болса керек! Өйткені олар – үлкен серпінді, кең тынысты поэзия жасаушылар!» – деп ол ақындық болмыстың құпиялылығына тамсана түседі.

Мұзафар ағамыздың Мұхтар Әуезовтей алыптың жанында жүріп, оның айтқан ойларын жазып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізгенінің өзі баға жетпес қазына ғой. Мұзағаң эссесінде

ұлы жазушының қаламгерлік жайында айтқан бір ойын келтіреді: «Таяуда бір жас жігіттің повесін оқыдым. Қозғалыс, даму жоқ. Жайлы-жақсы, қоңыр ғана жайлар. Бар қасиетті сыртқа шығармақ керек. Адам тұтанып жанып, тұтанып жанып тұрмас па! Шығарманың оғы, оқ дәрісі бар сияқты, бірақ атылмайды. Пугач боп атылатын да, пушка боп атылатын да адам бар. Адамның ішінде ядроның қуаты бар. Соны жара біліп, алу керек. Біздің жастардың жазғандарында кейіпкерлер не жыламайды, не құламайды. Адам ата боп қайғырмай ма, ана боп жыламай ма?» – деген кемеңгер жазушының дарын қуаттылығы жайында тебіренісін айта келе, Мұзағаң: «Мұхаңның алдында біраз болғанның өзінде кісінің күннен сәулеленген сияқты көңілі нұрланып шыға келер еді, – деп қанаттанады. – Бірде сөзден сөз туып Мұхаңның: «Өз басым талай ғалымды көріп-біле жүре, солардың өз ұстаған ілімі төңірегінен әрі аса бермейтініне ішімізден қабақ шытып қалатынымыз да бар. Ал Қаныш болса, М.Горькийдің сөзімен айтсақ, «бүкіл бір мекеме». Қазақ «сегіз қырлы» дейді ғой. Бәлі, бұл сөз кем соғады. Қаныш басының қадір-қасиеті, дарын-таланты орасан мол. Оған Мәскеу оқымыстылары қандай ден қояды?! Қаныш даңқ-дабыра, ду мен шуды суқаны сүймейді!» – деген алып жазушының Қаныш Сәтбаевтың асқарлығы жайындағы тамсанысын Мұзафар ағамыз шаттана жазған екен.

«Әр қаламгер, дарын жомарттығымен халқын қарық қылушы, дербес бір әлем, жалпақ жиһан. Ұлан-ғайыр сол дүниенің ішіне кіріп, ұңғыл-шұңғылына дейін үңіліп зерттей тану, жанға ләззат алу, белгілі шығарма иесінің стильдік өзгешелігін айыра білу сыншылардың да кез-келгеніне оңай асу емес. Оған қапысыз талғам, терең білім, зерттегіштік талант қажет, – деп ақын, зерттеуші Мұзафар Әлімбай қаламгерлік пен шығармашылыққа деген өзінің қырағылық, қастерлі көзқарасын танытады. «Ұлы болу – бағыт-бағдар сілтеу» деген екен Австрия жазушысы Стефан Цвейг. Ұлылардың жан дүниесіне бойлап, шығармаларын тереңінен зерттеу үшін де бойында ұлықтылық пен көрегенділік көкірек көзі бар Мұзафар Әлімбай сияқты жан-жақты дарын иесіне өз заманының әдеби, мәдени, зор тұлғаларымен сырласу, рухани ағайындық қарым-қатынаста болу бақыты бұйырған екен.

Біздің қазақтың тау тұлғалы ұлдарының жастайынан

өздерінің халықтың тірегі екенін сезініп, елінің болашағына зор жауапкершілікпен қарайтынының дәлеліндей мына жан тебірентер көріністі Мұзафар Әлімбай ағамыз 2002 жылы шыққан «Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның» атты естелік кітабында қазақтың марқасқа жазушысы Ғабит Мүсіреповтың айтқанынан келтіреді: – Орынборда Сәбит екеуміз Сейфуллиннің пәтерінде жатып оқыдық. Содан бері білем. Оның бәрін түтінін үзбей айта берсек, ұзақ сонарға түсіп кетерміз. Тоқ етер түйінді бір эпизод соңғы көруімді айтайын... 1937 жылы күзгі айлардың бірінде Жазушылар одағында Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасының жаңа редакциясы талқыланды. Шығарманы, шынымды айтып, қатты сынадым. Ол кезде сөз иесіне қарамайды, сөзіне қарай бағалау салт болатын... Көркемдік қуатының солғындығын айттым, тартыс, коллизия бәсеңдігін жасырмадым пьесаның. Сәкен аға айтылған сындарға тіксініп қалғаны бүркеусіз сезілді... Үйді-үйімізге тарттық. Шайымды ішіп болып, кешкіде кабинетте сол күнгі газеттерді ақтара бастағанмын. Біреу сыртқы есікті таяқпен итеріп ашқандай болды. Мен де қарадым – ар жақтан үстіне плащ киген, басында шляпа, Сәкен аға көрінді... Күтпеген келіс! Мен «сілкілеуге келді-ау» дегендей іштей жиырылып қалып, түрегелдім... Құдауанда, қайран қалатыным, жайшылықта жалпақ тілмен, қарапайым қоңыр сөйлейтін Сәкен Сефуллин біреумен ұрысса, кейіссе, ренжіп мінбеден сөйлесе қайдағы-жайдағы әрі қатқыл, әрі удай ащы атауларды қаптатып, қарсыласын батпандай сөздермен қатты соққылап «жеп» қоятын әдеті... Мен қарсы беттеп, үш-төрт аттадым білем.

– Сәкен ағам ренжіп кетіп, тіресkелі келді,– деп тұрсың ғой, ә?! Отыр! Тіксінбей-ақ қой! Отыр! Әңгіме бар! – деді Сейфуллин. Екеуміз де орындыққа жайғастық. Қолындағы кавказ таяғын тізесіне көлденең қойып, сөйлеп кетті.

– Мені жуырда әкетеді... Оған шүбәң болмасын! Сендерге тимейді. Әдебиеттің басында енді сендейлер, сендердің жасыңдағылар қаласыңдар... Ежелден-ақ әдебиет – елдіктің ең бірінші белгісі, халықтың басты қасиетін бойына дарытқандар – ақын-жазушылар – халықтың қамқор панасы, дауыл өтіндегі қалқан тауы. Біздің қазақ – қасқыр мінездес халық... Бірін-бірі талаудан тайынбайды. Сендерге аманатым – қазақты біріне-бірін жегізбеңдер, аман-сау

алып қалыңдар. Мен осыны ғана айтуға келдім. Көз байланған кез ғой. Көзге түспеген шығармын. Ал, хош, Ғабит! – деп орнынан жылдам тұрды.

– Сәкен аға, ондай үрейлі ойдан аулақ болыңыз. Сізге де тимейді. Елдің алдындағы ерен еңбегіңізді қайда қояды?! – дей беріп едім, – мендейлердің нешеуі аман қазір? – деп кесіп тастады. Қолымды қатты қысты да, сыртқа беттеген Сәкен қараңғылық қойнына сүңгіп бара жатты... Сәкен ағаны соңғы көруім сол екен! Екі күннен кейін бүкіл қала дүңк ете қалды: – Сәкен Сейфуллинді ұстапты...

Қандай нарлық қасиет! Өзі өлім ауызында тұрса да, туған халқының жағдайын ойлап, ел мүддесін өзінің жеке басынан жоғары қойып, «мен не болсам болайын, сен аман бол, туған ел» деп, жұртына деген шексіз перзенттік махаббаттан жүректері өртенетін арыстарды туғызып, бойларына осыншама ұлы сезімдерді бойлата білген қазақ халқының мықтылығына тәнті боласың! Ғасырлар бойы ұрпағының санасына сіңірген, атадан балаға берілген елдіктің қадір-қасиетін қастерлеу – ақиқат аксиомасы болып қазақтың генетикалық жадында сақталған. «Ер елінің тірегі», «ел баласы бол», «намысыңды сатқанша өлгенің артық» дегендей көптеген халық даналығымен өрілген мақал-мәтелдер ұлтымыздың елдік болмысты сақтау кодексі! Ал халқы мен жаны егіз ақындарының табиғатын Алаш арысы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздері тамаша айқындайды: «Ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жаннан, ардан безбесе ақынын қай ел қастерлемесін». Ия, Сәкен Сейфуллиндей халқымыздың дүлей мінезді, өр тұлға аяулы ұлдары халқына қалқан болып, Кеңес өкіметіне үрей туғызды, сондықтан олардың көздерін жойып тындырды.

Тумысынан пайым-парасаты биік, халқының даналығын бойына сіңірген ақын Мұзафар Әлімбай да өзінің мына өлеңінде:

Ана алдында бала бол,
Аға алдында іні бол,
Іні алдында аға бол,
Көп ішінде бірі бол,
Дау алдында дана бол,

Ескі алдында жаңа бол,
Қиындықта сірі бол!
Қауым үшін тірі бол,
Ел қадірін біліп өл. –

деп, ежелден ата-анадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан өнегелі сөзін айтады. Қазақ халқының ұлан-байтақ жерін сақтап келгені – өнеге-тәрбиесінің өміршеңдігінен, құнарлы бастаулардан нәр алғандығынан. Көне Римде ұлы соғыстан қашып келсе, анасы «елін қорғамаған сатқын менің балам емес!» деп қарғап, үйіне кіргізбей, қуып жібереді екен. Ия, жастайынан ұрпағын еліне адал, жұртына қорғаныш ер етіп өсіре білген халық қана өз жеріне ие бола алады.

Белгілі орыс жазушысы Н.С. Лесковтың: «Не могут быть отменно хороши юноши, там, где отменно гнусны старцы» дегеніне, қазақтың: «жақсыдан жақсы туар, әке жолын қуар» сынды мақалын антитеза етіп алсақ, Мұзафар ағамыздың да шыққан тегі, тәрбие-тәлім алған ортасы зиялылықтың бастауы екен. Әкесі Айтмағамбет Уфа қаласындағы діни медресені XX ғасырдың басында бітіріпті. Елге келіп молдалық құрмай, мұғалімдікпен шұғылданыпты, мектеп ашыпты. «Дін –тәрбие діңгегі» атты мақаласында Мұзафар ағамыз: «Дін – адам арын таза ұстаушы, имандылық екен, дін – адам жанын ғазиздендіруші күш-қуат екен, дін – гуманистік ілім екен! Дінде жанашырлық, мейірбандық, арлылық, жақсылық жасауға құштарлық, жалпы адам ардақтау сияқты асыл да гуманистік мінез-құлықтар мол екен. Ия, дін – тәрбие мектебі екен!» – деп, еліміз егемендікке ие болғаннан кейін ата дініміздің қадір-қасиетін айғақтайтын «Мұсылмандық мұраты» атты өлең кітабын жазғанын айтады көркемсөз де, көсемсөз де иесі Мұзафар ағамыз.

Қарымды қаламгер, Мұзафар Әлімбайдың шығармаларындағы шұғылалы, шырайлы ой өрнектерінен сөз иесінің өмірге, жерге, елге, адамзатқа деген ақ ниеті мен шынайы сүйіспеншілігінен, нағыз халық ақынына тән кең тынысты, тағылымды ұлағаттылықты ұғасыз. Оның кіршіксіз жан әлемінен туындаған туындылар кішінің де, үлкеннің де жанына бірде жыр боп құйылып, бірде фәлсафалық көркем ой шырағданын жаққан эссе, естеліктер, зерттеулер мен мақал-мәтелдері арқылы халқының санасын сәулелендіріп, қаншама жылдар бойы, рухани азығы болып келеді. Ал, ақын-

ның жасөспірімдердің жан-дүниесін жарқыратып, қиялдарын ұшқыр, жас қанаттарын биікке талпындыратын өлеңдерінің өзі бір әлем!

Жаратушы әр адамға жер бетіндегі міндетін атқару үшін уақытын да белгілеп беретін болуы керек. Мұзафар ағамыз өзінің рух-жігерінің, аянбай, талмай еңбектенуінің, ізденімпаздығының арқасында дарынын дамытып, уақыттың да, өмірдің де, тұлғалылықтың да қадіріне жете білген жан. Туған жұртымен тағдырлас абыз ақынның маңдайына қазақтың ғасырлық дарабоз тұлғаларымен бірге сырлас, мұңдас болып әдебиет деген киелі алып кемеде бірге жүзуді жазған екен. Әдебиет, мәдениет, ғылым, өнер саңлақтарының тұлғалық, шығармашылық ерекшеліктерін, жан әлемін тереңінен түсініп, олардың қадір-қасиетін қастерлеп, зерттей білу – зиялылық талғамның, білімдарлықтың белгісі. Мұзағаң көркемдік әлемнің кеңістігінде өз болмысындағы жан жомарттығы, сергек сезімталдығы және кең дүниетанымы арқылы шығармашылық бағыт-бағдарын айқындаған қарымды қалам иесі.

Мұзафар Әлімбай әдебиеттің қырлы да сырлы соқпақтарынан дара жол тартып, жұртының жүрегіне бойлаған, елінің қамын ерте ойлаған, қаламы қолынан бір сәт түспеген, шығармашылық қыруар еңбегін халқының рухани дамуына бағыштаған, елін шексіз сүйетін біртуар дарынды ағаларымыздың қатарынан. 1996 жылы шыққан «Көңіл күнделігі» атты кітабындағы Мұзағаңның өз сөзімен айтқанда: «Жақсылық пен ізгілік, ерлік пен елдік дәстүрі ешқашан үзілмесе екен. Осы дәстүр аға ұрпақтан бала ұрпаққа мирас боп жалғаса, жарқырай берсе екен! Ол үшін аға ұрпақ бала ұрпақ алдында маңдайға ұстап, мақтан тұтар марқасқалардың өшпес өнегесін, өлмес ерлігін дәріптеп, сонымен қабат өздері кешкен опығын да, тіпті, қателігін де жасырмай, бүгіп қалмай, әрдайым баяндап отырса екен. Шынайы қаламгер өз творчествосында осындай мұратты көздесе керек!» Бұл халық ақыны, ар-иманын кіршіксіз сақтай білген, ел ұлы Мұзафар Әлімбайдың халқына, шығармашылық иелеріне берген ақ батасы іспеттес.

«Қазақ әдебиеті» газеті,
18.10. 2013 ж.

# ПОЭТИКАЛЫҚ ОЙ ҚУАТЫ

(*Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, аса көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің поэзиясы жайында*)

*Ұлы адам дегеніміз бағыт-бағдар сілтеуші.*
***Стефан Цвейг***

Мәскеуде білім алып жүрген студенттер, қазақ ақын-жазушыларының жаңа шығармаларын іздеп жүріп оқитынбыз. Қазақтың керемет ақындары шоғырланып шыға бастаған кезең еді. Бізді бірде романтик ақын Төлеген Айбергенов тебірентсе, бірде тұнық та сыршыл өлеңдерімен Мұқағали Мақатаев тамсандыратын, Жұмекен Нәжімеденовтің парасатты, жігерлі поэзиясына тәнті болып, Тұманбай Молдағалиевтің шуақты жырларымен жанымызды жылытатынбыз, Өтежан Нұрғалиевтің шілдедегі нөсердей селдеткен ақ өлеңдері тынысымызды ашатын, Сағи Жиенбаевтың жырлары қазақтың майда қоңыр мінезіндей елітетін, Фариза Оңғарсынованың пәрменді, отты жырлары жанымызды алаулататын. Қазақтың әрбір дарынды ақынының жинақтары елден жырақта жүрген біздің жанымыздың азығы еді. Ал Қадыр Мырзалиевтің жырлары бойымыздағы қазақтығымызды қоздатып, рухымызды биіктететін. Оның мына өлеңін, айдалып кеткен Алаш зиялыларының рухына арналған деп түйсініп, жаттап алып, бас қосқан жерде өзара айтатынбыз:

Осы өмірдің өзінің азсынғандай азабын,
Ойлап тапқан зұлымдар неше түрін жазаның.
Бірақ соның бірі де жасытпаған батырды,
Бірақ соның бірі де жасытпаған ақынды!
Сосын патша оларды қанатынан қайырып,
Жер аудара бастаған туған жерден айырып.
О, зұлым-ай, зұлым-ай!
О, ант атқан, ант атқан!
Осал жерін ерлердің қалай ғана дәл тапқан!

«Чем выше поэт, тем больше принадлежит он обществу, среди которого родился, тем теснее связано развитие, направление и даже характер его таланта с историческим раз-

витием общества», – деп орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский айтқандай, ақын Қадыр Мырза Әлінің де тағдыры, өзінің қатарластарыныкі сияқты, туған халқының, елінің, қоғамының басынан өткен небір күрделі тарихи кезеңдерден өрілген. 1935 жылы қаңтар айында, 1932–33 жылдардағы ашаршылықтан екі жыл ғана кейін туған, Қадыр ақынның басынан кешкен тауқыметі мен азабы, Ұлы Отан соғысының қасіреті мен қайғысынан қаңсыраған жұртымыздың жан ышқынысы, түйдек-түйдек көз жасы болып, оның жырларында тұнып тұр:

Бір кісідей соғыстың
Біз де азабын тарттық қой,
Тылда істеген көп істі
Балалық пен карттық қой.
Бармақтай боп сол күнде
Жатпаушы едік дем алып,
Әр маяның түбінде
Қалды біздің балалық.
Кеште бәрі адамның
Бір жерге кеп қонатын:
Орталығы ауданның-
Нан дүкені болатын.
Бақыт еді ол күнде
Шығу деген нан алып
Сол дүкеннің түбінде
Қалды біздің балалық.
Өстіп оны кез келген
Жерге біздер тастаппыз.
Ал өмірді біз бірден
Азамат боп бастаппыз!

Тағы да:

Егілсем сол бір кезді есіме алып:
Ең жасы, ең кәрісі – осы халық!
Ел арқан сияқты еді екі шетін
Жалғаған ортасын мол кесіп алып.
Кешқұрым жиналған соң отбасына,
Қасірет шығып алған жотасына
Қарайтын карттар бізге қарағандай
Сағынған ұлдарының фотосына.

Не керек солар бізді қасына алып
Тұрмыстың тепкісіне жасымадық.
Жетімдік көрген жоқпыз – өзімізді
Өзіміз әке болып асырадық! –

Міне, Қадыр Мырза Әлінің ақындық бастауының қайнары! Ұлы Отан соғысы басталғанда алты жасар баланың отбасының, ел-жұртының қасіретін бірге көтеруі, қайғыдан бүгіліп, қалт-құлт етіп жүрген қарттар мен аналарға тірек болып, ер арқалар жүкті мойнына артуы – бұл сәби табиғатына жасалған қиянат! Бірақ осындайда адам баласының екінші тынысы ашылатын болар. Сол кездегі алапаттан аман қалған ұрпақтың, оның ішінде, көркем дарын иелерінің жүректерінде түйдек-түйдек мұң қалғанымен, олар тірі жанның қадірін, өмірдің қымбаттылығын біліп қана қоймай, оның салтанатын арттыру, туған жерін, жұртын, Отанын жан-тәнімен, бар болмысымен сүйіп, халқының еңсесін көтеріп, санасын нәрлендіру үшін өз тұлғалығын, азаматтығын, рухани әлемін сомдап, дамыта түскен. Осыған орай, болгарлық әдебиеттанушы Михаил Арнаудовтың «Психология литературного творчества» атты кітабында айтқан мына пікірі еске түседі: «И надо наглядно представить себе, какие препятствия, труднопреодолимые иногда, встают на жизненном пути некоторых значительных художников и мыслителей, чтобы правильно понять как гений, оплодотворенный духовным движением среды, находит в себе необыкновенную силу и непоколебимую веру для самопроявления». Бұл пікірді Қадыр Мырза Әлінің мына шумағы да айғақтап тұрғандай:

Біреулер бар асып туған тұстастан,
Туа сала тағдырымен ұстасқан,
Бар өмірі, о Туған жер, олардың
Мәңгілікке өзіңменен ұштасқан, –

Ия, әрбір дара, дарынды жанның өмір жолында кезіккен қақпан тұзағы кездейсоқтық емес, ол шыңдалу, жүрек қазынасын байыту үшін берілетін сынақ деп білу керек. Бала кезінен жалғыз ұл болып, әкесінен айырылып, жаны күйзеліп өскен сәби көңілін ұғу үшін Қадыр ақынның мына өлеңіне зер салайық:

Өмірімді ойлаймын күнімен де,
Өмірімді ойлаймын түнімен де,
Мен жалғызбын – жоқ жалғыз аға менде,
Мен жалғызбын – жоқ жалғыз іні менде.
Өмір неге тарылды тарылмасқа?!
Кінәлі емес бұған, дос, тегінде ана,
Кінәлі емес не ажал – өлім ғана...
Ағасы жоқ адамда жеңге де жоқ,
Інім де жоқ, жоқ содан келін бала!
Жалғыз ана, сол маған сүйеу ғана,
О да болса қайғыға тиеулі ана!
Өмірдің бір қызығы туысқан ғой,
Осылайша мазалар тоғысқанда ой...
Соның бәрі, о достар, әке жоқтан,
Әке жоғы кешегі соғыстан ғой!

Осы өлең оның бүкіл болмысының лейтмотиві іспетті. Әрбір ұлға өзіне сүйеу, тірек болатын ер-азамат, әке, бауыр керек, әйтпесе, ол өзін әлсіз, панасыз қалғандай сезінеді. Құдірет ерлерге артығымен күш-қуат, қайрат беріп, өмірдің ауыр жүгін көтеретін етіп жаратқан. Ал, қу соғыс халықты сондай ерлерден айырып, тәлтіректетіп жіберді. Жалғыздық жарасынан арылу қиын, ол қансырамаса да, сыздайды да тұрады адам жүрегінде. Бұл күйзеліс жанды жегідей жеп бітіреді, немесе ол басқа бір құбылысқа айналуы керек. Қадыр Мырза Әлінің жан әлемінде ол трансформацияланып, елжандылыққа ұласты да, халқының бойына пәрменді ой, тасқынды жырлар болып құйылды! Жанында кептеліп қалған от-жалынын, сүйіспеншілігін, ой-арманын поэзиясы арқылы ол жұртына беріп, өзінің де, оқырманының да рухани кеңістігін құнарландырды.

Бүкіл жаратылыстың қуат алмасу арқылы дамитыны хақ. Қадыр ақынның туған жерге арналған әрбір өлеңіндегі көңілді марқайтар, сүйіспеншілікке толы жүрек лүпілінен жанымыз нұрлана түсіп, қасиетті мекенімізге деген ынтызарлығымыз бен мақтаныш сезімнен көңіл шалқиды:

Қайда жүрсем сен менің арымдасың,
Рухымда, жадымда, қанымдасың,

тағы да:

Екі нәрсе мәңгілік: бірі өзің де,
Бірі мендік махаббат саған деген!

және:

> Бар асылым, өмірім өзіңдікі,
> Өзіңдікі өлген соң сүйегім де!

енді:

> Уа, Туған жер, көңілдің сенсің төрінде,
> Сені ғана жоғалтқан жоғалтады бәрін де!

сосын:

> Жер ғана емес, аруанасың жүз желін,
> Сені емгендер аңсап тұрар түз желін.
> Қасиетсіз болсаң саған сіңгендер
> Ұмытар ма өз жерін?! –

Осындай сеңгір сезімдер оқырман жанын қалай тебірентпесін!

Ақын-жырауларымыз туған жұртының қасиетін, елге, жерге деген мейірбандығын арттырып, қаншама өшпес рухани мұра қалдырып кеткен! Сонау біздің дәуірімізге дейінгі ғасырларда ғұмыр кешкен ежелгі сақ тайпаларының жалғасымыз десек, олар өздерінің елжандылығының арқасында байтақ жерге ие болды. Халқымыздың бойындағы сол бабаларымыздан, олардан кейінгі ғұн, түркілерден қанмен берілген ержүректік пен елге деген ерекше сүйіспеншілікке толы батырлық дастандар ауыз әдебиетіміз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, олардың жүректерінде туған жұртына, мына ұлы Далаға деген махаббат отын лаулатқан.

Қадыр Мырза Әлінің де ақындық шабыты мен тынысын ашқан ата-бабаларымыздың бойындағы сол өжеттік пен арыстан жүректі айбаттылық, елге деген ынтызарлық пен адалдық, оның қадір-қасиетіне жете білгендік.

Қиын сәттерде халқына жырларымен рух беріп, елжұртының азаттығы, бақыты үшін күрескен әлемнің еңселі де ержүрек ақындары Шандор Петефи, Адам Мицкевич, Тарас Шевченко, Салауат Юлаев сияқты қазақтың от жүректі батыр ақыны Махамбет Өтемісұлының жырларынан қуат алып, рухтанған, жыраулар өрлігі мен даналығын бойына сіңіріп өскен ұрпақтың бірі, өзінің қуатты, ойлы жырларымен қазаққа қазақты сүйгізе білген, арқар болмысты ақын Қадыр Мырза Әлінің де азаматтық және поэзия-

лық кредосы осындай тамыры терең, көрегенділік дүниетанымнан өрілген. Поэзия әлеміне, халқына, жеріне деген өзінің өзегін өртеген ынтызарлығымен кірген ол:

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:
Теңіз кешіп, шың басына шығыпты ер,
Көре тұра мына Ұлы даланы,
Қалай кіші боламыз, ей жігіттер!
Көкжиекке көзің ғана жақындар,
Бұл даланы Жерұйық де хақың бар.
Бұл далада өседі екен құлпырып
Қызғалдақ пен ақындар! –

деп көңілі марқаяды, сөйтіп:

Бұл далада өседі екен қасқайып,
Сексеуіл мен батырлар! –

деп шаттанған шайыр көңілі тағы да:

Дарқандық даналықпен ұласқанда,
Даланың ұлдарынан ұл асқан ба! –

осылай ол ұлт бойындағы асыл қасиеттерді асқақтата отырып, ерді қанаттандырады.

Енді:

Ел дегенде ар қандай, намыс қандай,
Тау мен тасқа соғылған маңдай қандай!

немесе:

Өзім үшін күрестен жеңілсем де,
Елім үшін күрестен жеңілмеймін!

және:

Ер еңкейсе еңкейеді жалғыз-ақ,
Туған жердің топырағын сүйгенде! –

деген ақын өзі де елімен бірге іріленіп, оқырманын да арқаландырады.

Жоғарыда айтылғандай, қазақтың ұлтжандылығы, халыққа қамқорлығы мен жанашырлығы сонау көне заманнан ата-бабалардың қасиетімен, өнегесімен, ақын-жырауларының қалдырған рухани мұрасы арқылы берілсе, Еуропа халықтарында мұндай бетбұрыс әдебиеттегі қозғалыс бо-

лып, XVIII ғасырда Германияда басталған. Осы кезеңдегі француз жазушысы, философ Жан-Жак Руссоның қарапайым адамның жан дүниесіне бойлап, жоғын жоқтап, мұңын ұғу, сөйтіп қоғамның оған деген мейірімін ояту идеясын И.Гете, И. Шиллер сияқты немістің ірі жазушылары қолдап, кейін оны ойшыл, жазушы Иоганн Гердер дамыта түсті. Сөйтіп, қарапайым еңбек адамының табиғатына қызығушылық, оған деген жанашырлық прогресшілік ойшыл гуманистер қатарын толықтыра түсті. Бұл ағым сол кезде Ресейдің ақын-жазушыларына да жетіп, Н.Чернышевский, А.Герцен сияқты демократ-жазушылар орыс жұмысшысы мен мұжығының ауыр халін айтып, дабыл қақты. Осы қозғалыс кейін дүниежүзілік әдебиетте де, өнерде де шығармашылық ізденістердің шеңберін кеңейткені бар.

Ұлы Абай бастаған қазақтың көрнекті ақын-жазушылары орыс тілі арқылы әлем әдебиетінің шығармаларын қазақшаға аударып, өздерінің де, халқымыздың да жан -дүниесін байыта түсті. Солардың қатарында Қадыр Мырза Әлі де бар. Ол көптеген елдер ақындарының жырларын тәржімалаған, соның бірі бауырлас венгр халқының ұлы перзенті Шандор Петефидің (1823–1849) ұлтына деген ерекше тебіреніс пен махаббатқа толы өлеңдерін бойды шымырлатар ыстық сезіммен қазақшалаған еді. Қазақ пен венгрдің генетикалық түпкі туыстығын, мадьяр халқының басынан өткізген сұмдық ойран кезіндегі болгарлардың олардан кек алып, ерлері жорықта жүргенде бүкіл құрсақ көтеруге жарайтын әйелдері мен қыздарын түгел қырып салғанын Қадыр ақын өзі қазақ тіліне аударған Ш. Петефидің «Махаббат пен бостандық» атты кітабындағы алғы сөзінде: «Бұл қан мен жан туыстығының айғағы! Шандор Петефидің мына жырын еуропалық ақын жазды деуге бола ма:

Түзде тудым, тудым дауыл, бораннан,
Зәулім биік үйлерінде тұра алман.
Туған далам – Альфельд маған қарайды,
Менің пірім – азынаған қара айғыр.
Мінемін мен қара айғырға ер салмай,
Өз еркімде, қайда, қалай барсам да...
Жылқышыға жайдақ ат та жарайды,
Менің пірім – азынаған қара айғыр.
Қызыл гүлім, сақтай гөр деп сұқ көзден,

Маған жейде тігіп бердің ақ бөзден.
Жар боласың, жазғы таңдай арайлы,
Менің пірім азынаған қара айғыр, –

бұл жыр өмірден өрімдей жас кеткен, бойында көне қыпшақ қаны бар венгр халқының қайталанбас ұлы ақыны Шандор Петефидің бар болмысымен, жаратылысымен, рухымен қазақпен үндес, бауырлас екенінің тағы бір дәлеліндей!» – дейді ол мақтана да, шаттана.

Сана түкпіріндегі ой қатпар-қатпар қуыстарға тығылып алып жанды жегідей жегенде әрбір шығармашылық иесі жүрек қазынасына жүгінеді. «Көзбен көре алмайтынды, жүрек қана көреді» дейді француз жазушысы Сент-Экзюпери өзінің «Кішкентай ханзадасында».

Ойдың ұшқырлығы сезім қуаттылығымен толықсып, көркем туындыға айналатыны мәлім. Ал сезім, көбінесе, мына жарық дүниенің, болмыстың, адам табиғатының, өмірдің тылсымдылығына бойлай алмай болдырып, адамның ойы сан-саққа жүгіріп әуре. Сондықтан әдебиеттегі, өнердегі модернистік ағымдар, әсіресе, оның ішінде экзистенциалистер шынайы өмірден қашып, сана түкпіріндегі, әртүрлі күңгірт ой ағымдарын, көбінесе,шығармаларына арқау етеді. Ал біздің қазақ ақын-жазушылары соцреализм құрығында жүріп-ақ, қазақтың кең дүниетанымын, адамдық ірі қағидаларын, ұлттық ерекшеліктерін, қазақтың мінезі мен рухын, туған жерге деген ынтызарлығын, бабалар ерлігін көркем әдебиет шығармалары арқылы бере алды, сөйтіп, ұлт көңілінің бәсеңсіп, құлазып қалмауына зор әсер етті, олардың бойындағы бұғып қалған тұлғалықты оятты.

Сөнген, өшкен жанартаулар – даңқты,
Атылмаған жанартаулар қауіпті! –

дегенде Қадыр ақын жұртын іштен тынып, өздерін болымсыз сезінуден сақтандырғандай.

Немесе:

Өзін-өзі тапқан адам бақытты,
Жоғалтпаған бақыттырақ одан да! –

мұнда да адамдық ұстанымдарды сақтай білуді осылай жүрекке қадалатын жебедей жеткізу – бұл Қадыр Мырза Әлінің бүкіл поэзиясындағы шеберлік пен ұшқырлықтың

жетістігі деп білеміз. Жалпы, ол асау ойды асқақ сезіммен ауздықтап, шымыр тұлпар-жырға айналдырған ақын.

Әрбір саналы жан өзінің тұлғалылығын қалыптастырып, дамытатын орта іздейді, ол жетілген білім, дарын иесіне зәру. Өз заманының көңілі қырағы да ұлағатты ақыны Қадыр Мырза Әлінің:

Жамап жүрмін көңілдерді сөгілген,
Жамап жүрмін көңілдердің жыртығын, –

дегені өзінің ақындық, адами парызын жақсы білгендігінен.

Жұбан Молдағалиев, Жұмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырза Әлі сияқты қазақ ақындарының егіліп, елін сүйген жүрегінен шыққан жырларынан қуат алып, намыстары қайралған, «елім, жерім, қазағым!» деп жаны шырқыраған жастарымыз кешегі 1986 жылғы 16 желтоқсанда көтеріліске шығып, еліміздің тәуелсіздігі жолына өздерін құрбан етті!

Жұртымның болғанменен тегі мықты,
Жанына батса керек – егіліпті,
Ұлт болып, ұйып келе жатқан кезде
Сан рет сүт күйінде төгіліпті!.. –

Қадыр ақынның бұл жырларынан қай қазақ боздамасын, қалай жаны ышқынбасын!

Қадыр Мырза Әлі ойшыл, философ ақын, туған халқының ой өрісінің өркендеуіне зор ықпал еткен ол, француз жазушысы Сент-Бев айтқандай, «туған халқын рухани қалыптастырушылар қатарынан».

Жылап тұрған алыпты,
Жұбататын сөзімен,
Жандарымыз даңқты
Жыр-өлеңнің өзімен, –

дейді ол ақынды адам жанының шипагеріне балап, жұртының ақындық туралы дүниетанымын кеңейте түсіп.

Таптыра ма оңайлықпен арман-ой,
Таптыра ма найзағайдың сынығы?! –

дегенде Қадыр ақын жүрек пен жанға асау толқындай әсер ететін ой мен сезімді тоғыстырудың қиынның қиыны екенін айтады. Бұл әрбір дарын иесінің шығармашылық азабы.

Өмір өзі суарған
Ой деген де ну орман, –

бұл өлеңінде ол ой кеңістігінің күрделі де, орамды, тұңғиық әлем екенін шебер бейнелеген. Оның жырларындағы қазақ жаны, мінезі, ой-түйсігі, жұртымыздың өмірге көзқарасы мен адами қағидалары дала философиясымен астасып, ақындық, перзенттік зор сүйіспеншілікпен оқырманның тамырына ұлы махаббат сезімі болып құйылады. Сондықтан Қадыр Мырза Әлінің жырлары әрбір қазақтың жанын марқайтып, қуаттандырады, шаттандырады:

О далам, менің байтағым,
Далам деп өлең айтамын.
Ұлың боп ойлап барам да,
Құлын боп ойнап қайтамын.
О далам, менің байтағым,
Далам деп өлең айтамын.
Солған Ай болып барам да,
Толған Ай болып қайтамын.
О далам, менің байтағым,
Далам деп өлең айтамын.
Көл болып тұйық барам да,
Сел болып құйып қайтамын! –

деп ол оқырманын туған даласының құдіретіне табындырады, елжіретеді, өзі де еркелеп, мауқын басады, сосын нәрленген, шарықтаған ақын жүрегінен өршіл де, өміршең жырлар селдетеді.

XX ғасырдың француз жазушысы Ромен Роллан өзінің «Рамакришна» атты кітабында: «В жилы Индии вливался европейский поверхностный рационализм, вызывающий, иронический, ничего не знающий о глубинах индийского духа», – деп жазған екен. Қазіргі біздің қоғамның басынан өткізіп жатқан жағдайды айтқандай! Осындай кезеңде қазақтың Қадыр Мырза Әлідей арда ақын-жазушыларының рухты да парасатты, елге, жерге, ұлтына деген мызғымас сүйіспеншілікке толы шығармалары жұртымызды ата-бабаларымыздың биік ұстанымдары мен құнды қағидаларына баулып, ерліктің, елдіктің қадіріне жеткізе берері хақ.

Қадыр Мырза Әлі, шын мәнінде, өр даланың дана перзенті, ұлт ақыны.

Теңіз, дала, тау емес –
Жердің көркі –
Теңіз адам, дала адам, тау адамдар! –

деп өзі айтқандай, ол халқымен бірге еңселене бермек!

«Қазақ әдебиеті» газеті,
15.05.2015 ж.

## «СЕЗІМ БАР КӨКІРЕГІМДЕ КЕҢ ӨЛКЕДЕЙ»...

(*Қазақстанның халық ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тұманбай Молдағалиевтің поэзиясы хақында*)

Әр дарынның жаратылыс қуатына байланысты қалыптасқан өз өзегі, өз арнасы болады. Ал олардың бастауы, әдетте, мұң, жан күйзелісі, бұған душар еткен себептер де әртүрлі болуы мүмкін. Ақын балалық шақтың сана кептелісінде қалып қойған, кезінде ішінен шығара алмаған, сапырылысқан, сезім мен ой тайталасын, жанының күлдіреген жарасын жырға айналдырып, жұртымен бөліседі. Осындайда неміс философы А. Шопенгауэрдің: «Страдание является главным вдохновителем и искусство достигает своей высшей цели» дегенін айғақтайтындай, ақын Тұманбай Молдағалиевтің мына жыр шумақтарына зер салайық:

Ессіз жалған, көзсіз жалған, көр жалған,
Сенен бақыт іздегенім немді алған,
Енді сенің нысанаң боп барам ба,
Бір атаның белгісі едім мен қалған.
Нең бар менде, нең бар менде, жалған-ау,
Алда жылау, алда зарлау, алда дау,
Әкемді алдың, шешемді алдың, әпкемді...
Менен сенің алмағаның қалмады-ау, –

деп ол бір өксіп алып, Феникс құсындай қайтадан түлеп, жыр өлкесін нұрлы да сырлы поэзиясымен құнарландыра түседі. Тұманбай ақынның жанының құпиясына тереңдеп зер салсақ, оның адами да ақындық бақыты – езіле де егіле сүйе алатындығында! Жастайынан елмен бірге күйзеліп, әрбір жанның қадірі мен құнына жете білген буын арасынан жарып шыққан шынайы дарын иесінің періште көңілмен өмірді қабылдап, жан ынтызарлығы мен сөз кіршіксіздігін кие тұтқан оның кеудесінің арнасы махаббаттан толқиды.

Сол ерекше қуат ауыртады да, емдейді, ойды да, бойды да сәулелендіреді, көңіл құсын биікке ұшырады – бұл керемет қозғаушы күш! Ірі таланттың ауқымы кең, ол өзінің рухани бастауына адал. Жаратушының жүрегіне бүріккен нұрының жарығын ақын жырға айналдырып, жұрттың жан дүниесін жаңғыртады. Ол тебіренсе әлемге сыймай кетердей хал кешеді. Сондай сәттердегі сезім қопарылыстарынан атқылап шыққан жырлар миллиондаған жүректерді тебірентіп, қоғамның дами түсуіне ықпал ете түсері сөзсіз. Әрбір шынайы таланттың рухани әлемі таза бастаудан нәр алып, жаны нұрға бөленіп, ұшып жүреді. Сондықтан да Тұманбай ақын:

Тұлпарлар шапқан жерлерде,
Сұңқарлар ұшқан жерлерде,
Мен де ұшып көрдім өзімше
Қанатым бардай кеудемде,–

деп тебіренеді, немесе:

Жайнайды бір нұр ішімде,
Өзіме қуат, дем берген.
Биылғы көктем үшін де
Ұшырам аққу кеудемнен, –

осылай өзінің ақындық табиғатын терең сезінген ақынның поэзиясында жан шуағы шүпілдеп тұр.Сол шуақтан нәр алып, өмірге, адамға, елге ғашық болып қаншама жан өсті. Ал осының құпиясы неде? «Чистые мысли, чистые слова и поступки, и человек принимается под защиту Сил Света. Из этого вытекает очень важное следствие, а именно непобедимость Света», – дейді ХХ ғасырдың орыс гуманист-суретшісі Н.Рерих. Дүние жүзінің әр ағымдағы ойшылдарының айтып кеткен бұл тұжырымдамасы, сонау Тәңірлік дәуірден бастап,біздің халқымыздың ұстанымы болып қалыптасқаны белгілі. Таза, киелі, қасиетті, әулие жандар о дүниеге кеткен соң да қорғаушы күшке айналып, Жаратушының қолдауына ие болып, жақындарын қорғайды деген ұғым ұлтымыздың санасына сіңген. Бұл ата-баба қасиетін, сана саралығын, рух биіктігін қастерлеу, демек, елдіктің, адамдықтың ақ жолын сақтау қағидасы.

Түркі сопылары (XII–XV ғғ.) Юнус Эмре, Султан Велед, Әлішер Навои, Ахмед Яссауи т.б. сияқты Тұманбай ақынның да жүрегіндегі махаббат нұрының қуаты зор, бірақ айырмашы-

лығы – олар Аллаға деген өздерінің шексіз ризашылықтарын, риясыз сүйіспеншіліктерін жырлары арқылы ағыл-тегіл ақтара алды, мейлі ол сүйікті нәзік жанға деген лапылдаған сезім болар, әлде, елге ме, өмірге ме – бәрібір жалғыз Жаратушыға деген шүбәсіз сенім мен тәубешілікті, жүректеріндегі зор алғысты олар отты жырлары арқылы жеткізе алды. Өйткені, әрбір дарын иесі өзінің сол Құдіретті бастаудан ерекше нәр алып тұрғанын сезеді. Ал Кеңес дәуіріндегі саясаттың қыспағында қалған ақындарымыз іштей Тәңіріне сиынып жүріп, өздерінің жан тебіреністерін елге, жерге, Отанға, қоғамға, ата-анаға, жарға,балаға, адамға, жақындарына деген ыстық сезімдерге бөленген жырларға құйды. Алланы аузына алғанды, тіпті, өз ұлтыңды, ата-бабаларыңды айтқызбай қудалаған сол заман туралы Тұманбай ағамыз:

Мен қазақпен барлығын да бір көрем,
Мен қазақпен жапырақ жайғам, гүлдегем,
Елім жайлы, жерім жайлы кеудемде
Ұйықтап жатқан кезімде де туды өлең.
Өмірім бір, көңілім бір бұл елмен,
Ол мұңайса мен жабығып, түнергем,
Ол қуанса жадырағам, жайнағам,
Аспан құсап айдынына күн ерген.
Өтірікті шындайғылып сапырған,
Азат ойға ажал болып ақырған,
Заманада өмір сүрдік қайтейін,
Арман әні – біз айтатын ақырғы ән, –

деген өкініш пен арман сол Кеңес дәуіріндегі қаншама жалын атқан дарын иелерінің іштегі тарқамай кеткен шері болып қалды ғой.

Жүректен шықпаған сөз жүрекке жетпейтіні анық. Тұманбай ақынның жырларында қарапайым жанның мұңы да, қуаныш, реніші де, тіпті, баландық пен көңілшектік те бірімен-бірі сезім сапырылысы болып астасып жатады. Кейде ол романтикаға берілсе, бірде реалист, натуралист, ойшыл, бірақ оның поэзиясында ойдан құрастырылған жасандылық жоқ, ол жырларын бейнелеп, метафорамен, эпитетпен зерделемей-ақ поэзиялық сезім қуатымен оқырман жүрегін лүпілдетіп, жанын шүпілдеген шуаққа бөлеп, мейірімін қандыртады. Ақын жаны әрдайым мазасыз, бірде ол кінәмшіл,бірде көл-көсір, бірде аңғал да сенгіш. Бірақ

бұл көңіл күйдің бәрі ынтызарлықтан, іңкәрліктен туған Махаббат симфониясы! Сондықтан да ол:

Шіркін-ай, барлық адам досым болса,
Асықсақ жолыққанша, қосылғанша,
Бәрі де анам құсап мейірленіп,
Бәрі де анам құсап ашуланса, –

деп армандап, күрсінеді. Немесе:

Түсінбеймін сенгіш болдым неліктен,
Қолымды тек адалдыққа артамын.
Ажалды да дос екен деп сеніп мен,
Сыр білдіріп қоям ба деп қорқамын, –

деп күйзеледі. Енді бірде көңілі шалқып, сезімі тасыған ақын бар дүниені құшқандай:

Көкшіл аспан, анау көшкен ақ бұлттар,
Менің ғана үлесіме тигендей,
Дүниедегі асыл арман, шаттық бар,
Мені ғана құшағына ап сүйгендей,
Балқимын да маужыраймын кейде мен,
Жыр боламын барлық тілде сөйлеген, –

дей келе:

Жұлдызды аспан, баққа төнген ай нұры,
Аялайды аяулымның бір əні,
Қуанышын сыйласа өмір, қайғыны,
Сұрамай-ақ жақын әкеп тұрады.
Соның бәрін біле тұра күлемін,
Сол өмірді бәрібір мен сүйемін! –

осылайша ол өмірдің өзінен өрілген көңіл толқындарымен оқырман жанын тербетеді.

Тұманбай ақынның шабытының өзегі Жаратушының оның жүрегіне құйған «Махаббат» атты нұрлы сезімінде! Ірі дарын иелерінің өмірлік, шығармашылық тәжірибелерінен алынған мәліметтерге сүйенсек, шабыт туралы ұлы француз жазушысы В.Гюго: «Некий невидимый дух нашептывает, приводит в ритмичное движение душу», – десе, немістің ұлы ақыны И. Гете өзінің өмірбаянында: «Применение этого творческого таланта, правда, могло быть вызвано каким-нибудь поводом и определяться им; но особенно

радостно и ярко проявлялся он непроизвольно, даже против воли»,– деп өзі де таңданады. Ал біздің қазақ халқы дарын иелерін «киелі», «әруақты» деп қастерлеген ғой.Тұманбай ақын да өзінің шабытының феноменін теориялық түрде түсіне алмауы мүмкін, оған мына жырлары дәлел:

Ұқпайды мені кей қазақ,
Мақтаншақ, өр деп ойлайды,
Тынымсыз соққан беймаза
Даурыққан жел деп ойлайды.
Ұқпайды, кейде, жарым да,
Ұқсын деп жүрген мен де жоқ.
Оранып өзім жалынға
Отырам жырға пенде боп.
Шақырып жырдың дауылын,
Қалжырап барып ұйықтаймын.
Сен тұрмақ, кейде, бауырым,
Өзімді-өзім ұқпаймын.

Тағы да:

Күн сайын алды қысымға,
Қысылған жанды ұғыңдар,
Өлеңнің абақтысында
Өлетін менің түрім бар, –

деген ақын толассыз жауған жыр нөсерінен кейде қашып құтыла алмастай болады. Әрбір дарын иесі өзіне Жаратушыдан берілген қасиетті қуатқа ие болуы үшін оны қастерлеп алып жүруі керек. Бұл оңай жол емес. Ақын жаны ерекше сезімталдықтан, сенгіштіктен, аңғалдықтан, ашықтықтан жараланғыш.

Сондықтан:

Сенетін едімініге, үлкен ағаға,
Сенетін едім биік тауларға, далаға,
Сүйетін едім өзендерімді елжіреп,
Сондай бір жанды ренжітуге бола ма? –

деп ол көңіліндегі кірбіңді жырмен шайып тастап, қайтадан ақ арманына қарай жаны самғап ұшады:

Іздедім сәуле бұлт құшақтаған таулардан,
Таң көріп тұрып, күтемін келер таңды алдан.

Ақ періштелер – аққулар аман жүргенде,
Жүдегенменен, жұтамаспын мен Арманнан.

Тұманбай ақынның дарынының мөлдір бастауы – поэзиялық ұшқыр сезімталдығында, шынайы сүйе алатындығында, нәзіктігінде, шыншылдығында, қиянатсыздығында. Оның жаратылысы қазақтың жанындай жайсаң да жайдары, шуағы мол, кейде жасып, кейде арнасынан тасып, сағынышпен, мейіріммен нәрленген. Ақын өзі айтқандай:

Бақтан қаштым, бақытқа да кенелдім,
Болар деген ұлдың қамын жеп өлдім.
Менің жаным қазағымда қайырымды,
Таза арында, өмірінде сол елдің. –

Осылай ешқандай пафоссыз, бейнелеп, әсірелемей-ақ өз адами ұстанымдарын сезім байлығымен, көркем жеткізе білетін ақынның өмірге, еліне, адамға деген ынтызарлығы әрбір жырында шүпілдеп тұр:

Сен де мөлдір, күміс көл, ол да мөлдір,
Жыр тұлпары мөлдірлік жолда болдыр!
Мен өртеніп келемін өмір бойы,
Толқыныңа отымды сал да сөндір, –

деген ақын жырлары оқырманның жан дүниесін отты сезім тасқынымен шарпып өтіп, жаңғыртады, жаңартады, өмірге құлшындырады. Әрбір үлкен дарын иесіне Құдіреттің артатын жүгі ауыр. Халыққа, тіпті, бүкіл адамзаттың сана-сезіміне ықпал ететіндей қасиетті рухқа ие болғандықтан, оның бойында тек ізгілікке бағышталған ниет – бағдарлама болуы қажет. Сондықтан адамзаттың рухани әлемін құнарландырушы тұлғалардың атқаратын міндеті зор.

Тұманбай ақын жаны өртеніп бара жатқандай күй кешіп, сол сезім тасқыны жырға айналғанда:

Жанып жатқан аспан ба,
Әлде менің жаным ба, –

деп өз күйіне таңданса, немесе:

Жар құшағы секілді,
Жырдың ыстық құшағы,
Жерге аяғың тигізбей,
Аспанға алып ұшады, –

деп сезім отына балқыса – бұл ақын жүрегіндегі ерекше қуаттың жанартаудай атқылаған сәттерінің айғағы.

Осындайда:

Жыр анасы, анық маған келгенің,
Ертіп алдың, еркімді алдың сен менің.
Бар дүние тұра қалды ән айтып,
Жақындаған секілденді жерге күн, –

дейді ақын Музасына бағына да табына. Ал, кейде сол пірінен айырылып қалғандай абдырап, әбіржіп кетеді:

Қайдан табам сол жалынды,
Қайдан табам сол отты.
Көп жоғалттым маржанымды
Көп қинадым жүректі.
Жанушы еді жан ұялмай,
Жанушы еді сезім боп,
Өзімді-өзім тани алмай
Қалатын да кезім көп, –

деп, кейде, ақын шабыты шайлыққандай, тұншығып, қапаста қалғандай, жаны құлазып, асылынан айырылғандай болады.

Тұманбай ақынның жырлары қаншама жүректерді лапылдатты, әрбір іште бұғып жатқан сезімдерді жалындатты:

Бұлттанбайды жырымның күн жүрегі,
Кірленбейді көңілімнің шым жібегі.
Қарындастың жанына шуақ сыйлап,
Жалын жаспен жырларым бір жүреді, –

осылай бойындағы бар асыл қасиетін жыр-тәбәрік етіп, туған халқына сыйлаған ақын елімен бірге еңселене түседі.

Ақынның жырға айналған жаны жұртының жүрегін махаббат отымен шарпып, қиналғанда дем беріп, бойларына ләззат сыйлайды. Ол өзі айтқандай:

Мен өлеңмін басқа ешкім де емеспін,
Ел қайғысын, жер қайғысын жеп өстім,
Өлең болып өрілгеннің бәрі маған жап-жарық,
Өлең бола алмағанның бәрі маған көмескі.

Қазақстанның халық ақыны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Тұманбай Молдағалиевтің

нұрлы жырлары халқымыздың жан азығына айналып, күретамырына нәр болып құйылған.

Жақын тартқан өзімді жұрттың бәрін,
Шұғыласына жанымның бөлей берем, –

деп ақын аға өзі айтқандай, оның ынтызар, періште көңіл жырлары тәуелсіз елімен бірге болашаққа бет алды.

«Егемен Қазақстан» газеті,
26.10.2016 ж.

## ҚҰМ ҚЫЗЫ

(*Қазақтың белгілі ақыны Мағираш Сарикова 2014 жылдың қараша айының 23 күні 75 жасқа толар еді...*)

Бұл өмірге шөлі қанбай кетіп жатыр қанша жан... Соның ішінде ақын қыз-келіншектердің тағдыры сыршыл да мұңлы сырға толы. Ақын Мағираш Сарикова бір жырында:

Соққан аптап сөз бе екен, бұл өмірдің
Одан да өткен ыстығын ұрттап алғам, –

деп ішіндегі аңызақты жырымен сыртқа бір шығарып алып, сәл тыныстап:

Дамылдап тұрған амалсыз,
Дауылсыз домбырамын мен, –

дейді.

Осы жолдардың өзінен-ақ әйел, жар, ана, ақынның жан дүниесіндегі ышқынысын, күрделі отты сезім арпалысын аңғарасыз. Осынау төрт бірдей ұлы қасиеттерді көтеріп жүру өте ауыр жүк, әрқайсысының зілі батпандай.

Мағираш Сарикова 1939 жылы 23 қарашада Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Бала кезінен жыр жазып, айтыстарға қатысып жүрген ол орта мектеп бітірген соң аудандық газетте әдеби қызметші болып үш жыл жұмыс істейді. ҚазҰУ-ді бітіргеннен кейін Алматы қаласында қоныстап, теледидарда, кітап баспаларында, журнал редакцияларында қызмет атқарған. Айтыскер ақын болып бастаған ақын қыз өлең жазып, ойлы, рухты жырларымен қазақ поэзиясына өз өрнектерін алып келді. Оның оншақты жыр жинағы жарық көрді.

Сыр елінің тумасы Мағираш ақын кішкентайынан сыр сүлейлерінің жырларын бойына сіңіріп өскен еді. «Даламен дидарласу» атты өлеңінде ол:

Алып далам,
Алыптар туылады алыптардан,
«Сыр елі – жыр елі» – деп аталады,
Таңбаңды талай дала танып қалған.
Тұрымбет, Тұрмағамбет, Балқы Базар,
Жиенбек, Рүстембек, Сарық бабам,
Саздары құлағымда қалып қалған.
Қарасақал, Ерімбет, Қаңлы Жүсіп,
Даңмұрынды қайтадан қайтар маған,
Бастарын бір көтеріп бұлбұлдарым,
Той-думанға айналсын қайта айналам, –

деп айтыс сарынын жыраулардың мақамымен көңілге құяды.

Шіркін, Қармақшы жері қандай киелі десеңізші! Марқасқа жырауларды тудырған жер, шегір құм. Қадіріне жетіп жатырмыз ба біз оның, қазір құммен бірге тұз суырып, аспаннан протондар құлап шалажансар боп есеңгіреп жатқан жайы бар. Бұл даланың қасиетін сөзбен айтып жеткізу мүмкін бе? Сонау біздің ғасырға дейінгі заманда осы жерді сақ тайпалары мекендеп, ұлдары түгіл Тұмар мен Заринадай падиша қыздарының есімдері дүниені дүркіретіп, қайсар амазонкалар ерлермен бірге жауларының тізесін бүктірген ғой... Ал осы мекенде жатқан Қорқыт бабамыздың рухы бүкіл түркі жұртына дем беріп тұрған жоқ па! Қобызды ұрпақтарға мұра етіп қалдырып, өмір мұңын, жан киелілігін ұқтырған бабамыз еді ғой ол.

Қобыздың қоңыр сарын үні естіліп,
Сескенуші ек кетердей киесі ұрып, –

дейді Мағираш ақын бір өлеңінде.

Мына өмірде пенденің қастерлейтін, пір тұтатын символ-ұғымдары болуы керек. Ол киелі адам ба, оның туындысы ма бәрібір, бірақ ол биік сана, құдіреттік ұстанымдардан нәр алған жан. Ұлы орыс жазушысы Л.Н. Толстой: «Есть люди, яснее других понимающие смысл жизни, и из всех этих передовых людей всегда один, более ярко, доступно, сильно – словом и жизнью выразивший этот смысл жизни. Выражение этим человеком этого смысла

жизни вместе с теми преданиями и обрядами, которые складываются вокруг памяти этого человека и называется религией», – деп айтқандай, ертедегі оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан, өзі мифтік тұлғаға айналған, осы Қорқыт атамыз. Жұрттың жан дүниесін өзі жасаған қобызымен егілте отырып, ол пенделерге өмір мәнін ұқтыра білген жан. Қасиетті қағидалардың жады сақталған бұл топырақта жыраулық өнер қаулап, қаншама дүлей жыр жампоздары шықты! Сыр елінде сөздің нәрін келтіріп, байыпты, ірі турай алмайтындарды ақын, жырау қатарына қоспаған.

Мағираш ақын да туған жерінің жырдариясынан қуат алып, арқаланады:

Туған елім құм емен, балшық емен,
Кеуде кенін келемін аршып әрең,
Үнім шықпай қалса егер, жауырынымнан
Тартып жібер тобылғы қамшыменен.
Тобылғы сап қамшымен тартып жібер,
Аруақтанып қайтайын артып жігер.

немесе:

Сусындатып өтермін, өлке сені,
Сарқылмайтын Сырдария сияқтанып, –

дейді ол перзенттік іңкәрлікпен.

Әрбір ақын өзінің туған топырағынан күш, жігер алып, қанаттанатыны хақ. Ал Мағираш апамыздың жаны кіндік қаны тамған жерде құндақталып қалғандай:

Жүрер ме едім өзіңде күнде , ауылым,
Құшағыма сыйғызып құм дауылын,
Кетер ме едім немесе құмға айналып,
Жету үшін құнына құндағымның, –

дейді ол тағы бірде тебірене. Шын мәнінде, Мағираш апамыз құм қызы. Құмда кие бар. Ол қаншама жандарды ширатады, өзіне табындырып тартады. Қадіріне жетпегендерді шөліркетеді, аңсатады.

Адам түгіл тау-тастың иесі бар,
Сен де мені, туған жер, жиі есіңе ал.
Қадіріңе жетпесем қара қызды,
Туған топырағыңның киесі ұрар, –

деген ақын жаны соны ұққаннан ышқынады.

Ақын Мағираш Сарикованың да сәби шағы Ұлы Отан соғысының сұрапыл кезеңінде өткен. Кеңес дәуірінің түлегі, пионер, комсомолдық тәлім-тәрбиеден бастау алған ол ер баладай өжет болып өскен. Сұм соғыстан оралмаған азаматтарын жоқтап, зар илеген аналар қыздарын да ұлдай беттен қақпай еркелеткен, әйтеуір, ерлерінен ұрпақ қалғанына шүкіршілік еткен. Ерлер мен әйел затының болмысы, ойлау қабілеті екі бөлек екенін білген біздің ата, әжелеріміздің білігін кеңес өкіметі жойып, бәрін теңестіруге асықты. Ерлер ақылмен түйсінсе, әйел сезімге берілгіш. Сондықтан да ер мен әйел арасында өмір драмалары туындап жатады екен.

Мағираш ақынның да жаны арпалысқа толы, түсініспеген жарға деген ынтықтық сезімін өлеңмен өрген ол:

Болдырам деп болмасты қиялдаған екеуміз,
Бір арнаға бұлқынып сия алмаған екенбіз.
Бір арнаның жарысқан екі жағалауындай,
Бірімізді-біріміз қия алмаған екенбіз.

Не қалып, не оза алмай, не біржола безе алмай,
Татулықтың белгісі – достық қолын соза алмай,
Ортамыздан толқындар өтіп жатыр тепсініп,
Біз келеміз біріміз бірімізден көз алмай.

немесе:

Әлі күнге жүргенсің әйел жаны
Жұмбақ әлем екенін білмей неғып?

және:

Өзгерісті ұға біл өңімдегі,
Тілейтінін түсініп көңіл нені,
Күй кернеген тұрмын мен рояльдай
Тиіп кетсе саусағың төгілгелі, –

дейді алабұртқан жар көңілі.

Өмір өзі күйретеді де үйретеді ғой. Ақын буырқанған сезім пернелерін енді байыпты аккордқа басады:

Тез тұтанған сезімнің,
Тез сууын сезіндім,
Тез суалар арнасы
Тез таситын теңіздің.

Ұстамдылық ұстанып,
Салқын қарап сұстанып,
Тәріздімін төзімді
Теміртөсі ұстаның, –

деумен әйел жанының аласапыран сезім құйынының арнасы тежеле қояр ма екен?!

Орыс ақындарының арасында қыз-келіншектер поэзиясын қабылдай алмағандары баршылық. Мысалы, О.Мандельштам Марина Цветаеваның өлеңдерін «талғамсыз, жалғандығы көп» десе, сол кезеңнің бір сыншысы: «М.Цветаева – поэт, А.Ахматова – поэтесса», – дейді екі ақын өлеңдерінің поэзиялық қуатын меңзеп. «Қыз-келіншектер жырлары мұң шағып, ерлерді кіналау ғана», – деп замандасымыз, орыстың мықты ақыны Юрий Кузнецов та күңіренеді. Ал XX ғасырдың басындағы орыстың дарынды, білімді әдеби-өнер зерттеушісі Максимилиан Волошин: «Поэтессы же последних лет, подобно поэтессам французским, говорят от своего женского имени и про свое интимно-женское. По мнению критиков, эта исповедальность уже сама по себе делала женскую лирику интересной для общества. Другими специфическими чертами этой поэзии критики называли внимание к конкретным деталям и способность «найти слова для оттенков менее уловимых, чем способны на это мужчины», – деп өз ойын айғақтайды. Кезінде Ресейде әйелдер поэзиясы экзотика сияқты қабылданғаны рас.

Ал қазақ ақын қыз-келіншектерінің жырлары сонау заманнан бері айтыстарда шыңдалып, қанаты қатайған, топшысын бекіткен, азаматтық позициясы тегеурінді поэзияға айналған, жыр әлемінде еркін қалықтап келеді. Қазақ әйелінің сыршыл жанының күрделігі мен нәзіктігін жүрек-жарды сезімінің алауымен лаулата білген қазақтың арынды ақыны Фариза Оңғарсынованың жанында қаулап өскен қатарластары мен сіңлілері баршылық. Орыс ақыны Анна Ахматова: «Я научила женщин говорить» дегендей, Фариза ақын да жан дүниесін шарпыған от-сезімін өрелі өлеңге айналдырды. Ал Фариза апамыздың замандасы, қатарласы Мағираш Сарикова да елін де, ерін де елжірей сүйген салиқалы ақын, ол әйел сезім әлеміндегі қопарылыс, дүмпулерді:

Өзі – дауыл, өзі – өрт, өзі – құйын,
Мына сезім мезгілсіз кезігуін,

Бірақ бақыт екен-ау сені біреу,
Сен біреуді өзім деп сезінуің! –

осылай қолымен от уыстап тұрғандай жеткізеді. Осыны осалдық деп кім айта алады?!

Ал аналық махаббаттың құдіреттілігін қандай өлшеммен өлшеуге болады? Мағираш ақын ұлына арнаған жыр жолдарындағы шексіз мейірімділік тек ананың жүрегінде ғана болары хақ:

Мен саған кезіктірмей қауіпті, ұлым,
Сақтаудың от пен судан тауып түрін,
Келеді шалғайыңа шаң жұқтырмай,
Жолыңа жаңбыр болып жауып тұрғым.

Жетемін деп тұратын талпынғың кеп,
Сен сүйенер болғым бар алтын діңгек.
Табаныңа төсеймін тағдырымды,
Тозбайтын табалдырық қып қалдырғым кеп.

Кете ме деп жаңылып, ағат басып,
Ине жіптей жүремін сабақтасып,
Қашан қалғып кеткенше ана-қыран,
Қабатыңнан қалмайды қанаттасып.

Мағираш Сарикованың бүкіл тұлғалық,ақындық кредосын мына өлеңі айқындап тұрғандай:

Қайтерсің ақын деген халықты бұл,
Керек емес дәреже, даңқ, тұғыр.
Жалғаныңды басады жалпағынан
Көкірегінде көк тұлпар салып дүбір.

Керек емес дәреже, байлық, мансап,
Шайқасады жүрегі шайлықпастан,
Жалпақ елдің атынан жыр жазады,
Жалпақ жерді алдына жайып тастап, –

деген қазақтың Сыр мінезді, салмақты ақыны Мағираш Сарикова поэзия биігінде тұғырлы жырларымен қала бермек!

«Қазақ әдебиеті» газеті,
28.11.2014 ж.

# ЖҮРЕГІНЕ ЖЫР ҰЯЛАҒАН

(*Көрнекті ақын, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ибрагим Исаевтың поэзиясы жайында*)

Бойында дарын қуаты бар әрбір жан адамзаттың сана-түйсігін,сезімін құнарландырушы. Кеше ғана арамызда жүрген қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, аяулы ақын Ибрагим Исаевтың өмірі мен шығармашылығы осы ойымыздың айғағындай. Бүгін Ибрагим ақын ортамызда жоқ дегенге сенгің келмейді. Ол аман болғанда үстіміздегі жылдың 7 қаңтарында 65-ке келер еді ғой... 2014 жылғы 27 желтоқсанда жыр сүйер қауым онымен жылай-жылай қоштасып, бақилыққа аттандырды. Желтоқсанның 20-күні Алматыдағы Студенттер сарайында шығармашылық кешін халқына сыйлап, қоштасқан екен, ақын бір апта өтер өтпесте көз жұмды. Сонау 1970 жылдардан бастап шуақты да сыршыл лирикасымен жұртының жанын тебіренткен ақын Ибрагим Исаев сезімнің ақ нөсеріндей құйып өткен мына өлеңінде:

Ойларымды жеткізсем деп елге мен,
Ақын едім, жақсы өлеңге шөлдеген.
Тамшы болып тамсам деп ем осынау,
Кенезесі кеуіп жатқан жерге мен.

Шығып еді өсемін деп құлшынып,
Бір шыбыққа сүйеніп тұр бір шыбық,
Шөлін мәңгі қандырмайды ешкімнің
Шөлі мәңгі қанбайтұғын тіршілік.

Шөлдеу керек, ой туады шөлдесең,
Шөлің қанса ой қашады кейде әсем.
Тамшылап бір тұрған суға қызықпа
Жақсылап бір шөлдеу керек шөлдесең.

Ең соңғы шөл – шөлдейді адам өлерде,
Оқырманым шөлдеп жүр-ау дегенде,
Жақсылап бір танытатын мені елге
Шөлдеп жүрген ақыныңмын өлеңге, –

ынтызар ақын өмірге де, өлеңге де ғашық.

Тағы да:

Сұлулығы жоқтай көңілде – көлдің де бейне,
Қанатын кезі бар шығар шөлдің де кейде,

Өзімді-өзім жұбатам аңсап отырып,
Аңсаудан басқа не қалды деймін де кейде, –

дейді көңілі құлазыған ақын. Құштарлық пен сүйіп-күйе алмайтын жүрекке жыр ұшқыны түспесі хақ. Ал Ибрагим ақын бар жан-тәнімен өмірді сүйгендіктен, қадірін білгендіктен, оның әрбір сәтін бағалай алады, сөйтіп ой-толқындарымен арпалысады:

Ой мұхиттың тұрғандай жағасында,
Ойдың небір табасың жаңасын да,
Арпалысқан ойлардың арасында,
Өшіп қалып жатасың жанасың да,–

ақын тағы да қаптаған ойдың құрсауынан шыға алмай:

Ысырып тастап кеудемнен күйгелек мұңды,
Батырмын бүгін, жатырмын түймелеп түнді,
Кестелей алмай көңілімнің көлеңкелерін,
Үмітсіз ойлар миымда үймелеп тұрды, –

деп ақын сана, жан әлеміндегі қопарылыс, күйзелістерден қажып, тыныштық іздегендей, шаршағандай.

Ұлы Отан соғысы біткен соң, екі жылдан кейін 1947 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы «Жетікөл» ауылында дүниеге келген Ибрагим ақынның да тағдыры туған елмен бірге ысталып та тысталған. Өзінің «Ғұмыр жайлы» атты өлеңінде ол:

Мен анамнан жалғыз болып тумағам,
Он бес құлап, он бес рет тұрды Анам,
Амал қанша сол бейкүнә он бестің
Он екісі орған шөптей қураған.
Сол он екі өшкен оттың ғұмыры
Менің түпсіз тереңімде тулаған.
Сол күнәсіз он екінің бірі боп
Кетіп қалмай жүргеніме тірі боп
Қуанам да,... кейде қатты қысылам.
Сәл күрсініп өте шығам амалсыз
Баласы жоқ әйелдердің тұсынан.

Анамыздың бар парызы өтелген,
Он бес рет он бес құрсақ көтерген!
Қазір үнсіз отыратын бұл анам,
Он екі рет ағыл-тегіл жылаған!

Он екісі қара жерді төсенді,
Кейде отырып таң атқанша жыр жазам,
Сұм тағдырдан алу үшін есемді,
Оқырманды рақатқа бөлеген,
Қалса деймін өлмейтін бір он өлең! –

дейді. Қандай сұмдық тағдыр, бұл өлеңде халқымыздың қасіретке толы көз жасы тұнғандай! Заманның небір зұлматтары мен қасіретін басынан кешкен аналардың бейнесі көз алдыңа келіп, жаныңды үгітеді. Осылай осылған ақын жүрегі қалай ауырмасын, қашанға дейін шыдасын. Балалық шақта бастан кешкен қайғы ешқашан жадыдан өшпейді ғой. Ол адам баласының, оның ішінде, сезімтал жанның дүниетанымының іргетасы болып қалады:

Туған елдің сүйіп тұрып самалын,
Енді бүгін таусылып тұр амалым.
Қалай, қайтіп тұрғызамыз, ағайын,
Көңілдердің қирап қалған қамалын?!

Нағыз ақын өз тағдырын мифке, аңызға айналдырады, себебі,өзінің ерекшелігі талантымен өрілгеніне сенеді. «Ой өлшемі» атты мына өлеңінде Ибрагим ақын:

Ей, жазира, мен сенен биік тұрмын,
Биік тұрмын самалын сүйіп қырдың.
Сенің төсің құлпырып кетсе екен деп,
Өлеңімді нөсер ғып құйып тұрмын.
Ей, ақша бұлт, биікпін сенен де мен,
Сенен әсте кезім жоқ төмендеген,
Мені сенен биікке алып шығар.
Қанатым бар талмайтын «Өлең» деген, –

осылай ол ақындықтың асқақтығын паш етеді.

Ибрагимнің жырларында жасандылық жоқ. Ол өзінің болмысын, ой деңгейін әсірелеуден, асқақтатудан аулақ. Сезімінің сергелдеңін де, жанының жарықшақтарын да оқырманына жайып салып, ағынан ақтарылады, сөйтіп өзінің сана-сезімдерін ұштап, жанын сергітіп алады. Оның жырлары шынайылығымен, сезімталдығымен, өзіндік ой орамдарымен ерекшеленіп, оқырманның жүрегінен орын алары хақ.

Өлеңім, саған айтарым,
Келмейді ертең қайта күн,
Сен үшін туар жақсы күн,
Мен үшін тумас байқадым.
Туыс та, тірлік... бар бәрі
Адамның бітпес арманы,
Өкініп өтіп өмірден,
Өкінбей жатсам болғаны... –

деп жан ышқынысын тебірене жазған ақын Ибрагим Исаев өзінің шынайы да құнарлы поэзиясын, қазіргі қазақ композиторларының әндеріне жазылған мыңнан аса өлеңдерін, орыс, қырғыз тағы біраз халықтар ақындарының шығармаларынан жасаған аудармаларын қазақ жұртына аманат етіп, сыйлап кетті.

«Қазақ әдебиеті» газеті,
30.01.2015 ж.

## НӘЗІКТІК ПЕН ӨРЛІК ҮЙЛЕСІМІ

(*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын Күләш Ахметова хақында*)

Ақын шығармашылығының деңгейін оның дүниетанымы, сезім иірімдері мен рух қуаты айқындайтыны белгілі.

Қазақтың арынды ақыны Күләш Ахметованың поэзиясы осы өлшемдерге сай сұңғыла сезімталдықпен, көркемдік көрегенділікпен шынайы да шұрайлы өрнектелген Рух, жігер, сезім мен ой иірімдерінің квинтэссенциясы – түйіні.

Өмірдің өктемдігі мен қиындығын өзінің адамдық мейірбан жүрегімен, рух еркіндігімен, тұлғалық ақыл-парасатымен, өр жігерімен, ибалы иманымен жеңе жүріп, жан -дүниесін тебіренткен құштарлығын жарқын да уытты жырларына арқау еткен Күләш ақынның шоқтығы биік екені сөзсіз.

Күләш, шын мәнінде, ерекше елжанды патриот ақын. Елінің, халқының қадір-қасиетін терең ұғып, оны жантәнімен сүйіп, адам мен табиғатын аялап, қиналғанды демеп, үлкенді қастерлеп, кішіге тірек бола білетін Күләштың кісілік, адамгершілік қасиетіне өз басым қанықпын.

Менің алғашқы жыр жинағым Күләштың қамқорлығы-

мен шыққан. Баспаның жоспарына енгізіп, тырнақалды жырларыма қазақтың ардақты ақыны Мәриям Хәкімжановаға алғысөз жаздырған да өзі болатын. Ол кезде Мәскеуде, оқудамын, Күләш екеуміз бір-бірімізбен тек сырттай таныспыз.

Ал, менің інім, белгілі ақын Нұртас Исабаевқа жасаған еңбегі ұшан-теңіз. 1980 жылы Нұртас Мәскеуде оқып жүріп, демалысқа елге келгенде көлік апатына ұшырап қалды. Басына ауыртпалық түсіп, қоларбаға таңылып, Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында жатқан Нұртас пен Әдебиет институтында бірге оқитын тувалық жас жазушы қыз – Ленаның жанкештілік махаббаты жайында «Лениншіл жас» газетінде қаламы қарымды журналист Нұрлытай Үркімбаеваның «Махаббат жыры» атты бір беттік мақаласы жарияланып, ол республика жұртшылығы арасында ерекше толқыныс, пікірталас туғызған еді. Сол мақаланың жазылып, шығуына да мұрындық болған Күләш ақынның ұлағатты мейірімділігі.

Екі жастың жағдайын, болашағын ойлап Күләш Қазақстан Республикасының Орталық Комсомол Комитетінің бірінші хатшысы Серік Әбдірахмановтың қабылдауында болып, Нұртасқа пәтер берілуін өтінген, ақыры сол тілегі орындалған еді. Нұртасқа Алматының ортасынан екі бөлмелі үйдің кілтін Серік Әбдірахманов өз қолымен тапсырғанда Күләштың көзінен қуаныштан ыршып түскен көз жасын көргенмін. Сонда: «Нұртасқа Жаратқан Алланың шексіз рақымы түскені ғой бұл, біз тек оның үкімін орындаушысы ғанамыз» деген еді ол. Күләш осы қасиетті жолдан ауытқымай, зор адамгершілігі мен биік парасатын, терең имандылығының тұнығын сақтап келеді.

Күләш Ахметованың ақындығы мен адамдық болмысында оның өршілдігі мен сыршыл нәзіктігі, парасатпайымы мен айбарлылығы, рух қуаты мен мейірім шуағы табиғи үндестігі мен үйлесімін тапқан. Сондықтан да оның жырлары халқымен бірге жасай береді!

# ЗЕРДЕЛІ ЖЫРЛАР

(*Ақын Нәзікен Алпамысқызының шығармашылығы хақында*)

Әрбір шынайы, қуатты шығарма оқырман жүрегіне ләззат нұрын құяды. Ал ондай шығарманы дүниеге әкелетін дарын иесінің табиғаты, жалпы болмысы ерекше болары сөзсіз. Бойындағы Жаратушы берген айрықша сезімталдық пен зерделілікті құнарландыра түсетін талғампаздық, көрегенділік, құштарлық, ынтықтық сияқты тағы да көптеген қасиеттер арқылы ол өмір атты құбылыстың әрбір тынысын, адам жанының дірілін, сана саңылағындағы сан алуан сапырылыстарын қалт жібермей, өз жүрегінің тезінен өткізуі тиіс.

Салмақты ой иесі, сыршыл жанды ақын Нәзікен Алпамысқызының көркемдік әлемінің құпиялығын, құдіреттілігін терең сезінетіні оның шығармашылығын биіктете, көркейте, тереңдете түседі. Мысалы:

Өзі тапсын әр ақын өз биігін,
Тас жүректен от кесер сөз жасынын,
Бір ғасырды көтерер бір-ақ тұлға,
Іздеп табар бір-ақ жан ой асылын! –

дейді. Тағы да:

Ерке әуездер тебірентіп жер бетін,
Күллі тірлік нұрға бөлеп келбетін,
Поэзия құпия бір шарайна,
Кең ғарыштан ақтарылған арай ма?!
Сегіз қырлы сөздер қайда өретін,
Жалынға өртеп, саф алтынын беретін.
Жыр көрігі – алаулаған шарайна,
Жан тірлігін зерлеп өру оңай ма?!

Осылай ақын жаны ғарышта дедектеп, шарқ ұрып:

Ғарыштың сырын талмадым,
Ғұмырлық тозбас төзіммен,
Даналығын Күн мен алманың
Іздеймін енді өзімнен, –

деп ол Жаратушының берген дарынын адам өзі әрмен қарай дамыта түсуі керек екенін пайымдатады.

Ал Ғарыштың таңдауы кімге бұйырады, ол қандай сипатқа ие тұлға? Бұл сұраққа да Нәзікен қазақтың біртуар ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевқа арнаған өлеңінде өзінің тұжырымын айқын айтқан:

Бір өзіңді таңдапты кең ғарышың,
Хан Тәңірі!
Поэзия ардағысың!
Сен келгенде өнердің бағасы артып,
Көп өлеңнің су татып қалғаны шын.

Өнердегі шынайы бекзаттылық пен ұлағаттылық алдымен ұлттық терең тамырлар мен ұстанымдардан нәр алып, бүгінгі өмірмен қабысып жатады. Әйтпесе, рух өспейді. Халқымыздың бүгінгі еркіндікке қол жеткізіп отырғаны да сол киелі сөз арқылы бойына, ойына ұялаған зор сенім – Рухтың арқасында екенінде күмән жоқ. Осыны ұшқыр парасаттылығымен, перзенттік адал жүрегімен тебірене жеткізген ақын:

Күн астында киесіз жер болмайды,
Аңызы, сенері жоқ ел болмайды,
Тіршіліктің тұтқасы – Құдірет бар,
Сиынары жоқ елде күн болмайды.
Кәусарына көк шыңдар қанып өскен
Дана халқым даралары ардақтап
жыр толғайды, –

деп ол отты көкірегіндегі сол сәулелі ойларды айшықтай түскен.

Елдің айбарлылығы да, абзалдығы да, асқақтығы да, бағы да, кемелділігі де ерлерінің ерен келбеті мен тұнба тұлғалылығына байланысты екенін Нәзікен халқымызды әлемге танытқан тарланымыз Мұхтар Әуезовке арнаған мына алдаспан ойлы жырымен жүрекке терең бойлатады:

Бүгін де осы Бетпақ Далаға
Төртпақ табандылар керек деседі.
Тек шөлде шыңдалған шымырлар
Қазақи елдің Ақберен айбар сесі еді.
«Шөлі бар халық зор халық» деп,
Абыз Руми де бекер айтпаған
болар кешегі.

немесе:

Асау тірлік, асау бақ
Тек жансебіл жұртқа жазыпты.

тағы да:

Бұл даланың тарихы –
Жерін жаттан қорғаған,
Хас батырлар тарихы.
Басын тіккен елім деп
Көзсіз ерлік тарихы.

сосын:

Тарихын терген жадында,
Аңызын өрген сағымға... –

бұл ішкі жалынға оранған жыр шумақтар – елінің мұңы мен жүрегі сыздап, халқының тағдырымен егіз, адал да зиялы перзенттің жан ышқынысы. Ал әрбір ақынның жаны әрдайым сан алуан толағай толғаныстарға толы. Жыр салмақтылығын кейде алдаспандай бірнеше жол, немесе бейнелі көркем отты сөз тіркестері көтеріп тұрады. Нәзікеннің де жоғарыдағы шумақтарындағы сондай шымыр ойлы да қуатты теңеулері асыл тастың сынығындай қасиеттілігін танытa түсіп, таңдандырып, тамсандырады да, әрбір оқырманның бойындағы қалғып жатқан өрлік рухын оятады. Мысалы: «Төртпақ табандылар» – бұл образ бір өзі бүкіл халқымыздың өз жерінде ешкім жеңе алмайтын мықтылығының, барыс жүректі жұртымыздың айбатының, «шөлде шыңдалған шымырлар, қазақи елдің Ақберен айбар сесі еді» деп ақын өзі айтып тұрғандай, қаһармандық құдіреттілігін айқындайтын, қазақ үшін бойтұмар боларлықтай поэзиялық пір-жолдар! Ия, шөлі бар халық – зор, өйткені, өзегі өртеніп, таңдайы кеуіп жүріп, арманына жету үшін, ол жанкештілікпен көзсіз ерлік жасай жүріп, небір адам жаны төзбес қиындықтарды жеңуге ұмтылады, жол іздейді, талпынады. Ал ұмтылу, талпыныс, қозғалыс – жігерді шыңдайды, бәрі қосылып, Рухты көтереді, сөйтіп Жеңіс келеді! Бірақ жеңістен бас айналып, тоғышарлыққа, бойкүйездікке, немқұрайдылыққа салынып кету оңай, сондықтан үлкеннің де, жас ұрпақтың да сана-сезімін әрдайым ата-баба даналығымен, жасампаз, салиқалы тәжірибесімен, мағыналы өнегесімен нәрлендіріп, адамзат-

тың озық жетістіктерімен, бекзат ойлы ақын-жазушыларының, ойшылдарының Сөзімен жан дүниесін байытып тұру ләзім. Бірақ сол Сөздің киесін өмірдің де, өзінің де, өзгенің де күрделі табиғатына үңіле, жүрегіне бойлай жеткізу қаншалықты қиын екенін әрбір шынайы көркем сөз шығармашылық иесі жақсы біледі. Нәзікен де сол азаптан «екі қолым төбемде шырылдаймын», «сөзге сыймай кей сырлар әурелейді», «тыңнан теңеу тауып көр – бәрі көне», «менің де жаным тартыста жиырмасыншы ғасырдай», «ащы мен тәтті дәмін қайтіп білмек, жаншылып бұла жүрек талмағасын» деп ақынның сызатты жаны ышқына түседі.

Нәзікен Алпамысқызы жырларының тамыры тереңнен – Шығыс философиясынан, қазақ архаикалық дүниетанымынан, орыс пен еуропа классиктерінен нәр алып, олар толыққанды, сындарлы, айқын да абзал көркем ойшылдықпен бапталған құнарлы дүниеге айналғаны сөзсіз. Нәзікен ақынның:

Қайсарлық, шыдам қабысып,
Дарын мен дәуір табысып,
Қос дүлдүл қанат қаққанда
Құдіреттеніп кетер тақтан да! –

деп тебіренуі әрбір талант өз дәуірінің күретамырының дүрсілін өз жүрегінен өткізіп, замана уақытының талаптарына сай биіктікке жетсе ғана заңғар болатынын ақын шымыр да шұрайлы сезіммен сәтті жеткізген.

Нәзікен ақын сусаған жанының тебіреністерін пайымды оймен сезім кәусарына сүңгітіп алғанда олар жарқырап шыға келеді.

Күңгірт кезін өмірдің,
Сұрғылт кезін сезімнің
Жасынды алау кезеңде
Тасыған асау өзенге
Шайқап-шайқап бір алар ма ем,
Сілкіп-сілкіп бір алар ма ем! –

Бұл ауыртпалықтың, қиналыстың қиын шатқалдарынан шығып, тауқыметтерден құтылып бір жаңарғысы, нұрланғысы келген ақын жанының кеңістікке, жарқын ғұмырға құштарлығының айғағындай жан толғанысы.

Нәзікен Алпамысқызының қоңыр үні сырттай баяу, әуезі

де, ырғағы да бірқалыпты сияқты, бірақ оған бойлай бастасаң, астарында поэзиялық қуатты иірімдер, сырлы да сындарлы жан әлемінің орамды оймен өрнектелген әдемі көркемдік үйлесімі жатыр. Жалпы, ойды шашыратпай, ширықтырып, бейнелеп түйіндей алу – дарынның ізденісінің үлкен жетістігі. Сезімнің де тізгінін ұстай білу, ағылтегіл құя салмай, оны қалыпқа сала отырып, зерделеп, алуан түрлі пластикалық бояумен беру – шеберлік. Мұның бәрі шығармашылықпен айналысатын адамнан әрдайым ізденісте жүруді қажет етеді. Өзін рухани байыта білген жан ғана биіктен көріне алады. Осының бәрін жан азабы арқылы, ақындық ұшқыр түйсікпен сезінген Нәзікен:

Парасаттың салмағын
Зердесіз пенде білмейді, –

деп мұңаяды. Сосын:

Амалың бар ма,
Сөзбен істің арасында,
Ғасырлық сана,
Дәуірлік салт жатады! –

дейді ол ғасырдан дәуірлерге ұласып жататын Сана мен Салт салмағын көбінесе саралай алмайтынымызға қынжыла күрсініп. Бір сәтте төрткүл дүние түгіл ғарыштық кеңістікті шарлап кететін ақын жаны жер бетіндегі зұлымдықтардан шошынып, тағат таба алмаған сәттерде:

Жасыды көңіл,
Ғаламдық ендіктерге де сыймаған, –

деп ақын жаны жабырқаса, бұл қарапайым адамның амалы таусылып, тауы шағылып қалатын сәттердегі дәрменсіздіктен әлдеқайда күрделі, себебі ақын жүрегі ғаламдық сезімдердің антеннасы! Жаратушы әрбір шынайы дарын иесіне қиын тағдыр беретіні де, жаны жаншылмаса, сезімі ұшталмай, өмірдің парқына жете алмай, пендеауиліктпен күнін өткізіп алар дейтін шығар. Нәзікеннің де жанайқайы жүректі тебірентпей қоймайды:

Мен де жүрмін ішінде мың талқының,
Құлазимын сезгенде жан салқынын.
Көкірегімде теспежел көкпар тартып,
Қалтыраймын шаншудан, мен жалқымын.

немесе:

Көңілдің бойламаған тереңі бар,
Қиыны – құйынына көнерің бар.

тағы да:

Екі көзім желкемде,
Мұңнан ықтым,
Ой-шырағы сөнген бе,
Мыңнан бұқтым.
Суыртпақтап жинап ем,
Барымды айтам.
Білмегенім – қинап ең.
Зарымды айтам.
Жан шыдатпай шыжғырған,
Жалынды айтам.
Адалдық деп шыңғырған,
Арымды айтам, –

дейді.

«Екі көзім желкемде» – бұл мірдің оғындай метафора арқылы ақын жүрек айнитындай кейбір пасықтықтан жиіркеніп, соны көргісі келмей, көмейіне запыран кептелгенін қалай қадап айта білген десеңізші! Әрбір шығармашылық иесі өзінің болмысынан, ой өрісінен, көңіл көкжиегінен асып, артық туынды тудыра алмайтыны белгілі. Әр нәрсені көзбен көріп, суреттеп бере салу бар да, сезімнің алабұртқан құйынының ішінен жасын ойды көңіл көзімен іліп алып, оны құдіретті сөзге айналдыру үшін жандандыра, жаңғырта, жалындата бейнелей білу шығармашылықтың шыңы екені бәрімізге мәлім. Ол, әрине, қарымды қабілеттілікке, ұшқыр сезімталдыққа, пайымды парасаттылыққа байланысты. Сағыныш, өкініш сезімін әр дарын өзінше жеткізеді. Ал Нәзікен ақын:

Көзінен көшкен көңіл жұртын танып,
Түйіліп сел сезімді қаңтардым мен, –

дейді «Ауылға оралғанда» атты өлеңінде. Осы екі жолға ақын құлазыған туған ауылдың қаңтарылған көңіл күйін көргендегі перзенттің көкірегіндегі аласапыран арпалыс, ұлы мұңын сыйғызып тұрған жоқ па?! Күрделі де әрдайым ізденістегі жан әлемінің жарқ етіп ыршып түскен сәулелі ұшқыны осылай көңілді қарпи түседі. Тағы да:

Ұзапты уыз дәурен қоңыраулап,
Тарпыпты тарпаң тірлік омыраулап, –

көктен құйылған жыр осылай аллитерацияны асықтай үйіріп, екі жолға бүкіл ғұмырнама сыйғыза алады!

Бұл өмірге кімдер келіп, кімдер кетпеген, барлық көкірегі ашық жанның арманы Рух пен жан бостандығы, ал ондай бостандық жер бетінде, қоғамдасып ғұмыр кешіп жатқан жұмыр бастылар ортасында болуы мүмкін бе? Санасы мен жүрегінде сәулесі бар жан тағдырдың тәлкегіне, жауыздыққа, жәбірлікке көне алмай, кейбіреуі күреске шығады, енді біреулері күйреп қалады. Ал жан дүниесі кебірге айналғандар, Нәзікен ақынның мына өлеңіндегідей, керенау күйде қала бермек:

Айналаңда жан бар ма,
Ғұмырын да, дарынын да, арын да,
Бір күлшеге сатпаған?
Намыс та жоқ, ой да жоқ.
Кіл зомбилер жүр қаптаған.
Көгендеулі жандар қайда жоқ,
Кісілігін жер ғып таптаған.
Қай түрі бар қорлықтың
Жүрегіңе шеге қақпаған?..
Ал, Спартак сынды болар ма,
Еркіндіктің уызынан бір татпаған?! –

Ия, XIX ғасырда өмір сүрген французлардың керемет дарын иесі, ақын, драматург Вилье де Лиль-Адан айтқандай, «Еркіндік жоқ, тек бәрінен арылу ғана бар» екен. Сондықтан ілуде біреудің ғана маңдайына шынайы еркіндіктің уызынан тату бұйыратын болар. Жаны биікте еркін самғай алатын адам ешқашан да залымдыққа бармайды, біреуді қорлауға дайын тұратындар өздері қорқақ, дүние-мал біткенімен, рухтық санасы төмендер.

Нәзікен Алпамысқызының жырларында айқындалған оның азаматтық, адамдық позициясында кереғарлық, күпірлік, менмендік, жылаңқылық сияқты оқырманның көңілін қара түнекке батыратын пессимизм жоқ. Өзінің жан ышқынысындағы трагизмді ол қазақтың болмысындағыдай, ынсаптылықпен, әдеппен, сыр алдырмайтын сұлу торы аттай сырбаздықпен көмкере отырып, метафоралармен, метонимдерді ұтымды қолдану арқылы ой мағынасын қалыпты формаға салып, адам жүрегіне шымырлата жеткізе алады. Ал

жанын жалаңаштап, жүрегк жарасының қанын сорғалатып, жадағай жазу мәдениеттілікке жат жәйт, мұның кімге болса да абырой әпермейтіні хақ. Мұндайда ұлы Гетенің «Шығармашылық дегеніміз – шектен шықпау» дегені еске түседі.

Кешіп өту өмірді бәріңе сын,
Ажал жоқта ақ нұрдан да жалығып, жерінесің.
Бұл сапардан бал жинап, баппен кетсең,
Жаңа жұртқа қонғандай көрінесің,–

деп өмірдің мәнін терең ұғып, Жаратушының жер бетіне жіберген қағидаларынан ауытқымай өмір сүре алған, бойындағы қазақи қасиетін қастерлей білген жан ғана осылайша ұлтының салиқалы фәлсафасын салмақтап, өзіндік сыршыл сезім иірімдері мол поэзиялық тебіреніс туғызады.

Алатау бөктерінде заңғарлықтың қасиетіне тамсанып, бұла өскен Нәзікен ақынның бүкіл болмыс бітімінде көкке құштарлық пен еркін рух бар. Биіктегі тасты жарып өскен күрең шетеннің қайсарлығы мен өршіл сымбаты, өміршеңдігі ақынның табиғатына етене жақын, өзімен тағдырлас екені оның «Күрең шетен» атты жырында керемет бейнеленген:

Шетенім, жан сырласым!
Биікке шақырсаң сен, тағдырласым,
Жүрегім ұяласын заңғар басын.
Тоқырап орта жолда жүрген жан ем,
Құлазып, енді жүрек дағдармасын.
Көңілім жетімсіреп ұмтылғанда
Тауға кеп, жұбанамын мұң тұнғанда.
Бір бастың көңіл кірі бұйым боп па,
Жарқырап аспанымда күн тұрғанда!
Бұл тірлік қаңтарылып қалмас тұрып,
Бір ұрпақ бір ұрпақты алмастырып.
Өмірдің өрмегінен үзілмеспін
Адамның асқақ рухын жалғастырып!

Иә, шынайы дарын өз деңгейін өзі біледі. Осындай өрелі ой мен сезім қуаты бойын кернеген Нәзікен ақынның ұлағатты, уытты жырлары Құс жолындай адамзат аспанында жарқырай беретініне сеніміміз мол.

«Қазақ әдебиеті» газеті,
09.12.2007 ж.

## АЛМАСУ МЕН ЖАЛҒАСУ

(*Пернайым Нұрлыбайқызының рухына*)

Ол сегіз келінді жанына шақырып алып, әрқайсысына қарап отырып: – Біздің шешеміз он перзент туып, әкеміздің еркелігін де, балаларыңның шолжаңын да көтеріп, қабағын шытпай аңқылдап, енеге де, келінге де жалпылдап жүргені. Ал сендер екі-үш баладан ғана туып, неғып тұнжырап жүресіңдер осы, жас адам жарқырап, жүзінен нұр төгіліп тұруы керек қой, – деп оларды бір қағытып алды. Келіндер әпкенің мұндай шымшыма сөздеріне үйренген. Әрқайсысы бір-біріне қарап күлімсіреп: «түсіндіңдер ме, он бала туыңдар, сосын міндетсисіңдер», – деп әзілдеп қояды. Олар қайын әпкесінен әрі қаймығады және сыйлайды. Әрқайсысы оның көңілінің кілтін табуға, ашуын келтірмеуге тырысады. Әке-шешесі де, інілері де оған бағынады, өйткені, ол үйдің үлкені, әжесінің қызы,сондықтан ол қалай айтса да ешкім қарсы келмейді.

Отағасы Нұрлыбай Тұңғышбайұлы Қасымбековпен жары Болай Мәткерімқызы Оңтүстік Қазақстанның Түлкібас ауданына қарасты Абаил ауылының тұрғындары. Ерлі-зайыпты екеуі де осы ауылда жас кездерінен ұстаздық етіп, бастауыш мектепті түлеткен. Нұрлыбай ата Ұлы Отан соғысының ардагері. Олардың тұңғышы осы Пернайым 1947 жылы маусым айында дүниеге келген, пердесімен (көйлегімен) бір жақ бетін жапқан қалың қалымен туылған қыз баланың атын Пернайым деп қояды. Оның жолы құтты болып, артынан 8 ұл және Нурия атты қыз келеді. Нұрлыбай Тұңғышбайұлы Қасымбеков батырлар тұқымынан, аталары Ұлы жүздің Шанышқылы руынан, Сұрым бабадан тараған. Ал анасы Болай Мәткерімқызы осы өңірдің тумасы Мәткерім болыстың қызы.

Әкесінің анасы Рәзия әжесі жалғыз ұлының тұңғышы Пернайымды бауырына басып, өзі өсіреді. Ол кісі күйеуінен ерте айырылып, осы Нұрлыбай ұлымен және Баян атты қызымен қалған екен. Енді анасы Болай бұл қыздың атын атай алмай, жеңгесі сияқты оған Қызжан деп ат қояды. Ол осы атаған атынан ешқашан жаңылысқан емес. Шіркін, қазақтың ене мен келін арасындағы өнегелі сыйластық қандай еді! Болай ана он сәбиді дүниеге әкеліп, олар Рәзия әжесінің қойнында жатып, аялы алақанының жылуымен

өсе береді, келіні ұстаздық жұмысынан қол үзбейді. Балалар ауылдың бастауыш мектебінің 4 класын бітірісімен, бірінен соң бірі Түлкібас ауданы орталығындағы мектеп-интернатта оқи бастайды. Абаил стансасынан ол кезде Түлкібасқа қатынау өте қиын еді. Автобус жүрмейді, поездардың бұл жерге тоқтайтыны аз.Поезға міну үшін ауыл жұрты келесі 115 разъездге 6–7 шақырым жаяу жүріп, қыста айдалада боранда қатып қалатын да жағдайлар болады, қасқырлар да жортып жүреді, ал балалар демалыс күндері ауылға келіп, үйдің тамағын ішіп, аунап-қунап кету үшін сол жол қиындықтарына қарамастан, сонша жер жүріп келіп кетеді. Осылай шыңдалған балалар аудан орталығынан жақсы білім алып, бәрі Алматы, Мәскеу, Ленинград сияқты ірі қалалардағы жоғары оқу орындарына түсіп, заман талабына сәйкес мамандықтарды игерді. Қазір бәрі еліміздің ірі маман иелері, басшылық қызметте жүргендері де баршылық. Бауырларының осындай үлкен жетістіктерге жетуіне бағыт-бағдар беріп, жол сілтеп, әрқайсысы үшін жаны шырылдап жүгіріп жүрген әпкесі – Пернайым болды. Әр інісі оқуға түсетін кезде ол толғата бастайды, қабілетіне қарай қай институтқа түсетінін белгілеп, соған құжаттар тапсыртады. Екі жылда бір інісі оқуға түсуге келеді. Оларды қадағалап бірге отырып дайындатады, әбден пысытады. Әпкесінің елегінен өткен бала, міндетті түрде жоғары оқуға түсіп, оны жақсы бітіріп шығады, себебі біріншіден, бауырларының бәрі де мектепті өте жақсы бағамен бітіреді. Және олар жыл бойы әпкесінің нұсқауымен емтиханға дайындалады. Оларды ширатып және әрқайсысының еңбектенуге бейімділігін, жігерін, жеңімпаздыққа деген құлшынысын арттыра отырып, төзімділікті, ешбір мүмкіндікті қолдан жібермеуді үйреткен де осы әпкесі.

Пернайым Нұрлыбайқызы 1969 жылы Сұлтанбек Қабылбековпен отбасын құрады. Пернайым Алматыдағы ҚазПИ-дің география факультетін 1976 жылы тұрмыс құрғаннан соң бітірген, Сұлтанбек – Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетінің түлегі. Олардың бір ұл, екі қызы бар. Өздерінің соңдарынан еріп келе жатқан жақындарының жоғары білім алуларына жол салып, қаншама түлектерге жоғары білім алуға көмектесті. Інілерінің ең үлкені Сәтбай Қазақ педагогикалық институтының түлегі, қазір ол Түлкібас ауданында басшылық

қызметтер атқарып келеді, ауданның құрметті азаматы, жұбайы Керімқыз екеуі сол өңірдің өркендеуіне зор үлес қосып келеді, өсіп-өнген үлгілі отбасын құрып отыр. Екінші інісі – Жақсыбайдың да Мәскеудің атақты Н.Э Бауман атындағы Жоғары техникалық училищесін, аспирантурасын бітірген, ғылым кандидаты, кейін докторлығын қорғаған, профессор, Қазақстан Республикасының машина жасау және көлік Ұлттық ғылым академиясының академигі, Вице-президенті. Бұл інісінің де Мәскеуде оқуына ықпал еткен әпкесі. Сіңлісі Нұриянің да Ленинградтың Қаржы институтында оқып, бітіруіне себепкер Пернайым. Інілері – Өсербай, Бақыт, Марат, Талғат, Манат, Сәбит – бәрі де Пернайымның жол сілтеуімен ірі оқу орындарында оқып, жоғары дәрежедегі мамандар болып, елімізде лауазымды қызметтер атқарып жүр.

Әрбір бауырын өз балаларындай аялап, аяқтарына тұрғызып, олардың әрқайсысының отбасын құрып, аяқтарына тұрып, өсіп-өнуін қадағалап, кейбір келіндердің тік мінезін сындырып жүретін де Пернайым әпкесі болды. Өзінің артынан ерген сегіз ұлдың көңілдерін өсіріп, ер мінезділікке, табандылыққа, сөзіне беріктікке, төзімділікке, ата-анаға мейірімділікке, бір-біріне қамқорлыққа, ауызбіршілікке баулып отыратын да анасы Болай мен Пернайым әпкесі.

Біреуінің жасықтығын көрсе, сілкіп алып, жігерін қамшылайтын да өзі. Үлкен әулет болған соң кілең ер баланың бір-бірімен аға-іні болып сыйласуы, үлкенге кіші қарсы келмей, келіндердің иерархиялығын сақтап, үлкенге кіші ізет көрсете білуді де қадағалап, үйретіп, тәртіпке бағынғысы келмей келген келінді сөзбен бүріп алып, сабасына түсіретін де әпке. Оған ешкім қарсы келмейді, қарсы келгендер үйірден шеттетілгендей жалғыз қалады, себебі бәрі әпкенің ығына жығылады.

Пернайымның бойындағы өжеттілігі, батырлығы, батылдығы, өрлігі, сөзінің өткірлігі, адуындығы ынжықтыққа, жылпостыққа, қитұрқылыққа, мүләйімсіген көлгірсігендікке, майдалыққа, өтірікке өре түрегеліп, қарсы шығатын. Оның осы мінезінен ынжықтар ығып, қорқақтар бұғатын еді. Алдап, арбайтындардың да құрығына ілінбейтін көрегенділігі де бар еді.

Ол темір жол басқармасында біраз жыл инспектор болып істеп, кейін он жыл Алматыдағы №121 балабақшада меңге-

руші болды. Қай жерде қызмет істесе де өз қағидалары мен тәртібін орната жүріпті.

Ал ауылдан келген туған-туысқандарға деген қамқорлығы ерекше болатын. Қайын-жұрты, жолдас-жоралары келе жатқанын естісе болды, қыс демей, күз демей олар көпқабатты үйлердің арасынан адасып кетер деп аяғына ілінгенді кие салып, өзі жаурағанына қарамай, сыртта күтіп жүреді екен.

Елімізде 1986 жылғы 16 желтоқсанда болған қазақ жастарының көтерілісіне Пернайым көрші-қолаңдарын, таныстарын жинап барады. «Қазағым, халқым» деп шырылдап жүрген оның басынан біреулер ауыр затпен ұрып, қатты соққыға жығады. Содан кейін басында ісік пайда болғанын да білмей жүре берген. Біраз жылдар өтіп, басының ауруы үдеген соң дәрігерге барып көрінгенде, оған шұғыл ота жасауы керек екенін айтады. Отадан кейін өзі аман қалғанымен, екі көзі көрмей, зағип болып қалады. Сонда да, қайсарлықпен, рухтылығымен өзі үй шаруасымен айналысып жүріп, туған-туысқан, бауырларға қамқор болып, жора-жолдасты қарсы алып, қиналғанын, әбіржігенін ешкімге көрсеткен емес. Қаншама жыл екі көзі зағип бола жүріп, немере бағып, үйінен қонақ арылмай, жұрттың бәрінің көңілін тауып, жайраңдап отыратын еді-ау, жарықтық.

2006 жылы әкесі Нұрлыбай қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай, тұңғыш қызы Пернайым да өмірмен қош айтысып, әкесінің артынан кетті. Емханада жатып, демі үзілгенше «менің інілерім қайда, соларды бір көрейінші, ынтығымды бір басайыншы деумен болыпты. Артынан бірнеше жылдан кейін, Нурия атты сіңлісі де кетті. Оның артында бес баласы мен күйеуі қалды.

Пернайымның да бір ұл, екі қызы, немерелері өсіп жатыр, балаларының бәрі жоғары білімді, елімізге елеулі қызмет етіп жүрген білікті мамандар. Жұбайы Сұлтанбек жастайынан қосылған жан-жары Пернайыммен өткен ғұмырын сағынышпен, емірене еске алып отырады. Анасы Болай Мәткерімқызы да, бауырлары да іштей аңсайды.

Осылай ғұмырын аяулы жандарына арнаған Пернайым Нұрлыбайқызының жүрегіндегі ата-анасына, өзінің жары мен балаларына, халқына арналған ерекше сүйіспеншілік сезімі өмірмен алмасып, жақындарымен жалғасып келеді...

Ол тірі болғанда 2017 жылдың 27 мамырында 70 жасқа келер еді. Рухы биікте, жаны жәннатта болғай!

## МЕНІҢ ӨМІР БАСПАЛДАҚТАРЫМ

Әрбір адамның тұлға ретінде қалыптасуына ең алдымен оның туып-өскен жерін, кейін рухын, сана-сезімін сомдайтын рухани ортасы себепші болып табылады. Менің де өмірімнің мөлдір бастауында сондай рухани ұстаздарым бола білген, көмегін аямай, жан-шуағын молынан төгіп, бағыт-бағдар берген аға-апаларым баршылық. Мектеп қабырғасындағы Суворова, Бородкина, Рыбалкина, Ким, Аскаров, Оспанов сияқты ұлағатты ұстаздарымнан бастап, туған Тереңөзегіміздің қасиетті де дарынды тұлғалары Мұқтар Сақтапов, Балашбек Шағыров, Асқар Кіребаев, Қайырбек Асанов, Келдібай Уайісов секілді ағаларымыздан бастап маған қамқорлық жасап, орыс тілінде жазған уыздай жырларымның қанаттарын аялап, оларды қазақшаға аударып, аудандық газет беттеріне алғаш жариялап, көңілімді марқайтқан сол дарқан көңіл ақындардың шынайылығы мен пәктігіне мен өмір-бақи тәнтімін.

Сегізінші сыныптан кейін Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне түстім. Ол кезде Қазақстан Жазушылар одағының Қызылордадағы бөлімшесін қазақтың көрнекті ақыны, қазақ сатирасының сардары, жалынды жырлары мен қырғи тілді шығармалары халықтың аузында жүрген, сырттай ол кісінің дидарын көруді өзім армандайтын Асқар Тоқмағамбетов ағамен жүздестім, содан бастап ол кісі менің әдебиеттегі де, өмірдегі де рухани әкем, жанашыр жетекшім болған еді. Менің өмірімнің өрелі баспалдақтары ардақты Асқар ағаның қолдауымен биіктеп, келешекке баянды жол салғаны сөзсіз. Табиғатынан ірі тұлғалы Асқар ағаның сол кездегі жас ақындарға жасаған қамқорлығынан біздің адамдыққа, адалдыққа, үлкен әдебиетке деген ынта-жігеріміз арта түскен еді. Біз сияқты жастардың тырнақалды туындыларының облыстық «Ленин жолы», «Путь Ленина» газеттерінде жарық көруіне де Асқар аға бастаған, қазақ әдебиетінің әрі мен нәрін өздерінің айшықты туындыларымен байытқан Нәсіреддин Сералиев, Қомшабай Сүйенішев, Адам Мекебаев, Саид Баязитов, Базарбай Исаев, Серік Сейітмағанбетов, Жанұзақ Қожабергенов, Балтабай Тәжімбетов, Рысты Бақбергенова секілді белгілі дарын иелері еді. Буырқанған теңіздей сезімдері ішіне сыймай, жанартаудай

атқылап шыққан жырларын бізге оқып бергенше тағат таппай, тар қапаста қалған жауынгердей жүрегі бұлқынып, қаламдастарын асыға күтіп жататын Зейнолла Шүкіров ағамыздың үйінде біз жиі бас қосатын едік.

Сол кезде тәжірибелі ұстаз, сымбатты да сырбаз, парасатты Ұлмекен Ыбырайқызы Рысбекова басшылық ететін педучилищеде де әдеби үйірме жұмыс істейтін. Оның жетекшісі – табиғи таза талант иесі Сәнімкүл Желдербаева апай қазақ әдебиетінен дәріс беретін. Жүзі суық болып көрінгенмен, апайдың жаны нәзік, өте мейірімді жан екенін бәріміз білетінбіз де, жақсы көретінбіз. Кейін ол кісінің «Ақ босаға» атты өлеңіне жазылған ән қазақ келіндеріне арналған Гимнге айналып кетті. Асқар аға мен сол асылжанды ақын аға-апаларымыздың қолдауымен, осы педучилищенің түлегі орыс қызы Надежда Лушникова қазақша жырлап, халқымыздың азулы айтыскер ақынының бірі болғаны хақ.

Өмірде маған шапағат-нұрын төккен жандар аз болған жоқ. Кейін Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институтында оқып жүрген кезімде орыстың парасатты профессор-оқытушыларынан дәріс алдық. Сергей Залыгин, Виктор Астафьев, Лев Озеров, Лев Ошанин, Петр Проскурин, Василий Белов сияқты кеңес кезіндегі атақты ақын-жазушылар шығармашылық семинарлар жүргізетін. Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенский, Роберт Рождественский, Белла Ахмадуллина, Римма Казакова сияқты т.б. ақындарды тыңдау үшін Орталық Әдебиетшілер Үйіне – (ЦДЛ) деп аталатын – жиі барып, кездесулерге қатысып, Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген небір майталман қалам иелерінің әңгіме-дүкендерін құмарта тыңдайтынбыз. Ұлы әдебиет атты қасиетті ғаламшардың ішіне ену үшін бір ғана дарындылық аз екенін, жаныңды салып ізденіп, оқып-тоқып, өзіңнің дара жолыңды айқындап алу керектігін үйреткен Мәскеудегі сол шағын ғана, студенттері 300-ден аспайтын, бірақ дарын иелерінің білімділігін арттырып, бүкіл адамзаттың әдеби, рухани кеңістігіне бойлатуға мүмкіндік беретін әлем бойынша жалғыз, дара тұрған, осы киелі шаңыраққа мені жетелеп апарған тағдырыма ризамын.

Мәскеудің Останкино аймағындағы Добролюбов көшесінде орналасқан институтымыздың жатақханасындағы ойлар мен сезімдердің сапырылысып, әртүрлі көзқарастар мен

түйсіктер қайнап, кейде өз арнасын таба алмай ышқынып, шырқырап, күйзеліске ұшырап жататын кездері де болатын. Кеңес Одағының, социалистік елдердің түкпір-түкпірінен келген әрқайсысы өздерін ұлыдан кем санамайтын дарын иелерінің бірін-бірі мойындауы қиын еді.

Біз қазақ көркем аударма тобында алты студент оқитынбыз. Қазақстаннан келген ақын-жазушылар бізді тауып алып, қазақ әдебиетінің, елдің жағдайына қанықтыратын. Біз бірінші, екінші курстарда жүргенде СССР Жазушылар одағындағы қазақ әдебиеті бойынша кеңесші болып, керемет дарын иесі, қазақ прозасының хас шебері, биік парасатты, эстет жазушы Тәкен Әлімқұлов қызмет атқаратын. Ол кісі де бізбен жиі кездесіп, сұхбаттасып, жаңа шыққан кітаптарды бізге жеткізіп тұрды. Кейін ол кісінің орнына белгілі жазушы Роллан Сейсенбаев келіп, қамқорлығын жасап, бәрімізге жақсы аға да, дос та бола білді.Сол кезеңдерде Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметінде қазақтың көрнекті жазушысы Әнуар Әлімжанов еді. Ол кісі келіп, бізді жинап, ақыл-кеңесін беріп кететін. Бүкіл Кеңес Одағының халқын аузына қаратқан дүлдүл ақын Олжас Сүлейменов жиі келіп, жырларын оқып, ой бөлісіп тұратын. Ол келгенде Мәскеудің жыр сүйетін қауымы жатақхананың есігін аңдып жүретін. Біздің әрқайсысы өзін «гений» санайтын студенттердің оның алдында мысы басылып қалатын. Біз, қазақ жастары, бауырымыз үшін марқайып, рухтанатынбыз. Бүкіл Кеңес одағының оқырмандарын шығармаларына тәнті еткен Шыңғыс Айтматов, Қайсын Кулиев, Расул Ғамзатовтар да жатақханаға соғып, өздері жатып оқыған осы жерде жас дарын иелерімен пікір алысып, жаңа шығармаларынан жыр оқып, қызықты әңгімелерін айтатын.

Осы Әдебиет институтының жанынан құрылған жазушылардың әдеби білімін толықтыратын екі жылдық жоғарғы курстар бар еді. Онда әр республикадан жылына екі-үш арнайы әдеби мамандығы жоқ ақын-жазушы келіп білім алады. Біз оқып жүрген 1970–1975 жылдар аралығында атақты қазақ қаламгерлері Сайын Мұратбеков, Марфуға Айтхожина, Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Иранбек Оразбаев оқыды. Кинематография институтының екі жылдық жоғары курсының тыңдаушылары да осы жатақханада жататын. Онда көрнекті жазушы Смағұл Елу-

баев, дарынды журналист Ғаділбек Шаяхметов, белгілі кинорежиссер Кәрім Танаев та бар. Қазақтың ардақты, ақыл-парасаты жоғары талантты қызы, өр мінезі көрікті көркіне сай Алтыншаш Жағанова осы институтта сырттай оқитын, екеуміз апалы-сіңлідей жақын болып, кейін де рухани кеңістігімізді бірге байыта түскен едік. Жатақханамыздың жертөлесінде (подвалында) теннис корты бар еді, Алтыншаш сол жерде небір мықтылармен сайысқа түсіп, көбінесе ұтып шығатын, біз осындай қазақ қызы үшін қуанатынбыз. Бүкіл курстастары оның соңынан ілесіп, айтқанынан шықпай, сыйлайтын.

Жатақханаға әдеби ортаны аңсап, Мәскеуде оқитын студенттер мен аспиранттар жиі келетін. Олар кейде Әдеби институттың деңгейі биік профессорларының лекцияларына да қатысатын. Дарынды дамыту үшін еркін тыныс алдыратын осы аяулы оқу орнының ректоры Владимир Федорович Пименовке студенттер барып ақша алып, қалаған қаласына, немесе республикаға қыдырып барып келетін, оларды аялап баласындай бетінен қақпай, таланттың алдында бас иетін биік адамгершілік пен мәдениеттілік үлгісін көрсеткен, жан дүниелері көркемдікпен көркейген ұстаздарым Еремин, Водолагин, Артамонов, Дынник, Джимбинов, Хантемирова, Михайлов, Климович, Куницын, Тахо-Годи т.б. адал да парасатты жандарға алғысым шексіз. Бізге көне түрік әдебиетінен дәріс берген профессор, атақты түркітанушы ғалым Халық Гусейнович Көроғлының лекциясын тыңдауға,өзінің шәкірті, қазақтың біртуар ұлы, сыр сүлейлерінің жалғасы, хас талант иесі, жас та болса жыраулығына халқын тәнті еткен, СССР Ғылым академиясының дүниежүзілік Әдебиет инстиутының аспиранты Көшеней Рүстембеков келетін. Ол жатақханаға да Жұмекен ағаны сағына жететін. Сосын екеуі бірінен соң бірі домбыраның ішегін ағытып жібергенде, Көшенейдің дауысынан Останкино телемұнарасы дірілдегендей әсер қалдыратын, әсіресе күн жылы кезде бөлменің терезесін айқара ашып тастап, бірі қазақтың қасиетті жыраулық өнерін, екіншісі киелі домбырасының құлағында ойнап, ақ нөсердей төпелеген күйлерімен сол маңайды дүркіреткенде көшедегі жұрт таңдана да, тамсана да, кейбіреуі үрке де тұрып қалатын. Жұмекен аға керемет күйші болатын, өзі консерваторияда оқыған екен. Ол кісілермен де жұбайым,

Бауман жоғары техникалық училищесінің төртінші курс студенті Жақсыбай Қасымбеков екеуміз бірге талай сырласып, әдебиет төңірегінде әңгіме шертетін едік.

Ал Мұқағали аға Мәскеудің қарбалас өміріне көндіге алмай, бір жылға жетпей 1973 жылы елге қайтып кетті. Бірақ сол аз ғана уақыт ішінде ол кісінің поэзиясын бірге оқыған курстастары мойындап, оны жоғары бағалағанын, кейін мен өзім біраз таныстарымнан да естігенмін. Бір күні Мұқағали аға біздің бөлмеге әдеттегідей томсырайып емес, жарқырап кіріп келе: «Сегодня на семинаре обсуждали мои стихи,и я увидел во многих взглядах зависть! Хвалили, даже очень!» – деп ақын аға толғана, мақтана, балаша қуанып, Жақсыбай екеуі бұл жеңісті жуып, Марина Цветаеваның жырларын Мұқағали ағаға қосыла мен де жарыса жатқа оқып, кейін басқалар біздің бөлмеден шыққан жыр лебіне жиналып, осы отырыс кішігірім поэзия кешіне айналған еді.

Мен туғалы көрмеген әкемді он төрт жасымда өзім іздеп таптым. Ол – Ибрагим Исабаев – еліне елеулі азамат, жанжары Нәзігүл анамыз екеуі менің төбемді көкке көтеріп, көңілімді өсіріп, өздерінің дүниеге келген он баласына мені сүйікті әпке ете жүріп, Мәскеуде оқытып, менен кейін сол жақта Шағанбек атты үлкен ұлы оқып, Нұртас інім менің жолымды қуып, Әдебиет институтының поэзия бөліміне түскен. Төртінші курста мамыр мерекесіне ауылға келген ол тағдырдың қиындығына тап болып, көлік апатына ұшырап, жүре алмай, қоларбаға байланып қалды. Өзінің рухының мықтылығымен, жігер-төзімімен, жоғары пайым-парасатымен қазір халқының сүйікті ақынына айналып, жұртына өнеге болған Нұртас Исабаев он бес шақты кітаптың авторы, «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері» атағының иегері. Бұл сырлар менің өмірімнің аз ғана бөлшегі ғана. Әлі жазылатын талай естеліктер мен хикаяттар баршылық. Аяулы ата-әжем, әке-аналарым, аға, бауырларымның, жалпы, туған жұртымның жарқын бейнесін биылғы 2009 жылы Алматыдағы «Қайнар» баспасынан мемлекет тапсырысымен шыққан «Ақ бура сезімдер» атты әңгімелер жинағымда сомдауға тырыстым.

1982 жылы Жақсыбай кандидаттық диссертациясын қорғап, мен өзім А.В. Луначарский атындағы театр өнері институтындағы оқытушылық қызметіммен, он екі жыл ізгіліктің нәрін татқызған алып та, марқасқа Мәскеумен қош айтысып, Білім министрлігінің жолдамасымен біз туған

елге, Алатау баурайындағы әсем Алматыға бас тіредік. Ол кезде тұңғыш ұлымыз Арнұр сегіз жаста, қызымыз Әйгерім төрт жаста болатын. Мәскеудің тынымсыз да күрделі өмірінен кейін маңғаз Алматы бізге пейіштей көрінетін. Біз үйішімізбен тауға құмартып, апта сайын сонда барып, көкірегімізді керіп, тыныстап, серуендеп қайтатынбыз.

Жақсыбай Қазақ политехникалық университетінде алғашқы қызметін аға оқытушылықтан бастады, декан болды, докторлық диссертациясын қорғады, профессор атағын алды. Мен Жазушылар одағына аудармашы болып орналастым. Ол кезде Жазушылар одағының бірінші хатшысы қазақтың адал ұлы, атақты ақын Жұбан Молдағалиев еді, ал екінші хатшысы қазақтың көрнекті жазушысы, драматургі, аңқылдаған ақ жүректі Тереңөзек жерінің қасиетті ұлы Қалтай Мұхамеджанов аға еді. Бұл ағаларымыздың аялы алақанынан кейін маңдайымнан сипап, Жазушылар одағының атынан бізге үй берген дарыны дарқан, аты әлемге әйгілі Олжас Сүлейменов ағамыз болды. Екінші хатшы белгілі жазушы Қалдарбек Найманбаев еді. Жазушылар одағында он жылдай қызмет еттім. Сол уақыт ішінде өзіміз бір көруді армандап жүрген небір атпал тұлғалармен күнделікті дидарласып, кейбіреулерінің отбасымен туған туысқаннан да жақын араласып тұрдық. Сондай ағамыздың бірі көрнекті қазақ қаламгері, жан дүниесі мөлдір Оразбек аға мен Шара апамыздың отбасы еді. Ол кісілердің бізді бауырына басып, барлық ынта ықыласымен бізге қамқорлық жасағанын қалай ұмытуға болады. Қазақтың ардақты да абзал жазушылары Кемел Тоқаев, Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Дулат Исабеков, Қалихан Ысқақов, Әнес Сараев, Төлен Әбдіков, Әкім ТаразИ, Тынымбай Нұрмағамбетов сияқты, қаламдары қуатты ұлтымыздың көптеген қаламгерлерінің мейір-шапағатынан біз қаулап өскен едік. Халқымыздың аяулы да көркем дарынды, рухы биік ақын қыздары Мәриям Хакімжанова (ол кісі менің алғашқы кітабыма алғысөз жазған еді). Тұрсынхан Әдірахманова, Рза Қунақова, Бәтима Батырбекова, Марфуға Айтхожина, Мағираш Сарикова, Фариза Оңғарсынова, Қанипа Бұғыбаева, Ақұштап Бақтыгереева, Күләш Ахметова сынды апаларымыздың жанашырлық ықыласына талай бөленгенмін. Ол кісілерге алғысым шексіз!

«Ел тілегі» газеті,
25.01.2010 ж.

# ТЕКТІЛІК ТАБИҒАТЫ

Адамның көңілін өсіріп, қанаттандырып ізгілікке баулитын игі жақсылардың арқасында жұртымыз көктеп-көгеріп, өсіп-өніп, бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізіп отыр. Қазіргі таңда рухымыздың биік, жүзіміздің жарқын болуы ата-аға, әже-апаларымыздың бойымызға дарытып кеткен қасиеттерімен, тәлім-тәрбие, өнегесінің нәтижесі екені анық.

Өткенсіз бүгінге жетпесіміз белгілі. Кеңес заманында да елінің, халқының қамын ойлап, ұлтының мүддесін биік қойып, жұртының еңсесін көтере жүріп, айқай-шусыз-ақ іргелі іс тындырған, шоғыры биік, басшылық қызметте шыңдалған,бүгінгі тәуелсіздіктің шылбырын нық ұстай білген, тәжірибесі мол азаматтардың арқасында күрделі, өтпелі кезеңдерден аман-есен өтіп келеміз. Елді жұдырықтай жұмылтып, халықтың арасындағы естілері мен қабілеттілеріне, дарындыларына арқа сүйеу, оларды ел қызметтеріне тарту, дер кезінде қолдай білу – бұл тұлғалылықтың, елжандылықтың айғағы.

Бүгінде жетпіс бес жасты еңсеріп отырған Тельман Еркінбекұлы Сауранбеков ағамыздың да өмір жолы халқына қалтқысыз қызмет етумен ардақталған абыройлы ғұмыр. Халқымыз тектіліктің қадыр-қасиетін біліп, жеті атасын зерттеп, зерделеген. Жердің де қасиеттілігіне көз жеткізіп, көптеген құбылыстарды түйсінген. Ал орыс ғалымы, академик В.И. Вернадскийдің жердің қасиетті қуаты туралы «Учение о биосфере и ее эволюции в ноосферу» атты еңбегінде зерттелген. Оның бұл теориясын әрі қарай орыс тарихшы-ғалымы Л.Н. Гумилев өзінің «пассионарлық теориясымен» жалғастыра келе, биосфералық қуаттың жер бетіне, этностарға әсерін зерттегенде байқағаны: бір бастаудан қуат алып тұрған жер бетіндегі этностардың жалпылай этногенездің заңына бағынғанымен, әрқайсысы өзінше бірден-бір қайталанбас құбылыс екенін және бұл әсердің салдарынан небір тарихи маңызды кезеңдерде, әр елде жаңа пассионар тұлғалардың пайда болатынын зерттеп, көз жеткізген. Мұндай пассионар тұлғалар елдің тарихын жасайтынын, әрбір дәуірді өзіндік ерекше сипатқа бөлейтінін, олардың адамзатқа үлгі болып қала беретінін Л. Гумилев өзінің «Этногенез» атты еңбегінде жалғастырып, дамыта түседі. «Мұндай сәуле жарқылына тап болғандар өз

пайдасы мен жер бетіндегі рақаттан бас тартады, олар үшін қорқыныш пен тыныштық деген мүлдем жат ұғым» – дейді ғалым. Бұл теория туралы айтуымыздың себебі бар: Тельман Сауранбеков туып-өскен Жамбыл облысындағы Жуалы өңірінің киелі топырағына Жаратқанның сондай бір ерекше нұры түскен жер болуы керек, енді осы жерде туып-өскен жандардың тізіміне қарайықшы: Кеңес Одағының батыры, қазақтың нары да ары, дарыны мен рухы асқақ Бауыржан Момышұлы, ол кісіден кейін Ауғанстан соғысында ерекше ерлік көрсеткен, Халық қаһарманы – Бақытжан Ертаев және бес генерал шыққан, қазақтың семсер тілді, қайсар жазушысы Шерхан Мұртаза ағамыз бен ардақты ұстаз, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы «Еңбек Ері» атағына ие болған Аягүл Миразовадай тағы біраз аяулы да біртуар перзенттердің «шыр» етіп дүниеге келген, өсіп-өркендеген атамекені осы ғажап жер болып табылады!

Тельман Сауранбековтің өзі де, ата тегі де осы Жуалы ауданының Қошқарата ауылының тумалары.Әкесі Еркінбек Сауранбеков, Бауыржан Момышұлы және Құрманбек Сағындықов үшеуі құлындай тебісіп өскен, жұбы өмір бойы жазылмаған шынайы достар. Сұрапыл соғыстан аман-есен оралған үш азаматтың балалары оларды бөліп-жармай, «папа» деуден танбай, әлі күнге дейін әкелер достығының туын берік ұстап келе жатыр. Бұл нағыз ерліктің, елдіктің, тұлғалылықтың арқасы да, жалғасы да! Осы жүректерімен ұғысқан үш достың ұлдары да, келіндері мен немере шөберелері де қасиетті аталарының салған ақ жолын жалғастырып, бірімен-бірі туған бауырлардай болып кеткен.

Бауыржан Момышұлының ұлы Бақытжан – шоқтығы биік шығармалары нұр мен мейірге тұнып тұрған тамаша жазушы, келіні Зейнеп Ахметова аты аңызға айналған атасының рухын асқақтатып, жұртымызға ғибратты әңгімелерімен тәлім беріп жүрген пайымды қаламгер, жас ұрпақты ата-баба қасиеттеріне баулып өсіріп келе жатқан ана.

Құрманбек Сағындықов Ұлы Отан соғысында досы Бауыржан Момышұлымен бір майданда болады. Сол кезде қазақ тілінде шығатын газетте редактор болып, қазақ жауынгерлеріне мақалаларымен рух берген ол жеңіспен елге оралған соң басшылық қызметтерге тағайындалады: Министрлер Кеңесінің қарамағындағы Қазақстан телерадиокомитетінің төрағасы, Оңтүстік Қазақстан облыстық

қазақ-орыс тілдерінде шығатын газеттің бас редакторы. Алматыға ауысып, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы қызметін абыроймен атқарып, халқына қалтқысыз қызмет етіп, құрметке бөленген ол аты аңызға айналған досы Бауыржан Момышұлы бейнесі сомдалған Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабын қазақ тіліне аударып шығарады. Ол кісінің үлкен ұлы Кеңес профессор, Қазақ технологиялық институтында көп жыл ректор болды, еліміздің мыңдаған білікті мамандарын оқытып, тәрбиелеп шығарған еді, келіні Ізтілеу Бибатырова да жаны шуақты жар, экономика ғылымдарының кандидаты, ұрпақтары да өсіп-өніп, жетілген отбасылар қатарында. Ал енді Тельман ағамыздың әкесі Еркінбек Сауранбековке тоқталсақ, ол өзі туып-өскен Талдыбұлақ ауылында (кейін Қошқарата болып өзгертілген) 1935–1940 жылдары мектеп мұғалімі болып істеген, кейін сонда директор болған. 1942 жылы соғысқа аттанып, бір жылдан соң оққа ұшып, аяғынан жарақат алған ол жүре алмай қалған соң, елге қайтарылады. «Бурное» қыстағында емделіп, басшылық қызметтер атқарады: аудандық атқару комитетінде төрағаның орынбасары, колхоз бастығы бола жүріп, сырттай Қызылорда қаласындағы пединститутты бітіреді. Жастайынан қосылған жары Айбаршаның әкесі Мәткерім де, анасы да болыстың тұқымынан. Ол он екі бала тапқан, ашаршылықта он сәбиі бірінен соң бірі шетінеп кетіпті, тірі қалғаны Шәрдәрбек пен Тельман ғана. Олардың үйлерінен қонақ үзілмеген, Баукең мен Құрекең де жиі елге келіп, Еркінбек досының үйінде аунап-қунап жатып, әбден әңгіме-дүкен құрып, мауқын басып алады екен. Шіркін, жұртымыздың сол бауырмалдығы мен кеңпейілдігі-ай! Мұндай отбасынан шыққан балалардың бойында жанашырлық пен көпшілдік қасиеттері қалыптасады.

Осындай ардақты ата-аналардан жаралып, киелі топырақтан нәр алған Тельман Сауранбековтің өмір жолына көз жүгіртсек, оның бойындағы ізгіліктің, пайым-парасаттың , іскерліктің, жігер, күш-қуатының бастауы сол тектілікте. Бұл қасиеттер қоғамдық ортада айқындала, дами түсетіні хақ. Рух қуаты мен ар тазалығының үндестігі адамды еңселендіріп, өзіне деген сенімділігін арттырады. Мектепті жақсы бағамен бітірген Тельман Алматыдағы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына түседі, жазда

пионер лагеріне жетекші болып, балалардың тәрбиесімен айналысады. Институтты бітірген соң 1962 жылы еңбек жолын Алматы қаласының Совет ауданында нұсқаушы болып бастап, көп ұзамай, облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі болады, 1965–1968 жылдары Совет ауданының, Алматы қалалық комсомол комитеттерінің бірінші хатшысы болып тағайындалады. Қанатын кең сермеген, адамгершілігі мен мәдениеттілігі іскерлік алғырлығымен бойында үйлесіп тұрған бұл аққұба, ұзын бойлы, мұнтазадай киінген, сымбатты жігітке Қазақстанға іссапармен келген Одақ комсомолының жетекшісі Евгений Михайлович Тяжельниковтың көзі түседі. Мәртебелі мейманды қарсы алу, университетке, АЗТМ сияқты ірі зауыт-кәсіпорындарға апарып, жастармен жүздестіру астаналық комсомол жетекшісі Тельман Сауранбековке жүктелетін. 1969 жылы күзде ол Мәскеуге есеп беруге шақырып алып, әңгімелескеннен кейін Бюрода БЛКЖО Орталық Комитетінің жауапты ұйымдастырушысы етіп бекітеді. Сөйтіп, Мәскеуде екі жарым жыл отбасымен тұрып, ол өзінің қадағалауына бекітілген Брянск, Смоленск, Рязань сияқты қалаларды кеңінен аралап, таза орыс облыстарының тыныс-тіршілігімен танысып, халықтың мұң-мұқтажын көріп, көп жәйтті ұқты, тәжірибе жинады, үлкен өмір мектебінен өткендей болды. Бір күні Ярослав облысында іссапармен жүрген оны Орталық комитетке жедел шақыртып, Алматыға тез жетуі керек екені айтылды. Елге келген Тельман Еркінбекұлын Республика басшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев қабылдайды. Алдына келген жас жігітпен Димекең Мәскеуде не үйреніп, қызметті қалай атқарғанын сұрай келе: «Тельман шырағым, біз өзіңе үлкен сенім артып, сені республика комсомолының Орталық комитетіне идеология жөніндегі хатшы етіп ұсынып отырмыз. Бұл өте жауапты жұмыс. Сенімді ақтарсың. Сәттілік тілеймін!» – деп жылы раймен шығарып салды. 1972 жылы 31 жасында Тельман Еркінбекұлы Қазақстан Жастар Одағының хатшысы қызметіне кірісті. Осы төрт жыл ішінде көптеген игі істер атқарылыпты. Жас хатшы қазақтың дарынды жастарын қолдап, олардың өркендеп қанаттануы үшін тұрмыстық жағдайын, пәтер мәселелерін шешуге де белсене араласты. Қазақ жерінің түкпір-түкпірінен келген әрбір талантты жасқа көмегі тиген сайын өзі марқайып, рақаттанып

қалатын Тельман Еркінбекұлы мұндай игі істерді бар ынтасымен, қуат-жігерін аямай атқарды, бәрі қазақтың болашағы үшін екенін білді. Екі жылда бір өткізілетін жас ақын-жазушылардың семинар-кеңестері ерекше дарынды жастардың бір-бірімен жақын танысып, білісулеріне көп ықпал етті. Жаңа рух, өрісімен, дарын қуатымен жұртты ауыздарына қаратқан еліміздің түкпір-түкпірінен Алматыға семинарға келген жастар әдебиет пен өнерді қайта түлетіп, дүркіретті. Комсомол лауреаттары болған біраз есімдердің, тұсаулары кесілді.Бұл жылдары жарқырап шыққан Мұхтар Шаханов, Әсет Бейсеуов, Мақым Қисаметдинов, Райымбек Сейтметов, Сағат Әшімбаев, Оралхан Бөкеев, Роза Рымбаева, «Досмұқасан» ансамблі, Болат Аюханов жетекшілік ететін «Алматының жас балеті», Нина Жмеренецкая есімдері әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өрісін кеңейтіп, жаңа екпін, рухани қуатпен жастардың өрлігін асқақтаты.

Ол кезде партиялық қызметке комсомол жұмысында шыңдалған кадрларды тағайындайтын. 1976 жылы көктемде Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров Тельман Еркінбекұлын кабинетіне шақыртып: «Дінмұхамед Ахметұлының келісімімен біз сізді Алматы қалалық партия комитетінің идеология жұмыстары бойынша хатшылығына ұсынып отырмыз», – деді. Бұл жауапты партия қызметіне тағайындалған отыз бес жасар Тельман Сауранбеков Қазақстанның астанасы – Алматы қаласының идеолгия саласын 8 жыл басқарды. Сол жылдары мәдениет, білім, өнеркәсіп, денсаулық сақтау салаларында атқарған көптеген жұмыстардың ішіндегі ең маңыздысы, Тельман Еркінбекұлының ұсынуымен, қалада медициналық және педагогикалық училище ашылды, сөйтіп мұндағы кадр жетіспеушілігі түзетілді. Осы тұста атап айтарлық және бір елеулі оқиға – Алматыда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сессиясының өткізілуі еді. Бұл беделді форумның аясында қаладағы ауруханалар мен емханалардың материалдық базасы жақсартылып, жаңаланды, ғимараттар жөндеуден өткізілді. Мәскеудегі Орталықтан ақша бөлгізіліп, жаңа құрал-жабдықтар сатып алынды. Жер шарының жүзден астам елінен, халықаралық ұйымдардан келген атақты ғұлама ғалымдар мен санаткер дәрігерлермен республикамыздың медицина мамандары пікірлесіп, тәжірибелерімен бөлісті. Осындай келелі істің бәрінің басы-

қасында елінің жанашыры, іскер, басқару тәжірибесі мол Тельман Еркінбекұлындай пайым-парасатты, басшы жүрді. Кейін де 1984–1986 жж. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің шетелдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарғанда да ол азаматтық, адалдық биік ұстанымдарынан айныған емес. Қаншама озық ойлы, халқының ар-намысын өзінің лауазымынан биік қойып, елінің өркендеуіне елеулі үлесін қосқан, мемлекеттік басшылық қызметтегі ірі тұлғалармен бірге сыйласа жүріп, Тельман Еркінбекұлының атқарған жұмыстары жеткілікті. Мемлекеттік қызметтің қай саласына барса да атпал азамат өзінің зиялылық болмысынан, халқының алдындағы перзенттік парыз жауапкершілігінен айныған емес. 1986–1990 жж. КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңестің Қазақ КСР-і бойынша уәкілі болған жылдарда (кейін ол осы саладағы қызметіне екі рет қайта оралды) да, Мәскеудің қарсылығына қарамастан, жүз жыл бұрын салынған ескі мешіттің орнына сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен, Тельман Еркінбекұлының атсалысуымен Алматыда жаңа мешіттің құрылысы басталып кеткен болатын. Ол кезде Қазақстандағы дін істері түгелімен Ташкенттегі Орта Азия мұсылмандарының діни басқармасына қарайтын. Осы мәселеге де Тельман Сауранбеков қозғау салып, ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың кірісуімен Қазақстанда дербес муфтилік ашылып, құрылтайда ел мұсылмандары өз мүфтилерін сайлаған еді.

1990–1995 жж. еліміз тәуелсіздігін алған кезде Президент Н. Назарбаев Тельман Еркінбекұлына сенім артып, аппаратқа қызметке шақырып, азаматтарды қабылдау және хаттар бөлімінің меңгерушілігі қызметін ұсынды. Бұрын мұндай жұмыс атқарып көрмегендіктен, бұл өте жауапты, мұқияттылықты, тиянақтылықты талап ететін істі де меңгеруге тура келді. Осында жинақтаған мол тәжірибе 1997–2002 жылдары Ақмолаға елдің алды болып, отбасымен көшіп барып, жаңа астанада Парламент Сенаты аппаратының жалпы бөлімін басқарған кезінде де кәдеге асқан болатын.

2011 жылы 6 маусым күні Тельман Сауранбековті 70 жасқа толуымен құттықтаған жеделхатында Еліміздің тұңғыш Президенті Н. Назарбаев: «Қызметтес болып, бірге

жүрген кездеріміз менің де есімде. Еліңе қызмет етіп, бала өсіріп осындай жасқа келу – бұл тағдырдың сыйы. Амандық, саулық, отбасыңа зор бақыт тілеймін» – деп жан толқынысын білдірген екен.

Соңғы жылдары, зейнеткерлікпен қатар, Тельман Еркінбекұлы халықаралық «Игілік-С» қайырымдылық қорының шарапатты да қамқорлық ісімен айналысып, мүгедектерге, қарттарға, жетім балаларға киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмек түрінде нақты көмек көрсетіп, алғысқа бөленіп жүр. Отбасында ол сүйікті жары Мейіржан Мұқажанқызымен жарты ғасырдан астам бірге шаңырақтары шаттыққа толы, балаларымен, немерелерімен, шөберелерімен, құда-жекжаттарымен, жақындарымен ауызбіршілікте жарасымды ғұмыр кешіп келеді. Мейіржан жеңгей химия ғылымдарының кандидаты, біраз жыл Ғылым академиясының Химия институтында ғылыми қызметпен айналысып, кейін Аграрлық университетте студенттерге дәріс берді.

Тельман Еркінбекұлы Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің 11-шақырылымының депутаты болып сайланған. Елге еңбегі сіңген қайраткер ағаның еңбегі еленіп, ол «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған, туған жерінің аяулы перзентіне «Жуалы ауданының Құрметті азаматы» атағы да берілген. Халқымыздың рухын биіктеткен, біртуар перзенті, Ұлы Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлының, парасаты биік тұлға, қарымды қаламгер, ардақты журналист Құрманбек Сағындықовтың және өзінің әкесі, елінің елеулісі болған, абзал азамат Еркінбек Сауранбековтың – үш бірдей осындай асыл да еңселі, дарабоз ерлердің мейірім, шапағатына бөленіп, олардың рухани кемелдіктерінен нәр алып, тәрбие, қамқорлықтарына бөленген үш биік тұлғалы ұлдың бірі – Тельман Еркінбекұлы Сауранбековтің ғибратты да салиқалы, абыройлы өмір жолы өрелі өріске ұласып келеді.

«Айқын» газеті,
03.06.2016 ж.

# ҒАЛЫМ ЖОЛЫ

(*1992 жылы «Әлемнің жыл адамы» атағына ие болған ғалым өз елінде неге еленбеді*)

Әрбір дарынды тұлға бұл дүниеге жұртының мұңы мен ауыртпашылығын жеңілдетіп, қоғамға серпіліс, жаңа тыныс әкелетіні хақ. Жердің де кейбір аймақта қуаты ерекше болатыны белгілі. ХХ ғасырдағы орыстың атақты тарихшы ғалымы Лев Николаевич Гумилев айтқандай, мұндай жерлерде дүниеге пассионарлық қуаты бар тұлғалар келеді де, олар қоғамның дамуына, адамдардың сана-сезімінің өрлеуіне маңызды ықпал етеді.

Қызылорда облысы Шиелі ауданының жері де сондай қасиетті мекеннің бірі. Арғы замандағы тарихи тұлғалар туралы қозғамағанның өзінде, бұл аймақта Кеңес заманы кезінде елдің дамуына, халықтың санасына ерекше ықпал еткен тұлғалар да баршылық. Осы өңірдің Сұлутөбе ауылынан шыққан қазақ халқы арыстарының бірі, азулы қызыл империяның қитұрқы саясатына қасқая қарсы шыққан халқымыздың жүрегі түкті ұлдарының бірі, ірі тұлға Мұстафа Шоқайдың рухы мен күрескерлік жолы осы аймақта қалыптасқан. Ал 1960 жылдары күріш өндіруден әлемдік рекорд жасап, дүние жүзін таңғалдырған, екі мәрте «Социалистік Еңбек Ері» атанған Ыбырай Жақаев атамызбен бірге осы өңірден өздерінің қайсар қуатымен, ерен еңбегімен атақты аналар да шықты, олар екі рет «Еңбек Ері» күрішші Ұлбала Алтайбаева, «Еңбек Ері» комбайншы қайсар қыз Жадыра Таспамбетова, Еңбек Ері Шырынкүл Қазанбаевалар қазақ қыздарының мықтылығын бүкіл алып қызыл империяға танытты. Халқымыздың рухын асқақтатқан шығармаларды дүниеге әкелген ақын-жазушылар, өнер қайраткерлерінің де Шиелі өңірінен көптеп шыққаны белгілі.

«Адам баласында мықты қалыптасқан мінез-құлық, берік сенім болуы шарт» деген Мұхаммед Пайғамбардың қағидасын «Шиелі өңірі» газетінде 30 жылдан астам бас редактор болып қызмет еткен Зәкім Жайлыбай ағамыз өзінің тарихи-рухани толғаныстарға толы «Тіршілік таңына тағзым» атты кітабында келтірген екен.

Сүйікті пайғамбарымыз айтқандай, әрбір дарынды жан-

ның бойында сол қасиеттер болғанда ғана ол жұртына құт әкеліп, санада серпіліс тудыратыны анық, сонда ғана мұндай жанның қабілеттілігі де жан-жақты болып, арта түседі.

Біздің осы мақалаға арқау болып отырған атақты ғалым Шарипа Сапарбекқызы Бисариеваның ата-анасы да осы қасиетті «Шиелі» өңірінің тумалары, қыпшақ руынан. 1960 жылы 19 ақпанда теміржолшы Сапарбекпен жары Базаркүлдің отбасында дүниеге тұңғыштары Нағимадан кейін екінші қыз бала келді. Оған Шарипа деп ат қойған. Енді ұл күткен ата-анаға Жаратқан ие және бес қыздан кейін ғана екі ұл берді.

Шарипа аудандағы қазақ мектебінде үздік оқушы болды. Бала көңілі шарықтап,мамандықтардың бәріне қызығып, әр пәнді ерекше ынтықтықпен беріле оқитын. Аудан орталығынан біраз қашықтықтағы «Жас натуралистер» бекетіне таң бозарысымен тұрып, аптасына үш рет автобуспен қатынайтын. Сол жерде гүл егіп, қоян өсіріп, табиғатпен етене араласып, бекет бағында жұмыс жасап, екі сағаттан соң үйіне келіп, орталықтағы мектебіне қайта кететін. Тұлымшағы желбіреген осы оқушы қыз жолшыбай Мәдениет үйінің жанындағы кітапханаға да кіріп, оқыған кітаптарын тапсырып, басқаларын алып, асығып-аптығып, қоңыраумен жарысып мектепке кіріп үлгіретін.

2-сыныптан кітапқа, әрбір пәнге деген құмарлығы арта бастаған Шарипа фото шығару, сурет салу үйірмелеріне де қатысып үлгіретін. Кейін жоғарғы сыныптарға барғанда ол қазақтың ұлы ақындарының, ағартушы ғалымдарының портреттерін, орыс тілі және математика пәніне арналған кластарға да ғұламалардың суреттерін салып беріп, кабинет жабдықтау істеріне көп араласты. Ондай портреттер еш жерде сатылмайтын. Сол еңбектері көп жылдар бойы тақталардың жоғарғы жағында ілулі тұрды.

Шарипа домбыра, скрипка үйірмелеріне де барып, бұл аспаптарда да ойнауды үйренді, бірақ үйінде домбыра болмағандықтан,көбінесе қатыса алмай алмай жүретін. Оның қиналғанын көрген Бисары атасы Алматыға бара жатқан таныстарына жинаған зейнетақысын беріп жатып: «немереме домбыра әкеліп беріңдерші» деп жалынып жүретін, бірақ олар «домбыра таба алмадық» деп келетін еді.

Шарипа Алматыға оқуға түскен 1976 жылы, алтын

күздің бір шуақты күнінде, Ленин проспектісінде (қазіргі Достық даңғылы) орналасқан «Қазақстан» дүкеніне барған. Мұнда домбыраның неше түрін көріп таңғалған ол, таңдай алмай қиналған соң, сол жерде аспаптарды шертіп көріп отырған, орта бойлы, ақ шашты кісіге жақындап, сәлемдесіп, таңдаған домбырасын тексеріп беруді өтінген. Ол кісі ішектерін шертіп көріп, сазын келтіріп: «жақсы таңдапсың, қабілетің бар екен»,– деді дүкеннен шығып бара жатып. Ол Қазақ КСР-інің халық әртісі, атақты әнші Ғарифолла Құрманғалиев екенін Шарипа сатушылардан біліп, алған домбырасына қасиетті дарын иесінің саусақтары тигеніне төбесі көкке жеткендей қуанған.

Мектепте оқып жүргенде Шарипа әдебиетші болсам деп қазақтың ірі ақын-жазушыларының шығармаларын оқи бастады. 4-сыныпта жаза бастаған өлеңдері аудандық газетке шығып тұратын. Шәкіртінің жазғандарын сүйсіне оқитын әдебиет пәнінің мұғалімі Батихан апайы: «сен ақын боласың»,– деп Шарипаны қанаттандырып қоятын. Ал әкесі Сапарбек «осы қызым әділетті прокурор болар» деп үміттенетін. Әкесінің жан дүниесі таза, ешкімге қиянат жасамаған, ірі денелі, болмысы да сондай биіктік пен тұлғалылыққа тұнып тұрған жан еді. Ол перзенттерінен әділдікті, екі сөйлемеуді, өтірік айтпауды, жұртпен сыйласа білуді талап ететін. Теміржолда жастайынан қызмет істеген әке темірдей тәртіпке балаларын баулыған және өзі де сол қағидаларды берік ұстанатын. Әкесі Сапарбек Құдай қосқан қосағы Базаркүлмен бір-біріне қатты сөйлеп көрген емес, олар сыйластықпен, қамқорлықпен, адалдықпен ғұмыр кешті. Осындай ата-анасының берген тәлімін бойына дарытқан Шарипа турашыл, әділетсіздікке жол бермейтін мінезінен көп опық жесе де, шыншылдығынан айныған емес.Әкесі армандағандай, заңгерлік мамандығын қызы таңдаған жоқ. Балалары жан-жақты, білімпаз болсын деп әкесі жыл сайын бір айлығының жартысына әртүрлі газет-журналдарға жазылатын және өзі де санын жібермей оқып отыратын еді.

...Шарипаның болашақта биолог мамандығын таңдауына негізгі себеп болған 1976 жылы «Білім және еңбек» журналының кезекті бір санында жарық көрген жас ғалым, биология ғылымдарының докторы, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұрат Айтхожин жайындағы мақала еді. Онда аса

дарынды ғалымның «биология ғылымында ашылмаған сырлар көп» деген ойы Шарипаның арманын биікке самғатты. Сөйтіп, 1977 жылы мектеп бітірісімен, жас қыз Алматыға келіп, С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің биология факультетіне құжаттарын тапсырды. Бірде ол емтиханға дайындалуға Ғылым академиясының кітапханасына барған,сол жерде, жаңа әдебиеттер сөресінің жанында кітап қарап тұрған өзінің мамандық таңдауына үлкен әсер еткен, сырттай үлгі тұтып жүрген ғұлама-ғалым, атақты академик Мұрат Айтхожинды кездестіреді. Сол жерде Шарипа ол кісімен танысып, болашақта биология ғылымының ашылмаған сырларын терең зерттегісі келетінін айтып, арманымен бөлісті.«Сіз менің анаммен аттас екенсіз»,– деп, оған алдағы сынақтан тек «үздік» бағамен өтуіне тілектестігін білдірген еді атақты ғалым аға. 1982 жылы биология факультетінің бесінші курсының студенті Шарипаға сол аса дарынды ғұламамен кездесудің тағы бір сәті түскен. Академик Мұрат Айтхожин университеттің үлкен залында төрт курстың студенттерін қосып, молекулалық биология пәнінен бір семестр дәріс берген. Бірде студенттердің отырған қатарларын аралап жүріп, Шарипаны көріп, тани кетті. Бес жыл бұрын көрген арықша қараторы қыз, көзі жайнаған, сымбатты бойжеткенге айналған. Ол кісі лекцияны өте шапшаң оқитын, бір айтқанын қайталамайды, сондықтан жылдам жаза алмайтындар үлгіре алмай қалатын. Бұл ғұламаның пәнінен үштік баға алғаның бестікпен тең еді. Емтиханды да ол өте қатал қабылдайтын. Сол кезеңде төрт топтың ішінен үш-ақ адам «бес» деген баға алды, соның бірі Шарипа болды.

Университетті үздік бітірген Шарипа 1982 жылы еңбек жолын «Қазақ эпидемиология, микробиология және жұқпалы ауруларды ғылыми-зерттеу институтында» лаборант қызметінен бастап, аға ғылыми қызметкерлікке дейін көтерілді. Шарипа Сапарбекқызының өмір жолына зер салсақ, ол өзінің сана зерделілігімен, қайсар жігерімен, жаңашыл көзқарасымен, іргелі ізденімпаздығымен еліміздің микробиология ғылымының абыройын арттырып, дүние жүзіне таныткан алғашқы ғалым қыз. Ол 1992 жылы әлемдегі «Жыл адамы» атағына ие болып, «Алтын белгімен» марапатталған қазақтың алғашқы микробиолог ғалымы. Бірақ өкінішке орай, сол «Алтын белгісі» бүгінгі күнге дейін

қолына тиген жоқ! Оның себебі, еліміз тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген алғашқы жылдардағы ауыртпалықтан жұртымыз абдырап қалған кезеңдегі келеңсіздіктермен бірге бой алған пенделік пиғылдардың кесір-кесапатынан, кертартпа көреалмаушылықтан туындаған ғалымның қудалауға ұшырауы еді. Шарипа Сапарбекқызы Бисариеваның еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылдардан бастап ғылыми еңбек жолындағы жетістіктеріне үңілсек, ғалымның ізденімпаз жанкештілігі мен ерекше қабілеттілігінің, көрегенді дарындылығы мен ұшқыр сезімталдығының арқасында басталған елеулі де еңселі ғылыми ізденістері мен нәтижелері биология және медицина саласының дамуына оның мол үлес қосқанының айғағы.

1987–1990 жылдары ол Мәскеудің «Е.И.Марциновский атындағы медициналық паразитология және тропиктік медицина» ғылыми-зерттеу институтының аспиранты. 1991 ж. Мәскеуде «Қазақстандағы описторхоз ауруының экологиялық және эпидемиологиялық сипаттамасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған ол, биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болады. 1989–1995 жылдары Шарипа Бисариева Алматыдағы өзінің еңбек жолын алғаш бастаған ғылыми-зерттеу институтының Ғалымдар Кеңесінің мүшесі.

Ш.Бисариеваның ғылыми ізденістері Қазақстанда кең тараған бауырдың құрт аурулары – жылауық (эхинококкоз) пен описторхозды зерттеуге арналды. Ол описторхоз ауруын Қазақстанның Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, Целиногад, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының қоршаған орта нысандарында және үй жануарлары мен адамдарда таралуын кешенді тексерді. Қазақстандағы Ертіс, Есіл,Тобыл, Орал, Ойыл, Ембі, Зайсан сияқты өзен-көлдердегі балықтар мен моллюскалардан адамдарға жұғатын ауру қоздырғыш құрттарды өзі қайық-катер жалдап, айлап жүріп зерттеген ғалым қыздың еңбегі зая кеткен жоқ. Ол Мәскеуде зертханалық тәжірибелер жүргізіп, Чехияның «Биологиялық зерттеулер институтында» электрондық микроскоппен паразит жұмыртқасының құрылысын зерттеп, бірқатар құнды мәліметтерге қол жеткізді.

Осынау ауыспалы кезеңдерде ғылыми мақалаларды Қазақстанның журналдарында басу біршама қиындықтар

туғызатын, ұзақ уақыт күттіретін. Сондықтан еңбектерін ғалым қыз, көбінесе, шетелдік және ресейлік басылымдарда шығарды. Оның ғылыми мақалаларына айрықша назар аударған Мәскеудегі Е.И. Марциновский атындағы медициналық паразитология және тропиктік медицина институтының профессоры, биология ғылымдарының докторы Сергей Алексеевич Беэр болды. Ол кісі Шарипаны Мәскеу журналдарында жарық көрген ғылыми еңбектері арқылы өзі іздеп тапты. Кейінірек, 1991 жылы С.А. Беэрдің жетекшілік етуімен Шарипа Мәскеуде кандидаттық диссертациясын қорғады. Сөйтіп, ол 1994 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен доцент ғылыми атағына ие болды.

1992 жылы Қытай Халық Республикасының «Эхинококкоз ауруын зерттейтін Ұлттық ғылыми орталығының» шақыруымен сол елге барып қайтты. Олар екі елде де етек алып бара жатқан жылауық ауруымен бірлесе күресу үшін және ғылыми жұмыстар жасау келісіміне қол жеткізді. Қытай елі Қазақстанда да келешекте осындай Ғылыми орталық салу керек деген ұсыныстарын, оған көмектерін аямайтындарын айтып, алғашқы жылдары институтқа ауруды анықтайтын диагностикумдарды (бір қорапшасы 1000 доллар тұратын) тегін жіберіп отырды Бірақ, оның бәрі зая кетті.

Сол жылдары Италия мемлекетінің жылауық ауруын зерттеу орталығының мамандары да осы институтқа келіп, тұрақты тәжірибе алмасып отыруға келісім жасасқан. Институт басшылары енді бұл істі болдырмаудың тағы бір амалын тапты – зерттеуші ғалымның «кенеттен қызметтен кетіп қалуына байланысты» деген сылтаумен келісімнің бәрі үзілді.

1992 жылдың күзінде Шарипа Ұлыбританияның Кембрижд халықаралық өмірдерек орталығының «Жыл адамы – 1992» атағын алды. Бұл атақты сонымен қатар, қазақстандық тағы екі ғалым: экомика ғылымдарының докторы, профессор Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев пен КазГУ-дің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Лукьянов Алексей Тимофеевич иеленген болатын. Бірақ бұл атақтан кейін Шәрипа институт басшылары мен ғалымдарының қуғынына ұшырады. Аға ғылыми қызметкер дәрежесінде еңбек етіп жүрген Шарипадан құтылу үшін олар

кезектен тыс аттестация өткізеді, бірақ одан ғалым қыз ең жоғарғы баллмен өтеді. Айласы таусылған директор, оны «штаттық қысқарту» деген сылтаумен жұмыстан шығарады. Сонымен қатар, көп жылдар бойы күткен пәтердің кезегінен де алып тастайды. Сөйтіп, атағы жер жарған жас ғалым жұмыссыздық, үйсіз-күйсіздік күйін кешеді. Әділдік іздеп, орнына қайтып барамын деп талай табалдырық тоздырады. Бірақ, еш нәтиже шықпайды. Бәрі меңіреу сияқты, бір-бірімен хабар алысып, оның не себепті қысқартуға түскенін білгеннен кейін «бос орын жоқ», – деген сылтаумен ғалымды шығарып салады. Институтқа қайта оралуға әрекет жасап, ҚР Денсаулық сақтау министріне де барып көріп еді, арызын сол институттың өзіне қайта жолдап жібереді. Осылай сергелдеңге түскен ғалым, нәтижесінде түк шығара алмайды... Үш жыл күресумен, қорғауға дайын болған докторлық диссертациясынан да айрылған қыз, қатты күйзеліске түседі. Бұл 1993–1995 жылдар кезі еді.

1995–1997 жылдары жұмыссыз қалған Шарипа әртүрлі экологиялық жобалармен айналыса бастады. 1995 ж. Қоршаған ортаның күйін ғаламдық зерттеу мен бақылау (GLOBE) халықаралық ғылыми-оқыту бағдарламасы (АҚШ-тың Ұлттық аэроғарыш агенттігінің ғылыми-зерттеу Бағдарламасы бойынша Шарипа Вашингтон қаласында оқуды тамамдады және 1995–2002 жж. GLOBE бағдарламасының Қазақстандағы Ұлттық үйлестірушісі болды. Осы жылдары көптеген жоғары оқу орындары мен мектеп оқытушыларын дайындап, жастарды ғылыми жұмысқа баулыды.

1997–2000 жылдары Шарипа Германияда өткізілетін «Еуропа жастары қоршаған ортаны зерттейді» атты Халықаралық ғылыми конкурстың Ғылыми кеңесінің мүшесі болады. Ол жыл сайын Алматыда мектеп оқушыларына арнап «Жасыл білім» республикалық бәйгесін өткізіп, жүлделі орынды жеңіп алған балаларды Германиядағы 36 мемлекеттің өкілдері қатысатын Халықаралық бәйгеге апарып жүрді... Қатысушылардың бүкіл қаражатын, жол шығынын Немістің Ұлттық банкі өз қарамағына алған. Бұл бәйгеге Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғылыми жобамен айналысатын жас жеткіншектер өз жетекшілерімен келіп жобаларын қорғайтын. Осындай кешенді шараны өткізу үшін демеуші тауып, Алматының санаторийлері мен Оқушылар

сарайын жалдап, тәуелсіз сарапшылар тағайындап, жыл сайын Ұлттық бәйге өткізген Шарипа Сапарбекқызы бәйгеге қатысқан барлық ғылыми жобаларды жинақ етіп шығарып, жас ғалымдарға марапаттау рәсімі кезінде табыстайтын. Балалар мен жетекшілерінің жол ақысы мен санаторийде тұруын және тамақтануын қамтамасыз ету үшін Шарипа демеушілер тауып, тіпті 3 орынға дейін бағалы сыйлықтар (мұғаліммен қоса) тағайындаған. Ал, әрбір қатысушы жасөспірімге арнайы сертификат пен конференция жинағы беріліп, ең бастысы олар көп ғылыми тәжірибе алып қайтатын. Германияның әр қаласында ұйымдастырылатын бұл бәйге өте жоғары деңгейде өткізілетін. Оған Германияның Білім және оқу министрі және қала мэрі тікелей атсалысып, ашылу және жабылу рәсімдерін тарихи зәулім ғимараттарда және ғылыми орталықтарда жасайтын. «Ғылым апталығы» деген атпен өтетін бұл іс-шараға келем деушілердің барлығы қатыса алады. Қазақстаннан барған балалардың 4 жыл қатарынан ғылыми жобалары жоғары бағаланып, жүлделі орындарға ие болып, олар Еуропа мемлекеттерінің арасында еліміздің көк байрағын желбіретіп жүрді. Балалар сертификаттан бөлек ақшалай сыйлықтар (6 мың неміс маркасы) және Франция, Швейцария, Израиль мемлекеттерінің оқу министрліктері тағайындаған жоғары оқу орындарындағы ғылыми орталықтарда бір ай дәріс алу, жазғы лагерьде дем алу, тәжірибе алмасу сияқты қосымша шақыртулар алып, келесі жылдары тегін барып жүрді. Ғылымға деген неткен жанашырлық десеңізші?! Сол бәйгеге қатысқан балалардың барлығы өздері қалаған жоғары оқу орындарына түсіп, кейбіреуі «Болашақ» бағдарламасымен шет елде оқып, қазір елімізде әр түрлі салада қызмет етіп жүр.

Шарипа Сапарбекқызы 1998–2002 жж. ҚР Қоршаған ортаны және табиғи ресурстары қорғау министрлігінің «Экология, геология және табиғи ресурстарды ақпараттық талдау орталығының» Бас директорының орынбасары қызметін атқарды. Бұл орталықта қызмет еткен кездерінде ол көптеген ғылыми жобаларды дайындап жүзеге асырады. Швейцария, Чехия, Бельгия, Хорватия, Ресей мемлекеттеріне жолсапармен барды. Бұл кездері ғалым қыз қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау министрі Дәукеев Серікбек Жүсіпбекұлының қарамағында қызмет жасады.

Ол кісі шетелге барған сапарларында экология саласында өзіндік орны бар ғалым Шарипа Бисариева туралы құлағдар болғасын, оны өзі іздестіріп, қызметке шақырады. Әуелі министрдің орынбасары қызметін ұсынады. Шарипа 3 жылдай жұмыссыз жүріп қалған соң жүрексініп,ол ұсыныстан бас тартып, жәй қызметті сұрайды. Бірақ, Дәукеев мырза ойланбастан, оған ақпараттық-талдау орталығының экология саласын басқаруды ұсынады. «Ойланып көрейін»,– деген Шарипаның сөзіне, министр: «еш нәрседен қорықпаңыз, мен осы қызметті жоғарғы деңгейде алып жүретініңізге кәміл сенемін», – деп тез арада арызына қол қойды. Осы қызметке дәмелі атақты адамдар, әрі қалталы кәсіпкерлер өз туыстарын әкеліп отырғандарын, Шарипа министрдің қабылдау бөлмесіндегі кезектен байқады. Шарипаның «елім үшін күні-түні қызмет етуге аянбаймын», – деген ақ тілегін осы кездесу шешкен еді. Үш ұйықтаса түсіне де кірмейтін мұндай қолдауды көргенде, қуанышын алдымен орталық телефон стансасына барып, әкесіне телефон шалды. Неше жылдар бойы әкесі мен анасы жалғыз шырылдап жүрген бозторғайына қалай көмектесерін білмей, «баламыздың қанаты қайырылды-ау», – деп көкіректері шерменде болып жүргенде, бұл күтпеген қуанышты хабар болды. Қызының жалғыз күресіп, үйсіз-күйсіз жүргеніне жандары ашып, «елге кел, бірдеңесі болар» деп көндіре алмай жүр еді. Міне «ақ түйенің қарны жарылған күн» деген осындай екен ғой, – деп олар қуаныштан төбелері көкке жеткендей болды.

Сол телефон бекетінен шыққан кезде күн батып бара жатты, ол 1998 жылдың 3 ақпаны болатын. Бірақ бұл жерде де ғалым қыз «көреалмаушылық» атты құрылған торға аңғалдықпен түсіп, қуанышы ұзаққа бармады.

Шарипа Сапарбекқызы Бисариеваның атқарған келелі істеріне зер салсақ, аса дарынды ғалым жолының қаншалықты күрделі де маңызды, ауқымды істер мен ізденістерге толы екенін байқауға болады. Ғалым Шарипа Бисариева 2002–2003 жж. Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығында сарапшы және ақпараттық бюллетеньнің редакторы қызметін атқарды.

2004 ж. «СПИД Фонд – Восток-Запад» халықаралық СПИД-ке қарсы күрес мекемесінде (Нидерланды) ақпараттық даму Департаментінің басқарушысы қызметін атқарды.

2004–2005 жж. Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің «Экономикалық зерттеулер институтында» аймақтық саясат бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

2005–2015 жж. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің Республикалық мемелекеттік кәсіпорны «Ғарыш-Экология» Ғылыми-зерттеу орталығының» экологиялық бағдарламалар бөлімінің бастығы қызметін атқарады. «Байқоңыр» ғарыш айлағының қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін зерттеулермен айналысады.

2015 жылдан бастап «Орталық Азиялық экологиялық зерттеулер институты» ЖШС ғылыми-зерттеулер бөлімінің бастығы қызметін атқарады.

***Ғылыми еңбектері***

Ш.Бисариева 100-ден астам ғылыми мақалалардың, 5 патенттің авторы, республикалық және шетелдік басылымдарда жарық көрген. Сонымен қатар, 2 фотоальбомның және 1 монографияның авторы: «Страна гор и степей» (Алматы, 2001, 350 бет), «Орталық Азия таулары» (Алматы, 2009, 472 бет), «Экологическая безопасность деятельности космодрома «Байконур» (Алматы, 2011, 430 бет), Атлас экологической безопасности ракетно-космической деятельности космодрома «Байконур» на территории Республики Казахстан (2012).

***Алғыстар мен марапаттары***

1992 ж. – Ұлыбританияның Кембридждегі халықаралық Өмірдерек Орталығы ғылымдағы жетістіктері үшін «Жыл адамы» атағын берді. Ғылым саласында XXI ғасырдың негізін қалаушылар қатарына қосқан.

2009 ж. «Қызылорда облысының 70 жылдығы» мерейтойлық медалімен марапатталды.

2012 ж. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Мені Шарипа Сапарбекқызы Бисариевамен 1993 жылы «Жас Алаш» газетінің тілшісі, белгілі журналист Жолдасбек Дуанабай таныстырды. Шарипа екеуміз үшін 1992 жылдың соңы ерекше бағымызды ашып, абыройымызды асқақтатқан кезең болды – Шарипаға дүние жүзінің «Жыл адамы» атағы берілсе, мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны авторларының бірі болып, екеуміз

жайында баспасөздерде жазылып жатқан кез еді, «Жас Алаш» газетінде де мақалалар жарияланған екен. Осы кезеңде Жолдасбек редакцияда екеумізді таныстырып, жерлестігімізді де айтқан болатын. Содан Шарипамен жан дүниеміз жарасып, апалы-сіңлідей болып кеттік. Мен сол кездегі газеттен әлемнің жыл адамы атанған қазақ ғалымы Шарипаның каратэ мен альпинизммен айналысатынын оқып, өзін көргендегі сұлу да сымбатты сипатына, толқындалған қалың қара шашына қарап, оның бойынан жоғары мәдениеттілікті, инабаттылық пен аңқылдаған ақ жүрегін көріп, кейін араласа келе, ерекше бауырмалдығы мен адалдығына тәнті болдым. Шарипаның ер мінезділігі, батылдығы мен дарқан көңілі, адалдығы талай туыстары мен достарының оған деген зор құрметі мен шынайы сүйіспеншілігін арттыра түскен. Көлгірсуді, жағымпаздықты, екі сөйлеуді жаны қаламайтын, сөзі өткір, жаны шуақты, болмысынан адал, аңқылдаған ақ жүректі ғалым өз саласында аянбай ізденіп, қызмет етіп келеді. Шарипа Бисариевадай дарыны мен мол білімін халқымыздың игілігіне жұмсап, әлемді мойындатып, еліміздегі биология ғылымының жетілуіне ғұмырын арнаған жанның қадіріне жетсек, осы жолдағы оның жанкештілікке толы қыруар еңбегі мен жасаған жемісті зерттеулері келер ұрпаққа өнегелі де мол тәжірибелі қазына болар еді. Шарипа Бисариева сияқты «Әлем адамы» атанған дарынды да дара ғалым тәуелсіз Қазақ елінің мақтанышы болатын, биік марапаттарға лайықты тұлға деп білемін!

Қазақтың біртуар ғалым қызы Шарипа Бисариеваға арнаған менің мына «Бәйшешек – жыр» атты өлеңім оның мөлдір де өршіл болмысын жұртымызға аша түсер деп үміттенемін.

Көктем мен қыстың арасы,
Сырдың бозғыл даласы,
Мұзды жарып, жар салып,
Бәйшешек шықты, қарашы!

Жаны нұрдан жаралған,
Туған жерден нәр алған,
Жауқазындай болмысы
Мейірімнен қаланған.

Нәзіктігі тамсантып,
Өжеттігі тайсалтып,
Талшыбықтай бойында
Сұлулық пен қайсарлық.

Көктем – өмір, жыр – сыры,
Жүректердің ынтығы,
Табиғаттың өзіндей
Табынтады шындығы!

Ақиқаттың өлшемі,
Мөлдірліктің көркемі,
Ызғарларды ықтырған,
Пір тұтамын мен Сені!

# СҰХБАТТАР



## БІР КЕЗДЕСУДІҢ СЫРЫ

1992 жылдың қазан айының 8-і мен қарашаның 28-і күндері аралығында мен ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен Түркияның Анкара мен Стамбул қалаларында Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркменстан елдерінің журналистеріне арнайы өткізілген кәсіби тәжірибені арттыру стажировкасында болдым. Мен «Қазақстан әйелдері» журналының атынан барғанмын. Сол төрт елден келген төртеумізге Түркияның баспасөз министрлігі өздерінің қарамағындағы бүкіл бұқаралық ақпараттың қызметімен таныстырып, музейлерге, мәдени орындарға апарып, журналистермен, ақын-жазушылармен кездестірді. Бізді Анкара қаласындағы Орталық Телевидениенің қонақ үйіне орналастырған. Сол жерде бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған бірнеше республикадан келген журналистердің ішінде Грузияның Аджария Автономиялық Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Баспасөз Орталығының жетекшісі Нелли Кахидзе мен Әзірбайжан телевидениесінің дикторы Халида Бакщеликқызымен таныстым.

Әңгіме барысында мен Халида ханумның басынан өткізген сан қилы тағдырымен танысып, оның өжеттігі мен туған Отаны үшін жасаған жанкешті істеріне таңғалдым. Ол 1988 жылдан бастап митингілерде, баспасөз беттерінде, телерадиохабарлар арқылы елінің егемендігі үшін күресіп,

демократияны орнатуға атсалысыпты. Таудағы Қарабах мәселелерін де көтеріп, үлкен белсенділік танытқан осы орта бойлы, талдырмаш келген, көзі қарақаттай журналист келіншектің әзірбайжан халқының басына төнген 1990 жылдың қаңтарындағы қайғылы күндері жайында хабар жасап, астыртын Түркияға ұшып келіп, ереуілдер ұйымдастырып, әлем жұртшылығына шырқырап тұрып, бар шындықты айтып, еліндегі кеңес солдаттары жасаған қантөгісті түрік телевидениесінің «Интернейшнл» бағдарламасы арқылы 60 елге жеткізіп, бұл мәселені түрік баспасөзінде көтереді.

Әзірбайжан халқының осындай патриот қызының батылдығы мен ерлігін теледидардан көріп, баспасөзден оқыған Демирел мырза Халидамен танысып, оған риза болып, өзіне өкіл қыз етеді, оған өз фамилиясын беріп, әйелі Нәзмия ханум екеуі оны туған қызындай көріп кетеді. Сөйтіп, бұл қайсар да елін сүйген ержүрек журналист келіншек енді Халида Бакщеликқызы Демирел болады. Қазіргі кезде Халида күйеуімен (ол да Бакуде тележурналист болып істеген), екі баласымен Анкара қаласындағы пәтерінде тұрып жатыр, келісім бойынша «Евразия» бағдарламасында дикторлық қызмет атқарып жүр.

Екі бауырлас халықтың ауызбірлігін нығайту үшін көптеген сауапты іс жасап жүрген Халида Бакщеликқызымен танысқаннан әңгімеміз жараса кетті, ол өзі аққөңіл де адам жатырқамайтын жан екен. Әрі біз екеуміз құрдас болып шықтық. Өзінің әншілік өнерімен де халқына жақсы таныс Халиданың тамылжыта салған әнін тамсана тыңдадық.

Біз Халида ханум, Нелли Кахидзе үшеуміз жиі кездесіп жүрдік.

3 қараша күні мен Халидаға Демирел мырзадан сұхбат алғым келетінін, осы сапарға аттанарда осылай ой түйгенімді айттым және 8 қараша күні біз машықтануымызды Стамбулда жалғастыратынымызды жеткіздім. Халида көмектесуге тырысатынын, бір-екі күнде жауабын беретінін білдірген. Содан ертеңіне кешке ол маған телефон соғып, келесі күні түстен кейін Демирел мырзаға мені өзі ертіп алып баратын болып келістік.

5 күні сағат 14.00-де біз Халида ханум екеуміз Бас бакан (Премьер-министр) отыратын зәулім ғимаратқа кірдік. Келушілерді қабылдайтын бөлме бірінші қабатта екен, адам көп, көбісі жұмысшылар, елдің түкпір-түкпірінен келген-

дер, балалы әйелдер, қарттар. Ауызғы бөлмедегі қызметкерлер бәріне жылы шыраймен шай тасып жүр. Кезек күтушілер өз үйінде отырғандай, қысылып-қымтырылып тұрған ешкім жоқ. Мен бұл жерде бюрократияның нышанын да байқамадым, қарапайымдылық, ізеттілік басым.

Бас баканның кең бөлмесі нағыз жұмыс кабинеті, сықиып тұрған ештеңе жоқ, бірнеше кітап шкафтары, бір бұрышта Түркияның мемлекеттік туы, Төрде Түркия мемлекетінің негізін салушы Кемал Ататүріктің портреті ілулі тұр, үлкен ұзын стол төрде, жан-жағында тағы екі стол мен орындықтар.

Біз кіргенде Демирел мырза алдымыздан шығып, қарсы алып, бетімізден сүйіп, жылы шыраймен менімен танысып, хал сұрасты, сонсоң кешкілік Стамбулға ұшып бара жатқанын айтты. Мен де ол кісімен сұхбаттасқым келетінін білдірдім. Ол маған өзінің жәрдемшісі Шыңғыс бей қай күні кездесуге мүмкіндік болатыны жайында телефон соғатынын айтты. Сонсоң Халиданың фотоаппаратымен суретке түстік те қош айтыстық. Халида мен Демирел мырза екеуі шынында да әкесі мен қызындай аңқылдап сөйлесіп, жағдай сұрасып жатыр.

Араға күн салып, Шыңғыс бей звондады, 7 қараша күні сағат таңертеңгі 10-да Демирел мырзамен кездесуіме болатынын мәлімдеді.

Айтылған күні Халида екеуміз Бас баканға тағы бардық.. Демирел мырза жарқын жүзбен қарсы алып: «Кел, қазақ қызы Жадыра!» – деп амандасып, бізді стол басына шақырды. Сөйтіп, сұхбат басталып кетті. Менің орысша сұрақтарымды Халида түрікшеге, Демирел мырзаның жауабын маған орысшаға аударып, диктофонға жазып отырды. Осылай сәті түсіп, мен елін сүйетін, өзін де, өзгені де сыйлай білетін үлкен жүректі азаматпен, артында алпыс миллион біртұтас ауызбірлікті халқы бар ел ағасымен кездесіп, тәуелсіздігіне қол жеткізгеніне бір-ақ жыл болып, әлі көңілінде алаңы көп туған елім жайлы ойланып, көкірегімде лықсып тұрған сағынышқа толы аяулы сезімдерді әрең тежеген едім.

Сұхбат біткен соң Демирел мырзамен қош айтыстық, ол кісі қазақ халқына бақыт, маған табыс тіледі. Сыртқа шыққан соң Халида ханумға алғысымды білдіріп жатырмын, ол өзінің елін сағынып жүргенін, түркі тілдес халықтар бір-

біріне әрдайым қол ұшын беріп, ынтымағын арттыруы керек екенін айтқан еді.

Ертеңіне бауырлас екі халықтың қыздары Халида екеуміз және грузин қызы Нелли бір-бірімізді қимай қоштастық. Бір айдың ішінде Түркияның жарқын астанасы Анкара қаласына бауыр басып қалыппын. Көптеген зиялы қауыммен кездесіп, мәдениет ошақтарында болып, тұрғындарының сыпайылығына, ізеттілігіне, әйелге деген құрметіне, имандылығына, елжандылығына, жүрекке жақын түрік тіліне тәнті болып, біз Стамбулға ұшып кеттік.

## СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

(*Түркия Премьер-министрі Сүлейман Демирел мырзамен*)

### Түркия Мемлекетінің Премьер-министрі Сүлейман Демирелдің өмірбаянынан қысқаша мағлұмат

1924 жылы қараша айының 1 күні Исламкой-Спарта қаласында дүниеге келген.

1948 жылы Нәзмия Шенер ханумға үйленген.

1949 жылы Стамбул Техника университетін бітірген.

1949–1950 жж. АҚШ-та инженер-гидромелиоратор мамандығы бойынша тәжірибе алған.

1950–1952 жж. еліне келіп, электротехника басқармасын басқарған.

1952–1955 жж. су қоймасы бірлестігінің басшысы қызметін атқарған.

Осы кезеңдерде АҚШ-тың бірнеше қалаларында мамандығы бойынша тәжірибе алып, еліне келген соң кандидаттық диссертация қорғаған.

1955–1956 жж. Мелиорация жөніндегі бас басқарманың басшысы.

1962–1964 жж. Инженерлік-техникалық университеттің доценті.

1965–1980 жж. «Адалет» партиясының лидері.

1965 жылы ол коалициялық мемлекет құруға қатысады және Премьер-министрдің көмекшісі болады.

1965–1971 жж. Түркия Республикасының Премьер–Министрі.

1977–1978 жж. – Премьер-министр.

1978–1979 жж. оппозициялық партияның лидері.

1979–1980 жж. Премьер-министр.

1987 жылдан бастап ол «Догру юл» («Тура жол») партиясының лидері.

1991 жылдың 20 қазанынан бастап ол тағы Премьер-министр болады.

1965–1980 жж., 1987–1991 жж. ол Спарта қаласынан Түркияның Жоғарғы меджлисінің депутаты болып сайланған.

**– Демирел мырза, жұртшылық Сізді белсенді қайраткер ретінде біледі. Мен Түркияға келгелі телевизионның қай арнасын ашып қалсам да, Сіздің халық арасында жүргеніңізді көремін. Сіз Түркия халқының перзенті, һәм қайраткері ретінде өз еліңіздің болашақта қандай саяси, рухани бағытта дамығанын тілер едіңіз?**

– Түрік мемлекеті жер бетінде 921 жыл жасап келе жатыр. Біздің аталарымыз Орта Азия жерінен шыққан. Тағдыр бізді бауырларымызбен арамызға 100 жыл салып қайта табыстырып отыр. Күні кешеге дейін Түркі жерінен Кавказ тауларына дейін іргелі, егеменді жалғыз түрік мемлекеті құрылған ол – Түркия. Ал, бүгінде түркі тілдес халықтарының Эгей мөлдірлігіндей таза үні, тарихы, тілі, діні Адриатика теңізінен бастау алып, Қытай шекарасына дейін қалықтап кетті. Бұл түркі тілдес халықтардың ұлы бірлесуінің бастамасындай. Қазіргі жағдайда біз түркі тілдес халықтардың санағынан гөрі, олардың бақытты, сапалы, бейбіт өмірін көздеуіміз керек. Түркі тілдес бауырларымыздың бірлігін өркендете түсуіміз абзал. Бірін-бірі дамыта, сүйей отырып, әрбір мемлекет өзін-өзі басқаруы керек. Демократия, экономика, ғылым, денсаулық салаларында Түркия өте ілгері кетті. Мұның төркіні Түркия халқының үлкен ауызбірлігінде жатыр.

**– Түркия экономикасының аз ғана уақыт ішінде орасан дамуына экономист ретінде Сіздің де ықпалыңыздың зор екені белгілі. Осы салада Сіз бізге қандай бағыт-бағдар сілтер едіңіз?**

– Қазақстан ішкі, сыртқы тыныштығын көздей отырып, өзінің экономикасын көтеруде. Жаңа экономика тезистерін әрі қарай да тиімді енгізу үшін осы жағдайды ұтымды пай-

далану керек. Қазақстан бұл салада дұрыс бағытта келе жатыр.

**– Түркия елі өркениеттілікті дамыта отырып ел ішіндегі көптеген діни ағымдармен қалай үйлесім табуда? Мемлекеттеріңізде діннің маңызы мен алатын орны қандай?**

– Дін байларға да кедейлерге де бірдей. Әркім өз қалауынша дінді қастерлейді, немесе қабылдамайды. Мемлекет діни адамдардың тыныштығын, қауіпсіздігін қорғай отырып, олардың ісіне араласпайды, мүддесіне қиянат жасамайды, ары мен намысына тимейді. Бізде дін бостандығы бар. Дін де мемлекет ісіне араласпайды.

**– Біздің екі ел халықтары тарихи-психологиялық жағынан ұқсас болғандықтан, өзара ұғысып, тәжірибе алмасуы қажет. Біз сіздерден экономиканы көтеру жолындағы әдістерді ұқпақпыз. Ал түрік халқына қазақ елінен нені үлгі тұтуға болады деп ойлайсыз?**

– Біз бауырлас халықтармыз. Бір шынардың бұтақтарымыз, тамырымыз да, түбіріміз де бір. Көптеген жылдар бойы біз алшақ өмір сүрдік. Әрине, бір-бірімізден үйренер жәйт жеткілікті. Қазақстанда Түркістан қаласында Ахмет Яссауи кесенесі тұрған қасиетті топырағында біз университет салдық, сөйтіп, Түрік-Қазақ университеті ашылды. Бұл екі ел үшін де өте маңызды. Әрбір түркі тілдес халықтардың ұл-қыздары ол жерге барып оқуларына болады. Осы университет қандастарымызды өзара жақындастыратын үлкен көпір іспеттес. Біздің ара қатынасымыз әлі экономика, мәдениет, білім, ғылым салаларындағы жақындасу арқылы дами береді. Орта Азиядан жастар келіп бізде тәлім алып, біздің жастар сіздердің оқу орындарыңызда оқуға, қазақ профессорлары Түркия оқу орындарында дәріс беріп, біздің ғалымдар сіздерге баруға толық мүмкіндік болады.

**– Түркияда қоғамдық-саяси партиялар мен ағымдар көп. Олардың бағыттары әртүрлі болғанымен, бәрінің де мақсаты ел үшін қызмет ету. Сіз өзіңізді жақтайтын либерал партиясының мүддесін қорғай отырып, басқа партиялармен қандай қарым-қатынастасыз?**

– Қоғамдық-саяси партиялар арасында бірін-бірі сүйемелдеп, қолдау деген жоқ. Әр партия өз мүддесіне жұмыс істейді. Бірақ бәрі бір ел үшін қызмет еткендіктен, парла-

мент мемлекет игілігін көздейтін заң қабылдарда ол партиялар бірігеді.

**– Түркияның түркі тілдес халықтар арасында әр саладағы қарым-қатынастарды дамыту процесіндегі рөлі қандай?**

– 60 миллион халқы бар Түркия мемлекеттік туын осы күнге дейін жоғары ұстап келе жатқан ел. Біздің ай-жұлдызды туымызға жуысқан елдер жаңа асулардан бірге асып, әр мемлекет өзін-өзі басқарып келе жатыр. Біз бірге болғымыз келсе, оның тарихи, географиялық, саяси, экономикалық негіздері бар. Сондықтан да, әрі қарай біз бірге дамып, өркендей береміз.

**– Демирел мырза, осындай қоғамдық-саяси, психологиялық жаңа бағытқа бетбұрыс жасаған сәтте қазақ халқына Сіз қандай тілек білдірер едіңіз?**

– Қазақ халқы бейбіт өмір мен ауызбірлікте болып, бақытын тапса екен деймін. 60 миллион түрік халқы өздерінің түбірлес бауырларын әрдайым қолдайды және оларға тек жақсылық тілейді. Арамызды алшақтатқан бекініс құлады. Ендігі жерде біз бақытты өмірге бірге жетеміз деп сенемін. Әрдайым шат-шадыман, бақытты, бір-біріңізге мейірімді, ауызбірлікті болыңыздар деп тілеймін.

**– Өмірде бәрінен де бұрын нені қалайсыз?**

– Өз халқыма қызмет етуді.

**– Айып етпесеңіз және бір сұрақ: сізге тамақты кім әзірлейді?**

– Біздің үйде қызметші жоқ. Маған асты әйелім Нәзмия ханум әзірлейді. Ол кісімен біз 45 жыл біргеміз. Нәзмия ханумның берген тамағын мен таңдамаймын, менің түрімнен көрініп тұрған жоқ па?

(Күледі).

**– Уақыт бөлгеніңіз үшін Сізге үлкен рақмет! Есен-сау болыңыз!**

«Халық кеңесі» және «Қазақстан» газеттерінде
1992 жылы желтоқсан айында қазақ, орыс
және ағылшын тілдерінде жарияланған

## ӨМІР ЖАЙЫНДА ЖАЗУ КЕРЕК НҰР-ДАСТАН...

*Ақын өмір, қоғам, заман туралы жырлайды. Оның бүкіл болмысын өлеңдері арқылы тануға болады. Әйтсе де, өлеңнен де тыс, оған енгізе бермейтін пікірлер де бар.*

*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, бірнеше жыр жинақтарының иесі, Қазақстанның Мемлекеттік Әнұраны авторларының бірі Жадыра Дәрібаева өлең мен өмірдің туыстығы туралы әңгіме қозғады. Сол сұхбат пен ақын өлеңдерін қоса ұсынып отырмыз.*

**– Поэзияның адамның өміріндегі рөлі. Қоғамда бүгін оның орны бар ма, жоқ па?**

– Поэзия – ой мен сезімнің дүлей тебіренісінің шырқауы. Менің түсінігімше солай. Өмір құпия сырға қаншалықты толы болса, поэзия да соншалықты сан қырлы. Адам табиғатының күрделілігі, оның болмысының тереңдігі мен құпиялылығы әрбір талант иесінен сол болмыс заңдарына өзінше үңілуді, түсінуге ұмтылуды талап етеді.

Ізденісте жүрген рух толағай толқыныстар мен тебіреністерге, ордалы ойларға тап болып, өзіндік соқпақ табады, өмірдің мәніне үңіліп, адам жанының құпиясына тереңдеп, сұлулық сырының қайталанбас сәттерін өзінше суреттеуге ұмтылады. Ой ағымы иірімді де қуатты, құнарлы да көркем болғанда ғана шынайы поэзия туады. Ал, мұндай поэзия оқырманның жан дүниесінде қопарылыс жасай алады. Адамзат жаратылғалы бері осындай жан төңкерістеріне құштар. Нағыз поэзия жүрек пен сананы сілкіндіріп, қайта жаңғыртады, парасат биігіне талпынтады, нұрлы сезімге балқытады. Сондықтан ақынға қойылатын талап та зор. Ол осындай сана-сезім дүмпулерін тудыратын жаңа көркем құралдарды тауып, оны ұтымды пайдалана білуі керек. «Ақын әрбір заттың айтқысы келгенін айтып бере алуы керек»,– дейді француз қаламгері Поль Клодель. Сондықтан оған рухани парасаттылық тәжірибесі мен адам туралы білім қажет.

Шығармашылық сырын, талант киесін ұғыну оңай емес. Ақын, жалпы талант иесі өз шығармасын көз жасымен, қуаныш-шаттығымен, ой-өрісімен, өмірден көрген-білгенімен суарып, өз заманынының тынысымен, Рух қуатымен нәрлендіре алмаса, шығарма әлсіз болып, оқырманын таба

алмайды. Ақынға Жаратушы, көбінесе, терең тебіреністі, драматизмге толы тағдыр беретіні де сондықтан шығар.

Ақын өз жүрегін қоғамының қоңырауы етеді, оқырманын көңіл түкпірінде тығылып жатқан тылсым, ғажап әлемге ендіреді. Сырлы да нұрлы жыр оқыған адам қанаттанады, жігерленеді, рухтанады, не бір қиындықтар мен қыспақтарға төтеп беріп, мына шексіз кеңістіктің шұғыласына шомылып, мейірленеді, қиянат жасаудан аулақ болады. Осының бәрі көркем Сөз Құдіреті!

Кейде, бір прозалық шығарманың салмағын бірнеше шумақ көтереді ғой. Бұл қандай күш, неткен керемет! Мәңгілікпен байланыс сырын бір сәтте ұғынғандай боласың. Бір өлеңде Уақыт та, Қозғалыс та, Кеңістік те тоғысқандай. Поэзия патшалығында шынайы ақын үшін өзінің ішкі рухани көрегенділігімен оқырманның жан әлемін шарықтатудан артық бақыт жоқ..

«Өнерің жетіп, өсе алмай қалсаң, сол қайғы», – дейді ақын Мұқағали Мақатаев. Талант иесі әрдайым ізденіс үстінде жүруі қажет. Ақындардың дүниетанымы, рухани қуаттылығы әртүрлі болғандықтан, олардың шығармашылығының да әсері әрқалай. Орыстың керемет ақыны Марина Цветаева: «Маяковский действует на нас, Пастернак в нас. Пастернак нами не читается, он в нас совершается»,– дегенде, ақын парасатының, поэзия қуатының деңгейін айтады.

Поэзия – революциялық төңкерістердің де, бейбіт өмірдің де қозғаушы күші.

Ал бүгінгі нарық қоғамында поэзияның орны жоқ деушілерге айтарым, әрбір саналы, сезімтал адам табиғаты рухани кеңістікті, кемелденген көркемдікті, ой мен сезім әлемін аңсамай тұрмайды, материалдық байлық олардың орнын толтырмайды. Жан дүниесі сезімтал адам құлқынының құлы болып қала алмайды (түйсігі аздарға дауа жоқ), тойынған адам табиғаты дүние байлығынан да жериді, қуыс кеудесі шырқырап, маза бермейді, сол кезде ол өнер, әдеби туындыларына ұмтылады. Адам өзінің жанына үндестік іздемей тұра алмайды. Ал, рухани құндылықтардың ішінде ең татымдысы да, зерделісі де, жүректі жібітіп, ар-намысыңды оятатыны да, ғажайып Поэзия Құдіреті.

Шынайы поэзия кіріптарлық пиғылмен үйлеспейді. Ол астарлы да адуынды рухани күш, ой мен сезімнің квинтэс-

сенциясы – түйіні әрдайым өзіне құштар ғып, тамсанта, тебіренте бермек.

**– Әлемдік поэзия туралы көзқарасыңыз... Біздің ерекшелігіміз...**

– Әлемдік поэзия өте көлемді, масштабты әңгіме. Шығысы, Батысы бар, басқасы тағы бар – әр елдің қоғамдық даму сатыларымен астасып жататын, халқының сана-сезім болмысын, психологиясын, ұлттық қасиеттерін айғақтайтын әдебиеті бар. Мен, жалпы, дүниежүзілік әртүрлі бағыт-бағдардағы поэзияны біраз оқыдым. Оның ішінде, орта және кейінгі ғасырлардағы жапон поэзиясынан алған әсерім мол. Әсіресе, XVII ғасырдың аяғында өмір сүрген ұлы Басе ақынның үш жолдық «хоккуларындағы» көркем образды поэзиялық философиясы таңғалдырды. Мысалы:

На голой ветке
Ворон сидит одиноко.
Осенний вечер.

(Орыс тіліне аударған Вера Маркова)

Осы үш жолға Басе ауық-ауық оралып, үш жыл бойы айналысыпты. Бұл сурет, сөзбен салған күзгі кеш суреті, бірақ осы үш жолды оқыған сайын өзіңнің ішкі дүниеңе тереңдеп, өмірдің сан алуан кезеңдерін басыңнан кешкендей күйге енесің. Ақын бес-алты сөзбен-ақ оқырманның сана-сезіміне еніп кетер поэзиялық-философиялық жеңімпаз образ жасаған. Бұл бейнелі поэзияның классикалық үлгісі. Ал, біздің ұлы ақынымыз Абайдың мына шумағындағы таңғажайып поэзиялық сурет дүниежүзілік поэзияның қайталанбас үлгісінің бірі екені даусыз, тек аудармасы сәтті шықса болғаны:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Абай атамыздың бүкіл шығармасы әлемдік поэзияның алтын қорынан орын алуы тиіс.

Халқымыздың ауыз әдебиетінен сусындаған қазақ жырларының тұғыры биік, деңгейі терең, қуаты мен тегеуріні мықты, өрісі кең. Елдіктің рухани бастауы болғандықтан, оның арқалаған ағартушылық-тәрбиелік міндеті де маңыз-

ды. Рух қайсарлығын шыңдайтын, жүректің нәзік пернесін оятатын, дарабоз қазақ жырларын әлемге паш ететін уақыт келді. Өзіміздің халықтық болмысымызды, жан әлемімізді Сөз құдіреті арқылы дүниеге жеткізуіміз керек.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде желмін гулеген,
Жер еркесі желдің жөнін кім сұрар?

Бұл жолдар өрт сезімді ақын Мағжан Жұмабаевтың өлеңінен. Осындай еңселі поэзиямыз бола тұра, оны басқа жұртқа таныта алмауымыз осалдық болар.

Дүниежүзілік әдебиеттің классикалық, романтикалық, символдық, экзистенциалистік бағыттарының ішінде орыс поэзиясы арқылы қазақ поэзиясына енгені, әзірше, тек классикалық және романтикалық ағымдар. Ал, символдық пен модернистік ағымдарға біздің ақындарымыз енді келіп жатыр.

Тоқтатып жүрек ырғағын,
Көз нұры сөніп баратты.
Көтеріп қан-қан тырнағын,
Қып-қызыл болып таң атты.

Бұл шумақ ақын Есенғали Раушановтың «Сары тазы. Элегия» атты өлеңінен. Қандай ыршып түскен поэзиялық образ! Бұл экзистенциализм ағымының көрінісі. (Бұл ағым 1939–1945 жж. Францияда пайда болған. Бір сөзбен айтқанда, трагикалық гуманизмді айғақтайтын бағыт. ХХ ғасырдың басында Ресейде модернистік екі ағым өрістеген: акмеизм – Н. Гумилев, А. Ахматова, О. Мандельштам; имажинизм – С. Есенин, т.б. Бұл ағымдар қазіргі қазақ поэзиясында баршылық).

Жалпы, нағыз поэзияда шектелу жоқ. Ол тек ұлттық ерекшелікпен, уақыт тынысымен, қоғамдық-әлеуметтік жай-күймен айрықшаланады.

Көркем шығарманың құнарлылығы оның ұлттық тамырында. Талант иесі ізденісінің қайнар бұлағы адам болмысының құпиялығында десек, оның бойындағы қасиеттер, психологиясы, дүниетанымы, өмірге көзқарасы, жан-жағымен қарым-қатынасы, мінез-құлқы алдымен ұлттық, сосын қоғамдық, замандық, табиғи ерекшеліктермен белгіленеді.

Үлкен өркениетте өмір сүріп, ұлттық, халықтық таным тұтастығына ие, тапталмаған тарихы бар елдердің әдебиеті де, мәдениеті де жан-жақты ізденіске толы, әртүрлі ағымдарға бай. Аз ұлтты, шағын елдерге тән ұлтжандылық алып елдердің ақын-жазушыларының шығармаларында көзге ұрып тұрмайды, негізінен оларда космополиттік көзқарас басым.

Это поистине мысли всех людей,
Во все времена, во всех странах,
Они родились не только во мне,
Если они не твои, а только мои,
Они ничто или почти ничто.

Өзінің «Шөп жапырақтары» атты кітабындағы осы шумақта, АҚШ-тың XIX ғасырдағы классик ақыны Уолт Уитмен ойдың барлық адамзатқа ортақ екенін айтады. Иә, ой барлық адамға ортақ, бірақ әр талант иесінің өзінің туған жерінің, халқының рухани қуатын, өзгешелігін шығармасында ерекше көрсете білуі – азаматтық, перзенттік міндет емес пе? Сол Уитмен ақынның жырларынан американдық екпін, батыл көзқарас пен өткір ойлылықты анық аңғарасыз, өйткені ол еркін елдің ұлы. Ал, біздің ойы ұшқыр ақынымыз Мейірхан Ақдәулетұлының тәуекелшіл де сабырлы халқының атынан:

«Тәуекел!» – деп жалғаймын күнді-күнге,
«Тәуекел!» – деп үмітке түрдім ірге.
Секпілбеттеу сүйікті тірлігімде,
Тәуекелшіл сан сәулем сіңді іңірге.

Немесе:

«Сабыр, – дейді, – ендеше...
Ауру баккан Тектілік,
«Сабыр түбі шынында сап-сары алтын деп біліп».

Және де:

Көндім,
Көрдім,
Көкірек күрсіне алмай сыздады,
«Қанша дертпен алысу керек екен
Бізге әлі?..» –

деп күрсінуі қазақ оқырманына түсінікті де, жүректі сыздатады.

Ал, орыстың XX ғасырдың басындағы ғажап ақыны А. Блок болса:

Много нас – свободных, юных, статных,
Умирает не любя...
Приюти ты в далях необъятных!
Как и жить, и плакать без тебя! – дейді.

Мейірхан:

Есі дұрыс, дүние-ау,
Елестеп тұр не саған?
Құлаймыз ба құрдымға?..
Кілең туыс...есалаң...

Осы екі шумақта керемет үндестік жатыр емес пе. Ол екі ақынның туған ел тағдырына перзенттік жанашырлығы, сүйіспеншілігі, болашағын ойлап жүрекпен егілуі. Қазақтың арыс ұлдарының бірі Жүсіпбек Аймауытов айтқандай: «Ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой». Оны ақын айтпағанда кім айтпақ..

«Өмір – арман, дүние – жалған» деген халқымыздың осы фәлсафалық ұғымында жаратылыс мәні жатыр. Қамшының сабындай өмірдің маңызы мен мағынасын дала кеңістігінің аясында жүріп, даналық көрегенділігімен тереңінен ұғынып, оны көркем сөзбен сабақтай білген қазақ халқының ешкімге ұқсамас ынтықтығы, кешірімділігі, сабырлығы мен төзімділігі жеткілікті. Қазақ жырауларының поэзиясында өжет рух пен фәлсафалық тектілік бар. Бұл – сананы адам табиғатының қасиетті қағидаларына бағындыра білу, ұлтын астамшылдықтан аулақ қып, қанағатшылдыққа, қайырымдылыққа, бауырмалдыққа, елдікке, ерлікке, эстетикалық сезімталдыққа баулу. «Жақсыға жаман баппен теңеледі» деген халқымыздың поэзиясы, шын мәнінде, бапкер. Осы айтылған қасиетті ұғымдардың бәрі қазақ поэзиясындағы ерекшеліктер. Олар біздің эпостарымыздан бастау алып бүгінгі поэзиямыздың лейтмотиві болып қала бермек.

**– Сізді не толғандырады?**

– Қазіргі адам баласын толғандыратын мәселе көп. Қатігездіктің, менмендіктің көбейіп бара жатқаны жүректі ауыртады. Адамгершілік қағидалардан алшақтап бара жатқанымыз жаныма батады. Алып елдердің арандап кет-

кен пиғылы сананы мазалайды. Жастардың бүгінгі аласапыран өмірден жанына рухани тірек іздеп, неше түрлі діни фанатизмге ұрынып жатқаны алаңдатады. Елдігіміздің болашағы жайында көп ойланамын. Әйелдердің, қыздардың бойынан табиғи үйлесімдіктің, анаға тән мейірбандықтың, ниеттің түзулігінің құлдырауы байқалады. Ана – болашағымыздың берекесі, сондықтан, әсіресе, қыздарымыздың тәрбиесіне зор мән беруіміз керек деп білемін.

**– Соңғы кезде не жазып жүрсіз?**

– Қазір «Қасиеттілік шырағы» атты жыр жинағын дайындау үстіндемін. Бұл кітап өмірге, адамға, елге, жерге деген құштарлық, махаббат, адам жанының сан түрлі иірімдері жайында болмақ..

**– Сіз бақыттысыз ба?**

– Бақыттылық деген өзіңнің санаң мен ішкі дүниеңнің бір-бірімен араздықта емес, татулықта болуы, бір сөзбен айтқанда, өзіңе-өзіңнің көңілің толуы десек, адам өзін әрдайым бақытты сезінуі қиын.

Сұхбатты жүргізген ***Мақпал Қаратайқызы.***
«Алтын Орда» газеті, 13–19 қыркүйек 2002 ж.

## ТАҒДЫР БІЗДІҢ МАҢДАЙЫМЫЗҒА АЛҒАШҚЫ ӘНҰРАН МӘТІНІНІҢ АВТОРЛАРЫ БОЛУДЫ ЖАЗЫПТЫ

**– Сіз Әдебиет атты киелі әлемнің есігін имене ашқан кезіңізге жиі «саяхаттайсыз» ба?**

– Менің туып-өскен жерім қазақ ауылы, Сыр өңірі. Ұлы Отан соғысының батпандай қайғысынан есін жия алмай, жүректері қансырап қалған жұрттың жылай жүріп күн кешіп, жас ұрпаққа, бір-біріне мейіріммен қамқор бола білген ортада тәлім-тәрбие алдым. Сол Тереңөзек ауданына Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен жер аударылып, қоныс тепкен әртүрлі ұлт өкілдерінің: орыс, еврей, молдаван, белорус, украин, кәріс, шешендердің балаларымен бірге балабақшада, кейін мектепте орыс тілінде оқыдым. Дәрібай атамның мен әріп тани бастағаннан ертегілер, аңыз-қиссалар кітаптарына шұқшитқызып оқытқанының арқасында қазақ тілінің қасиетін ұға бастадым. Алғашқы жырларымды бесінші сы-

ныпта орыс тілінде жазғанмын. Тақырыптары белгілі ғой: Отан, ана, көктем, туған жер... Балауса жырлар. Пәктік, риясыз сенім, бәрі мәңгі сияқты көрінетін.

Осындай мөлдір сезімдермен, адами ізгі ұстанымдармен өмірдің өркеш-өркеш жолдарына аяқ басып, ешбір қорғану, тайсалу дегенді білмеген қалпымда алдымен Қызылорда қаласындағы қыздар педагогикалық училищесіне түстім. Сонда жүріп, қазақтың көрнекті сатирик ақыны Асқар Тоқмағамбетов басқаратын әдеби ортаға ендім. Ақын-жазушылардың болмысы, мінез-құлқы, психологиясы, дүниетанымдары, кейде бала, бірде дана сияқты олардың табиғаты – бәрі мен үшін бір тылсым әлемдей көрінетін. Кейін сол кісілердің жаныма жақын болғаны соншалықты, әлі күнге дейін шығармашылық иелері мен үшін ең қымбат туыстарымдай. Өйткені олардың ойы ұшқыр, сезімтал, көңілдерінде рентген-көз бар сияқты, сәулесімен сенің жан-дүниеңнің түкпір-түкпірін көріп тұрғандай. Пейілің түзу, адамгершілігің мен адалдығың мол, рухың мен дарының бар екенін білсе болды, қол-аяғыңды жерге тигізбей, көтеріп әкететін сол аға-апаларымыздың қанатымды қатайтып, орыс тілінде жазған балғын жырларымды қазақшаға аударып, газетке басып, мерейімді өсірген мәрттіктерінің арқасында түлеп ұшқаным рас.

**– Өзіңіз дәріс алған Әдебиет институты, сол кездегі әдеби орта жайында айтсаңыз.**

– Сөйтіп, 1970 жылы үлкен әдеби-мәдени қайнаған ортаға келдім. Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының студенті болдым. Нағыз рухани әлемге еніп, дүниенің төрт бұрышынан келген «менмін» деген мықтылардың ортасына түсіп, өздігіңді сақтап, дарындылығыңды мойындатып шығу бұл жерде нағыз тұлғалық жеңіске жету болып табылады. Оның астарында сенің туған ұлтыңның мәртебесі де жататыны хақ. Әлемдік мәдениеттен, ұлы әдебиеттен сусындау үшін өз-өзімді қамшылау басталды. Дарындылар көшінің алдына шықпай-ақ, артта қалып қоймасам екен деп ойладым. Кілең өркөкірек, бірінші, екінші курста бірін-бірі менсінбейтін «генийлердің» ортасында өзіңді сол ауруға шалдықтырып алу қиын емес еді. Тізгініңді қолдан бір шығарып алсаң болды, әртүрлі «снобистік» дертке ұрынып кетуің мүмкін. Үшінші курстан бастап сол «данышпандардың» бірсыпырасы сабасына түсе

бастайды. Өйткені, әлемдік нағыз ұлылардың шығармашылығына бойлаған сайын, олардың мысы басып, төртінші жылға жеткенде баяғы көңіл су сепкендей болып, көбісі бойындағы барынан айырылып қалатын.

Дарындылардың жан әлемін байыту үшін бұл институтта әдебиет пен өнердің барлық саласы бойынша дәріс берілетін. Көбінесе, лекциялар диспутқа айналып, қызу пікірталаспен өтетін. Небір дарабоз профессорларымыздың лекцияларына Мәскеу Мемлекеттік Университетінен, басқа да көптеген жоғары оқу орындарынан студенттер келетін. Санаң мен жан дүниеңде керемет төңкеріс болып, сұлулық әлемінің нәрінен сіміріп, көркемдік көкжиегін кезіп кетесің. Қиялыңда ұлылармен тілдесіп, олардың шығармашылық шеберханаларына кіресің, шеберлігінің сырын ұғуға ұмтыласың, бірақ солардың қайталанған сүлбесі болудан қорқып, өзіндік жол іздейсің. Ол – өз табиғи жаратылысыңдағы қабілетіңнің ешкімге ұқсамайтын ерекшеліктерін, өз келбетіңе лайықты стиліңді, шығармашылықтағы бағыт-бағдарыңды айқындап алу. Әрбір қуатты туынды – дарын иесінің шеберлігіндегі пайдаланатын көркемдік бейнелеу құралдарын игеруіне, оның сана-сезімінің сұңғылалығы арқылы адам жаратылысының күрделі әлеміне бойлай алуына байланысты. Жаратушының қағидаларынан ауытқығандар мен оны қанағат тұтып, өздеріне өмірлік ұстаным еткендердің тағдыр соқпақтары мен сүйініші, күйініші, олардың арасындағы мәңгі текетірес пен күресті шынайы да көркем суреттеу – оқырман алдындағы парыз. Дарын иесінің рухани орбитасы пәрменді де қазыналы болмаса, оның шығармасы ешкімді елітпейді. Сондықтан кәсіби жазушы сана түкпіріндегі қордаланып жатқан ой түйіншектерін жан ышқынысымен ақтарады, оларды саралап, салмақтап, іріктеп, әртүрлі кейіпкердің бейнелерін сомдайды, оқиғаларды шиеленістіріп, шарықтау шегіне жеткізеді де, шешуші сәтіне дейін оқырманының ерік-жігерін уысынан шығармай, оны сезім қайнарына әбден сүңгітеді. Осындай жан мен сананың домна пешінде сақырлап қайнап шыққан шымыр шығарма ғана адамның жан дүниесін жандырып, күйдіріп, балқытып, ойын ойрандай алады. Ондай болмаған жағдайда ол қажетсіз дүниелер қатарында қалып қояды.

Орыс әдебиетінің «Күміс ғасыры» болып саналатын XX

